



“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА

“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН  
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

---

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы  
Асқаров Ә.А., жауапты хатшы  
Абдрахманов С.  
Атабаев Қ.М.  
Аяған Б.Ғ.  
Әбусейітова М.Қ.  
Әжіғали С.Е.  
Әлімбаев Н.  
Әуезов М.М.  
Байпақов К.М.  
Балықбаев Т.О.  
Дүйсембаев Е.С.  
Есім Ғ.  
Жақып Б.Ө.  
Жұмағалиев А.Қ.  
Қозыбаев І.М.  
Қасқабасов С.А.  
Қойгелдиев М.Қ.  
Құл-Мұхаммед М.А.  
Құрманбай Ш.  
Мәжитов С.Ф.  
Мұхамедиұлы А.  
Мыңбай Д.Қ.  
Нысанбаев Ә.Н.  
Өскембаев Қ.А.  
Салғара Қ.  
Самашев З.  
Сариева Р.Х.  
Сұлтанов Қ.С.  
Тұяқбаев Қ.Қ.  
Түймебаев Ж.Қ.

ЕУРОПА КЛАССИКАЛЫҚ  
ПОЭЗИЯСЫ



әлем әдебиеті кітапханасы

*Аударма*

УДК821(100-87)  
ББК83.3(4/8)  
Е89

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ  
“ӘДЕБИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ТҮРЛЕРІН БАСЫП ШЫҒАРУ”  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы  
көркем әдебиет секциясының мүшелері:

Кекілбаев Әбіш (серияны құрастырушы), Абдрахманов Сауытбек  
(*төраға*), Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд,  
Елеуқенов Шерияздан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл,  
Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр,  
Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім,  
Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.

Құрастырып, алғысөзін жазған  
*Жанат Әскербекқызы*

**Е89** Еуропа классикалық поэзиясы.  
Астана: Аударма, 2011. – 552 бет.

ISBN9965-18-322-8

УДК821(100-87)  
ББК83.3(4/8)

ISBN9965-18-322-8

© “Аударма” баспасы, 2011

---

## АЛҒЫСӨЗ

Адамзат баласының эстетикалық мұраттарына қызмет еткен әйгілі ақындар мұрасы рухани құнды мұра ретінде ғасырдан ғасырға көшті, құнарлы қазынаға айналды. Арғы-бергі ғасырларды есепке алғанда, Еуропа классикалық поэзиясының өкілдерін көптеп санауға болады. Классиктер қатарын Шекспир, Гете сынды ұлылармен бірге Бернс, Беранже, Шелли, Китс, Петефи, Рембо сынды есімдер толықтыра түседі.

Жауһар жырдың хас шеберлерінің бірі шотландық ақын **Роберт Бернс (1759-1796)** – 1759 жылы 25 қаңтарда дүниеге келген. Қарапайым халықтың қиын тұрмысы, азабы мол ғұмыры оның өлендерінің өзегіне айналды. Ауыр тұрмыс азабын тарта жүріп, халыққа бақ пен бақыт әкелер бостандық екенін терең сезінген ақынның көптеген туындылары сол бостандықты, азаттықты аңсаған асқақ арманға толы болды. Өзінің әйгілі “Бостандық бәйтерегі” деген өленінде осы сарын айқын аңғарылады.

Роберт Бернс өлең жазуды 14-15 жасынан бастады. Жасынан жалаңаяқ жар кешіп, қызылаяқ қыр кешкен шың-күздарға ерекше құмар болған оның жырларынан тау ерекше орын алды. Тауға інкөр көңіл азамат ақынның биіктікке, тазалыққа болмысын танытады.

Роберт Бернстің поэзиясынан шотландықтардың ұлттық болмысы, рухани келбеті айқын аңғарылады. Өз халқының тілі мен ділін терең сүйіп, терең меңгерген, халқының арғы заманнан келе жатқан ескілікті аңыз-жырларын зердесіне тоқып өскен ақын туындылары осы халықтың рухани шежіресі, бостандық сүйген жүрегі тәріздес.

Бернс поэзиясы азаттықты аңсаған күрескерлік рухқа, шынайы да пәк махаббатты қастер тұтқан сыршыл да мөлдір сезімге толы. Оның қаламынан азаматтық сарындағы, махаббат тақырыбындағы жырлармен бірге көптеген эпиграммалар да туды. Бернстің бұл шағын жанрдың да шебері екендігін танытатын дүниелері көп-ақ.

Роберт Бернс бар болғаны 37 жыл ғұмыр кешті. Осынау қысқа ғұмырында соңында халқының игілігіне, өлем оқырмандарының сүйіп оқитын дүниесіне айналған ғажайып жырларын қалдырды.

Еуропа поэзиясының айтулы өкілдерінің бірі **Пьер-Жан Беранже (1780-1857)** 1780 жылдың 19 тамызында Парижде дүниеге келді. Бала күнінде көптеген төңкеріс оқиғаларының, Бастилияның қирауының куәгері болған ол Ж.Ж.Руссо ұстанымы негізінде ұйымдастырылған Перондағы мектепте білім алған.

Беранженің алғашқы ақындық тәжірибесінде классицизмнің әсері айқын аңғарылды. Бірақ, көп ұзамай-ақ, ол қарапайым да ашық-жарқын жыр жанрын меңгереді. Жыр жанрындағы алғашқы туындылары 1802 жылдары жарық көре бастады. Алғашқы поэтикалық жинағы “Адамгершілік және басқа да жырлары” 1815 жылы жарық көрді. Уақыт өте келе Беранже поэзиясының саяси бағыты айқындала түсті. Оның жырлары ақсүйектерді өткір сынға алуымен ерекшеленді. Сондай-ақ 1818 жылғы “Халықтардың қасиетті одағы” жырларынан утопиялық социализм ықпалы да байқалды. Беранже Наполеон туралы романтикалық мифті тудырушылардың бірі болды (Бесінші мамыр”, 1821 ж.).

1821 және 1828 жылдары Беранже өзінің жырларының томдар жинағы басылымы үшін жауапқа тартылды. Бұл қамалу ол үшін тек қана даңқ әкелді деуге болады.

Есімі Байрон, Беранжелермен қатар аталатын ағылшын халқының көрнекті романтик ақыны *Перси Биши Шелли (1792-1822)* 1792 жылы 4 тамызда Лондонда, дәулетті жер иеленушінің отбасында дүниеге келді. Итонда және Оксфорд университетінде оқиды. Шелли әуелі саяси және дінге қарсы памфлеттер жазғанымен, оның атын әйгілеген поэзиялық туындылары болды. 1818 жылы Шелли Италияға келіп, өзінің көптеген поэзиялық туындыларын жазды. Оның қаламынан “Ана мен бала”, “Шындық өмір туралы ертегі”, “Ислам көтерілісі”, “Анархия маскарады”, “Маб ханым”, “Атлас періштесі”, Джон Китс өліміне арналған элегиялық туындысы “Адонаис”, “Бұғауды үзген Прометей”, “Ченчи”, “Эллада”, “Карл Бірінші” сияқты өлеңмен жазылған драмалар туды.

Философиялық, саяси және көңіл-күй лирикасының жауһар үлгілерінің авторы болған Шелли 1822 жылдың 8 шілдесінде шлюпкамен теңізге саяхатқа шыққанда дауылға тап болып, теңізге батып кетеді. 13 тамызда Байронның қатысуымен ақынның денесі теңізден алынады. 1823 жылы Римге, Дж.Китс қабірінің қасына жерленеді.

Шелли шығармашылығы – ағылшын романтизмінің белгілі бір даму кезеңі болып табылады. Ол өз өлеңдерінде азаттық жолында ештеңеден бас тартпайтын, қайтпас қайсар күрескер жан – романтикалық қаһарманның қайталанбас бейнесін жасады.

Романтизм дәуіріндегі көрнекті ағылшын ақындарының ең жасы *Джон Китс (1795-1821)* – 1795 жылы Лондонның солтүстік бөлігінде дүниеге келген. Әке-шешесінен жастай айырылған ол өзінің алғашқы өлеңін 1814 жылдары жазады. Хирургтік оқуға, сосын дәрігер-фармацевт оқуына емтихан тапсырып жүрген кездерінде-ақ поэзияға деген қызығушылығы артып, ақын ретінде қалыптаса бастайды. Алғашқы сонеті “Жалғыздық” 1816 жылдың мамырында жарияланады. Осы жылы тағы да бірнеше сонет және екі көлемді өлеңі басылымға шығады. Китс шығармашылығының алғашқы кезеңіне жататын 1816 жылдары жазылған жырлары табиғатқа ерекше назар аударуымен сипатталады. Бірақ, өлеңнің поэтикалық сюжеті оқырман назарын табиғаттың күллі болмысы мен байлығын бейнелеуден адам санасының ғажайып шығармашылық мүмкіндігін танытуға қарай бағыттағайды. 1816 жылдың соңына қарай Китс ақын әрі журналист, өз өлеңдерін жариялаған “Бақылаушы” басылымының шығарушысы, әрі саяси бағыттағы либералдық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен Ли Хантпен, суретші Б.Р.Хейдонмен. Д.Севернмен танысып, таныстықтары достыққа ұласады. Сондай-ақ романтик ақын П.Шеллимен танысады.

Китстің алғашқы жинағы “Өлеңдер” деген атпен 1817 жылы шықты. 1818 жылы “Эндимион” поэмасы жарияланды. Бұл төрт мың жолдан тұратын мифологиялық поэма ежелгі грециялық, патшаның бақташысы жасөспірім Эндимонның айдың әйел құдайы Диананға (Цинтия) деген махаббаты туралы оқиғаға құрылған. Бұдан кейін Китс қаламынан ағылшын тіліндегі поэзияның биігі саналған төрт ода туды. “Ламия” атты трагедиялық поэма, т.б. шығармаларын жазды. Өмірінің соңғы жылдарында ол өзінің шоктығы биік шығармалары жинақталған үшінші поэтикалық кітабын әзірлеп үлгерді. Айналдықтар ауру ақынды ақыры 1820 жылы 23 ақпанда, небары 26 жасында алып тынды.

Мажар ақыны *Шандор Петефи (1823-1849)* – шын аты-жөні Александр Петрович, 1823 жылдың 1 қаңтарында дүниеге келген. Ол мажар халқының ұлы ақыны ғана емес, 1848-1849 жж. Венгриядағы төңкеріс жетекшілерінің бірі, азаттық жолындағы күрескер болды.

Шандор Петефидің алғашқы кітабы 1844 жылы жарық көрді. Петефи шығармашылығына негізінен әдебиеттегі реализм бағыты тән болғанымен, ішінара ортағасырлық тарихқа назар аудару, романтизмнің жекелеген мотивтері де кездесті.

Петефидің алғашқы өлеңдерінен аңғарылатын бұғауға, бодандыққа наразылық ең әуелі австриялық Габсбургтер деспотизміне бағытталған болатын. Ол демократиялық жанаруды, тәуелсіздікті көкसेген өлеңдерімен күрескерлік рухпен жігерленген мажар азаматының өр бейнесін сомдады (“Корольдарға қарсы”, “Жабайы гүл”).

Мажар халқының ұлы ақыны әрі ұлттық қаһарманы Шандор Петефи 1849 жылдың 31 шілдесінде майдан даласында, шайқаста мерт болады. Петефи шығармашылығы мен қайраткерлігі венгрлер үшін үлкен мақтаныш. Шандор Петефидің ұлттық поэзияның негізін салудағы орнын орыстың ұлы ақыны Пушкинмен, украин ақыны Т.Шевченкомен, беларус ақыны Я.Купаламен, польша ақыны А.Мицкевичпен салыстыруға болады. Венгердің ұлттық ақыны, ұлы ақыны атанған Шандор Петефи өлеңдерінің көпшілігі халық әніне айналды. Бұл – ақын талантын халықтың мойындағанына куәлік ететін жайт деуге болады.

Жырларымен ұлттына мақтаныш, әлемге әйгілі болған ақындардың бірі француз *Артюр Рембо (1854-1891)* Францияның солтүстік-шығысындағы Шарлевилде дүниеге келген. Шарлевилдегі лицейде білім алған ол 1870 жылы, он алты жасында, алғашқы өлеңі жарияланған соң Францияның солтүстігіне және Белгияның оңтүстігіне сапар шегеді. Он жеті жасында Парижде Поль Верленмен танысады. Париж Коммунасы көтерілісіне қатысады. Осы тұста “Париждің әскери әнұраны”, “Париж тағы бой көтереді”, “Жанна-Маридің қолдары” өлеңдерін жазады. 1872 жылы Поль Верленмен бірге Лондонға сапар шегеді. Екеуінің арасындағы араздықтан соң өз үйіне оралып, 1880 жж. дейін саяхатқа шығуды, өлең жазуды тоқтатады. Кейіннен, 1880 жылдары Африкада, Йеменде болып, саудамен айналысады. 1891 жылдың ақпанында аяғының ауруға шалдығуы себепті Рембо Францияға оралып, осы жылдың 10 қарашасында дүние салады.

Артюр Рембо француз өлең жүйесінде үлкен төңкеріс жасады: оның поэтикалық техникасы француз поэзиясының дәстүрлі жүйесін бұзды. Ол қалыптағы пішінді бұзу жаңа шындықтың туындауына жол ашады, ақын Құдай тәрізді жасампаздық тұлғаға көтеріледі деп санады. Психологизм, ащы мысқыл, шынайы бейнелілік – Рембоның “Жеті жасар ақындар”, “Шіркеудегі қайыршылар”, “Мейірімді бикештер”, т.б. өлеңдеріне тән сипаттар болды. Рембо, сондай-ақ бейнелерді танытып, сипаттайтын, оның болмысын жария ететін тәсілден бас тартатын “қараңғы” поэзияның туындауына да жол ашты. Бұл тарапта ол Верлен, Маллармелермен бірге француз символизмінің “қасиетті үштігін” құрады. Оның әйгілі “Мас кеме” поэмасы мен “Дауысты дыбыстар” өлеңі ақын поэзиясындағы символизмнің жарқын үлгілері. 1873 жылы жарық көрген “Тамұқ арқылы” кітабы символизмнің кісі өлтірерлік ащы сыны мен стилдің қасиетті күйреуін байланыстыра отырып, поэтикалық реализмге дайындықты танытты.

XX ғасырда Рембо мұрасы айналасында үлкен күрес жүрді. Реалистер мен модернистер оны өз ағымдарының негізін салушы деп білді. Рембоның ақындық дәстүрі Г.Аполлионер мен П.Элюар шығармашылығынан көрініс тапты.

Түрлі тағдырды бастан кешкен, күреске толы дәуірде ғұмыр кешіп, ұлттық рухты поэтикалық туындылары арқылы танытқан еуропалық классик ақындар мұрасы – барша халықтың эстетикалық мұрағатарына қызмет ететін бағалы мұра, құнды қазына болып қала бермек. Өздеріңізге ұсынып отырған бұл жинаққа жоғарыда айтылған ақындардың шығармалары топтастырылды.

**Жанат ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ,**  
*ақын, әдебиеттанушы*

Бернс РОБЕРТ

---



---

## БОСТАНДЫҚ БӘЙТЕРЕГІ

Бәйтерек бар Парижде, досым.  
Саяда салқын мұндағы  
Жеңіс күні қосады басын –  
Отанның азат ұлдары.

Ерікті жұрт жүретін қоршап  
Саяда сабат мұндағы  
Бастилия тұратын бір шақ –  
Францияның зынданы.

Ағашта сол көктемдер сайын  
Өседі жеміс, бауырым.  
Татқан жандар азаттық жайын  
Біледі тегіс, бауырым.

Татқызып көр малайға дәмін,–  
Сол болар ердің ерені,  
Қолындағы бір үзім нанын  
Біреуге бөліп береді.

Француздардың жемісі осы  
Алтыннан қымбат, бауырым:  
Көтеріп ол көңілдің хошын,  
Береді сымбат, бауырым.

Ол жанады жанарда нұр боп,  
Қайратқа қайрат жалғайды.  
Опасызға дариды у боп,  
Мола боп тағы жалмайды.

Берген жанға азаттық гүлін  
Қиратып галдың<sup>1</sup> қапасын  
Қол қусырып, құлдық!– деп бүгін  
Арнайды халық батасын.

---

<sup>1</sup> Француздың.

Со тылсым гүл күш-жігер берді  
Қызғанда ұрыс, бауырым...  
Қазір оның тұлғасын көрді  
Батыс пен шығыс, бауырым.

Жас өмірдің тамырын бір дерт  
Кеулемек болды кеміріп.  
Жалмады-ау кеп жапырақты меруерт  
Тәж киген жебір жегікұрт.

Арсыз Бурбон теректің түбін  
Шаппақ боп жастай, бауырым,  
Ақырында айырылды бүгін  
Тәж бенен бастан, бауырым.

Өспесін деп бәйтерек еркін,  
Семсін деп түгел тамыры,  
Берді мықтап жауыздар сертін,  
Өшерін сезіп дәуірі.

Анталады жан-жақтан сонда  
Қансүрек қосын, бауырым.  
Баспай бірақ ниет оңға,  
Өкінді сосын, бауырым!

Ұлдарына тастады ұран  
Со кезде балғын бостандық.  
Шепке кірді кіл сайыпқыран,  
Шеруін тартты достар нық.

Қайта туған ерікті халық  
Майданға түсті, бауырым.  
Өңшең жендет есінен танып,  
Зәресі ұшты, бауырым.

Британ елі! Сенің де жақсы  
Терегің зифа, еменің.  
Күлкіге сен де емес ең тапшы,  
Жас кезде болды дегенің.

Өлкең – орман керілген жырақ –  
Қарағай, емен, бауырым.  
Бостандықтың ағашын бірақ  
Көрмедім сенен, бауырым.

Ол ағашсыз дүние қаран,  
Онсыз у ғой асымыз.  
Тамшылап тек теріміз арам,  
Кеміді-ау қайран жасымыз.

Ит пенен құс көреді күнін  
Қанынды сорып, бауырым.  
Көр жамылып, өшкесін үнің  
Басылар солық, бауырым.

Сенем бірақ: таңымыз атар,–  
Қалған жоқ оған көп уақыт,–  
Тылсым ағаш саясын шашар,  
Көреміз біз де мол бақыт.

Жер бетінде құлдық пен зардың  
Ізі де қалмай, бауырым,  
Өмір сүрер халықтар жарқын  
Бір үйлі жандай, бауырым!

### **ТАУДА ЖАТЫР ЖҮРЕГІМ**

Тауда жатыр жүрегім... Жатыр әлі.  
Құзға мені бұғы ізі шақырады.  
Ешкі қуып, келеді бұғы айдағым.  
Тауда жатыр жүрегім, мен ойдамын.

Қош бол, туған мекенім! Теріскейім,–  
Даңқ пен ерлік жайлаған өрістерім.  
Тағдыр айдап жүрсем де жер бетінде,  
Мәңгі-бақи сен мені перзентім де.

Қош болыңдар, қар басқан жал-құздарым,  
Қош болыңдар, кең алқап, шалғындарым,  
Қош болыңдар, мүлгіген ормандарым,  
Қош болыңдар, нудағы армандарым.

Тауда жатыр жүрегім... Жатыр әлі.  
Құзға мені бұғы ізі шақырады.  
Ешкі қуып, келеді бұғы айдағым.  
Тауда жатыр жүрегім, мен ойдамын.

## РОБИН

Дүниеге келді бір бала,  
Жазған жоқ бірақ жылнама  
Дана деп келген бұл жаңа,  
Кімдерге қажет Робин?

Сотанақ болып ержетті  
Сотанақ, пысық Робин,  
Мазасыз болып ержетті  
Сотанақ, пысық Робин.

Туды деп патша немені,  
Жылнама бірақ еледі.  
Далада ақпан желі еді  
Туғанда әлгі Робин.

Баланың көріп уысын,  
Айтыпты балгер дұрысын:  
– Болмайды осал бұ кісің,  
Есімі болсын Робин!

Көрсө де талай тепкіні,  
Мейірмен жеңер соққыны,  
Тосатын бақыт көп мұны,  
Бәріңнің бағың – Робин.

Көңілді және тілі улы,  
Қақпандай бейне құрулы,  
Қағады талай сұлуды  
Адуын мінез Робин.  
Қыз аңдып, үйге қонбайды –  
Кешірет күдай ондайды –  
Күнәсы басқа болмайды  
Өскенде ертең Робин.

Сотанақ болып ержетті  
Сотанақ, пысық Робин,  
Мазасыз болып ержетті  
Сотанақ, пысық Робин.

## БРЮСТИҢ ШОТЛАНДЫҚТАРҒА АЙТҚАНЫ

Брюс пен Уоллес басқарып,  
Ұрысқа кірген қасқайып  
Достарым, жаудан жасқанып,  
Жүрмендер қашып.

Таянды мерзім, күн таяу.  
Іргеге міне төнді жау.  
Әкеле жатыр қолбұғау  
Эдуард тасып.

Тастайтын жандар қылышын,  
Қорқатын жандар күні үшін  
Қазірден бастап құрысын,  
Шеттесін саптан.

Отанға беріп қол ұшын,  
Көрсетіп нағыз ер ісін,  
Өлетін жандар сол үшін  
Кетпесін саптан!

Жау тиді, – бізде бар ма айып?  
Тұтқын боп жауға қалмайық!  
Онан да елге арнайық  
Бір қасық қанды.

Кеудеде барда ар-намыс  
Тиейік өрттей жауға біз.  
Өмір не өлім! Алға түс,  
Жау келіп қалды.

### ЖАРЛЫ ЖОМАРТ

Жоқтықтан адал кімсана  
Қысылса егер дейді екен,  
Ол нағыз сорлы бейшара,  
Су жүрек дейді, дейді екен.

Мейлі, мейлі,  
Мейлі екен,  
Тоймасын асқа көзіміз,  
Алтынға басқан мөр ғой мал,  
Сол алтын – мына өзіміз.

Ток жүрміз нан жеп, су ішіп,  
Жалаңаш жүрміз, бүрісіп.  
Дейді, дейді, дейді екен,  
Ақымақ, суайт кісілер  
Тон киіп, мас боп ісінер,  
Дейді, дейді, дейді екен.

Мейлі, мейлі,  
Мейлі екен,  
Киімге қарап сынаман,  
Күнелтсе адал еңбекпен,—  
Әнеки сол ғой шын адам.

Қарашы лордка мына бір,  
Ел сыйлау деген есте жоқ.  
Түссе де көктен жүдө бір,  
Қалады кеше кеше боп.

Мейлі, мейлі,  
Мейлі екен,  
Өңірге оқа үйсе де,—  
Қалады кеше кеше боп,  
Шен алып, шекпен кесе де.

Малайын король жарылқап,  
Генерал етсе еркінде,  
Ақыл мен бірақ ар-ынсап  
Береді дейсің ол кімге?  
Мейлі, мейлі,  
Мейлі екен,  
Шен-шекпен, мадақ  
Дейді екен,  
Болмайды  
Ақыл, ар-ынсап,  
Дейді, дейді, дейді екен.

Күніміз әлі-ақ туады:  
Жайқалып жердің жүзінде  
Салтанат-санат құрады  
Ақыл мен ынсап түбінде.

Мейлі, мейлі,  
Мейлі екен,  
Бір кезде жерде бар адам  
Шетінен туыс болмаса,  
Түү бетіне, де, маған!

## ДАР АЛДЫНДА МАКФЕРСОН

Көзде күлкі,  
Басып кердең,  
Келді дарға Макферсон.  
Ақырғы рет  
Кетті билеп  
Көзі ажалға жеткен соң.

Армысын, король зынданы,  
Жататын құлдар жалаңаш!  
Тағдырдың осы-ау сұм заңы, –  
Тосып тұр мені дар ағаш.

Қанды да қылыш жорықта  
Ажалға талай жолыққам,  
Болған жоқ кезім торыққан, –  
Қазір де солай қорықпан!

Сауыт пен сайман беріндер,  
Босатып қайран қолымды.  
Батырмын деген оның кел,  
Жайратып салам оныңды.  
Өмірім өтті майданда,  
Қылыштан өліп мен кетпен.  
Опасыз жаман қайда да, –  
Ұстап та берді-ау жендетке.

Таянған шақта өлімге  
Жалғыз-ақ менде бар арман:  
Ешкім жоқ туған елімде  
Кегімді алар солардан.

Бақұл бол, елім, о жалған!  
Шырмалдым торға, не шара.  
Зәресі ұшып ажалдан,  
Өлетін жандар бейшара!

Көзде күлкі,  
Басып кердең,  
Келді дарға Макферсон.  
Ақырғы рет  
Кетті билеп,  
Көзі ажалға жеткен соң.

## **ДЖОН АНДЕРСОН**

Джон Андерсон, Джон досым,  
Мынауыңа жол болсын,  
Самай шашың төгілген  
Қара еді ғой көмірден.

Баяғындай емессің,  
Көрмегенің аз, Джоным,  
Аман-есен жүрші тек,  
Джон Андерсон, таз Джоным!

Джон Андерсон, Джон досым,  
Бақыт дәмін бір таттық,  
Жастық кезде, Джоным-ай,  
Жанға рақат мол таптық.

Тағы бірге, жан досым,  
Өрден ойға келеміз.  
Джон Андерсон, Джон досым,  
Көрге бірге енеміз.

## **ДИІРМЕНШІ**

Шаң басқан диірменшім  
Ұн тартып күн сайын,  
Бір бақыр тиын үшін  
Бір шиллинг жұмсайды.

Бет-аузы ақ ұннан  
Қалады көрінбей.  
Кезімде сағынған  
Сүйемін жерінбей.

Сүртпейді диірменшім  
Бетінің шаңдағын,  
Аппақ боп диірменшім  
Тасиды шаң қабын.

Береді диірменшім  
Жанынан пұл маған.  
Тілесе, ол үшін  
Өзімді бұлдаман!



### АҚ ШІЛ

Арша гүлдеп, шөп үйілді кебенге.  
Ес қала ма мергенде құс дегенде:  
Кезіп жүріп шалғын, батпақ көлшікті,  
Жалғыз шілдің дәл үстінен кеп шықты.

Аң қаққанда асықпаңдар, жігіттер,  
Оған ептеп бару керек, жігіттер!  
Түсірер біреу көктен,  
Жерде атар біреу тіптен,  
Ең обалы – қорбандап аңды үркіткен.

Қауырсынмен қағып шығын аршаның,  
Шіл отырды тепсең сазда бір шағын.  
Мүк үстінде әппақ болып көрінді,  
Көктемдегі гүлдей нұры төгілді.

Күн тәңрісі со кез оған қызығып,  
Нұр жебесі тиді шілге үзіліп.  
Ал шұғласы атой беріп жыраққа,  
Қозғалмады ол мүк үстінде, шуақта.

Бірақ әлгі аты-шулы мергендер,  
Бұл араның ой-шұқырын көргендер,  
Енді ғана құсты үстінен басқанда  
Шіл ырр... етіп, кетті самғап аспанға!

Аң қаққанда асықпаңдар, жігіттер!  
Оған ептеп бару керек, жігіттер!  
Түсірер біреу көктен,  
Жерде атар біреу тіптен,  
Ең обалы – қорбандап аңды үркіткен.

### ОҚ ТИП, ЖАНЫМНАН ШОҚАНДАП ӨТКЕН ҚОЯНҒА

Арсыз адам, білмеймін не дерімді!  
Қарғыс атсын сенің бұл өнеріңді!  
Жұрдай болған сезімнен жаның арам,  
Өле-өлгенше болғай да күнің қараң!

Орман, дала қаңғысы, сен байғұсым,  
Енді мекен таба алмай, сорлаймысың?  
Туып-өскен жете алмай кеуегіңе,  
Өлесің-ау шер толып өзегіңе.

Аландағы аршажай арасында,  
Қамыс басқан я бір су жағасында,  
Елден аулақ, о сорлы мүгедек-ай,  
Жер жастанып қансырап қаласың да!

Нит өзенін түн қымтап, күн батқанда,  
Я жадырап жайдары таң атқанда  
Қарғыс айтып мергенге қара ниет,  
Еске алармын мен сені талай рет.

### **БАҚЫТТЫ ДОСТЫҚ**

Қайғысыз, еркін бас қостық,  
Мінекей, алау жанында.  
Ызғарлы түнде хас достық  
Бөледі бізді жалынға.  
Сәт өткен сайын дүрілдеп  
Қызады көңіл хошымыз.  
Мас болсақ егер біріндеп,  
Сүйейтін бар ғой досымыз.  
Сараңның асы батпайды,  
Күні-түн ойлап ырысын.  
Думаннан ләззат таппайды,—  
Көргенде күні құрысын.

Кигенмен жібек, елтірі,  
Төре де бізден арта алмас!  
Жан емес бейбақ ол тірі,  
Арым бар деп те айта алмас.  
Түн бойы отты бокалдан  
Алма да кезек қағамыз.  
Біріміз қалмай қатардан,  
Қосылып әнге саламыз.

Шынайы достық – ырыс ол,  
Алайық достық даңқы үшін!  
Достықтың бокал – ыдысы ол,  
Сол достық жыры шалқысын!

### **ЖЫРАҚТА ЖҮРГЕНДЕР ҮШІН**

Жырақта жүр талай жолдастар,  
Сол үшін алайық, кел, достар.  
Азаттық жауы да баршылық,—  
Атаусыз қалсын ол сор қасқа.

Көңілді,  
ақылды болған жөн, достарым,  
Адалдық, ерлікті сақтайық.  
Шоттардың  
мүддесін қорғайық әрдайым,  
Шоттардың жалауын сатпайық.

Жырақта жүр талай жолдастар,  
Сол үшін алайық, кел, достар.  
Жат елде жан кешіп  
алысқан Чарлиге,  
Ерлерге арналсын бұл тостар.  
Мың құрмет – Азаттық күніне.  
Оған тек Даналық жар болсын.  
Мың лағнет  
жын алғыр зұлматтық түніне,  
Залымдар тірлікке зар болсын!

Жырақта жүр талай жолдастар,  
Сол үшін алайық, кел, достар.  
Алайық ел сүйген Тэммидің өзі үшін  
Зынданнан біздерге зар қосқан.

Жасасын оқуға еркіндік,  
Жасасын жазуға еркіндік.  
Шындықтан қашқан жан  
Өрқашан жасқанған  
Ақиқат жазылған хаттардан.  
Жырақта жүр талай жолдастар,  
Сол үшін алайық, кел, достар.  
Мың сәлем азаткер,  
азапкер сарбазға –  
Құз-кия мекенін қар басқан!

### ДЕВОН ГҮЛІ

Ирең қаққан Девонның тұнық беті,  
Жасыл гүлге жатады тұнып шеті.  
Ең жақсы гүл солардың арасында  
Өседі тек Әйдің жағасында.

Шыққа шомған алқызыл со бір гүлге  
Жалынамын жар бол деп күнде Күнге.  
Ақшам бұлты, сен де оны аялашы,  
Торғын нөсер тамшынды аямашы.

Таңғы желі шығыстың ақ қанатты,  
Ішің тартып, ышқынып соқпа қатты.  
Жапырақ пен гүлдердің көгін құртқан  
Аман болғай желегі жегі құрттан.

Ағылшындар сүйеді әтір гүлін,  
Бурбон болса – тұңғыық шатыр гүлін.  
Біз білеміз гүлдердің дүр асылын:  
Девондағы тоғайда ол түр жасырын.

### **ШОТЛАНДИЯ АҚЫНЫ РОБЕРТ ФЕРГЮССОННЫҢ ПОРТРЕТІНЕ**

Ақын өліп жатқан кезде бұл жақта  
Ән мен жырды сүйгендерге мың лағнет.  
Қатал тағдыр қауыштырған, ағатай,  
Муза тілін менен ерте біліп ең,  
Есіме алып өміріңді, өксимін.

Неге жыршы орын таппай өмірден,  
Сол өмірдің бар қызығын сезеді?  
РОБ МОРРИС ШАЛ  
Бұл кісі – Роб Моррис. Кәрі ол өзі.  
Асаба дастарқанға король өзі.  
Сиыры мен шошқасы жатыр қаптап,  
Қызы бар екеумізге бірдей тәтті-ақ.

Құлпырған шықтың нұры таңдай  
ғажап,  
Майсадай ақшамдағы әрі таза ақ.  
Қошақандай ойнақы,–  
неткен сымбат!  
Маған ол жарқыраған күннен қымбат.

Әкесі мал мен баққа мақтанады.  
Есінен оны көрсе лорд танады.  
Бізде тек күрке, қора,– сол небәрі,  
Ойбай-ау, ондай күйеу кімге дәрі?

Таң атса, оған: “Қойшы, атпа!”—  
дер ем,  
Күн батса, жанға маза тапқан емен.  
Жарамды жанға батқан жасырамын,  
Кеудеме арман толып, аһ ұрамын.  
Кедейлеу қалыңдығым болса, шіркін,  
Барар ем айттыруға оған бір күн,  
Тосар ем сол бақыттың сағатын көп.  
Үмітсіз бұл өмірде тағатым жоқ!

### ЛОРД ГРЕГОРИ

Тым-тырыс төңірек, түн түнек,  
Ойнайды жалт қана.  
Үйіне, лордым, бір түнет,  
Кеп тұрмын қақпаңа.  
Жетердей үйге күйде бұл  
Шамам жоқ, қарашы.  
Шын болса егер сүйгенің,  
Сорлыңды аяшы.

Бөктерге біткен орманда  
Көндім ғой еркіне.  
Мейлі,— деп,—  
кетсем арманда,  
Шыдадым дертіме.

Құдайдың атап есімін:  
— Сендікпің,— дегенсің.  
Дегенсің осы — кесімім,  
Кетпеймін сенен шын!

Тас жүрек жатқан құр кеуде  
Сертінде тұрмайды.  
Ойбай-ай, мені бұл жерде  
Жай неге ұрмайды!

Құдай-ау, нең бар жанымда!—  
Алсайшы, өшейін.  
Грегори үйі жанында  
Кінәсін кешейін.

## ТЕҢІЗГЕ ӨЗЕН ЗУЛАЙДЫ

Теңізге өзен зулайды,  
Шулайды, бұрқап, тулайды.  
Сол жерде көрдім бір сайлы  
Жігітті тігінші.

Ар жақтан жеті жігіт кеп.  
Үйленсек, – деді үгіттеп.  
Бөлердей жүрек мүлік пе, –  
Әзір ғой тігіншім!

Шешем мен әкем қарғайды,  
Оларға жалғыз мал қайғы,  
Барма! – деп маған зарлайды, –  
Жігітке тігінші.

Сараң шалға бір сөз өтпейді,  
“Жасаусыз онда кет” – дейді.  
Еш күйеу бірақ жетпейді  
Жігітке тігінші.

Ағынды арна суы атсын,  
Өндеткен ара ну атсын,  
Жаңғырған жаңбыр шуы атсын,  
Ғашығым – тігінші!

## ҰСТАҒА

Ұшам деп Пегас зорықты –  
Тұлпары Фебтің қанатты,  
Аспаннан жерге қоныпты,  
Жал етіп жалғыз сағатты.

Қанатты тұлпар мүлік пе?  
Қияның қажап тастары,  
Аполлон мінген күлік те  
Табаны тиіп ақсады.

Жетектеп құдай көлігін,  
Мінекей, жерде келеді.  
Вулканның көріп көрігін:  
– Қағып бер таға, – деп еді.

Шешті де қалпак, күпсерін,  
Кірісті ұста со бетте.  
Жарылқап жыршың іскерін,  
Табанда туды сонет те.  
Бүгінгі Вулкан, ағайын,  
Жемеймін мен де ақынды,  
Бір ауыз өлең жазайын,  
Тағалап берші атымды!

### **СҰЛЫ КӨЖЕ**

– Сұлы көже!  
– Сұлы көже!  
– Тағы сұлы көже бер!  
Берер едім, ұлым, көже,  
Тапсам сұлы мен егер.  
Бойдақ жанда нала бар ма?  
Оған өмір жұмақтай.  
Үй болғасын, балаларға  
Көжеңді бер жылатпай.

Тапшылықтың зіл салмағы  
Түспей қойды-ау иіннен,  
Италғырды қусам-дағы,  
Кетпей қойды-ау үйімнен.

– Сұлы көже!  
– Сұлы көже!  
– Тағы сұлы көже бер!  
Берер едім, балам, көже,  
Тапсам сұлы мен егер.

### **ҚҰЛ НЕГРДІҢ ӘНІ**

Күн шыжыған Сенегалда  
Қамап мені тас камалға,  
Теңізбенен әкелді айдап сосын бұл қияға.  
Жер түбінде жабығамын,  
Туған елді сағынамын  
Егінжайы жайқалған Виргиния-гинияда.

Отанымда менің қайран  
Мұндай суық болсын қайдан:  
Оны қарға, қырауға, үскірікке күн қия ма?  
Жатады онда сулар тулап,

Жыл он екі ай нулар шулап –  
Жан баласы көрмеген Виргиния-гинияда.

Төбесінде ойнап қамшы,  
Жүр ғой енді сорлап жалшы,  
Құртты мені қайғы-зар, алып кетті зым-зияға.  
Ойға түсіп дос-жараным,  
Жас дәуренді еске аламын  
Егінжайы жайқалған Виргиния-гинияда.

\* \* \*

Тал бойда жастық жалын бар,  
Құрысын құлдық қамыты.  
Бауырлар, қару алыңдар!  
Бұрқансын кектің шабыты.  
Десе де король күнәсыз,  
Қан шеңгел сол ғой, – қуамыз.  
Мінгіздік таққа мына біз,  
Өзіміз тақтан қуамыз!

Азаттық яки ажал бар,  
Біреуін ғана қалаңдар.

Көкірегі поптың сұмдық-ау,  
Құрмалдық болсын солар-ақ,  
Жетеді лордқа қыл бұғау,  
Үлесі пәрдің – ай орақ.

Ел жылап жапа шеккенде  
Болды ғой соттар қолшоқпар.  
Көрерміз күні жеткенде,  
Сотқа да әділ бір сот бар.

Бүгінше, мырзам, күліңіз,  
Біздің де жақын күніміз

Дәуірдің алтын таңы атсын,  
Бітер іс бітті, – кош болсын,  
Тілектер мәңгі жарассын,  
Адамға адам дос болсын.

Тірегі азат заманның –  
Көрсетсін бізге жас ұлан



Туғанын адал адамның  
Адал боп солай басынан  
Алыңдар тойда шарапты:  
Жасасын Достық, Азаттық!

\*\*\*

Якобиттер шірінді,  
Тыңдандар, тыңдандар  
Якобиттер шірінді,  
Тыңдандар.  
Якобиттер шірінді,  
Жайып жұртқа сырынды,  
Көкке ұшырам күлінді,  
Өлмесең тұрмаңдар.

Әділдік не? Жалған не?  
Заң қайда? Заң қайда?  
Әділдік не? Жалған не?  
Заң қайда?  
Әділдік не? Жалған не?  
Селебе не, қанжар не,  
Қапыда тек қалман, – де,  
Жау жарақ таңдай ма?  
Қаһармандар күресі  
Деген не? Деген не?  
Қаһармандар күресі  
Деген не?  
Қаһармандар күресі  
Дау жанжалдан жіп есіп,  
Әке мен ұл тіресіп  
Қан болу деген бе?

Кулық-сұмдық – безгенім  
Тап бүгін, тап бүгін!  
Кулық-сұмдық – безгенім  
Тап бүгін.  
Кулық-сұмдық – безгенім.  
Ақылыңсыз өзгенің  
Талғап адам өз жөнін,  
Тапсын да шаттығын!

## МАХАББАТЫМ СИРЕНЬ БОЛСА...

Махаббатым сирень болса – ғаламат,  
Хош иісті аспан түске ұқсап Бақ.  
Ал, мен болсам құстай оны паналап,  
Алар едім қанатыммен құшақтап.

Қыста сирень болмағаны, ...Қандай мұң?  
Жаным күйіп, жабырқап та қалар ем.  
Мамыр келіп ол гүлдесе, сайраймын  
Қанатымның астында қап бар әлем.

Махаббат боп тас қалада бүрлеген  
Қызыл раушан, тұрса шіркін! Елжіреп.  
Тамшы болып тамып түсіп гүлге мен,  
Тұрар едім омырауында мөлдіреп.

Жапырақтар жібектейін тым нәзік,  
Арасында арман құшып түнімен.  
Таңда ұшамын қанатымды бір жазып  
Бұл – бір ләззат.  
Жеткізе алман мұны мен.

\*\*\*

Көк аспан кешке үнсіз боялды,  
Көкжиек масайрап, мұнартып,  
Көктемнің көркі әсем, аяулы,  
Көңіліме қояды мұң артып.

Жас балғын жапырақ көргенім,  
Естимін құс әнін, төгілген.  
Мазасыз жаныма ал, менің,  
Бәрі де көріксіз көрінген.

Мен саған барымды ақтарам,  
Ал, сенің көзінде тамшы-мұң  
Жүрегің жаралы боп калар,  
Сезінсең жанымның бар сырын.

Қалармын күй кешіп көңілсіз,  
Сені де сүйер жан табылып...  
Қабірде жатармын мен үнсіз,  
Қураған жапырақ жамылып.

## **МЕНІҢ ЖАНЫМ МАЗАСЫЗ**

Жанымда бір жоқ тыныштық,  
Жүрегім де елжіреулі.  
Ішіне еніп оттың ыстық,  
Күтіп жүрмін мен біреуді.

Көрінбеген көзі әдемім,  
Қай жақта екен сағынышым?!  
Бар әлемді кезер едім,  
Сол бір жанды табу үшін.

Махаббатты кем санаман,  
Тылсым күштер сан сиқырлы,  
Қайта оралып келсе маған,  
Сағынышым сол сүйкімді.

Жалғыздықтан шерлі – кеуде,  
Жабығамын, жанымда – мұң.  
Ант етемін, сол біреуге,  
Беру үшін бәрін, бәрін.

## **МАХАББАТ ПЕН КЕДЕЙЛІК**

Махаббат пен кедейшілік мәңгілік,  
Тұтқын етіп мені торға түсірді.  
Махаббатым тұрса болды сән құрып,  
Жоқшылықтың қайғы емесін түсіндім.

Тағдыр, тағдыр шынымен де қатал-ақ,  
Бал сезімге бағыттаған мың жорық.  
Жүр қаншама мәні кеткен махаббат,  
Ауқаттылар ауласында құл болып.

Бедел, билік, байлық, арзан сый, құрмет,  
Бақыт та оған орын бермес төрінен.  
Өз-өздерін алдайтұғын сүйдім деп.  
Қорқаулар мен надандардан жерінем.

Керсоқырлар қоғамымен күресе,  
Анау жарлы азғындыққа болды өгей.  
Мырзалардан артық шығар мың есе,  
Қарапайым бақытымен сол кедей.

Тағдыр, тағы қаталдықты таныттың,  
Мейірімнің несібесін беріп кем.  
Бұл махаббат байлық пенен даңқтың,  
Бақшасында гүлдейді екен неліктен?

\*\*\*

Жағадағы жай тауып тас үнгірден,  
Адамдардан қайғымды жасырдым мен.  
Тағдырымнан құтылман, қалып қойды,  
Жанарымда құрғамай жасым мүлдем.

Суайт әйел, білемін сертің әлсіз,  
Сүйіктіңмен күлерсің сен күмәнсіз.  
Қайғымның да құны жоқ бір сен үшін,  
Бақытымның өйткені дерті мәнсіз.

\*\*\*

Орман, жасыл атырап,  
Ойға батып тулайтын.  
Жаңбыр жуған жапырақ,  
Шуақты аңсап шулайтын.

Қайда сол жаз жайдарман,  
Орман іші тып-тыныш.  
Мамырлайтын майда арман,  
Гүлге қонып шық күміс.

Көктем келіп балбырап,  
Жаз жетсе де жасыл бақ.  
Шаштың ағын ол, бірақ,  
Қалай, қайтіп жасырмақ?

Қартайғанда түн ұзақ,  
Ұйқысыз ой тербеткен.  
Кетіп қалған тым ұзап,  
Оралмайды ол көктем!

### ҚОШТАСАРДА

О, Элиза!  
Қош бол енді, қоштасатын келді сәт,  
Кешір, бөлкім сүйе алмадым сен құсап.  
Өткел бермес толқыны асау өр мұхит,  
Енді саған жайғаныммен кең құшақ.

Айрылысып, қайғы қушып қалсақ та,  
Қатал тағдыр қарамайды мансапқа.  
Мына өмірде мәңгі бірге болуға,  
Біздің жүрек серт байласқан сол шақта.

Туған жерге жан алауын жандырған,  
Ең бағалы қазынамсың қалдырған.  
Оралмаймын енді қайтіп бұл жерге,  
Оралсам да сен шықпайсың алдымнан.

Қоштасайық, қолыңды бер, келші енді,  
Өзімменен алып кетем сол шерді.  
Ақтық демім таусылғанша, қалшы сен,  
Жүрегімнің лүпілін ап ең соңғы.

\*\*\*

Қош бол енді көктегі күн, көк аспан,  
Қош, достығым, туыстығым жарасқан.  
Біздер өткен өмір жолы осылай,  
Қоштасумен аяқталар о бастан.

Бәрі өледі, ал біреулер соны ұқпай,  
Өлер шақта тулайды кеп балықтай.  
Өмірге ынтық мына менің жүрегім,  
Өлімді де қарсы алады қорықпай.

### **ТҮТҚЫНЫҢ БОЛАР ЕДІМ...**

Тұтқының да болар едім сенің мен,  
Көзге әдемі көрінесің сүйкімді.  
Бірақ саған көңілдес боп көрінген,  
Көріп жүрсің күні – түні сый түрлі.

Махаббат пен мейірімге неліктен,  
Жомарттық деп, немқұрайлы қарайсың?  
Желге ұқсаған мінезіңмен желіккен,  
Жан біткенді бақытыңа балайсың.

Бәз біреулер сен гүлсің деп алдай ма,  
Өзгелерден көріп тағы көп артық.  
Ал гүл сорлы солып бір күн қалмай ма,  
Сәні менен хош иісін жоғалтып.

Гүл ғұмырдай сен де қауыз ашарсың,  
Күн нұрындай шуақ тарап жүзіннен.  
Күнің бітсе жол үстінде жатарсың,  
Мынау гүлдей сабағынан үзілген...

### ШАҒЫН БАЛЛАДА

Ғажап ару, бойы сұңғақ, ойы арлы,  
Ғашығымен ғұмыр кешкен баянды,  
Сүюші еді ол — бір арманды аяулы.  
Бұл бақыттың болмай түбі қайырлы,  
Екі жақта жеді екеуі уайымды.  
Сүйгендерді сойқан соғыс айырды!

Теңіз кешіп, тау-төбеге түнеді,  
Зеңбіректер атылса да үнемі,  
Жасымады жауынгердің жүрегі.

Түн болғанда жұлдызды аспан мөлдіреп,  
Тек сүйгенін есіне алып, елжіреп,  
Лүпіл қағып жатушы еді сол жүрек.

### ТАУДА МЕНІҢ ЖҮРЕГІМ

Тауда менің жүрегім, әлі сонда,  
Бұғылармен шыңға өрлеп жарысам да.  
Күз-жартасты құламай кезіп жүрем,  
Самға, самға, жүрегім, әрі самға!

Қош бол, менің отаным, солтүстігім,  
Өзің берген бойымда бар күш бүгін.  
Әлем шарлап кетсе де, сені ғана  
Сүйемін деп серт беріп, ант ішті ұлың!

Қош бол, менің қар басқан таулы аймағым,  
Қош бол, менің жазира жан-жайлауым.  
Қош бол, менің жап-жасыл нулы орманым,  
Жасырынып ішіңе қалды ойларым.

Тауда менің жүрегім, әлі сонда,  
Бұғылармен шыңға өрлеп жарысам да.  
Күз-жартасты құламай кезіп жүрем,  
Самға, самға, жүрегім, әрі самға!

## ШОТЛАНДЫҚ ДАҢҚ

О, Шотландия,  
қас дұшпаның саған қару кезенді,  
Бастан кештің кері кеткен кезенді.  
Қоштаса бер даңқыңменен ежелгі,  
Отан деген оттан ыстық сөз өлді.  
Твид мұхиттың асығушы ед жолына,  
Сарк болса түсті құмның торына.  
Атамекен бәрі, бәрі... көшті енді,  
Ата жауың – ағылшындар қолына.

Ғасырларға тізе бүкпей келгенде  
Сені сатқан – сатқындар ғой, көр кеуде.  
Ұлы Отанды айырбастап жіберді  
Уға татыр уыс ақша бергенде.

Ағылшынның қылышына болаттай  
Қарсы тұрдық, жерімізге жолатпай.  
Бірақ, бізді ағылшынның алтыны  
Саудаласып сатып алды, оқ атпай.

Қамын ойлап жесір менен жетімнің,  
Өшпегенін тіледі олар отымның.  
Брюс, Уоллес отқа түсіп жатқанда,  
Отан үшін өлмегенге өкіндім.

Жасырмаймын.  
Тәңір қолдап, дем берсе,  
Айтам бәрін, жанар отым сөнгенше.  
Отанымды сатып кеткен ойланбай,  
Залымдарға қарғыс болсын өлгенше.

## МАКФЕРСОН ӨЛІМ ЖАЗАСЫ АЛДЫНДА

Ең соңғы рет сүйіп тұрса да өмірді,  
Алғаш рет көріп тұрса да өлімді.  
Қорқынышты сездірместен,  
Дар ағашты көзге ілместен,  
Макферсон бүгін өте көңілді.

– Сәлем, сендерге –  
Құлдары тіршілік ететін,  
Құлазып, күрсініп өтетін,  
Патшаның абақтылары.  
Бүгін менің өліміме,  
Жауларым сүйсініп, қарап тұрады.  
Талай соғыс алаңында  
Ажалменен ұшырасқам бетпе-бет.  
Бүгін тағы дар алдында,  
Шықтым онымен жекпе-жек.  
...Қорқыныш менде жоқ, демек.

Сендік намыс өшті, сөнді,  
Қолымдағы шеш, кісенді!  
Қайда сауыт-сайманым?  
Талай-талай қол жапырған,  
Сен сүйенген он батырдан  
Асып түсер абырой мен айбарым!

Кескілескен ұрыстарда  
Қылыш қимаған мойынымды,  
Қиып барады қыл арқан.  
Қаныпезер қас адам,  
Опасыздық жасаған,  
Сатқындардан басқа кімге кінә артам?

Осы бір өлімнің алдында,  
Өкініш өртеді мені алғаш.  
Туып-өскен өлкемде  
Бүгін, тіпті ертең де,  
Мен үшін ешкім кек алмас.

Кешір Отан, Қош бол, әлем!  
Торға түстім, ойрандалды ой-сана.  
...демім біткен,  
Өлгісі жоқ, өлім күткен,  
Мен бір бейбақ, бейшара!

Ең соңғы рет сүйіп тұрса да өмірді,  
Алғаш рет көріп тұрса да өлімді.  
Қорқынышты сездірместен,  
Дар ағашты көзге ілместен,  
Макферсон бүгін өте көңілді.



## СОЛДАТТЫҢ ОРАЛУЫ

Соғыс бітті отқа ораған даланы,  
Бейбіт өмір бәрінен де бағалы.  
Балғын ғұмыр бақытынан айрылған.  
Бір топ бала баспана іздеп барады.

Мен келемін туған елге асығып,  
Иығыма көк дорбамды асынып.  
Қолын бұлғап майдандастар қалды артта,  
Жанарларға қимас сезім жасырып.

Мен келемін жеңіл басып таза армен,  
Ех, нұрлы өмір, қандай ғажап, ажарлы ең!  
Өмір, өмір, сені сүйдім күмәнсіз,  
Әр күн сайын алыссам да ажалмен.

Таңғажайып таңның нұры бойды өпкен,  
Келем үнсіз ғашығымды ойлап мен.  
Жанған оттай жанарымен жанымды  
Жылытатын бар еді бір бойжеткен.

Сол баяғы өзен жатыр жай ағып,  
Диірмен тұр, көк тұманға боялып.  
Мына тұста сырымды айтқам Аннаға,  
Менің алғаш махаббатым оянып.

Бойлап шықтым бетегелі белеске.  
Балалық шақ, өткен күннің бәрі есте.  
Қарсы алдымда тұрған күндей күлімдеп,  
Сүйгенімнің өзі, шіркін, емес пе?!

Жанарымнан сағынышым тамшылап,  
Дауысымды дірілдерден аршып ап.  
Сұрақ қойдым сұлу қызға сонда мен,  
Есімде жоқ, қандай сұрақ – сол сұрақ?!

Сәлден кейін, көпке созбай уақытты,  
Мен сөйледім: күн нұрындай жақұтты.  
Жүрегіңмен, сүйсең егер бір жанды,  
Сол бір адам – бәрінен де бақытты!

Жалғыз жанмын жолаушылап шаршаған,  
Ақшам да жоқ, берер едім мен саған.

Маған тұрақ табылар ма жаныңнан,  
Жауынгер ем жып-жылы үйді аңсаған?

Ал, қыз болса құлазыған күйменен:  
– Мен де өзіндей жауынгерді сүйген ем.  
Бар ма, жоқ па бұл өмірде білмеймін,  
Күтіп оны жүрмін осы үйде мен.

Ол жауынгер оралмады – осы мұң,  
Бірақ оның ұмытпаспын есімін.  
Адалдықты ту көтерген жан болсаң,  
Әркезде де ашық менің есігім.

Кенет, менің келбетімді аңғарып,  
Қатты үніліп, қарағандай шам жағып.  
Екі көзі оттай жанып әлгі Ару,  
– Бұл сенсің бе, Вилли?! – деді таңданып.

– Иә, менмін, көзіңе ыстық көрінген,  
Ертелі-кеш еш кетпедің көңілден.  
Сенің көктем махаббатың — сыйлығым,  
Менің төккен қаным үшін берілген!

Соғыс бітіп, артта қалып қайғы-мұң,  
Сені таптым, өзгермеген Ай-Күнім!  
Кедейшілік құшақ жайып тұрса да,  
Сенсің – менің баға жетпес байлығым!

– Жо-жоқ!, – деді ол, – қалай жаның қиналмақ,  
Атам маған қалдырды осы сыйды арнап.  
Тапшылықты, таршылықты көрмейсің,  
Сенікі енді мынау тұрған үй мен бақ.

Мұхит кешіп, көпес шығар жолға алыс,  
Аңсағаны – арзан байлық, алданыш.  
Дикан жүрер жатпай-тұрмай жер еміп,  
Жауынгерге ең керегі – ар-намыс!

Жолаушылап келе жатса жауынгер,  
Пана болып суын құйып, нанын бер.  
Ел басына күн туса егер күні ертең,  
Ең бірінші солар елдің қамын жер.





Бостандық сонда ашып құшағын,  
Шақырды ұлдарын ұран сап.  
Көргендей бәрі бақытты шағын,  
Келеді ерлікті шын аңсап.

Семсерлі халық түсті майданға,  
Бауырым, көзден жасты іркіп.  
Қанатын теңдік күшті жайғанда,  
Қанішер, жауыз қашты үркіп.

Британдық өлке! Емен, терегін  
Сымбатты, көркем – білгенім.  
Жастық шағында сен еркеледін,  
Күлкіге толып күндерің.

Қаулап тұрсаң да қалың орманмен  
Бауырым, ол жер – жалаңаш.  
Себебі сенде бәрі болғанмен,  
Бостандық деген жоқ ағаш!

Сол бір ағашсыз ел іші де оңбай,  
Бодандық нанымды ащы етті.  
Еккен егіннің жемісін алмай,  
Еткен еңбегім бос кетті.

Еткен еңбектің жемісін жеген,  
Бауырым, байлар жарыған,  
Жатқанда ғана көр ішінде мен,  
Осы қорлықтан арылам.

Сенемін бірақ: келеді күнім,  
Алыста емес ол мезет.  
Сиқырлы ағаш төгеді нұрын,  
Бәрімізге де сол қажет.

Құлдыққа толы уақытты жеңіп,  
Татулық құрар сауығын.  
Барлық адамзат бақытты болып  
Ғұмыр кешеді, бауырым!

Пьер-Жан БЕРАНЖЕ

---

---

## СЫНЫҚ СКРИПКА

Төбет менің  
болды да жан серігім,  
Серігімді көргенде  
балша ерідім.  
Итті жақсы көремін,  
жасырмаймын,  
Осы болар ермегі  
бар серінің.

Түсінеді ол  
ішкі бір айқайымды,  
Келші, төбет,  
сырымды айтайын бір.  
Кеудем қазір  
бос тұрған күбі сынды,  
Бос күбіні алдыңда  
шайқайын бір.

Бар маңайын  
бақылап қас-қабағы,  
Дұшпан көрсе,  
әркім де бас бағады.  
Скрипкам бар еді,  
қас жауымның  
Қиын болды  
сындырып тастағаны.

Тойлап жатса  
дұшпаным жеңіс тойын,  
Құлдық ұрман,

алдына кебіс қойып.  
Скрипка ойнаудан  
бас тартқанмын,  
Қызметті де  
демедім көп істейін.

Оркестрге татитын  
дарабозым,  
Сағынады, әрине,  
сара кезін.  
Сары таңнан  
сайрайтын сандуғаштай,  
Сынғанына сенбедім  
қарап өзім.

Төбет менің  
болды да бар серігім,  
Кездескенде онымен  
балша ерідім.  
Итті жақсы көремін,  
жасырмаймын,  
Осы болар ермегі  
бар серінің.

Ерттеп мініп  
жастықтың біз күреңін,  
Дірілдетіп жүруші ек  
кыз жүрегін.  
Жаны ауырған жандардың  
сазбенен-ақ  
Скрипка табатын  
жүз бір емін.

Тындағандар алатын  
тыныс еппен,  
Ел басқардым, нансаңыз,  
қыл ішекпен.  
Бақ-береке  
бұрқылдап қазанында,  
Қайран күндер, қайдасың  
тыныш өткен?!



Бет әжімі жазылып,  
жайраң қағып,  
Жұрт билесе,  
қосылып сайрандадық.  
Шөлдеп қалды  
сарайым бұлақ іздеп,  
Қайраңдарда қайырлап  
қайран балық.

Көремісің,  
аспанда от өруде,  
Мен дайынмын  
ел даңқын көтеруге.  
Скрипка үнімен  
діріл қағып,  
Өмір өксіп жылайды  
өтерінде.

Жалау ұстап,  
қоштасты Жастық биі,  
Келіп қалды  
қобалжып аштық күйі.  
Ен далада  
егістік жайқалар ма,  
Шағамын деп  
тұрғанда қастық-бүйі?!

Ен далада  
егістік жайқалар ма,  
Тыныштықтың  
шарасы шайқаларда.  
Өз әнімді  
ұмытып қала бардым,  
Қайырмасын  
таба алмай қайталарда.

Қайран менің  
қамыққан қыл ішегім,  
Үзілдің-ау,  
таусылмас тыныс едің.  
Сазсыз ғұмыр  
санамды сарғайтқасын,  
Өткенімді  
еске алып, мұң ішемін.

Қолдан кетті,  
қайтейін, көзірің де,  
Саз әлемі  
тұншықты өз інінде.  
Қыл ішек қой  
жаһанды жалғастырған,  
Мұнша билік  
болмаған Цезаріңде.

Скрипка үнінен  
дірілдеген,  
Етек-жеңі  
ендіктің түрілмеген.  
Менің рухым-  
салт атты сайыпқыран,  
Сәйгүлігі  
сайларда сүрінбеген.

Шертілмеген  
шешіліп шектерменен,  
Көкіректі көріктей  
кек кернеген.  
Дұшпандардың  
жеңісін тойлағанша,  
Таңдап алдым  
ажалды көп пернеден.

Шайқалуда шырылдап  
шаршы ғалам,  
Музам менің,  
оқ тиіп қансыраған.  
Мылтығымды  
тезірек кезенейін,  
Келіп қалды  
дұшпаным қарсы маған.

Скрипкам-Отаным,  
үні семген,  
Тереңінде тұншығып,  
тынысы өлген.  
Майрылғаным болмаса  
қара тасқа,  
Қынабымда жатпайтын  
қылыш ем мен.

Жалт-жұлт етіп  
алмасым жарқылдаса,  
Жанарынды тірілтем  
нұры сөнген.

Жалт-жұлт етіп  
семсерім жарқылдасын,  
Мен ішпеймін  
бөтеннің сарқынды асын.  
Өлексесі таусылса,  
үйге қайтар  
Қарға болып,  
қас дұшпан қарқылдасын.  
Қыл ішекке қондырмай,  
тыншымаспын,  
Азаматтық елінің  
ар тұлғасын!

Төбет менің  
болды да жан серігім,  
Кездескенде серігім,  
балша ерідім.  
Итті жақсы көремін,  
жасырмаймын,  
Осы болар ермегі  
бар серінің.

### **ЖАЗУШЫЛАР ЕРТЕҢІ**

Жазушылар басынан бақ таяды,  
Ертеңінің сынады ақ таяғы.  
Бар тұрғыны әлемнің қосылғанда,  
Сындарлықтың шытынар саптыаяғы.  
Аялдауды білмейтін жаратылыс  
Ақырындап, әйтеуір, жатты аяны.  
Мағынасыз өмірде тірлік кешкен  
Жанның бәрін жүрегім қатты аяды.

Шежіресін бұл тілдің кім біледі,  
Тіл өзен ғой, ағыста мұнды лебі.  
Сөз дегенің қайықтай жылжиды онда,  
Көркемдікке көмілген үлгідегі.

Сол қайықтың жақтауын әсемдеген  
Қатар-қатар қойылған гүлдің легі.  
Жүрегіне қуаныш ұялатар  
Жағалаудың алыста мүлгігені.

Түсініксіз діріл бар денемізде,  
Елсіз жерде қалғандай елегізбе.  
Толкып ағып барша жұрт тоғысқанда,  
Қайық емес, керек-ау кеме бізге.  
Жұлдыз біткен бағытты көрсетпейді,  
Жолдар қандай адасып келеді ізде?  
Көк мұхиттың жиегі шексіз екен,  
Жұтпасына жайындай сенеміз бе?!

Қосақталып тірліктің қамытында,  
Парақ-қауқар қала ма шабытында?  
Қадірлейтін өнерді жан бар ма екен  
Болашақтың белгісіз бағытында.  
Мылқау заман моладай меңірейген  
Топастықтың түкпірін танытуға.  
Ақыл-ойдың еленбей зерделісі,  
Тас боп қатты шын өнер табытында.

Қаламгерлер! Қиялы көкті іздеген,  
Үміт-арман ұшты да, кетті ізбенен.  
Пір тұтарлық жандардың құны төмен,  
Дәрежеге құдайым жеткізбеген.  
Сіздің дауыс талықсып естіледі  
“Кеңістіктің төрінде жоқпыз” деген.  
Көктегі әлем деңгейі неткен биік,  
Ұмтылсаң да өзіне жеткізбеген.

### СОҢҒЫ ӘУЕН

Сөнер адам қалайша шоққа шыдар,  
Табанымын тағдырдың от басылар.  
Франциям, өзінді анам дедім,  
Сені мендей сүйген жан жоқ та шығар.

Ән ғып айттым бір әріп танымастан,  
Шабыт құйды қою бұлт, қалың аспан.  
Кетсем, егер, кеш мені, жаным анам,  
Жылдарымды іздеймін сағым асқан.

Патша келді дүние қараң қалып,  
Жүк болды да қарынға арам балық.  
Туған жерім қоңырқай қанға бөкті,  
Көздің жасы аққанда тарамдалып.

Құдай қалар өмірдің өскелеңін,  
От жалынның ортасын кешкен едім.  
Қиялыңмен қырларға “қырман” кұйдың,  
Жинап енді аларсың, қош бол, елім!

Тар табыттан үмітке ұмсынамын,  
Иығыммен көтергем жыл сынағын.  
Сары алтындай жарқырап сары дала,  
Көзбен ғана сүюге құлшынамын.

Алағай да бұлағай бұлт тұнады,  
Қасқыр болып ұлиды ұлттың әні.  
Қоштасуға орамал бұлғар едім,  
Жансыз қолым кеудеме сылқ кұлады.  
Қош!

### **АЖАЛ МЕН ПОЛИЦИЯ**

Құтылмайды мына менен бар мықты,  
Шақырумен даусым әбден қарлықты.  
Денсаулықты берем Сізге қайтарып,  
Кеше алғанбыз жоғарыдан жарлықты.

Көңіл деген насыбай ғой бір атым,  
Дәрігердің кеңесі ме? Құр ақыл.  
Сізге бұйрық келіп қалды өлмеуге,  
Сабырға кел, мырзам, сәл-сәл тұра тұр.

Қаштық бүгін жерлеу деген ғұрыптан,  
Ел пейілі кетті шығып ырықтан.

Рәсім үшін сулар еді көздерін,  
Сылдыр сөзге құрық жалғап сырықтан,  
Жылайтындар-ең төменгі сұрыптан.

Бейітіне сүріндіріп құр атын,  
Империя құлар еді сұрапыл.  
Күлкілі ме, жымиясың сөзіме,  
Сабырға кел, ойлан, мырзам, тұра тұр.

Мезгіл келер заңдылыққа тоятын,  
Тұғыр-таққа гүл дестесін қоятын.  
Алтын төгіп адамзаттың басына,  
Мылжындықтың екі көзін оятын.

Дін оралар кетіп қалған қашыққа,  
Тірлік дәмі шайқалады қасықта.  
Барша пікір пітір болып жиналар,  
Тоқта, көкем, мезгіл жетер, асықпа.

Гүл шоқтары десте болып өрілсе,  
Жыл дидары жап-жарық боп көрінсе,  
О дүниенің оқаменен зерленген  
Отырарсың иемденіп төрін сен.

Жалғыз жатып жым-жырт қалған молада,  
Бір жарым күн түнерсіз-ау қонаға.  
Күл боларсыз, топыраққа сіңерсіз,  
Ал әзірге аман-есен бол, аға!

### ЖЕГІҚҰРТ

Франциям, талы бұтақ таратқан,  
Жұпар әуен саған ұшты тараптан.  
Егістігің төгіп салды мәуесін,  
Үш-ақ күнде жайқалтқан-ды жаратқан.

Кең далаңда шабыт іздеп кеземін,  
Талы иіліп, жеміс төккен кезеңім.  
Келеді, елім, мәуе тұнған бұтақтан  
Несібенді теріп жейтін кезегін.

Көлбең қақса көз алдында кеңістік,  
Мезгілінде жиналады егістік.  
Үміт біткен күмілжумен қалады  
Көзі шалса шірігі бар жемісті.

Шірік жеміс, неткен мұнды ғазалы,  
Әлде көктен жетті ме оның ажалы?  
Сөлді реңі солып қалды неліктен,  
Үсітті ме ызғарлы жел деміккен?

Арамдығын ішке тығып семірген,  
Жегі құрт кой оны ішінен кемірген.  
Қауыздағы түйнектерге тіс салған,  
Іздеп тауып өркендерді өңірден.

Айтары сол жегі құрттың шат түрде:  
“Болу керек табыт пенен тақ бірге!  
Төмен ұста желбіретпей жалауды,  
Иман тұрмақ, бас қоя алмай тәкбірге.

Ағаш болса кеңге жайған құлашын,  
Шірік тамыр қаңқа болып құласын.  
Орнында егер опырайып ор қалса,  
Омақасып құласын ел, жыласын”.

Осы айтылған шындық сөздің сыртында  
Жегі құрттар бейіт қазды бір тынбай.  
Аспан тәжі көктен көлбеп құлады,  
Жер жаншыды қалың елді бұрқылдай.

Құтқара гөр, жаңа туған ақ таңым,  
Мәуе төккен күй ойнасын бақта мың.  
Францияны даңқ дабылы орасын,  
Жегі құрттан, о, жаратқан, сақтағын!

## **ТІГІНШІ АТАЙ МЕН СИҚЫРШЫ ӘЙЕЛ**

Сол Парижде, бай әм кедей мекенде  
Тұрды қария мақсатыма жетем деп,  
Атам еді ол және туған әкем де.  
Жеті жүз де сексенінші жылы мен  
Жарық дүние есігінен күліп ем,  
Ұрпақ болар ұл келгені бөтен бе?..

Гүлге оранбай жұпынылау бесігім,  
Атай толқып ашыпты үйдің есігін.  
Сол шарана жөргегінде шалқақтап,  
Шырыл қағып жылап жатса, несі мін?

Балпанақтай уілдеген батырын  
Сықыршы әйел тербетіпті ақырын.

Сасқалақтап атам одан сұраған:  
“Дүниеге келді тағы бір адам.  
Бұл бөбектің не болады тағдыры,  
Алады үлес алда қандай мұрадан?”

Сықыршы әйел сәл маңғаздау пішінде  
Жауап беріп, өзгертпейтін түсін де:  
“Бала кезде жүгіреді ол бір тынбай  
Трактирде, баспахана ішінде.  
Тағдыры оны бар соққыдан сақтайды  
Отанының болашағы үшін де!”

Уілдеген балпанақтай батырын  
Сықыршы әйел тербетіпті ақырын.

Өсті бала жігіт болып тұлғалы,  
Көктем әні бойлап кетті жылғаны.  
Жастық жайнап, құстар сайрап, гүл өссе-  
Жүрегінде өлең-жырдың тұнғаны.  
...Бір-ақ күнде кетті бәрі келмеске,  
Жыры қалды мәңгі бақи өлмеске.  
Жайлы тірлік шырақ құсап сөніпті,  
Өмірі оның ертегі боп сенбестей.

Мазасыздау бұл тірліктен жиренді,  
Жан айғайын айтуды енді үйренді.

Атам менің тігінші еді айтулы,  
Қолдан ине түспейтұғын жай туды.  
Әндерімді ол қабылдай алмады,  
Өз кәсібін ерінбестен жалғады,  
Ән деп ұқты бос дыбыс боп қайтуды.  
Сықыршы әйел атайменен таласты,  
Бұл бос дыбыс болмайды деп бал ашты:  
“Найзағайдың жарқылы боп қалады ол,  
Соңына ертіп, жетелейді алашты”.

Мазасыздау бір тірліктен жирендім,  
Жан айғайын сөйлетуді үйрендім.



Көрдім кеше сол әйелді-елесті,  
Жүзі де оның, дауысы да көмескі.  
“Аңыз болып кетті әндерің” дегенде,  
Лебізінен жібектей боп жел есті.

“Бала едің-ау, болдың бүгін шал, міне,  
Ән боп мәңгі қалды сендік әңгіме.  
Ұрпақтарың ұрпаққа оны жеткізер,  
Одан артық табылады мәнді не?”

Жүрегімнен ән сорғалап барады,  
Құс боп ұшып, шарықтаса жарады.

### ЖАҢА БҰЙРЫҚ

Шығамысың жолға бір,  
Тында, солдат, жарлықты.  
Қанатыңды қомда, бұр,  
Қайтады үйге бар мықты!

– Испандарға не керек,  
Соны, ағатай, білдің бе?  
– Тыныштығың керемет,  
Керегі сол бұл күнде.

Қара киім киінген  
Монахтарды боздатпа.  
Асығады дүйім ел  
Көмек қолын созбаққа.

Жақсылық қой ол да бір,  
Тында, солдат, жарлықты.  
Иығыңды қомда, бұр,  
Қайтады үйге бар мықты!

– Не болды елдің күткені,  
Не болады соғысың?  
– Қияметтің біткені  
Жақсылық қой көп үшін.

Қуанышты үн тарады,  
Шу көмеді қырқаны.  
Тылға қайтып барады  
Генрихтың ұрпағы.

Түспейтұғын қолға бір  
Тыңда, солдат, жарлықты.  
Иығыңды қомда, бұр,  
Қайтады үйге бар мықты!

– Айтшы, ағатай, білдің бе,  
Мына құстың заты кім?  
– Реті келді бұл күнде  
Сабақты ине сәтінің.

Қарамайын әліме,  
Тағы да нем кем еді?  
Бауырластың әлі де  
Кегін қуғым келеді.

Түсіп қалма торға бір,  
Тыңда, солдат, жарлықты.  
Қанатыңды қомда, бұр,  
Қайтады үйге бар мықты!

Бармас солдат әріге,  
Өзгермейді тек олар.  
Мырзалардың бәрі де  
Офицерлік шен алар.

Солдатта ғой жарты мұң,  
Не боларын пайымда, ұл!  
Қатаяды тәртібін,  
Дүре соғар, дайындал.

Жақсылық қой бұл да бір,  
Тыңда, солдат, жарлықты.  
Қанатыңда қомда, бұр,  
Қайтады үйге бар мықты!

– Не болады күні ертең  
Франция тағдыры?  
– Жау келеді, біл, ертең,  
Соғысады барлығы.

Елге қайтып келгенмен,  
Қайта торға түсеміз.  
Тауқыметке көнгенмен,  
Сұйық көже ішеміз.

Жаңалық бар алда бір,  
Тыңда, солдат, жарлықты.  
Қалма, жолың болмағыр,  
Қайтады үйге бар мықты!

Оңайлықпен ұшпайтын  
Үзіліпті түйеміз.  
Кім бар бағыт нұсқайтын,  
Оралайық үйге біз.

Қасіреті көбейіп,  
Қауіп төніп тұр елге.  
Қолтығынан демейік,  
Қамшы салшы күренге.

Жақсылық көп алда бір,  
Тыңда, солдат, жарлықты.  
Иығыңды қомда, бұр,  
Қайтады үйге бар мықты!

### ҚАРЛЫҒАШТАР

Жағалауда құбылып құштар ғалам,  
Көк толқындар лықылдап түсті арнадан.  
Арабтардың тұтқыны бір жас жігіт:  
“Франция жайында, – деп өтінді, –  
Беріндерші ән салып, құстар, маған”.

Жағалауда құбылып құштар ғалам,  
Көк толқындар лықсыды, түсті арнадан.  
Қалыңдыққа көктемнен хабар айтар  
Көзге таныс осынау тұстар маған.

Үш ай болды елімді көрмегелі,  
Шығармады жат жерде төрге мені.  
Түсімнен бір шықпайды содан бері  
Шаруа үйі, көзге ыстық жер көлемі.

Туған үйдің түтіні көлбегелі,  
Биіктеді, мұржадан өрмеледі.  
Қандай жақын жүрекке көктем келіп,  
Қанаттарын құстардың сермегені.

Тірі ме екен анашым, білемісің,  
Жүреді олар баланың тілегі үшін.  
Жалғыз үміт жылтырап шырақ сынды  
Жылтыратып тұра ма түнек ішін?

Қарлығаштың ұясы бар еді үйде,  
Соны есіме салдың ғой міне, құсым.  
Аяғымның тықырын күтеді анам,  
Менен үміт үзбейді ол, біледі ішім.

Гүл боп өсіп, қауызы жарылғасын,  
Шықты ма екен күйеуге қарындасым?  
Мені есіне алды ма жан бауырым,  
Тойы өткесін, тобырдан арылғасын?..

Достар аман соғыстан оралды ма,  
Жинала ма топталып қора алдына.  
Ар жағында жазықтың жазира бар,  
Тоты құсым, оралма тораңғыға.

Қойды ма жау жерді алып, кім біледі,  
Ат қашты ма ерді алып, кім біледі.  
Бауырымның жан жары оққа ұшты ма,  
Жоктау менен шер қалып, кім біледі?..

Шаңырақтың қалды ма қазығы бір,  
Бар ма жанның тырнақтай жазығы бір?  
Еркіндікке тояттар қиялымен  
Тұтқындар мен құстардың азығы бір.

### **ҚАЙЫРШЫ ШАЛ**

Кәрілік әбден жүдетті,  
Қосылман ешбір ойынға.  
Өліп те, бәлкім, кетермін,  
Осынау жолдың бойында.  
Маскүнемге деп лақтырған  
Сүп-суық бақыр қойында...  
Бөгелме маған, кете бер,  
Сауықшыл қауым, тойынған.

Аштықтан емес бұралған,  
Қарттықтан ғана өлем мен.

Сап-сары тісі ақсып,  
Төнеді ажал төбемнен.  
Бармаймын ауруханаға,  
Таппаспын дәру көп емнен.  
Көшеде тудым о баста,  
Көшеде қайта сөнем мен.

Есігін қағып әркімнің,  
Жасынан кәсіп іздеген,  
Бүйірі шығып тоймаған  
Бақсыздау жанбыз біз деген.  
Тыныштық, бәлкім, келеді  
Қабірде қара сызбенен.  
Ықтасын берсең қорадан,  
Айтамын алғыс Сізге мен.

Жанбағыс үшін жан пида,  
Ұрлықтан басқа жол бар ма?  
Түсем ғой кісен салынып,  
Қараңғы қاپас-қорғанға.  
Жарықты көрмеу оңай ма,  
Сұп-суық түнек сорғанда.  
Сәуле екен жалғыз тірегі  
Адасқан жанның орманда.

Отанды айтпа, құрысын,  
Керек пе Отан кедейге?  
Дабылын соққан жеңісің,  
Алқапқа тұнған жемісің  
Қолтықтан мені демей ме?  
Қалаға жау кеп кіргенде,  
Жат қолдан алған садақа  
Жұтылмай қалды көмейде.

Мәпелейтұғын жан болса,  
Табанда бұлай жатпас ем.  
Жыбырлап жүрмін құрт сынды,  
Өкшене сал да, тапта сен.  
Тенеген құртқа тағдыр ғой,  
Ара боп шағар қақпас ем.

## КОРОЛЬДІҢ КӨҢІЛДЕСІ

Қызы:

Неткен сұлу сәйгүлік, неткен күйме,  
Мына сұлу түсті ме көктегі үйден?  
Салтанатын тамсана тамашалап,  
Қолымдағы іс қалды, өтпеді ине.

Анасы:

Жөн болмайды қараса оның несі,  
Сұлулықтың анық қой жеңілмесі.  
Некелі жар еңсесі төмендеп жүр,  
Мына сұлу-корольдің көңілдесі.

“Сол арудың өзімен тең болсам, – деп,  
Жұпар гүлмен құлпырған сая бағы.  
Көңілдесі корольдің мен болсам”, – деп,  
Армандайды, қыз жағын таянады.

Қызы:

Жұлдыздардай жалтылдап жақұттары,  
Қалшияды жолында қатып бәрі.  
Неткен көйлек шілтері үлбіреген,  
Рас екен-ау, шынымен, бақыт бары.

Анасы:

Сиыр сауып, бала еді, ауылда өскен,  
Тұрмысы ауыр, тағдыры дауыл кешкен.  
Сондықтан да кетеді жалт бұрылып,  
Кездескенде танысы – қауым-көштен.

“Сол арудың өзімен тең болсам, – деп,  
Жұпар гүлмен құлпырған сая бағы.  
Көңілдесі корольдің мен болсам”, – деп,  
Армандайды, қыз жағын таянады.

Қызы:

Қамшылаумен бір жігіт ат арбасын,  
Келіншекпен қалыпты қатарласып.  
Құлықсыздау барады қызмет қып,  
Жолда тастап кете алмай сапарласын.

Анасы:

Тегін емес, тектінің тұяғы ол да,  
Қолдау берген корольге қия жолда.  
Ана сұлу корольді билеп алса,  
Екі аяғы етікке сияды онда.

“Сол арудың өзімен тең болсам, – деп,  
Жұпар гүлмен құлпырған сая бағы.  
Көңілдесі корольдің мен болсам”, – деп,  
Армандайды, қыз жағын таянады.

Қызы:

Орнағанда төріне құт бағаны,  
Жауһар көлдер жадырап жұтты ауаны.  
Әнеу кісі, көзімен ішіп-жеген,  
Неге сонша сұлуға сұқтанады?..

Анасы:

Оған, жаным, қайтесің бас қатырып,  
Таба алмай жүр ол байғұс асқатығын.  
Мәртебесі өседі биіктерге  
Мынау еркетотайдың тапса тілін.

“Сол арудың өзімен тең болсам, –деп,  
Жұпар гүлмен құлпырған сая бағы.  
Көңілдесі корольдің мен болсам”, –деп,  
Армандайды, қыз жағын таянады.

Қызы:

Сәйгүліктер жетті енді кең сарайға,  
Жалпылдаған анау кім келсе орайға?..  
Ақ саусағын сүйгіштеп келіншектің,  
Маңдайынан құйылды тер самайға.

Анасы:

Молдасымақ ол да бір нан іздеген,  
Кедейлерді алдайды аңызбенен.  
Дәрежеден жоғары дәмеленіп,  
Үлестерден үмітін әлі үзбеген.

“Сол арудың өзімен тең болсам,– деп,  
Жұпар гүлмен құлпырған сая бағы.  
Көңілдесі корольдің мен болсам”,– деп,  
Армандайды, қыз жағын таянады.

Қызы:

Қуантады тағы да елші немен,  
Тойға сауын айта ма келші деген?  
Бұл аруды көргесін күйеу жігіт  
Қалыңдығын өзінің менсіне ме?

Анасы:

Қалыңдығын, әрине, ол менсінеді,  
Өз сүйгенін қалайша кемсінеді?  
Көңілдесі корольдің жар бола ма,  
Кеткен ұят қайтадан ар бола ма?

Көңілдестің ашылған араны анық,  
Қиындықсыз байлыққа бара қалып.  
Ол сайқалдың дәулеті, сәулеті үшін  
Мандай терін төгеді қара халық.

“Сол арудың өзімен тең болсам, – деп,  
Жұпар гүлмен құлпырған сая бағы.  
Көңілдесі корольдің мен болсам”, – деп,  
Армандайды, қыз жағын таянады.

### ДАЛАМЕН ҚОШТАСУ

Жанары күздің,  
жаным-ау, жарық не деген,  
Орманды көрдім  
маңайын шуға бөлеген.  
Жанында жүрген  
Үмітті алды жоғалтып  
Қанатын жазып,  
самғаған батыл көп өлең.  
Арманым мені  
әкелген мұнда жетелеп,  
Нұрыңды, аспан,  
төксеңші тағы төбеден.

Жаңғыршы орман, қоштасып қолды бұлғасам!

Бұтада сайрап,  
құс болып неге тұрмағам,  
Еркіндік әкеп,  
тартатын сыйға жыр маған.  
Отаным, әттен,  
жаулардың қалды қолында,  
Отансыз тағдыр –  
шырмауық өскен шырғалаң.  
Көгілдір ғалам,  
қимастан саған қарадым,  
Айырмам қайсы  
қайтатын күзде тырнадан.

Жаңғыршы, орман, қоштасып қолды бұлғасам!



Қайталап айтам,  
сүйем мен сені көк аспан,  
Ұмтылған едім  
сендегі нұрға о бастан.  
Бірақ та тағы  
мән болмай қалды тірлікте,  
Ұнжырғам түсіп,  
тимеймін ауыз көп астан.  
Өйткені шындық –  
шырылдап тұрып қорғарым,  
Құдай да куә,  
өтіріктерге оқ ашқам.

Жаңғыршы орман, қоштасып қолды бұлғасам!

Салтанат біздің  
қабірге түсіп қалғыды,  
Әлдилі әуен  
жоқтау боп барып, талды үні.  
Жеңістің жыры  
келер деп бірақ сенемін,  
Шабылған басы  
үміттің көктеп шалғыны.  
Туған жер, сенің  
бейнеңе бірақ жетер ме,  
Өткен өмірдің  
өксумен қалған қалдығы.

Жаңғыршы орман, қоштасып қолды бұлғасам!

Масқара қандай!  
Еркімді шынжыр байлады,  
Кісенге түсті  
Отанның барлық аймағы.  
Терезелері  
түрменің қалды түнеріп,  
Желкені жыртық  
жеткенде күндер қайдағы.  
Тұрады дәйім  
жырымның даңқы жоғары,  
Тигенмен тасқа,  
тұғыры бірақ таймады.

Жаңғыршы орман, қоштасып қолды бұлғасам!

Қолымда кісен,  
бірақ та үміт үзбегем,  
Табылар ма екен  
артымнан біреу іздеген.  
Құлпырып гүлі  
туған жер деген атаумен  
Соңғы рет бүгін  
санамда тағы жүзді әлем.  
Ақынның жаны  
самғайтын еркін күспен бір,  
Бостандық жырын  
кетемін айтып Сізге мен.

Жаңғыршы орман, қоштасып қолды бұлғасам!

### САРАЙ АҚЫНЫ

Сүйгенім, саған асыл сөз іздемен,  
Кездессін көзім ғана көзіңменен.  
Сылқ түсіп қойдан жуас музам қалды,  
Бақ керек! Қажет пе өзі сезім деген.

Артына Вольтер мені өңгермеген,  
Ұлымен ұстасуды жөн көрмегем.  
Қоржыным қомақтылау есесіне,  
Шешіліп тиын-тебен теңдерменен.

Сарайда, салтанатты сән ішінде  
Мен мүлде қайғырмаймын ән үшін де.

Атақтың дөңгелентті төрі мені,  
Өткенім аңыз болып көрінеді.  
Махаббат, достықты айтып жатыр бәрі,  
Көңілім соларыңнан жерінеді.

Жоғары қойдым қазір бас пайдамды,  
Арманшыл ақылсызға аш майданды.  
Жем іздеп жортуылға шыққан күнім  
Бөктеріп қанжығама тастайды анды.

Сарайда, салтанатты сән ішінде  
Мен мүлде қайғырмаймын ән үшін де.

Не түсер жырлағанда гректерді,  
Ерлерге ерлік деген тірек пе енді?!  
Дүрілдеп дәулет маған қона алмайды,  
Жүрекпен аяй берсем шыр еткенді.

Тағдырдың тайқымалы мазағында  
Сөз емес көрген бейнет, азабың да.  
Ғұмырым маған тұғыр әкеледі  
Байлықты мадақтаудың ғазалында.

Сарайда, салтанатты сән ішінде  
Мен мүлде қайғырмаймын ән үшін де.

Халықты кім қорғайды, парықтаман,  
Қыранды жырламаймын шарықтаған.  
Оларға өлең арнап керегі не,  
Жүрдек ат тез болдырар арықтаған.

Өмірім өрнектеліп өзекпенен,  
Қиқулы қызық кудым кезекпенен.  
Биліктің кімге тиді бас жүгені,  
Оны да сөз етпегем, сөз етпегем.

Сарайда, салтанатты сән ішінде  
Мен мүлде қайғырмаймын ән үшін де.

Балапан балақ жүні аршылғалы,  
Сая іздеп, санам бүгін сарсылады.  
Бостандық, ар мен Отан-айтпа маған,  
Құрысын, қалсын бәрі, қалсын бәрі!

Сүйіктім, асыл сөзді іздеме сен,  
Жетерсің жалықпасаң жүзге де есен.  
Әлемге есік ашпай, сырттап қалды  
Қақпаға карауылын тізген көшем.

Сарайда, салтанатты сән ішінде  
Мен мүлдем қайғырмаймын ән үшін де.

## ШАТЫР

Жас шағым...  
шығатұғын сілікпе кейде,  
Жоқшылық.  
Аспанында бұлт көбейген.  
Достарым арзан шарап  
ішкен кезде  
Сыңғырлап ашылатын  
кілт көмейде.  
Жас ару жанарымен  
жанымды ұқты  
Қарамай жүрген кезде  
жұрт кедейге.

Тірліктің бал татыған шырын дәмі,  
Шатырда ғажап еді бұрын бәрі.

Таңдау мен  
болмаса да талғам деген,  
Бақытты ем  
сол күндері жалғанда мен.  
Жететін төбем көкке,  
көмірменен  
Жазылып  
қабырғаға қалғанда өлең.  
Жүретін көп тірлігім  
аяқталмай,  
Ломбардка  
сағатымды салғанменен.

Қайда сол мұнсыз күндер масайраған?  
Түнерді қарап Уақыт тас айнадан.

Сүйгенім  
таңмен тұрып таласатын,  
Ұқтырды ол  
махаббаттың парасатын.  
Үстінде  
жұқа көйлек үлбіреген,

Басында  
сабан қалпақ жарасатын.  
Қымтайтын  
терезені шәлісімен,  
Есімде қалды мәңгі  
тамаша түн.

Тұратын жұпар шашып көктем елі,  
Есіме сол күндерім көп келеді.

Туған ай  
толықситын он бесінде,  
Жылдардың  
жастық қалды көмбесінде.  
Бонапарт есіміне  
елең еттік,  
Желбіреп  
жеңіс күні келгесін де.  
Бір күні  
Франция таксыз қалды  
Биліктің  
мөрі өшкенде теңгесінде.

Біз қай бір жиырма жаста ойлы адамбыз?  
Шатырда жеңіс тойын тойлағанбыз.

Көрінер бәрі қызық  
жарлы адамға,  
Шырқадық арман жырын  
бар ғаламға.  
Көк аспан  
тұңғыық боп көрінетін  
Шуағын  
адамзатқа арнағанда.  
Табам ба  
сол күндердің бір мезетін  
Шарқ ұрып,  
шартарапты шарлағанда?

Жастықтың жарқын шағын жалғастырып,  
Қарттықпен алсам ба екен алмастырып!

## БҰЛБҰЛДАР

Қара бұлттың мойнына түн асылды,  
Көз жасы да, күлкі де күнә сынды.  
Ынтызарлы жүректің жырын айтып,  
Қауыздары дірілдеп гүл ашылды.  
Үнсіздіктен мүлгіген марғау ғалам  
Жаям дейді құс болып құлашымды!

Сайрашы менің бұлбұлым!

Ғашықтар патшалығы сызығында  
Жастар жүр от сезімнің қызығында.  
Мәңгілік бір болуға ант беріскен,  
Жол бермей айну менен бұзылуға.  
Сенеді адалдыққа, көрсе де азап  
Жүргендер махаббаттың құзырында.

Сайрашы менің бұлбұлым!

Ғаламды ғашық күйдін ашты реңі,  
(Толқудан жанарында жас түр еді),  
Үздігіп, ән салсаң да үзілдіріп,  
Сараңның жібімейді тас жүрегі.  
Байлардан қолдау таппай байғұс муза  
Кедейлік бұрышына бас тіреді.

Сайрашы менің бұлбұлым!

Былық етпес кері айналып керендерден,  
Қалықтап ұшқаныңды көрем белден.  
Шырмаулы шынжырлар ғой сылдырайтын,  
Шынайы үн шығу керек терендерден.  
Тұрмаса сыңғыр қағып ең биікте,  
Мұншама әуезіне елендер ме ем?!

Сайрашы менің бұлбұлым!

Көктемнің жұпар аңқып желі көшті,  
Көңілдер құштарлықтан өліп-өшті.  
Шымырлап, бой балқытқан лебізіңнен  
Табиғат рухпен бірге өніп-өсті.  
Дірілің жүрекке еніп, дүрсілдесің,  
Жетеле аппақ таңға өлі көшті!

Сайрашы менің бұлбұлым!

## ТҮРМЕДЕГІ КАМИН ПЕШІ

Жалғызбын. Жаным қаяу. Түрмедемін,  
Жанады камин пеші іргедегі.  
Сызады жалын тілі суреттерді,  
Көлбендеп орман, теңіз сұлделері.  
Бар мұным түтінменен ұшып кетті,  
Жегідей жанды жеумен жүрген еді.

Мінекей, көк толқында кеме жүзді,  
Қарт көңіл жас күнді ойлап, елегізді.  
Ұмсынған ертеніне үміт күтіп,  
Жүректе аяулы арман келеді ізгі.  
Нұрланып ну орманым өте шықты,  
Жасыл бақ жарқ етті де, желек үзді.

Мінекей, көрінеді басқа жаға,  
Өмір де, күн де жаңа, тас та жаңа.  
Көңілім талпынғанмен, қолда кісен,  
Ұқсаймын дәрмені жоқ жас балаға.  
Санама сәуле саулап құйылады,  
Жанарым жарық күннен жасқана ма?..

Жолдарым нұр жұтудан жалықпаған,  
Қырандар көкте неге қалықтаған?  
Биіктеп әуе шары, ішінде адам,  
Қуанып қол бұлғайды, танып, маған.  
Жаны ашып, бөлкім, іштей бара жатыр  
Дегендей “бұғауда тұр ғаріп ғалам”.

Швейцария... өскелең өркен елі,  
Табиғаты не деген көркем еді.  
Көл мен өзен, мұздақ пен жайылымдар,  
Бөлшек-бөлшек бөлінген жер көлемі.  
Франция елінде қалды жаным,  
Жат өлкеден бәрібір жиіркенеді.

Ауысып, сахналар түрленеді,  
Кеңістік... кемелінде тұр кемері.  
Әлдекім сыбырлайды әлдеқайдан,  
Есікті ашамын деп іргедегі.  
Қозғауға көңілдегі көп суретті,  
Жанады камин пеші іргедегі.

## ЛИЗЕТТА

Лизеттаның ары не, білесің бе,  
Кінәласаң өзің біл, күлесің бе.  
Ол күнәдан пәк емес, осыны біл,  
Махаббат бар, даңқ та бар бұл есімде.

Маркиздер мен судья кеңесінде  
Ол тұрады сананың елесінде.  
Кінәлама Лизаны ауызға алып,  
Кінәлауға болмайды, сенесің бе?

Жерде қалмай бір де бір базынасы,  
Алтын толған арудың қазынасы.  
Ол бар жерде гүл біткен қауыз ашып,  
Өуеннің де түрленген сазы, нәші.

Бал кешінде аққудай қалқып ұшқан,  
Басы айналып бақыттан, шалқып ұшқан,  
Өзі сұлу болғанмен, жаны жұмбақ,  
Сырты жібек, астарлы қалпы-мыстан.

Күлден жалын лаулатқан үрлегенде,  
Мыңның тілін бір өзі күрмегенде.  
Сарайдағы жайсандар қалбаң қағар,  
Лиза сұлу “ілесіп жүр” дегенде.

Қанша сырмақ сырылған соған ғана,  
Қанша мойын бұрылған соған ғана.  
Желпіп қойып желегін жетеді екен  
Жібек желдер Қырымнан соған ғана.

Оның әрбір қылығы, еркелігі,  
Қоңыраулы күмістей көркем үні  
Мемлекетті мең-зең қып жіберетін,  
Қайдан тапты дүние ертегіні?

Қосылғандай тың нақыш өрнекке бір,  
Жүрек гүлін ұсынып бермекке бір  
Лиза жаққа барлығы ұмтылады,  
Тым болмаса тағы да көрмекке бір.



Ардың құнын сен-дағы білесің бе,  
Кінәласаң өзің біл, күлесің бе.  
Қонақтарға алдымен таныстырған  
Бұл есімде айбат бар, білесің бе?

Бай адамға жарасар зиялылық,  
Зердеңізге ол салмақ құяды нық.  
Лизеттаны төңірім жаратыпты  
Қараның да, ханның да қиялы ғып.

Сұлулығы тартылған сымдай болып,  
Көзге түссе несі бар мұндай болып?  
“Лебі балдай қалқаның” дей береді,  
Барлығы да Лизаны тыңдай келіп.

### ҚҰДАЙ ӘЙЕЛ

Барша қауым  
қоршағанда пойызды,  
Сізді көрдім  
бойы зипа, ойы ізгі.  
Құлпырдың-ау,  
гүл секілді жанып бір,  
Бар тұлғанды  
көңіл көзі танып тұр.  
Дабыстаған Сіз боп  
елдің ұраны,  
Қалықтадың,  
қырандардың қыраны!

Бостандықтың сіз ғой құдай-әйелі!

Ескіліктің ескі кебін  
таптадың,  
Жаңалықты  
тым шынайы жақтадың.  
Қыздар ән сап,  
Гүл ұсынды өзіңе,  
Арманменен  
атсын деді ақ таңың.  
Бала күннен

танығасын өзінді  
Ана болшы  
деп айналып жатқаным.

Бостандықтың Сіз ғой құдай-әйелі!

Не қалды екен  
сол қараңғы кезеңнен?  
Соғыс күні  
оқ боп ақты өзенмен.  
Бар адамның  
қол созғанын қаруға  
Сәби күнгі  
көңілменен сезем мен.  
Бала күнгі  
бақытымды ұрлаттым,  
Ерте есейткен  
жылға қалай төзем мен?!

Бостандықтың Сіз ғой құдай әйелі!

Жеңіс келді,  
өтті жылдар арада,  
Ұйықтап қалған  
жанартауға қарама.  
Таразының  
екі басы тең түсіп,  
Жарқыраған  
алтын тұрды шарада.  
Сен тағы да  
есіктерден енгенсің,  
Шын бақыттың  
бодауы боп келгенсің,  
Жүрек сыры  
саркылғанда санада.

Бостандықтың Сіз ғой құдай әйелі!

Қайда сол бір  
жақсы сәттер, пәк күндер,  
Омырауға  
қызыл гүлді тактым дер?  
Сұлу арман  
арқалатып тағы да,  
Нұрға шомып

ай астында ақ гүлдер.  
Түзеледі керуенді  
көш қашан,  
Жарқын, жарқын  
кезеңдермен қоштасам.  
Халық қалды  
ой-санасы дағдарып,  
Сен де аяулы  
бола алмайсың ешқашан,  
Парықсыздау  
күнмен тағы достасам.

Бостандықтың Сіз ғой құдай әйелі!

### НАШАР ШАРАП

Мен емеспін өзіңе жасар сарап,  
Саған алла жар болсын, нашар шарап!  
Адалдықты айнымай сақтағасын,  
Жағымпаздар қалайша мақтамасын.  
Мен өзінді ішпеймін, құямын тек,  
Бос ыдыстар алдымда қаптағасын.  
Денсаулықты қу арақ таптамасын!

Бір бастасам, білемін, қоя алмаспын,  
Бал дәміне шараптың тоя алмаспын.  
Дәрігерім ескертіп, ішпе деген,  
Қарсы тұрмас ішімдік-күшке денем.  
Қауіп-қатер төнеді тірлігіне,  
Ешбір байлық жетпейді бір күңіңе.  
Құмарлықты жөн болмас жақтағасын!

Шарап ішсем, сенделіп жүремін мен,  
Көрші әйелдің үйіне кіремін мен.  
Босап қалған ұстаймын әмиянды,  
Тым өкінген, шарасыз реңіммен.  
Өз әйелім жүреді ашуланып,  
Түсінемін ашуын басуды анық.  
Ақыл-есті бола ма бақтағасын!

Шарап ішкен басқа жыр қалай келер,  
Ал, ұйқасар, ән болар талай нелер...  
Сенің масаң даусыңа мазасыздау  
Өткен-кеткен жалтақтап қарай берер.

Қайран миың мәңгіріп, жынды болып,  
Көз алдынды көлбеңдеп арай бөлер  
Көңілінді әдемі сақтағасын.

Досым, шіркін, қайдасың көзі күлген?  
Мен айрылып барамын төзімімнен.  
Өзім деген адамға қол ұсынам,  
Құшақ жайып алдынан кезігумен.  
Бар ұятты әп-сәтте жия салдым,  
Бол, бол енді, шарапты құя салғын.  
Қағып салдым барлығы мақтағасын.

### **АНАКРЕОННЫҢ КӨЛЕҢКЕСІ**

Біз жеңдік деп жас грек айқайлаған  
Гүл дестесін қоярда жас қабірге.  
Ғасырлардың ұлы ісін байқайды адам,  
Жарты құдай, өзіңмен баста бірге.

Таң атады, сайрайды құстар тағы,  
Естіледі алыстан ән елесі.  
Отанына барлығы іш тартады,  
Елді сүю белгілі таң емесі.

Өмір, шіркін, тәтті түс секілді ме,  
Бабаларым уайымды қуа білген.  
Мезгіл ауып барады екіндіге,  
Жүрек мұңын тойлаумен жуамын мен.

Жанға тыншу болмайды, байқадың ба,  
Басталады тірліктің тағы елесі.  
Отаныма аман-сау қайтамын ба,  
Елді сүю белгілі таң емесі.

Қыран көкте барады қалқуменен,  
Бесігіне кеңістік болар жайлы.  
Кетті әуені гректің шалқуменен,  
Заң мен құдай, даңқ пенен өнер жайлы.

Табиғаттың шырқалар қырық әні,  
Дірілдейді әуенде жан елесі.  
Отан жакқа барлығы бұрылады,  
Елді сүю белгілі таң емесі.

Жаса, грек, шайқасып, жеңе білген,  
Талқан қылып бұз, қане, шынжырыңды.  
Саған жеңіс келеді, сенемін мен,  
Роза гүлі тындайды мұң-жырыңды.

Жылдар жүгін иыққа артады ылғи,  
Қиындық боп артымда қалшы, белес.  
Отан жаққа жүрегім тартады ылғи,  
Елді сүю ешкімге таңсық емес.

Қайран грек, көзінді салма төмен,  
Өткен тарих алдында қызармағын.  
Қайтармасам кегімді солдат емен,  
Бұзып шығам ағысын жүз арнаның.

Топырағы мәйекті жер-ананың,  
Жаудың қаны тыңайтқыш болғандай ма?  
Отан жаққа қалайда ораламын,  
Елді сүйсең, керемет ол қандай да!

Салып қойма қылышты қынабына,  
Жау қатары, жақсы ғой, селдіресе.  
Зевс барар жеңістің жұмағына,  
Киприда жұлдызы мөлдіресе.

Ұрыс біткен күтеді жеңіскерді,  
Мейрамдауға дайын ба, тұрсын халық.  
Аппақ жалау алқапты тегіс керді,  
Отан деумен жүрегім дүрсіл қағып.

Ән-елестің жоғалды көлеңкесі,  
Сүйретумен қылышын қолындағы.  
Желбірейді жеңістің желең төсі,  
Бозаң тартып шаң қалды соңындағы.

Тарихтың да бір күні тозары анық,  
Түннен кейін жарқырап таң келеді.  
Отан жайлы тіліме сөз оралып,  
Елім жайлы жүрекке ән келеді.

## ТРЕСТАЛЬОН ӨЛІМІНЕ ЖОҚТАУ

Католиктер, келіндер,  
Төгіп жасын жанардың.  
Өлді басты кейіпкер,  
Жеткені осы хабардың.

Болған еді танымал  
Трестальон бәріне,  
Жасқа, бала, кәріге.  
Ілінбесек болғаны  
Енді алланың көріне,  
Бара берме әріге.

Ним қаласын тамсантты  
Бойындағы дарынмен.  
Адалдығын алдыңа  
Жайып салам зар үнмен.  
Қасиетін тізбелеп,  
Айта алам ба бәрін мен?..

Сұлу сымбат, тұлғасы,  
Ол жайында тыңдашы.  
Іздемесе әділдік,  
Бойға сінбес күнде асы.  
Жан жүрегі секілді  
Аққан судың жылғасы.

Кокардасы шекеде,  
Бәрі қарар қайран қап.  
Жүрді алаңсыз сайрандап,  
Жаз күніндей жайрандап.  
Дауыл көрсе, тоқтатты,  
Отты көрсе, ойрандап.

Періште емес ол бірақ,  
Қолы қанға былғанды.  
Сот алдында алайда  
Уәж айтып тынған-ды.  
Жүрегі іштей бүлк етпей,  
Тек сырт көзге мұңданды.

Оны бізден сұм ажал  
Андаусыз кеп ұрлады.  
Опырайып орыны,  
Білініп-ақ тұрғаны.  
Естен кетіп барады  
Өшкен іздей құмдағы.

Феодалға еліктеп,  
Алтын алды параға.  
Арағынды сілтеді,  
Не бүлдірді, қарама.  
Тек келбеті сыпайы,  
Сабдал да өзі, сара да.

Тақтай табыт көтеріп,  
Мырзаларың барады.  
Көздің жасын төгеді,  
Жылағаны жарады!  
Табытта тұр үюлі  
Қаруы мен жарағы.

Әулие деп айтуға  
Аз-ақ қалды, тұра тұр.  
Әулиелікті тануға  
Жетпек емес бір ақыл  
Қойды жеп ап, мөлиер  
Қасқыр деген сұрапыл

Күнәсінде неміз бар,  
Жақсыға оны балайық.  
Игілікті ісі көп  
Жан еді деп санайық.  
Өліп қалды, не шара,  
Бет сипайық, халайық!

## **ЛЮДОВИК ХІ**

Салтанат құр, бақыттан биле, халық,  
Көңіл күйің құс болсын күймен ағып.  
Сыбызғыны сызылтып, сылқыл қақтыр,  
Сырлы әуенді жүректің сүйгені анық.

Кәрі король оранып күртесіне,  
“Су көтертпес” қарамай “сіркесіне”,  
Жай халықтың мейрамын көру үшін,  
Бас сұқты оның жұпыны күркесіне.

Биле, халық, шаттықтан дөңгеленіп,  
Құрмет көрсет корольге келген еніп.  
Аяғыңмен жерді соқ, бабаларың  
Қайсы тұсқа кетті екен теңге көміп?!

Бәрі көңіл көтеріп жарқырайды,  
Қазынасын король де сарқымайды.  
Неге екенін, қорқады халықтан ол,  
Ал мұрагер болуы-жарты қайғы.

Биле, халық, шеңбер құр, дөңгеле, сен,  
Күміс сынғыр қағады теңге десең.  
Сыбызғының неге үні бәсеңдеді,  
Қыл ішегін болмайды жөндемесең.

Күн нұрына жез қылыш шағылысып,  
Көкжиектен бұлдырап сағым ұшып,  
Күзетшіні қақпаның алдындағы  
Құшағыма алсам ба тағы қысып?

Биле, халық, шеңбермен дөңгеле, сен,  
Өзгелерден ойлама кем деп есем.  
Сыбызғылар сыр айтып ақтарылсын,  
Қыл ішегін болмайды жөндемесең.

Көрмей-ақ қой байлықты, жақұт түсін,  
Сен, бәрібір, корольден бақыттысың.  
Сендегідей еркіндік болмағасың,  
Ол дәл көздеп, түсірмес атып құсын.

Ақ жүректің азаттық сүйгені анық,  
Шаттан, шаттан, шеңбер құр, биле, халық.  
Бебеулесін ішегі, ойнашы бір,  
Сыбызғыны шығаршы үйден алып.

Асқақтаумен барады ән қанаты,  
Жазылумен барады жан қанаты.  
Қасы діріл қағады короліңнің,  
Онысына несі бар таңданатын?!



Сыбызғының дауысы сыңсып ағып,  
Кел, тойлайық, халайық, тыншымалық.  
Бейтаныс жан белгісіз жақтан келіп,  
Қара саннан кетпесін шымшып алып.

Қонырауы соғылды қорғандардың,  
Жағылады алауы ормандардың.  
Король қорқып қарайды мұнараға,  
Кемеліне күйі осы толғандардың.

Биле, халық, шеңбер құр, дөңгеле, сен,  
Өзгелерден ойлама кем деп есем.  
Сыбызғының неге үні бәсеңдеді,  
Қыл ішегін болмайды жөндемесен!

### **КОРОЛЬ КРИСТОФТЫҢ АЖАЛЫ**

Кристоф жок. Бүлікші ел тыншымады,  
Жүрегiнiң естiлiп сыңсығаны.  
Александр, Франц, Вильгельмдер  
Болмай қалса, мына өмiр тұншығады.  
Қаншама алыс Гаити болғанымен,  
Ол жақтан да мазасыз үн шығады.

Тән күрескен, тынымсыз жан күрескен,  
Бiтпей қойды-ау, әйтеуiр, конгрестер.  
Құнын даулап алам деп Кристофтың  
Басын тiктi бәйгiге сан күрескер.

Өлiп кеттi ол жасырмай жан азабын,  
Жегеннен соң жегiдей жара жанын.  
Қарғыс айтты корольдiң билiгiне,  
Қасiреттi құшақтап кара жалын.

Бiтпей қойды-ау, әйтеуiр, конгрестер,  
Зеңбiректiң дүмпiлi, тандыр естен.  
Құнын даулап алам деп Кристофтың  
Басын тiктi бәйгiге сан күрескер.

Қап-қара аспан бұршағын төктi зарлы,  
Көлеңкеден күн iздеп кеттi жарлы.  
Найзағайдың от құйған жарқылымен  
Аруақтың дауысы көктi жарды:

Бітпей қойды-ау, әйтеуір, конгрестер,  
Ән тыңдауды ұмытып қалды кештер.  
Құнын даулап алам деп Кристофтың  
Басын тікті бәйгіге сан күрескер.

Испандарды айт, көңілде көп алаңы,  
Дұшпанынан ұқсатып кек алады.  
Италияндық бойдағы бар ашуын  
Жанартаудай бұрқытып төге алады.  
Қару-сайман асынып бізге кел деп  
Құшақ жаяр орманның көк алаңы.

Тән күрескен, тынымсыз жан күрескен,  
Бітпей қойды-ау, әйтеуір, конгрестер.  
Құнын даулап алам деп Кристофтың  
Басын тікті бәйгіге сан күрескер.

Болғаны рас Кристоф бауырласым,  
Оны есіме аламын ауырғасын.  
Дон Кихоттар өзіне өзі би боп,  
Май жіліктің өлшейді тәуір басын.  
Барлық әлем кірледі белшесінен,  
Жабағы атын сабалап жауырға шын.

Ән тыңдауды ұмытып қалды кештер,  
Бітпей қойды-ау, әйтеуір, конгрестер.  
Құнын даулап алам деп Кристофтың  
Басын тікті бәйгіге сан күрескер.

## РОЗЕТТА

Көктемінді қапсыра құшаққа орап,  
Сыйға тарттың құлпырған шағынды бұл.  
Ал мен болсам, күрсінем іштей ғана,  
Байлады-ау деп қырық жыл бағымды бір.  
Бір аруға жасымда ғашық болғам,  
Оны ұмыттыра алмады сағымды қыр.

Отырамын сол күнге жиі алаңдап,  
Сені, сәулем, дәл солай сүйе алам ба?

Қос ат жеккен күймені күмбірлетіп,  
Оранғансың үлде мен бұлдеге бір.  
Ал сол ару мас болып жастық шаққа  
Жұпынылау киіммен жүрген еді.

Күн нұрынан мен оны қызғанушы ем,  
Қорғаштаумен жандардан іргедегі.

Еске аламын сол күнді, жиі алаңдап,  
Сені, сәулем, дәл солай сүйе алам ба?

Алтын, күміс үйіліп босағана,  
Төргі бөлмең түгелдей шарайналы.  
Ал сол ару кішкентай қол айнаға  
Сәнденетін, бұрымын тарай қалып.  
Таң атқанда жұпыны бөлме ішіне  
Құйылатын алтын нұр арайлары.

Отырамын сол күнге жиі алаңдап,  
Сені, сәулем, дәл солай сүйе алам ба?

Кимылдарың соншама жарасымды,  
Жанарыңа көп сырды ұялатып,  
Ұқтырасың үнсіз-ақ Қиял атын.  
Жүрек қанын қағазға құяды ақын.  
Ал сол ару ештеңе ұқпаса да,  
Тілсіз күйде шынайы сүйе алатын.

Отырамын мен енді жиі алаңдап,  
Сені, сәулем, дәл солай сүйе алам ба?

Ол қыздан да сен, бірақ, ақылдысын,  
Мейірімің де көбірек жүректегі.  
Сұлулыққа сенімен кім таласар,  
Жаһан жатыр өзіңді жыр еткелі.  
Қас сұлулық, неге екен, арбаса да  
Менің байғұс жүрегім дір етпеді.

Отырамын сол күнге жиі алаңдап,  
Сені, сәулем, дәл солай сүйе алам ба?

### **ҚҰРДАС ӘЙЕЛГЕ**

Біз бір жылдың төлдеріміз.  
Есебіміз солай-ды,  
Уақыт неткен әділетсіз,  
сұлулықты тонайды.  
Бақ ішінде Сіздің қалған

ізіңізді білем мен,  
Мен секілді пақырыңа  
есте сақтау қолайлы.

Өмір сүру оңай емес,  
жылдар мені қинады,  
Сапарларға шыға алмадым,  
шиырладым үй маңын.  
Тағдырымның маған берген  
тартуы сол – қыс пен күз,  
Ал мен Сізге мәңгі көктем  
және жазды сыйладым.

Менің шабытымның эпитафиясы  
Токта, токта, жүргінші, бері қара,  
Иілгейсің басыңнан бөрік ала.  
Өндерімнің арқауы – Франция,  
Және мөлдір махаббат, сері дала.

Беранжені жырлатып келген едім,  
Басқалардан қарымым кем бе менің?  
Алтын болып шыққаны өзіңе аян  
Бөктеріне қоржынның теңдегенім.

Кедейлердің жүргенмін жан досы боп,  
Таңдамайтын мекенді ән қосы көп.  
Кім айтады, жыртыққа жамау іздеп,  
Не дәметіп біреуден қалды осы деп.

Төрге итерген мен едім ақыныңды,  
Даңққа бөлеп жыл кетті батыл ұлды.  
Төрге шықса сол адам, төмендеймін,  
Атқа шапса, қысамын тақымымды.

Сыңғырлаттым алтын сөз кірпішін де,  
Түрпідейін жұмсарттым кірпісін де.  
Құстың бәрін тіліммен тұзақтадым,  
Барлығының білемін түр-түсін де.

Менің арқам-жүргені сол адамның,  
Бақ-дәулетке бөленіп жұрт ішінде.  
Беранженің бақыты шуақ шашып,  
Талай дәурен өтсе де, түр күшінде.

Көрінеді көзіме торап анық,  
Жол деп айтсам, жондардан жорамал ұқ.  
Бізді ондырмай шаққаны есінде ме,  
Қызғаныштың жыланы орап алып.

Жылап қалар сескеніп бақ құсынан,  
Жақсы күндер тосумен жатты шыдам.  
Сүрлеу біткен соқпаққа айналды да,  
Бас айналар биігін тапты шыған.

Өткенінді қайтейін шешенсіген,  
Орақ орып тілімен көсемсіген.  
Атақ іздеп арзанқол ауырғанша,  
Шаршап біттім бәрінен десемші мен.

Кемерімді дұшпандар кептегесін,  
Өкпе айтам ба көсегем көктегесін?  
Мен де барам, білемін, тамұқ жаққа,  
Көріп қалдым тамұқтың от кемесін.

Алтын кірпіш сыйладым саған ғана,  
Сыйыныңдар сондықтан маған ғана.

## НАЙЗАҒАЙ

Қара бұлт төбемізден мұң тебеді,  
Үміттің періштесі гүл төгеді.  
Тербеліп балалардаң шат үніне  
Жарық таң құлшынады, күлкі емеді,  
От шашып, бұлттың қолын сілтегені.

Кітапты жинап қойшы жәшіктерге,  
Кең дала-көкірегі ашық перде.  
Алаңсыз ойнақтандар, балақайлар,  
Пернесін көңілдердің басып көр де.

Бұлттанып шыға келді күн кестелі,  
Ұйыған тыныштық қой – мұң дескені.  
Найзағай қанша жерден жаркылдасын,  
Балалар, өріндерші гүлдестені.

Жаңбырдың шығады иісі аймақтан бар,  
Жаңбыр ғой жазираны жайнатқан бар.  
Найзағай қанша жерден жарқылдасын,  
Балалар, асыр салып ойнақтандар.  
Сендер ме ойын түрін жайлап таңдар?

Балықтар суға сүңгіп тынышталған,  
Құс біткен жылтырайды күміс талдан.  
Сәбилер күн қабағын елең етпей,  
Гүл ұстап, күліп шықты Гүлстаннан.

Қарағым, сүйкімді ғой қарағаның,  
Түп-тұнық жанарыңнан нәр аламын.  
Өмірден шаттық іздеп жүретұғын,  
Бақыты баласы ғой бар ананың.

Құяды бұл найзағай жаныма сыр,  
Балалар, ойнаңдаршы салып асыр.  
Жарық таң күлім қағып келе жатыр,  
Жасарып, жаңғырады көрі ғасыр.  
Бекерге тарығасың, тарыласың.

Бұл тағдыр бізге ұсынды жеребесін,  
Керсін деп әділдіктің керегесін.  
Бір қолмен сылдыраған бұғауды үзіп,  
Көргенбіз кек қайтарған Ер егесін.

Берілмей бодаулықтың дұшпанына,  
Қарамай қаталдықтың қыспағына,  
Даңқ сыйлап жәудіреген жаңа күннің  
Куәміз қанат байлап ұшқанына.

Қауырт күн, таланына қарсы келген,  
Келген жау керней созды шаршы белден.  
Айбыны айдыныңды мұздатпасың,  
Көңілді сол қап-қара аршы көлден.

Ұрысқа үн қосады дала біткен,  
Сәбилер ойнап кетті балалықпен.  
Әкелер жанарынан жасын төгіп,  
Сүйеді балаларын даналықпен.

Балақай, ойнашы, кел, салып асыр,  
Бір күні сен де мұннан арыласың.  
Үміттің періштесі гүл төгеді,  
Жұпары жауқазынға жарығасын.  
Бекерге тарығасың, тарыласың.

Өтінем, болмашыға кейіп көрме,  
Сан сарбаз қалып қойды бейіттерде.  
Үлгі етіп ұсынарлық өнегесі,  
Ұқсайды ол аңыздағы кейіпкерге.

Қара күн төбемізден қаптады ұдай,  
Жауынгер жарасына жақпады май.  
Тек қана егістікті көгерте гөр,  
Тек қана балаларды сақта, құдай!

Құяды бұл найзағай жаныма сыр,  
Балалар, ойнаңдаршы салып асыр.  
Үміттің гүл шашады періштесі,  
Жұпары жауқазынға жарығасын,  
Жасарып, жаңғырады көрі ғасыр.

Құрайды қара бұлттың көші басын,  
Нөсердің дауысынан тосыласың.  
Үлкендер не жасайды, өзі білер,  
Балалар найзағайдан шошымасын.

Кетемін қалай қиып шабытымды,  
Еріксіз көздің жасы ағытылды.  
Егер де өле кетсем, роза гүлмен  
Өтінем, көмкеріндер табытымды.

Ойнашы, кел, балақай, салып асыр,  
Бір күні уайымыңнан арыласың.  
Үміттің періштесі гүл құяды,  
Жұпары жауқазынға жарығасын,  
Бекерге тарығасың, тарыласың.

Балалар, құлыншақтай құлдыраңдар,  
Бұлдырап қырка жақта жүр құлдар.  
Жүректен жауқазынды ән тербетіп,  
Күмістен күлкі қылып үн құраңдар.  
Бұлақтай сылдыраңдар, сылдыраңдар!

## БЕСІНШІ МАМЫР

### I

Испандықтар кемесіне алғанда,  
Мен адасып қалған едім жалғанда.  
Тағдыр сосын тауқыметпен дос қылды,  
Үнді елінің қақпасына таңғанда.

Содан бері бес жыл өтті. Жоспар көп,  
Тірілген рух демеу болып қостар кеп.  
Франция көз алдымда тұрады  
Қиялдағы қол жетпейтін асқар боп.

Тұр алдымда Әулие Елена аралы,  
Бұл батырың шыдай білсе, жарады.  
Испандықты ұнатпаймын дейсің-ау,  
Жек көрмейді менің жаным жаралы.

Қайран қиял қайда кетіп барады,  
Күте ме алдан туған жердің торабы?  
Франция жаққа жиі әкетер  
Ақыл-естің салиқалы сарабы.

Ұйқыда ма біздің көсем жеңілмес,  
Жиырма елге де жеке шапса, шегінбес.  
Босанбаса құрсауынан тірліктің  
Найзағай да қара бұлттан бөлінбес.

Үміт жоқ деп қалды жүрек шымырлап,  
Маған, шіркін, сыйлар ма екен ғұмыр бақ?  
Елжіреткен қайта алам ба еліме,  
Қыран болып қонамын ба тұғырға ақ?

### II

Күндер аз ба жолыңды жылан кескен?  
Бұлдыраған күн кетті бұлаң көшпен.  
Маған дауыс жетеді дабыл қағып,  
Менің жүрер жолымды тұман кешкен.

Көзіме бір көкжиек көрінші деп,  
Сары шырақ жанады өлімсіреп.  
Опық жеумен ойсырап қалсам-дағы,  
Отаныма ұмтылам оныншы рет.



Қайық мініп кетсем бе ескегі жоқ,  
Тағдырымның қара су кешкені көп.  
Шықпай қойды есімнен туған елім,  
Ұлғаюмен барады естегі леп.

Қорқыныш бар денемді дірілдеткен,  
Сүйенішін тапқан жан сүрінбек кем.  
Франция тіп-тік қып тұла бойын,  
Таластырып тұратын бұрын көкпен.

Ұлы өлкені басқарған данышпаны,  
Бірте-бірте көңілден алыстады.  
Данышпанның қолында аса таяқ,  
Жарығымен түнекті жаныштады.

Дауыл шулап тұрады теңіздерде,  
Көңіл көзі түседі көп іздерге.  
Жұлдыз туса, аспаным жараланып,  
Айықтырар жарадан ем іздер ме?

Қара жалау желбіреп қара құздан,  
Кеткені ме корольдің арамыздан?  
Дос түгілі, жылайды дұшпанымыз,  
Жоқтау жыры шайқалып шарамыздан.

Қайда қалды арманның жарты аралы,  
Түнге сінді ғаламның шартарабы.  
Айтып болмас өзіне бір күшпенен  
Тек туған жер өзіне тарта алады.

### **ШАБЫТТЫҢ ҚАШУЫ**

Таста, муза, жалқы сәтте барлығын,  
Тыңдайықшы тіршіліктің жарлығын.  
Ісімізді айналдырып күлкіге,  
Біздерді де айыптаушы бар бүгін.

Бас тартпаймыз жауап берер маусымнан,  
Талапкер жыл құшағына қаусырған.  
Даңққа арналған дақпырт іздер әуен жоқ,  
Махаббаттың әуені де таусылған.  
Кім біздерді сот алдына шақырды,  
Шақырды да, қалың ойға батырды.

Даңқ сарайы ашқан бізге қақпасын,  
Жолымызға төсеп жатты ақ тасын.  
Әншіңізге шырқайтұғын күн туды,  
Әуенім тек құр айқай боп жатпасын.

– Кім екен бұл? – Сақшы тұрып сұрайды,  
– Франция! – Жауап келер шырайлы.  
Өткізеді, оны кезек күттірмей,  
Әсем әуен саз тиегін бұрайды.

Сот алдына біздерді кім шақырды,  
Тереңіне сан сауалдың батырды.

Астананың бір шетінде, текті елмен  
Бір кездессең кездесесің өткелмен.  
Әділдіктің көмілмеген табыты  
Қарсы келер жол аузында кептелген.

Әділдіктің шыға келіп жарқылы,  
Дидарымды жалын тілі шарпыды.  
Енді кімді отырғызар түрмеге  
Шырылдаған шындығыңның қарқыны!

Кім біздерді сот алдына шақырған,  
Шақырыста түбегейлі жатыр мән.  
Жан-жақтың да сотталғаны – ертегі,  
“Эмильді” сот отқа жағып өртеді.  
Ертесіне күлден қайта тіріліп,  
Елге оралды асыл ойдың көркемі.

Қайран шабыт, айналсаңшы жалауға,  
Сені бәрі ұсақ әнге балауда.  
Шарпуы үшін бар маңайды жалыны,  
Сіріңкеден себеп керек алауға.

Сот алдында біздерді кім күтеді,  
Тірлігіміз енді жас боп бітеді.

Мәжіліс зал алдымыздан ашылған,  
Жаным муза, қашпа менің қасымнан.  
Қыран даусым көкке жетіп тұрса да,  
Жан емеспін кеуде соғып, тасынған.

Қашпа муза, жанымда ылғи жүр дәйім,  
Сен бар кезде жүрекпенен жырлайын.  
Жасанды әнші зарлағанын көрдің бе,  
Ерініне тақап алып сырнайын?

Жүрші муза, сотқа бірге барайық,  
Не кінә бар екеумізде, қарайық.

Қашты муза, қарамады артына,  
Жалғыз бардым. Сот не десін жартыға?  
Әрі-бері сүйреді кеп, қинады,  
Көндірмек боп келіспейтін шартына.

Біттім әбден, бойдан қауқар, әл кетіп,  
Сүйреткесін, шұрқ тесіліп қалды етік.  
Көзге түспей келді-дағы жаныма,  
Қайран шабыт қоя берді әндетіп.

Сот алдына барайықшы бірге біз,  
Енді мәңгі сөгілмесін іргеміз.

### ҚАРТТЫҚ

Өз салмағын иығына артты күн,  
Ал әжімдер... аямапты мәрттігін.  
Қаншама жас болса-дағы жанымыз,  
Жер бетімен жетті жылжып қарттығын.  
Гүлдер қауыз ашып жатыр құлпырып,  
Біздер үшін еместігі – шартты мұң.

Мені өмірге ұмтылдырар тағы үміт,  
Достар, әлі жеткен жоқ қой кәрілік!

Шарап ішіп, ән саламыз, тойлаймыз,  
Қайғыны айтпа, жақсылықты ойлаймыз.  
Ұмтыламыз жанымызбен сауыққа,  
Кәрісіңдер десе-дағы, қоймаймыз.  
Дірілдеген дауыспенен ән салып,  
Бұл өмірдің қызығына тоймаймыз.

Мені өмірге ұмтылдырар тағы үміт,  
Достар, жеткен жоқ қой әлі кәрілік!

Ай тудырып, күн шығарып оңынан,  
Жүгіреміз сұлу қыздың соңынан.  
Ал ол болса, ұялғансып күледі,  
Кәрісіз, – деп, – сізбен қалай жолығам?.. –  
Сол аруға жарық сәуле сыйлар ем,  
Егер ару от ұстатса қолынан.

Мені өмірге ұмтылдырар тағы үміт,  
Достар, жеткен жоқ қой әлі кәрілік!

Құмарлықтың кезеңі жоқ нұры өшкен,  
Жас келгенін шығарма тек бір естен.  
Біз, бауырым, бірге жүріп келеміз,  
Жүрегінен мәңгі жастық жыр ескен.  
Өмір ғажап көрінеді, рас айтам,  
Шақтарында тірлік үшін күрескен.

Мені өмірге ұмтылдырар тағы үміт,  
Достар, әлі жеткен жоқ қой кәрілік!

### **ОСЫЛАЙ БОЛАДЫ ЕНДІ!**

Мен, қымбатты достарым, көріпкелмін,  
Болашағын болжаймын көрікті елдің,  
Ертеңімнің тастарын теріп келдім.  
Осылай болады енді!  
Күн келеді ақынды алдамаған,  
Мақтануды мырзалар таңдамаған,  
Тақтың орны биікте болған әман.  
Осылай болады енді!

Құмарпаз боп сараңдар көрінбеген,  
Өсімшілер жоқ болды керім деген,  
Кеңседегі жалқаулар керілмеген.  
Осылай болады енді!

### **МЕНИҢ ЖЕРЛЕНУІМ**

Күн күлімдеп тұрғанда  
шаң борады,  
Қиыршық құм басады  
бар қораны.  
Мен ұйқыға кеткенде  
тұра қалып,

Өліп қалды деп ұқты  
мына халық.  
Тоқтатты да тіршілік  
толғанымды,  
Өлік жерлеу рәсімі  
қолға алынды.

Ел жиылды қайғырып мұңыменен,  
Келгені ме ажалдың шыныменен!

Астаң-кестең дүние...  
тәркі кеткен,  
Өлік күту... қиын-ақ  
арты неткен.  
Жан азасы ойналып,  
бітпей қойды  
Тауқыметін тағдырдың  
тартып өткен.  
Жоқтау жырын айтады  
бар дүние,  
Сағынышы тұрады  
жарты беттен.

Қауымдасып, топталып қара халық,  
Менің жансыз денемді барады алып.

Жаным ұшып,  
қаңбақтай тәнім қалған,  
Шырқалады мен жазған  
әнім алдан.  
Дұшпанымның жылауы-  
жаңылғаннан,  
Даңқтың дақпырт құрауы-  
танылғаннан.  
Біреу жылап,  
біреу жай күбірлеген,  
Тыншып қалды  
дүние дүбірлеген.

Сырғып, сусып барады тақымдағым,  
Ауызына лақаттың жақындадым.

Аяттары Құранның  
естілмеген,  
Айтқым келмес ешнәрсе  
ешкімге мен.  
Мраморда бейнем тұр  
тасқа ойылып,  
Ойға батқан  
салмақты кескінменен.  
Жасыл кілем жамылған  
мына қырда  
Менің даңқым қашалды  
мраморда.

Ел мен бейіт арасы қашық қандай,  
Бәрі мені жерлеуге асыққандай.

Желегінің жібегін  
желбіретіп,  
Кенет жарым жаныма  
келді жетіп.  
Мені терең ұйқымнан  
оятқанда,  
Таң нұрына жүзімді  
боятқанда,  
Алқымынан ажалдың  
жұлып алды,  
Өлім торын көзімнен  
сылып алды.

Мен қайтадан тіріліп кете бардым,  
Тіршілікке мың төубе ете бардым.

### **ҚАЙТАДАН БАСТАЙЫҚШЫ!**

Бакыттан көңілденіп ән саламыз,  
Тойларда таңғажайып тамсанамыз.  
Жүректе жаңа жоспар жүз түрленген,  
Бар онда қанша қызық, қанша маңыз!

Сүйіктім, өзің болдың айтар әнім,  
Ыдысқа шарап құйып қайтарамын.  
Тағы да таңғы ауаны бірге жұтып,  
Достарым, бастайықшы қайта бәрін!

Шарапты сүйдім және сұлуды мен,  
Күнгедей жидым күзгі жылуды мен.  
Жемістің жайнап тұрған сөлін жұттым,  
Жадырап, содан білдім күлуді мен.

Тірліктің топшысына таңылмайын,  
Аруым, аз ғана күн дамылдайын.  
Тағы да жастық шаққа оралайын,  
Қайтадан жалындайын, жалындайын.

Шығындар, достар, қарсы тұстан ана,  
Ұямыз бұзылмапты ұшқан ана.  
Ертеңге қалдырмайық ештеңені,  
Барлығын қайта бастар күш қала ма?

Қарсы алсын күн көзіне шағыла қыр,  
Тамсантсын тәтті күй боп ағыла жыр.  
Сұлудың қандай ыстық от құшағы,  
Барлығын бастайықшы тағы да бір!

### **КӘРІ СЕРЖАНТ**

Қызы ұршық иіріп, ән салады,  
Қарт әкесі тыңдайды, тамсанады.  
Егіз бала уілдеп тал бесіктен,  
Жібектей боп желпиді жан самалы.

Кәрі сержант қолынан кәріп болған,  
Жауыр аттай қартайған, арып болған.  
Шын тілекті тілейді ол құдайынан,  
Тілегіне береді ұдайы мән.  
Соғылды да барабан кенеттен бір,  
Бұршақ тасы өткендей електен бір,  
Шықты тағы жорыққа батальон,  
Көрдік оның сұлбасын сенектен бір.

Қария отыр таусылып шарасы бар,  
“Жағдай ғой бұл шынымен жан ашынар.  
Армияға дәл қазір біле білсең,  
Біздей солдат керек пе бағы ашылар?”

Республикам! Жолыңа құрбан жаным,  
Лапылдайды көмейде тұрған жалын.  
Қарт жарқылдап сөйлейді жасын құсап,  
Көзіне ілмей жолына тұрғандарын.

Республикам, бұлтысың мұңды аспанның,  
Бала күннен әніңді тыңдасқанмын.  
Жел өтінде жүргенде жалаңаяқ,  
Қолдағанмын өзінді, үн қосқанмын.

Жеңіс шамы жарқырап жыл ішімен,  
Біздің тағдыр сендік қой гүлі үсіген.  
Еркіндіктің тізгіні босап кетіп,  
Өрт боп кейде қарайды күн ішінен.

Жаңарудың мейрамы тұғырында,  
Жорық жыры таусылмас ғұмырымда.  
Даңқтың иісі түтін боп жетті бізге,  
Жұмыр жердің шырғалаң шығырында.

Бәрі бірдей ерікті бағалай ма,  
Атақ тапсам, жетеді маған айла.  
Көсемдіктің көсеуі шоктай ыстық,  
Қол күйгізіп аласың қаламай да.

Қайда кеттің еркіндік? Ақша қалды,  
Насыбайы таусылған шақша қалды.  
Албырт жүрек адасып арманынан,  
Пісіп кеткен жемісі бақша қалды.

Тағы, тағы, тағы да есіп жібін,  
Қызы айтады әндетіп бесік жырын.  
Бейбіт күннің қанаты мың ұшталып,  
Ұл тербеткен қарт қалды тынышталып.

– Оян, халық! – Хас сарбаз күбірледі,  
Мұншама ыстық болмайтын бұрын демі.  
Адал өлім тілейді ол құдайынан,  
Дәнеңе емес басқасы, сүрінгені.



## КЕДЕЙЛІК

Кедейлікке мың мадақ!  
Жатса да өмір жұлмалап,  
Үкісіне мұң қадап,  
Бақыт барын сезініп,  
Орамалын бұлғады ақ.

Керек етпей даңқты,  
Мойнына ілген қамытты.  
Ән керегін адамға  
Солар ғана танытты.

Кедейлікке мың мадақ!  
Жатса да өмір жұлмалап,  
Үкісіне мұң қадап,  
Бақыт барын сезініп,  
Орамалын бұлғады ақ.

Аз ақшаға күн көріп,  
Көкірегін үн керіп,  
Жаны толы мейірімге,  
Отбасы да тым берік.

Кедейлікке мың мадақ!  
Жатса да өмір жұлмалап,  
Үкісіне мұң қадап,  
Бақыт барын сезініп,  
Орамалын бұлғады ақ.

Ұлы Гомер киелі  
Түсіме жүр жиі еніп,  
Қу таяққа сүйеніп.  
Даналықты жасады ол  
Кеудесіне күй еніп.  
Асасы алтын байлықтың  
Несіне бас иелік?!

Кедейлікке мың мадақ!  
Жатса да өмір жұлмалап,  
Үкісіне мұң қадап,  
Бақыт барын сезініп,  
Орамалын бұлғады ақ.

Бақыт, байлық бір дейді,  
Үйіңе оңай кірмейді,  
Кірсе көңіл бірлейді.  
Бай өмірі қызықсыз –  
Жасыл шөптің үстінде  
Жалаңаяқ жүрмейді.

Кедейлікке мың мадақ!  
Жатса да өмір жұлмалап,  
Үкісіне мұң қадап,  
Бақыт барын сезініп,  
Орамалын бұлғады ақ.

Қамал үйі байлардың  
Ысталады күйеден.  
Бәлкім арман оларға  
Бөшкедегі Диоген.

Кедейлікке мың мадақ!  
Жатса да өмір жұлмалап,  
Үкісіне мұң қадап,  
Бақыт барын сезініп,  
Орамалын бұлғады ақ.

Аузын сүртіп жібекпен,  
Қарынға май түнеткен,  
Шөп үстінде ұйықтамас,  
Жұлдыз санап түнектен.

Кедейлікке мың мадақ!  
Жатса да өмір жұлмалап,  
Үкісіне мұң қадап,  
Бақыт барын сезініп,  
Орамалын бұлғады ақ.

Ол қызық күн кешеді  
Ашық-шашық күркеде.  
Үстінен бұлт көшеді –  
Желкен жайып бір кеме.

Кедейлікке мың мадақ!  
Жатса да өмір жұлмалап,  
Үкісіне мұң қадап,  
Бақыт барын сезініп,  
Орамалын бұлғады ақ.

Қоныс тойын тойлайды  
Үстіне кеп шатырдың.  
Бала болып ойнайды  
Ортасында тақырдың.  
Еркіндігі жоқ байдан  
Күні артық қой пақырдың.

Кедейлікке мың мадақ!  
Жатса да өмір жұлмалап,  
Үкісіне мұң қадап,  
Бақыт барын сезініп,  
Орамалын бұлғады ақ.

### **ИВЕТО КОРОЛЬ**

Король болды ертеде  
Жантаймайтын көрпеде.  
Ісі болмай атақпен,  
Былықпады шатақпен.  
Тәжін басқа жастамай,  
Қалпақ киді тастамай.  
Рас, солай!

Қатты ішегім күлкіден,  
Басқа болды ол түлкіден.  
Өзі киіп ішігін,  
Өзі шаңын сілкіген.  
Жайбарақат ас ішті,  
Жапа шекпей,  
тып-тыныш  
Мал мен байлық, мүлкінен.

Кезін ешкім көрген жоқ,  
Жеке басын күйттеген.  
Талап етіп болмасты,  
Ешкімді отқа үйтпеген.  
Гвардиясын басқарды  
Қарауында бір адам,  
Адалдығы тең оның  
Тұқымы асыл итпенен.  
Тегі бір китпенен!

Сүрді король өмірді,  
Майлы сүйек кемірді.  
Аузы кеппей арақтан,  
Ішті сыра, семірді.  
Саптыаяғын бөшкеге  
Мың сан малды, елірді.  
Бірақ елге жағатын,  
Даңқы жайлап өңірді.  
Саулығы темір-ді!

Бар қызықты қармады,  
Балға кірді бармағы.  
Беті жылтыр көрінген  
Әйелдерді арбады.  
Шақырғаннан қалмады,  
Шақырмаса бармады.  
Мұндай король басқарған  
Елдің де жоқ арманы.  
Халқы ғұмыр тіледі,  
Дұға арнады, сарнады.  
Биліктің тарланы!

Қанағатын жоймады,  
Көп жимады қойманы.  
Қызыққан жоқ дәулетке,  
Артық соғым соймады.  
Мылтық атты, аң қуып,  
Серілікке тоймады.  
Нысана ғып мылтыққа,  
Адамды атып ойнады.  
Ерсілік ойнағы!

Қалдырып шен-шекпенді,  
Өлді король. Кетті енді.  
Ашпады ауыз бір адам  
“Айтамын,-деп,-өкпемді”.  
Халқы қимай жоқтады,  
Ұмыта алмай өткенді.  
Король рухы шарықтап,  
Жұмақ жаққа жеткен-ді.  
Елестей көктемгі!

Ел тірлігін жүргізіп,  
Өмір қайта тұр қызып.  
Тіршілік те жалғасты,  
Қызу ғұмыр сүргізіп.  
Өлген король суреті  
Кабакка әкеп ілінді,  
Түгел мойын бұрғызып.  
Дәл айнытпай салдырған  
Қымбат қалам сырғызып.  
Бір қызық!

### ДОС БЕДЕЛІ

Артық екен  
бәрінен дос беделі,  
Бір-ақ сәтте тиеді  
қос көмегі.  
Атымтайдай бір жомарт  
жолдас таптым,  
Алға түссе,  
озады көштен елі.  
Барлығы да  
әйелдің арқасында,  
Ол өзі де  
мансаптан бес дәмелі.  
Дәл графтың  
өзімен жақын қылды-  
Дос болсақ деп  
айтып ем, “хош” дегені.  
Бір жүрсем деп  
деп графпен тырысқаным-  
Ол – биік тау,  
жанында-кұмырсақамын.

Бізді көрсе  
досымыз құрақ ұшып,  
Қолымыздан жиі шәй  
тұрады ішіп.  
Біздің әйел  
ауырып – сырқай қалса,  
Күлтілдеген көз алды  
тұрады ісіп.

Тұрған кезде  
әйелім жел өтінде  
“Бола ма, – деп,– жабуға,  
– сұрады, – ішік?”  
Жанында оның  
жандармыз қарапайым,  
Ұлық адам болады,  
сірә, кішік.  
Мұндайлармен бақыт қой  
шарап жұтқан  
Бөтелкенің тығынын  
бұрап ішіп.

Адам екен жанына  
ән дарыған,  
Сырбаз екен  
қыр кетпес шалбарынан.  
Назарынан бір күні  
тыс қалмауға  
Құдайыма күн сайын  
жалбарынам.  
Министрдің үйінде  
бал боларда  
Әйелімді әспеттеп  
алып барды,  
Шіркінді әбден  
шығарды арманынан.  
Әйелімді сыйлаған  
досым барда,  
Мен қалайша  
қаламын жандарынан?!  
Төбем көкке жетеді  
қолын алсам,  
Айрылмасын  
тарау жол тармағынан.

Біз секілді  
кұрт пенен құмырсқаны,  
Көзіне ілді,  
ел қылды, дұрыстады.  
Болса екен деп жұғысты  
қалбаң қақтым,  
Сүртілгенде  
қолының шырыштары.

– Барам, – десе, – өлімге,–  
ерер едім,  
Тарқап кетіп  
арқамның құрысқаны.  
Білмейтінім көп менің  
бұл ортада,  
Жөн болады  
жиірек ұрысқаны.  
Бірімін ғой  
ашылған көп есіктің,  
Тау қасында  
жантайған төбешікпін.

Жарым қалса “ауырып”,  
иланады,  
Осы емес пе  
шын достың сыйлағаны?  
Төсегінің басында  
күні-түні  
Кірпік ілмей,  
шынымен қиналады.  
Әйеліне айтатын  
сылтау іздеп,  
Таң атқанда  
үйіне жиналады.  
Ең шынайы  
көңілді көрсетудің  
Бар екен-ау осылай  
қилы амалы!

Сыйластықтың негізін  
қалай білді,  
Думандатып өткіздік  
талай күнді.  
Есінде ме,  
әйелім тойға барса,  
Қоңыраулы күймесін  
қалай мінді!  
Граф менің көзімше  
жиі айтады  
“Патшайымын әйелдің  
қалаймынды”.

Беделді дос  
жанында жүрмегенде  
Көрер ме едім,  
көрмес пе ем ана айдынды?!  
Мен кішкентай ашумын  
тыз ететін,  
Ал графың ерекше,  
жаны айбынды.

Дәл мендей ғып  
кім оны бағаламақ?  
Қалай сұсты жаралған  
ана қабақ!  
Шекпені мен  
шеніне қарамастан,  
Біздің жайды  
жүреді қадағалап.  
Таза ауаға бір шығып,  
серуендеп,  
Әйелім жүр майысып,  
“Жан ағалап”.  
Бауырдай боп  
екеуі марқайғасын,  
Көйлегіне қосылды  
жаңа қабат.  
Мен түйемді тігемін,  
граф болса,  
Өңіріне жүреді  
тана қадап.

Саусағынан үйіме  
ырыс тамып,  
Күрмегінен арылттым  
күрішті алып.  
Мен графпен  
шынайы дос болғалы  
Шешілмеген болмапты  
бір іс қалып.  
Әр қимылы  
өзгертті тағдырымды,  
Қас-қабағын үйрендім  
дұрыс бағып.



Дәл қай күні шешілді,  
есімде жоқ,  
Тіршілігім кигізген  
шырыш қамыт.  
Бор кесекпін,  
оны өзім мойындаймын,  
Шіркін граф, –  
шойындай құрыш қалып.

Қонақасы бермесе,  
күйіне ме,  
Сан шақырды,  
ас беріп, үйіне де.  
Шырақ жақты балауыз,  
бал сапырды,  
Дос-жараны  
бекерге сүйіне ме?!  
Қонақүйге қондырды,  
сый көрсетті  
Көңіл тойды  
әнге де, биіне де.  
Жібек төсек  
жамбаста судырады,  
Күмбір қақты  
көңілдің күйі неге?  
Мені жақсы көреді ол,  
шын сыйлайды,  
Әйеліме  
әйтпесе иіле ме?

Татулықты ол терең  
ұғады енді.  
Бұғағында тектілік  
бұғады өнді.  
Жаңа туған ұлымды  
жақсы көріп,  
Өкіл әке болды да  
шыға келді.

Біздің үйде  
бір бақыт тұрақтады,  
Көз тартады  
көрпемнің құрақтары.

Шамырқанып,  
аяқты шалқып бастым,  
Жүрегімнен шабытпен  
жыр атқалы.  
Ұл туғанда әйелім,  
қуанғаннан  
Тойлауменен өткіздік  
бір аптаны.  
Граф досым  
үйімде бұрынғыдан  
Аялдап жүр  
көбірек бірақ-тағы.

Тосқаннан соң  
аузына бармызды,  
Бірге өткізем деп айтты  
сары күзді.  
Мен сәулемін  
әшейін жылтыраған,  
Шапағатты графтың  
жарығы ізгі.

Жүрегімде бір сәуле  
жылтырады,  
Күннен күнге  
әйелім құлпырады.  
Отбасын да,  
ең жақын досымды да  
Дәнекер қып  
ортада ұл тұрады.  
Граф атын  
байласа үй жанында  
Мама талдың  
мамығы бұрқырады.  
Тірлігіме риза боп  
жақын-жуық,  
Дұшпанымның сүйегі  
сырқырады.  
Мен тұрғанда  
шырағдан жылтырады,  
Граф келсе  
жарқырап күн тұрады.

Шын дос керек,  
білсеңіз, олақ ұлға,  
Айналыпты қоймаға  
шоланым да.  
Ал дәлізім  
даңғара сарай болды,  
Қонақ бөлме  
деп қалды қонағым да.  
Менің ізім ап-анық  
сайрап жатыр  
Жортып кеткен  
жолдардың жолағында.  
Мен байысам,  
бергені құдайымның,  
Кісі өлтіріп,  
біреуді тонадым ба?!  
Тоның жылу бермейді  
шолағында,  
Мен графсыз  
осылай боламын ба?

Дидарына мейірім  
тұнып жылы,  
Граф досым  
бір күні күмілжіді:  
– Елдің айтқан  
сенбеңіз өсегіне,  
Жатқаным жоқ,  
рас айтам, төсегіңе.  
(Көз алдыма  
аппақ қар елестеді,  
Қоян қашса,  
жататын тұнып жымы).  
Граф көзін тайдырып,  
алып кетті,  
Жауыр иттейі болдырған  
сынып жүні.  
Сезілгенмен бекзаттық  
кылық үні,  
Дірілдетті дауысын,  
ыбылжыды.

Дұрыс көрем  
тар жерде қыспағанды,  
Қауырсынын  
қыранның ұштағанды.  
Мен де састым,  
абдырап жауап бердім,  
Ең шынайы көңілмен  
қысқа, мәнді:  
– Қарсы келіп бетіне,  
“е” демедім,  
Не дегенің, досым-ау,  
не дегенің?  
Ұры ғой деп  
айтады ұстағанды,  
Өсек ылғи өршиді  
тыста мәңгі.  
Күдік жібі  
тағы бір қысқаланды,  
Қайталадық  
қалықтап ұшқан әнді.

Жұпар иіс  
бау жақтан жел еседі,  
Қайтарам деп айтпадым  
мен есені.  
Жортуылға бір шығып,  
жолда қалса,  
Жолдастықтың  
болмайды келешегі.  
Ұмытылды біртіндеп  
ел өсегі,  
Шіркін көңіл  
графқа теңеседі.  
Жақсылардың жүрмесем  
жетегінде  
Ешкім сырттай  
“Паһ, шіркін!” демес еді.  
Бақыт, байлық...  
болады деме шегі,  
Арман, арман...  
не деген елес еді...

## ӘПЕНДІ КЕДЕЙ

Өгей ұлы өмірдің өксімеді,  
Хикметті басынан кешті нені?..  
Басқалардың түскенде ұнжырғасы,  
Оның даусы көңілді естіледі.  
Жылы тиіп жүрекке кескін-өңі,  
Гүрілдеген кеудесі көшкін еді.  
Кіретіні түсіне биік аспан,  
Көңіліне ақша бұлт бес түнеді.

Бай алдында шешпеді бас киімін,  
Берекесі жұпыны қашты үйінің.  
Барға қылды қанағат, жоқты іздемей,  
Жүрген орта... таппады басқа ұйымын.  
Жыртық шапан кигенде, ашты иығын,  
Түнде басқа жастады тас қиығын.  
Қынжылтпасы белгілі байшыкешті  
Әпендінің, қажытқан аш күйінің.

Кедей болар әпенді, ел сенеді,  
Баратұғын ауылы-өлшем елі.  
Үйіндегі бар байлық-екі орындық,  
Үш аяқты үстелі теңселеді.  
Гитарасы дыңылдап жерге түсіп,  
(Үйін жинап беруге келсең еді).  
Әпендінің өзі жүр той қуалап,  
Көрсетуге өнерін белсенеді.

Кер тартпаған ешқашан кегенесі,  
Орнында ғой ақыл-ой, демек, есі.  
Өлең оқып, би билеп, ән салады,  
“Сегіз қырлы, бір сырлы” деген осы.  
Қаншама адам тәнті боп есі кеткен,  
Қызық тегін, кетеді неменесі?  
Сауық бітсе, әпенді бейнесінің  
Ұмытылмай жүреді тек елесі.

Анютаға сүзілер көргенде де,  
Махаббатқа мас болған шерменде ме?  
Тәуелсіздік сыйлады тәңір оған,  
Мың сан өнер басына бергенде де.

Өз ырзығын тауықтай тергенде де,  
Малшынады күн сайын термен дене.  
Ол дудаға кіргенде, сен былай тұр,  
Қосарласпа, жолды бер, ербендеме.

Көзін қара шоқ болып жанып тұрған,  
Сан арудың жүрегін зарықтырған.  
Ерді айырар күн қайда кебенектен,  
Тұрмыс қиын тектіні тарықтырған.  
Арғымақты кем етпес арық тұрман,  
Ақылы аздық адамды кәріп қылған.  
Думанды елде, дүрмекте әпенді жүр,  
Көзге онсыз да түседі, жарық бұрман.

Білмейміз ғой, байлықтың жүгі ауыр ма,  
Бай бүрсеңдер қаңтардың қырауында.  
Кірпік ілмей түнімен, қайғы жұтар  
Қанағат жоқ құдайдан сұрауында.  
Қылдан өрген арқаны тұншықтырған  
Өңір тұсын қымтаған бұрауында.  
Жайдары өмір әпенді кешіп жатыр  
Таза, жайсаң, жап-жасыл бір ауылда.

Сыбдырласа көлдердің көп құрағы,  
Көк айдынның төсін көр- от тұрағы.  
Сол бір кедей әпенді күн құрғатпай  
Көңілдердің аулына кеп тұрады.  
Жаны жақын достары жиналады,  
Оны айнала жағалай шеп құрады.  
– Ең жақыным күлкі, – деп айтады екен,  
Әпендіде мұндай сөз боп тұрады.  
Жақсылыққа түбі оның соқтырады.

## ӘЖЕЙ

Қартаң әже  
қалт-қалт етіп ақ басы,  
Жартылықтың көк тығынын  
жатты ашып.  
– Жас күнімде  
көп жігіттер жүгірді, –

Деп қояды,—  
қағылатын терезем,  
Жабылмайтын  
біздің үйдің қақпасы.

Қыз болғанмын кәделі,  
Жарасатын әдебі.  
Ақ саусағым салалы,  
Аяғым да әдемі.

– Өңгімеңе  
тым қызығып барамын,  
– Е, тыңдай бер  
арғы жағын, қарағым.  
Он бесімде  
дәмін білдім сезімнің,  
Шұғыласы  
жарқырады көзімнің,  
Ай астында  
бұрымымды тарадым.

Қыз болғанмын кәделі,  
Жарасатын әдебі.  
Ақ саусағым салалы,  
Аяғым да әдемі.  
– Айтшы, әжетай,  
қандай жанмен кездестің?  
Жолықтың ба,  
сезбеді ме өзге ешкім?  
– Жаным, менде  
жүрек жоқ қой дейсің бе,  
Тірі жүрсем  
махаббаттан безбеспін,  
Жар да таптым,  
жалғыздыққа төзбеспін.

Қыз болғанмын кәделі,  
Жарасатын әдебі.  
Ақ саусағым салалы,  
Аяғым да әдемі.

– Би биледім жандырып  
қасқа алаңда,  
Ойнақы саз  
шырқала бастағанда.  
– Бір адамды  
тұрақты сүйдіңіз бе?  
– Көңіл ауа беретін  
басқа адамға,  
Тез айнушы ем  
достаса бастағанда.

Қыз болғанмын кәделі  
Жарасатын әдебі.  
Ақ саусағым салалы,  
Аяғым да әдемі.

– Күндер қандай  
жастықта дәуірлеген,  
Албырт күнді  
алаңсыз ауыр демен.  
– Жылтыраған  
өнімнің арқасында  
Мендік болды  
бар еркек тәуір деген,  
Салтанатты сән құрдым  
сәуірде мен.

Қыз болғанмын кәделі,  
Жарасатын әдебі.  
Ақ саусағым салалы,  
Аяғым да әдемі.

– Махаббаттан жанатын  
шырақ түнде,  
Құштарлықтан шөл басқан  
пырақпын де.  
Сыйлы әйел боп  
артынан шыға келдім,  
(Таңданады көбісі  
бұған елдің),  
Отырдым да некеге  
бір-ақ күнде.  
Қыз болғанмын кәделі,  
Жарасатын әдебі.



Ақ саусағым салалы,  
Аяғым да әдемі.

– Бастан талай өткізіп  
тәтті күнді,  
Дәлелдеуге тырыстың  
ақтығыңды.

– Отағасым ештеңе  
сезген де жоқ,  
Бұзған емес  
ешқашан шаттығымды,  
Досына айтып  
мақтанды ол пәктігімді.

Қыз болғанмын кәделі,  
Жарасатын әдебі.  
Ақ саусағым салалы,  
Аяғым да әдемі.

– Қылығыңды көрмепті ол  
теріс деген,  
Бетке басып мініңді,  
керіспеген.

– Жарыңа адал болу да  
қиын екен,  
Тыйылмады құмарлық  
өрістеген,  
Тазалықты ізде тек  
періштеден.

Қыз болғанмын кәделі,  
Жарасатын әдебі.  
Ақ саусағым салалы,  
Аяғым да әдемі.

– Думан ғұмыр  
басыңнан өткергенде,  
Кедеймен де табыстың,  
бектермен де.

– Еркелетті баладай  
отағасым,  
Қызғалдағын қызықтың  
кеп тергенде.

– Қыршын кетті.  
Құдайым көп көрген де!

Қыз болғанмын кәделі,  
Жарасатын әдебі.  
Ақ саусағым салалы,  
Аяғым да әдемі.

– Торы байтал шаршаса,  
демін алар,  
Көкпар күннің қызықтар  
көбін олар.  
Кейуана осылай  
әңгіме айтса,  
Шекараға жетпеппіз  
шегіне алар,  
Қылшылдаған біздерде  
не кінә бар?!

### **КӨКТЕМ МЕН КҮЗ**

Қай нәрсенің шегі бар, мезгілі бар,  
Уақыт жетті тіршілік тез құбылар.  
Көктемдегі көбелек гүлге қонса,  
Бал боларын қыс түсе сезді бұлар.  
Мамыр жетсе жүрегің мұздамай ма,  
Ашыта алмай шарапты біз қалай да,  
Күзде сүйген адамдар қоштасады,  
Күдік қонса жүрекке кездігі бар.  
Қар ериді, көлкілдеп су ағады,  
Жылдам келген жылымық кезді ұғынар.

Өмір, өмір, таң атса, кеш кіреді,  
Бесігінде адамзат бес түледі.

Махаббатты қосар ем шарапқа мен,  
Болмайды деп ескертті тараптағы ен.  
Шектен шықса құштарлық қиын болар,  
Онда жасай алмайды жаратқан ем.  
Сүйгеніммен қоштастым, шараппен де,  
Жұбатпады жанымды қарап пенде,  
Айды тізіп шығардым бар аптамен.  
Ойлар келді орманнан сыңсып ұшып,  
Саусағыммен шашымды тарақтап ем.

Атқан сайын тірліктің ала таңы,  
Жетіледі сары ауыз балапаны.  
Шаш та өңін береді ағы басым,  
Тез өтеді жылдарың, сағынасың.  
Қайран жастық жамылып жасыл белді,  
Бұйырмышқа бұйда боп тағыласың.  
Көгілдір жел алдыңнан желбіресе,  
Тұнық көлдің айдыны мөлдіресе,  
Жаннетадай ару қыз алдан шықса,  
Басыңды иіп еріксіз табынасың.

Күз түскенде қоштасып барлығымыз.  
Көктем келсе қауышар тағдырымыз.

Адель қыз боп алыста қалады арман,  
Арылғанда ақ түсті дала қардан.  
Мезгіл, мезгіл, қиылып қарамадың  
Желге жүзген желкені жағалардан.  
Махаббатты тонады сап-сары күз  
Көкірекке ызғарын ала барған.  
Жаралы күн жаңғырып есін жиып,  
Орамалын бұлғаумен барады алдан.  
Өз көктемім күлімдеп қайта оралды,  
Қақпаларын бояған қалалардан.

Құрлықтарда, белдіктің ендерінде,  
Шектеулік пен өлшем бар шеңберінде.

Түпсіздігің тереңге тығылар ма,  
Тайыздығың жаныңда-мұны барла.  
Салқын сыра құятын саптыаяғы  
Ердің бағы шөлмекті шыныларда.  
Мият тауып өмірден үлгеремін  
Қабыр жаққа жолдарым бұрыларда.  
Қаума сақал тіршілік айна алдында  
Қарамайды әй-шәйға қырынарда.  
Тармақталған тағдырын мүйіз қылып  
Арқалап жүр боданды бұғылар да.

Ауыртып жүр жанымның мұң түзгені,  
Ауысса екен тірліктің күн тізбегі.

## ЗАФИП АНА

Тірлігіңе алаң боп,  
Терезеге қарама.  
Қыз байғұстың жүрегі  
Дүрс-дүрс етіп бара ма?  
Ән салды қыз әуезді,  
Құлағыңа жағымды.  
Зағип ана ән тыңдап,  
Тағдырына бағынды.  
Бұл не қылған тынымсыз  
Тықырлаған жүрістер?  
Көктелмеді көрпелер,  
Сырылмады тігістер?!

Қарама, қыз, әйнекке,  
Бостан-босқа үніліп...  
Аша берме терезе,  
Түн тұрғанда жұмылып.  
Шаруаңа айнал, қыз,  
Сыртқа мойын бұрман де.  
Онда біреу жол тосып,  
Сені күтіп тұр ма әлде?  
Мен де сендей жас болғам,  
Зағип болып тумағам.  
Махаббат деп жүрегім  
Талай-талай тулаған.

Ит тістеген аузына  
Сүйектің де аппағы!  
Жел тұрмаған сияқты,  
Кім ашты екен қақпаны?!  
Көзсіз бәрін сеземін,  
Кім бар, кім жоқ қасымда.  
Жел ойнап жүр, Лиза қыз,  
Сенің қауақ басыңда.  
Тонауда ма біздерді,  
Шайқалады тіреулер.  
Сыңқыл-сыңқыл үн жетіп  
Сүйісе ме біреулер?

Көзім алды көлеңке,  
Бұлдыр-бұлдыр тек елес.

Келіп жүрген жігітің  
Лиза, саған тең емес.  
Көгереді көктемде  
Жұпар аңқып көктесін.  
Сүйем деген жігітің  
Ертең айнып кетпесін.  
Алдануға даяр-ақ  
Әйелдердің пендесі.  
Күбір-сыбыр боп кетті  
Жатын үйдің бөлмесі.

Түн қанатын жайғанда  
Женеді ұйқы адамды.  
Бойында қан тасиды,  
Ой келмейді бағамды.  
Ұшып-қонып, елітіп,  
Тындауға ақыл жарамай,  
Лиза, қайда барасың,  
Алды-артыңа қарамай?!  
Алаякқа алдансаң,  
Жас жуады көркінді.  
Тірлігіне мойын бұр,  
Тізгіндей біл еркінді.

### **АЛМАДАЙ АЛҚЫЗЫЛ**

Алмадай алқызыл алаурап,  
Әдемі киініп, манаурап,  
Мас емес, масаңдау күйімен  
Құшакқа сиярдай бар аумақ.  
Соншалық көңілді күйімен  
Еркелеп шығады үйінен,  
Бар болса-шашады ақшасын,  
Жоқ болса-қағады шақшасын,  
Өзгеріп жатса да кілт әлем  
“Бәлі!” деп қолын бір сілтеген.  
“Күлкіден өлдім-ау,” – деп жүріп,  
Шулы той-ортада көп жүріп,  
Алауды тұтатқан білтеден.

Қасқырдай түнімен жорытқан,  
Күні жоқ қарыздан қорыққан,  
Қыздарға бар пұлын жаратып,  
Кезі көп бас ұстап торыққан.

Қарамас борыш пен парызға,  
Үйренген жөргектен қарызға.  
“Түрмеге тығар, – деп айналаң,-”  
Заң орны салып жүр байбалам.  
Ол болса, күледі қарқылдап,  
Көңілін көтеріп, жарқылдап,  
Ғаламға “ой, бәлі!” деп қойып,  
Ойнайды өмірмен, от қойып.  
Несіне қызықтан тартынбақ?!

Жер жетпей жүргендей пақырға,  
Тұрағы жоғары-шатырда,  
Бәрібір-төге ме жаңбырың,  
Бәрібір-қар жауып жатыр ма?..  
Суықта дірілдеп жатады,  
Қалшылдап, таңы әрең атады.  
Тісі мен сақылдап иегі,  
Қаңтарда тоңады сүйегі.  
Күмбірлеп көмейде тұрады  
Күлкінің тыйылмай тиегі.  
Осылай ойсыздау өскенмен,  
Базарды басынан кешкенмен,  
Өмірді соншалық сүйеді.

Әйелі... ол да бір жас неме,  
Жүрегі соншалық тас неге?  
Жүргені байларға жабысып,  
Секілді қан көрген аш кене.  
Үлде мен бүлдеге оранып,  
Аққудай сыланып, таранып,  
Сыр бермей жүргенмен безеріп,  
Артынан дуылдап сөз еріп...  
Ал ері... сілтеген қолын бір,  
Іздеумен ойсыздық жолын құр.  
Кінәлай берместен бұларды,  
Көз тимес тағып бер тұмарды,  
Шаттықтың көліне шомылдыр.  
Жастық шақ тез өтті арайлы,  
Қарттығың есіктен қарайды.  
Сал “жігіт” сол салқам көңілмен  
Мекен қып алыпты сарайды.  
Дөнбекшіп сықырлақ төсекте,  
Ауруын алмайды есепке.

Денесі ауырлап, сал болған,  
Көпшіктің орнында кесек те.  
Жасаған күнәсі бар есте,  
Қалпына оралған нәресте.  
Түндерді өткізген білтемен,  
Өзгеріп кетсе де кілт әлем,  
Бәріне қолын бір сілтеген.

### ГРЕГУАР ТӘТЕЙ

Менің жастық кезеңім ерек өтті,  
Қайсарлығым бар еді ерен епті.  
Сырахана ішінде, қалды есімде,  
Грегуар тәтеміз керемет-ті!  
Пішіні өзге, дөңгелек түр-түсімен,  
Әдемі еді риясыз күлкісімен.  
Алақаны жомарт-ел түсінгені,  
Тәуір жігіт ақысыз ішіп-жеді.  
Ақыл айтсаң, қалайша жат тыңдасын,  
Бұрды бәрі тәтейге аттың басын.

Кім ұға алар жүрегін келіншектің,  
Мол-ақ еді келетін келімсек тым.  
Жүрегі ұстап, қосағы көзін жұмды,  
Ұмыттырды қайғысын көңілшек түн.  
Кім-кімге де бұл ажал батқан еді,  
Орнын басу жарының мақтан еді.  
Ағыл-тегіл ішім-жем ортасында  
Жүрді еркектер тәтейдің арқасында.  
Ақыл айтсаң, қалайша жат тыңдасын,  
Бұрды бәрі тәтейге аттың басын.

Қалды есімде елес боп ол күн бәрі,  
Сұлу мүсін дененің солқылдары,  
Бұйраланған шашының толқындары,  
Көркем еді ерекше өр тұлғалы.  
Махаббаттың маужырап маусымында,  
Жарқылдады есімі тау шыңында.  
Бауырына басты ерлер жалқын шашты,  
Тәтей күміс уыстап, алтын шашты.  
Ақыл айтсаң, қалайша жат тыңдасын,  
Бұрды бәрі тәтейге аттың басын.

Тегін арақ, әйелдің от құшағы,  
Ақыл-есін еркектің көп тұсады.  
Грегуар тәтейдің төсегінде  
Көбісінің ең қызық өтті шағы.  
Әйелдері іздеп кеп жұлысқанда,  
Ие болды төтеміз ұлы ұстамға.  
Әйелдерден қулығын асыратын,  
Төсегіне байларын жасыратын.  
Ақыл айтсаң, қалайша жат тыңдасын,  
Бұрды бәрі тәтейге аттың басын.

Кейде қызық тағдырдың “жолдамасы”,  
Мен де болғам сол үйдің қолбаласы.  
Еркектерге елпектеп арақ құйдым,  
Құс сүтінен басқасы болған асы.  
Махаббаттың буына балқып ұшып,  
Шарапты олар шайқады шалқып ішіп.  
Үсті-үстіне тояды қарын тағы,  
Жомарт тәтей барлығын жарылқады.  
Ақыл айтсаң, қалайша жат тыңдасын,  
Бұрды бәрі тәтейге аттың басын.

Қайда сол күн көп адам қаумалаған,  
Айдын қайда толқыны аунамаған?  
Грегуар төтеміз көрінбейді  
Махаббатын, сырасын саудалаған.  
Игі жақсы бір жерге жиылатын,  
Саптыаяққа тек бақыт құйылатын.  
Көңілді топ бұратын бетін биге,  
Енді бәрі... қалыпты жетім күйде.  
Ақыл айтсаң, қалайша жат тыңдасын,  
Бұрды бәрі тәтейге аттың басын.

### **МЕҢІ ШАШТАРЫМ**

Құштар көңіл, достарым, суысын ба,  
Бәрі өтеді-жатың да, туысың да.  
Алақанды ешқашан жазбас едім,  
Ұстап қалар сәт болса уысымда.  
Келер күннен іздейміз таянышты,  
Жылдарменен кетеді қаяу ішкі.  
Бар қуатың бойында тұрған кезде,  
Шаш түседі басыңнан – аянышты!



Күліп жүріп алушы ек бекіністі,  
Таптамадық аяққа өтінішті.  
Сол бір шақтың келмеске кеткені ме,  
Шарап қана басады өкінішті.  
Қызық бар ма өзге бір тарапта да,  
Уайымыңды басады шарап қана.  
Айна алдында басыма қарап тұрсам,  
Сән қалмапты шашта да, тарақта да.

Сағынысып көрісер туыстарың,  
Кіндігіңнен тараған ту ұстарың,  
Жылуымен толтыра алса жақсы  
Өміріңнің бос қалған қуыстарың.  
Бақытты еді өмірім бұрынғыда,  
Кетсем бе екен ілесіп бұрымдыға?  
Шаштың түсіп қалғаны сылтау емес,  
Мен секілді әккілеу жырындыға.

Жазда көрген ақпанда таптырмайды,  
Жүрдек жылдар шаттықты қатты ұрлайды.  
Бақыт деген баянсыз сусыма жел,  
Қарттық келсе, басында бақ тұрмайды.  
Алдымда тұр бал толы ақ тегене,  
Бұйырады тегене жатқа неге?  
Жігіт шақтың қуаты бойымда тұр,  
Шаштың түсіп қалғаны-ай, әттегене...

### **КЕЛЕР ҒАСЫР НЕМЕСЕ БІЗДІҢ БАЛАЛАРЫМЫЗ КІМ БОЛАДЫ?**

Бұрынғыдан халықтың күйі төмен,  
Өнеріммен алмаспын иіте мен.  
Келер ұрпақ бұлардан алшақтамас,  
Кеудесінде ортаяр жиі теген.  
Бір қағида барлығы ұстануда,  
Болмас, болмас бұларға күш салуға.  
Кезең келді, кезең келді  
Кері қарай ағызар өзендерді.

Өмір сүрмей, ойынға көшті бөрі,  
Жылылықтан айрылған кескін-әрі.  
Бұлқынатын жігері ұл едік біз,  
Қомағайлау құлқынның құлы едік біз.

Бүгінгі ұрпақ күлмейді ас үстінде,  
Жүрміз суық қабаққа тіленіп біз.  
Көршісімен саптыаяқ соғыстырмас  
Қату қабақ ғасырға тіреліппіз.  
Кезең келді, кезең келді  
Кері қарай ағызар өзендерді.

Өмір – ойын, игерген тәсілдерін,  
Небір жақсы қор боп жүр асыл керім.  
Білім десе, жан біткен есінеген,  
Алға ұмтылар өмірдің көші немен?  
“Мыңды жығар білімді” деген қайда,  
Қарсы келген қағады төсіменен.  
Мұражайдың мүлгіді мұрағаты,  
Шаң астында қалған-ау, сірә, хаты.  
Кезең келді, кезең келді,  
Кері қарай ағызар өзендерді.

Құлқынында пенденің тойым бар ма,  
Бәрі ойнап жүр пайдасыз ойындарда.  
Соғыс пенен жүрсек те дүрбеленде,  
Демалушы ек асықпай бір белеңде.  
Бүгінгі ұрпақ ұйықтамай түн қағарды,  
Көз ілмейді көңілін бірлегенде.  
Іздегені мансап пен атақ қана,  
Өз пайдасын іздейді түрмеден де.  
Кезең келді, кезең келді  
Кері қарай ағызар өзендерді.

Болмау керек тірлікте дәйім егес,  
Өмір сүру дегенің ойын емес.  
Махаббаттан білгенбіз туарын мән,  
Біздік сезім мейірімге суарылған.  
Қазіргі ұрпақ оты жоқ, жалыны жоқ  
Айқайы жоқ, тым-тырыс, шу арылған.  
Тамырына топастық балта шапқан  
Сақта, құдай, солудан, қуарудан.  
Кезең келді, кезең келді  
Кері қарай ағызар өзендерді.

Бейбіт тірлік кешер ек өзара біз,  
Кейінгіні көргенде бозарамыз.  
Қолға қалам ұстаған пір болмайды,  
Жақсы киім кигендер дүр болмайды.

Қанша қағаз былғасаң жыр болмайды,  
Жақсылық пен жамандақ бір болмайды.  
Беті қызыл қыздардан иба кетті,  
Сырлы аяқтан өң кетсе сырланбайды.  
Кезең келді, кезең келді  
Кері қарай ағызар өзендерді.

Өміріңе мойныңды бұршы, күнім,  
Келер ме екен ойнауға тіршілігін?!  
Гүлдестені тағындар, ән салындар,  
Біз шырқаған әндерде қанша мұң бар?  
Шарап сілтеп таңдарға көз ілмеуші ек,  
Жастар, сендер ертерек шаршадыңдар.  
Келер ұрпақ от тайған жанарынан,  
Жанарында бұлдырап бар сағымдар.  
Кезең келді, кезең келді,  
Кері қарай ағызар өзендерді.

Ту қадауға табылмай тұрақты арман,  
Ойын ойнау көбіне ұнап қалған.

### **КӨҢІЛДІ ҚЫЗ**

Көңілді қыз, кім бар оны көрмеген,  
Ән салады ол, шапқылайды өрменен.  
Баршама адам бауыр басып алыпты,  
Белдемшесін оқалапты зерменен.  
Жақұт тұнған жастық шағы қорғаны,  
Бар байлығы белдемшесі болғаны.

Жақұт тасы болған еді тым асыл,  
Жуу үшін ғашығының күнәсін  
Ломбардқа сап, бір-ақ күнде айрылды  
Қалыңсыз қыз қай жігітке ұнасын?!  
Сүйгені үшін құрбандық сап көптеген,  
Белдемшесін сатар еді-өтпеген.

Деміменен от алдырған үмітті,  
Ханша да оған теңесе алмас қылықты.  
Қыс келгенде тоңып қалған жан көрсе,  
Шешіп беріп бар киімін, жылытты.  
Жұқа киім кімге пана болады,  
Елді ойлайды, өзі ылғи да тоңады.

Көңілді қыз көзіндей ғой ескінің,  
Сағынасың көрмей қалсаң кескінін.  
Әлдекімге көмек қолын беруге  
Бар лыпасын сатыпты деп естідім.  
Көңілді қыз жақсылығын көп тізбен,  
Белдемшесін аз тиынға өткізген.

Күн келеді тағы да бір арайлы,  
Таң шуағы шапақтардан тарайды.  
Киімсіз қыз шыға алмай жүр көшеге,  
Терезеден тек телміріп қарайды.  
Көңілді қыз, кім бар оны қаламас,  
Шықпайды үйден, төменгі жақ жалаңаш.

Таныстары кілем сатып әперер,  
Жақындары айна сатып әкелер.  
Көңілді қыз ойлайды ылғи ел камын,  
Сыйлағанын қайтып алар тәтелер.  
Көңілді жан, кім бар оны қаламас,  
Бір күні өліп қалмаса етті жалаңаш!

## АС ТУРАЛЫ

Мырзалар, ұятты ойлар кезең келді,  
Қайтесін сүт боп аққан өзендерді?  
Тоқтатып тағамдардың тасқындарын,  
Қайтеді мөлшерлесек астың бәрін?  
Салмайды тамақсауға қарын айып,  
Несіне асты аяйық, тарылайық.  
Қарнымыз керек болар, тұра берсін,  
Жарылсақ тек күлкіден жарылайық.  
Ас болса, асқазанға бәрі лайық!

Не дерсін бұлтылдаған ұртыңменен,  
Жей бермей, сөйлессеңші жұртыңменен.  
Бәрі де өзің жақтан сырт айналар,  
Тұрқынды көре қалса іркілдеген.  
Білеміз, қарның тойса қорылдарсың,  
Пысылдап, ыңқылдарсың, шорылдарсың.  
Тамақты асай бермей, сөзге шақыр,  
Тағы да әлденеге орын қалсын.  
Күл, мырзам! Мұны жақсы орындарсың!

Айналмай тірі мола, қорымдарға,  
Тағы да өмір сүрмес сорың бар ма!  
Сезімді селт еткізер сеземісің,  
Құрсақта махаббатқа орын бар ма?!  
Өмірің қызықты екен аспен ғана,  
Жанарың жуылмайды жаспен ғана.  
“Аш бала тоқ баламен ойнамайды”,  
Тоқ бала ойнай алар аспен ғана.  
Ойларсың ішек емес, баспен ғана!

Кең әлем алқымыңда тарылады,  
Тамақтан қарның бір күн жарылады.  
Өмірде тосып жатса ұзақ сапар,  
Әдемі-ақ арғымақтың арығаны.  
Жақсы емес ас үстінде түнергенің,  
Қабағың неге кату, білер ме едім.  
Жадырап, жай оғындай жарқылдасаң,  
Қосылып мен де өзіне күлер ме едім?!  
Жасарып, сен қайтадан түлер ме едің!

Тұнжырап ақыл жейді келген асты,  
Желбегей жалаң қарның желмен ашты.  
Ілескен бір-біріне егіз қарын  
Еңіреп, ауырласа, елге қашты.  
Асқазан басып жатыр жүрек үстін,  
Келеді қанатымды шіреп ұшқым.  
Жеген ас іштегі отты сөндіре ме,  
Жанарды жатқан кезде тіреп ұшқын.  
Нәжістер толтырмасын күрек үстін!

### **БӘЛКІМ МЕНІҢ СОҢҒЫ ӘНІМ**

Ел тағдыры кез-келгеннің қолында,  
Абалаған иттер шықты жолымда.  
Жалғыз елдің көп боп шықты қожасы,  
Билік құрған оңым менен солымда.  
Үндемеспін, іштей бәрін білермін,  
Ән салармын мен де бір күн күлермін.  
Қаршығадай жемтігімді ілермін,  
Дұшпанымның бетін айдай тілермін.

Шаршап жүрмін бітпес майдан, жорықтан,  
Дұшпанымнан бірақ, әсте қорықпан.

Саптыаяқтан шарап шайқап ішермін,  
Көрмейді ешкім сәттерімді торыққан.  
Қиындыдан думан құрып тойлағам,  
Мұң жайында келмей қалды ой маған.  
Жарқылдаған алмас семсер сайлайды  
Дұшпанының жүрегімен ойнаған.  
Қарыздар мен несиелер тынбаған,  
Жоқшылығым бай алдында қыңбаған.  
Менің рухым өрлеп кетіп барады  
Дауылдардан қанаттары сынбаған.  
Қарсыласым қазынасын көпіртіп,  
Онды-солды байлық шашты өкіртіп.  
Бәлкім олар жарты құрсақ ақынды  
Қуыршақ қылар алақанда секіртіп?

Арулар да қарсылайды қонағын,  
Мөлдіреген жанарында тола мұң.  
Мен түнімді сыйлар едім соларға,  
Жауыма емес, қызға сыйлы боламын.  
Өмір оты ана, мына тұстан да,  
Маған қарай жарық алып ұшқанда.  
Жүрегімді қалқан қылып тосамын,  
Қыр көрсетіп қаскөй көңіл дұшпанға.

Елге деген махаббатым қысқанда,  
Менің әнім айтылмайды дұшпанға.  
Ел туының жиналайық астына,  
Қанатымыз қарлығаш боп ұшқанда.  
Қанатымыз қанаттарды сермесін,  
Дауысымыз жердің үстін кернесін.  
Мендік Отан бақыт үшін жаралған  
Өз тізгінін дұшпандарға бермесін!

### **ҰШҚЫР ЖЕРЕБЕ**

Тағдырыма тіресіп,  
Кілең алтын жинармын.  
Бақыт үшін күресіп,  
Сұлу қызға сыйлармын.  
Махаббаттың балына  
Шөлдеп барсам, қанармын.  
Менің сүйген жарыма  
Бәрін сатып алармын.

Самала жел сыбырлап,  
Жыр боп құяр шабытым.  
Әуенімен мың ырғақ  
Келер тағы, тағы түн.  
Қыз да мұны құп алар,  
Сүйген жүрек жұбанар.  
Ғашық болған жүрекке  
Айтшы, қандай кінә бар?

Тастамаспын алайда  
Басымдағы тәжімді.  
Жаннетта қыз қалайда  
Тағдырым боп жазылды.  
Сұлу қыз боп бейнесі  
Басымдағы бағымның.  
Жаннетта ару кейде осы  
Өрнегіндей тағымның.

Уәдеге біз зәруміз,  
Неге керек құр елес?  
“Сүйем!” деді ару қыз,  
Бұл айтқаны бір емес.  
Үлесімен Уақыттың  
Кімдер бақтан тартынбақ?  
Жеребесі Бақыттың  
Қолымда жүр жарқылдап.

### ҮШІНШІ КҮЙЕУ

Күйеулерім салды мені сарсаңға,  
Тыйым салып, кіммен қайда барсам да.  
Қараңғыда түнек кештім түнеріп,  
Жарқыраған қарай алмай бар шамға.  
Мұндай өмір мені де әбден жерітті,  
Бермеді олар еркіндік пен ерікті.  
Ал үшіншім болмаса да көрікті,  
От демімен көңілімді ерітті.  
Еркелетсем, көзге қарай ысырдым  
Басындағы қоқырайған бөрікті.  
Бойы тапаң, тұрқы қысқа болғанмен,  
Жанға желеу болып жүрген серік-ті.

Бірге кештік қызықты күн теңізін,  
Өрге айдаған жүріп тұрды өгізім.  
Үйленгесін, алты ай мерзім ішінде  
Балпанақтай таптым ұлдың егізін.  
Бірақ жарым шу шығарды қызғанып,  
Ұйып тұрған ұя шырқын бұзды анық.  
Балаларға өкіл әке саналған  
Құдамызды жаратпады сызданып.  
Келмес күндер жүретұғын жарқылдап,  
Мендей әйел енді неден тартынбақ?  
Күйеуімнің дөңгелектеу бетіне  
Алақаным тиді дейсің шартылдап.

Үшіншім сол... тиын санап, пұл санап,  
Жүргізумен әуре болды кіл санақ.  
Тиындарды есептеді тынбастан,  
Тіршілікке мойнымды бұрсам-ақ.  
Қарық қылып таппаса да табысты,  
Ақша көрсе қара май боп жабысты.  
Ұрдым мен де басқа, көзге төпелеп,  
Көз көгерді, шаш жұлынып, жағы істі.  
Қолыма алдым кіріс-шығыс есебін,  
Көпшігімнің астына кілт төседім.  
Бейбітшілік үйден шығып кеткенде  
Аппақ шаңын бұрқыратып көшенің.

Құдам келді борандатқан бір күні,  
Ақ қырауға айналыпты кірпігі.  
Түн ауғанша шарап іштік екеуміз,  
Жамалар деп көңілімнің жыртығы.  
Ашуланып, есік қағып, бұрқылдап,  
Ал күйеуім тұрды есіктің сыртында.  
Қаңтар айдың қатулығы көрінді  
Қалшылдаған оның сыртқы тұрқында.  
Шарап іштік, оған есік ашпадық,  
Дәмді астарды еңсеріп-ақ тастадық.  
Ішімдіктің бойға тарап қызуы,  
Бара жатты жанарымды жас қарып.  
Кім береді мен сұрасам төресін?  
Келер күндер көрсетпеді өресін.  
Күйеуіме жұдырықты көрсеттім:  
“Ашулансаң, көресінді көресің...”



Кетті күйеу жылынуға сыра ішіп,  
Сауық үйі, есігі оның түр ашық.  
Қартаң әйел серік болған жанына,  
Бір-бірімен сүйіседі сыр ашып.  
Көше тұрды ақ құйыны қаптаған,  
Жүгірді аяз тоқтамастан ақ табан.  
Сорлы байым суық сыра ішеді,  
Махаббатын қызғанышы таптаған.  
Өз ошағың жан жылыта алмаса,  
Сауық үйден жылу іздеу далбаса.  
Күйеуімді іздеп, тауып алайын,  
Қартаң әйел алып кетіп қалмаса.  
Құдам менің арылтпады құсадан,  
Тән қызуын тығырықта тұсаған.  
Әйелдерді итергенмен төсекке,  
Айтарлықтай жұмсамайды күш оған.  
Жалғыз өзі толтыратын төрімді,  
Үшінші бай...жанға жылы көрінді.  
Маған серік болатұғын сол шығар,  
Іздеп тауып жатқанымша көрімді.  
Жақтырмадым, әлде оны жақтырдым,  
Мойны қортық... асылуға шақ тұрдым.  
“Бұзау артық ортақ болған өгізден”,  
Өз байымды төсекке әкеп лақтырдым.

### ЕСКІ ДӘСТҮР

Ескі дәстүр – бекзаттықтың үлгісі,  
Ұмыттырды кейбіреуін жыл құсы.  
Шыныаяқты соғыстырмай ішпеуді  
Біледі ғой жындылардың жындысы,  
Осы дәстүр бәрімізге ұнаған,  
Жаңалықтың жеңе алмады тың күші.  
Болмайды ғой соғыстырмай ішпеуге,  
Келмейді екен дәстүр деген күштеуге.  
Ішер болсаң, бокалыңды соғыстыр,  
Ол аз десең, шула, ән сал, көп ысқыр.

Неткен ғажап шынылардың сыңғыры,  
Қоңыраудай естіледі тым бірі.  
Ата-бабам сауық құрған, той тойлап,  
Жетті бізге күміс кесе күмбірі.

Саптыаякты соғыстырған шаршамай,  
Бір жиында жиналып ап бір күні.  
Қолдар біткен бір-біріне ұмтылған,  
Аспан сонда айығыпты бұлтынан.  
Саптыаякты ішкен кезде сап түзеп,  
Көрсетіпті бекзаттықпен қатты ізет.

Мөлдіреген шараптардан оқылар  
Бокалдарда жүректердің оты бар.  
Көрінгенмен соғыспайды ыдысың,  
Босқа өмір сүргені ғой сопылар.  
Ару біткен бокалдарын көтерсе,  
Ездер болған омақасып отырар.  
Не жетеді шарап толы бокалға,  
Саптыаякты соғыстыр тек, тақалма.  
Шарап толы шыныларды соғыстыр,  
Жұпар көктем жамылғанда тегіс қыр.

Сыңғыр, сыңғыр, сыңғырласын ыдыстар,  
Сықыр, сықыр, сықырласын күміс қар.  
Соғыстырсаң саптыаякты достармен,  
Көкірегінде ашылатын тыныс бар.  
Тост айта алмай, қызыл тілің күрмелсе,  
Жақының түр сөз саптауын дұрыстар.  
Бокалдарда жарқырайды жұлдыздар,  
Тал бойыңды тоңазытпас түнгі ызғар.  
Шарап толы шайқалады бокалдар,  
Соғыстырам, саптыаякты тақандар.

### КӨЗ ТИЮ

Таңылмайтын қыз едік біз бағанға,  
Көп ауырдым жүрегім мұздағанда.  
Көз тиді ме, білмеймін, сөз тиді ме,  
Жата берем жауырыным сыздағанда.  
Биік қойдым бәрінен ар-намысты,  
Бір дауыс бар кеудемді жарған ішкі.  
Шүберекке жанымды түйдім сезіп  
Бойымдағы тынымсыз арбалысты.

Мен қиналсам, жаныма бәрі келді,  
Шақырса-шы одан да дәрігерді.  
Бала күннен бір де бір ауырғам жоқ,  
Сарсаңға сап қойғам жоқ кәріп елді.

Керегі не төсекте тулағаным,  
Дұрыс еді бұдан да тумағаным.  
Жанға демеу бере көр, жан анашым,  
Жанарыңды бекерге суламағын.

Айырып ап ерекше топ қарадан,  
Барон жігіт өткенде көп қараған.  
Көз тиді ме,  
Қалпақтай ұшып түстім,  
Қалды есімде жанары шоқ тараған.  
Ел ішінде бойымды тасалағам,  
Бойға сіңген әдептен аса ма адам?  
Жалындары шарпыған тал бойымды  
Үйір боп жүр сұқ көздер аса маған.

Аяқ асты кенеттен қайғы ұрлағам,  
Аққу едім қауырсын жайдырмаған.  
Кетпеді естен көшеде қарсы келіп,  
Гусар жігіт жанарын тайдырмаған.  
Көшедегі, тойдағы, даладағы  
Сұқ көз маған шаншу боп қадалады.  
Көз тигізбей, тасалап қалар ма екен  
Жасыл желек жамылған қала бағы?

Итальяндық жігітпен кездескенім,  
Кездеспесем, көңілін сезбес те едім.  
Ол да мені көзімен ішіп-жеді,  
Төсеп қойып астыма өз бөстегін.  
Жігіт біткен шырқайды тәуір әнін,  
Ән тыңдасам тағы да ауырамын.  
Алабұртқан жүректің алағызып,  
Кім біледі қай күні сауығарын?

Құлын бітсе қапыда кер биеге,  
Желке жалы орынсыз ербие ме?  
Мен ауырдым анашым, бірақ, бірақ,  
Көз тиген қыз мен құсап шермие ме?  
Менде де бар ескілік ұғымдары,  
Қыздар арын сақтайтын бұрындары.  
Аурушаң боп кеттім мен “көз тигізіп”,  
Сыймай кетті ақылға мұның бәрі.

## ЖАҚСЫ АДАМ

Менің ағам дүрілдеп тұр атағы,  
Баласы едік екеуміз бір атаның.  
Бір қызығы үлкен мен кішіге де  
Тегін ақыл беруді ол ұнатады.  
Жақсы адамдар ақыл айтса, тыңдайды,  
Қалтасының бостығына қыңбайды.

“Өзінді өзің ап шықсаң тығырықтан,  
Қорғай білсең басыңды жұдырықтан,”-  
Деген кезде, үндемей бас изеймін,  
Шығу үшін ауаға тымырықтан.  
Жақсы адаммын, тиын жоқ әмиянда,  
Ақшасыз да бақыт бар жанұямда.

Тиын сауып сәтімен жақсы айладан,  
Ақшалы көп мойнына тас байлаған.  
Танысым бар қарызға мелдектеген,  
Несиеден неліктен қашпайды адам?  
Жақсы адаммын, өйткені дәулетсізбін,  
Сән сарайы болмайды сәулетсіздің.

Тау-тау алтын қуаныш береді ме,  
Жұмсалмайды ол бәрібір керегіңе.  
Карта ойнасаң ұтылып қалдырасың,  
Олжақұмар жандардың зерегіңе.  
Алтын салып, жүргем жоқ күміс күреп,  
Жақсы адаммын, мендегі-тыныш тілек.

Бай адамның күні де әрқалай-ды,  
Ақша бітсе, жарықта қармалайды.  
Сұлуларға шашады бар байлығын,  
Бүтіндерді бөлшектеп, жармалайды.  
Қалтам таза, өйткені жақсы адаммын,  
Кедейліктен ешқашан қашпағанмын.

## АҢШЫЛАР

Аңға барған жақсы ғой,  
Құмарлығым көп менің.  
Аңшылыққа барам деп,  
Үйіңе еніп кеткенмін.  
Аңға барған ғанибет!

Атылады мылтықтар,  
Нысананы аңда кеп.  
Аңдар өзі жүреді  
Қорықпастан жанға кеп.  
Аңға барған ғанибет!

Сан қызыққа батқанбыз,  
Мылтық атып кезекпен.  
Сені тосып отырар  
Үй аңына не жеткен!  
Аңға барған ғанибет!

Қолға түскен аңдардың  
Ыңырсыды дауысы.  
Ербеңдеді көлеңке,  
Селкілдеді тау іші.  
Аңға барған ғанибет!

Атпай жатып мылтықпен,  
Еліктер бар оқ тиген.  
Құлағансың құшаққа,  
Ағытылып көп түймең.  
Аңға барған ғанибет!

От құшаққа көміліп,  
Қызықтырып таңғы арман.  
Біз олжалы қайтқанбыз  
Аңшылыққа барғаннан.  
Аңға барған ғанибет!

### **МӨЛШЕР**

Алтынменен ас ішсең,  
керсенменен,  
Жеген жақсы  
барлығын мөлшерменен.  
Дүниенің ғаламат  
тәтті дәмі  
Қомағайдың қарнымен  
өлшенбеген.

Аздап жеген-  
көп ғұмыр жасайды олар,  
Сыңар бокал шараптан  
бас айналар.

Ішімдіктің теңізін  
кешіп өтіп,  
Міндет емес  
мас болу, есі кетіп.  
Аздап қана  
көңілің көтерілсін,  
Сәл босатшы бойыңды,  
шешіп етік.

Мас болғандар  
тұра алмай теңселеді,  
Теңселуге жібермес  
өлшем елі.

Шашын жұлып,  
жылаған жандар аз ба,  
Қайыршы боп кететін  
хандар аз ба?  
Екі аякпен әдемі  
келе жатып,  
Төрт аяқтап қайтатын  
андар аз ба?

Бұл өмірде көп нәрсе  
көрсем керек,  
Барлығына, достарым,  
өлшем керек.

Бозбала жүр  
ұнауға бір аруға,  
Жорғалауда жағынып,  
қуаруда.  
Махаббаттың осындай  
меселдерін  
Ішімдікпен болады  
суаруға.

Сезімдер де сенімді  
ұстамдырық,  
Тез жанған от түтін боп  
ұшқан бірақ.

Атқа берік отырар  
тақымдылар,  
Көтере алар  
көңілін ақылдылар.  
Арманының ауылынан  
адасқандар,  
Ауытқыса,  
жанына жақын құлар.

Өлшем керек  
өлмейтін мөлшерлерге,  
Ұялтпайды ол  
жанына ерсеңдер де.

### **БАЙЛЫҚҚА МАДАҚ**

Кедейлігің көре алмайды байлықты,  
Байығысы келмес екен қай мықты?  
Дәулеттіні жүреді олар жамандап,  
Өрең тауып жүргеннен соң шайлықты.

Бай сараң ғой ертегі мен мысалда,  
Сараң жандар өз бақытын құшар ма?  
Адам біткен алаңдайды алтынға,  
Арманына қанат байлап ұшарда.

Мен жарлымын, жасап жүрмін көп ырым,  
Ұнатамын дәулеттінің өмірін.  
Көкке қарай көтермес ем мұрынды,  
Уыстасам алтын теңге шоғырын.

Жібек кисем түзде және үйде де,  
Құйғытумен сәйгүлікті күймеде.  
Салтанатпен сән құрғанда кім айтар  
Салдың-ау деп алтын сарай-үй неге?

Көршілердің бәрі мырза, бәрі бай,  
Жүретұғын танысым жоқ жарымай.  
Кедейлерге ас берер ем, бір тойсын,  
Езуінен шылқып ақсын сары май.

Үйді желпіп тұрар едім аршамен,  
Алтын жанбыр жауса, оған да қарсы емен.  
Байлық, сәндік бір басыма жарасып,  
Тіл табысып жүрер едім баршамен.

Бас сұқпас ем шарабы арзан кабакқа,  
Қарамас ем тұз сіңдірген шабакқа.  
Банкир досым мені үйіне шақырып,  
Ас қояды алтындаған табакқа.

Мамық бөстек... жарасады жатысым,  
Астың достар сұрамайды ақысын.  
Тәңірінен маған саулық тілейді  
Құлдық ұрып шығысым мен батысым.

Байлығым мен барлығымды бөлер ем,  
Сосын қайта кедей болып өлер ем.  
Дәулетімнен айрылғанда бір күнде,  
Қорқақтамай сен жаныма келер ең.

Шиқылдаған жертөле там пана боп,  
Тазарар ем сәби жүрек бала боп.  
Мен еркінмін, тұтқыны емен биліктің,  
Мына өмірге тұрғандаймын жаңа кеп.

Күн тимеуші ед менің бір тал шашыма,  
Алтын жанбыр жауса, шіркін, басыма!

### **ОЙЫНШЫҚ АДАМДАР**

Алдан күтіп жатады Өр шокпағы,  
Тоқтамайды тұрса да қар соқпағы.  
Ойыншық адам ойнайды қуыршақ боп-  
Бас бермеген биліктің қол шокпары.

Тастап шыққан мақсатын жалт бұрылып,  
Шен мен шекпен, атакқа қалт кідіріп.  
Алғы сенім адыра ардақтаған,  
Жетекке алған оларды артқы күдік.

Бар маңайын жып-жылас тонайды үптеп,  
Байлық, мансап келе ме оңайлықпен?  
Билік жақтан бір бақыт келе ме деп,  
Былай күткен, немесе, олай күткен.



Аяқ емес, астында тұяғы бар,  
Жыртқыш аңдай сүйкімсіз сияғы бар.  
Көздері бар сый күтіп телмендеген,  
Мұрын жақта қара мұрт-қияғы бар.

Билік-тағдыр, бұйырып, жөн үйреткен,  
Табатұғын өз жолын көп иректен.  
Біздер жанды қуыршақпыз барлығымыз,  
Балпаңдаймыз, аумаймыз тоқ үйректен.

Тағдыр-билік тірліктің тізгінін ап,  
Сылдыр қағып ағады күзгі бұлақ.  
Өзіңше өмір сүрем деу-аштан қату,  
Көзқарастар өзгеше ізгі бірақ.

Он бестегі бойжеткен дірілдеді,  
Сүйгенінің алдында сүрінгелі.  
Бір қадамға аяғын басқалы тұр,  
Байқатпаған балалық бұрын нені?

Махаббаттың жанбаған бұрын шамы,  
Желбірейді желменен тұлымшағы.  
Ойнап шыға ала ма өз сезімін  
Ғашықтықтың болашақ қуыршағы?

Қонақ келді-азамат көрікті екен,  
Үй иесі танытты берік бекем.  
Ал әйелі құлпырып шыға келді,  
Бойын билеп барады ерік бөтен.

Күнәлар бар төленбес айыбы мың,  
Құштарлықтың тербеді қайығы мұң.  
Үй иесі жүр енді қуыршағы боп,  
Сеніп сүйген жан жары-зайыбының.

Біреу тартқан әуенге билегенбіз,  
Сүйіп тұрған жандарды сүймегенбіз.  
Алаң болып басқаның тірлігіне,  
Бір пұшпағын бірлесіп илегенбіз.

Тұнып, ұйып тұрады сағым үстен,  
Тірлік кешер қуыршақтар бағынышпен.  
Жоғарыға қарайды қимыл күтіп  
Жағынумен, көлгірсу, жалынышпен.

Терім жеумен қалдықты қиқым жылдан,  
Тал бойында құбылып қиқылжым мән,  
Өзгереді уәдесі саған берген,  
Сағат сайын түрлентіп сиқын жылдам.

Шенділердің қолында ыршып ойнап,  
Жіп те иіріп қалады ол, ұршық айдап.  
Қуыршақ адам, көшеде келе жатсаң,  
Кездеспесін жолыңда қырсық айдап.

### **ЖАҢА ФРАК**

Майды айыра білетін  
тортасынан,  
Етті сүзе білетін  
сорпасынан  
Бір бай адам  
қонаққа кел деп айтты  
Бөліп алып  
қалың ел ортасынан.  
Қиын болды  
бас тарту қолқасынан!

Ақын жанға  
таңсық па қошеметің,  
Жолдарында  
кілем көп төселетін.  
Мырзаларың шақырса,  
мардамсымын,  
Жылытып берсе,  
жемеймін кешегі етін.  
Жырларымның  
жаттадым неше бетін!

Мініп барар  
астыма пырақ керек,  
Жолдарыма жағылар  
шырақ керек.  
Мен барғасын,  
оңаша демалатын  
Жып-жинақы,  
тап-таза, тұрақ керек.

Бәрін айт та бірін айт,  
киіп барар  
Дұшпан көзін алдайтын  
фрак керек!

Ерте тұрдым,  
түнімен көз ілмедім,  
Неткен сұлу жан едім  
өзім менің.  
Айна алдында иіліп,  
жаттығамын,  
Ағыл-тегіл ағытып  
сөз ілгегін.  
Шек болмайды мұндайда  
төзімде мың!

Музыкалық аспаптай  
күйі келген,  
Ығай-сығай  
кездесем дүйім елмен.  
Қол созым жер  
жақындап қалған сынды  
Тәңірімнің жіберген  
сыйы бермен,  
Сұлу қыздың көзінің  
киығы ерген!

Түймелері әдемі  
алтындаған  
Жаңа фрак қонып тұр  
жалтылдаған.  
Жалбарынам, құдайым,  
жұғысты қыл,  
Бай өмірің,  
әдеті – салтын маған.  
Мақсатына жетпейді  
талпынбаған!

Көрініп тұр  
мас болып аунағаны,  
Сақал-мұрты  
Қырынбай, қаулағаны,  
Мен жиналып,

қонаққа бара жатсам,  
Орта жолда  
достарым қаумалады.  
Жүрегімде бір оттың  
лаулағаны!

Бөтелкелер күйылды,  
сылқылдады,  
Құрғыр өнеш  
қанша рет қылқылдады.  
Жаңа фрак жоғалтып  
алды сәнін,  
Буындарым сәлден соң  
былқылдады,  
Қарсылығым бірде-бір  
бұлқынбады!

Арақ жұғын бола ма  
аш қарынға?  
Ішкен кезде сенбеймін  
басқа ырымға,  
Жол бойында үйлену  
тойын көрдім,  
Тост көтердім  
отырып қастарында.  
Кіршік жоқ қой  
көңілдің астарында!

Тағы досым кезікті,  
тағы досым,  
Аямастан сілтедім  
танып есім.  
“Барушы едім қонаққа,” –  
деп бастап ем,  
Саптыаяғын ұстатып,  
“Бәлі!” десін.  
Тіске басар береді  
әлі несін!

“Аш қасқырлар”  
кезікті жалақтаған,  
Мені көрмей,  
сағынған сан аптадан.

Қонаққа да  
баруға үлгеремін,  
Сол бір үйге  
басамын әлі-ақ қадам.  
Суымайды жеткенше  
тамақ-тағам!

Одан кейін жағалап  
жүрдім білем,  
Бір қақпаны құшақтап  
тұрдым білем.  
Қалтақтадым, құладым,  
қайта тұрдым,  
Сарайына біреудің  
кірдім білем.  
Фрагымды лай қолмен  
түрдім білем!

Лай су, балшық...  
үстімді жанап өтті,  
Мына бетті қарадым,  
ана бетті.  
Таныс әйел кезігіп,  
мені үйіне  
Ілестіріп өзімен  
ала кетті.  
Фрагымды шешуді  
талап етті!

Ыстық екен сұлудың  
от құшағы,  
Көтеріліп көңілім,  
көкке ұшады.  
Фрагымды шешіп ап,  
қағып едім,  
Үй ішінде бұркылдап  
кетті шаңы.  
Өмірімнің ең мәнді  
өтті шағы!

Құмарлыққа құштарлық  
берген ерік,  
Қонақ болсам,  
беремін төрге көрік.

Қол ұстасып сұлумен  
төсек іздеп,  
Шатырдағы бөлмеге  
өрмеледік.  
Арулардың талайын  
көрген едік!

Бар киімді үстімнен  
шешіп алып,  
Сұлуым жүр,  
жабылды есік анық.  
Шыға беріп, малтыдым,  
қайта баттым,  
Махаббаттың теңізін  
кешіп алып.  
Жүрем кейін  
барлығын есіме алып!

Ыстық жалын қуалап  
бой-денені,  
Ешкім бізге  
“жөн емес, қой” демеді.  
Бастанғымен басталған  
о басында,  
Оңайлықпен бітпеді  
той көлемі.  
Басымызға келмеді  
ой келелі!

Ұстағандай қолымен  
мұз қабатын,  
Шіренетін,  
сырт көзге сызданатын,  
Мен байларды жек көрем,  
қалтырайды  
Алып келе жатқандай  
күздан атын.  
Жат қабағын мен емес  
жүз бағатын!

Сөйлеспесең бола ма  
шын көңілден,  
Жүректерді қайтейін  
құм көмілген.

Қашан ұры  
үйіме түседі деп,  
Көз шырымын алмайды  
түнде мүлдем,  
Сақта, құдай,  
мүсәпір бұл кебіңнен!

Бақытыңды  
бейғамдық тонағанда,  
Сен де мендей  
түсесің зобалаңға,  
Кімді дөкей  
конаққа шақырды екен,  
Фрагымды  
сыйлар ем сол адамға.  
Үйретемін жөн-жосық  
жобадан да!

### **САЯСАТҚА ТОЙҒАНБЫЗ**

Мен шаршадым, қымбаттым, зерігуден,  
Уақыт өтті сенделіп, ерігумен.  
Франция тағдыры не болар деп,  
Біз отырмыз бір мұңға берілумен.

Саясатсыз өлең де өлең бе екен,  
Тыңдайтын жан таппадым сенен бөтен.  
Ел мүддесі шешілсе қызыл тілмен,  
Мен қалайша бағамды төмендетем?!

Бірін-бірі жандармыз коштап өтер,  
Жалықпашы, жаным-ау, босқа бекер.

Елдің сөз қып қайтеміз алдағысын,  
Бізсіз де Отан табады алданышын.  
Бірақ қазір ғажайып сұлу өлке  
Тығырыққа тіреліп қалғаны шын.

Жыр тілімен жеткіздім саған, қалқам,  
Ақ, қараның айқасқан арбалысын.  
Әділдіктің ақ туы желбірейді  
Қолдан беріп қоймаса ар-намысын.

Аузымыздан көк мылжың, көбік ағып,  
Абыройды жүрмейік төгіп алып.

Туған өлке! Не деген көрнекті еді,  
Өз тағдырын ерлікпен өрнектеді.  
Жә, қоя тұр, айтпайық саясатты,  
Талай жәйтті ел өткеріп көрмеп пе еді?!

Керегі не қылышқа басқа саптын,  
Семсер қылып тілімді тасқа шаптым.  
Сөз саптауын сары алтын сапы қылдым,  
Туар кезі болар ма басқа сәттің?

Саясатты айтпайық, құрысын бәрі,  
Әңгіменің бұзылмай тұрсын мәні.

Қиын күнде күш берген көп ұстамы,  
Солдаттардың ерлігі соғыстағы,  
Аңсай күткен жаңбырдың тамшысындай  
Талықсысақ, тамсантты жеңіс дәмі.

Ұшы сүйір найзасын қалқан қылып,  
Жауды жеңді қырандар талқан қылып.  
Күн кернеді елімнің көкжиегін,  
Басын бұлтқа созғанда Балқанды үміт.

Саясатқа соқпасын әңгімеміз,  
Анда-санда пайдалы жанды лебіз.

Еркіндігім жарқырап нұр шоғында,  
Ту көтердік, жиналып бір шоғырға.  
Афина мен Римнің де ескі жыры  
Бізден кейін тарихтың тұр соңында.

Бақытым бар, яғни Отаным бар,  
Гүлін терем қызығып жотаның бар.  
Қалың қамыс ішінде жұмбақ әлем,  
Қара түнін тарихтың қопарындар.

Кел, қымбаттым, шарап құй, тең ішейік,  
Саясатты айтпауға келісейік.



Франция, бұлт торлап қара аспанын,  
Әділдіктің көп күтті жарасқанын.  
Шындықтары жүректің шырылдады,  
Шартараптың шарлаумен бар асқарын.

Қайран өмір, сен неткен өлермен ең,  
Күттім тынбай, жақсы күн келер дегем.  
Қол ұсынбай дос кетті тайғанақтап,  
Сын түскенде басыма сенер деген.

Сауаттылау бұл жайда жастар ғана,  
Әңгімені бұрайық басқа арнаға.

Ешкімге де өкпе артпан, кінәламан,  
Реніш айту жараспас мына маған.  
Жеңіс келді артынан жеңілістің,  
Қайта тұра алмайды құламаған.

Жеңіс өмір сыйлады өлкемізге,  
Талдар кетті жайқалып өртең ізде.  
Бейбітшілік құлпырды жаз келгенде,  
Талықсыды тыныштық ерте күзде.

Бізге де бір кездесу болды мұрат,  
Саясатқа сілтеші қолды бірақ.

## МАРГО

Жұмбағы бар шырғалаң,  
Әйел деген – бір ғалам.  
Аярланып, қылымсып  
Пәктігіңді ұрлаған.  
Марго қызды қараңыз,  
Көзін қадап тұр маған.

Көзбен үнсіз сөйледі,  
Аландатты ой мені.  
Омырауы ашылған,  
Қыртыстанған көйлегі.  
Жарқырайды жанардан  
Көңілінің әйнегі.

– Маргом менің, еркешім,  
Тағы не сыр шертесің?  
Жамылайық түн келсе,  
Махаббаттың көрпесін.

Алдыңда бас иемін,  
Аялаймын, сүйемін.  
Әдемі екен мойының,  
Аппақ екен иегің.

Сәл қырнайды тамағын,  
Кейде ашпайды қабағын.  
Сазсырнайдай сұлудың  
Қас-қабағын бағамын.  
Асты-үстіне түсемін,  
Қалай, қайтіп жағамын?

Орандырған сағымға,  
Арпалысқан ағымда,  
Тұзағына түскелі  
Қайғым да сол, бағым да.  
Шыжғырылып жатамын  
Махаббаттың табында.

– Ренжісең де сұлусың,  
Жүректегі жылусың.  
Сен тұнжырап тұрғанда,  
Қиын болды күлу шын.

Аққу құсап көлдегі  
Сұқ көздерге шөлдеді.  
Сыңғырлайды бір тынбай  
Сұлулықтың шөлмегі.  
Тауып алып, жанынан  
Шығармайды ол мені.

Көпшілікпен сыр ашып,  
Амандығын сұрасып.  
Жігіт-желең жанында  
Қымбат шарап жүр ашып.  
Кетуге де дайын-ау  
Маргоменен қыр асып.

Жарқ-жүрк етіп жанары,  
Маңайына қарады.  
Топ ішінде бір өзі  
Ерекше боп барады.  
Шіркін жастық желігі  
Тұла бойын жарады.

– Маргом менің, сүйіктім,  
Жұмырын-ай иықтың!  
Құр қалмайсың қызықтан,  
Бал сыйлайды ұйып түн.

Сұлу үнмен ән салып,  
Қалды бәрі тамсанып.  
Ойынды да ойнайды  
Ептілікпен қаншалық.  
Құтылып-ақ кетеді ол  
Салынғанда сан салық.

Жүрген жерін құт қылар,  
Көк шөптейін шық тұнар.  
Емеурінді берілген  
Көңілімен ұқты бар.  
Үндемейді, кездесе  
Өзінен де мықтылар.

– Өртенемін, күйемін,  
Алдында бас иемін.  
Жақындасаң, сұлуым,  
Алма беттен сүйемін.

Осы Марго арудың  
Лебізіне зәрумін.  
Келмей қойды реті бір  
Арнайы іздеп барудың.  
Жүректерді көздейтін  
Өзі нағыз қарудың.

Қарсы ұшырап сенектен,  
Жанып сүйер кенеттен.  
Кездесе де кімменен,  
Тез суыйды желөкпен.  
Жалғыз қалса жабығып,  
Бас тартпаймыз көмектен.

– Құс боп саған ұшайын,  
Келші, жаным, құшайын.  
Құштарлықты қайнаған  
Қалай ғана тұсайын?

Айға шапшып арманы,  
Өзен іздеп арналы,  
Бақытты аңсап жосылды  
Тарау жолдың тармағы.  
Ұмытар ед барлығын  
Балға батса бармағы.

Басында үкі бұлғақтап,  
Сыр жасырар жұмбақтап.  
Бара жатқан секілді  
Шешуі оның қымбаттап.  
Туған айдай дидары,  
Мүсіні де сымбатты-ақ.

– Арманы аз ба пенденің,  
Мейірімнен кендемін.  
Назды қылық танытып,  
Құшағыма кел менің.

Шабыт сыйлап өз көрік,  
Жүрегімді саз керіп,  
Арнасам да сан шумак  
Жүреді ылғи аз көріп.  
Жапырағын сілкіді  
Жасыл талдың жаз керіп.

Қызыққа бір тоймаған,  
Жас баладай ойнаған.  
Думандатып, той тойлап,  
Шаршаса да қоймаған.  
Сезіміне мұхиттың  
Тереңірек бойлаған.

– Қолым нені қармауда?  
Келші маған! Тосамын.  
Өзің жайлы арнауға  
Тағы шумак қосамын.

## СҮЙІКТІ ІС

Бұл ғаламға бөрі келіп жатқасын,  
Дүниеге мен де бұрдым ат басын.  
Жүдеу тартқан сұрықсыздау қалпыммен  
Жарық өмір... ашып кірдім қақпасын.

Пендеңізге табыла ма тұрлау іс,  
Сабын бассам, басқа тиді тырнауыш.  
Алаңдадым, алла даусын естідім,  
“Ән саң, тұрма, жырла!” деді бір дауыс.  
Жылы тиген сол дауысқа бұрды-ау іш.

Күйме біткен өтіп жатты қасымнан,  
Бетті жуды, лай су ақты шашымнан.  
Содан кейін көрдім талай қорлықты,  
Байшыкештен таяқ жедім басынған.

Тірі жүрек ашты талай тамұқты,  
Өмір көрді, дәмін татты, қанықты.  
Жалын болып жанып кете жаздады,  
Саз тыңдады, жыр түсінді, ән ұқты.  
“Таста! – деді сол бір дауыс, – қамытты”.

Тыңдамадым, жанға шынжыр байладым,  
Қарын бақтым, кездім жердің аймағын.  
Тауқыметтің талқысында шаршадым  
Сезгенімде табанымның тайғанын.

Шымырлығым шынықтырды, шыңдады,  
Түрен болдым төңкерілген тыңдағы.  
Жүрегіме түсті менің секпіл боп  
Қиындықты күндерімнің мың дағы.  
“Жырла”, – деді сол бір дауыс, тынбады.

Жаралы жан дертін қалай емдейді,  
Өмір сыры махаббатсыз кем дейді.  
Сезім бақтың көгершіні болдым мен,  
Аялы жан алақанда жемдейді.

Қоштасудың көрдім тұңғыш кескінін,  
Айырылысу қолы емес қой естінін.  
Сүйген жардың жоғалғанда жамалы,  
Көк аспанның бұлты бастан көшті мың.  
“Өзінді тап!” – деген дауыс естідім.

Жырлау – менің сүйікті ісім, нәсібім,  
Жолын тапсаң, шік түседі асығың.  
Күндер келді, атақ, дақпырт, даңқ сыйлап,  
Жылдар келді созып алтын қасығын.

Бұрымдарын бұландатты бұлақ та,  
Көзі ашылған бұлақтарға құм атпа.  
Тылсым жақта тамұқ барын ұмытып,  
Тірі күнде жүрдім талай жұмақта.  
“Жырла!” – деген дауыс қалды құлақта.

### **ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ**

Бай да емеспін,  
мансапты бекзат та емен,  
Шетке қалды ығысып  
көп зат менен.  
Сандығыма жинаған  
гаухар тастай  
Өз-өзінен ағылып,  
кеп жатты өлең.  
Жырдан артық болмады  
жегжат деген.

Елді өзіме  
дегем жоқ қаратайын,  
Жай ғана бір  
адаммын қарапайым.

Шен күтпедім  
шермиген шекпендіден,  
Құспен бірге қарсы алдым  
көктемді мен.  
Кемел шағым  
кенемді толтырады,  
Жастық өтіп басымнан  
кеткен білем.  
Алтын жаңбыр жауады  
көктен кілең.

Таңдаулысын қалың жұрт  
сайлар әман,  
Елден асып кеткенде,  
қайда барам?

Бастан шешпей  
қанағат-томағаны,  
Болған да емес  
көңілдің көп алаңы.  
Азуымды ешкімге  
батырмадым,  
Қандай адам  
менен кеп кек алады?  
Тойымсыздық  
адамның басыменен  
Дүниенің добындай  
домалады.

Мінгенім жоқ  
ешкімнің дара тайын,  
Талғамым да  
өзімдей қарапайым.

Бабаларым  
дауларға кіріспеген,  
Істері де  
болмаған ұрыспенен.  
Жөн үйретіп біреулер,  
ақыл айтса,  
Тындап болып барлығын,  
дұрыс деген.  
Бейбіт күнді  
қалапты дірілдеген  
Демін алып  
тып-тыныш тыныспенен.

Қызықтырмас  
бұл өмір сәулетімен,  
Адам асып кете ме  
әулетінен?

Жаңа жұлдыз  
жарқырап жаңа аспанда,  
Жаңа ғалам  
таңырқап жақ ашқанда.  
Қолтығына ешкімнің  
кіргенім жоқ,  
Жақсыларың  
жаныма жанасқанда.

Қолды создым  
өзімнің жұлдызыма,  
Балшы біткен  
жиылып бал ашқанда.

Жалғасымын ескілеу  
баяғы әннің,  
Мен де сенің өзіңдей  
жай адаммын.

### **КӘРІ СКРИПКАШЫ**

Қарттық келген қалжырап,  
Ауылдағы қақпасын.  
Сүйем таза шарапты,  
Оған кінә тақпасын.  
Скрипка жылатқан  
Менің епті қолым бар.  
Ән салайық, би билеп,  
Ей, ағайын, болындар!

Қалған сыра күбінде  
Мендік болар бүгін де.  
Ауылдастар жиналсын  
Кәрі еменнің түбінде.  
Сөзбен жанын жаралап,  
Бір-біріңе тимеңдер.  
Кәрі еменнің түбінде  
Ән салындар, билеңдер.

Өмір сырын жаңа ұққан,  
Жалғыз қалып жабыққан,  
Бай қызғанып қарасын,  
Бас шығарып қамыттан.  
Скрипка тартамын,  
Сан әуенді қатырам,  
Ауылдастар, келіңдер,  
Барлығыңды шақырам.

Кедейлердің күйіне  
Әңгімені бұрайық.  
Мол нәсіпті алладан  
Оған бірге сұрайық.



Жалақысын алмай қап,  
Қайғы мұнын кешпесін.  
Уайым тез-ақ ұмытылар  
Билеп, жейде шешкесін.

Қасиетті біздің жер  
Ата-баба қорғаған.  
Керек емес, нансаңыз,  
Дұшпан құрған тор маған.  
Соғыс деген ауыр сөз,  
Әрі кетсін жаманат.  
Туған жердің ертеңі  
Ұрпақтарға аманат.

Бейбіт өмір жақсы ғой,  
Ән салыңдар, шулаңдар.  
Барлығы да сияды,  
Ешкімді де кумандар.  
Бір жан шықпас үйінен,  
Мынау аппақ боранда.  
Ән тыңдауға кел, досым,  
Жылы тонға оран да.

Ашу-ыза көп пе еді,  
Ұмытыңдар өкпені.  
Кәрі еменге келіндер  
Анау тұрған шеттегі.  
Алқа топқа айналып,  
Дөңгеленіп өтіңдер.  
Бір-біріңді құшақтап,  
Бауырлас боп кетіңдер.

### ҚҰСТАР

Аппақ болып қыс келді,  
Құс алысқа ұшты енді.  
Ән мен сезім шет қалып,  
Қанатымен кетті алып.

Бір сәтті күн жеткенде,  
Қайтады олар көктемде.

Бізді де олар іздейді,  
Үміттерін үзбейді.

Аңсап жүр-ау күндерім  
Тыраулаған үндерін.

Жағалаудың толқыны  
Қанат болып толқыды.

Қызығамын құстарға,  
Олар жеткен тұстарға.  
Біздер сайрай алмаймыз,  
Басқа өмірді таңдаймыз.

Бұлтты алаңсыз құша алсам,  
Құс боп, шіркін, ұша алсам!

Қонар болса төменге,  
Салады ұя еменге.  
Емен бойын тіктейді,  
Дауылда бел бүкпейді.

Шынға айналып жорамал,  
Құстар қайтып оралар.

### ҚЫС

Үскіріп бораны,  
Аппақ қар борады.  
Жамылтып қырауға  
Үйлер мен қораны.

Ысқырды желдер де,  
Мұз қатты көлдерде.  
Таң қалдым айшығын  
Әйнектің көргенде.

Қалғиды мың үміт,  
Алауға жылынып.

Оранып тондарға,  
Жанында қолдорба,  
Жолаушы бұл күні  
Шықпайды жолдарға.

Қызыл шок гүрілдеп,  
Пеш жанар дүрілдеп.  
Жылынды жолаушы  
Жанында дірілдеп.

Қар басты даланы,  
Үйде пеш жанады.

Сезімдер бағалы  
Сені іздеп табады.  
Көзінде арудың  
Жылылық қалады.

Кел, досым, мұндасым,  
Шымыр күн шындасын.  
Жастықты тойлайық,  
Сауық-той тынбасын.

Сезімнен күш ап бар,  
Табыссын құшақтар.

Шам жанды төбеде,  
Жарығын бөге де.  
Қараңғы болмаса  
Еріндер өбе ме?

Кетпейді ел неге,  
Қысады шөл неге?  
Әңгіме қызық қой  
Күнгірттеу бөлмеде.

Пештерде сөнбеген,  
Көк жалын көлбеген.

Иықтар тіреліп,  
Селт етті сыр-елік.  
Жүректің жылуы  
Жүрекке тұр еніп.

Елітіп ертегі,  
Еріттік еркені.  
Достарым ән айтып,  
Әңгіме шартеді.

Құшақтың қызуы  
Құшақты өртеді.

## РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ

Қанша король... тарихына қарадым,  
Заңдар тынбай өзгеріпті, қарағым.  
Республикам еркіндікті көздеген,  
Сонысы үшін жақсы көріп барамын.

Бүгінгі күн...ауырлады салмағы,  
Ас жегеннен басқа қызық қалмады.  
Жоқты-барды өңешіне кептеген  
Тоғышарлық арзан сауық талғады.

Бар өлеңде мен шөлмекті жырладым,  
Байланысып шараптармен тұр бағым.  
Ел тағдырын мың ойланып шешуге  
Көрдіндер ме сенаттың кеп тұрғанын?

Іші пыстыру болмайды бұл заманда,  
Еркіндігің еркелейді әманда.  
Жанар жұмып, жабығатын аспанда  
Жан көрмейтін жұлдыз болып жанам ба?

Еркіндігім үлде-бүлде кимеген,  
Алып шықты бостандығын түймеден.  
Республика салтанатын құрады  
Жалғандықты жан қызығын сүймеген.

Шарықтатып жарты құрсақ көңілді,  
Өз арманым көк аспанға көмілді.  
Бұл жалғанға жырларымды жолдадым,  
Бақ ішінде құс сайратып көп үнді.

Баршасының король болмақ ойы бар,  
Король болса, құрсағы асқа тойынар.  
Асқа тойып, қандырғасын тәтті ұйқы,  
Мақсатына үлкен нүкте қойылар.

Еркіндігім тәуелді емес ешкімге,  
Көкте ұшады құсқа айналған кескінде.  
Тоғышарлық томар болып дөңкісін,  
Сұрқын алып көгілдір түс кештің де.

Бостандықты қалай қорғап қалармыз,  
Жалау қылып жүректерге таңармыз.  
Қиын-қыстау күндерменен күресіп,  
Жаңа күнде жалын болып жанармыз.

Түн дейтұғын түбектерге түскенде,  
Күрсінгенде, мұң жаншыған күш кемде,  
Ішім менің жанып жатты от болып,  
Республикам, өзің үшін ішкенде.

Біз көрерміз келешектің пайдасын,  
Алаяқтар асырмасын айласын.  
Кел, достарым, ішейік бір жайласып,  
Республикам күннен-күнге жайнасын!

Жыл дидары шақырады шапағат,  
Шындықтарға керек емес лақап ат.  
Адамзатты билей алар тек қана  
Әлемдегі ең шынайы махаббат.

### **МАСКҮНЕМ МЕН ОНЫҢ ӘЙЕЛІ**

Елең-алаң.  
Маскүнем жүр кабакта.  
Беті ісінген.  
Көкпеңбек боп қабақ та.  
Бас жазады,  
жүрек ұстап, күрсініп,  
Тіске басар  
бірдеңе сап табаққа.

Үйге барса,  
әрең мініп аяққа,  
Әйелі ұрып,  
жығады оны таяққа.

Әйелі отыр  
шатыр астын паналап,  
Ауыр ойлар  
көкірегін қамалап.  
Қанша күтті,  
келер емес күйеуі,  
Шөлмектерін  
жатыр ма екен жаңалап?

Жаһандағы  
жар деп ұққан жақынның  
Көп күттіріп  
қоятыны жаман-ақ.

Шөлмек, шөлмек,  
тағы шөлмек, көк шөлмек,  
Күйеуі отыр  
саптыаяғын көп сермеп.  
Тан атқанда  
ралады ол үйіне,  
Мастық тарқап,  
үстін түзеп, боп сергек.

Әйелінің  
кешіретін біледі,  
Білгеннен соң,  
басқа жақта түнеді.

Әйелінің көңіл-күйі  
хош емес,  
Жар сүйгені,  
жол тосқаны бос елес.  
“Қарашы,– деп,–  
бұл неменің пысығын!”  
Үйден айдап,  
куып шықты мысығын.

Тұла бойын  
ашу-ыза кептеді,  
Ешкімнің де  
ештеңесі кетпеді.

Шылым сорып,  
алдындағы қорапты ап,  
Күйеуі отыр  
енді сыра сораптап.  
Қараңғы түн  
жолын кесті түнеріп,  
Тұсау салып,  
шынжырымен орап қап.

Мейлі, мейлі,  
күтсін жары, сағынсын,  
Сөз қайтармай,  
күлдық ұрсын, бағынсын.

Әйел жатыр  
қу тізесін құшақтап,  
Қарңғыда  
дірілдейді тісі аппак.  
Терезеге  
қарауға да қорқады,  
Перделерін жапты, әйтеуір,  
үш аттап.

Өмір мұны  
дегеніне көндіріп,  
Бар үмітін  
кеткен сынды сөндіріп.

Түнде көрші  
қақты сосын есігін,  
Жайлап айтты  
естілердей есімін.  
Әйел есік ашты,  
жағып шырағын,  
Көрші түнде  
серік болса, несі мін?

Әйел жатпен  
сөндіреді білтені,  
Ал күйеуі  
тынбай арақ сілтеді.

Қараңғы түн  
қалдырмады жалғызды,  
Жұпар төккен  
жел әкелді жалбызды.  
Күйеуі ішті,  
ал әйелі басқамен  
Аймаласып,  
қарсы алады таңды ізгі.

Не қызық бар  
оты сөнген ұяда,  
Көтерілді  
күн біртіндеп қияда.

Тағы да таң.  
Күбір-сыбыр. Қарбалас.  
Тағы бір күн  
келе жатыр арманы аш.  
Көрші кетті.  
Күйеу келді үйіне,  
Жасады әйел  
колындағы бардан ас.

Әйел үйден  
жарын тағы қуады,  
Күйеу мұңын  
арақпенен жуады.

## ЖАН

Өлер күнді ойлауды мен ұнатам,  
Ерекше боп атар сонда бұла таң.  
Достарымды тәтті шарап бөліскен  
Ең алдымен өкіндіріп жылатам.

Жаным күліп, ұшады кеп аспанға,  
Атым сосын жазылады дастанға.  
Тірі дауыс есітемін шулаған  
Жеті қат көк желбірегін ашқанда.

Серафимнің бейнесіне енемін,  
Ақ бұлт болып, кең әлемге төнемін.  
Әуеніне айналамын әуезді  
Бауырымда ән боп ұшқан төбенің.

Жетелеумен жібек желдің жетегі,  
Менің жаным басқа әлемге кетеді.  
Қолын бұлағап қоштасумен қалады  
Жер-ананың бейбітшілік мекені.



Мен болармын бостандықтың құрбаны,  
Менің жазған жырымды жер жырлады.  
Бұлтқа айналам ақ түтін боп созылып,  
Туған жерге ту боп мәңгі тұрғалы.

Найзағайдың жарқылында, жасында  
Досым қарсы кездеседі, қасым да.  
Біздің жалау желбірейді ол жақта,  
Тым биікте, шаңқан бұлттың қасында.

Бауырына қапсырғанда ізгі өлем,  
Бостандықты табам сонда іздеген.  
Моншақтарын мөлдіреткен сезімнің  
Махаббаттың құлымыз ғой біз деген.

Қалқы, жаным, еш нәрсеге өкінбе,  
Ізің қалды туған жердің бетінде.  
Сенің орның шексіздіктің көгінде,  
Жаһаннамның жүрегiнiң шетінде.

Мынау өмір қарғысы бар, ұрыс бар,  
Қалай ғана құшағына гүл ұстар?  
Алламыздың алдына кеп жетеді  
Жер бетінде бітпей қалған жұмыстар.

Пенделіктің бұрылмашы мұңына,  
Шапақ нұрын шашқан кезде шұғыла.  
Сары түсті күн өлкесін ұстарсын  
Саф алтынның тірелгенде құмына.

### **ЖАЗЫҚ ДАЛА**

Таң атқанда, тәтті ұйқыңыз қанғанда,  
Не жетеді жарық ғалам-талғамға.  
Қоңыраудың даусы келіп естілер  
Жазық дала...жанарыңыз талғанда.  
Келші, жаным, жүгірейік алқаппен,  
Жазираға күн жолағын салғанда.

Қолыңды бер еркіндікті сезінсең,  
Бостандықтың көрдің ерке кезін сен.  
Табиғаттың бауырында саялап,  
Керемет қой саф ауада көз ілсең.  
Қапырықтан шыққан өкпе тазарсын,  
Кәусар бұлақ жасайды оған өзінше ем.

Ауыл жаққа, сонау жердің шетінде  
Мен әзірмін шаршап-талып жетуге.  
Бала күннен жүрегінде орнаған  
Мұндай өлке жоқ қой жердің бетінде.  
Туған жерін тез ұмытқан адамның  
Баян таппай, басынан бақ кетуде.

Жазы да ыстық, құстар ұша алмаған,  
Дария боп сағымдары алдаған.  
Бір тал сабан жібермейтін желменен,  
Неге шаруа шөмелесін салмаған?  
Көмескі күн тозып біткен мың жылда  
Көңілді боп көрінеді ал маған.

Жүзімін айт күзде пісер мөлдіреп,  
Жинап алсаң, толтырады төрді кеп.  
Сол жүзімнен қызғылт шарап шыққанда,  
Бұл пақырың дәмін татып көрді көп.  
Кең даламен құстай болып ұшайық,  
Орман-тоғай жолда қалсын селдіреп.

Жағалауда, ұмыт қалған бір белде,  
Жалғыз талдың бауырына кіргенде.  
Жүрісіңді танымадым мен сенің,  
Кездесіп қап, бері карай жүргенде.  
Шөп үстінде құшақтар-ай айқасқан,  
Бала күнді іздеп табам қай тастан?

Париж, сені тез ұмыттым сатылған,  
Қайран ауыл, айналайын атыңнан.  
Қарайладым ашық түсті аспанға,  
Көз жазып қап көңілдегі затымнан.  
Жүгірейік бала күндей құлдырап,  
Жанымыздан бұлақ ақсын сылдырап.

### **АҚШЫЛ ТҮСТІ КҮНҚАҒАР**

Жылжып ақты жылғалар,  
Ту көтерді тұлғалар.  
Бостандықты әкелді  
Ақшыл түсті күнқағар.

Мұң болды да өз қамы,  
Жау жеңіліп, боздады.  
Шаттық құрды салтанат,  
Қайта кірді сөз дәмі.

Басталды ұрыс тас-түйін,  
Дұшпан тастап қашты үйін,  
Елдің арын қорғады  
Ақшыл түсті бас киім.

Шаңырақты айналған  
Бізде бақ бар жайланған.  
Туған елдің бақыты  
Бас киімге байланған.

Жеңіс күні, бақ күні,  
Күнқағардай ақтығы,  
Асқақ рухты ән айтты,  
Қайрат беріп жатты үні.

Шамын тағып бағандар,  
Жарық құйды маған бар.  
Жақындатқан жеңісті  
Ақ қалпақты адамдар.

Ел көтерді еңсені,  
Өмірдің жоқ өлшемі.  
Ақшыл түсті күнқағар,  
Жақсы көрем мен сені.

Жұрт жеңіске үйренді,  
Бодандықтан жиренді.  
Дұшпандардың найзасы  
Өздеріне түйрелді.

Салют атып нұр көктем,  
Жұпар шашты бір көктем.  
Ақшыл түсті бас киім  
Төрге ілінді құрметпен.

Елін сүйген ұландар,  
Қанат қаққан қырандар,  
Отанымның қадірін  
Бізден келіп сұрандар.

Мұнараның қасына  
Ұран салып асыға,  
Сұлу Париж тағы да  
Тәжін тақты басына.

Жүретұғын сында бар,  
Қиын күнде шыңдалар,  
Ел намысын қорғаған  
Сен аман бол, күнкағар!

### **ФРАК**

Желбіреген желмен ұшып шөптесін,  
Шаң бораса, бұлт жапқанда көк төсін,  
Фрағымды қағып-сілкіп аламын,  
Ескі досым мені тастап кетпесін.

Ескі фраг көзіндей-ді көненің,  
Ол жоғалса, мен де бірден сөнемін.  
Бесікке сап әлдилеген ол менің  
Жүректегі жазылмаған өлеңім.

Сан жолдарда бұрылысы кептеген,  
Көпті көрдің, жүрдің және көппенен.  
Екеуміз ғой ескі көзден қалғаны,  
Байырғы дос, кете көрме тек менен.

Әлдекімнің қас-қабағын бақпаған,  
Иығына жұлдыздарды тақпаған.  
Адал едің, тура жолдан таймадың,  
Ескі досым, мен сен үшін мақтанам.

Өзінді алғаш киген күнім қалды есте,  
Туған күнім тойланған-ды бал кеште.  
Жан-жағымнан қаумалады достарым,  
Жастық дәурен, бастарынан ән кешкен.

Ажырамай қалды содан іргеміз,  
Әлі күнге біз екеуміз біргеміз.  
Сенің өңің тайды, менен әл кетті,  
Тұтқындады қарттық атты түрмеңіз.

Бір арудың келбетіне таңданып,  
Кездесуді ұзақ күттім қамданып.  
Сол бойжеткен ұстап екі жеңіңнен  
Өзіменен мені бірге қалды алып.

Ұзақ таңға қыз ілмеді кірпігін,  
Бақты, күтті, ала алмастан бір тыным.  
Қамқор қолы әлпештеді біздерді,  
Фрагымның жамап ескі жыртығын.

Пендесінің жүрегіне мұң артып,  
Таңдар, тандар, атты тағы мұнартып.  
Ине-жіптен жаңа шыққан киімнен  
Көпті көрген көне фрак мың артық.

Бұрма жолдар бұрылысы кептеген,  
Биік шыңдар, созсам даусым жетпеген,  
Қызық толы қиын тағдыр кештірдің,  
Ескі досым, кете көрме тек менен.

Бәлкім, біздер бір түсерміз табытқа,  
Бірге жүріп, бір боламыз, қамықпа.  
Ал әзірге сүйеу болып жүре тұр,  
Сүреңсіз күн тірлігінен жалықпа.

### НЕКЕ ТОЙЫ

Арманына аяқтарын нық басып,  
Қос жүрек тұр сәтті күні жұптасып.  
Маңайында жақын-жуық қуанды,  
Екі жастың қосылғанын құптасып.

Мына тойда ән саламын керексе,  
Бүгін менің дауысым сондай ерекше!

Қуандырып, сүйіндіріп баршаны,  
Жарқырады бағананың бар шамы.  
Барын салып билегендер таусылды,  
Шаттығың да шарап ішіп шаршады.

Аясында шаңырақтың кеңейген  
Сорғаласын, ән құйылсын көмейден!

Жақсылықтың періштесі пейілді,  
Жек көрмейді серуенді сейілді.

Күйеу жігіт қандай, шіркін, көрікті  
Қалыңдығы келе жатыр кейінгі.

Сүйген жандар екеу қылды бір басын,  
Шырқайыншы реті келіп тұрғасын!

Скрипка, сыбызғылар тынбасын,  
Құштар ғалам бақыт жырын тындасын.  
Шартараптың шайқалғанда шаттығы  
Ақ бұлт сүйсін алаураған шың басын.

Менің даусым көк аспанда қалқыды,  
Жаса мәңгі, махаббаттың бал түні!

Қалыңдық қой, көрдік сұлу бір қызды,  
Салтанаты сөзден сарай тұрғызды.  
Күйеу жігіт аш белінен құшақтап,  
Ерітуге әзірмін деп тұр мұзды.

Өректі де, өрле менің дауысым,  
Дірілдетіп ырғағыңмен бау ішін!

Күйеу жігіт құс ұясын тапты іздеп,  
Қауырсыннан мамықтары ақ тізбек.  
Сол ұядан балапанын таппады,  
Жан жарының абыройын-бақты іздеп.

Мен ән салдым, тоқтамадым, қоймадым,  
Тойдың арты не боларын ойладым!

Ішпей жатып басқа тиген шарапты-ай,  
Күйеу тұрды алған жарын жаратпай.  
Екі жасты ортаға алып биледі  
Тойшыл қауым алды-артына қаратпай.

Шырқа, дауысым, шығанда бір, көкке өрле,  
Күйеу жігіт, қалыңдықты жек көрме!

Асып-тасты, алқынды жұрт айнала,  
Бұлтқа кіріп тасаланды ай ғана.  
Күйеу жігіт, тағдырыңның алдағы  
Бүгінгі күн-бастамасы жай ғана.

Қарлықпайды, келтірмегін сен күмән,  
Аспан жаққа асқақтады мендік ән!

## ТӘУЕЛСІЗДІК

Сәндік пенен мақтаныштың құрбаны,  
Мен келемін, орыныңнан тұр, кәні.  
Кедейлігім берді маған еркіндік,  
Сол еркіндік тілді шешіп тұрғаны.

Тәуелсіздік-кеудемдегі тәңірім,  
Маған ғана ұстатады тамырын.  
Жалғандағы жалғыз досым жүрегім,  
Тыңдарым сол, табарым сол, танырым.

Қолға үйренген аң емеспін, тағымын,  
Дала білер тағылардың бағымын.  
Сын садағы қылыш болып қолымда,  
Түйреп түсер еркі жоқты тағы мың.

Тәуелсізбін, менің бағым осында,  
Сарайда емес, өмір сүрем қосында.  
Құрылмаған мендік тірлік есепке,  
Жүрегімен жақсы көрген досым да.

Корольдердің өміріне қызықпан,  
Аттамайды олар сызған сызықтан.  
Шынжыр таққан тұтқыны боп биліктің  
Қызықтарды кеше алмайды біз ұққан.

Жүрек шіркін күйіп-жанып сүймесе,  
Тіршілігің табанға сап илесе,  
Керегі не ондай байғұс өмірдің  
Тізе бүгіп, біреуге бас иі десе.

Өз еркімді сұрап алғам мен көктен,  
Тәуелсізге тәңір ғана келмек тең.  
Еркіндігім жарытпады байлыққа,  
Қол жеткіздім мақсатыма еңбекпен.

Жүректерін сан арудың жаулағам,  
Маған жетер ең алдымен таудағы ән.  
Мені жаулап алғысы кеп сан ару  
Жүректері кеудесінде аунаған.

Тіршіліктің тұтқыны емес, еркінмін,  
Тәуелсіздік-сыры осында көркімнің.

Жүрек күйі дірілдеген аспапта  
Сан салалы саусақ болып шертілдім.

Тәуелсізбін, таң боп аттым, қаласам,  
Мен тұрғанда биіктейді аласан.  
Жалау болып желбіреймін жаһанда  
Бар ғаламды самал болып жанасам

Еркінсіген еркін ой бар түнделер,  
Еркін ойдың барар жері-мінбелер.  
Еркіндікті өзім бердім өзіме,  
Басындағы бақыт құсын кім берер?

### КЕЙУАНА

Кейуана, қурады ма гүл бағың,  
Онда мендей қарт досыңды тыңдағын.  
Көрі досың бұл өмірден өтеді,  
Дың етеді қатты тартқан сымдағы үн.

Мен кетемін, сен қаласың тұғырда,  
Шынжыр-тірлік шықырлайды шығырда.  
Құрдасыңды есіңе ылғи ала жүр,  
Енді қалған екіталай ғұмырда.

“Сырлы аяқтың сыны кетпес” дегенмен,  
Аз болмас жан жаныңа кеп бөгелген.  
-Сізді сүйген қандай жан?-деп сұрайды  
Бәлкім бірі суырылып көп елден.

Мен туралы сыр айтарсың, тыңдасын,  
Әуезді үнмен шешілерсің мұң басым.  
Жанған оттың жалыны да қамығар,  
Естелігің ертерек көз жұмбасын.

“Қалай сүйді?”-бәлкім сенен деп сұрар,  
Талай сұрақ біртіндеп кеп көп шұбар.  
Кейуанам, жауап қайтар, өзіңді  
Менен артық сүйген адам жоқ шығар.

Саған арнап ән салғаным есте ме,  
Бітпейтұғын таңда, күндіз, кеште де.  
Бұл өмірді ұғатынмын өзің деп,  
Сенен басқа көрмедім мен ештеңе.



\*\*\*

Франция үстінде қалқып ұшып,  
Найзағайлы жаңбырды шалқып ішіп,  
Мен жүремін тірліктің төбесінде  
Күн нұрынан жамылып алтын ішік.

Шаңқай түсте ойнаса жасын кенет,  
Су-су болса керілген жасыл кенеп,  
Қарт досыңның жолдаған сәлемі бұл  
Саған деген сезімі басым демек.

Сырылдаса қарт кеуде бар үмітпен,  
Тарамыс қол қалтырап кәріліктен,  
Құлпытаста гүлімді түзетерсің,  
Шаң-тозаңнан қалармын арылып мен.

Өткен күндер мойнына тағар моншақ,  
Жарқыратып жақұтын жағар сол шақ.  
Құшақ жазып, қайтадан табысармыз  
Бір нүктеде кездесіп қалар болсақ.

### ЖҰМАҚТЫҢ КІЛТІ

– Қарбалас күн,  
мазамды әбден кетірдің,  
Жағамнан ап,  
шапалақпен бет ұрдың,—  
Деп жүргенде,  
жұмақ кілті, абайсыз  
Қалтасынан  
түсіп қалды Петрдің.

Жоқ түспеген,  
Марго сылқым ұрлаған,  
Кілт те қызық  
бір орнында тұрмаған.  
– Кілтті бер! – деп,  
апостолың сылқымға  
Жақындады  
бірте-бірте бір қадам.

Магометтер,  
еврейлер осында,  
Асығады  
жұмақтағы қосынға.  
Жұмағынның  
қақ төрінен дәмелі  
Нөкер жиған  
кәрі папа досын да.

Марго сылқым  
кілтті қалай ұрлаған?  
Кілт те қызық  
бір орнында тұрмаған.  
– Кілтті бер! – деп,  
апостолың сылқымға  
Жақындады  
бірте-бірте бір кадам.

Барар жолды  
елден бұрын есіткен,  
Иезуиттар  
қайтіп өткен тесіктен?  
Періштемен бір қатарда  
сап түзеп,  
Өз кезегін  
жатыр күтіп кешіккен.

Марго сылқым  
кілтті қалай ұрлаған?  
Кілт те қызық  
бір орнында тұрмаған.  
– Кілтті бер! – деп,  
апостолың сылқымға  
Жақындады  
бірте-бірте бір кадам.

Ақымақ түр  
есалаңдау бейнесі,  
Құдайыңа риза да емес  
кейде осы.  
Ойдағысын  
айта алмайды жеткізіп,  
Жыртылыпты  
кір-кір болған жейдесі.

Сұмпайы бір  
жүрісімен Жын келді,  
Көлеңкесі  
түн қойнына сіңген-ді.  
Ол сүйеді  
желкелерге мінгенді,  
Ұнатады  
өзін көзге ілгенді.

Марго сылқым  
кілтті қалай ұрлаған?  
Кілт те қызық  
бір орнында тұрмаған.  
– Кілтті бер! – деп,  
апостолың сылқымға  
Жақындады  
бірте-бірте бір қадам.

Жаратушым, ол да келді,  
көрдің бе,  
Тұлғасынан көрінбейді  
төр мүлде.  
Хабарлады  
жоқ қылғанын тамұқты,  
Шындықты айтып  
тұрғандығы анық-ты.

Марго сылқым  
кілтті қалай ұрлаған?  
Кілт те қызық  
бір орнында тұрмаған.  
– Кілтті бер! – деп,  
апостолың сылқымға  
Жақындады  
бірте-бірте бір қадам.

Жұмақта бір  
сауық-сайран басталды,  
Көз жұмасың,  
тындап қызық дастанды.  
Петр байғұс  
жалғыз қалды далада,  
Кім сүйеді  
қолда барын шашқанды?

Марго сылқым  
кілтті қалай ұрлаған?  
Кілт те қызық  
бір орнында тұрмаған.  
– Кілтті бер! – деп,  
апостолың сылқымға  
Жақындады  
бірте-бірте бір қадам.

### **ҚУҒЫНҒА ТҮСКЕН ЖАН**

Қуаныш қып жастық шағын  
Сауық-сайран кұрды қыздар.  
Көкжиектен қашты сағым,  
Әнге мойын бұрды қыздар.

Жайраңдаған күндер қандай,  
Алға қарай жетелеген.  
Қара мақпал түндер балдай,  
Ән әуелеп, жетеді өлең.

Әр жүректің дегені бар,  
Жазылады өз дастаны.  
Күшпен тамақ кенеді бар,  
Кенет бір қыз сөз бастады:

– Пайда болды бөтен адам  
Ауыл-үйдің арасында.  
Көрсем, қарап өтем оған,  
Құрбым, бірге барасың ба?

Сырына әлде қансақ па екен,  
Жатсынбау да-тәуір қылық.  
Бәлкім оны алсақ па екен,  
Ішке тартып бауыр қылып?

Ұмыттырар адамның  
жарлы күнін  
Біздің өлке  
қорғаны барлығының!

Әлдеқайдан бастау алып,  
Біздің елге ағады өзен.  
Толқыны ойлар тастауы анық,  
Басталады жаңа кезең.

Отырады бөтен адам  
Ой кірпішін мың қалатып.  
Аянышты өте маған  
Жүретіні мұңға батып.

Белгілі ғой ағылыстың  
Қай жаққа кеп тоқталары.  
Кеудедегі сағыныштың  
Жүрегіне шоқ қалары.

Көздеп жүрген болар шыңы,  
Бусана ма мұң шығымен?  
Көңілінің көгаршыны  
Хат тістей ме тұмсығымен?

Құса болып бөтен адам  
Туған елін еске алады.  
Жұпар алып жетеді оған  
Гүлді алқаптың кешкі алабы.

Күн сәулесі  
шашырап тарағанда,  
Тұрақ болар бұл өлке  
бар адамға!

Бақытты елді, баршаны да  
Көңілі анық қаламасы.  
Жолын тосып шаршады ма  
Сағынышпен жан анасы?

Танды ұйқысыз атыра ма,  
Себебі не, кінәлі кім?  
Ең жақыны шақыра ма  
Дәл түбінен құлағының?

Дұшпаны айтса тағы айыбын  
Жаны қалай ауырмасын?  
Болар, бөлкім, ағайыным,  
Болар, бөлкім, бауырласым?

Сол жат жерлік кездескенде,  
Шошымайык, үдермейік.  
Жалғыздыққа төзбес пенде,  
Енді еліне жібермейік.

Қуантатын жанарын  
қарағанның  
Менің өлкем  
панасы бар адамның!

Неге жаттан жасқанасыз,  
Ол да өзіндей жан емес пе?  
Жүрген шығар баспанасыз,  
Алданумен бар елеске?

Отаны үшін, өз елі үшін,  
Қанын талай шашқан сынды.  
Ол бақытсыз, сезеді ішім,  
Өткізген-ау бастан сынды.

Пендеміз ғой қатардағы,  
Жолаушымыз сапардағы.  
Жақын тартып, бауырға бас,  
Үйіңе ертіп апар-дағы.

Қаңбақ құсап ерген желге,  
Бақыт таппай жалпақ елден.  
Неге екені, көрген жерде  
Көзге жылы тарта берген.

Мейірленіп жаңбырға  
жатсын далам,  
Менің елім  
ешкімді жатсынбаған!

Соғыс болып кеше кеткен  
Көз алдымнан өтеді елес.  
Оққа кеуде төсеп өткен  
Бұл адамың бөтен емес.

Естігенім оқ тиіпті,  
Уақыт жазған жарасын да.  
Соғыс сырын көп түйіпті,  
Қан ұйыпты шарасында.

Соғыс атты сор қапталдан  
Ұйтқығанда дауыл керім.  
Қамқорлықпен қорғап қалған  
Франция жауынгерін.

Толқын қуған толғақтардан  
Әрең таптық жағамызды,  
Бұл адамың қорғап қалған  
Әкеміз бен ағамызды.

Мамығынан сипалап  
жатады аңды,  
Кеудесінен итерме  
жат адамды!

Жалғыздығың жараспайды,  
Жүре бермес жекеленіп.  
Бір-екі ай ғой, әрі аспайды.  
Үйімізге кетеді еніп.

Дәмді тағам керек оған,  
Ыстық буы бұрқып атып.  
Төсек салып берем оған  
Ақ мамығын бұрқыратып.

Ықыластың ұшағында  
Тұла бойын күш кереді.  
Тәтті ұйқының құшағында  
Елі жайлы түс көреді.

Туыс болып, несі бар, шын,  
Бар өмірін мәнді етерміз.  
Туған елін есіне алсын  
Өз тілінде әндетерміз.

Адамзаттың гүлденіп  
жатсын бағы,  
Менің елім  
ешкімді жатсынбады!”

## ҚАЙЫРЫМДЫ ПЕРІШТЕ

Тындама  
күрдастардың күр айтағын,  
Балалар,  
сендерге бір сыр айтамын.  
Періште Урғанда атты  
болған екен,  
Қарсы алған  
жақсылықпен шырай таңын.

Таяқшасын  
сикырлы сілтегенде,  
Жақсы өзгеріс  
болатын кілт әлемде.  
Жарқылдаған  
найзағай тынышталып,  
Айналатын қап-қара  
бұлт өлеңге.

Арман сыйлай білетін  
ұйқы ұрлаған  
Қайда сол бір таяқша  
сикырлаған?!

Асыл тастан  
безенген күймесі бар,  
Алтын, ақық жалатқан  
түймесі бар,  
Қоңырауы күмбірлеп,  
өткен кезде  
Бақыт пенен  
бар байлық үйге шұбар.

Жүзімдіктің алқабы  
алтын түспен  
Шараптарын шалқытқан  
жалқын күшпен.  
Адам біткен  
тоқтықтан қыж-қыж қайнап,  
Ісі болмай кетіпті  
салқын қыспен.



Мамыр келді сан рет  
майда леппен,  
Сол сиқырлы таяқша  
қайда кеткен?

Өкіл әке  
патша боп періштеге,  
(Әке болса патшамыз,  
теріс деме),  
Министрлер  
есепті мұқияттап,  
Үйір-үйір  
мал жүрді өрісте де.

Періште де  
есепке зейінді еді,  
Білмегендер жұмысын  
кейіндеді.  
Халық басты тоқтығын  
еңбекпенен,  
Шаруаға тіреліп  
бейіл-дені.

Орын қойсын  
босатып төрің мейлі,  
Таяқшалы періште  
көрінбейді!

Сот жарлығы  
әділдік ырғағында,  
Ел билігі  
тұрақты тұр бабында.  
Халық разы  
көңілмен қарсы алады,  
Шенеуніктер  
ат басын бұрғанында.

Зан баптары  
шеніңе қарамаған,  
Жемқорларды жазалар  
қара баған.

Аппақ туын  
көтеріп тыныштықтың  
Адал жандар  
ел ішін аралаған.

Түн қойнауын  
тұратын ай мекендеп,  
Сол күндерді сағынам  
қайда екен деп.

Ал патшамыз  
патшалық үлгісі еді,  
Саналы да, данышпан,  
білгіш еді.  
Ұстай алды  
өз басын дәрежемен,  
Жылымықта  
жететін жыл құсы еді.

Қанып ішті  
куаттың қайнарынан,  
Қорықты жауы  
айдынды айбарынан.  
Арыстанның жүрегін  
жұлып алып,  
Табылатын  
сайыстың сайларынан.

Биліктегі  
білектің күшіменен,  
Бейбіт күнді  
жататын құшып әлем.

Жоғалды да  
періште көз ұшында,  
Бұл өмірдің  
түскендей өзі сынға.  
“Сандырағы жаманның  
келер” деген  
Айналуда  
мәтелдің өзі шынға.

Толқындарын жайғанда  
теңіз келіп,  
Періштені жоғалған  
көп іздедік.  
Жақсарады замана  
деп армандап,  
Үкілеген үмітті  
тек үзбедік.

Жақсылықты жоғалту  
оңай болды,  
Ертегімнің аяғы  
солай болды.

### **ГҮЛ САТУШЫ МЕН ҚАБІР ҚАЗУШЫ**

Күрсінесің көз сүзіп, керегі не,  
Құр сезімің жарай ма қорегіме?  
Сенің жаққан алауың әр кеш сайын  
Жүрегіме жылылық береді ме?

Гүл сатамын, сұлулық сатамын мен,  
Жан бағамын жай ғана атағыммен.  
Сен жүргенде от жағып кара түнде,  
Бабын жасап гүлдердің жатамын мен.

Мынау сұлу гүлдердің аппағын-ай,  
Бас қосудан өзіңмен сақта, құдай!

Махаббаттың тырнағы қатты бүрген,  
Кезіккенде білініп жатты бірден.  
Маған артық сезімің қажет емес,  
Қолапайсыз қорқамын жат дүбірден.

Сезім толы сырыңды сезіп келем,  
Жолдарменен жүрсем-ші кезікпеген.  
Болмасам да сұңғыла, сұлумын мен  
Әліппесін жүректің ежіктеген.

Мынау сұлу гүлдердің аппағын-ай,  
Бас қосудан өзіңмен сақта, құдай!

Қайда барсам, соңымнан көп ересің,  
Сендік болсам, орнына не бересің?  
Жарлы өмірдің жұтандау тіршілігін  
Шұйдесінен ұстап ап, шөгересің.

Жертөлең бар ұқсаған қабір тамға,  
Бетіне айтсам мініңді шамырқанба.  
Гүл сатушы арудың арманы бар –  
Байлық – дәулет дейтұғын, таңырқанба.

Мынау сұлу гүлдердің аппағын-ай,  
Бас қосудан өзіңмен сақта, құдай!

Бүгін жерлеп жүресің дәулеттіні,  
Ертең өлсе, көмесің сәулеттіні.  
Сенің осы тамырлы таныстығың  
Қызықтырмас ешқандай әулеттіні.

Менің ортам-тек қана тірі адамдар,  
Тағдырынан нәпақа сұрағандар.  
Қуанғандар ішінде, мұңайғандар,  
Арасында аз десең жылаған бар.

Мынау сұлу гүлдердің аппағын-ай,  
Бас қосудан өзіңмен сақта, құдай!

Қанша ғұмыр сүрерін кім біледі,  
Төбемізде өйткені күн күледі.  
Қыздың жүрген ортасы Гүлстанда,  
Қабырстан болғанда ұлдың елі.

Сенің ырыс-ырзығың өлілерден,  
Қазылады қараңғы көрі бермен.  
Тірі адаммен ұмытып сөйлесуді,  
Қасқыр болып ұлисың бөрілермен.

Мынау сұлу гүлдердің аппағын-ай,  
Бас қосудан өзіңмен сақта, құдай!

## ЖАЙ АДАМДАРДЫҢ ҚҰДАЙЫ

Жақсылықты адамға құдай берген,  
Адам да бар көп нәрсе ұнай берген.  
Кеңістіктің ғаламы кеңшілікте  
Жер бетінде тірлікке шырай берген.

Мен көремін тек қана жақсылықты,  
Алға қарай жетелер басты үмітті.  
Тізгініне тірліктің дес бермеген  
Адамзаттың арманы-басты мықты.  
Жүрегіммен ризамын жаратқанға!

Тұрмысым да жұпыны, бай емеспін,  
Тұтқыны да болмадым жай елестің.  
Үміт қана тербетіп бесігінде,  
Көрген түсім жұбаныш осы күнде.

Барша адамға тілеумен ізгілікті,  
Қанағатқа бас идім қыз қылықты.  
Жақсы шырай танытсам бір адамға,  
Іздеп табар қуаныш бізді құтты.  
Жүрегіммен ризамын жаратқанға!

Қуыршақ құдай биліктің аспанында,  
Жарқ етеді, жоқ болып қас-қағымда.  
Ойыншық бақыт қолында бұлғандаған,  
Қиындықпен кездесіп, қашқанында.

Кім қалыпты шаң басқан сөрелерде,  
Не қызық бар уақытша төрелерде?  
Жете алмай тұр саусағы қолы ұзынның  
Өрістері ұзаған өрелерде.  
Жүрегіммен ризамын жаратқанға!

Мен тұрғанда Жеңістің қақпасында,  
Қадақ алтын өлшенді ат басында.  
Аяқ асты содан соң дауыл тұрды,  
Құм қалдырып адамзат жаппасында.

Қыс пен аяз, күлдіреп қол ісінген,  
Амандасып, қалғанбыз көрісуден.  
Өмірімді өзгеге бере алмаймын,  
Күрек ұстап, еңбектің тері сіңген.  
Жүрегіммен ризамын жаратқанға!

Ақырзаман боларын айтады көп,  
Қақпасына тәубаның қайтады кеп.  
Сор табады адамзат ниетінен,  
Бақ табарын ниетпен байқады көп.

Күнәлілер тозақтың есігінде,  
Есітеміз тағдырын осы күнде.  
Сәби көңіл әлдімен тербеледі  
Тіршіліктің тап-таза бесігінде.  
Жүрегіммен ризамын жаратқанға!

Ойламаймын жаратқан жарымес деп,  
Суға батсаң, ұсынбас жарым ескек.  
Қиындыққа жолықсаң түнілмегін,  
Бір сілтеме қолыңды бәрі кеш деп.

Қорқыныштан тазала жүрегіңді,  
Алқаптарда астығың түр егулі.  
Қолтығыңнан сүйейді жақындарың,  
Жаратқаннан іздесең тірегіңді,  
Жүрегіммен ризамын жаратқанға!

### ҚҰС БАЛАСЫ

Мойынға ілдім  
құмарлықтың шынжырын,  
Тербетеді көкірегім  
мұң жырын.  
Құстар ұшса,  
көкке қарап қалам мен,  
Ұшуды аңсап,  
текке өтіпті бір жылым.

Құс қанаты  
неге маған бітпеген?  
Армансыз боп  
өтер едім тіпте мен.  
Жерде жүрген  
пенделіктің қамытын,  
Тағдыр маған  
оп-оңай-ақ жүктеген.  
Шырқалғанмен  
жер бетінде қаншама ән,

Құсқа айналып  
кетуді мен аңсағам.

Филомела  
аманат қып тапсырған,  
Әуен көп қой  
мың сан күмбір жапсырған.  
Құс әуені,  
жетпейді оған ештеңе,  
Бар ғаламды  
бауырына қапсырған.

Құс әуені  
жер бетінде самғайды,  
Көкте ұшса да,  
қос қанаты талмайды.  
Құстар ғана  
өз тағдырын жасайтын,  
Құстар ғана  
барар жерін таңдайды.

Мен де талмай  
алыс жаққа жетер ме ем,  
Қалықтайтын  
құсқа айналып кетер ме ем?!

Егістіктер,  
құс әуені тербеткен,  
Құйылады  
әсем әуез жер-көктен.  
Табиғаттың  
даналығын қарашы,  
Өз арманды  
қанат қылып серметкен.

Құсқа айналсам,  
шырылдар ем тынбастан,  
Елтір еді  
әуезіме түнгі аспан.  
Қара мақпал  
қойнауына сүңгиді  
Жарық жұлдыз  
шыр айналып жымдасқан.

Мені өзіңмен,  
құстар, бірге ала бар,  
Сендерменен  
ілесуге шама бар.

Шалықтар ем,  
шартарапта шалқыр ем,  
Ұша алмаған  
қанаттының парқы кем.  
Егістіктер  
дөңгеленіп төменде,  
Жайнар еді  
тіршіліктің шартымен.

Жасыл түсті  
жаз жанарын жұмылтып,  
Шырыл қағып  
сайрар едім құбылтып.  
Менің өлкем  
ұя болып көрінер  
Теректері  
тербелгенде бүгін тік.

Бұрылыстар  
жасар едім күтпеген,  
Шіркін қанат,  
маған неге бітпеген?!

Саул патша  
қан төгісті ұмытқан,  
Әлдилесе  
құс тілімен тұнық таң.  
Мұндай сұлу  
әуездердің өрнегі  
Билеушінің  
жанын қалай жылытқан?

Тұтқын біткен  
өз Отанын еске алып,  
Жинар еді  
етек-жеңін, есті анық.



Құс сайраса,  
айтар оған жеткізіп  
Жүрмегенін  
бақытынан кеш қалып.

О, дариға,  
құс боп бір сәт ұшар ма ем,  
Бұлт бауырын  
армансыз кеп құшар ма ем?!

Құс әніне  
елтімес тек қатты адам,  
Шығып қарап  
тұрады олар қақпадан.  
Құс тағдыры  
қызықтырмас оларды,  
Арманына  
алаңсыз-ақ аттаған.

Садағын ап  
махаббаттың құдайы,  
Құйттай құсқа  
кезенеді ұдайы.  
Құс қалбаңдап,  
жер бауырлап ұшады,  
Қанатына  
оқ тиген-ау сыңайы.

Сол құс болсам  
шырыл қағып ішімнен,  
Ұшар едім  
ең ақырғы күшіммен!

### **СОҚЫР ҚАЙЫРШЫ**

Үй мен үйді  
аралап нан сұраған,  
Ақсаңдайды  
аяғы қансыраған.

Етігіне сүрініп  
қалды етегі,  
Жарықшақ үн  
тынбастан әндетеді:

– Періштелер көтерсін иініңді,  
Лақтыра сал,  
жақсылар, тиыныңды...—

Сөзін жерге тастамай  
барлығы да,  
Қайыршының  
көнеді “жарлығына”.

Бір құйттай қыз  
жанына ертіп алып,  
Аспабының ішегін  
шертіп анық,

Ауыл ішін  
аралап нан сұрайды,  
Еріккен ел  
кезбеден ән сұрайды.

Шерткен кезде  
добалдай саусақтары,  
Аспабының кетердей  
каусап бәрі.

Ешкім үйден  
тиынсыз шығармаған,  
Жан баласы  
мырза ғой ұғарда мән.

Қап-қара түн,  
қараңғы орман іші,  
Қайыршының  
бола ма қорғанышы?..

Шөпілдесіп  
әлдекім сүйіседі,  
Сүйіс емес,  
махаббат иісі еді.

Кім екен бұл?  
Айтуға қиын сұрақ,  
Жалбарынды қайыршы  
тиын сұрап.

– Бос жіберме кезбені,  
қатты ырым бар,  
Аз-кем ақша  
одан да лактырыңдар.

Қыздар сейіл құрғанда  
серуенде,  
Қайыршы да  
ілесер керуенге.

Сұлуларға тынбастан  
бақ тіледі,  
Қыздар салып  
қалтаға жатты нені?..

Сараң болу  
аруға жараса ма,  
Түседі олар  
аштыққа арашаға.

Көңілімен жүретін  
аспан алып,  
Әйел деген,  
шіркін-ай, басқа халық.

Қызған шақта  
алтын күз егістігі,  
Көрінеді көк жақтың  
кеңістігі.

Егіншілер ерінбей  
шеп құраған,  
Жандарынан қалмайды  
тек бір адам.

Қайыршы шал  
жүреді ақсандаған:  
– Керек, – деумен,–  
азғантай ақшаң маған.

Егіншілер  
қалтасын ақтарады,  
Кезбе шалың  
нәсібін ап барады.

Соғыстырса  
солдаттар саптыаяғын,  
Ақсаңдатып шал байғұс  
жатты аяғын.  
– Дәл сіздердей әскерде  
болғанмын, – деп  
Әңгіменің көсілтіп  
жатты аяғын.

Жаттығулар әскери  
оңай емес,  
Құр жіберу кезбені  
қолай емес.

Берген астан  
қарбыта асап қалып,  
Шал барады  
марқайып, масаттанып.

Әдебінің аспайды  
сызығынан,  
Тірліктің де  
құр қалмас қызығынан.

Молдау тиын  
біреулер жатты ұсынып,  
Шалдың әні  
құлаққа қатты сіңіп.

Жарықшақ үн,  
соқырдың үні шығар,  
Тағы молдау олжаны  
кім ұсынар?..

Тағы тиын  
қалтаңнан ал деменіз,  
Шал болмаса,  
жетпейді әлденеміз.

## СОҚҚЫДАН КЕЛЕР ӨЛІМ

Досым, айтар уәж бар ма,  
Сендерді сан алдадым.  
Барам деген думанға  
Жетпей жолда қалғаным.

Айта салған уәдеме  
Келтірмеңдер көп күмән,  
Мен тірімін, яғни  
Аманмын бір соққыдан.

Сүйгенменен өмірді  
Тағдыр шіркін дес бермей,  
Ғұмырынды қияды  
Арманыңды ескермей.

Іштім, жедім, жаратқан,  
Алғыс айтам саған мың.  
Мен өлгем жоқ, яғни  
Бір соққыдан аманмын.

Жан мәңгілік болмайды,  
Мен де бір күн көз жұмам.  
Артылады ап-ауыр  
Мойыныма өз күнәм.

Құтқармайды ондайда  
Достарыңның көптігі.  
Еленбестен қалады  
Жұлдызыңның шоқтығы.

Бой көтеріп тәтті үміт,  
Қол берерсің аптығып.  
Сұп-суық боп ұстасам,  
Қолдарыңды қыспасам-  
Қарсы алғаным соққыны.

## БАҚЫТТЫ ЖҮП

Естимісің, комиссар,  
Колен мырза сабап жатыр зайыбын,  
Өтеу үшін махаббаттың айыбын.  
Өрт басталып, сосын қайта сөнеді,  
Тербейді күн ескексіздің қайығын.

Колен ылғи Колеттаны сабайды,  
Жарын соқса, борышым деп санайды.  
Әйел жылап, қарғап-сілер күйеуін,  
Көкпеңбек боп, бет-ауызы қанайды.

Қатал байдың ұзын екен құрығы,  
Сартылдайды жарты құлаш сырығы.  
Жапырайған жертөледен шығады  
Махаббаттың ыңырсыған бір үні.

Колен мырза бұқадай боп семірген,  
Жұдырығы жеңіл емес темірден.  
Таң атпастан шаң-шұң ұрыс басталып,  
Мысық, тышқан бірін-бірі кемірген.

Төбелесе – махаббаттың әлегі,  
Басқа тілеп жүреді олар бәлені.  
Өрт басталып, жалындайды, сөнеді,  
Өте жұмбақ сезімдердің әлемі.

Кеш батқанда сырахана ішінде,  
Бір-біріне шын берілген пішінде,  
Отырады аймаласып, сүйісіп,  
Мұндай жұпты көресің тек түсінде.

Колен кейде басқа қызбен кетеді,  
Махаббаттың ілестірсе жетегі.  
Ал Колетта өзге жанмен сүйісіп,  
Күйеуіне қыр көрсетіп өтеді.

Сосын олар жүрер қайта жанасып,  
Ертеңіне бір ғажайып бал ашып.  
Бір-біріне көрсетеді ілтипат,  
Шын көңілін ақтарады таласып.

Тағы бүгін олар ұрыс бастасын,  
Балағаттан сөз жаудырып тастасын.  
Ертеңіне тез ұмытып кетеді  
Құмарлық пен от құшақтан басқасын.

## САЯСИ БАСПАНА

### I

Тағы жандар шөптен өрген күркесі,  
Аң терісі-үстіндегі күртесі.  
Өркениет елі келді сабылып,  
Неге үйінде отырмайды жұрт осы?

Бұл тайпаға топ-топ болып ағылып,  
Өркениет елі келді сабылып.  
Пана болар бір баспана сұрайды,  
Кеуделерде үміт оты жағылып.

Еуропа кеудесіне тепті ұлын,  
Кім біледі шын қадірін тектінің?  
Қуғын көрген жандар азып-тозыпты,  
Жүрегіне маза бермей кекті мұн.

Француздар жек көреді королін,  
Мылтығына тықпалаумен бар оғын.  
Бір кездері салтанаты тасыған  
Бұл ғаламның аралаумен әр елін.

Атақ шіркін апармайды әріге,  
Не боп кетті дүниеге, бәріне?  
Тоз-тоз болды тұнып тұрған тыныштық,  
Жаратқанның кезікті ме кәріне?

### II

Үн қосқанда бірінің бірі үніне,  
Пирамида лық толды діріліне.  
Альбион да айбынды айбатынан,  
Жарқын шақтың бітті енді жыры, міне.

Король деген ел даңқын ескере ме,  
Кемшілігін бетке айтса, дес бере ме?  
Босқындаған ел бүгін пана іздейді,  
Тағы жандар, келгенін хош көре ме?

Ыдырады осылай “көсем елі”,  
Туған жердің қалды артта неше белі?  
Өркенді елдің зиялы қауымы бұл,  
Жыртық шапан жан емес көшедегі.

Еуропа қуады текті ұлдарын,  
Қайда барып тығамыз кектің бәрін?  
Шыңыраудан шыңдарға жол іздеген  
Кім таба алар шам ұстап жоқтың барын?

Қызықтырмас алтын да, күміс тіптен,  
Іздегені баспана тыныштық пен.  
Қуғын көрген топ келді тағыларға  
Істері жоқ билікпен, ұлыстықпен.

Бір тағы адам сөйледі жөн білетін:  
“Жауап берер менің де келді ретім.  
Хош келдіңдер, тау, дала сендердікі,  
Бұл сөзімнің жөні жоқ сендіретін.

Ана таудың тұрындар қырқасында,  
Олар қалқан болады бұрқасында.  
Дала жатыр, оған кеп дамылданар,  
Мөлдіреген өзені тұр қасында.

Мынау кәрі еменің қасқияды,  
Жайқалады жанында жас қияғы.  
Біздің елдің шөбі де белуардан,  
Тұлпарлардың тарпысын тас тұяғы.

Орман, тоғай, тұрындар арасында,  
Шөп те, гүл де, құстар да- бәрі осында  
Мынау дала байлығы сендердікі,  
Асып тұрған ырысы шарасында.”

### III

Тағы дала төсінде  
Жаңа қала орнады.  
Жаздың әсем кешінде  
Шуылдады орманы.

Жайқалады егістік,  
Жайқалады тың дала.  
Жарқырайды жарық күн,  
Маужырайды түн ғана.



Су қаптады аңғарды,  
Тау қарсылап таңдарды.  
Бауырлады жабайы ел  
Босып келген жандарды.

Жайын көріп басқаның,  
Жаудырмады сұрақты ел.  
Алла, мұндай жандарға  
Таусылмайтын мұрат бер!

Егіс салды, үй соқты ел,  
Жиі жасап асарды.  
Қамқор қолдар тигесін,  
Жер де, шөп те жасарды.

Нәрестесін тербеткен  
Бақыт құшып жүрді ана.  
Жаңа ғұмыр басталды,  
Бой көтерді бір қала.

Қуаныш та, бақыт та  
Көп күтгірмес бір күні.  
Жаңа тағдыр бастады  
Жаңа қала тұрғыны.

Дәу еменнің жанына  
Бірі ат басын тіреді.  
Еменге ойып жазуды  
Сұрады іштей жүрегі.

Қылпылдаған пышағы  
Қабықтарға кіреді:  
“Атақ даңқтың жанында  
Қиындығы жүреді”.

Атақ пен даңқ көтерген  
Француздың ұрпағы,  
Не өсиет тастауды  
Ойланумен тұр тағы.

Адам болды босқын ел,  
Іздеп тауып жатақты.  
Аяу керек даңқ пенен,  
Аяу керек атақты!

## ТАБИҒАТ

Күрсінбеніз, жоқты ойлаумен, дұрысы,  
Келешектің кері кетсе бір ісі.  
Адамдардың соғысынан азса да,  
Табиғаттың таусылмайды ырысы.

Табиғатқа қастық жасау зор күнә,  
Қастандықтар қарайтады борды да.  
Қараңызшы, жер қайтадан түледі,  
Тау мен дала қайта келді орнына.

Жым-жырт дала бесік болып тербеген,  
Бауырында күс боп қанат сермеп ем.  
Сан көрсе де соғыс пенен шайқасты,  
Жайнап, жасап, түр мен түсін бермеген.

Жүзімдіктер алқабында жайнады,  
Арман күшты кең даланың аймағы.  
Өзен, көлдер жұлдыздарды жағады,  
Қолына ұстап дірілдеген айнаны.

Әйелдердің күлкісіндей бал шарап,  
Шарап жұтып балбырады шаршы алап.  
Үміттердің үкілерін бұлғады  
Биік жартас, шыңның басы, барша бақ.

Сел тасқыны сан өмірді ағызды,  
Алып кетті қарт пен сәби, абызды.  
Толқын келіп толқынына көмгенде  
Бал шұбатып, тамылжыған тамызды.

Батқан адам сабыр сақтап, байып қып,  
Жан сақтаған бақырашты қайық қып.  
Әулие біткен қолдайды оны, сенем мен  
Арпалыспай жан беруді айып қып.

Табиғат бұл күнгеі бар, бұлты бар,  
Күнгірт күннің ар жағында күн тұрар.  
Көлеңкеден мезі болған көңілің  
Кемпіркосақ тұрған тұсқа ұмтылар.

Кеме батқан мұхиттардың қабаты,  
Түгендейді батқан адам санатын.  
Өлген тәннің иесі ме деп қалам  
Шаңқылдаған шағаланың қанатын.

Сараң Этна есінеуге жақ ашты,  
Бір-ақ жұтып жоқ қылуға алашты.  
Толқын біткен көк жүзіне қол созып,  
Саусағымен ажал қармап, таласты.

Байғұс Этна, жағы талып, шаршады,  
Жанартаулар кетті ұмытып баршаны.  
Бейбіт күн кеп бауырына қысқанда  
Ақ тиіндер мекен еткен аршаны.

Айтпай келген апаттарды санама,  
Қара қанат құс қонғандай далама.  
Ажал демі тұмсығынан бу болып  
Бұрқырады анама да, балама.

Құс қанаты қайырылды, жеңілді,  
Әлсіз құстан қайтарғанмын кегімді.  
Махаббатым масатыға орады  
Әулетімді, ел мен жерді, тегімді.

Дүркін-дүркін өрт басталып бар елде,  
Корольдерің соғыс ашса корольге,  
Табиғаттың қан тамыры жарылды  
Естігенде жылау, жоқтау, сарынды.

Аталардың қаны кеппей жатқанда,  
Әке түсті ажал құрған қақпанға.  
Баласының басын шапты ақ семсер  
Күзгі жаңбыр сібірлеген ақ таңда.

Сілтеп-сілтеп, майырылды ұшы қылыштың,  
Тағы келді қуандырып тыныш күн.  
Шаршап-талған өмір қайта құлшынды,  
Ұлы тойы тойланумен ұлыстың.

Найзағайдың жарқылынан шошыма,  
Көктем келе жатыр деген осы да.  
Қызыл түсті раушан гүлін егейік  
Махаббат пен қуаныштың қосына.

Жасампаздық жанарынан жас тамған,  
Аласармас аспан түстес басты арман,  
Ғажайып бір тазалығы ғаламның  
Барлығы осы табиғаттан басталған.

Үміт күтіп болашақтан, ертеңнен,  
Бүршік көріп тұрқы нәзік өркеннен,  
Жанарында жұмбақ сыры жұмылған  
Табиғаттың тылсым сырын шертем мен.

### **ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚАСИЕТТІ БІРЛІГІ**

Жарық ғалам бауырым, туысым да,  
Бауырыңнан көңілің суысын ба?!  
Жер бетіне түседі ол, көрем сонда,  
Жұпар гүлді көтеріп жүреді ылғи,  
Алтындарды қысумен уысында.

Қамқор қолды бап іздер доғарып ән,  
Тулақ көңіл тірліктен көп арыған,  
Жарқын -жарқын дыбысы жан тербейтін  
Жүрегіңді еріксіз дірілдеткен  
Естиді ылғи бір үнді жоғарыдан:

“Ей, адамзат, несіне ірідіңдер?  
Бақыт сыйлап, жетеді ұлы күндер.  
Жаратушым бәріңді тең көреді,  
Бөлінгенді бөлтірік жеп кетпесін,  
Қасиетті одаққа бірігіңдер!

Жер жетпейді дегенге сенесің бе,  
Байлық көп қой қара жер белесінде  
Талас- тартыс шегіне жетті мүлдем  
Ұйқың, күлкің бекерге бұзылады,  
Бір жүзбесең бақыттың кемесінде!”

Еркіндігі адамның жүрегінде,  
Таянышы достардың тірегінде.  
Мұхит бізге байлығын тең бөледі,  
Топырағы таусылмас қара жердің,  
Егістікті болады бір егуге.

Көршілерге өрт қойма, қиын бекер,  
Жел соққанда өзіннің үйін кетер.  
Соқа жегіп алқапта ауылдаспен  
Ырзық үшін ерінбей еңбек етсең,  
Сыйлас адам төрінде сыйымды етер.

Қожайындар атақ пен билік іздеп,  
Өзгелерден өзіміз күйліміз деп,  
Қойдай тізіп алмасын бағындырып.  
Қой болудан қойшылық артығырақ,  
Сыйластықтан табасың сыйлық іздеп.

Билік барда заң біткен бұрмаланған,  
Әділдікті іздеңдер тұрған ардан.  
Біріксеңдер, оп -оңай шешіледі  
Тыныштық боп төрінде көсіледі  
Шынжырлары шындықтың шырмаланған.

Көңілдердің көрсетпей алалығын,  
Бір- біріңе сыйлаңдар лала гүлін.  
Біріккенде бар халық, бүлінеді  
Білігі жоқ биліктің қолындағы  
Үстемдігін жүргізген шала білім.

Кеуденді кер кеңірек, тыныстағын,  
Жаһаннамның көзбен шол мың ұшпағын.  
Бөлектенсең көңілің арықтайды,  
Жеке басқа бақ болып жарытпайды  
Өзгелерден оқшаулар күміс тағың.

Ән әдемі айтылса мың үнменен,  
Жарығы көп күн тұрса күлімдеген.  
Жеке қайғы, жеке сор, қасіретін,  
Оңашада төгілген көздің жасы  
Көп қолдаса қолтықтан, білінбеген.

Өз дәуірін құратын аз-ақ өктем  
Ел біріксе, патшадан маза кеткен.  
Татулығы жарасқан тірлігінде,  
Ұлы күші халықтың бірлігінде  
Мынау ұлы өмірді ғажап еткен.

Ауыздығын шешісіп ат терлесе,  
Елдің іші босқынды жат көрмесе.  
Оның асыл жүрегін бағалаумен,  
Жылы шырай танытып бейтанысқа,  
Шығатұғын орныңыз қақ төр десе.

Қуанышын жеткізер ұлы күндер,  
Бауырласқа данышпан білігін бер.  
Аппақ таңның шапағын бөлісуге,  
Керісуге емес тек, келісуге  
Бар құрлықтың адамы, бірігіндер!

### АҚҚАН ЖҰЛДЫЗДАР

– Жұлдыздар адамдарды жебейді екен,  
Сүрінсе, қолтығынан демейді екен.

Тағдырың жұлдызыңмен байланысты,  
Ақ қанат арман біткен айдан ұшты.

Сәуегей кеңес берер көмек үшін,  
Бақташы, сен бұл сөзге сенемісің?

– Бұл сөзге сенбегенде қайда барам,  
Жұлдызбен бір туады қайран адам.

Кім-кім де шырқай алмас әнін аса,  
Көктегі өз жұлдызын танымаса.

Жер мен көк бір-бірінсіз тұра ала ма?  
Жұмбақтау байланыс бар бұл арада.

– Аташым, мұны, бәлкім, сен білесің,  
Жасырам сауалымның енді несін?

Аспаннан жер бетіне қарап алып,  
Бір жұлдыз көз ұшында барады ағып.

– Бір адам өз ажалын құшты білем,  
Жұлдызы бірге ағып түсті білем.

Таусылмай қолындағы саптыаяғы,  
Қолынан кетті ме ұшып ақ таяғы?  
Тамыры енді қайтып соқпай қалған  
Жүрегім сол пендені қатты аяды...

– Ана жұлдыз бір сөніп, бір жанады,  
Сәуле шашып ерекше нұр жамалы.

– Қалыңдық қой алысқа кете барған,  
Әкем жақын тұрса деп етеді арман.

Шын сезімі артына қаратпады,  
Той жеткенше санады әр аптаны.

Құда жағы бас иіп сыйластықтан,  
Әке шіркін жылап тұр қимастықтан.

– Ал мынауысы, тұрғаны жанып-сөніп,  
Бірте-бірте барады анық семіп.

– Байбатшаның сәбиі шетінеді,  
Гүлмен жатыр көмкеріп бетін елі.

Жамылғыны жапты оған алтындаған,  
Берік ұстап елінің салтын да әман.

– Бұл жұлдыз да бірнеше жанып-сөнді,  
Бір сұмдық бар, жүрегім анық сенді.

– Өтпелі адам, өтті де кетті өмірден,  
Айта алмаған шындықты бетке бірден.

Аз ғұмырда мақтанды, мардымсыды,  
Бола алмады тосқауыл ардың сыны.

Өлгеніне адамдар сүйінді ме,  
Портретін лактырды үйіндіге.

Жер бетінің азайды мақтаншағы,  
Қалды ма екен артында жаққан шамы?  
Данышпандық елінің даналарын  
Мезі болған қалың ел қатты аңсады.

– Жанып тұрған бір жұлдыз сөнді кенет,  
Тағы адамзат баласы өлді, демек.

– Жүрегі асыл дәулетті жан бар еді,  
Кісілігі соншама заңғар еді.

Теріп-жейтін ырзығы түгесілді,  
Ұшты жаны жаһанға Күн есімді.

Кедей-кепшік жоқтады, зар жылады,  
Орнын іздеп жүреді әр жыл әлі.

Жыла, балам, шынайы жүрегінмен,  
Абайсызда айрылдың тірегіннен.  
Шапағатын сол жанның көрген сайын,  
Ғұмыр тілеп алладан жүр едім мен.

– Ана жұлдыз сөнді де, жарқырады,  
Үлгергем жоқ бағамдап артын әлі.

– Тағы қояр сұрағың жоқ па маған,  
Санай бермей жұлдызды тоқта, балам!  
Игі тілек тілесен елің үшін,  
Судан аман боласың, оттан аман.

Кеңістіктің жібермей еркі мені,  
Алдымызда талай сыр шертіледі.  
Ұлдарына тілесін ұзақ ғұмыр  
Азаттықтың арманшыл еркін елі.  
Жанып-сөнген жұлдызға ұқсамасын  
Елім деген ғаламат ер тілегі.

### **ДАУСЫ ҚАРЛЫҚҚАН ӘНШІ**

– Әнші, бізге қимадың ба бір әнді,  
Қапас көңіл бостандыққа сұранды.  
Қалықтатып қайыратын әуенің  
Елестетіп кетуші еді қыранды.

– Айта алмаспын, дауыс қалды қарлығып,  
Тербетпесін көңіліңді жарлы үміт.  
Суық жанбыр астында көп қалған ем,  
Қу өнешім жұтындырмай, талғады ем.

Білсеңіздер, бар мәселе көмейде,  
Ол сау болса, айтар әнді бөгей ме?  
Қанат ққан құсым көкке ұшпаса,  
Аз қиындық әкелмейді кедейге.



– Көктем келсе, құс сайрайды бағында,  
Бұлбұл болып сан отырдың тағында.  
– Бұлбұлдарға құрылатын тор дайын,  
Әуенімді қайда барып қорғайын?

Мен құс болсам, шырмайтұғын тұзақ көп,  
Жүрегіме содан түскен сызат көп.  
Ауырады тордағы құс тамағы,  
Қауырсыны жарақаттан қанады.

– Билік басын айтшы бізге ән қылып,  
Қайсысында депутаттың жанды үміт?  
Үкіметің ауыса ма, немесе  
Мінбесінде қонақтай ма мәңгілік?

– Олар шалқып сүреді өмір өрекіп,  
Ел жүреді нан мен суды қорек қып.  
Ақылсызға қона кетсе оңай бақ,  
Әнші қалай ауырмасын соны ойлап?

– Олай деме, тәубеңе кел біршама,  
Қанағат қой ел осылай тұрса да.  
-Қабілетің қалталыға тәуелді,  
Жетесізге жете алмайды құр шама.

– Тым болмаса шешендерден көсілші,  
Пакье, Симон тілі болып шешілші.  
– Қойшы соны, олардыкі еп қана,  
Нағыз шешен Цицерон ғой тек қана.

Таңдайы оның тақылдаса топта бір,  
Тыңдау үшін көбелек боп отқа кір.  
Даналықтың әркім өлшеп бір көрген  
Жыртық-жыртық жейдесінде жоқ па кір?

Қиналамын ән салғанда текке мен,  
Менің әнім көмейімде кептелген.  
Шындық десе тілді тарта алмадым,  
Биік қойдым одан Ардың талғамын.

Бекер, бекер әніді айттым Сор жылы,  
Із адасып қалған жері- тор жымы.  
Басым тиіп кетер ме екен бір күні,  
Қаны қатқан жендеттіктің қоржыны?!

## ҚАЙЫРЫМДЫ ҚҰДАЙ

Құдай тұрып ұйқыдан, шылым шекті,  
Терезенің алдына күлін септі.  
Іші пысты, теңселді ары-бері,  
Жалғыздықтың қайтадан мұңын шекті.  
Жер айналды үйінің бұрышында,  
Өзі солай жаратты дұрысында.

Тынбас тірлік, тынымсыз кетті аяңы,  
Тықылдады тірліктің көк таяғы.  
Құд-екеніз айналған жерге қарап,  
“Қозғалсам ба осыдан” деп қояды.  
Жаратқанның жасаған бар дүниесі,  
Қозғалатын тіріліп сәт таяды.

Адам қанша, алуан сан түстері,  
Маржан құсап тізілген бар тістері.  
Құдайыңыз қажыды адамдардан,  
“Шаршатты,-деп,-бітпейтін тартыс мені”.  
Күдік оның жанын жеп жатады шын,  
Қырқысты адам бақ пен даңқ, атақ үшін.  
Ерлер үшін әйел мен шарап берді,  
Оның арты не болды, қарап көрді.

Құдайыңның өз ісін бағамда да,  
Бағалы іске қоя бер бағанды ана.  
Жаратушы жаратты адамзатты,  
Соғысты ойлап тапқан тек адам ғана.  
Құдайдың да шайқастан шаршайтынын  
Бір сөзімде айтқанмын саған мана.

Патша өзін санады жарты құдай,  
Астамсыған көңілдің артығын-ай.  
Жаратушым оған тәж кигізгенде,  
Ойламады боларын арты бұлай.  
Алтын-күміс түскенде уысына,  
Шел байлаған көздердің жарқылын-ай.

Жеген асын шеңгелдеп асайтұғын,  
Өз халқына көп қысым жасайтұғын  
Билеушіні айнытпай танып алып,  
Түзетемін тәртіпке салып анық.

Басшыны емес, жөн білер данышпанын  
Уақыт жетсе, таниды әлі халық.

Дінбасылар уағыздап есімімді,  
Аластауға “қағады есігімді”.  
Жан иесі бір маған сиынады,  
Әділдікпен күтеді шешімімді.  
Не қаласа адамзат, соны бердім,  
Ар санадым бір сәтке кешігуді.

Діннің айтқан тыңдама жобаларын,  
О дүниенің кім білген не боларын.  
Күлсін адам, билесін, ішіп-жесін,  
Ұмытпасын тәубасын, тобаларын.  
Мынау саумал ғаламның нұрын ішсін,  
Ойламасын бір күні жоғаларын.

Ел санасын улайды дінбасылар,  
Аңқау елде арамза тұлғасы бар.  
Олар үшін жұмақты тарс жапқанмын,  
Жұмақ деген жер емес күнде ашылар.  
Адамзатты жаратқам бақыт үшін,  
Араласын берілген уақыт ішін.

Берілмесін адамдар қайғы-мұнға,  
Желкен керсін өзінің айдынында.  
Құстар қалқып ұшсын деп аспан бердім,  
Аппақ бұлттар қанатын жайды мұнда.  
Алқаптарға жемісті таптым ойлап,  
Өріс бердім шүйгінді тай-кұлынға.  
Тірі жанның барлығы міндетті енді  
Өміріне өздерін сай қылуға.

### ЕСКІ ЖАЛАУ

Достарымның майдандас  
бәрі осында,  
Іздеп тауып  
аламын арасында.  
Шарап ішіп отырып  
сырласқанда,  
Өміріміз толады  
жарасымға.

Сол бір соғыс  
келмесе қайта айналып,  
Мен ризамын  
тілім нан, қара суға.

Алсам дедім  
есемді ақпа күннен,  
Ашсам дедім  
қапастың қақпағын мен.  
Жеткізуге бұл күнге  
аман-есен  
Полк жалауын жоғалтпай,  
сақтадым мен.  
Соғыс салған  
қасірет жүрегімде,  
Қара түнде  
айтылды ол аппақ үнмен.

Полк жалауы –  
өткен күн жаңғырығы,  
Жастық шақтан  
жеткізер бар-ды мұны.  
Түсі оңған  
матадан естіледі  
Намыс даусы,  
рух демі, ардың үні.  
Жалау деген  
елдіктің белгісі ғой,  
Бәрі тегіс  
түсініп алды мұны.

Жиырма жыл!  
Жүрді ол тек жеңіс алып,  
Дұшпан жақтың  
шешілді кебісі анық.  
Жауынгер ме  
жалауды көтермеген,  
Алғы шепке  
шығады көбісі алып.  
Полк жалауын  
сақтаған қариямыз,  
Кеудесі жыр,  
көмейі ән, дені шабыт.

Елдің даңқын  
шығарған сен ғанасың,  
Батыр қылдың  
атаның бел баласын.  
Жауынгер ұл  
жалауын көтергенде,  
Қалайын деп қоштасып  
келді анашың.  
Тозық жетіп,  
шаң басқан күйінде де,  
Ешкім саған  
бермейді кем бағасын.

Жанары боп  
жарымның мөлдіредің,  
Жаулығы боп  
анамның желбіредің.  
Майдандастар  
қолына жалау ұстап,  
Жан қиғанын  
көздерім көрді менің.  
“Жалау болды жаныма”  
деген сөз бар,  
Қиындықсыз жеңісті  
көрді ме елім?!

Жауларына Отаным  
берді төрді,  
Кедергілер шырғалаң  
керді торды.  
Төгілген қан,  
шыққан жан есепте ме,  
Есептеме, қайтесің,  
орны толды.  
Тым-тырақай  
қашқанда дұшпанымыз,  
Жалау болды  
қуанып қысқанымыз.

Көктегі күн  
сәлемін жолдағанда,  
Ие болдық  
қуанып мол бағамға.

Жалаудағы  
бүркіт боп құс бейнесі  
Қуат берді  
қанатын қомдағанда.  
Бүркіті бар халықта  
еркіндік бар  
Егемендік әкелді  
ол маған да.

Бүркіт , бүркіт,  
онда рух өрлігі бар,  
Қанат қақса,  
баспайды төрді мұнар.  
Жалау менің  
кеудемде жүрек болды,  
Не кешкенін  
жүректің көрді бұлар.  
Арғымақтар ырғыды  
ту көтерген,  
Ат үстінен  
түсірмей ерді құлар.

Қанды жылдың  
жолдарда ізі кепті,  
Бейбіт өмір  
жасалды үзігі епті.  
Қара мұхит  
түбінен біздің Отан  
Желкен қылып  
жалауды жүзіп өтті.  
Жалап өтсе  
сыңар оқ жалауымды,  
Жүрегімді алдымен  
сызып өтті.

Ажал өрті  
ұйтқыса қарсаңдардан,  
Бейбітшілік керек деп  
жар салды арман.  
Енді жалау  
сандықта дамылдауда  
Құтылғасын  
әуре мен сарсаңдардан.

Адамдар да  
аңсаған күнге жетті,  
Бақыт нұры құйылып  
бар шамдардан.

Жалау барда  
менің де бітпес үнім,  
Сақтадым тек,  
шықпады түк те шығын.  
Кәрі қолым қалтырап  
жаза алмаймын  
Тозған тудың  
қыртысты бүктесінін.  
Рейн жақта  
тағы бір желбіретсем-  
Тербеткенім елімнің  
құт-бесігін.

Жалау менде,  
жанында мылтығым бар,  
Көруге оны  
тағы бір ұмтылыңдар.  
Көрген кезде  
жанарым жасаурайды,  
Ауырсынып жанымның  
тыртығын бар.  
Сүйіп тұрып жалауды  
ант беремін,  
Бүтіндеймін оқ тиген  
жыртығын бар.

Алғысымды айтамын  
тәңірге мың,  
Жүрегімді тәңір де  
таныр менің.  
Бір жапырақ матада  
тағдырым бар,  
Елді сүйсен,  
жалауын қадірлегін.  
Ертегідей  
елімнің келешегі  
Жігерімді қайтадан  
жаныр менің.

## ЕНДІ ТАНЫС ЕМЕСПІН

Қадірлі дос,  
алыссың жат елестен,  
Тек жақсылық күтемін  
зат еместен.  
Қызметіңнен  
түсті деп естігенмін,  
Әлде мен бе  
абайсыз қателескен?

Достық деген  
белгілі ұғым бар ма,  
Жек көремін  
батуды шығындарға.  
Кеше алдында  
бұлбұл боп сайрап едім,  
Бола алады  
бұлбұл да бүгін қарға.

Есеп керек  
әуелі дос боларда,  
Айналасың әйтпесе  
бос томарға.  
Ұйқы алдында  
барлығын есептеймін,  
Жастығымды  
басыма жастанарда.

Жақсы адамсың,  
мінің жоқ кісілікте,  
Кісіліктің толады  
түсі үмітке.  
Қызметің кешегі  
бүгінде жоқ,  
Тұрғаным жоқ  
себебін түсініп те.

Жасытпасын  
жасықтық сүйегінді,  
Босатпағын  
бекерге тиегінді.



Кездескенде қауқылдап  
күшақтаушы ем,  
Өте шықтым  
бір изеп иегімді,

Қорықпаспыз бірге алған  
батадан біз.  
Бейтаныспыз,  
біз енді жат адамбыз.  
Үшінші адам  
өзінді сөз еткенде,  
Немқұрайлы  
атынды атағанбыз.

Бірақ неткен  
мықтысың, сенімдісің,  
Сені көрсем  
қалтырар менің де ішім.  
Әлсіздігім  
алдыңда тәлтіректеп,  
Мойындайды белгісіз  
ненің күшін?..

Атақ-даңқың  
жететін бір басыңа,  
Тектіліктің  
теліндің сырғасына.  
Астыңдағы  
тағыңнан айрылғасын,  
Қызық болмай  
барасың құрдасына.

Атақ деген  
адамға ас бола ма,  
Айналмайды балбал да  
тас қолаға.  
Дүркіреген дәулеті  
сенің күнің  
Топырағы кеппеген  
жас молада.

Кездеспеспін,  
кездесем амандаспан,  
Мен өзімді үйреткем  
оған бастан.  
Оңбай орға құлаған  
қайта тұрмас,  
Ауырғандар жатады  
оңалмастан.

Бір жүргенде  
білмедің мәнін астың,  
Енді сені көргенде  
танымаспын.  
Ұшып кетті  
басыңнан бақыт құсы,  
Бір кездері  
талайдың бағын аштың,

Сызданады сырбаздық  
“сіз” десуге,  
Енді бізге  
болмайды жүздесуге.  
Сені орныңнан  
тайдырған басшыларын  
Достарыңның  
артынан із кесуде.

Түйсік жетпей  
тұрғанда саңылауда,  
Керек кезде  
болады танымауға.  
Қарсы келсең алдымнан,  
кілт бұрылам,  
Тасалайды  
талымен қалың аула.

Қызметтен босасан,  
бақ тайғаны,  
Тайғақ жолды  
табаның аттайды әні.  
Жанашырың азаяр,  
достарың да,  
Танымайтын адамдар  
қаптайды әлі.

## ШАБЫТТЫҢ ҚАШУЫ

*немесе сотқа алғашқы баруым*

Құрғыр шабыт, тасташы шатпағынды,  
Жаңа жарлық тағы бір атқа мінді.  
Мына әлемге сын көзбен қарадың деп,  
Билік басын сынауға жарадың деп,  
Сот залынан шақырту қағаз келді,  
Қалай шешіп босатам қақпанымды?

Махаббат пен даңқты мен жырламасам,  
Өмірімде бола ма бір ғана сән?  
Ән салмасам қалайша тауға шығам,  
Жыр жазбасам қалайша қырдан асам?  
Қаламыма осынша жабысар ма ең,  
Тексіздіктің тетігін тырнамасам?

Келемеждеп күліппін қоғамды мен,  
Билік пен заң, қарсымын оған мүлдем.  
Жоқ, мен байғұс шырылдап шындықты айттым,  
Рас деп айтар тыңдарман-көп алдымен.  
Тыныс жоқта кеуденің керегі не,  
Тіршілікке керек қой дем алдымен.

Гимн жаздым елімнің құрметіне,  
Шапалақ боп ол-дағы тұр бетіме.  
Ойлап едім қалар деп мұралыққа  
Келешектің ұрпағы-үрметіне.  
Соттан келген салқын сөз, суық қағаз  
Кіршілдеген пышақтай кірді етіме.

Сөзім үшін сот мені тұтқындайды,  
Түсем бе деп түрмеге жұттым қайғы.  
Заң орыны ақталу сөздерімді  
Жүре қарап, теріс кеп, тік тыңдайды.  
Қанаттарым қайрылды, тоқта, шабыт,  
Сот өртейді ақынды отқа салып.

Шабыт, шабыт, тоқтай тұр аз ғана күн,  
Жаза болып кесілді жазған әнім.  
Көк түтін боп булығып, күңірсідім,  
Оттығында қоғамның маздамадым.  
Дауысыңды дауылға қосар болсаң,  
Жоғалтады ырғақты саз да мәнін.

Азаптады иенді отқа салып,  
Сабыр етші, өтінем, тоқта, шабыт.  
Өз халқымды сүйем деп айтып едім,  
Көрсетті олар қойнынан көк тас алып.  
Тегеурінді термемді тоқтатпасам,  
Ашылады тозақтың қақпасы анық.

### ШАРАПТЫҢ ӘСЕРІ

Түрмедегі шараптың күші қандай,  
Тұла бойың кенеттен ысығандай,  
Әлсіз адам шарапқа тез берілер,  
Еске түсер қайдағы кездегілер,  
Төңіректің алмассың түсін аңдай,  
Қанат бітті, болмай тұр ұшып алмай.

Масаң күймен әлдене былжырадым,  
Бәлкім күлдім, артынан бір жыладым.  
Абайсызда шағарын білемін мен  
Қойныңдағы жылытқан сұр жыланың.  
Қапастағы ғұмырды аман болсам,  
Мәңгілікке өлмейтін жыр қыламын.

Құй, күзетші, шараптан, тағы бар ма,  
Шырпы керек кепкен от жағыларда.  
Жүрек шіркін сыймайды кеудемізге,  
Арнасынан өзенім ағылар ма?  
Мен шарапты іздеймін алдыменен,  
Қақпанына қапастың бағынарда.

Періште жүр түрменің ішінде де,  
Қасиеті қастерлі күшінде ме?  
Қалықтасын қиялдың ақ канаты,  
Босатпаймыз көңілдің құсын неге?  
Боз ат мінген боз тандар жеткен кезде,  
Бостандықты көремін түсімде де.

Кел, достарым, дауыспен ән құрайық,  
Құлақтардың құрышын қандырайық.  
Шарап та емес, шырқайтын әуен де емес,  
Шын ақынға көремін арды лайық.  
Қиындығы түрменің түкке тұрмас,  
Жаратушың тақпасын әр күні айып.

Мас боп қалсам, мақтармын бастығымды,  
Ойлар менен алыстап қашты мұнды.  
Бататыны жаныма түрме де емес,  
Жоғалтқаным соғыста жастығымды.  
Шарап менің босатып буынымды,  
Қиялымда бір еркін ашты күнді.

Бір саптыаяк, екеуі, үші кетті,  
Күн аңсаған көңілдің түсі кепті.  
Қалықтасын тағы деп армандадым,  
Ұшырдым да арманның құсын епті.  
Тізбегіме тізілген қосыл деумен  
Тырна біткен төбеден ұшып өтті.

Бір шишаға бір шиша қосылғанда,  
Үміт күттім қасымнан, досымнан да.  
Шарап ішсең шалқисың аз да болса,  
Тығырыққа тіреліп тосылғанда.  
Сырдың суы сирақтан келмей қалар  
Өшейінде шалшықтан шошынғанда.

Түс пе, өң бе, тап болдым бір елеске,  
Мені күтіп басқа өмір түр емес пе?  
Болмай қалды бостандық елінде мен,  
Туған үйге ат басын тірмеске.  
Туыстарым жадырап қауышады,  
Ал анау кім? Көршінің бірі емес пе?

Есті жидым, оралдым түрмеге мен,  
Орап алдым басымды бірдемемен.  
Сәл де болса бір үміт сыйлап кетті  
Түкпірінде көңілдің жүрген әлем.  
Мұңға батқан жандардың ортасында  
Түсіп қалдым ғажайып бір кемеден.

Жалқы сәтке қиялым шалды шынды,  
Алақаннан ұшырдым жан құсымды.  
Тіршіліктің жалғыз бір белгісіндей  
Ар жағында әйнектің қалды сүңгі.  
Қиялымды қиянға қиялатқан  
Шарап, саған айтамын алғысымды.

## САТҚЫН ІШІМДІК

Қыпша белі қылтиған,  
басы әдемі,  
Жаңғыртады көңілді  
жас әлемі.  
Ішіп салсаң,  
түсі оның мың құбылып,  
Ішпей қойсаң,  
бозарып қашады өңі.  
Ол сатқын ғой,  
сырыңды айтқызады,  
Ауырласа тал бойың,  
басады емі.

Көп сөйлеуге  
болмайды бұл арада,  
Бірдене айтсаң,  
түседі кім араға?  
Шарап беріп,  
сөйлетіп, сақшы аңдиды,  
Қадағалап  
күзетші мұнарада.  
Тәлтең қағып,  
өтірік мас болғансып,  
Тыңшылары түрменің  
тұрады ана.

Сатқын шиша  
осылай жетті бізге,  
Шиыр-шиыр  
түстік те кеттік ізге.  
Аңқауларын  
алынып аңдуларға,  
Судан құрғақ  
шығады ептіңіз де.  
Аузымызды жабамыз,  
ымдасамыз,  
Шыдам шегі  
созылып жетті күзге.

Тілге тиек  
қыламыз әлденені,  
У боп шығып  
жүрмесін бал дегені.  
Әлсіреген көңілім  
жантайғанда,  
Қолтығынан масаң үн-  
ән демеді.  
Жанымдағы досқа  
арақ ұсынамын,  
Тағы бір сәт  
қасымда қал дегелі.

Ішсек пе екен,  
әлде оны ішпесек пе?  
Жатқан жоқпыз  
онсыз да құс төсекте.  
Полицайлар кей кезде  
шарап тасыр,  
“Жақсылығы”  
кұрылған ішкі есепке.  
Жүректегі жаңғырық  
естілмесін,  
Жанартауды жабайық  
күштесек те.

Айтпа, досым,  
сырыңды еш адамға,  
Айналасың  
оп-оңай есалаңға.  
Осыменен  
ішуді тоқтатайық,  
Денің сауда,  
бас түгел, ес аманда.  
Артық сөйлеп,  
бөлеге ұшырасам,  
Сатқындығын шараптың  
кеше алам ба?!

## МЕНИҢ ДУМАНЫМ

Күлкі аптасы созылды бір аптаға,  
Күліп жүру бұл күні мұрат қана.  
Данышпан мен ақымақ бір мінгескен  
Лыпып тұрған көрдің бе пырақты ана?

Күлкі дәмін көрмедік татып көптен,  
Түрме ішінде түнекке батып кеткен.  
Базарында тірліктің күлкі даусын  
Тым арзанға кім екен сатып кеткен?

Тірлік қонды сыбызғы ішегіне,  
Тиегі оңай орнына түседі ме?  
Көңілдердің қанаты қалқып ұшты,  
Биіктеумен барады құс еліне,

Күлкі келді, ғұмырын ұзартыңдар,  
Күн кептесін арманның мұзартын бар.  
Алып қашып қалпағын қарияның,  
Қоржынына көршінің тұз артыңдар.

Тілмен түйреп әзілкеш әзілдеген,  
Жасырмады сұлу қыз назын менен.  
Құшақтасты үлкендер қауқылдасып,  
Шуылдайды балалар мәз үнменен.

Тағы не бар мейрамның үрдісінде,  
Түйе алмайды қабағын бір кісің де.  
Карнавалдың өзі емес, көлеңкесі  
Қабырғада, түрменің жүрді ішінде.

Биші біткен буыны былқылдады,  
Көздерінде бір ұшқын жылтылдады.  
Жігіттердің бұлқынып бұлшық еті,  
Әйелдердің бөксесі бұлтылдады.

Қыздар біткен гүл құсап майысқанда,  
Деп қаласың аспанға ай ұшқан ба,  
Ұшқан, қонған, қайтадан шыр айналған  
Жандар мықты боп шықты қайыстан да.



Шеңбер жасап тойшылар дөңгеледі,  
Қуанышы құшағын көмген еді.  
Бұл мейрамды күткелі көп болыпты,  
Біраз болды қызыққа шөлдегелі.

Әдемі әуен қандырды құлағымды,  
Бақыт деуге бола ма бұла күнді?  
Қауызында шаттығы дірілдеген  
Кімге барып ұсынсам мына гүлді?

Шын жүректен қуанып, шаттандым мен,  
Атқылады ақ булар аппақ үнмен.  
Сыңғырлаған дауысы шаршамайды  
Қоңырауды қаншама қаққаныңмен.

Көрдім бәрін алыстан, тым алыстан,  
Жаным рақат тапқандай жылы ағыстан.  
Зынданы бар астында зілмауырдай,  
Қорған жақты төбеден тұманы ұшқан.

Мереке ғой әр күнің еркіндеген,  
Бостандықта кіреді көркің деген.  
Білмей келсем қадірін, мұның бәрін  
Кештеу қалып ұққанмын бертінде мен.

Мерекеден мереке, тойла, халық,  
Армандарға жетіндер ойдағы анық.  
Бақыт деген бостандық, білемісің,  
Ұлы думан ішінен қойма қалып.

Тереңдіктің тынысы тыңаюда,  
Жабырқауға қақың жоқ, мұңаюға.  
Мына мейрам бәрінді желпіндірді,  
Салтанаттың сәні бар сыңайында.

Ағылшы елім, көшеңмен думан алып,  
Бала-шаға мәз болсын шулап анық.  
Маңайынан лайықты құрмет көрсін  
Бақытына елінің туған алып.

Масайраған аптаның мас қылғаны,  
Бал татыды ауызда астың дәмі.  
Мерекесін елімнің карап тұрып,  
Мен байғұстың көзіме жас тұңғаны!

Күнге ұқсасын көсемдер күлімдеген,  
Бүтіндігі елімнің бүлінбеген.  
Қапастағы ақынға қайғырмандар,  
Мен тойлайын жырыммен, тілімменен.

Келешектің ақтарып ақ парағын,  
Саған, елім, жанымды ақтарамын.  
Сендік сәттік бақытқа татымайды  
Ішіндегі қапастың қап-қара күн.

Қап-қара күн, білемін, ағарады.  
Күн келеді сүйсініп қарағалы.  
Сырнайдағы саздарым сырға тағар,  
Алдан күтіп тұрғанда ән аралы.

Қалқып ұшса Отанның байтақ әні.  
Қайырмасын кұстар да қайталады.  
Адамзаттың жайдары түрін көріп,  
Ақындардың жүрегі жай табады.

Қанды кешкен адамбыз, соғыс көрген,  
Андаусызда шықпасын кебіс төрден.  
Токшылыққа сендегі тоғаямын,  
Күнің келді, туған ел, жеміс терген.

Қалың түндер қалғыды тұнбасында,  
Көлеңкелер отырды күн қасында.  
Жұбатуын іздеген жұбаныш бар  
Жабық есік жылдардың жылғасында.

Жылдар жылап жатқанда жабық есік,  
Елім, саған тіледім тағы несіп.  
Жүрегімді қайық қып жетсем дедім,  
Естеліктен ертегі сағым есіп.

Шырғалаң күн шынжырға көндікпеген,  
Үмітім бар сендік той мендік деген.  
Тауысармын барлығын, қауышармын  
Ғаламдағы жазира ендікпенен.

Тойлауда ел. Жүрегім қуанады,  
Қапсырады қуысты шуақ әлі.  
Мерекеде аңқылдап арда көңіл,  
Кеңістіктің көңілді туады әні.

Елім жайлы тіліммен кестеледім,  
Бұдан артық мәні жоқ ештеңенің.  
Ардақ тұтар алашын ақынының  
Бәрі жаттап алады есті өлеңін.

Тойла, халық, тойлауды қойма халық,  
Қазынаңыз лық толсын қоймаға нық.  
Тойды айтқанда тоқтайтын ақын бар ма,  
Арғы жағын тағы да ойланалық.

### **ЛИЗАНЫҢ АҚЫЛЫ**

Біздің Лиза қызық қой бала сынды,  
Өз-өзінен отырып данасынды:  
– Мырза, көшсең қайтеді ән айтуға,  
Жазғыштармен қайтесің таласуды.

Ән салудың әдемі қайырмасы,  
Ортақ болар өнердің байырғы асы.  
Ән салдың не, немесе жыр жаздың не,  
Бір-бірінен бар ма екен айырмасы?

Тыңдаған ел тастайды тиын саған,  
Жып-жылы ұя болады үйің саған.  
Ешкім әннің астарын тексермейді,  
Қойылмайды, қанша айтсаң, тыйым саған.

Махаббаттың құйқылжып сан ырғағы,  
Әуеніңе елітер тәңір-дағы.  
Дүниенің тербеліп айналады,  
Қан соғады бүлкілдеп тамырдағы.

Баласың ба, білмеймін, данасың ба,  
Ұмтылмайсың байлармен жанасуға.  
Оңай болмас Сіздейге бақыт табу  
Жалғыздықтың құпия қаласында.

Тым болмаса досыңды мақтамадың,  
Содан болар ешкімге жақпағаның?  
Қолтығына бір шиша шарап қысып,  
Көрер едің есіктен аттағанын.

Неге керек пайдасыз құр шатпағың,  
Тиын болмас жинақтап тұрсақ бәрін.  
Ақындықтан әншілік қызықтырақ,  
Көрмеймісің басқа да мүрсат барын?

Шабытыңның шалқары шалқымасын,  
Мықты келіп мытыса, малтығасың.  
Күштілердің тізесі батар болса,  
Келе алмассың қайтадан қалпыңа шын.

Шындықты айту жөн бе еді шырғалаңда,  
Байлық құрып үстемдік тұр ғаламда.  
Кикілжіңнің көкесі сөз іздейді,  
Мойынын ешкім өзіне бұрмағанда.

Әнмен ақтар жаныңды ақтарғасын,  
Ағыстардың ағытып қатты арнасын.  
Пәуескесі пейілдің пұл тиейді,  
Алтын таққан шұлғиды аттар басын.

Мырза, таста өленді, таста бәрін,  
Әншілікті жөн болар бастағаның.  
Сен шеккенде азапты, қатты аяймын,  
Ақылым жоқ басқа айтар, қашты амалым.

Іздегенің табылар байлық барда,  
Шайып ішер шырай бар шайлықтарда.  
Қадау жолдың барлығы бір емес пе,  
Мың сүрлеудің ішінен соқпақ тапсаң,  
Құтыласың азаптан айрықтарда.

Лиза біздің не деген данышпан-ды,  
Жөн көрмейді ешкімнен қалысқанды.  
Шығарып жүр осылай көптен өнер,  
Кім ақылын өзгеге текке берер?

### **КОРОЛЬ БОЛСАМ МЕН ЕГЕР**

Король болсам егер мен –  
сұлу саздың королі,  
Сыбызғының шектерін  
жылатар ем әуелі.  
“Қолымдағы билігім, –  
деді маған бір мықты,

Құшағына қаусырып  
әкете алмас құрлықты,  
Ойнағанда ғаламда  
қас өнердің әуені”.

Мен онсыз да білемін,  
менің әнім айбынды,  
Дауыл қылып кетеді ол  
тынып тұрған жай күнді.  
Король болсам мен егер  
аса таяқ ұстаған,  
Дірілдесем, алтын тәж  
берер еді күш маған,  
Ұлы мақсат жолында  
ұмытар ем қайғымды!

Мен өмірді жырладым  
жүрегімді құлаштап,  
Сондықтан да тапжылмай  
тұғырым тұр тым асқақ.  
Соғыс емес,  
елімді сазға бөлеп кетер ем,  
Ең бір ұлы жеңіске  
махаббатпен жетер ем,  
Ал корольге керегі,  
білесіз ғой, мың аспап.

### ҮСТЕЛ БАСЫНДАҒЫ ОН ҮШ

Үстелдің басындамыз он үшіміз,  
Қиын сан, жақындамас жеңісіңіз.  
Он үшті көрген кезде дірілдейді  
Жамандық хабар күтіп ел ішіңіз.  
Сілтідей тынып қалып, ас жемедік,  
Тіреліп тұрғанымен жемісіңіз.

Сау болсақ ырзық берер әр күн әлі,  
Өмірдің санда да емес шарты, мәні.  
Кенеттен есік ашып, күн сияқты  
Дидары бір сұлудың жарқырады.  
Әйелдің бойындағы сұлулықтан  
Тірлікте қандай нәрсе артылады?!

Жұпардың иісі аңқыды бөлме ішіне,  
Жаздағы құлпырған гүл келді есіме.  
Телміріп ел қарады естен танып,  
Сенгендей ай мен күннің сөнбесіне.  
Қолында сәбиі бар құндақтаған,  
Болмай тұр өбек қағып төнбесіне.

“Бұрылып тыңдаңдаршы тегіс бермен,  
Бекерге бас тартпаңдар көп істерден.  
Көргендей әзірейіл, үрей ұшып,  
Несіне қорқасыңдар он үштерден?  
Жаныңды жаһаннамға жақындатып,  
Толғақты көргендейсің теріс келген.

Аспанның қызы деген есімім бар,  
Жеткізем жер бетіне шешімімді әр.  
Үкілі Үміт-менің үлкен әпкем,  
Боранда тіремейді есігін қар.  
Адамда әлсіздік көп пендеге тән,  
Оларға бірақ көктен кешірім бар.

Түрменің қапас демін жұттыңдар ма,  
Сыйлаймын бостандықты тұтқындарға.  
Қанатын қыран құстың байлап кетем  
Құрт болып жүргендерге жықпылдарда.  
Айналып құмырсқаға кетіпсіндер,  
Арманның аппақ туын жықтыңдар ма?

Қанат та ұшырмайды көкке адамды,  
Жігер мен рух жасайды көп қадамды.  
Адамдар жерде жүріп шырқаған ғой  
Жеті қат көк жүзіне жеткен әнді.  
Жүріңдер, жүгіріндер, ұмтылыңдар,  
Жасаған жаратпайды тоқтағанды.

Адамдар көп қой көкке ұша білген,  
Соларды құшағыма қысамын мен.  
Жан біткен бақытты өмір сүру керек  
Бойдағы тәңір берген күш-ағынмен.  
Бір белгі қалмасына сеніңіздер  
Күл болып желге ұшатын құса күннен.

Түс көрсен таң алдында, тәттірегін,  
Шешуін сол бір түстің ап кіремін.  
Құлшынған елді көрсем жер бетінен,  
Шаттықтан шырайланып жатты реңім.  
Жылдарды сыйға тартып кетсем деймін,  
Онда да тәуірлеуін, сәттірегін”.

Деді де жоқ болды әйел көзімізден,  
Өзіміз аң-таң қалдық өзімізден.  
Ол әйел кеткенімен, ұмытылмай,  
Жүректе қала берді сөзі бізбен.  
Жібекті жамылғандай масайрадық,  
Жүрсек те көнетоздау бөзімізбен.

Қорқуға болмас енді ештеңеден,  
Қашпаймын ырымдардан сескене мен.  
Сыйлаған көктің жерге өмір жыры  
Түлесін бесігінде бес бөлеген.  
Үрейлі күндіз келген үркулерің  
Қашады басын алып кешке менен.

Бірі ғой он үш саны-жай сандардың,  
Өлімді ойламаймын, қайсарландым.  
Адамның ажалды ойлау-пенделігі,  
Ерлігі өмір сүру-жайсандардың.  
Жүргенде желеп-жебеп көкте бізді  
Жетеміз барлығына қайсы арманның?

Үстелді он үшіміз жағалаған,  
Жаңадан тағы, тағы таба алады ән.  
Бар кезде үміт, сенім, тіршілікті  
Арзандау адам неге бағалаған?  
Жылтырап жан кеудеңде тұрған кезде  
Келеді бір жақсы ойлар қамалаған.  
Жамандық әкелер деп он үш саны  
Сияқты айта салған ана надан.

## **НЕКЕ КӨЙЛЕГІ**

Керегі не  
сыралғылау машықтың,  
Алшы түсіп  
тұрғанында асықтың.

Бай күйеудің  
уыстарсың табысын,  
Сабын ұстап  
бал құйылған қасықтың.

Айырып ап  
әкетсе да барымнан,  
Бақтың гүлін  
кызғанам ба жарыңнан?  
Жүрегімнің  
аптығын да басармын,  
Кең дүниенің  
аясында тарылған.

Оранарсын  
үлдеге де, бүлдеге,  
Шын қаласаң  
жете аласың жұлдеге.  
Таңдар келсе  
шалқып өмір сүрерсің,  
Ал түн келсе,  
айналарсың сұлдеге.

Жүрегіңнің  
жабығынан жел кіріп,  
Жан жарынды  
пәктігіңе сендіріп,  
Көлеңкесі  
көбейгенде кеуденнің,  
Елесімді  
ала көрме ендіріп.

Қош бол, жаным,  
бақытты бол, қош енді,  
Мен айналып  
өтіп жүрем көшенді.  
Менің кеудем,  
сен қызыққа батқанда,  
Жабығудың  
жамылғысын төсенді



Ақ көйлегің  
желбіресін желменен,  
Жаңа күнді  
тойла күліп елменен.  
Сенің осы  
салтанатты сәніңді  
Жоқ қылсам-шы!  
Оған әлім келмеген.

Алдындағы  
басқа өмірді түсініп,  
Гүлдестенді  
сіңіліңе ұсынып,  
Тойдан кейін  
киіміңді шешерсің,  
Күйеуіңнің алдында  
сәл қысылып.

Жадырайды көктем болып  
көкте күн,  
Жел боп келер  
кұлағыңа жеткен үн.  
Түгендейсің киіміңді,  
біреуін  
Менде ұмытып,  
тастап кеткен жоқ па едің?

Түн келеді,  
махаббаттың бал түні,  
Жүректердің  
ағытылар алқымы.  
Қалғымаған  
қара түннің ішінде  
Жарқылдайды  
жанарыңның жалтылы.

Серпіл, жаным,  
бәрін ұмыт, сілкін де,  
Жете алмаған  
арулар бар бұл күнге.  
Қауыз жарып,  
алаулаған сезімнің  
Тағы да бір  
гүл жаруы мүмкін бе?

Жарың жүрер  
жалған күліп, мақтанып,  
Ал ішінен  
жарылуға шақ қалып.  
Махаббаттың  
періштесі алдында  
Сен жыларсың  
үнсіз ғана ақталып.

Махаббаттың  
періштесі алдында  
Айтатұғын  
сөз таба алмай қалдың ба?  
Бал күндердің  
басы айналған бейнесі  
Аунап-қунап  
жатыр әлі шалғында.

Бал күндердің  
басы айналған бейнесі,  
Сен боп көзге  
елестейді кейде осы.  
Қайта айналып  
келер деумен оралып,  
Үмітімнің  
тозбай қойды жейдесі.

### **ҚЫМБАТ ӘРІ АРЗАН БАСЫЛЫМ**

Жалғандықты білмейтін, бұланды да  
Қалай менің әндерім? Ұнамды ма?  
Ол қаласа інінен шығарады  
Жылы-жылы сөйлесе, жыланды да.  
Тыңдарманның жанына жаққан әуен  
Сыншылардың көзіне күмәнды да.

Кіші көлем? Ол маған жараспаған,  
Үлкен көлем? Сізде әлі қараспаған.  
Бәлкім титтей кітапша шығарармыз,  
Көлемінен тырнақтың әрі аспаған.  
Оны күтіп тұрған жоқ бәрібір де  
Алыстағы ауыл, ел, бар астанаң.

Қайда кеткен, апыр-ау, жанашырлар,  
Жырттып жатыр бетімді жалашылдар.  
Аңқылдаған ақынның жанындағы  
Мына сырлар жақпайды, ана сырлар.  
Қолды қойып төбеме кетсем дедім,  
Кезуменен елімнің даласын бар.

“Қайда ұмтылып, барасың, қайда тағы,  
Қандай жігер жаныңды жайнатады?  
Күрес үні сендегі тынбайтұғын  
Біле білсең, қанымды қайнатады!  
Мерт болатын арыстан емеспісің  
Ұмтылам деп жүргенде айға тағы?”

“Көпшік қойып мақтадық қаншамыз кеп,  
Жүрген екен атақ пен мансап іздеп.  
Жоқ қылуға болады мұндайларды,  
Құрту жағын мойынға алсаңыз”-деп,  
Бірі тартты төменге, бірі төрге,  
Арасында олардың алшақ із көп.

Тұрып кетіп, етегін қаққылаған  
Жат көрініп мылжыңдар жатты маған.  
Файбаттаудан құлағы мезі болған  
Әуендейді аспанға сакқұлақ ән.  
Аласы да, бересі жоқ біреуге  
Менің жүдеу сәттерім қатты ұнаған.

Неге менің кітабым шағын ғана,  
Өз ағысы болады ағында да.  
Кең даланың кеңпейіл кеңдігінен  
Жерітпеген құланын қағында да.  
Өлшемеңіз өлеңді көлемімен,  
Бағасымен байлықты бағымдама.

Көресіні көрдім-ау көресіден,  
Аса алмады адамдар өресінен.  
Бәлкім біреу еске алып мені іздейді,  
Тауып алып кенеттен сөресінен.  
Уақыт деген таразы безбенінде,  
Әділдікті іздеймін төрешіден.

Атақ, даңқ кеп шуылдар, тынышталар,  
Құм астына көміліп күміс қалар.  
Мен де бір күн сөнермін, жай табармын,  
Сенің-дағы жүрегін тынышталар.  
Басқа адамдар кіреді ұрысқа бар,  
Өтер, өтер барлығы дұрысталар.  
Шағын бетке сыймаған өлеңімдей  
Қынабына кіре алмай қылыш қалар.

Жаңғырықтың дауысы жоғалады,  
Гүл өсіріп көктемнің көк алаңы.  
Ақын барын ұмытар, баспа барын  
Ол өмірдің өзгеше жоқ алаңы.  
Құйттай күнге сыймаған үлкен жарық  
Үнсіз азап тек қана шеге алады.

Ақын барын ұмытып, баспа барын,  
Барын салып бағады басқаларың.  
Түу дегенде желге ұшып түкірігі,  
Жайсаңдар мен жүреді қасқаларың.  
Анда-санда найзағай жарқ етеді,  
Өлмейтұғын ол менің асқақ арым.

### **ФРАНЦИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ**

Сенемін балгер менен баксыларға,  
Сейілтпей сенімімді тас қыларда.  
Елімнің болашағын білсем деген  
Білсеңіз қызығу бар жақсыларда.

Көріпкел болжап берсе келешекті,  
Ертеңің ертегідей елесі епті.  
Тылсымнан суыртпақтап сыр шығарып,  
Сөйлетер сылқылдатып көне шекті.

Бөленген бір кездегі бақ нұрына,  
Оранған салтанаттың сан қырына,  
Балгерге айнасы бар бал аштырдым  
Отанның талқыдағы тағдырына.

Көрсетті айна маған бәрін анық,  
Жиырмасыншы ғасыр тұр жарық алып.  
Парижді басып алған қалың әскер,  
Қаланы ойсыратты барып алып.

Барлығы Бурбондардың билігінде,  
Миғұла жетсем дейді сыйлы күнге.  
Халықты сарсылдырды сан қилы апат,  
Тозыпты тулақ болып шүйгінің де.

Сағым боп бостандықтың елесі бар,  
Жылбыскы жауды тағы келесі қар.  
Бастары біреулердің бұлдырады,  
Көлеңке көлбең етті-дене шығар.

Тырсылдап тыныштығың тыңшылардан,  
Сырылдап қалды байғұс сыршыл арман.  
Бурбондар білегімен кеш батырып,  
Күшімен тізесінің күн шығарған.

Қалтқысын шенеуніктер лақтырады,  
Лақтырса, түскен жемін ап тұрады.  
Алқымнан ашкөздігі ала кетсе,  
Кірпігін қарсыластың қақтырады.

Тірлігі уақтардың ұсақ еді,  
Жемтігін жібермей тұр күшақ елі.  
Еркіндік елең еге қалған кезде,  
Шонжарың шынжыр тастап, “Тұса!” деді.

Зауыттың көлбеңдесе көк түтіні,  
Демігіп дағдарыстың жетті түні.  
Торсығы төзімдердің шайқалумен,  
Ажырап тоз-тоз болып кетті тіні.

Шырайың шыр айналып қашқан елден,  
Мәйіттер сіреседі аштан өлген.  
Ат мініп генералың өткен кезде,  
Келгендей көрінеді басқа әлемнен.

Суреттер қозғалғанда сырғып ағып,  
Ертеңді көзбен көріп тұрдым анық.  
Айнада алақандай байтақ елдің  
Таңбасы тағдырының жүрді қалып.  
Қағады бурбондықтар даңғыраны,  
Қайран бас даңғырынан қаңғырады.  
Кеуденің жыртық жүрек жамауында  
Жартысы жаһаннамның жаңғырады.

Сыртынан таңсық болып қарағанда,  
Қызықты көрінеді әр адамға.  
Француз корольдігін бурбондықтар  
Жіберді сиғызып- ақ барабанға.

### САЙТАННЫҢ ӨЛІМІ

Тындады да әулие Игнатий көк үнін,  
Сайтандардың ойлап тапты өлімін,  
Сайтандардың сапалағы шошытқан  
Бұл онсыз да арманы еді көбінің.

Осы әулиенің әдемі еді әзілі,  
Әзіл деген тіршіліктің қазығы.  
Күлдіруге бәрі, әрине, шебер-ақ,  
Тек Игнатий бола алмайды жазығы.

Әзілімен сайтанға өлім күштырды,  
Ажал келді, таяқ ұстап ысқырды.  
Сайтандықтың арбауынан құтылған  
Аспанында қалықтаумен құс тұрды.

Әулие ішіп отырғанда түскі асын,  
Сайтан келді бойын жыны қысқасын.  
“Бүгін, әулие, ас ішейік бірге”, – деп,  
Қасықтардың бірін қолға ұстасын.

Әулие отырды үндеместен жақ таяп,  
Сұмпайының сорлылығын қатты аяп.  
Ыдысына үстемелеп ас салды,  
Ұсынды оған у құйылған саптыаяқ.

Сайтан ішті, шалқалады, құлады,  
Естімеді ештеңені құлағы.  
Маңдайынан баданадай тер шықты,  
Қайда кеткен түлкі құйрық бұлаңы?..

Билік өлді, қазынасы шашылды,  
Тиындары табандарға басылды.  
“Ешкім қаржы бермейді, – деп, – көмуге”,  
Монах біткен артын ойлап ашынды.

Сайтан өлді, басқа әлемге көшкелі,  
Қалың емес астындағы бөстегі.  
Әкелерін жоғалтқандай ардақты,  
Жиналып кеп, барлығы да “Хош!” деді.

Аярлықтан қырып тапқан пайданы,  
Сайтан кетті, сұлбасы оның айда әні.  
Қызметін кім алады мойнына,  
Құрығаны, келер болса қайдағы!

Керек емес кеңістіктің кеңдігі,  
Сайтан сепкен ырыс қайда ендігі?  
Алақаннан шығып кетіп барады,  
Билік пен тақ, көзге түсіп кемдігі.

Құдай кетер көтеріліп көкке енді,  
Ол сыйлайды адамзатқа көктемді.  
Құдайыңды басатұғын бір нәрсе,  
Шыныменен бұл ғаламда жоқ па енді?

Таң қалдырып босып кеткен баршанды,  
Күтіп тұрып қобалжыған қарсаңды,  
“Мен сайтанның қызметін алам!” деп  
Әулие Игнатий ел ішіне жар салды:

“Сайтан елді қорқытқан жоқ оншама,  
Бейшараға қайдан келсін ол шама!  
Мен халықты дірілдетіп ұстаймын,  
Басы темір, жүрегі тас болса да!

Пайда табам сан тараудан тоғысқан,  
Кісі өлтіру, ұрлықтар мен соғыстан.  
Құдайың да бзден мезі болады,  
Құдайлыққа қажеттігі-көп ұстам.

Бізге ұнайды құдайына жақпасы,  
Ашылады байлық, рақат қақпасы.  
Дірілдетіп жер үстімен жүргенде,  
Табанымда еріп жатар ақ тасы.

Қоғам шулар, жасар болжам, тағы ырым,  
Тұтқиылда тану үшін тәңірін.  
“Неткен айбат, неткен айбын десеңші!”  
Сүс болатын іздегені бәрінің.

“Тілегімді бердің тағы, жасаған,  
Керегі де біздер үшін осы адам.  
Тобыр шулап, қолын созған теңдіктің  
Табанына тас байлайтын тасадан”.

Дауылды күн дамыл таппай бұрқады,  
Періштелер ұялғаннан шырқады.  
Сайтан кетті, әулие келді орнына,  
Сорлы қоғам өзгерместен тұр тағы.

Алтындатқан көтере алмай алқасын,  
Қанағаттың толтыра алмай қалтасын,  
Аш өзегі алқымында үзіліп  
Сорып жатыр сорлы қоғам малтасын.

### **АҢШЫ МЕН ШАРУА ҚЫЗ**

Көктем келді.  
Қарлығаштар қалқыды,  
Жастық шақтың  
ағытылды алқымы.  
Жарылқайтын  
жайнап жаз да келеді,  
Күн көзіне  
шағылысып алтыны.

– Құрбым, бірге  
барайықшы тоғайға,  
Тоғандарда  
жаркырайды көп айна.  
Табиғаттың  
келбетіне қанайық,  
Көктем келсе,  
үйде отыру оңай ма?

Көбелек пе,  
қанаты бар ұшты не?  
Сұлулығың  
тіл бітірер күштіге.  
Гүл дестесін  
теріп алып тоғайдан,  
Әкеп қоям  
аяғыңның үстіне.



Тізендегі  
ұнайды анық гүл саған,  
Қыздар гүлге  
бере алады мұнша мән.  
Қымтырылған  
қымсынуды тастаймыз  
Тегеурінін  
тұла бойдың тұмсаған.

– Қыдыруға  
анашымнан қорқамын,  
Күн жақсы, рас,  
түгі сынды торқаның.  
Қадағалап,  
үйден қадам шығармас  
Заңы қатал  
мені өсірген ортаның.

– Анаң сені  
таба алмайды іздесе,  
Тоғай жақты  
көріп қайттық біз кеше.  
Жықпыл іші  
жоғалғанды таптырмас,  
Ну ағашты  
сүзгіменен сүзбесе.

Ән сап берем,  
мың құбылтып ырғағын,  
Әзірше ғой  
шырқай алмай тұрғаным.  
Мен ән салсам,  
бәрі жылап тыңдайды,  
Өкінбейсің,  
қыдырайық, сырғалым.

– Бұл әуенді  
естігенмін бұрын мен,  
Сұлу саздың  
ырғағына сүрінгем.  
Қыдыруға  
қол тимейді, жігітім,  
Тұрған жоқ па  
көрініп-ақ түрімнен?

– Онда қызык  
айтып берем бір аңыз,  
Аңызға елтіп,  
ай астында тұрамыз.  
Ай астында  
арман құшып болғасын,  
Қайта ауылға  
әкеледі бірақ із.

Ажал атты  
өзгертумен бағытын,  
Өлген жігіт  
тастап шығып табытын,  
Сүйгенімен  
кездесуге келіпті,  
Қара түсті  
мойнына іліп қамытын.

Сосын арты  
не болғаны... бір жұмбақ,  
Жата берер  
жүректерде сыр жылдап.  
Әйел оның  
өлі екенін білмеген,  
Сүлде түрін  
танытпады түн деген.

Өлік келсе,  
жия алады кім есін?  
Немен бітті ол,  
тоғай жақта білесің,  
Жүрші, құрбым,  
жадыраған ай нұры  
Сенің сыршыл  
жүрегінде түнесін.

– Бұл аңыздың  
аяғы да белгілі,  
Қайталауың  
қызықтырмас ендігі.  
Қол тимейді,  
жігіт, мені шақырма,  
Жасайтұғын  
тіршілік көп пақырға.

Қол тимейді,  
шаруа көп қаптаған,  
Алдарқатпас  
ай нұры мен аппақ ән.  
Тірлігімді  
көбейтіп тұр тағы да  
Алдағы күн  
босағамды аттаған.

– Тағы аңдарды  
колға үйреткен аңшымын,  
Бірінші боп  
қарсы аламын таң шығын.  
Ауру көрсем,  
емдеп-жазып аламын,  
Сұлтанындай  
көріктімін парсының.

Сұқ көздерден  
сақтай алам, дем салам,  
Сан қырымды  
көрсетейін мен саған.  
Серіктікке  
жарай алам сенімді,  
Кездесуге  
алаңдамай келші аман.

– Емделуге  
болады ғой былай да,  
Сиынам тек  
шіркеудегі құдайға.  
Көк түтінмен  
жіберді олар аластап,  
Аздап сырқат  
алған едім бұл айда.

– Көптен жүрген  
сыйлық еді бір ескі,  
Көрші мына  
жаркыраған кресті.  
Тағып жүрсең,  
бір септігін тигізер,  
Қиындықтар  
шығарумен тұр есті.

Тағып алсаң,  
жалт-жұлт етіп тұрады,  
Тез байқайды  
құрбыларың қырағы.  
Жарқылында  
жақұт тастың нұры бар,  
Жанарларды  
өзі жаққа бұрады.

– Көрсетпесең  
болмас па еді манадан,  
Әшекейді  
таққан жақсы жаңадан.  
Құрбыларым  
мені көрсе қызығып,  
Қолына ұстап  
көрер болды сан адам.

Бір қызықтап  
батқан күннің арайын,  
Жүрегімнің  
ашайыншы сарайын.  
Тоғай жақта  
қызықтауға көктемді.  
Мен дайынмын,  
қыдыруға барайын.

Жарқырайды  
әшекейін таққан қыз,  
Қызыл-жасыл  
гүл терейік бақтан біз.  
Жастық шақтың  
көтерейік жалауын  
Жасыл түсті  
калың орман жақтан біз.

## **ТЮРЛЮПЕННІҢ ҚҰЛПЫТАСЫНДАҒЫ ЖАЗУ**

Өлді ме рас?  
Шын ба еді, жалған ба еді,  
Шықпай жатыр бірақ та алған демі.  
Жанарынан жас аққан көпті көрдім,  
Тағы не күн күтеді алдан мені?

Тұлғасына өзінің тәнті қылған  
Жақсы адамның бойдағы талғам дені.

Айтылғанда андаусыз ажал әні,  
Қалың елі тік тұрып азалады.  
Сырлы сөздер санамды тесіп өтті,  
Шын жүректен айтылған қазадағы.  
Сайқымазақ адамның өмір жолын  
Клио мен Мельпомен жазады әлі.

Аббатисе ұрпағы текті әулетті,  
Онша қажет қылмады көп сәулетті.  
“Бар адамның тегі бір” деп айтатын,  
Жанына азық етпеді көп дәулетті.  
Қанағаттың қақпасын қоңыраулап,  
Көп ашпауға есігін тоқтау етті.

Ар көретін әлсізбен алысқанды,  
Сайқымазақ болғанмен данышпан-ды.  
Бастильоны аларда өлерменің  
Ауылымен ерліктің танысқан-ды.  
Бола алады солдат та сайқымазақ,  
Шындап күлген күндер де алыс қалды.

Билеушінің сынады қамсыздығын,  
Кедейлердің қорғады әлсіздігін.  
Жаңа киім бақытты бере алмас деп,  
Қанағатқа теліді балсыз күнін.  
Ол біздерді күлкімен бақытты етті,  
Тірілтті де ұяттың жансыздығын.

Өзін еркін ұстаумен бар ендікте,  
Бас киімін алмады корольдікте.  
Данышпаны болады әр ғасырдың,  
Бойладық па жанына, әрі ендік пе?  
Түп жағына теңіздің бойлау қиын,  
Теңіздігі теңіздің тереңдікте.

Диогеннің лайықты теңдесі еді,  
Достасуға басқасы келмес еді.  
Жүрген кезде маңайын нұрға малды,  
Жалғыз өзі толтырып ен көшені.  
Осындай жан біздерде болған десем,  
Келер ұрпақ шынымен сенбес еді.

Болашақтың бағытын сызды бері,  
Ағысына қоғамның жүзді кері.  
Пендеге тән әлсіздік онда да бар,  
Әйел болды-сүйері, үздігері.  
Көктем болып жайнауға ұмтылатын,  
Құшақ жайып келгенде күздің өрі.

Шіркеу менен сауықты бірге деді,  
Көп сөзіне тілдерім күрмеледі.  
Жансыз қуыршақ санады көк жұлдызын,  
Қызық оймен ғұмырын сүрген еді.  
Бұл адамның аспанға ұшқан жаны  
Жер бетіне қайтадан бір келеді.

Сұлу құшқан көңілі қызды сүйді,  
Жұбанышы санады ізгі сыйды.  
Арулардың жүрегін жаулай білген  
Азаматты әйелдер іздесе игі.  
Даналығы дақпырт боп тарады да,  
Жетеледі шалғынға бізді шүйлі.

## МҰСЫЛМАН ПАПА

Әулие папа  
Жүз оныншы жылдықта,  
(Жүз он деген түкке тұрмас мыңдықта),  
Көк теңізде қарақшыға тоналып,  
Сатылыпты Шығыс жаққа құлдыққа.

Жат өлкеде қайғы жұтты, мұң ішті,  
Кеуде керіп ала алмады тынысты.  
– Барасың, – деп, – тозақ жаққа, – барлығы,  
Әулие әкенің қылығына күлісті.

Көпір тартар жазалардан үркіді,  
Мұсылмандық қабылдады бір күні.  
Сүндеттелді, суға кеткен суырдай,  
Жарасының жазылмады тыртығы.

Ішті, жеді, іші пысты, зерікті,  
Өз жөніне қоя берді ерікті.

Тіпті Інжіл кітаптарын жыртыпты,  
Діннен жанға таба алмапты серікті.

Сырлары оның жұмбақ еді тым ішкі,  
Жасап жүрген күнәсін ел білісті.  
– Барасың, – деп, –тозақ жаққа, – барлығы,  
Әулие әкенің қылығына күлісті.

Мұсылмандық жүрек тұсын “кептеді”,  
Аузынан “алла” сөзі кетпеді.  
Содан кейін гарем жинай бастады,  
Сұлуларды талғап жер мен көктегі.

Гарем деген- гүл бақшасы мұндағы,  
Әулие жанын аялаудан тынбады.  
Түнгі аспанның жұлдыздарын санаумен,  
Махаббаттың сазды әуенін тындады.

Бұлбұл қонды гүл бақшаға әнді алып,  
Өмір кетті көктем құсап жанданып.  
– Барасың, – деп,– тозақ жаққа,– бәрі айтты,  
Әулие әкенің қылығына таңданып.

Обыр келді, елді аяусыз опырды,  
Жер қойнына көмді тынбай топырды.  
Ажал күтіп көзін жұмған тірі өлік,  
Жаза алмады жазатайым қотырды.

“Тірі балық кездеспейді өліге”,  
Құлын мәңгі байланбайды желіге.  
Отанынан қашып шығып обырдың  
Жетеді әулие Ватиканға-еліне.

– Бізге келсең, қайта шоқын, – деді елі,  
Қауызына толыпты елдің кемелі.  
Ойға батқан баяғы әулие абайсыз:  
– Қайту қиын! – деп тамағын кенеді.

Тарамынан тарау-тарау жол шығып,  
Қамбасында тұрғанда елдің молшылық,  
– Мұныңыз не? Барасыз, – деп, – тозаққа,  
Бұл шешімді жатты бәрі қомсынып.

Әулие папа өз гаремін тастаған,  
Жат өлкеден есі барда қашты аман.  
Әйелдердің монастырін елінде  
Қолға алуды ойына ала бастаған.

Әулие папа өз гаремін тастаған,  
Монастырді қолына ала бастаған.  
Әйелдерге мұндай мекен салмаса,  
Тамағынан өтпес еді ас-тағам.

Уағыз айтты, тамағын да көп кенеп,  
Тоқтап алып, сосын қайта төкпелеп.  
– Барасың, – деп, – тозақ жаққа, – бәрі айтты,  
Әулие әкенің қылығына өкпелеп.

### **НЕГРЛЕР МЕН ҚУЫРШАҚТАР**

Португалдық капитан теңіздегі,  
Төңірекке қарады, нені іздеді?  
Кемедегі негрлер қырылуда,  
Шамасы жоқ ешқайда бұрылуға,  
Өгей күндер емізік емізбеді.

Негрлерді сатуға келе жатқан  
Ажал демі естілді кеме жақтан.  
Қар бораны секілді дауылдағы,  
Су бетіне жұлдыздар сауылдады,  
Бір жақсылық жеткізер, демек, ақ таң.

Негр біткен қырылды құсадағы,  
Төбесінде құлдықтың ұшады әні.  
Ұнжырғасы түсті де, кері кетті,  
Қайғы-шерді жанына серік етті,  
Қапас күннің қамыты тұсағалы.

Толқын тірлік төменде жатты айналып  
Ағыстары толқынның қатты айналып.  
Қос қолымен капитан басын ұстап,  
Шығам деген алдынан қашып ұшпақ,  
Ең соңында бір қызық тапты ойланып.



– Құл боп тусаң, тағдырға не шара бар,  
Баксыз адам бақ ішін кеш аралар.  
Қуыршақ жасап берейік, қызықтасын,  
Үмітінің қолға ұстап үзік тасын,  
Көйлек емес мұң деген шеше қалар.

Шыға келді қуыршақтар сахнаға,  
Кейіпкер де ерекше батыр ана,  
Сылдыратып шынжырды таққан не бір  
Басын кенет көтерді жатқан негр,  
Сал боп қала жаздапты тақымы ана.

Қабақтардың жазылып түйілгені,  
Түйіншектің ашылды түйілгені.  
Жыбырлады жан бітіп үйінді елі,  
Күрсінгені білінді, сүйінгені.  
Тағдырларды көрді олар өзіндегі,  
Қуыршақ болған өзгелеу күйіндегі.

Байлап ұстап құлдарды қамытында,  
Кеме зулап барады бағытында.  
Негрлердің көңілін аулағалы,  
Көрерменнің жүрегін жаулағалы  
Шамырқанды қуыршақтар шабытында.

Үмітінде жылтырап ұялы кен,  
Құлдар жүзіп келеді қиялымен.  
Елестетіп көзіне басқа әлемді,  
Адамдармен достасып асқақ өңді  
Шынжыр таққан осынау сияғымен.

Жайбасарлар тездетіп жатты аяңын,  
Шолтаңдатты күзетші ақ таяғын.  
Көрермені күледі, серпіледі,  
Бұл ойында қанша сыр шертіледі,  
Бітер кезде күтеді сәтті аяғын.

Жылжып, тұрып, жатады бірде құлап,  
Тілі қайта сайрайды күрмеліп ап.  
Қуыршақтың ойыны бір керемет,  
Ән салады, билейді шыр көбелек,  
Қоспай жатыр еркіндік ірге бірақ.

Ұмыт болды қайғы, мұң, басқалары,  
Тәбетпенен қарайды асқа бәрі.  
Арман шақтар алыстан қол бұлғады,  
Жорық жыры секілді жолдың әні,  
Бір үміт бар әйтеуір асқаралы.

Селкілдеуін сайтандар сап тыяды,  
Балағынан көрініп ақ тұяғы.  
Біреулері азғырып пенделерді,  
Ал біреуі санайды теңгелерді,  
Үшіншісі бұзам деп жатты ұяны.

Сылдырады шынжыры, сылдырады,  
Ұзақ түнге құл нені жыр қылады?  
Ерлік жасап түсінде-қиялында,  
Қалықтады туған жер қиянында,  
Даңқтың даусын естіді бір құлағы.

Әдемі еді атқан таң аппағында,  
Қайнады өмір өзінің қақпағында:  
– Америка жақын-ау, – деп қояды,  
Қуыршақ ойын, оның да жетті аяғы,  
Құлдық өмір-кеменің қапталында.

Бұдан әрі айтпайын жалғап әнді,  
Созылмаған әңгіме сәл бағамды.  
Содан бері ат мініп ала күлік,  
Патша біткен халықты бала қылып,  
Ойыншық беріп ұнатты алдағанды.

### САҚТАУШЫ ПЕРІШТЕ

Қол-аяғы тас па, ауыр кесек пе,  
Кедей адам сал боп қалды төсекте.  
Сақтаушысы- періштені ұстады,  
Ұстады да, сұрақ қойып қыстады:  
– Жүрсің бе әлі елді алдаумен, сүйіктім,  
Қобалжымай қол-аяқты ұйыттың,  
Осы ма еді бұл өмірдің ұшпағы?

– Шөп үстінде бұл өмірге келген ем,  
Пайда көрмей өттім содан көлденең.  
Одан бері шөп үстінде қос тігіп,  
Өздігінен бір жақсылық тосты үміт.

Онша сыйлы бола алмадық елде біз,  
Сіз қолдаған мына байғұс пендеңіз  
Иығына жамау-жасқау өсті іліп.

– Сабан болса, тазалауын төседім,  
Шаң-тозаңға батпасын деп төсегін.  
– Күндерім жоқ табысымды өлшеген,  
Қарызға да жиі баттым белшеден.  
– Нәпақанды мол қылып-ақ бергемін,  
Уыс ақша ұсынған-ды төрде кім?  
Бірыс жағын аямадым мен сенен.

– Түнгі соғыс, канды шайкас ұрыста,  
Аяғымды жұлып кетті, дұрыс па?  
– Періште кеп, саған қанат жайды шын,  
Іріндесе, қайтер едің, байғұсым.  
Өле-өлгенше түсер едің азапқа,  
Азап түбі апарады тозаққа.  
Қанағат қыл ғайыптағы ғажапқа.

– Зат сатам деп заң орнына ұсталдым,  
Шегі деген болушы еді ұстамның.  
– Сот кезінде қорғаушың да болғанмын,  
Жанды салып айла іздедім, толғандым.  
Бір жылдан соң босап шықтың түрмеден,  
Аз уақыт қой, кетті ме одан бірденең,  
Жылдам өтті басыңа бұлт қонған күн.

– Қызға барып, ұсталғаным көп елге,  
Есінде ғой! Қайда болдың? Бөгелме...  
– Қызға бірге баруға мен жасқандым,  
Ұялғаннан сені тастап қашқанмын.  
Қызға жігіт періште ертіп бармайды,  
Көрген кезде жүрек сөзін арнайды,  
Үзіндісін жатқа оқиды дастанның.

– Жар таңдадым, жолым тағы болмады,  
Алған әйел можантопай ол-дағы.  
– Жүрегіңнің айтқанын тек істей біл.  
Періштелер кіріспейтін іс қой бұл.  
Өз жүрегін тыңдаған жан оңады,  
Қыдыр болып кіреді үйге қонағы,  
Енді кеш қой, өз еркінді күштей біл.

– Ажалыма қалған шығар күн, апта,  
Тым болмаса жіберсеңші жұмаққа.  
– Жолың болсын! Табытың да дап-дайын  
Жайма төсек жұмсартады тақтайын.  
Киіп барар киімің тек жаңа емес,  
Ал ол жақта жаңа киім сән емес.  
Жалғыз шырақ. Оны саған сақтайын.

– Барар жерім жұмақ па, әлде тозақ па,  
Жаңылысып жүрмеймін бе о жақта?  
Түйіншекті түй де, ұшын тарт шешіп,  
Ол айтады бір жауабын мәрт кесіп.  
– Оңдыртпадың ештеңені, періштем,  
Не келеді пайдасы жоқ керістен?  
Қайтшы үйіңе, ашулы тұр артқы есік.

Ажал жақын. Кедейге бір күш кірді,  
Күш кірді де, бар дауыспен түшкірді.  
Періштесі дір еткізді қанатын,  
Қанат болса, ашты жұмақ жәнатын.  
Жұмсақ қолдар көк әлемге кетті алып,  
Жеті қаттан жұмақ жаққа жетті анық.  
Жер бетіне келді тағы жаңа түн.

### **1832 ЖЫЛҒЫ ҚҰЙРЫҚТЫ ЖҰЛДЫЗ**

Құдай бізге  
кометаны жолдады,  
Жерге түскен  
соққы болар ол-дағы.

Жұлдыз ағып,  
жер қыртысын жануда,  
Компас әлсіз  
бағыттарды тануға.

Жұлдызшылар  
жұлдыз санап бітпеді,  
Бәлкім, бәлкім  
басқа болар күткені.

Қабығында  
қалтырады кәрі күн,  
Өмір маған  
аз сеппеді жарығын,

Тойдың соңы бітгі,  
достар, қайтыңдар,  
Іштік-жедік,  
сан қырлы сыр айтылды әр.

Көңілдері  
көтерілді көбінің,  
Мас боп қалды  
ақкөңілдеу тек інім.

Қайырлы түн!  
Ұмытпаңдар тәубені,  
Сөндірейік  
жарық пенен сәулені.

Қабығында  
қалтырады кәрі күн,  
Өмір маған  
аз сеппеді жарығын,

Дөңгеленді  
жер шарының картасы,  
Маған таныс  
барша ғалам, әр тасы.

Күн мен түнді  
айыра алмай карталар,  
Мұхит біткен  
тұңғиыққа тартады әр.

Шыр көбелек  
айналасың сен-дағы,  
Еңіскейдің  
елес болып ен бағы.

Қабығында  
қалтырады кәрі күн,  
Өмір маған  
аз сеппеді жарығын,

Бір жолдардан  
жұлдыз ақты құйрықты,  
Елестетіп  
арғымақтай жүйрікті.

Аға берсін,  
таусылмайды жұлдыздар,  
Санап оны  
біте алмаған ұл-қыздар.

Уақытыңды  
бос өткізбе, үнемде,  
Жылдарменен  
санасу бар бұл елде.

Қабығында  
қалтырады көрі күн,  
Өмір маған  
аз сеппеді жарығын,

Бір-бірінен  
аумай қалып барша күн,  
Тіршіліктің  
тізгінінен шаршадым.

Соғыстар мен  
лакейлердің үнінен,  
Азар болдым  
күнімен де, түнімен.

Тексіздік бар  
ең төменгі әулетте,  
Олар мәңгі  
ұмтылмайды сәулетке.

Қабығында  
қалтырады көрі күн,  
Өмір маған  
аз сеппеді жарығын,

Ауыспаған  
күзетшідей қажыдым,  
Шаршап –талмай,  
сен аман бол, нәзігім.

Жарық күтіп  
сахналар түнерді,  
Дүрліктіріп  
кетер еді бір елді.

Жоғарғы әулет,  
оның да өзі шамалы,  
Таусылмайды  
айласы мен амалы.

Қабығында  
қалтырады көрі күн,  
Өмір маған  
аз сеппеді жарығын,

Жастар жағы  
керек деді қозғалыс,  
Қозғалыста  
танылады тозған іс.

Тама берсе,  
тамшы тасты теседі,  
Сарай болар  
қалағанның кесегі.

Жылжыды өмір,  
алға тынбай жылжыды,  
Таңба болып  
түсіп жатыр күн, жылы.

Қабығында  
қалтырады көрі күн,  
Өмір маған  
аз сеппеді жарығын,

Олар маған  
жиырма жылды күт деген,  
Бар шаруа  
жасалады бітпеген.

Отыз жылды  
күттім сосын ойланып,  
Жетістігі  
жеміс берді тойланып.

Мендік әлем  
тозды бітіп, шаршады,  
Тым күрделі  
жаңа күннің қарсаңы.

Қабығында  
қалтырады көрі күн,  
Өмір маған  
аз сеппеді жарығын,

Дос болғасын  
табиғатпен, гүлменен,  
Бұл өмірдің  
ғажаптығын білген ем.

Жаратқаннан  
ғұмыр сұрап жалындым,  
Жаңа шыққан  
шапақтарға малындым.

Жас күндегі  
атақ-даңқтың жарығы  
Жалықтырды  
біз секілді көріні.

Қабығында  
қалтырады көрі күн,  
Өмір маған  
аз сеппеді жарығын,

Қарсы алуға  
көкпен келген бұйрықты,  
Күтіп жүрмін  
жұлдызымды құйрықты.

Қабығында  
қалтырады көрі күн,  
Өмір маған  
аз сеппеді жарығын.

### **МАНИОЭЛДІҢ МОЛАСЫ**

Шырқалды да соңғы рет ғұмыр әні,  
Қабір жақта қалың топ ыдырады.  
Достық қана жүруге су себелеп  
Жүрегіне қондырды құмыраны.



Болды, бітті! Жас қабір кебеді де,  
Бойсұнады өмірдің дегеніне.  
Өтіп кеткен өмірден өлі тірлік  
Шегенделіп жатады шегеніне.

Гүлдер келіп қойылып гүл қасына,  
Күн қонады көктемнің жылғасына.  
Келер ұрпақ ұмытпай өз ұлтының  
Бас иеді бір туар тұлғасына.

Аят оқып басына барғаныңда,  
Ниетінді бағышта ардақ ұлға.  
Елге арнаған игілік ісі қалды  
Тіршіліктің таусылмас тармағыңда.

Лайық еді лаврдың жапырағы,  
Бұйырғаны-туған жер топырағы.  
Қаың елі қамығып іздейді әлі,  
Басына кеп, тәу етіп отырады.

Досым болды жан берер әуелдегі,  
Жаным, тәнім ол жанға тәуелді еді.  
Сазы болып, қалықтап кете барды  
Биікке ұшқан ырғағы әуендегі.

Елін сүйді шынайы, жерін сүйді,  
Тектіліктің төбесі көрінсе игі.  
Жаратушым аямай берген екен,  
Отаныма осындай керім сыйды.

Қиялшылдың арманы шаршамаған,  
Бақ боп оған көрінді барша ғалам.  
Қараңғылық төсінен жарық күтті,  
Оянуды тосты да әр санадан.

Ол жүргенде ажалың әлсіз еді,  
Оған арқа сүйеді қамсыз елі.  
Енді міне, ажалдың қақпаныңда,  
Ал халықтың жүрегі жансыз, өлі...

Қолыңдағы шындықтың ақ берені,  
Жалғандықты байқаса, тап береді.  
Алдында оның билік те үн қата алмай,  
Басын шұлғып отырып, “Қап!” дер еді.

Биліктінің барлығы дана емес-ті,  
Сағым сынды самсар сан елесті.  
Ауызына олардың қақпақ қойып,  
Сан құлатты, түзетті ана көшті.

Достар лайық жыласын тұлғана шын,  
Қабір басын дұшпаның былғамасын.  
Өскен ұрпақ өз елін ұлықтайды  
Өсиетті өзіңнен тындағасын.

Ұмыт болды, жоқ болды, жерге кетті.  
Жымдасады мәрмар тас өрген епті.  
Ұлы мақсат өзінді ұмтылдырып,  
Зиялы ойдың зипа бой зергері етті.

Заманының ақ шулан қасқыры еді,  
Қайрандарға қайығы бас тіреді.  
Ай астында тұяғын құмға көміп,  
Кемелдіктің жығылды аш күрені.

Толқын, толқын...бір сылдыр естіледі.  
Толқын болар жылдарым есті ме еді?  
Сақтай алмай сан соқтым жан досымды,  
Ол кешірді барлығын, кешті мені.

Таукіметін елінің арқалаған,  
Өмір отын жүректен сарқа ма адам?  
Жылдар өтер, басыңа бақ орнатар  
Махаббаты халықтың тарқамаған.

Келешектің атқанда күліп таңы,  
Дана ұлының есімін ұлықтады,  
Өскен елдің, бақытты кешкен елдің  
Манюэлді бола ма ұмытқаны!

### ОН ТӨРТІНШІ ШІЛДЕ

Бәрі есімде,  
бала күнім есімде,  
Асыр салдым  
туған жердің төсінде.

Кенет ғалам,  
дүр сілкініп, шулады,  
Табандағы  
қара жер кеп тулады:

– Бауырларым,  
қолға қару алыңдар,  
Ұмтылыңдар!  
Тынбай ұрыс салыңдар!

Бастилияға  
елдің бәрі лап қойып,  
Қара жерді  
табанымен жатты ойып.

Әйелдердің  
қуқыл тартқан бейнесі,  
Еркектердің  
қанға батқан жейдесі,

Дауылпаз бен  
барабанның жарысы,  
Мылтықтардың  
найза тақты бар ұшы.

Зеңбіректер  
күлақ жарды гүрілдеп,  
Топырақта  
қан ұйыды дірілдеп,

Ғажап түйсік  
кеудемізді тіреді,  
Дүрсіл қаққан  
адамзаттың жүрегі,  
Дегенменен  
салтанатты күн еді.

Бай мен кедей  
тізе қосты бірігіп,  
Барлығында  
жалғыз мақсат, бір үміт.  
Қанды майдан  
өмір биін биледі,  
Шыр айналып,  
жатты құлап, сүрініп.

Франц елі  
жан берісті, жан алып,  
Ел алдында  
сөз сөйледі сан алып.

Бостандығым  
бодаулықтан босады,  
Талай жылдар  
жатқан үнсіз қамалып.

Қапас күннің  
тарқатылған түнегі,  
Есте қалар  
салтанатты күн еді.

Ертесіне  
түрме біткен босады,  
Тұтқын деген  
күнге қолын тосады.  
Бірі келіп,  
маған орнын көрсетті:  
– Кеше бізді  
қамаған жер осы, әні!..

Үңгігенбіз  
ішкі жақтан ін қазып,  
Құлар еді  
тіресе де мың қазық.  
Мықты болып  
көрінетін тас камал,  
Сәл итерсең,  
құлардай боп тынды азып.

Арпалысып  
қанды сорған сүлікпен,  
Бостандығым  
жетті маған бүлікпен.  
Француздар  
еркіндігін көтеріп,  
Аспанға атты  
соншама өжет қылықпен.

Бостандық пен  
Теңдік жүрді нық басып,  
Бірге туған  
бауырлардай жұптасып.  
Елдің рухы  
жер бетінен биіктеп,

Жеті қабат  
көк жүзіне шықты асып.

Біз дән септік,  
ұрпақ бір күн орады,  
Қолындағы  
астық толып қорабы.  
Король біткен  
менмендігін ұмытып,  
Майпаң қағып  
елдің қанын сорады.

Қандай ғажап!  
Жаңа дәуір басталды,  
Жаңа жұлдыз  
жайнатады аспанды.  
Бүкіл ғалам  
ғаламаттан тұратын  
Жылнама ғып  
жазып жатыр дастанды.

Дәл сол күні,  
он төртінші шілдеде,  
Біздің тарих  
қолын созды жұлдеге.  
Бостандығым  
үнін қатты шығарып,  
Асқақ рухпен  
сөз сөйледі мінбеде.

Тағдыр менің  
солдырмады гүлімді,  
Шынжыр менің  
байламады тілімді.  
Содан бері  
тынбай сөйлеп келемін,  
Өшірмейді  
ешкім менің үнімді.

Жер бетіне  
жарық сәуле түнеді,  
Дәл сол бір күн  
салтанатты күн еді!

## ҚЫЗДАР

Қолымызда қадірін  
Елемепіз біз бардың,  
Көркіне енді қараймын  
Айдай сұлу қыздардың.

Көктем келсе жайнаған  
Қыз да сұлу гүл сынды.  
Сорлы жүрек дүрсілдеп,  
Солар жаққа ұмсынды.

Көлеңкесі секілді  
Көлбеңдейміз артында.  
Жаулап алар жүрегін  
Шама бар ма қартында?!

Қыздар, үйге қайтындар.

Зоя кетіп барады  
Көп жүрегін жаулаған,  
Бір кездегі сүйкімді  
Анасынан аумаған.

Анасымен жас күнде  
Кездесуге барғанбыз.  
Алыстады сол жылдар,  
Алыстады арман қыз.

Махаббаттың сол бір қыз  
Қамын көптеу жейтұғын.  
“Кім мөлшермен ұнатса,  
Сүймегені” дейтұғын.

Қыздар, үйге қайтындар.

Шыға келген алдымнан  
Адель, әжең бар ма әлі?  
Маған түскен бір кезде  
Әжеңіздің қармағы.

Арулардың көзіндей,  
Жарқырады көкте күн.  
Сол кісіден бітіргем  
Махаббаттың мектебін.

Мына қыздар би болса,  
Шақырады бізді анық.  
Адель қыздың әжесі  
Қарамасын қызғанып.

Қыздар, үйге қайтыңдар.

Лора кетіп барады  
Көңілденіп, күлімдеп.  
Күндіз күйеу, басқамен  
Өткізетін түнін көп.

Қараңғы түн келгенде  
Терезесін ашады.  
Ел көзінен жасырып  
Талай күнә жасады.

Көзінде тұр күлкісі,  
Көңілінде көп елес,  
Лора, маған қарама,  
Іздегенің мен емес.

Қыздар, үйге қайтыңдар.

Қамсыз, ойсыз жастық шақ,  
Маған бірге жүр деме.  
Кеудесіне қартыңның  
Ұшқыныңды үрleme.

Сұлулықтың сұлуы,  
Еркіндіктің еркіні,  
Кірпігінде тайғанап,  
Сезімдердің серпіні.

Қарттың әлсіз денесі –  
Бытыраның қоймасы,  
Сіріңкемді жағайын,  
От лақтырып ойнашы.

Қыздар, үйге қайтыңдар.

## КАРДИНАЛ МЕН ӘНШІ

Жалт еткен бақ көрсетті ақ табанын,  
Монсиньор, қандай тәтті мақтағаның!  
Мақтасаң, әнім сізге танымал ғой,  
Жеткендей төбем көкке, шаттанамын.

Шарапқа о бастан-ақ бөтен емен,  
Құлағым оны айтқанда етеді елең.  
Ішінде сыра толған саптыаяқтай  
Шайқалған жүрегімде жетеді өлен.

Кардинал, сіздің қандай ойыңыз бар,  
Алмасын ойыңыздың бойын ызғар.  
Астыма сөзден алтын тақ төсейсіз,  
Ондайды қойыңыздар, қойыңыздар.

Жәутендеп, құрмет күтіп тұр халіміз,  
Жөн болды маған мойын бұрғаныңыз,  
Бір кезде Лизеттаға арнау жаздым,  
Қазір ғой қартаң тартып тұрғанымыз.

Жұбанып Жаратушы жарлығына,  
Өзгерген Лизетта да, барлығы да.  
Сөйлеуге ақын жүрек ұмтылады,  
Қарамай жер бетінің тарлығына.

Білсеңіз, аспан жақтың тұрғынымыз,  
Ұшамыз жер бетінен бір күні біз.  
Жазам деп бостандықты сотқа барған  
Қалады күрес толы сүргініміз.

Отанның әрбір жері қарыс елі,  
Алтыннан қымбатырақ әрі шегі.  
Римді де жырға қосқан шайырлар көп,  
Дегенмен мұнда оқиды бәрі сені.

Артына күндер өтті, бұрылмады,  
Айтумен әуен қылып сырын бәрі.  
Әнім мен өлеңімнің қайырмасы  
Шындықтың шымшығы боп шырылдады.



Ұсынып ашты көрсе, балды түрлі,  
Өліге менің жырым жан бітірді.  
Қанатын тотықұстың мың құбылтып,  
Көгертті көктем қылып қарлы түнді.

Жасын ғой менің жырым, шын емес пе,  
Маздайды махаббаты мұң-елесте.  
Кірпішін сөзден соққан кең сарайдың  
Ішінде мүмкін емес түнемеске.

Құлдыққа құл болғанда күле білдім,  
Ашқанмын түндігін кеп түнегімнің.  
Жұлдыз боп менің жырым жарқырады  
Шыққасын дүрсілінен жүрегімнің.

Емессіз жаман адам, оны білем,  
Түйсінер толғауларды толығымен.  
Шырайлы өнер жайлы сыр айттыңыз,  
Тағы да алдыңыздан жолығып ем.

Келісті келбет бар-ды кескінінде,  
Көз жұмды Әулие папа, естідің бе?  
Тұр шығар бәлкім тағы сізді күтіп,  
Келмейді ал өзгені естігім де.

Бір күні бәрімізге келер өлім,  
Бақ пен тақ көрсетпейді төбелерін.  
Шыққанын кімнің кім боп көреді елім,  
Кардинал, бұл сөзіме не дер едің?

## ОН МЫҢ

Қаншама ай өтті  
Түрмеде қамалған.  
Ұмтылыс, арпалыс,  
Жан беріп, жан алған.

Түрмеден босанған  
Ұмытпан сол күнді.  
Айыппұл салды да,  
Сұрады он мыңды.

Тілімнен таптым-ау  
Мазактап Бурбонды.  
Арманшыл ақынға  
Бола ма түрме онды?

Тиын мен тиындар  
Қосылса құралып,  
Болмайды бәрібір  
Он мындай франк.

Жарымай құрсағым  
Жүретін болды асқа.  
Көлемін шамалы  
Азайтса болмас па!

Жарайды, төлермін  
Таныстан пұл сұрап.  
Бірақ та қоятын  
Бар менде бір сұрақ.

Ешқандай заңдарда  
Жоқ мұндай келісім.  
Әлде ойлап тапты ма  
Бөлек заң мен үшін?

Осынша қаржыны  
Не үшін төлеймін?  
Жүректің түбінде  
Дұдамал көбейді үн.

Қалдырған жалаға  
Тыңшылар ала ма?  
Әлде оны берермін  
Соттаған “данаға”?

Жырымды тексерген  
Ары жоқ бетінің,  
Цензорға тастармын  
Жарайды, екі мың.

Арандай ашылған  
Кеңін-ай көмейдің!  
Жалғаншыл жандарға  
Айыппұл төлеймін.

Ақша әкеп құямын  
Ақшалы қаптарға,  
Шынайы ақынға  
Тақ барда бақ бар ма?!

Жыршылар, жырландар,  
Билікті мадақтап,  
Сізге де төлеймін  
Алтынды қадақтап.

Мансапқор кеудесі  
Орденге малынған,  
Иілмей қақиып,  
Өтеді жанымнан.

Азуын ашады,  
Елімді жұтардай.  
Өмірмен ойнайды  
Бірдене ұтардай.

Қаншама берсең де,  
Барлығы аз оларға.  
Жемсауы жендеттің  
Жемтікке толар ма?

Күнәкар Лойола  
Алтынын шашты алып.  
Әйел мен монастыр...  
Кіл қызық басталып.

Түктері жұлынған  
Періштем қып-қызыл.  
Қанатым өсер деп,  
Үмітпен күтті жыл.

Екеу ме, төртеу ме,  
Тағы да санайық.  
Алтауға жеткізсек,  
Алынар бар айып.

Өтірік жаз, Лойаль,  
Түбіртек толтырып.  
Алынған ақшанды  
Жалғандық көркі ғып.

Заңсыздық қаймықпай,  
Ұяты тайыпты,  
Сол үшін төледім  
Он мындай айыпты.

### **ЖАСТАРҒА**

Жағалаудың келбетін тамашалап,  
Суда шолпып ойнады ала шабақ.  
Өткен күнді есіне түсірумен  
Ескі күйді тартады жаңа шанақ.

Дауыл соқса теңіздің төсіменен,  
Соғыс өртін аламын есіме мен.  
Көрі тарлан дауылға кеуде тосты,  
Аға ұрпақтың бірлесіп көшіменен.

Ол толқынның жалында сырғанады,  
Өлім бүркіп майданның тұрды алаңы,  
Жас ұрпағым, оларға тағзым етіп,  
Ақ парағын ашады жырлағалы.

Жастық жатыр теңіздің түбінде де,  
Толқындармен бастырды үнін кеме.  
Тұңғыыққа тұншығып батқанымен,  
Босатпады мойнынан жүгін неге?

Қиналдың ба, жаңа ұрпақ, шаршадың ба?  
Тізгініңді алдырма барша мұңға.  
Бағдарыңды бабалар айтып кеткен  
Жаңа ғасыр келердің қарсаңында.

### **БЕС ҚАТАРЛЫ ҮЙ**

Бұл өмірге келген екем  
Бұрышында жертөленін.  
Он бесімде бойым түзеп,  
Бұл өмірге еркеледім.

Бара қалсам үйлеріне,  
Ұсынатын төрді кілең,  
Манайдағы жақын-жуық  
Қатты жақсы көрді білем.

Жанымдағы жігіттердің  
Көрдім отқа үйтілгенін.  
Бар қылығы жарасатын  
Онсыз да өзім сүйкімді едім.

Барлығынан бұрынырақ  
Мырзам ерте қимылдады.  
Естен әлі кетер емес,  
Тұңғыш алған сыйдың дәмі.

Көңіл қостым мырзамыздай  
Өмір жолы сәтті адаммен.  
Пәктігімді сыйға тартып,  
Адалдықтан аттағам мен.

Сәулетті үйдің тұрып жаттым  
Ең төменгі қатарында.  
Жібек шешіп, торқа кидім  
Күнде ұйқыға жатарымда.

Қадірімді білді мырза,  
Құшағына басты аялай,  
Кәрі есегің көп ақшасын  
Жолыма әкеп шашты аямай.

Бақ сыйлаған бір жыл өтті,  
Махаббатта еттім ырза.  
Аяқ асты ажал құшып,  
О дүниеге кетті мырза.

Енді басқа үй таңдадым  
Ілесіп ел санатына.  
Мекенжайды ауыстырғам  
Дәл екінші қабатына.

Жүрегімде бой жасырған  
Бүршік тағы ашты гүлін.  
Наксүйері мен ендігі  
Нән шаһардың бастығының.

Әдемі өмір сүрдім, шіркін,  
Әдемі өмір ырғағында.  
Жана мырзам қасымда жүр,  
Жиен жігіт бір жағымда.

Бірі құмар отын жағып,  
Бірі күлін жинап әлек.  
Мен ешкімге айтқан емен,  
Жүрегімді қинама деп.

Одан кейін биші жігіт,  
Жаулап алды биіменен.  
Жұбымыз да жазылмады,  
Күндер келді сыйыменен.

Тағы көштім жоғарыға,  
Енді үшінші қабаттамын.  
Сүйіктіммен қызықтадым.  
Күн батқанын, таң атқанын.

Екі бірдей ағылшынның  
Қалталарын босатқаным.  
Кардиналды айналдырдым  
Арасында қос аптаның.

Маңғазданған мырзалардың  
Бірі кетті, бірі қалып.  
Бір жылпосы тонап кетті  
Сеніміме кіріп алып.

Іздемеді бұрынғыдай  
Дөкейлердің дәйі мені.  
Жастық жылдам өтеді екен,  
Бұлт пен тұман сейіледі.

Келбет тозды, көрік кетті  
Ақысына бір өтемнің.  
Сұрап білсем, дәл төртінші  
Қабатқа кеп тұр екенмін.

Басқа кәсіп іздеп көрдім,  
Жөні басқа, жолы бөтен.  
Енді бүгін жан бағуға  
Жеңгетайлық қолым екен.

Ең алғашқы құзырыма  
Құлағаны қос қыз еді.  
Кейін түгел шағын көше  
Соңыма ерді, көш түзеді.

Нақты кінә таға алмады  
Полиция ызаланып.  
Өзім құрған өрмекшінің  
Торын бір күн бұзады анық.

Бұрын сірә, білдім бе екен,  
Дәл осылай өтерін күн.  
Жоғарыға, бес қабатқа  
Тағы, тағы көтерілдім.

Кім жылытып бере алады  
Менің суық құшағымды?  
Кәріліктің жалғыздығы  
Мені аяусыз құса қылды.

Бір кездегі көп достарым  
Қараларын батырды ана.  
Үйім де жоқ. Күйім де жоқ,  
Мекен жайым шатыр ғана.

Төмендегі қабаттарды  
Жуып-шайып, тазалаймын.  
Біреу қоқыс тастай қалса,  
Ұстап алып жазалаймын.

Тұрғын біткен салақ бәрі,  
Шыдатпайды жанды бұлар.  
Төгіп-шашып кір мен шаңын,  
Былықтырса, қанды құмар.

Менің тыным таппайтыным,  
Ел жатса да жатпайтыным,  
Тазалықты сақтайтыным-  
Менің қоқыс өмірімнің,  
Әр қатарда қалдығы бар.

### **САП-САРЫ ЖАННА**

Бір баласы омырауын сорады,  
Бір баласын арқасына орады.  
Ең үлкені қатарласа жүгіріп,  
Жүгірмесе бұл өмірі тығырық,  
Жағалайды үй мен үйді, қораны.

Жалаң аяқ сұға салған кебісі,  
Жылтырайды башпайының көбісі.  
Үсік шалған саусақтарын үрлеген,  
Үзім нанға көңілдерін бірлеген,  
Толмайды ылғи құрсағының шөміші..

Тірі жетім жәутең қағып жүр неге?  
Өйткені оның әкелері түрмеде.  
Жалынышты жанарына жас тұнып,  
Әл беретін әлдеқашан қашты үміт,  
Өз елінде айналыпты кірмеге.

Түрме жақтан босатсаңшы көкесін,  
Ая, тәңір, Жанна менен бөпесін!  
Келешегін Жанна қыздың болжаған,  
Риясыз боп көрінетін ол заман.  
Сүріндірсе тіршіліктің сүргіні,  
Өз үмітің ақталмаса бір күні,  
Өттең, әттең, бәрінен де сол жаман.

Меңгерді де сауатты әке тәлімін,  
Сол тәлімі өлтірмей жүр әлі күн,  
Күлді Жанна, сүйді Жанна, оқыды,  
Жүрегіне ізгілікті тоқыды,  
Би деп танып әріптердің әлібін.

Арқауын сәл жіберіп ап ұстамның,  
Саусақтарын алақанға қысқанмын.  
Аясында жұпар гүлді талдардың,  
Бозбала шақ-бүршігімді жарғанмын,  
Сұлу қызды құшаққа алып ұшқанмын.

Жанындағы шалқып жансын бар жалын,  
Босат, тәңір, сары қыздың жан жарын!

Мынау деген бір мықтының елдегі  
Сары қызға құда түсіп келгені,  
Бірақ тағдыр оған мұны қоспады,  
Бақыт құсы басқа жанды тосқаны,  
Балға толып махаббаттың шөлмегі.



Тағы екеуі ғашық боп күн өткізді ,  
Өткізді де, шындыққа көз жеткізді.  
Бары жақсы тірліктегі тіректің,  
Дегеніне көне бермей жүректің,  
Не қылады қалыңмалы жоқ қызды?

Бара жатыр бір кездегі сары қыз,  
Тілекшіміз шын көңілден бәріміз!

Кезікті де бүгіндегі қосағы,  
Тал бойдағы бар тамыры босады,  
Сары қызсыз өмір жоғын түсінді,  
Қызға өзінің тар лашығын ұсынды,  
Келер күні тағы не сый тосады?

Бар болғаны үш мылтығы- байлығы,  
Алты ұрттауға арзымайды айлығы,  
Бәлкім, бәлкім, жұпынылау күн кешер,  
Кемелдігі кедейлікпен үндесер,  
Бірақ мүлде білмей өтер қайғыны.

Екі ғашық қол ұстасса не етесін,  
Бақыт тілеп жандарынан өтесін.  
Қалада емес, қамалдағы қорғанда,  
Заң иесі куа іздеді орманда,  
Киды сосын екеуінің некесін.

Қиналмасын жоғалтып ап сүйеуін,  
Отбасына қайтар, тәңір, күйеуін!

Етегіне жалғап жүрген жең ұшын  
Кедей жанға берді Жанна келісім,  
Тоғайдағы жұпынылау лашықта,  
Ғұмыр кешті қалың елден қашықта,  
Тиген жары болып шықты теңі шын.

Бақыт тапты, үш нәресте құшты ана,  
Солар үшін от пен суға түсті ана.  
Нарттай қызыл балпанактай бөпесі,  
Түсірмеді қолынан бір көкесі,  
Бұл қылығын қылмайды ешкім құстана.

Жаннаны шын бақытты еткен осы адам,  
Қайтар аман, жар бола гөр, жасаған!

Қиналса да Жанна күліп жүреді,  
Балалармен гүл-гүл жайнап рені,  
Жан жарының келер жолын тосумен,  
Сағынышпен, биіктеумен, өсумен,  
Бақыт барын баяндайды түр-өңі.

Ал күйеуі алыс жақта жүр қашық,  
Жалғыздықта... қабырғамен сырласып,  
Балалары түске енгенін қоймаса,  
Жолын тосқан сүйген жарын ойласа,  
Күш алады жүрек тұсын нұр басып.

Бір үмітпен тағы ертеңін тосады ер,  
Бұл екеуін, тәңір, қайта қоса гөр!

### СИҚЫР КҮШ

Бір әулиенің қабірінің басында,  
Тізе бүктім құлпытасы қасында.  
Шіркеулердің қоңырауын соғатын,  
Сонысымен шығаратын көп атын  
Бір қария жақындады маңайға:  
– Бәзбіреуін тірілтеміз алайда.  
Жаратушым өліні де санай ма?

– Не дегенің, о, тәңірім, сақтай гөр!  
Қорғайтұғын періштелер қаптай гөр!–  
Деп тұрғанда шешіп алтын қамытын,  
Әулие жатқан көтерілді табытын.  
Сақылдады сол мәйіттің сүйегі,  
Иегіне тиер емес иегі,  
Құлар едім, әлдебіреу сүйеді.

– Естен тансаң, бетіңе су бүркі де,  
Достым, менің дауысымнан үркіме.  
Жүз жыл болды отта жандым шыжылдап,  
Бақи үні құлағымда ызылдап,  
Көр қазғандар жер дайындап көлемді,  
Жендеттерден, қорықпайды ғой ол енді,  
Сатып алған менің өлі денемді.

– Мен ұрымын, алаяқтың өзімін,  
Қан сімірген жендеттердің көзімін.  
Қылышы да қынына бір кірмеген,  
Көңілін де басты шапса бірлеген.  
Бақиың мен пәниінде шек бар ма,  
Құзғын болып кете барар көп қарға,  
Түсіп кеттім таласы көп көкпарға.

Қағып тастап табыттардың тастарын,  
Мәйіттердің басын кесіп тастадым.  
Сан Әулиеңі тамұқтарға лақтырғам,  
Олар маған мал емес қой бақтырған.  
Тірі күнде қанға тойғам мелдектеп,  
Қанша ішсе де, тоймайтұғын жендет көп,  
Бүгін сізге сырымды айтам енді ептеп.

Әулие әйелді көрдің бе анау періште,  
Сол “періште” құмар болды кері іске.  
Әулие емес, ұлты еврей, жай адам,  
Кескін-кейпін ақшыл түске бояған.  
Әулие әкеміз ажарына құнықты,  
Құнықты да, шокынуды ұмытты,  
Кір қолымен лайлап жүрді тұнықты.

Қос кардинал сол әйелден шекті азап,  
Ажал ғана жүректерін етті азат.  
Қырық есек кесірлігін арқалап  
Жүрген кезде тосып алды жар қабат.  
Әулие емес ол, алдамшының елесі,  
Жәбір тартар жан іздейді келесі,  
Шайқалғанда аярлықтың кемесі.

Мына жатқан күнге күйген бас сүйек,  
Толмайды іші үйгеніңмен тас тиеп,  
Әл бермейтін жабылғанда он адам,  
Қарақшы еді жолдың бойын тонаған,  
Жендет болып, тасы көкке өрледі,  
Адам көрсе, айбалтасын сермеді,  
Бас кесілсе, рақаттанып терледі.

Ықыласын аударумен бар елдің,  
Сүйіктісі болған еді корольдің,  
Кептірді де, сүйек қылды жел өңін,  
Әулие болдым көмегімен мен оның.

Жендеттіктің шебері еді майталман,  
Тірлігі де кем болмады сайтаннан,  
Ол жайында тек жаман сөз айта алман.

\*\*\*

Табытымда, жібектеп, алтындаған  
Рақат кешкен жатырмын қалпымда әман.  
Көңілінде болғанда көп алаңы,  
Жетім менен жесір кеп ем алады.  
Топырлатып тобырды қамап алып,  
Тиындарын жатамыз санап алып,  
Әулиеліктің дақпырты бағаланып.

Естимісің шығады керней үні,  
Сайтандардың енді кеп тергейді ұлы.  
Қабырыма сүңгиін есіктейін,  
Енді оларға жетейін, кешікпейін,  
Тұяғында жылтырап өкшелері,  
Шұбатылып құйрыққа бөкселері,  
Жын-шайтан кеп бізді енді тексереді.

Алдымызда көлемі анық кеміп,  
Сықырлады сүйектер табытқа еніп.  
Әуен жалғап қайтадан жыршы үмітке,  
Біз оралдық үйренген тіршілікке.  
Шындық жетті табытты жарып ұшқан,  
Ырғағынан мезгілдің жаңылысқан,  
Тыныштықта мүлгіді қабырстан.

### ЕМШЕК АНА

Жас адамның  
күнінде тұман бар ма,  
Селдір тұман  
тұнбайды құмандарға.  
Сәби шақты  
еріксіз есіме алдым,  
Тірлік соңы  
елес боп бұлаңдарда.  
Емшек ана  
әлди тербететін,  
Ұйықтар сәттің  
мезгілі қылаңдарда:  
“Әлди, әлди, бөпешім,  
Ұйықтай ғой, көкешім!”

Күні сұрғылт,  
сарғайған күздің шағы,  
Жапырақты  
жел айдап сыз құшағы,  
Күйме бізді  
Оксерге барады алып  
Айдау жолдың  
қапталда жүзді шаңы.  
Жаңбыр кенет  
бастады тамшыларын,  
Барар жолға  
асыққан біз құсады.  
“Әлди, бөпем,  
жылама, жақын қалдық,  
Жарқырады  
Париждің ізгі шамы.  
Тірелмейміз тұйыққа,  
Ұйықта, бөпем, ұйықта”.

Көп ұзамай  
жеткенбіз Бургонға біз,  
Жеткенше де  
ол жайлы жырланды аңыз.  
Бой түзеген  
ақ үйлер сән құрады  
Жапырағын жел айдап  
тұрғанда күз.  
Шараптары  
шалқыған ыстық қала,  
Күйме үстінде  
қызықтап ырғалғанбыз.  
Тамашалап қаланы  
шаршап қалдық,  
Қарын ашып,  
астан да құр қалғанбыз.  
“Әлди, бөпем, әлдиім,  
Тында өмірдің ән-күйін”.

Сол қалада  
ғаламды танығам мен,  
Көп әсерден  
бұл күні жалығам мен,  
Емшек анам

күйеуі қария шал  
Көңілімді жұбатты  
салып әнмен.  
Үлкендердің  
жағдайын түсіне алмас,  
Жас баланың  
жігерін жанығанмен.

Көңіл күйі  
күндердің күлтеленді,  
Шуағымен  
жылытып бұлт әлемді,  
Тәрбиешім  
бейнетпен мені бақты,  
Шалы ұнатты  
арақты сілтегенді.  
Бақ ішінде  
оңаша өмір сүрді ол,  
Жатар кезде  
басатын білтені енді.

Күрсінтпейтін  
өмірдің өткелегі,  
Күтушімнің  
көңілі көктем еді.  
Жаны жайсаң  
адамдар жабықпайды,  
Ертегі айтты,  
әуенді төкпеледі.  
Емшек анам  
бейнесі еріп жүрді,  
Тарау жолда  
жетелеп көпке мені.

Бастау алған  
мөлдірлік бұлағында  
Бесік жырдың  
әлдиі құлағымда.  
Күтушімнің  
әдемі ырғағымен  
Тербелетін жүрегім  
жылы ағында.  
Бала күннің

басылып ізі қалды  
Судыраған  
алтындай мына құмда.

Еркектіктің  
тамаша үлгісі деп,  
Мас күйеуі  
кеудесін жүрді шіреп.  
Күтушімен  
көбірек әзілдесті  
Табыт жонып  
жасайтын сүргіші кеп.  
Емізікке  
күтушім шарап құйды  
Мені ұйқының  
аулына бұрғысы кеп.  
Құмарлықтың күшімен  
тым ертелеу  
Ауыздандым шараппен  
тұңғыш рет.

Тартып міндім тізгінді.  
Ол тамаша!  
Тосып тұрды алдымда  
жол таласа.  
Шыға алмады есімнен  
емшек анам,  
Әнін айтам  
достарым қолқаласа:  
“Басың сүйеп иыққа,  
Әлди, бөпем, ұйықта”.

## **МИНИСТР БОЛЫП КЕТКЕН ДОСТАРЫМА**

Токта, достар,  
қажет емес құрметің,  
Не күтеді, ойландың ба, үрметің?  
Жүгің ауыр болыңқырап жүр ме тым?  
Менің күнім артығырақ сендерден,  
Шарап ішіп, өткізейік бірге түн.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

Мен кедеймін,  
Еркіндігім-байлығым,  
Көкірегімда тайраңдайды тай күнім.  
Жасыл түсті жасыл бағын жайды күн,  
Айырбастау шекпендінің шеніне  
Шайырлардың мүмкін емес шайлығын.  
Шайырлардың мүмкін емес шайлығын.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

Шалқытады шарап қосқан түскі асым,  
Сүйген жарым-көзі тірі тұстасым.  
Біліп алғам тіршіліктің қыспасын,  
Алтынға тең еркіндігім барында,  
Менің жаным көкке қалай ұшпасын!  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

Қанатымды кеңге жайсам, кеш деме,  
Бір кемшілік болады екен көште де,  
Жастық шақтың жаз дидары есте ме?  
Жүрегімнің қалауымен күн кештім,  
Маған басқа керек емес ештеңе.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

Бұл тірліктің кереметі, кеңдігі  
Тереземнің сыртында тұр ендігі,  
Білінбейді тіршіліктің кемдігі.  
Қалған нанның қиқымдарын жинадым  
Жұпынылау қарсы алғанда сенбіні.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

Шарап сынды шабытым бар шалқытқан  
Көк аспанда қанатымды қалқытқан,  
Әннің сазы тамырымды балқытқан.  
Жабырқасам, жанға дауа береді  
Жұпар дала гүлдің иісін аңқытқан.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

Кедейің бе,  
Байшыкеш пе, бәрібір,  
Жүрегімнен ұсынамын сары гүл,  
Одан жапа шеккен жоқпын әлі бір.  
Атақ келсе тасыраңдап кетеді,  
Болған емен менменсіген жарым ұл.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!



Үкіметтің ауысқанда маусымы,  
Сіздерге алыс көрінеді тау шыңы,  
Күтесіздер жарық күнде жаушыны.  
Желге сеніп кемеңізді бергенде,  
Ауру ойдың арандады аусылы.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

Жиегінде жылтыраған жылғаның,  
Жолың болсын! Саған қолды бұлғадым.  
Жөні бөлек мен өзімше тұлғамын.  
Қас қарайса көлеңкеден қалтырап,  
Елдің емес, қара бастың біл қамын.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

Сен өлгенде,  
Таң атпайды сол түні,  
Сөгіледі қалың елдің қолтығы,  
Салтанаттар толтырады олқыны.  
Мен өлгенде, итере сап арыққа,  
Өте шығар жүрдек жылдың толқыны.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

Алтын жаққан есігіңнің алдында,  
Бағытымнан жаңылысып қалдым да,  
Сүреңсіздеу басқа әуенге салдым ба?  
Бас сауғалап ертесіне қашқанмын,  
Жалаңаяқ құлау үшін шалғынға.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

Еркіндігім Сенат жақта түнеді,  
Оянбады, оны бәрі біледі.  
Оятпауға барын салған кім еді?  
Семсер сынды менің өткір шындығым  
Күні жетсе беттеріңді тіледі.  
Елеусіз жан болған дұрыс өмірде!

### **БЕЛЬГИЯЛЫҚТАРҒА КЕҢЕС**

Сөйлейді елдің  
Шаршамайтын жағы құр.  
Көріңіздер  
король сайлап тағы бір.  
Айбын тауып,  
Айбаты елдің асқақтап,  
Халқыңыздың

Асып ұшсын бағы қыр.  
Ойлаңыздар, сайлаңыздар корольді!

Король келсе,  
Сақталады үрдісін.  
Дүр болады  
Орден тағып бір кісің.  
Заң мен билік  
Қисықтарды түзетіп,  
Түсірмейді  
Дүрбісі мен сүргісін.  
Ойлаңыздар, сайлаңыздар корольді!

Корольдіктің  
Салт-дәстүрі жанданып,  
Болашаққа  
Барасыздар қамданып,  
Еліңізде  
Өркениет өрбісе,  
Өзге ғалам  
Көз тігеді таңданып.  
Ойлаңыздар, сайлаңыздар корольді!

Құлың сенің  
Басы жерге иіліп,  
Жарың жүрер  
Торқа-мақпал киініп.  
Бағыңызды  
Одан әрі өрлетер  
Тәтті мақтау,  
Марапатты жиілік.  
Ойлаңыздар, сайлаңыздар корольді!

Армияда  
Салтанаты шалқыған  
Гүрілдейді  
Күн астында қалқып ән.  
Жандарм мен  
Тыңшы біткен көбейсе,  
Қабак шытып,  
Танытпаңыз сәл күмән.  
Ойлаңыздар, сайлаңыздар корольді!

Зілмауырдай  
Зеңбіректің тарсылы,

Жарқылдаса  
Ракетаның жаршы үні,  
Мынау елдің  
Мүмкіндігін айтуға  
Қар тасқынын  
Лақтырады бар шыңы.  
Ойлаңыздар, сайлаңыздар корольді!

Тектіліктің  
Әулетінен тараған,  
Аңыздарда  
Король деген дара адам.  
Тоғызыншы Карл кетсе,  
орнына  
Оныншы кеп,  
басқаруға жараған.  
Ойлаңыздар, сайлаңыздар корольді!

Король деген  
Жаман емес ол да аса,  
Жерді бөліп  
Алғандығы болмаса,  
Заң күшімен  
Ел басқармай несі бар,  
Халық тыңдап,  
Бар жарлығын қолдаса.  
Ойлаңыздар, сайлаңыздар корольді!

### ЕЛУ ЖАС

Туған күнді ешқашан  
Тойлаған да емес ем,  
Бір ғасырдың жартысы –  
Өте шықты елес-өң.  
Кім әкелді гүлдесте,  
Таң қаласың неге сен?  
Бәрі қалды желіктің,  
Елу жасқа келіппін!

Кім жылдарды ұрлады,  
Жүрдек жылдар зырлады.  
Енді міне, уақыттың  
Есік қағып тұрғаны.

Үміт, арман қайда жүр,  
Мойнын маған бұрмады.  
Бәрі қалды желіктің,  
Елу жасқа келіппін!

Мұң артатын иыққа  
Онай емес кәрілік.  
Күткен емен мен оны  
Сағыныштан зарығып.  
Есімді әрең жинадым  
Артық ойдан арылып.  
Бәрі қалды желіктің,  
Елу жасқа келіппін!

Тіршілікке көңілім  
Кеңірдектеп тойғандай.  
Естімейді құлағым,  
Мақта тығып қойғандай.  
Кәріліктің ауылына  
Жылдам жеттім ойланбай.  
Бәрі қалды желіктің,  
Елу жасқа келіппін!

Жетім күйд тартқызып,  
Ерте кетті неге әкем?  
Тапқанымнан өмірде  
Жоғалтқаным көп екен.  
Ғұмыр деген абайсыз  
Тартылатын көл екен.  
Бәрі қалды желіктің,  
Елу жасқа келіппін!

Сартылдатып есікті  
Қағып тұрған кім анау?  
Сұрап келген жаныңды  
Ажалың да жылдам-ау.  
Менің көрген өмірім  
Кілең түрме, кіл қамау.  
Бәрі қалды желіктің,  
Елу жасқа келіппін!

Өлерімнің алдында  
Жұлдыздарды көрмесем,  
Келіп тұрған ажалға  
Тізгінімді бермес ем.

Көре алам ба ғаламды  
Жел соңынан ермесем?  
Бәрі қалды желіктің,  
Елу жасқа келіппін!

Ақырзаман келеді  
Әр-сәрі қып жалпыны.  
Байлар түгел тоналып,  
Төгіледі алтыны.  
Қара жердің үстінен  
Соғыс иісі аңқыды.  
Бәрі қалды желіктің,  
Елу жасқа келіппін!

Басылмаған құмарым,  
Іздеп тапқан сыңарым,  
Тиегімді тағы да  
Қаттырақ қып бұрағын.  
Маған салып берсеңші  
Жастық шақтың бір әнін.  
Бәрі қалды желіктің,  
Елу жасқа келіппін!

Менің бағым қурады,  
Талы түгел жалаңаш.  
Өлімші бір өмірден  
Жас сұлуым, ала қаш.  
Күн астында мүлгимін,  
Мына күйде шала мас.  
Бәрі қалды желіктің,  
Елу жасқа келіппін!

### ЕССІЗДІК

Қалайы солдаттардан  
сап құраған,  
Біздерміз –  
ең шынайы тапқыр адам.  
Ілесіп у мен шуға сан күрестік,  
Әуеннен қателессең,  
жақтыра ма ән?

Жасадық даналарды тас мүсіннен,  
Сұрадым ақыл жайын  
аш кісіңнен.

Тектен тек уақытымды өткізіпін,  
Айрылдым бойда қуат,  
жас күшімнен.

Тың ойлар пәк қыздардай,  
былғанбаған.  
Келеді кей кездері жылдам маған.  
Басына ақ жамылып,  
қалыңдық боп,  
Іздейді күйеу жігіт  
бұлданбаған.

Ессіздік  
күйеу жігіт боп келеді,  
Жүрегін қарып шығып  
отты өлеңі.  
Демі деп еркіндіктің аталатын  
Ұлы күш  
оның жолын шектемеді.  
Екеуі  
неке қиып, қосылады,  
өзгелер дұрыс дейді  
осылары.  
Жұптасқан сезімдерден  
сәби туып,  
Бар халық  
бақыт күтіп, тосылады.

Бақыттың  
бал жұғады бармағына,  
Сүрлеудің  
соқпақ келер тармағына.  
Өзінен елдің қамын көптеу ойлап,  
Сен-Симон  
тұншығыпты арманына.

Теңепті ол қоғамды  
үйлерге ескі,  
Билігің бастан талай  
күйлер кешті.  
Сонан соң  
ұмыт болып қала берді,  
Биледі жабайы әуен,  
билер есті.

Шынайы  
Жыр қып айтып ертегінді,  
Фурье  
соңына елді ерте білді.  
“Басынды көтер”, –  
деген адамзатқа,  
Жан еді жүрегі асыл  
көркем үнді.

Осынау  
кұрлықтар мен ендіктегі  
Адамның іздегені  
теңдік пе еді?  
Анфантен әйелдерді  
теңдестірді  
Жүретін төмен саты,  
кемдіктегі.  
Ұқсаған  
жан-жүректің бүлкіліне,  
Қарасаң, оның да ойы  
күлкілі ме?  
Алдыңда алау ұстап  
көсем тұрса,  
Болады ұмтылуға,  
сілкінуге.

Ессіздік  
ентікті де, жақты жарық,  
Сол жарық  
қара түнді жатты жарып.  
Ессіздік құдайдағы құдіретпен,  
Қиратты ескілікті  
қатты барып.

### **ПАРИЖДІК ЖАН**

Шляпанды желке тұсқа ысырып,  
Биле, жігіт, көңіл құсын ұшырып.  
Мынау әлем, мына Париж сенікі,  
Тек қолыңнан ала көрме түсіріп.  
Шырқа, биле,  
тоқтап қалма қысылып.

Нотр-Дам да  
Гүлге ұқсады, жайнады,  
Арайланды туған елдің аймағы.

Құмырсқаның илеуіндей бұл өмір  
Тіршіліктің қазанында қайнады.  
Жер бетіне сәуле түсті айдағы.

Шляпаңды желке тұсқа ысырып,  
Биле, жігіт, көңіл құсын ұшырып.  
Мынау әлем, мына Париж сенікі,  
Тек қолыңнан ала көрме түсіріп.  
Шырқа, биле,  
тоқтап қалма қысылып.

Сені білем,  
Жолаушысың жол кезген,  
Шын бақытың басталыпты сол кезден.  
Ауытқыған таразының тасында  
Қозғалмайтын қорғасынды бол безбен.  
Шляпаңды желке тұсқа ысырып,  
Биле, жігіт, көңіл құсын ұшырып.  
Мынау әлем, мына Париж сенікі,  
Тек қолыңнан ала көрме түсіріп.  
Шырқа, биле,  
тоқтап қалма қысылып.

Қытай бардың,  
Оралғансың Перуден,  
Жалықпадың арманыңа еруден.  
Мынау маған қуаныш жоқ асатын  
Бақыт тұнған дидарыңды көруден.

Шляпаңды желке тұсқа ысырып,  
Биле, жігіт, көңіл құсын ұшырып.  
Мынау әлем, мына Париж сенікі,  
Тек қолыңнан ала көрме түсіріп.  
Шырқа, биле,  
тоқтап қалма қысылып.

Сан түрлі ұрыс,  
Сан соғыстың майданы,  
Алдына сап сан қиырға айдады.  
Өміріңді қанжығаңа бөктердің,  
Біреулерге қолшоқпар боп қайдағы.

Шляпаңды желке тұсқа ысырып,  
Биле, жігіт, көңіл құсын ұшырып.  
Мынау әлем, мына Париж сенікі,



Тек қолыңнан ала көрме түсіріп.  
Шырқа, биле,  
тоқтап қалма қысылып.

Персияның алып қашып бір қызын,  
Артында өсек шұбатылып жүрді ұзын.  
Әңгіменді өз аузыңмен айтсаңшы,  
Әсірелеп ертегінің сырлы ізін.

Шляпаңды желке тұсқа ысырып,  
Биле, жігіт, көңіл құсын ұшырып.  
Мынау әлем, мына Париж сенікі,  
Тек қолыңнан ала көрме түсіріп.  
Шырқа, биле,  
тоқтап қалма қысылып.  
Отаныңнан сан ұзадың, сан келіп,  
Сен жоқ кезде  
Қалған сынды ән кеміп.  
Тірлік шіркін, жақсы екен ғой өлмесең,  
Жүрмесең де,  
уыз жұтып, балды еміп.

Шляпаңды желке тұсқа ысырып,  
Биле, жігіт, көңіл құсын ұшырып.  
Мынау әлем, мына Париж сенікі,  
Тек қолыңнан ала көрме түсіріп.  
Шырқа, биле,  
тоқтап қалма қысылып.

### **ЖАН МЕН ТӘН**

Бұл өмірден өтеді  
Сараңың да, сақи да.  
О дүниенің жұмағы  
Тіршілікке тати ма?  
Бір қария шаршаған,  
Қажып біткен баршадан,  
Бір қақты да иегін,  
Жүріп кетті бақиға.

Кигізілді үстіне  
Акиреттік көйлегі,  
Ажалға енді бөрібір.  
Мықты ма еді, дөй ме еді.  
Төмен қалған тұстан да

Жан қалықтап ұшқанда,  
Кенет, кенет тіл бітіп,  
Денесі оның сөйледі:

“Қош бол, досым, үш енді,  
Сыңар болдың сан жылдан,  
Кім ойлаған шырқалса,  
Бітеді деп ән жылдам.  
Естен оңай шыға алмас  
Сен айтатын қалжың-мән.

Дөкей өлсе, үстіне  
Бальзам жағу сән болды.  
Ығай-сығай жиналып,  
Азасына таң болды.  
Көмбейтұғын төрге оны,  
Тастайтұғын көрге оны,  
Әттең, біздің қожамыз  
Қарапайым жан болды.

Ажалды да сыйлатқан  
Бай өлімі бағалы.  
Құрметіңнен шет қалар  
Кедейліктің қамалы,  
Бар ма екен бір амалы?!”

Тән сөйледі, әй, қызық,  
Естімесе, сене ме?  
Жан бұрылып қарады  
Төмендегі денеге.  
Табытыңда жайласқан,  
Ажалмен сөз байласқан  
Тәннің айтқан сөзіне ол  
Оңайлықпен көне ме?

“Аузыңды жап, ей, қақпас,  
Түсер жерің көр ғана.  
Мені күтіп алады  
Шамы жарық өр қала.  
Бола берме тым есер,  
Сен шірісең, гүл өсер.  
Өлгеннен соң жоқты айтып.  
Аруақты қорлама”.

Ажалды да сыйлатқан  
Бай өлімі бағалы.

Құрметіңнен шет қалар  
Кедейліктің қамалы,  
Бар ма екен бір амалы?!

“Тән болмаса қасында,  
Қу жан қайда барады?  
Оны өзімен ертпейді  
Сан жолдардың сарабы.

Ажыратсаң екеуін,  
Бере алмассың өтеуін.  
Мендегісі – пенделік,  
Сендегісі – ар әні.

Ажалды да сыйлатқан  
Бай өлімі бағалы.  
Құрметіңнен шет қалар  
Кедейліктің қамалы,  
Бар ма екен бір амалы?!”

“Тәтті арманға шомылған  
Жастық шағың есте ме?  
Айна алдында сүйсіндің  
Таңертең де, кеште де.  
Көктем болып көлкідің.  
Сағым болып елтідің.  
Құмарлықтан мен басқа  
Көре алмадым ештеңе”.

Ажалды да сыйлатқан  
Бай өлімі бағалы.  
Құрметіңнен шет қалар  
Кедейліктің қамалы,  
Бар ма екен бір амалы?!

“Құмарлығың көп еді  
Орға жығар мықтыны,  
Берекемді алғансың  
Қыдыр қонған күт күні.  
Көші оңбаса қосыңның,  
Жан боп жүрген досыңның  
Шырылдап сан шықты үні.”

Ажалды да сыйлатқан  
Бай өлімі бағалы.  
Құрметіңнен шет қалар  
Кедейліктің қамалы,  
Бар ма екен бір амалы?!

“Ауру келсе алдымен,  
Мен ауырдым, сен емес.  
Құр қиялмен қалықтап,  
Қуып жүрдің тек елес.  
Жалаңаяқ жүргенмін,  
Балағымды түргенмін,  
Неге керек көп егес?”

Ажалды да сыйлатқан  
Бай өлімі бағалы.  
Құрметіңнен шет қалар  
Кедейліктің қамалы,  
Бар ма екен бір амалы?!

“Қарттық келіп жеткенде,  
Сен де, мен де шаршадым.  
Тазаладың миыңмен  
Бұл ғаламның бар шаңын.  
Сендей болсын нағыз жан,  
Бойға қуат тамызған,  
Арманысың баршаның”.

Ажалды да сыйлатқан  
Бай өлімі бағалы.  
Құрметіңнен шет қалар  
Кедейліктің қамалы,  
Бар ма екен бір амалы?!

“Жан жатады тұнықта,  
Тән батады былыққа,  
Екеуінде ортақ сөз  
Жауап берер қылыққа.  
Енді біздер өліміз,  
Айрылады жолымыз,  
Жаксы күнді ұмытпа!”

Ажалды да сыйлатқан  
Бай өлімі бағалы.  
Құрметіңнен шет қалар  
Кедейліктің қамалы,  
Бар ма екен бір амалы?!

## ПАРИЖГЕ КЕЛГЕН АУЫЛДЫҚ

“Жабайы өскен  
Бала ғой ауылдағы,  
Жауказыны  
Жұтынсын жауындағы.  
Парижге әкеп,  
Сарайда оқытайын,  
Жақсы әдепті  
Жинасын қауымдағы”.

Деп әкесі  
ой салды баласына.  
Әкелді ертіп  
Париждің қаласына.  
Қайта-қайта жөн айтып,  
Үйретеді.  
Ақыл құйып  
Баланың санасына.

Қалып қоймай  
тексіздік тоғанында,  
Болам десең білікті  
қоғамыңда,  
Үйрен, балам, алдымен  
тағзым етіп,  
Сәні кірер еңкейсе,  
қоғаның да.

Көпке таныт осылай  
тектілікті.  
Тектілік те жөн көрер  
ептілікті.  
Саз аптабы  
әуенін тарта алмайды,  
Қойып алмай  
алдымен шекті мықты.

Тырсыл қақты  
дауысы тағалардың,  
Тырсылына кім оның  
таға алар мін?  
Қапталдағы қыраттан  
қылаң етіп,  
Шыға келді  
зираты бабалардың,

“Батырлар ғой  
Ерлігін ел ескерген,  
Қол бұлғайды ол  
бұл күнге белестерден.  
Аруағына тәжім ет,  
риза болсын,  
Биіктесін рухы бір  
дөңестерден”.

“Мына король  
тең болды тәңірменен,  
Құрмет тұтты  
ел-жұрты қадірлеген.  
Оған да, ұлым, иіліп,  
бір тәжім ет,  
Жарамайды,  
өліні жәбірлеген.”

“Ақ жалауы үстінде  
желбіреген,  
қола тас тұр –  
шежіре мөлдіреген.  
Даңқы астында  
жаншылып қалмасын деп,  
Биік жақта тұрпаты  
керді көлем.

Жинап алып  
жылдардың жан айқайын,  
Тастың сырын  
өзіңе сан айтайын.  
Бұл жалауда  
елімнің ертеңі бар,  
Мазмұнында  
мағына, талай пайым”.

“Асықпашы,  
бөгей тұр, қалқам, атты,  
Мына топты  
көрдің бе салтанатты?  
Беллондар мен  
Фемида ұлдары бұл,  
Атының да жабуын  
камқалапты.

Барабаны байлықтың  
дүмпілдеді,  
Тектіліктің торқасы  
үлпілдеді.  
Бай қауымға тәжім қыл,  
кем болмайсың,  
Тебірентіп кеткені-ай  
бұл күн мені”.

Маркиз жаққа бұрылып,  
жол аштың ба?  
Ештеңе жоқ көрінер  
оғаш мұнда.  
Төменірек иіліп,  
сәлем жолда,  
Құзыры көп бағынған  
кол астында.

Ауыл жақтың  
жабайы таста күйін,  
Париж енді  
өзіңнің асқақ үйің,  
Лауазымның сатысы  
тағзымдардан,  
Маршалға иіл,  
Тағы да басқаға иіл!”

“Неткен дана әкесі,  
Неткен дана!”  
Риза боп тұр  
Парижге жеткен бала,  
Тағзым ету жағын ол  
қатырады,  
Тек көмекті күте алар  
көктен ғана.

Тәжім етті ол,  
көрмеген, көргендерге,  
Тағзым қылды ол  
кеткенге, келгендерге.  
Тағзымынан баланың  
Тыс қалмады  
Тірілер де,  
кешегі өлгендер де.

Қайтар еді,  
ауылы жатыр қашық,  
Желке тұсын ойланды  
батыр қасып.  
Ертесіне балаға  
тағзым етті  
Бүкіл Париж қаласы  
жапырласып.

### **БОЙЖЕТКЕНДЕР**

“Неткен мылжың оқытушым,  
Тыңдаған боп құптадым.  
Адалдық пен еңбекті айтты,  
Ештеңе де ұқпадым.  
Театр, бал, мерекелер  
Маған жақын шыққаны”.  
Бойжеткендер, сұлусыңдар,  
Күннен жеткен жылусыңдар.

“Анам маған іс тіктірді,  
Оған төзім жетпеді.  
Түсті есіме ұстазымның  
Тапсырма айтып кеткені.  
Жас ұстазға ғашық болып,  
Құс боп ұштым көктегі”.  
Бойжеткендер, сұлусыңдар,  
Күннен жеткен жылусыңдар.

“Уақытымды бос өткізбей,  
Сурет салдым ирекпен,  
Би пәнінің мұғалімі  
Маған сабақ үйреткен.  
Қимылында құмарлық бар  
Сезім сазын сүйреткен”,  
Бойжеткендер, сұлусыңдар,  
Күннен жеткен жылусыңдар.

“Білім нәрін жия берсем,  
Жар сүйе алмай кетермін.  
Моншақтатып маңдай терді,  
Қызық көрмей өтермін.  
“Байқамай қап” етегімнің



Шетін сәл-пәл көтердім”.  
Бойжеткендер, сұлусыңдар,  
Күннен жеткен жылусыңдар.  
Қиқар інім жылай берді.  
Таусылды әбден шарамыз.  
Жер тепкілеп жатыр батыр,  
Жұбата алмай барамыз.  
Есіл-дертім жігіт, бірақ,  
Бұл қызықты қараңыз.  
Бойжеткендер, сұлусыңдар,  
Күннен жеткен жылусыңдар.

“Айтылмаған әңгіме еді,  
Қайран анам, бұл әлі.  
Жасап қойдым жастықпенен,  
Мен ыңғайсыз күнәні.  
Қызың байғұс түніменен  
Көздің жасын бұлады”.  
Бойжеткендер, сұлусыңдар,  
Күннен жеткен жылусыңдар.

“Көшеге де шығу қиын,  
Өсек өрттей лаулады.  
Суық сөздер мен туралы  
Жаңбыр болып саулады.  
Кеудемдегі жүрек талай  
Қасіреттен аунады”.  
Бойжеткендер, сұлусыңдар,  
Күннен жеткен жылусыңдар.

## **БОКСЕРЛЕР НЕМЕСЕ АНГЛОМАНИЯ**

Шляпасы ұнамасын, мейлі, енді,  
Тамсап, таңдап айтатұғын сөйлемді,  
Сайтан алғыр, ағылшынды сүйем мен.  
Зердесіне нәзік талғам, күй енген.  
Мұрыны мен көзіндегі әжімдер  
Көп адамға көрінгенмен кейде өнді.

Келді бізге боксерлері сол жақтың,  
Бәс тігістік жеңіс жайын болжап тым.  
Үшеуі кеп жабылмайды біреуге,  
Жұдырықты ойнатып жүр тіреуде,  
Бірге біреу жекпе-жекке шыққанда,  
Көзге қызық көрінгені төл заттың!

Қимылдардың қозғалысы бір аңыз,  
Қолдарының созған ұшы бір аңыз.  
Бәлкім екі лорд болар ма ұстасқан,  
Қарым-күші аумайтұғын қысқаштан,  
Екі арыстан тордан шығып арбасса,  
Сырт жағынан тамашалап тұрамыз.

Сұлу біткен қолын соғып, қамданып,  
Ағылшындар сымбатына таң қалып,  
Кім олармен теңдесе алар жалғанда,  
Қарсыласқа күш көрсете алғанда,  
Көру үшін көрермендер асықты,  
Ең алдыңғы орындарға қамданып.

Сәйгүлік пен елшіліктің елдігі,  
Боксымен таң қалдырды ендігі.  
Бекзаттықтың бекемдігі ұстамды,  
Дегдарлықтың дәрежесін күшқан-ды.  
Қарсыласпен ұстасса да қайратты,  
Шешілмейді тектіліктің белдігі.

#### **ЛИЗАҒА АРНАЛҒАН САЯСИ ТРАКТАТ**

Бәрімізді  
Бірдей жаулап алдың да,  
Қол жетпейтін  
қорған болып қалдың ба?  
Сұлулығың  
күннің нұры секілді  
Шашыраған  
жасыл жібек шалғынға.  
Табынушың адалдығын сақтаған!

Ару біткен  
құр болмайды айладан,  
Жүрегінді  
тұтқын қылып байлаған.  
Бекзат тұрса,  
бектер түгел бас ұрған,  
Шәй ішпейді  
тектілігің шайладан.  
Табынушың адалдығын сақтаған!  
Әйелдердің  
еркелігі назданса,  
Жарқыратар  
жасыл түсін жаз қанша!

Көсемдерің  
тайпаларын аямас,  
Бағыныштың  
қазықтарын қазғанша.  
Табынушың адалдығын сақтаған!

Сарай маңы,  
ығай-сығай қаптаған,  
Ірілігін  
көрсетеді ақ табан.  
Король жаққа  
жақындай да алмассың,  
Көрінгенмен,  
күйме мініп қақпадан.  
Табынушың адалдығын сақтаған!

Лизеттаның  
жазған қаулы-жарлығы,  
Біздегі үміт  
боп қалады бар күні.  
Кедейлердің  
көкейінен шығар ма,  
Бүгіндегі  
саясаттың арлы үні.  
Табынушың адалдығын сақтаған!

Халықты алдап,  
король біткен есірген,  
Халық қайтпек  
оның бәрін кешірген.  
Лизеттаның  
аппақ сүйрік саусағы  
Аса таяк  
пайымдауын өсірген.  
Табынушың адалдығын сақтаған!

Аса таяк  
қолындағы бекісін,  
Қысып ұста,  
бекем қылып екі ұшын.  
Саясаттың  
діріл қақты толқыны,  
Қызарғанда  
өктемдіктің беті шын.  
Табынушың адалдығын сақтаған!

Үміт сенде,  
сенімі бар бір бетте,  
Барлығынан  
бостандықты құрметте.  
Мамыр гүлі  
қосып өрген тәжінің  
Сақинасы  
самғап ұшып жүр көкте.  
Табынушың адалдығын сақтаған!

### **ДЕ КАРАБА МАРКИЗ**

Маркизіміз Караба  
кәрі тарлан  
Сөздерінің пайымы  
танытар мән.  
Салғысы кеп  
құлдыққа біздің елді,  
Талаптарға сан қилы  
жарыта алған.

Туған елге  
құс болып самғағанда,  
Пәрмені оның  
жеткен-ді бар ғаламға.  
Ескі қамал  
атадан мұраға алған  
Қол бұлғады,  
көңілін салды алаңға.

Рыцарь шауып келеді  
арғымақты,  
Арғымағы тастақтан  
қарғып ақты.  
Екпіні оның дауылдай  
буырқанып,  
Тау тұрғызды жолында,  
жар құлатты.  
– Барлығы да сөзімде  
айтар мәннің,  
Монархтардың  
тақ-тәжін қайтарғанмын.  
Заң жолдарын сақтадым  
тәртібімен,

Саласында биліктің  
майталманмын.

Әзілдесу менімен  
жөн болмайды,  
Көсем менен тобырың  
тең болмайды.  
Тыңдап мені,  
көнгендер айдауыма  
құдай куә,  
ешкімнен кем болмайды.

Менің ата-тегімді  
казбалаған,  
Былық-шылық іздейтін  
аз ба надан?  
Диірменшінің ұрпағы  
деп айтады,  
Төмен тұтып тегімді,  
азған адам?

Сәтін күткен шыбығы  
көп-ті үміттің,  
Шыбықтарын баптауға  
епті мықтың.  
Ата-тегім менің де  
бектен шыққан,  
Мөртаңбасы қолымда  
тектіліктің.

Қонған бақтың ішінде  
құттылауымын,  
Салыстырсаң корольмен  
мықтылауымын.  
Барлығы да  
осыған көну керек,  
Керегі не,  
көз жасын сыққылаудың.  
Сала алмайды ештеңе  
тыйым маған,  
Сынай қалса,  
жағдайы қиындаған.  
Маған ғана қол созып,

жәрдем күтсін,  
Билігімді мойындап  
дүйім ғалам.

Кімдер келсе  
салықты төле деген,  
Тыныштығын бесікке  
бөлемеген.  
Құзырыма түбінде  
бас иеді,  
Бүгінгіден шырқайды  
бөлек өлең.

Үкіметке ешкім де  
қарыз емес,  
Нарық төлеу кедейге  
парыз емес.  
Ескі қорған  
ішінде өмір сүрсек,  
Кетсе екен деп келмеске  
арыз-егес.

Поптар,  
ішік жамылған дінбасылар!  
Табыстардың  
ағылған жылғасы бар,  
Қолда барды  
біз бірге бөлісейік,  
Сынақ күндер туғанда  
сынға шыдар.

Шаруаға шалт басқан  
дүре дайын,  
Мұңға бөлеп қалың топ  
жүреді айын.  
Әйелдерге  
көп құрмет көрсетіңдер,  
Махаббатпен тойлайық  
Жүрек айын.  
Құзырлы орын  
бөліссін табыстарын,  
Шабандоздар байқасын  
шабыс барын.

Мұжықтарды соғындар,  
тыңдамаса,  
Тынық көлде байқасын  
ағыс барын.  
Жанның бәрін қысындар,  
таландар да,  
Арман толы көкірек  
аландарда,  
Менің атым жазылсын  
кұдайдан соң  
Алтын қосқан әріппен  
бағандарда.

Ғасырдан соң келеді  
тағы ғасыр,  
Әр мезгілдің бояуы  
салып асыр.  
Ел билігі  
көшеді ұрпағыма  
Құзырлықтың  
асына жарығасын.

### **МАРКИТАНТ ӘЙЕЛ**

Мен жаяулар полкынанмын,  
ел білер.  
Өзімді-өзім таныстырар  
келді жер.

Тез әм епті  
менің әрбір қимылым,  
Жақсы шарап –  
ұсынатын сыйлығым,  
– Тамағыңды жібіт!–  
десем болғаны,  
Бұлданбастан,  
бұрылады жолдағы.  
Мені кімдер  
құшаққа алып сүймеді?  
Ашылғанда  
құштарлықтың түйнегі.  
Солдатыңыз  
генералмен бөлісті,  
Басымыздан өткергенбіз  
көп істі.

Басқа-басқа  
көп адамдар құмар боп,  
Мендей жанға  
Жүрмек болды сынар боп.

Мен әскери  
құрбысы едім бәрінің,  
Тоңған шақта пана болды  
сары күн.  
Көп жүргенмін  
жолдарымен жеңістің,  
Ел тойласа,  
барлығынан кем іштім.  
Шарап құйдым  
өмір тілеп баршаға,  
Тілекпенен  
көгереді арша да.

Альпі тауы,  
Ол жақта да болғамын,  
Жас солдаттың  
жаңа ерлігін қолдадым.  
Египетте,  
аңызқтың ішінде,  
Сағынышты  
көрген едім түсімде.  
Венаға да  
солдаттармен келгемін,  
Көрдім сосын  
жеңілгенін, жеңгенін.

Саудамыз да,  
махаббат та гүлдеді,  
Ешкім сырын  
дәл өзімдей білмеді.  
Ватикандық  
баспананың астында,  
Шарап болды  
ұрыстағы бас тұлға.  
Шіркеуліктер  
сілекейі шұбырған  
Көзін сүзген  
бас қылтитып тұғырдан.



Еңбек етсем,  
графыңнан кем бе едім,  
Елеулі еді  
ерліктерден еңбегім.  
Мадрид пе,  
Мәскеу жақтың маңы ма,  
Ілеспеді  
ешбір адам шаңыма.  
Шарабымның  
әр тамшысын сақтадым,  
Ішкен жанға  
тіл жеткенше мақтадым.

Шетелдік күш  
басым келіп бәрінен,  
Айықпастай  
азап кештім әрі мен.  
Елге арналған  
ерліктерді қолдаймыз,  
Жанна сынды  
бірақ батыр болмаймыз.  
Онда жерге  
жібермес ем дұшпанды,  
Қаққан шеге  
болушы едім ұстамды.

Жолыққанда  
сол жауынгер достарым,  
Мен білемін  
әңгімемді қостарын.  
Бәрі олардың  
тірлік інін үнгіген,  
Қиындықтың  
тоғанына сүңгіген.  
Елі үшін де  
жарай алмай ішуге,  
Өз-өзінен  
үнжырғасы түсуде.

Дұшпандарым,  
тіккен туың жыртылар,  
Жылтыраудың  
астары мұз, сырты қар.

Жалау ұстап  
менің күнім келеді,  
Желбірейді  
жеңісті сәт желегі.  
Кеуделердің  
қоңырауын соғайық,  
Жеңілген күн  
таға алмайды көп айып.

### **РИЗАЛЫҚ ДҰҒАСЫ**

Жоғалтып ап сырғасын  
Қапы қалды бұл ғасыр.  
Оқыды ма дұғаны,  
Одан нені ұғады,  
Естен бәрі шығады,  
Ессіз мезгіл тұрғасын.

Мен дұғамды оқырмын,  
Сырын ішке тоқырмын,  
Қарным тойып алғасын,  
Тауып алып жалғасын,  
Жаттағандай ән басын.  
Жылыстайды соқыр мұн.

– Тәңір, саған ырзамын,  
Сыйға тарттың мырза күн.  
Қарным толды дәмді асқа,  
Тоқ жүргенде ән басқа,  
Мейірімдісің қандасқа,  
Тынышталып тұр жаным.  
Көрсен оның көршісін,  
Байқар едің ерсі ісін.  
Су қосады шарапқа,  
Басы айналып араққа,  
Ауырады бар апта,  
Оған саулық берші шын,

Мен шараптан қашпаймын,  
Мөлшерден де аспаймын.  
Сен таңданып қарама,  
Толтырамын шараға,  
Көз ілеспес арада  
Бір төңкеріп тастаймын.

Бар қызғаншақ танысым,  
Таласады бақ үшін,  
Асса біреу өзінен,  
Жас кеппейді көзінен,  
Мұң кетпейді сөзінен,  
Шырылдайды жаны шын.

Есіктерін жабатын,  
Дүниесін бағатын,  
Терезесін қымтаған,  
Төнер күдік бұлты әман,  
Күдік дәнін ұнтаған,  
Қаға алмайды қанатын.

Адамдар бар осындай,  
Көре алмассың шошынбай,  
Тәңір, саған тәуба мың,  
Ән боп жетер баудағы үн,  
Алқап болды аумағым,  
Кішігірім қосындай.

Алла, саған ырзамын,  
Жайбарақат жүр жаным.  
Тастамады мені үміт,  
Сеніміне көміліп,  
Шапағатқа шомылып,

Жылытады бір жалын.  
Менің досым сұлумен  
Кездесуге барыпты,  
Кездесуден келгесін,  
Мұң торлады зердесін,  
Жия алмады енді есін,  
Денсаулыққа зарықты.

Мен сұлудан шаршаман,  
Жалықпаймын баршадан,  
Тәңір, сені сыйласам,  
Бар күшімді жинасам,  
Жанымды аздап қинасам,  
Ағыстарға қарсы ағам.

Анау сорлы мұңайды,  
Байқамайды күн, айды.

Жоғалтыпты мансабын,  
Жалақысын қанша мың,  
Торлай ұшса сан сағым,  
Шашын жұлып жылайды.

Мен болғанда орнында,  
Берілмес ем зор мұңға,  
Судан жаяу өтер ем,  
Мақсатыма жетер ем,  
Тез ұмытып кетер ем  
Не екенін сордың да.

Таң келгенде арайлы,  
Шұғыласы тарайды.  
Алтын сеуіп шапағы,  
Ұмыттырып қапаны,  
Күндер өтіп жатады,  
Өмір күліп қарайды.

### **ЛИЗАМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУ**

Лизажан, Лиза қыз,  
Шектен асты билігің,  
Төмендеді күй бүгін.  
Әр тамшысын санамай,  
Бокалыңа құй, күнім.  
Осы болсын ақынға  
Ұсынған бір сыйлығың.  
Санасасың сен неге,  
Қазынаңыз көмбеде.  
Кемшілігің кем бе, не?  
Байланып-ақ қалыпсың  
Құрып қалғыр теңгеге.  
Өзегімді өртеген  
Өз ісінді жөн деме.

Лизажан, Лиза қыз,  
Сеніміме кіресің,  
Ақымақ қып жүресің,  
Өткен жылға есеп аш,  
Ұрыса бермей тіресіп.

Жаныңдағы жігітің  
Үзбепті әлі үмітін.  
Күрсінеді, көгершін

Жүрек тұсын жылытып.  
Жүрегімен ойнама,  
Ушықтырма мұны тым.

Үстел үстін жия сал,  
Үмітіме ұя сал,  
Сөзге келіп қалмайық,  
Шараптан сәл құя сал.

Лизажан, Лиза қыз,  
Сеніміме кіресің,  
Ақымақ қып жүресің,  
Өткен жылға есеп аш,  
Ұрыса бермей тіресіп.

Ана жолғы студент  
Саған ғашық болатын,  
Атап еді ол атын.  
Көрген сайын өзіңді  
Жапырақтай солатын.  
Сүйген сайын бетіңді  
Саптыаяғы толатын.

Сарқылмасын көмбеңіз,  
Таусылмасын қаптағың.  
Жақсы күндер сыйласын  
Әрбір атқан ақ таңың.  
Неге саған жақпадым?  
Құя ма деп шараптан  
Саған сүйіс сақтадым.

Лизажан, Лиза қыз,  
Сеніміме кіресің,  
Ақымақ қып жүресің,  
Өткен жылға есеп аш,  
Ұрыса бермей тіресіп.

Қой, сөйлеме, үндеме,  
Артық ішсем, күндеме.  
Құйғаныңды білемін  
Қай жерлерде кімге не.  
Шарап берсең сілкінем,  
Жан тіріліп сүлдеде.  
Қиын болды бұл неге?

Лизажан, Лиза қыз,  
Сеніміме кіресің,  
Ақымақ қып жүресің,  
Өткен жылға есеп аш,  
Ұрыса бермей тіресіп.

Басымыздан айналып  
Құбылады қилы аспан,  
Доспен жақсы сыйласқан.  
Масаң шағым бақытты  
Көңілімнен күйді ашқан.  
Тіске басар ұсынба,  
Шарабыңнан құймастан.

Лизажан, Лиза қыз,  
Сеніміме кіресің,  
Ақымақ қып жүресің,  
Өткен жылға есеп аш,  
Ұрыса бермей тіресіп.

Қыз болғансың бұрымды,  
Жақсы білем сырынды,  
Терезеден түсірдің  
өткен жылғы ұрынды,  
Танығанмын сол жолы  
Сенің әккі сұрынды,

Көзбен көріп түрінді.  
Лизажан, Лиза қыз,  
Сеніміме кіресің,  
Ақымақ қып жүресің,  
Өткен жылға есеп аш,  
Ұрыса бермей тіресіп.

Ұрыс емес айтқаным,  
Базына ғой ол майда,  
Байырғы дос тұрғанда,  
Еркелеуге болмай ма?  
Сенен шарап іше алсам,  
Тәңір тағы қолдай ма?  
Маған бақыт қонбай ма?

Лизажан, Лиза қыз,  
Сеніміме кіресің,  
Ақымақ қып жүресің,  
Өткен жылға есеп аш,  
Ұрыса бермей тіресіп.

## ШАРАП ПЕН ЛИЗЕТТА

Достық, сезім әм шарап –  
Көңілділік бастауы.  
Олар барда өмірдің  
Лық толады астауы.  
Сыңғырлайды сиқырлы  
Тіршіліктің шашпауы.

Таң атқанша тойласақ,  
Санамызбен ойласақ.  
Достарымыз жиналып,  
Тілеп тұрса тойға сәт.  
Ту қып ұстап бірлікті,  
Татулықты жоймасақ,

Соғыстырып бокалды  
Бәлкім, баймен ішерміз,  
Саптыаяқты төңкерсек,  
Сабамызға түсерміз.  
Достық, сезім, әм шарап,  
Кеудемізге күш енгіз.

Тақымдасып жүргенде  
Бізге тақ па керегі,  
Тақтың жайын айтпайық,  
Болмағасын дерегі.  
Естігендер маңайда,  
Мұныңыз не дер еді.

Көлеңке боп кедейлік  
Соңымыздан ереді,  
Біздің көңіл бәрібір  
Байлардан да сері еді.  
Қарамаймыз төменге,  
Көзге ілмейміз төрені.

Достық, Сезім және қыз,  
Бір-бірімен жаны егіз.  
Үшеуіне тіреліп,  
Үзілмейді дәмеміз.  
Жасай білген таңдауын  
Біз не деген пәлеміз!

## АЛТЫН

Корольдерін түпсіздікке сүйреткен,  
Шиыр жолы ширатылған иректен  
Темір қолдар алтындарды суырды,  
Жердің төсін аямастан қуырды  
Тағы сирақ шығарды да бүйректен,

Құны түсті, құны түсті алтынның,  
Байдың жаны келді ұшына алқымның.  
Бағалылық өз бағасын жойғанда,  
Бағасыздық бағамдауды қойған ба,  
Құштарлығы сейіледі бал түннің.

Суық басқан сілті тұнды Сібірде,  
Уайымы оның оның көзін ашты інірде.  
Бар әлемге сап-сары алтын қалқыды,  
Сәуле шашты жер бетіне жалқыны.  
Толды ғалам сыбыр менен күбірге.

Алтын деген түк болмады, бұл қызық,  
Ғаламат күн шашын желге жұлғызып.  
Алтын тұрды алтындығын айта алмай,  
Келген жерге тағы оралып қайта алмай,  
Қарсылығын жарқылымен білгізіп.

Алтын қалды бар бағасы құлдырап,  
Су боп ақты ғаламдарда сылдырап.  
Қымбаттықтың қымтырылған бағасы,  
Ағытылып, сан соқтырды сағасы,  
Жағалауды ессіз толқын ұрғылап.

Тиын жоқта ақын өлең жаза ма,  
Оранады жаны жылап назаға.  
Сұлу оны жолата ма жанына,  
Бас игенде қу тірліктің қамына,  
Қара киді кезіккендей қазаға.

Бақалшы ұстап алтындардың кесегін,  
Ұсақтықтың айырады есебін.  
Күйкі тірлік ірілікке жетер ме,  
Жуасыды қойдан бетер бекерге,  
Алтындарды ардақ тұтқан кешегі үн.

Жан адамды көзге ілмеген деседі.  
Алтын бүгін қолдан қолға көшеді.  
Енді үйіңе шақырмай-ақ келеді,  
Оны бәрі тас орнына төгеді,  
Соншама оның менменсіген несі еді?!



# Перси Биши ШЕЛЛИ

---

---

## **МАХАББАТ ФИЛОСОФИЯСЫ**

Бұлақтар өзенменен қосылады,  
Ал өзен мұхитпенен бір сүйіскен.  
Көктемде жел жүгіріп асығады,  
Айрылмай ароматты хош иістен.

Дүниеде жалғыз болу ауыр күнә,  
Бағыну басты иіп заң – уағызға.  
Құяды бір арнаға барлығы да...  
Сен неге шек қоясың арамызға?

Көрдін бе ұмтылады көкке белдер,  
Толқынға толқын керек алып қашпа.  
Бас иген бір-біріне жерде гүлдер,  
Ағадай ізет еткен қарындасқа.

Жер жатыр құшағына күннің сыйып,  
Ай сүйіп көк теңізге төгеді нұр.  
Олардың тастадым мен бәрін жиып,  
Ерніңнен сүйгізбесең егер де бір!

## **АНГЛИЯ ЕРЛЕРІНЕ**

Ағылшындар, айтындаршы, не ғылып,  
Қыл бұғауға мойын тостың бағынып,  
Мырзаларға мата тоқып, жер жыртып  
Қалай ғана еңбек еттің қалың жұрт.

Неге паңды киіндірдің сәндікпен  
Орап атлас, жібекпенен, барқытпен,  
Неге бердің қанмен қабат миыңды,  
Таптың балды неге оларға жан күткен?

Ағылшынның аралары не үшін,  
Қару соғып кімнің күттің жеңісін.  
Олар саған арқалатып азапты,  
Өздері алды пісіп тұрған жемісін.

Қайда сенің рақатың, ән-күлкің,  
Тыныштығың, махаббатың, үй-жұртың?  
Қайда наның – рызығың, жылы үйің  
Еңбекпенен келмеп пе еді ол шіркін?

Сеппегендер – разы орып жатқанға,  
Ие болар алтын іздеп тапқанда.  
Жалаңдатар жанды алам деп қылышын,  
Жалмауыздар қылышты отта соққанға.

Ор астықты, қою үшін наны алға,  
Мата тоқы тұт жалаңаш қалғанға.  
Соқ балғамен солқылдатып темірді,  
Өздеріңді әр уақытта қорғауға.

Жер астының тұрғындары талайғы,  
Лордтарға арнап соғасындар сарайды,  
Шынжырының шығыршықты көздері  
Өздеріне келемеждеп қарайды.

Жер қазушы қазып жатыр моланы,  
Ағаш шебер сайлап табыт соғады.  
Аппақ кебін тігіп жатыр тігінші,  
Британия саған арнап соларды.

### **ӨЛІП БАРАМ ҒАШЫҚТЫҚТАН**

Өліп барам ғашықтық толастамай,  
Сөніп барам бұлттай шапағының,  
Боз қанаты бекерге таласқандай,  
Жалынды отыменен батар күннің.  
Дауылы жоқ мұхиттай дағдарылып,  
Еріп барам тұмандай қақ жарылып.

### **ТОСҚАУЫЛ**

Егер баяу жарығы көк аспанның  
Жайса ойпаң, орманға сүйіп құшақ.  
Шығар ойнап қиядан нұр шашқан күн  
Қауіп-үрей сезбеген киікке ұқсап.  
Сен күлесің себебін біліп сол сәт  
Оларды зор тосқауыл тұр деп қоршап,  
Тосады деп көк нөсер, жасын, бұршақ.

## ИНДИЯ СЕРЕНАДАСЫ

Түсіме ендің сен жана,  
Ояна кеттім ойға ала,  
Хош иісті айнала,  
Жұлдыздар жүзген жай ғана.

Түсіме еніп ұйыттың,  
Аңғара алмай қалды жан,  
Ашылды кеп, сүйіктім,  
Терезең тап алдымнан.

Желдей әлсіз шарлаған,  
Саялы алқап ығында.  
Гүлдей сезім қалмаған  
Құлағын түрмей бұлбұлға.

Бейне түстей өмірсіз,  
Алдында өткір көзіңнің  
Өліп барам көңілсіз,  
Кең кеуденде өзіңнің.

Тұрғыз мені, бер көмек,  
Сезімім жоқ, халім жоқ.  
Оян-дағы жедел жет,  
Себеле нұр жауын боп.

Салқын маған бұл манда  
Соққан жүрек қабынып.  
Өз кеудеңе құларда,  
Кетер жүрек жарылып.

## ИРЛАНДИЯ

Ирландия, көктем кеп сені табар,  
Жасыл өлке бақытсыз, бір кембағал,  
Жазығыңда арпа өсіп суылдаса,  
Ойнар еркін теңіздің желі самал.

Сен бір ағаш жайлаған жар қабақты,  
Тұрдың беріп, бақытты, салтанатты.  
Тұрдың беріп әр үйге бейбітшілік  
Алақанмен аялап мархабатты.

Енді сұлу жоғалттың қалыбыңды,  
Жемісіңе қол салып жау ұрынды,  
Үшкір жебе қопарды тамырыңды.

## ВОРДСВОРТҚА

### *Сонет*

Достық, жастық, махаббат айныған сон  
Табиғаттың жыршысы қайғырасың,  
Қалдырарын білесің еншімізге  
Мұра қылып қасірет-қайғы жасын.

Ал мен басқа нәрсеге аһ ұрамын,  
Сезеді оны өзіңнің салқын жаның,  
Дауылдарда, түнекте жұлдыз болып,  
Сен бір кезде біздерге жарқырадың.

Мұнарадай жайлаған ең биікті,  
Желпіді ұшып жырынның лебі жұртты,  
Тұрлауы жоқ тобырдың тұтқасы боп,  
Азаттықпен жырладың өр үмітті.  
Бұрынғыдай сен қайтіп бола алмайсың,  
Көру қандай аяныш сені тіпті.

### ШАҚЫРУ

Жарығым, жүрші ерейік  
Жап-жарық күннің соңынан,  
Өзіндей ол да – көгертіп,  
Қайғыны қуған жолынан.  
Жаңа ой орман ішінде  
Оянар ол да сілкініп.  
Қарсы алған бізді пішінде  
Қарда да жатты нұр тұнып.  
Көктемнің со бір белгісі  
Құбылтты аппақ қырауды.  
Аспаннан жетіп жерге ұшы,  
Беткейдің үсті буланды.  
Ерітіп мұзын бұлақтың,  
Суында күліп ойнады.  
Сөгіліп қары қыраттың,  
Тірілді жансыз аймағы.  
Әдіптеп жолды гүлменен,  
Келеді мамыр жыр-күймен.  
Жасарып берді жер деген,  
Жайнаған мендей – күлкіңнен.

Тезірек шығып қаладан,  
Жетейік жасыл қырларға,

Орманды көрсек жаңарған,  
Көкейде, сірә, мұң бар ма.  
Жайнаған тірлік жерімде,  
Тоқиды үннен суретті.  
Жаңа ән туып көңілде,  
Балқытар не бір жүректі.  
Достарға деген сәлемді  
Есікке жазып кеттім мен:  
“Сендерден қашып ал енді,  
Далаға сайран – жеттім мен.  
Ойлану, сен де кеш келдің,  
Басқа үйде жылыт дененді.  
Тексерші: Түңілу есебін,  
Күнкөріс жазған өленді, –  
Жалынсыз, сұйық жырларын  
Оқырмын кіріп көріме.  
Ашыса маған шын жаның,  
Уайым, сен кет жөніне,  
Кешірші, аяулы Үмітім,  
Сен маған жолдас емессің.  
Бақытты көрдім, жұртым,  
Шақырсаңдар-дағы келмеспін.  
Махаббат, гүлді, көктерді –  
Неге айтпадыңдар, жоқ па еді!

Жап-жарық күннің сіндісі,  
Мен келдім, оян ұйқыңнан!  
Орманға сонау бір жүрші,  
Барайық қырға құлпырған.  
Қақ суынан көктемнің  
Көрейік жапырақ суретін.  
Шыршаның өрнек төккенін,  
Көрейік тірлік құдіретін.  
Күн нұры қалың жынысқа,  
Ене алмай, тұр-ау сығалап.  
Шегіргүл үнсіз бір тұста  
Хош исін шыққа тұр орап.  
Кіршіксіз қардай анемон  
Сән беріп қалған көктемге.  
Орманның шетін жайлаған  
Түнгі боз тұман кеткенде.  
Төбеде шыңырау көк аспан,  
Төменде – мұхит шайқалған,

Жасыл жерменен жарасқан –  
Жасарып, үсті жайқалған.  
Нұр деген сел боп көктемде  
Дүниені алып кеткен бе!

## МЭРИ УОЛЛСТОНКРАФТ ГОДВИНГЕ

1

Жанарым жастан бұлдырап,  
Тұрса да, қалдым сыр бермей.  
Көзімді бұрдым тұнжырап,  
Ойынды сенің білгендей.  
Ынтызар оты көзіңнен  
Жарқ етпей қалай безінем.

2

Маңдайдың сору бес елі,  
Жегідей жеймін өзімді.  
Уайымның жеңіп кеселі,  
Жүрегім мұннан езілді.  
Үмітсіз халім – жасқаған,  
Жасырам оны басқадан.

3

Ешкім де көңіл бөлген жоқ,  
Өзіңмен өзің едің сен.  
Жылдар да өтті керуен боп,  
Махаббатым боп келдің сен.  
Пейліңмен бір сәт емдедің,  
Сонан соң азап – көргенім.

4

Тірілттің мені қайтадан,  
Мейірімің төгіп үн бердің.  
Базары мүлде тарқаған,  
Жайнады солған гүлдерім.  
Ерніңе ернім тамсанды,  
Көзіңнен іштім кәусарды.

Бақытты сірә болмаспыз,  
Байлаулы қолым, жолым да.  
Бір ғұмыр кеше алмаспыз,  
Оным да дұшпан, солым да.

Нар сөзді қайдан табайын  
Бұғаудың бұзар талайын!  
Үркексің, нәзік, әсемсің,  
Тірлік жоқ сенсіз, ғашықпын.  
Мен үшін шырын, әселсің,  
Сертіңе сенің асықпын.  
Жанасың өзің от болып,  
Қарайсың ба екен жек көріп?!

### **МҰҢ БАСҚАН ШАҚТА НЕАПОЛЬ МАҢЫНДА ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢ**

Кең дала шексіз – күлімдеп,  
Жағаға толқын соғады.  
Шыңында таудың дірілдеп  
Қып-қызыл шұғыла жанады.  
Ұйқыдан жер де оянып,  
Бітірер қанат көңілге.  
Жас көктем жасыл боянып,  
Шулайды теңіз еріне.  
Қаланың да үні бұл жерде құлаққа  
жағар еді де.

Теңіздің терең түбінен,  
Балдырдар әсем көрінер.  
Толқынның майда үнінен  
Мұң басқан көңіл сейілер.

У-шудан қашып, ой қуып  
Отырмын өзім жырақта.  
Тұман да кетті айығып,  
Мұхиттың үні – құлақта.  
Жан сәулем, әттең, қасымда болса  
бірақ та.

Көңілім түндей қараңғы,  
Отырған жан жоқ аймалап.  
Жазамын немен жарамды,  
Емеспін ғұлама, – ой қамап  
Отыратұғын өзінше,  
Алақанға сап әлемді.  
Ұмыта да алман мен енді.  
Даңқты көрген емеспін,  
Біреулер: “өмір – ойыншық қана” деп

ҰҚТЫ.



Азап пен күрес – егестің  
Күлкі ғып, рухын қор ғыпты.  
Тағдырдың маған тартуы олардан  
бөлек болыпты.

Бұл жерде кетіп мұн-налан,  
Тазартар судай арыңды.  
Бар өміріңді былғаған  
Күйбеңнен көңлің арылды.  
Ерке жел ойнап далада,  
Сыйпайды жасыл шалғынды.  
Шаршаған әбден баладай,  
Айтсам ба еңіреп қайғымды!  
Сонан соң күнді батырмай  
Кетсем бе мәңгі ұйқыға.  
Тебіренген терең ақындай  
Жыр етсін теңіз әлдилеп мені ырқына.  
Ол ерте неге өлді деп,  
Өкінер кейбір адам да.  
Ұясына күн енді деп  
Ой келетін маған да.  
Білмесе-дағы мені ешкім,  
Аяйтындардың бірімін.  
Мен туысқан емеспін  
Сәулесіменен күніңнің.  
Жарқ етіп жанып, сөңдің де –  
естеліктей құрыдың.

### **1819 ЖЫЛҒЫ АНГЛИЯ**

Король – топас, бостандықтың қас жауы,  
Алжыған қырт тәжді киген басына.  
Шаһзада да сол тұқымнан – лас жаны,  
Іріп-шіріп біткен жетпей жасына.  
Ел-жұртыңды билейтұғын – сүліктер,  
Күні-түні бал қаныңды сорады.  
Көз ашқаннан аштыққа боп кіріптар,  
Бар-жоғыңды тоқ жүргендер тонады.  
Әскер деген – кісі өлтіргіш хас надан,  
Алтынға құл болып заңың жаралған.  
Шіркеулерде сиынады ақшаға,  
Парламентте баяғыда-ақ жоқ адам.  
Бәрі осының – Англия дер едім,  
Алыс болмас азаттық та келер күн.

\*\*\*

Жалғыз құс аппақ орманда  
Сайрайды мұңмен ұзақ таң.  
Сумандап суық бар маңда,  
Бұлақтың бетін мұз жапқан.  
Бір тірі шөп жоқ, бүрісіп,  
Бақ ұшқан орман басынан.  
Тек қана өлі тыныштық  
Дірілдер диірмен тасынан.

\*\*\*

Өмірден көп дәмемтім... Әрине мен  
Біліп ем жамандық пен жоқтық барын.  
Жүрер ме ем жеңіл жолмен көп үйренген,  
Жетпеді бірақ та оған ақтық арым.  
Ел-жұрттың қайғы-шері сетінеді ме?! –  
Жүректі сыздатты сол өбектейтін.  
Не болса да шыдадым, көкірегіме  
Қалқан қылдым сабырды оқ өтпейтін.  
Бекіндім мен көнуге: мазағына,  
Жаулығына, қорлығы, азабына.

### НАЛА

Уа, Уақыт, қасіретті данышпан,  
Ұзақ жүріп, шаршап келдім алыстан.  
Өткен жолға өксік атып қараймын,  
Серпілтер ме көктем күні шаң-ыстан?  
Серпілте алмас ешқашан!  
Күнде, түнде, жарқырап таң атса да,  
Күз, қыс өтіп, жаз кеп нұрын шашса да,  
Көңілім жарым, көңілім дертті дауасыз!  
Айығар ма ол, барсам гүлзар бақшаға?  
Айықпайды ешқашан!

### ЖИҺАНКЕЗДЕР

Айтшы маған, жарық жұлдыз, сырыңды,  
Айтшы маған, қайда тарттың, шыныңды.  
Қара аспанда кірпік қақпай жанасың,  
Ұйқы қайда, қай кез шырым аласың?

Айтшы маған, бозарған Ай, тегінде,  
Неғып жүрсің елсіз аспан шөлінде.  
Тыным алар бір сәтті іздеп, мәңгілік  
Жүргенің бе жадап-жүдеп қаңғырып?

Жиһанкездей сен – тағатсыз жел едің,  
Көк түтіндей бір бұрқ етіп жөнөдің  
Жөніңді айтшы, не қуалап жүрсің сен,  
Қандай мұң бар көкейінде, кімсің сен?

### **ЖАЗ БЕН ҚЫС**

Шілде күні шақырайған көгімнен,  
Судың бетін сыйпауға жел ерінген.  
Көкжиекте будақ-будақ бу тұрды –  
Күміс бұлттар – көшпелі тау сықылды.  
Көк күмбезі төңкерілген төбеден  
Қиялыңды алысқа алып жөнеген.  
Жадыраған: орман, өзен маңайда,  
Мүлгіп қалған сәмі талдар тоғайда.  
Осынау бір тыныштығында әлемнің  
Қозғалады жапырағы қарт еменнің.

### **2**

Мына қысты-ай, барады ызғары әкетіп,  
Ұшқан торғай жерге құлар топ етіп,  
Өзендерді қалың мұзбен бір сықты-ау,  
Су астында балық біткен тұншықты-ау.  
Балдыр-шылау ең бір жылы көлдегі,  
Бүрісті де қатып қалды ол да енді.  
Мұндай түнде пеште жалын лапылдап,  
Дос-жаранмен отқа таман жақындап,  
Мәре-сәре, отыр біреу үйінде.  
Ал сырттағы жоқ-жітіктің күйі не!

### **АНАРХИЯ ШЕРУІ**

*Поэма*

### **1**

Рақаттанып тыныстап Италия жерінде  
Жатыр едім ұйықтап, оятты бір үн мені де.  
Құйынша кеп үйіріп ес жиғызбай ол енді  
Тал түсінде құдайдың алып ала жөнелді.

## 2

Көзімді ашып қарасам, таң нұрында – өлімдей  
Қан сөлі жоқ,

сұп-суық Кастрлерьидің өңіндей.

Жендет кетіп барады – кісі өлтірмек – жалақтап,  
Жеті ізші иті соңында жан-жағына алақтап.

## 3

Бәрі конды, сеп-семіз, – неде дейсің себебі,  
Сұрай қалсаң кез келген адам айтып береді.  
Далбаңдаған етегі плащының астында  
Жүрегі бар ел-жұрттың жуылған көз жасына,  
Сол көз жасы әр иттің сусыны да, асы да.

## 4

Алдамшы өне барады, жерге аяғы тимейді,  
Лорд Эльдондай – үстіне тышқан ішік кигені.  
Жылайды кеп монтансып, көзден аққан жасы да  
Жерге түсер-түспестен – сиқыр деген осы да –  
Айналады диірменнің зілдей ауыр тасына.

## 5

Ештеңемен ісі жоқ, ойын қуған айналаң –  
Топ-топ бала сол жасты ойыншық деп ойлаған.  
Ұстаймын деп ұмтылып домалаған тамшыны  
Қара тастың астында қалды көбі жаншылып.

## 6

Келе жатыр Аяр да көлеңкені жамылған,  
Күндей жарық інжілі жанарыңды қарыған.  
Серуендеп Сидмуттей айдаһарға мініп ап,  
Жан-жағына қаранар өтірік күліп, жымындап.

## 7

Мұнан да басқа Сұмырайлар келеді қаптап  
киырда  
Бір мереке-жиынға барлығы да жиылған.  
Бәрі бірдей жасанған жұрт секкенер түрге еніп,  
Бірі мырза, тыңшы да, бірі қазы, би болып.

## 8

Өң бе, түс пе – соңында көрдім бұзық Бүлікті,  
Келе жатыр ойқастап – ақ боз атқа мініпті.

Ақбоз аты, апырмай, қызыл қанға боялған,  
Ал ана бір Аруақ – айнымайды Ажалдан.

9

Аруақ аппақ басына алтын тәжін ораған,  
Аса таяқ қолында – ие болмас әр адам.  
“Мен Құдаймын, Әмірші, Заңмын!” – дейді ол міне,  
Осылай деп жазылған маңдайдағы белгіде.

10

Кұстай ұшып, зымырап, сән-салтанат көтеріп,  
Көктей өтіп барады ол Ағылшындар мекенін.  
Аяғына жығылып қалың нөпір, қор болып,  
Басып өткен ізінде қан жатады көл болып.

11

Айналасын Аруақтың – нөкерлері қоршаған,  
Даң-дұң, у-шу жан-жағын, құлақ тұнып шаршаған.  
Семсері бар алмастай әрбірінің қолында,  
Турап-турап тастамақ жау кезіксе жолында.

12

Осы тобыр, осы көш қан құйылып көзіне,  
Осы жалпақ әлемде жан теңгермей өзіне,  
Ағылшындар жерімен келе жатыр сайрандап,  
Ойлары – бір өтпекші дүниені ойрандап.

13

Теңізден өтіп телегей келе жатыр шұбырып,  
Жолындағы дала мен қалаларды қуырып.  
Лондонға кеп ат басын тірегенше, жалықпай  
қан сасытып, шаңдатып келе жатыр набыттай.

14

Ақбоз атты Бүліктің аруағын көргенде,  
Қошемет қып әскері ұрандап, шулап бергенде,  
Жерден бе, әлде көктен бе келді ме деп бәлесі,  
Тірі жанның мұндағы қалмап еді зәресі.

15

Қарақшылар андыздан шықты алдынан ағылып,  
Аруақтың атына басын иіп, табынып.

Кетті лезде керемет аспан астын үн керіп,  
“Құдай да өзің, Хан да өзің, Заң да өзің!”

деп күңіреніп.

16

“Келгенінді құрметтеп қарсы аламыз қуанып,  
Сені жоқтап жүр едік қос көзіміз суалып.  
Семсер жүзін тот басты, ақша да жоқ түсетін,  
Алтын берші, қырғын бер, қан бер бізге ішетін!”

17

Өңшең залым, сұрқия, заңқойлардың тобыры,  
Алдиярдың алдына бас ұрып сендей соғылды.  
Жапырылып қоғадай жалбарынар бәрі де:  
Өзіңсің деп Әділдік, өзіңсің деп Тәңрі де.

18

Жан дауыспен бір сәтте айқайлады ел енді:  
“Уа, Тәңірім, көктегі, Патша, Әміршім, жердегі!  
Алдиярлап алдына тәжім еттік бүгін біз,  
Аруағы Бүліктің – қасиетті піріміз!”

19

Саудыр-саудыр еткізіп Анархия қаңқасын,  
Азу тісін ақситып құттықтады баршасын.  
Аңқау халық: “әміршім мейірімді болсын” деп  
Салып берді миллионды жан қалтасы толсын деп.

20

Біліп еді ол: жұрт біткен иілерін жастық боп,  
Хан Сарайға кірерін, атақ, даңқ ғашық боп.  
Құлағын кескен құлдардың жаббары өзі  
боларын,  
Алтын зерлі шапанды иығына жабарын.

21

Әмір берді түйілген шабармандар тобына,  
Қазынаны қапыда дереу басып алуға.  
Жолын тауып сонан соң парламентке  
енбекші,  
Өз есебі ішінде – білекті түріп көрмекші.

22

Жалаң аяқ, жалаң бас, жанұшыра айғайлап,  
Жетіп келді жанына Үміт деген бір бейбақ.



Мың құбылып тұрады қауырсыны өзінің,  
Қызыл меруерт шоғындай жауын алып  
өзіңнің.

30

Бірте-бірте күшейген құлақтарға жетті үні,  
Келе жатқан дауыл ма үй құлатар екпіні.  
Бәрі естіп тұр дыбысын – нәрсе емес  
кішкене,  
Көздеріне бірақ та көрінбейді ештеңе.

31

Мамыр айындай гүл сеуіп кең далаға керілген,  
Қара түндей шашынан жұлдыздары төгілген.  
Қайда барса алдында май тоңғысыз жаз  
жатқан,  
Өзі тұрған биіктен, сан арманды қоздатқан.

32

Қалың тобыр бір сәтте қарап еді бұрылып,  
Үміт деген хас сұлу қызыл-жасыл құбылып,  
Барады екен күлімдеп, алға адымдап жай  
ғана,  
Жатса-дағы ыңыранып қанға бөгіп айнала.

33

Жамандықтың емшегін еміп өскен Бүлік-ті,  
Жатыр жерде, кеудеден шыбын жаны шығыпты.  
Мінген аты Ажалдың қан кешіріп баптаған, –  
Өңшең жендет-жауызды қарақұрттай  
қаптаған –  
Ұшып жүріп үстінде тұяғымен таптаған.

34

Нұрлы сәуле жарқ етті қара бұлттың ішінен,  
Бып-биязы, нәп-нәзік, түн қорықса да түсінен.  
Саналардың сарайын ән мен күйге  
толтырды,  
Қуаныш пен сұмдықтың соғып өтті толқыны.

35

Тоғыз айдай көтеріп құрсағында,  
Жер жатып,  
Англия ұлдарын тапқандай боп толғатып.



Қанды көріп шылқыған айныса да жүрегі,  
Жан бөбегін көрген соң, бір сол болды тілегі.

36

Кенет осынау Жер-Ана әрбір қызыл тамшыдан  
Үн жасады керемет көк аспанға шаншылған.  
Сол айкайдан ашынған ақыл кіріп әмбеге,  
Құдіретті, қаһарлы бір жыр туды кеудеде.

37

“Уа, Англия ел-жұрты, ағайындар, тумалар,  
Ескірмейтін ескінің перзенттері, тыңдаңдар!  
Еміп өскен ақ сүтін қасиетті ананың  
Аруағын ұмытып адасыпсың, наламын.

38

Арыстандай ақырып ояныңдар ұйқыдан,  
Жер қайысқан қолсыңдар – сандарың көп  
шырпыдан. –  
Ұйқы деген ұйықтан түрегендер сілкініп,  
Көздерінді ашыңдар, маужырамай іркіліп,  
Жау қарасы санаулы, сенің қолың тұр тұнып!

39

Еркіндіктің не екенін білесің бе екен-ау?  
Құлшылықтың не екенін бастан кештің –  
жетеді-ау.  
Аты-жөнің кісеннің сылдырына айналып,  
Ал сылдыры кісеннің көрбақтарың болды анық.

40

Құлақ кесті құлдардың күні тастай қараңғы,  
Қыбыр-қыбыр көп бейнет, таусылмайды ол  
мәңгі.  
Ақы төлер жауыздар қайыршыдай көбіне,  
Өлмешінің әйтеуір күнін кешсін дейді де.

41

Үйісіндер олардың, пешісіндер – жылынар,  
Станогі, күрегі, соқа, семсері ұрынар.  
Сұрамайды сендерден, – құлдың қай кез  
басы бар, –  
Керегіне жаратып, кәдесіне асырар.

42

Көрсең көзге жас келер жалтыр қарын баланы,  
Көрсең көзге жас келер жадау-жүдеу ананы.  
Мен бұл жерде сөзімді болғанымша тәмамдап,  
Бара жатыр оларға ажал деген жалаңдап.

43

Жомарт мырза итіне мол ас салып бергенде,  
Ит екеш бір иттің де жеген дәмін көргенде  
Шоқтай жайнап көздерің, сілекейің  
шұбырып,  
Тұрасындар бір шетте дүниеден түніліп.

44

Алдаған әм арбаған, кара, Алтын елесін,  
Оның бірін алам деп, жүз бейнетті бересің.  
Ескінің сонау еңсені езген бір зұлмат шағында  
Еңбектен бүйтіп еңбектеп, шықпайтын еді  
жаның да.

45

Тау қопарып, тас бұзған ісің ауыр, көп еді! –  
Алтын емес, ақына қағаз ақша береді.  
Керек-жарақ нәрсеңді несиеге аласың,  
Аласың да құтқармас торға түсіп қаласың.

46

Зырлап уақыт өтеді, бір белгі жоқ көнгесің,  
Өз басыңа өзіңнің билігің жоқ пендесің.  
Бірақ өзге мықтылар сөз айтқанда тұрасың,  
Қалағаны солардың – өз ойым деп ұғасың.

47

Азып-тозып өлдік деп күрсінсеңдер мұбада,  
Батқандарың, байғұстар, кешірілмес күнәға.  
Қаһарланып алпауыт жібереді әскерін,  
Қатын, балаң өзіңді ұрып-сойып, кескені,  
Жарақаттан саулаған қызыл қанды кешкенің.

48

Ішті өртеп кек сосын көкіректе қайнайды,  
Азабына – азап қып, қан төгуді ойлайды.  
Бойды буған ашуға тізгінді әсте бермендер,  
Келер кезек келгенде олай ете көрмендер.



56

Жандар үшін сен дәйім қайғы орнаған басына –  
Ошақтағы отысың, киімі де, асы да.  
Сенің нұрың сембейтін шұғылалы жерлерде  
Болсаң шіркін, біздерді аштық бүйтіп жеңген бе,  
Соны еске аласың Англияны көргенде.

57

Байлар – сорлы кедейді табанға сап таптаса,  
Арашашы өзіндей ешбір жерде жоқ басқа.  
Сені көрсе селк етіп, тепкілеуін қояды –  
Қасиетті жыланға тигендей-ақ аяғы.

58

Әділсің сен, өзіндей ешкім биді таба алмас,  
Ешбір зымиян өзінді әсте сатып ала алмас.  
Англия заңында – сатқындық көп, зәбір де,  
Қол жетпейтін армансың нашарларға әзірге.

59

Даналықсың дариядай: азат болған әр адам  
О дүниенің тозағын жоқ нәрсеге балаған.  
Қайдан білсін – білгеннің зияны бар екенін –  
Бұл жалғаннан сол үшін қор болып та өтерін.

60

Тыныштықсың,  
ырыссың: жинармын деп қайтадан  
Қанға былғап қазынаңды кісі емессің шайқаған.  
Барын шашып жебірлер Галлияға қойды отты,  
Тағы шашты сонан соң сөндірем деп сол өртті.

61

Ағылшындар жазықсыз табандарға тапталған,  
Жанға батқан жарадан тыйылмады аққан қан.  
Уа, Азаттық, сол қаннан тат басты ғой жүзіңді,  
Жарқырашы қайтадан, үмітіміз үзілді.

62

Махаббаттың нұрысың – бай да оған күйеді,  
Аяғыңа жығылып, шалғайыңды сүйеді.  
Байлығын да, күшін де алпауытқа сыйлаған,  
Қара терге шомылып, бел жазбаған мұңлы  
адам. –

63

Қару соқты сол нұрдан тасқа салса қайтпайтын,  
Шықпақ енді күреске әділдікті жақтайтын,  
Езу менен жаншуды, алдау менен арбауды  
Жоқ етпекші дүниеден – соған қылыш  
қайраулы.

64

Шыр етіп көз ашқаннан тауқыметпен алысқан,  
Жандар үшін бір сәулең көрінеді алыстан.  
Парасат ол, терең Ой, Арман – осы үшеуі  
Бойға қайрат жиғызып, қанат берер күш еді.

65

Нәзіктігін, Сабырың гүлін жарып, құлпырып,  
Тал бойында бір сенің қасиетің тұр тұнып.  
Жеткен әбден көзіміз: жаның сенің арайлы,  
Шұғылалы шапағат бір өзіңнен тарайды.

66

Жүрегінің түгі бар ағайындар көп болып,  
Бас құрасын бір жерде қарақұрым топ болып.  
Көк майсаға оранып түлеп тұрған төбеде  
Ұранын да, антын да келтірсін бір келеге.

67

Көк аспан да тап-таза төңкерілген түү содан,  
Шық та мөлдір шөптегі, қара жер де бусанған.  
Бәрі-бәрі: маңдағы өлмес, мәңгі тіршілік  
Салтанатты көрсін сол дүр сілкініп құлшынып.

68

Сонау-сонау созылған көз жеткісіз қияннан,  
Жағасынан теңіздің – көркі сұлу қиялдан;  
Адамдары – тірі аруақ, шықпайтұғын арудан,  
Сүйретіліп күн кешіп, тағдырына налыған  
Қасіреті таусылмас қалалардан, ауылдан:

69

Қол-аяққа байлаған кісендері сылдырап,  
Қудай шалдар, балалар – қатқан нан жеп  
түнжырап,  
Қабырғасы ырсиып, ерні тәтті білмеген,  
Тірі өліктер қу сүйек көрмеген түрмеден.

70

Төрт құбылаңнан анталап қорқыныш пен  
уайым,  
Шөнге қадап жүрекке сыздататын ұдайы,  
Жан терінді шығарып, тістенесің бір үнсіз,  
Осылайша тірлігі соққан жерден тынымсыз.

71

Үілдеген желдей-ақ тым алыстан соғатын,  
Маңайына қайғы үні еміс-еміс баратын,  
Ең соңында – басқа үшін бейне бұлдыр ақ  
сағым –  
Алтынменен апталған Сарайынан патшаның.

72

Арып-ашып қажыған, бүйірі шығып көрмеген,  
Аянышты үніне байғұстардың – сенбеген.  
Суық жүзді адамдар, жылылықтан құр қалған,  
Самбырлаған сәнді әм салтанатты  
зынданнан. –

73

Жиылыңдар барлығың! – ашылмаған сорлары,  
Жазықсыздан-жазықсыз төгілетін қандары,  
Жиылыңдар жан-жақтан! – қансыраған еліңе,  
Болысам деп қол созар азаматтар, кел, міне!

74

Жиылыңдар жан-жақтан! Жиылыңдар  
ашынып,  
Ұран таста дұшпанға айдыныңды асырып.  
Паш етіндер дауыстап, құлақ ассын өр үнге –  
Келетінін азат боп о баста адам өмірге.

75

Отқа пісіп, суға да суарылған семсердей,  
Өткір болсын сөздерің жаудың басын кесердей.  
Алға тосқан қалқандай қанды қырғы –  
майданда –

Берік болсын,  
кең болсын құлашын сөз жайғанда.

76

Келе берсін сонан соң жауыз біткен анталап,  
Жер-дүниені көшіріп, улап-шулап бар тарап.  
Арқыраған теңіздей толқыны ұрып жағаға –  
Жауыздардың сары қолы сыймай кетсін далаға.

77

Солкылдатып жер-көкті зеңбіректер оқ атсын,  
Топырақты түйгіштеп, ала шаңды боратсын,  
Дөңгелектер сықырлап, тұяқ біткен дүбірлеп,  
Ойран-топыр майданнан тұрсын жаһан дірілдеп.

78

Жарқ-жүрк етіп қаруы, найзалары шаншылып,  
Топ-топ әскер ізінен қалың тұман шаң шығып,  
Мейлі, мейлі, қаптасын, жалаңдасын тағы да,  
Бір сіміріп тоймақ боп Ағылшынның қанына.

79

Мейлі, мейлі, атты әскер екпінінен жел тұрған –  
Суырғанда қылышты көз ұялсын жарқылдан,  
Сол қылыштың жарқылын сөндіреді өздері –  
Ойран-ботқа ішінде өлгенін де сезбейді.

80

Қатарларың сап түзеп – үндемейтін ормандай  
Селт етпендер, тұрыңдар дегбір қашып  
қорғанбай.  
Жалын атып жанарың жаудың мысын басыңдар,  
Тосқауылды жолдағы көз отымен ашыңдар.

81

Абыржу деген жүйрік бар желден ұшқыр атанған,  
Не бір зымыран сәйгүлік шаңына оның қақалған,  
Белгі келсе сұмдықтан алда-жалда, құлақ ас,  
Бір қозғалтып өтсін ол қатарыңды құламас.

82

Қанша мықты болсаң да, қанша әлсіз болсаң да,  
Туған елдің заңына жүгінеміз қашан да.

Осы тартыс – қалайда тақ тұрамыз бәріміз –  
Қара қылды қақ жарар өзі болсын қазымыз.

83

Ағылшынның аяулы жоралғысы бұрынғы, –  
Даналығың көп әлі, жоғалтпадың құныңды.  
Әлдеқайда ол ақылды заңымыздан бүгінгі;  
Азаттықтың жай оты көрінеді жарқылдап,  
Азаттықтың дауысы естіледі саңқылдап.

84

Қасиетті хабаршы ол, қасиетті жаршы да,  
Қол көтерсе кім оған, зауалы да бар шығар:  
Бұйрығы да тағдырдың – өзі тояр қанына,  
Қорықпандар, сендердің дақ түспейді арыңа.

85

Ал егер де жауыздар қандарына қарайып,  
Семсер ұстап қолына келсе қайта оралып,  
Кескілесе, түйресе, сүйегінді шапса да,  
Қолдан келген сұмдықты, мейлі, жасап жатса да.

86

Сол кезде сен көзбенен өртейтіндей өшігіп,  
Кірпігінді бір қақпай қара оған тесіліп.  
Тұра бер сен қадалып тарқағанша ашуы,  
Қамықпа да, қайғырма, көрсетпе де жасыңды.

87

Баскесерлер шұбырып қайтар сосын үйіне,  
Бармақ тістеп күйініп, күлкі болған күйіне.  
Олар бүгін төккен қан кетпек емес жоқ болып –  
Беттерінде дуылдап жанады әлі от болып.

88

Ел ішіндегі әйелдер сұмдықтарын қоса айтып,  
Көздеріне шұқиды сұқ саусағын шошайтып.



Жақынға да, досқа да беттері жоқ қарайтын,  
Айтар еді – сөз де жоқ жауабына жарайтын.

89

Ажал, отпен алысып, тізеден қан кешкендер,  
Сұрапыл сол ұрыста бір жанып, бір өшкендер,  
Жүзі қара тобырдан біржола бөлініп,  
Еркін жатқан жандарға қосылады қорынып.

90

Сол бір өткен алапат қиян-кескі қырғының  
Шам-шырағын жағады шұғылалы бір күннің.  
Сол бір өткен алапат – белгі болар бағыңа,  
Атқылайды жанартау қызыл жалын тағы да.

91

Күдіретті ұраның дүбірлетіп өтеді,  
Оның күші, қуаты алғы күнге жетеді.  
Парасатқа, ақылға ойып салған таңбасы,  
Жарқ-жүрқ етіп тынбайды, бола берер жалғасы.

92

“Арыстандай ақырып ояныңдар ұйқыдан,  
Жер қайысқан қолсыңдар – сандарың көп  
шырпыдан.  
Ұйқы деген тұйықтан түрегендер сілкініп,  
Көздеріңді ашыңдар, маужырамай іркіліп,  
Жау қарасы санаулы, сенің қолың тұр тұнып!”

Джон Китс

---

---

## ӨЛІМ ТУРАЛЫ

### I

Өлім деген ұйқы ма шын құрсақ түп:  
Болса тірлік кіл елес түс – ғажап той,  
Жұбана ма кеуде сәнге бір сәттік?  
Өлімді ойлау, о, бәрібір азап қой.

### II

Пенде, бірақ ел кезсе де бұрлыға,  
Қимайды ғой дүниені арайлы.  
Ойламай-ақ қасіретті де, мұңды да –  
Әр таң сайын оянғанды қалайды.

\*\*\*

Кесеме толтырып құйыңдар,  
Жанымды ұсынар күйім бар –  
Түсіріп көнерген ізге мен  
Әйелдей еркекті іздеген.  
Қиялым – өзгеше тұмса бақ:  
Тәнімді тұртпесін бұл шарап.  
Тек ішкім келеді Өткенді,  
Жан-жақтан тапқым кеп көптенгі –  
Көзіме көрінбес Асқақты,  
Жүректі сыздатқан жас бақты.  
Тесіліп ынтықшыл назарым,  
Іздесем мәңгі той базарын.  
Бірақ еш өзге жіп өрмедім:

Кәдімгі өң-келбет көргенім.  
Кеуде түр өркешін құлатпай –  
Әлемде жоқ ешбір Жұмақтай.  
Жан-жаққа қарадым шаршап мен,  
Көңілім суыды әр сәттен.  
Классик-кітаптан жоқ көмек,  
Шабыт жоқ келетін төкпелеп.  
Шіркін, Ол жымиса жұтынып,  
Жүрер ем қырсықтан құтылып,  
Келгендей мейірімді жарық таң,  
Сезер ем “шаттықты қамыққан”<sup>1</sup>.  
Лапландтар<sup>2</sup> ішінде дос барлық  
Арноны<sup>3</sup> еске алған тоскандық<sup>4</sup>  
Секілді болып сол ғашықтық  
Күн Тәжбен тұрса ғой шашып құт.

### БАЙРОНҒА

Байрон! Сенің жырың толы тәтті мұң,  
Нәзіктікке бағынады айнала,  
Әуен-арфа сезім-шерге байлана,  
Еңірейді, баса алмайды аптығын,

Жоғалтпауы үшін олар пәк түрін,  
Сен әр үнді мәпелейсің жай ғана,  
Сикыр қосып сөздерге де қаймана,  
Оятасың мұң-әуездің шаттығын.

Сол себепті қалдырып Ай тасаны,  
Сұр бұлттарға алтын сәуле шашады,  
Осылайша інжу әлем жасады.

Қара мәрмәр ұшқын-нұрға боялып,  
Кербез ақку, сұңқылдай бер, оянып,  
Сағыныштың кәусарына тоялық.

---

<sup>1</sup> Бұл жол “Оссиан поэмаларынан” алынған болуы керек. Оссиан – аңыз бойынша III ғасырда Ирландияда өмір сүрген теңдессіз батыр әрі ақын.

<sup>2</sup> *Лапландтар* – саам халқының ескірген атауы.

<sup>3</sup> *Арно* – Флоренция қаласын жарып ағып жатқан өзен.

<sup>4</sup> *Тоскандық* – Тоскана өңірінің (Италия) тұрғыны.

Кептер ұшты, көп қызыққа кенелді,  
Қанаттарын қаға берді асығып,  
Сол қанаттан түсіп жатыр шашылып  
Сенің жаның тастап кеткен дененді.

Ұшты кептер, бұзып өтті кемерді,  
Биіктеді қайғы, үрейді басынып,  
Жарқылдады таңдаулылар тасынып,  
Асқақ бақыт қалықтайды тек енді.

Тағдыр-әлем тамсанады, таң күліп,  
Қүдіретке бас иеміз, сенеміз,  
Келші, кептер, қанат-үнің жаңғырып,

Жақсы хабар әкелсін тек келер із.  
Ешкім бұзбас біздің тойды мәңгілік,  
Қамығудан құтылмаймыз неге біз?

### ЧАТТЕРТОНҒА<sup>2</sup>

О, Чаттертон! О, қуғынның құрбаны!<sup>3</sup>  
Жоқшылық пен тауқыметтің ұрпағы!<sup>4</sup>  
Назарыңды ерте торлап мұң табы,  
Жабырқады ойларыңның гүл бағы!

Асқақ даусың үзілместен жырлады,  
Өлер алды өсиет боп шырқады!  
Оралардай ажал-кебін түн тағы,  
Гүлдерінді ызғарлы күз ұрлады.

Өтті бәрі: зор ғаламның ішінде  
Сен – жұлдызсың, сәулелері тараған.  
Сен шырқайсың еш әкпесіз пішінде

Тобырға да қарау көзбен қараған.  
Ақын, сені адалдығың үшін де –  
Жас ұрпағың аршып алар жаладан.

<sup>1</sup> Ақын қайтыс болған нағашы әжесі мисс Алиса Дженнингске арнаған деп есептеледі.

<sup>2</sup> *Томас Чаттертон (1752-1770)* – ағылшын ақыны, романтизмнің алғашқы көрнекті өкілдерінің бірі.

<sup>3</sup> “*О, қуғынның құрбаны!*” – Чаттертон Лондонға келіп, жоқшылыққа шыдай алмай, оның үстіне сол кезгі солақай сыншылардың (әсіресе, ағылшын премьер-министрінің баласы, сэр Гораций Уолполдың (1717-1797) түрткісін көтере алмай, күшпен ерітіндісін (мышяк) ішіп қайтыс болған.

<sup>4</sup> “*Жоқшылық пен тауқыметтің ұрпағы*” – Чаттертон ежелгі кабір қазушылар әулетіне жататын отбасынан шыққан.

## МИСТЕР ЛИ ХАНТ ТҮРМЕДЕН ШЫҚҚАН КҮНІ ЖАЗЫЛҒАН СОНЕТ<sup>1</sup>

Ойла: елден жалған жұпар аңқып тұр,  
Ақ адал Хант жатты қапас түрмеде;  
Азат рух айналмайды сүлдеге,  
Ол құс болып ұшар еді қалқып бір.

Асқақ тұлға! Ол туралы тантып құр,  
Жоқ себепке құрық салып күрмеле,  
Ойлап тапты жымысқылар бірдеңе,  
Иә, бұларға бекзат бейне – артық нұр.

Спенсермен теңдес еді арманы,  
Даңқ дөндерін үлестірді жалғанға,  
Ол Мильтонмен көкті бірге шарлады,

Бақыт нұрын жетеледі тандарға.  
Қандай болмақ үрейлердің салмағы  
Өнер өліп, қанға батып қалғанда?

### ҮМІТІМЕ

Жылытпады сөніп қалған ошағым,  
Сауықсыз ой өкіндірді көңілді,  
“Жүрек көзі”<sup>2</sup> – кілт тоқтаған көш-ағын,  
Құр аңсайды өтіп кеткен өмірді.  
О, үмітім, оянсын шоқ серпіле,  
Үрлеп жібер, қанатыңмен желпі де!

Жалғыз бейнем қара түнге ереді,  
Ай сәулесін қармап алды тұман-сыз.  
Мұңды көңіл аспан сөлін емеді,  
Шаттықтарға қыр көрсетіп тым әлсіз.  
Махаббат-нәр сүйсін шаңсыз шалғынды,  
Бұғаулардан босатып ал зар-мұңды!

---

<sup>1</sup> *Хант Ли Джеймс Генри (1784-1859)* – белгілі ағылшын журналисі және ақын, “Экзаминер” апталығының баспагері. Ханзада-регент, болашақ король Георг IV-ні баспасөз бетінде қатты сынағаны үшін екі жыл түрмеде отырған.

<sup>2</sup> Шекспирдің Гамлетінің сөзімен (II сахна, I көрініс) тікелей ұқсастық байқалады.

Торыққан сәт әлсіз ойдың жемісі,  
Жүректерге ызғарлы леп шашады.  
Көктемейді түңілістің егісі  
Төңіректі суық тұман басады.  
О, үмітім, құтқар қиын сұрақтан –  
Таң нұрындай түнді тақтан құлатқан.

Қай кезде де жетіп келіп уайымым,  
Көңілсіз боп көрінгенде ен ғалам,  
О, үмітім, ай маңдайлы зайыбым,  
Зенгір көктен орал бері, кел, маған.  
О, үмітім, күлсін жаным серпіле,  
Бұз түнекті, қанатыңмен желпі де.

Кей кездері қинағанда жанымды  
Қыз өкпесі, туыстардың қаһары –  
Құр бекерге қармаламас сағымды  
Өлеңімнің түні бойғы сапары.  
О, үмітім, оянсын шоқ серпіле,  
Үрлеп жібер, қанатыңмен желпі де!

Өтіп жатыр жылдар алға ұмсынып,  
Туған елім, әсем болсын әр гүлің!  
Даңқ әкелмес көлеңкелі тіршілік,  
Сұм заманнан биік болсын жан-ділің.  
Бірігеді адал ұлдар сертіне,  
Жақындап үш, қанатыңмен желпі де.

Жылусыз сән – алданышы талайдың,  
Бостандық та өзгереді құбылып.  
Ауласында қызыл күрең сарайдың  
Аяқталар еркіндік пен ұлылық.  
Көрейінші қанатыңды самғаған –  
Зенгір көкке нұрлы бояу арнаған!

Сикыры мол сәулесі көп жұлдыздай  
Көк аспанға бояу қосқан жағымды,  
Сұр бұлттардың тасасында тұрғызбай,  
Босат, үміт, бұғаулардан жанымды!  
Аспан шаңы жөнелсінші еркіне,  
Үрлеп жібер, қанатыңмен желпі де!

## АПОЛЛОНҒА ОДА

Батыс бет – алтын терген бел,  
Көк сарай түсер көзіңе.  
Саған ән шырқап бергендер  
Бас иді түгел өзіңе.  
Көне лира сәулелі нұр құйып тұр,  
Ақындарды тыңдар әлем ұйып бір.

Түсірер Гомер паракқа  
Соғыс сұлбасын кешегі.  
Батыс-жел мініп қанатқа,  
Жып-жылы болып еседі.  
Токтағанда ұран-дауыс ақырғы  
Ояу жанар сезімдерді шақырды.

Мирон-жыр тербеп храмды,  
Парақтар заман келбетін.  
Жан-дүние көкке сұранды,  
Мұң кезіп кетті жер бетін.  
Жанып бітті от-алаулар азалы,  
Жазмыш дәстүр соңғы сөзін жазады.

Жан-жаққа бұлттар тарайды,  
Үнсіздік билік құрады.  
Мұжықтар жерге қарайды,  
Желкені қасып тұрады –  
Мильтон келіп сыпырғанша пердені,  
Жаңарғанша жарық сәуле жердегі.

Шеберге толы жан-жағың,  
Көркемдік неткен көп еді.  
Сөздердің небір маржанын  
Шекспир шексіз төгеді.  
Өзектерді ынтықтырып дастанға,  
Аққу болып сұңқылдайды аспанда.

Спенсер шырқар жотада  
Салтанат мәнін ұқтырып.  
Сиқыр бар – әрбір нотада,  
Көгілдір жиек – түп-тұнық.



Ән-арфадан жан-жүректер нұрланып,  
Жел соғады ішектерше дір қағып.

Тассодан пәк нұр тарады,  
Тәп-тәтті жұпар шашты қыр.  
Естелік қанат қағады,  
Қасынан қалмас жас ғұмыр.  
Ән тербейді ақындарды аялап,  
Қиял мен түс – жан тербеген саябақ.

Сенің арқанда қауышты  
Осы топ алуан дауысты.  
Әлдиле бізді ұдайы!  
Бір өзіндікі гүлдер де,  
Мәңгілік өшпес үндер де –  
Ақындардың Құдайы!

### **КАРЛ II-ні РЕСТАВРАЦИЯЛАУДЫҢ ЖЫЛ ТОЛУЫНА<sup>1</sup>**

*29 мамырда қоңырау үні соғылғанда жазылды*

Сорлы Альбион! Ұятымыз (біліп ем)  
Тынышталмас бұл қоңырау үнімен,  
Құлақ жарып зарлайды.

Патриотқа бұл үн оңай соқпайды:  
Вейн, Рассел, Сидниді жоқтайды,  
Кебін киіп сарнайды.

### **ӘЛДЕБІР ЖАС СЫЛҚЫМДАРҒА**

Қай жұмбағы табиғаттың шешілген?  
Ізің ғайып, басқа тұсқа көшті арна.  
Өлеңдер бар жөнге түспей есірген  
Ақын жырға Цинтияны<sup>2</sup> қосқанда.

---

<sup>1</sup> 1660 жылы 29 мамырда Англияда монархия жаңғыртылып, такка Стюарттар әулеті келді; бұл күн жыл сайын Англияда құдайға құлшылық ету мерекесі болып қалыптасты. 1815 жылы бұл дата Людвик XVIII Англиядан қашуға мәжбүр болған Наполеонның “жүз күніне” тап келді. Сэр Генри Вейн (1613-1662), лорд Уильям Рассел (1639-1683), Олджернон Сидни (1662-1683) – Карл II-нің билігі кезінде жазықсыздан өлім жазасына душар болғандар.

<sup>2</sup> Ай.

Мейлі, қанша тау сілемі әурелер,  
Жүрек сөзім сыр-әуезге бас ұрар –  
Бейне шөлмек тайғақтатқан сәулелер,  
Не шық-тамшы таңғы гүлден шашылар.

Тоқтадыңдар неге жолдан жаңылып,  
Үнсізіндер, шаттық та жоқ емге түк –  
Шақырды ма қыр ай-сырға тағынып,  
Бұлбұл үні қалғытта ма тербетіп?

Маужыраған гүлдерге таң қонды кеп,  
Алдарыңда – құм жол теңіз шайқаған.  
Гауһар-сыйды жатқан ұзақ мөлдіреп  
Көк тұңғиық бермекші ме қайтадан?

Кілт бер маған, күміс қанат ғұламам,  
Сиқыр көктің көп қатпарын жайғызғын.  
Тыңдайын мен – лайықсыз бір адам,  
Тағдыр үнін құрметіне Тай қыздың<sup>1</sup>.

Жұтар еді жаным тәтті мәңгі сөл,  
Еш жайым жоқ дос сыйынан кем дерге –  
Алтын жиек гауһар-сыйдан әлгі сол  
Кенет теңіз бере салған сендерге.

Рахат жоқ бұдан артық таң қалар!  
(Қай жаң, сірә, дәл осылай түлепті!) –  
Сол Ғажап сәт мәңгі солай жалғанар,  
Мәңгі сөзбен табыстырар жүректі.

**СОЛ ЖАС СЫЛҚЫМДАРДАН ТЕҢІЗ ҰЛУЫНЫҢ  
ҚАЙРАН ҚАЛАРЛЫҚ ҚАБЫРШАҒЫ МЕН ӨЛЕҢНІҢ  
ҚОЛЖАЗБАСЫН АЛҒАНДА**

Таудың мұзы кристалдан таза ма,  
Голконд-құнар мұны қалай сый етті?  
Судың буы қалқығаны ғажап, ә,  
Құйттай құстар өрнектеп жүр жиекті.

---

<sup>1</sup> *Тай Мэри (1772-1810)* – ирландиялық ақын қыз.

Алтын ыдыс түсті қалай қолыңа –  
Буырқанған көк көбікке тоймай ма?  
Өрмек құрып Армиданың жолына  
Ринальдо<sup>1</sup> оратылып ойнай ма?

Жер тарпи ма қызу қанды тұлпарың?  
Қылышыңды мойындай ма алқабың?  
Кернейіңмен қандай әуен шырқадың?  
Ұстайсың ба Бритомартис<sup>2</sup> қалқанын?

Ғажап гүлдің суреттерін сызған кім –  
Көйлегіңе жабысып ап қалмайтын?  
Сыйлығы ма қайырымды қыздардың,  
Жоқ, алғыс па ханша саған арнайтын?

О, рыцарь! Тартар сыйым – көш-ағын,  
Жастық шақтың базарын кім шектесін?  
Күллі әлемді мен алдыңа тосамын,  
Мен – әмірші, жазар сиям кеппесін!

Аңыздардың амалы жоқ жаңғырмас –  
Бұғау қирап, көркем гүлдер бүр жарды.  
Поэзия айдалада қалдырмас,  
Әр көкірек мойындайды бұл заңды.

Әлде эльфтер тікті мөлдір жамылғы –  
Оберонның қалқып алып зар-мұңын.

Титания<sup>3</sup> кетті; қуды сағымды,  
Оберон-мұң кезді маңай шалғынын.

Сым ішектер әсем әуен құйып тұр,  
Тынып қалды төңірек-маң леп келмей.  
Періштелер тыңдай қалды ұйып бір,  
Мөлдір шықтар кенет күйіп кеткендей.

---

<sup>1</sup> *Армидо, Ринальдо* – Тассоның “Азат болған Иерусалим” поэмасының кейіпкерлері.

<sup>2</sup> *Бритомартис* – Эдмунд Спенсердің “Ханшайым перизаттарының” біреуінің есімі.  
Эдмунд Спенсер (1552-1599 жылдар шамасы) – ағылшынның ұлы ақыны.

<sup>3</sup> *Оберон, Титания* – Шекспирдің “Жазғы түндегі ұйқы” шығармасының кейіпкерлері.

Шымылдық-нұр толып толқын-лүпілге,  
Әсем әлем әуендерге балкиды.  
Сезім-жүрек бағынбайды үкімге,  
Оберонның даусы мәңгі шалкиды.

Жарық рух ұсынады сый түрлі,  
Басты гүлге тәжім етіп тұрамын.  
Оянады ертегілер сикырлы,  
Жаңғырықтар тосып тұрар құлағын.

Қош бол, Эрик!<sup>1</sup> Тартар сыйым – көш-ағын,  
Жастық шақтың базарын кім шектесін!  
Күллі әлемді мен алдына тосамын,  
Мен – әмірші, жазар сиям кеппесін!

### ЭММАҒА<sup>2</sup>

О, тындап көр, – Флора терең күрсінді,  
Раушан гүлдер көзін ашты, нұр сіңді.  
Қандай таза демі кешкі шақтардың,  
Алаулады сан бояумен батқан күн.

Лап берейік сол оңаша баяғы  
Масаң кештің тоғайына саялы.  
Пері қыздың әні тербеп ауаны,  
Көкжиекке нұр-шұғыла жауады.

Кезің келсе маужырауға тақаған,  
Көтеріп ап шөп-төсекке апарам.  
Отырамын, махаббат-шөл қанбайды,  
Жан-көкірек ыстық лебіз арнайды.

Сыбыр-үн де тым құмығып естілер –  
Ойнап бейне түртіп тұрған кешкі жел.  
Оянасың құшағымда қиялмен,  
Бірзаласып мендік сертпен – сый-әнмен.

---

<sup>1</sup> Эрик – ақын, сыншы Дж.Мэтьюдің жанама аты.

<sup>2</sup> Китетің інісі Джордждың болашақ зайыбы Джорджиана Аугуста Уайлиге арналған.

Айрылмаған мақұл осы шаттықтан,  
Ақымақ қой ләззатты жат тұтқан.  
Сыйла жұмсақ саусағыңды, күлкіңді,  
Жұбатайын жүректегі бүлкілді.

## ӘН

*“Юлия – шымылыққа” әуені*

Келе ғой, құсым, сүйірігім,  
От-көзің лаулап тұр, шыным.  
Неткен пәрменді құйрығың,  
Самғауға лайық тұмсығың.

Келе ғой, айтам бүгін мен:  
Ұшқаның – өнер-ғажабың.  
Мұқалмас қауырсыныңмен  
Мен ойларымды жазамын.

Түн сыйлап шықты-жақұтты,  
Нұр шашса көкке шыққан Күн,  
Әуелеттің ән; бақытты –  
Жәбірден ылғи құтқардың.

Түндерде көзің жанады,  
Түйрейді сорды не күшті.  
Құбылтып әнің даланы  
Жетелеп келер жеңісті.

Тиіссе дауыл ұяға,  
Жыласа жүрек түңіле,  
Шақырар даусың қияға,  
Оралар шаттық үніңе.

Әуендер сертке ұласар,  
Шақырар шаттық қасына.  
Күлкілер қайта гүл ашар,  
Тыйылар көздің жасы да.

**Ah, КЕЛІНШЕК! ҚАРАҒАНДА  
МЕН САҒАН...**

I

Ah, келіншек! Қарай қалсам болғаны  
Кейде менмен, кейде албырт жүзіңе,  
Не кейпіңе үн қатардай үзіле,  
Маған ылғи ынтық сәуле жолдады;

Зәру сезім – сүйген жүрек толғамы,  
Діл ермейді керен тіннің ізіне,  
Келбетіңе қараймын мен сүзіле,  
Жарқын, нәзік ғажап әлем орнады;

Сүйе де біл, сүйікті бол әрі ізгі,  
Көрсін аспан мендік шайқас не екенін:  
Маңдайыммен бұзам бөгет-аңызды,

Калидордай қайратты боп кетемін,  
Қызыл Крест Рыцары<sup>1</sup> тәрізді  
Сүйе берем, Жеңіске де жетемін.

II

Шашың – орман, көкшіл моншақ – жанарың,  
Мойның – фарфор, қолың қандай жылы еді,  
Ақыл-есім қайтадан бір түледі,  
Жап-жас түрмен нәзіктене қарадың.

О, зеңгір көк! Қалай үнсіз қаламын,  
Сағынышым тасып толды, күледі,  
Көңіліме екі-үш жол жыр түнеді,  
Кейін соны тарту ету – талабым.  
Жамалыңа мен ешқашан тоймадым,  
Күлкіндегі шаттық қашан таусылды,  
Гүлденеді қасиетті той-бағым,

---

<sup>1</sup> *Калидор, Қызыл Крест Рыцары* – Эдмунд Спенсердің “Ханшайым перизаттарынан” алынған кейіпкерлер, ғашықтарына қолдары жетпеген мұңлықтар.

Сірә, мені қашан үрей қаусырды,  
Саған қарай жүгіреді ойларым,  
Қандай ғажап – қағып алдым даусынды.

### III

Сол тәттінің дәмін, о, кім ұмытпақ?  
Кім ұмытпақ нұр бейнені тұрған нық?  
Құдайым-ау, тыпырлайды құрбандық,  
Ер жігіттен қорған сұрар тұнық бак.

Құрбандықты жасырып қой құлыптап,  
Ұрламақ боп оңбағандар жүр барлық,  
Қорған-үйдің кірпішіне мың қарғып,  
Зар жылатпақ құпиялап құрықтап.

Аяулы жан назар тігіп қарады,  
Әр саусағы жылу себер шырайлы,  
Терезені түртіп жұлдыз жанады,

Балқып тұрам, маған сонша ұнайды,  
Су бетінде гүлдер жүзіп барады,  
Бір тінін тарт – мынау әлем құлайды.

\*\*\*

О, Жалғыздық, жаным саған жақын-ақ,  
Тар көшеде сығылыспай, бірақ тым,  
Төбесінен обсерватор-тұрақтың  
Төңіректі қарайықшы бақылап.

Тынық толқын, гүл жайнаған атырап  
Тербеледі шалғын болып құлап мың –  
Мен иесі болсам шатыр-құрақтың.  
Секіргенде тентек бұғы-ақымақ –

Бал аралар гуілдеп кеп қашады,  
Болдым мен де түкпірдегі орманда,  
Қисыны жоқ көп ойлардың шашағы –

Еш кінәсіз ақыл төрін басады.  
Тәтті қиял жүзіп жүрер сол маңда  
Ұғыскандар екеуара болғанда.

## ДЖОРДЖ ФЕЛЬТОН МЭТЬЮГЕ<sup>1</sup>

### АРНАУ

Өлең – мәңгі ғажап күннің нәр-тіні,  
Одан ғажап – дос болу жыр арқылы.  
Мэтью дос, көзім қашан көріпті –  
Мұндай жазмыш, мұндай шақты көрікті,  
Олжамызды ұмытқан жоқ бар ғалам –  
Музамыздың мерейіне арнаған,  
Қосылсақ біз – жан достар мен ақындар –  
Жылу берер оттарымыз лапылдар.  
Сүйген жүрек сезінеді бақ-құтты –  
Асқақтықты, ұлылықты, пәктікті.

Жыр-әлемді кезу үшін төзіммен,  
Шіркін, ылғи бірге жүрсем өзінмен,  
һәм шаттансам, гимн-әнге қосылсам,  
Сицилия теңізінде жосылсам,  
Жүзіп жүрсем жүйрік, жеңіл қайықпен,  
Нұр құйылса құшақтарын жайып кең –  
Жоқ өйтпейді. “Лидий-жұрт әуені”<sup>2</sup> –  
Өгей маған. Тау-шыңым жоқ мәуелі,  
Көк аспанға көп қараймын алаңдай –  
Таң алдында Фебті көрмей қалардай,  
Аврора табылмай таң-шоғырдан,  
Наяданы іздеп жүрсем шомылған,  
Періштелер ай сәулесін жамылып,  
Көп суреттер өтіп жатар ағылып:  
Мөлдір шықты – тербеген гүл шашағы –  
Перизаттар өкшесімен басады,  
Сосын дереу оралады үйіне,  
Көз қандырып эльфтердің биіне,  
Осылайша жарқын мейрам тарқаған,  
Аттап өтіп түнгі Жеңіс-Аркадан.

Музаға жат әбігері қаланың,  
Іздеп, мейлі, минут сайын барамын,  
Ол қашқақтар, жетелемес жұмаққа,  
Ықылассыз – у-шуы көп тұраққа.

---

<sup>1</sup> Дж. Ф. Мэтью (1795-?) – 1817 жылғы жинағы шыққанға дейін Китстің жақын досы болған. Осы жырдағы Бомонт, Флетчер секілді ортақол ақын, ортақол сыншы болған.

<sup>2</sup> “Лидий-жұрт әуені” – ежелгі грек музыкасы.



Мейірімді қыз – шын арманым бұл менің,  
Қандай әсем ылғи бірге жүргенім.  
Мазаламай аулақ жүрсе көпшілік,  
Жайнап тұрса алуан гүл, көк шыбық,  
Ойға батқан ежелден бар емендер –  
Ескі күндер еске түссе, елендер;  
Шілік тоғай жинап түгел жасағын  
Суға малып тұрар алтын шашағын,  
Ол өзенге иіліп кеп төнеді,  
Бұтағына аппақ гүлдер өреді;  
Қалың орман тындап сыңғыр әуенді  
Көрсетеді бұлбұлдарды тәуелді;  
Дінді қорғап ылғи бұтақ жабынды,  
Мен гүлдерден тоқып алам жамылғы;  
Бал аралар бәйшешекке қонады,  
Жаз бойына әбден ырза болады.  
Масаймаса кім бұл шаттық сәніне –  
Дертті шығар жүрегі де, тәні де.

Мэтью, маған көрсетші бір қайтадан –  
Кезің болса сондай маңды байқаған.  
Ару қызбен сыр шертісіп отырып,  
Чаттертонның өлендерін оқылық.  
(Рух жебеп Шекспир-жыр желпіген  
Ол табысты өзге ғалам сертімен.)  
Ежіктейік, шығарады кім естен –  
Дәурендерді бұраң жолмен күрескен.  
Мильтон-зағип түсті-дағы ойыңа,  
Шымырқанған қан құйылды бойыңа,  
Ол бір кезде шырмағанда тор-ғалам  
Адамдарды қасіреттен қорғаған,  
Естеліктер сыйлай қалса нұр-нәрін,  
Ұмытпайық азаттықтар құрбанын:  
Альфред,<sup>1</sup> Телль.<sup>2</sup> Келер бәрін танытқым –  
Уоллес ұл<sup>3</sup> – хас батыры халықтың.  
Солтүстікке қарап сонау мұнар-мұз,  
Біз, Мэтью, көп өкситін шығармыз.

---

<sup>1</sup> *Альфред* – *Ұлы Альфред* – англосакстер королі (841-900), Англия бостандығының символы.

<sup>2</sup> *Вильгельм Телль* (*XIV ғасыр*) – Швейцарияның ұлттық батыры.

<sup>3</sup> *Уильям Уоллес* (*1270-1305 жылдар шамасы*) – Шотландияның ұлттық батыры.

Қыздар, сенсіз, менің жырым – бос еңбек,  
Сараң муза – аялдамай көшер леп.  
Бірақ, Фельтон, жақынсың сен жүрекке –  
Муза дайын нұр төгуге түнекке.  
Сен зеңгір көк аялаған гүл едің,  
Сыр-әуенді жұтып жүріп түледің,  
Таң шапағын қарсы алғанда, жер, міне,  
Еш күнәсіз Диана қыз келді де,  
Шырақ жағып, жаңа сәуле түсірді,  
Ал шырақты саған сыйға ұсынды,  
Сорып алып ең құнарлы сөлінді,  
Тас бұлаққа бағыттады жолыңды.  
Айтпадың сен, Феб бұйырып, жырақта –  
Алтын балық болғаныңды, бірақ та.  
Айтылмады – құпия ғып сақтадың –  
Аққу болып қалай қанат қаққаның,  
Айтпай қойдың қай өзенге тарандың,  
Адам болып қалай қайта жаралдың.  
Қалай сонда ой-орманың дүрлікпей,  
Қабылдадың бәрін таныс тірліктей,  
Айнымадың қалай достық жолынан –  
Һәм дәм таттың Наяданың<sup>1</sup> қолынан.

### К-ге

Көркем жігіт болсам, үнім қиылып,  
Анық еді жаңғырық боп кірерім,  
Тыңдар еді сөздерімді жүрегің,  
Жалпы қауым мақтар еді қиылып.

Рыцарь боп шыққаным жоқ шүйіліп,  
Қару-жарақ болған да жоқ тірегім,  
Малшы жігіт болмадым һәм, тілегін  
Айтатұғын төлші қызға иіліп.

Бірақ ылғи қайталаймын: “Тәттісің,  
Бақшаңдағы бал-айдында жүземін,  
Масайтасың, шақырасың ұйқымды!”

Тәтті лепті талмар тілім – бақ құсым,  
Ай астында алқызыл гүл үземін,  
Сол Ай маған қуат берер сиқырлы.

---

<sup>1</sup> Феб, Аврора, Диана, Наяда – мифологиялық бейнелер.

## ҚЫЗ, КЕСЕ ЖӘНЕ ТЕМЕКІНІҢ ИІСІ

Қыз ертіп кел сүйсінетін тәмам ел,  
Келіп тұрсын кесе толы шарап-ер,  
Иіскейін темекіні ала кел.  
Түгел әкел қажетімді талайғы.  
Бәлкім, сонда айтармын мен: “Жарайды”.  
Жоқ, үндемен – үй күзетер ойларым –  
Әкелгенше Құтқарушым той дәмін.  
Жайланар ем, кірер еді берекем,  
Келсең солай, аңсап күткен Мерекем!

\*\*\*

Қала – қапас, қара шапан жаяды,  
Қандай бақыт – тымық сәуле шашқанда  
Қарап тұру төбеңдегі аспанға  
Үнсіз тыңдап дұға-жырды аялы.

Қандай бақыт баққа кіру саялы  
Шалғын кешіп; аңызактан қашқанда;  
Көз жүгірту әсем, жарқын дастанға  
Махаббатты әспеттеген баяғы.

Сосын жігіт өз үйіне оралып,  
Бұлбұл үнін естіп жолай орманнан,  
Бұлтты көріп зеңгір көктен торланған,

Мұнаяды қуанышы тоналып,  
Бір күн өтті мүжілген һәм толғанған,  
Періште-нұр бара жатыр жоғалып.

\*\*\*

Маған жаздың талмау шағы ұнайды,  
Алтын жаңбыр төгер батыс нұрланып,  
Жел-биліктен қашып шығып ұрланып –  
Ақша бұлттар ұя-пана сұрайды.

Жан-дүнием жатырқап кеп жылайды –  
Бос әурені жүрген мына бұлданып.  
Таса керек бармайтұғын бұл халық,  
Тәтті шақты аңсап жүрек мұнайды.

Оқып, сосын ойға тоқып түгесем –  
Сидни<sup>1</sup> мен Мильтондардың<sup>2</sup> өлеңін,  
Рухтарды әспеттеймін мәуелі;

Поэзия қанатына ілесем,  
Көз жасымды жасырмастан төгемін,  
Сызылғанда сағыныштың әуені.

### **МАҒАН РАУШАНГҮЛ ЖОЛДАҒАН ДОСЫМА**

Құстар кенет шуылдады – мен келем –  
Бастап кетті дабыр-дұбыр базарын,  
Таңғы күзет аударды да назарын,  
Жарқылдатты қылыштарын сермеген.

Төкті дала қуанышын кернеген,  
Төңіректі әлдиледі ғажап үн,  
Мадақтады гүл-сінлінің ажарын,  
Ту секілді Титания тербеген.

Тояттады жаным – тәбет орманым,  
Тамырымда жұпар ауа тулады,  
Шаттандым мен – раушангүл жолдадың,

Құшты мені бақыт-жырдың шумағы,  
Тыңдай бердім мен гүлдердің толғамын,  
Қамсыз бақыт, мәңгі достық туралы.

### **ІНІМ ДЖОРДЖҒА**

Бағзыдан көп мынау жердің ғажабы:  
Құстай қалқып Күннің нұры түседі,  
Жапырақтан мөлдір тамшы ішеді,  
Көк аспанның басталады базары.

Мұхит-әлем көк мақпалын жазады:  
Кеме, жартас, үрей, сансыз құс елі;  
Жұмбақ бұйрық бәрін өлшеп пішеді,  
Бізге қалар бар шаттығы, азабы.

---

<sup>1</sup> Филип Сидни (1554-1586) – ағылшын ақыны.

<sup>2</sup> Джон Мильтон (1608-1674) – ағылшын поэзиясының классигі.

Джордж, міне, қалам алдым, таң қалам –  
Көкжиекті бақылайды Диана,  
Қорқатындай дөңбекшіген арнадан,

Түнгі ойлары қонбайтындай қияға.  
Не, тәйірі, жүрген ойлар басыңда,  
Аспан, теңіз ғажаптары қасыңда?!

### ІНІМ ДЖОРДЖҒА АРНАУ

Мен талай күн азап шектім, жабықтым.  
Талай рет құса болдым, зарықтым.  
Миымды да мылқау етті жұтпа күн,  
Зеңгір көктің мінәжатын ұқпадым.  
Шалғайдағы тұмандарға қарағам –  
Найзағайлар жарқ-жүрк етіп тараған.  
Жерді кездім, түрлі шөптер тұтындым,  
Кемел ойлар келетіндей күтіндім;  
Бірақ нұрын төккен кезде мәуе-күн,  
Естімедім Аполлонның әуенін,  
Көрдім және, күйге түстім өкпелі:  
Күңгірттенді алтын лира көктегі;  
Құр іс болды бал араға барғаным,  
Ауыл әнін еш үйрене алмадым.  
Жол таппады әйелдердің жоспары,  
От жанарлар маған ұшқын қоспады.  
Жазылмады ең үмітті еңбектер:  
Не дүр ерлер, не әдемі келбеттер.

Кімдер егер жек көрмесе жүлдені  
Тайғақтайды тіршіліктен күрделі.  
Ұнатса тек жырды ғана дауалы,  
Қабылдас жерді, суды, ауаны.  
(Либертас<sup>1</sup> Спенсерден мұны естіп,  
Айтып еді, біз де соған ілестік.)  
Ақын егер шықса тылсым белеске,  
Мына бұлттар жас сарбаздар емес пе,  
Жарқылдатып ақбоз ат пен кернейді,  
Бір-біріне жалған қылыш сермейді.

---

<sup>1</sup> *Либертас* – Ли Хантты Китс осылай атаған.

Оқ-жебелер әрлі-берлі ызғыды,  
Найзағайға теңеп жүрміз біз мұны.  
Ақын ғана ұғып сырын мұндайдың  
Естіп тұрар даусын күзет-сырнайдың.  
Шалқасынан ашылып кеп қақпалар,  
Кез келгенде атты әскерлер аттанар,  
Көреді тек Ақын ғана шабыттты:  
Ойын-тойды сол үйдегі даңқты,  
Періштенің түсіне де енбеген –  
Аруларды ғажап бимен тербеген,  
Жарқылдайды құмыра да, шарап та,  
Тауыспассың қараңғыға қамап та,  
Ұшып жүрер сәулелерді тұрғызбай,  
Көктен аққан жолақ ізді жұлдыздай.  
Гүл жайнап тұр саябақта базарлы –  
Жұлу қайда пенделерге ажалды.  
Тек Аполлон қауіптеніп жақындар:  
Раушанмен дауласады ақындар.  
Субұрқақтар биік көкке бойлайды,  
Ал тамшылар сүйіседі, ойнайды,  
Көпіршік-көл құбылды да лепірді,  
Ұшқыр қанат дельфин-балық секілді,  
Кететіндей су астына мөлдіреп,  
Қанаттарын жарқ еткізіп соңғы рет.

Зор әсермен бұларға тек аландар –  
Қиялдары қанаттанғыш адамдар.  
Сол емес пе қағып ылғи таңдайын,  
Самал желге тосқан ыстық маңдайын?  
Сол емес пе талантымен қауқарлы  
Жұтып алар жарық жұлдыз-жауһарды?  
Сол емес пе көріп Айдың пәк күйін  
Киіп алар ақша бұлтай ақ киім –  
Кезіп жүрер түнгі көкті сиқырлы,  
Ертіп алып монах қызды сүйкімді?  
Ояу оның әркез көзі-жүрегі,  
Әрбір түннің құпиясын біледі.  
Бір күндері мен де көрсем, үңілсем,  
Әңгімеме таң қаларсың, інім, сен.

Ақын, мейлі, кедей болып жүр тағы,  
Үш еселеп қайтарады ұрпағы.

Ақын әзір қанағатты қармады,  
Не болмақшы ең ақырғы арманы?  
“Өлгеннен соң денем іріп тозады,  
Ал рухым асқарлардан озады,  
Ұғар әлем мен бітірген жұмысты,  
Патриоттар алар қолға қылышты.  
Жырларымның күмбірлеген қаһары  
Сенаттарды шошындырып жатады,  
Абыздардың түзуленіп ошағы,  
Идеямды сөздеріне қосады,  
Лапылдайды өлеңдерім дарынды,  
Көктен түсіп, үрлеймін мен жалынды.  
Өлеңдерім нағыз сәтті, зиялы  
Арулардың некелерін қияды.  
Бірде, таңда, мәлім емес қанша адам –  
Селолықтар билеп әбден шаршаған  
Жиналады (алыс кетіп ән-сағым)  
Қасына кеп жергілікті ханшаның.  
Ақ, көк, қызыл.. гүлдер неткен көп еді,  
Таңғажайып гүлалқалар өреді,  
Ақ гүл, сосын қызыл гүл кеп орнайды,  
Ғашықтарға бас тартуға болмайды.  
Көк өскіндер әрлі-берлі ұшады,  
Ал қалыңдық гүлге толып құшағы  
Жыр оқиды арық томды қолға алып,  
Көкірегін шаттық кернеп, толғанып,  
Селолықтар қуып мұң мен қапаны,  
Риза боп қошеметтеп жатады.  
Өлең – үміт, үрей, бөлкім, мұң-алаң,  
Жас кезімде мені талай сынаған.  
Ол – інжу тас, жарқ-жүрқ етіп қалады,  
Құбылады, өртенеді, жанады.  
Сәбилерге бесік жырын апарам,  
Балаларды әлдилесін сапар-ән!  
Шалғын кешіп, қыраттарды кеземін,  
Бұлардың да өзгерерін сеземін.  
Тау шыңында басқан ізім қалады,  
Қызықтаймын ұлан-ғайыр даланы.  
Ғажап әлем, шоқ боп жанып жүрегім,  
Ұл-қызынды жылындырып жүремін”.  
Жүрсем егер, жан бауырым, ізгі інім,

Бойымдағы асқақтықтың тізгінін  
Тартып ұстап, тоқ тірлікті мақұлдап,  
Адамдармен сырласар ем жақындап.  
Бөтен ойлар – азап, атын ерттеген,  
Менің жаным көркейеді дертпенен,  
Бақыттымын, осы – мендік қазына,  
Сезімдерім айтпас ешбір базына.  
Жұрт білмейді жырларымды толғаған,  
Сен білесің, жеткілікті – сол маған.  
Жуықта мен шалғын белді шарладым,  
Ең сүйікті кәсібімді жалғадым:  
Хат жазғанмын, кенет көңіл қызынды,  
Самал желге тостым сосын жүзімді.  
Енді, міне, күзға шығар күн келді,  
Таптап кеттім абайсызда гүлдерді,  
Секілдендім мұхиттан да зор дарын,  
Жарық әлем лақтырды шөп-торларын.  
Сол жағыма сұлы дәні көшіпті,  
Ортасына алқызыл гүл өсіпті.  
Бұл қызыл түс қанаттарын жаяды,  
Еске салды мундирлерді баяғы.  
Оң жағымда – мұхит, тасып, толқыған,  
Жасыл, қызыл түрге кірген зор тұман.  
Әне, қайық кұстай қалқып барады,  
Көбіктерді қақ айырып жарады.  
Торғай отыр ұясына байланып,  
Шағала жүр көк айдынды айналып,  
Анда-санда су бетіне қонады,  
Толқын, бірақ лақтырады жоғары.  
Ал батыс жақ құшақтасып іңірмен,  
Ескертеді қоштасуды ініммен.  
Екінші рет қайталауды сұраман,  
Сау болып тұр! Көріскенше дін аман!

### **ЧАПМЕННІҢ “ГОМЕРІН” БІРІНШІ РЕТ ОҚЫП ШЫҚҚАННАН KEЙІН**

Бойлап батыс аралдарды құм кешкем,  
Шабыттарым мың адасты, тоғысты,

---

<sup>1</sup> *Джордж Чапмен (1599-1634)* – ірі ақын және драматург, Гесоидті, Ювеналды, Петрарканы аударған. Сондай-ақ Гомерді тамаша ағылшын тілімен қайта жырлап шыққан автор.



Көрдім және алтын аймақ қонысты,  
Аполлонның жыршылары күн кешкен.

Ісім еді шықпай жүрген күнде естен –  
Барып көру жұмбақ Гомер-өрісті,  
Чапмен маған көмектесті, болысты,  
Жүргем қалай бұл әлемді білместен.

Бақыттымын. Жұлдызшыдай шаттанам,  
Қармағандай сәулелердің барлығын  
Бұған дейін талай іздеп таппаған.

Кортес,<sup>1</sup> бәлкім, төккен шығар нәр-нұрын,  
Көк айдынның үстіндегі қаптаған  
Шың-құздарын көрген кезде Андының.

### **МАҒАН ЛАВР ШОҒЫРЫН ЖОЛДАҒАН ЖАС СЫЛҚЫМҒА**

Оянған күн сергектенді, бұлқынды,  
Қорқыныш та, сұрқай ой да жоғалды.  
Жаным таза, жарық сәуле оралды,  
Солғын бейнем лаврмен құлпырды.

Куәм – жұлдыз! Орындалса тілектер,  
Күнмен бірге қарап тұрса құмарта,  
Жапырақтан жасап берген гүлалқа –  
Нәзік қолдар, шын тілектес жүректер!

“Таста”, “лақтыр” – кім бұлай деп тасынды,  
Мақсатымның шаршысын шарт түйемін,  
Қай заманда кімдер мені басынды?

Өзіме мен өзім ғана иемін.  
Тізе бүгіп, кішірейтем басымды,  
Жомарт қолдың саусақтарын сүйемін.

---

<sup>1</sup> Эрнан Кортес (1485-1547) – Тынық мұхитқа дейін жеткен адам, бірақ бірінші болып бара алмаған.

## ДОСТАРЫМДЫ ЕРТЕРЕК ТАСТАП БАРА ЖАТҚАНЫМДА

Ұсын маған ақ қағаз бен қаламды,  
Періштедей ақ парақ бер нұр тұнар,  
Жұлдыз-сәуле келсін көкке ұмтылар,  
Пәк әлемге аттандырам санамды.

Думанымыз жан-жағына қаранды,  
Арба зулап, жұлқынады жылқылар,  
Алтын қанат, інжу тас тәж құлпырар,  
Мың сан көзден алуан жарық таралды.

Зерделерді ғажап әуен тербеді!  
Өлеңдерім, айнал сұлу дастанға,  
Үнсіз қалсын, мейлі, думан жердегі.

Рух-үнім үзер енді кермені,  
Өлеңдерім тірек болсын аспанға,  
Жанданбасын жалғыз тамшы кермегі!

\*\*\*

Суық боран сай-саланы аралап,  
Баурайдағы бұтақтарды жұлады;  
Ал құс жолы көбейген соң сұрағы  
Менің жүрер соқпағыма қарамақ.

Мейлі, бұл жел қуат қоссын шамалап,  
Көк адырдың шулар кепкен құрағы,  
Тоңған жұлдыз дір-дір қағып тұрады,  
Жетер жерім тым алыстап барады-ақ.

Біздің тірлік той таппасын біліп ем,  
Сезіп едім шаттық жыры жаумасын:  
Мильтон ақын айтар емес дауға сын,  
Мұң еседі Ликид-жыр<sup>1</sup> үнінен,  
Петрарка ертіп кепті Лаурасын –  
Жан ұстамас жасыл жасау-гүлімен.

---

<sup>1</sup> “Мұң еседі Ликид-жыр үнінен” – “Ликид” элегиясын ақын Джон Мильтон досы Эдвард Кингтің қайтыс болуына арнаған.

## ІНІЛЕРІМЕ

Билеп жатыр от-көмірдің жалыны  
Шытыр ұшқын бері ұшып не әрі ұшып,  
Үй жындары жүргендей-ақ табысып,  
Бірлеседі бауырлардың жан-үні.

Отқа үнілдім, ұйқас келді, таныды,  
Көз тесілер кітаптарға жабысып,  
Данышпандық толғамдармен танысып,  
Жанарларды аймалайды жарығы.

Туған күнің бүгін, міне, Том, сенің, –  
Ұшар тірлік қанаттарын жайып кең,  
Әлі қанша қысқартамыз жол шегін.

Бармақшымыз қайда өмір-қайықпен –  
Ұлы Дауыс ұсынғанша өлшемін,  
Кезіккенше келе жатқан ғайыппен.

## ҰЙҚЫ МЕН ПОЭЗИЯ

Бұл неткен түн жиырмайтын аумағын:  
Мен сәкімде қалғи алмай аунадым,  
Неге бұлай – ештеңе де ұқпадым,  
Ешқандай да мұң-уайым жұтпадым,  
Шалдыққам жоқ ешқандай да сырқатқа...

## Д.ЧОСЕР<sup>1</sup>

Ауасынан нәзік жазғы даланың,  
Бірқалыпты ызылынан араның –  
Бал жинаған бұтақтарды аралап, –  
Әлдеқайда сабырлы әуен тарады-ақ,  
Көркемдігі раушаннан асып тұр –  
Ну жынысқа кіріп кеткен қашып бір,  
Салтанаты асқақ жасыл орманнан,  
Үні нәрлі бұлбұл-әннен толғанған,  
Корделийден жіті көрер көз берген,  
Асып түсер ескі қиял сөздерден, –

---

<sup>1</sup> Эпиграф XIV ғасырдағы белгісіз автор жазған, ал XIX ғасырда Джеффри Чосерге (1340?-1400) телінген “Гүл мен жапырақ” поэмасынан алынған.

Шіркін, Ұйқы! Бесігісің кірпіктің,  
Досың – үміт, түнгі үрейді үркіттің!  
Шын жүректен махаббатпен тербеткен,  
Аймалаған ең аяулы дем-леппен  
Саған еніп уыз болып тұнамыз,  
Гүл мен талдың құмарпазы – мына біз.  
Ұйқыдағы арулардың бұрымын  
Таң сәулемен оятады нұр-үнің,  
Хор әуені шын қосшылық түрге еніп,  
Кірпіктерді жұбатады Күн келіп!  
Сенен артық кім лайық жеңіске?  
Сенен тәтті жоқ сусын да, жеміс те,  
Мықты бар ма құз ағыстан-ұраннан,  
Аққу әннен, темір тұяқ қыраннан?  
Қалтыратар жарқ еткізіп үкімін,  
Тынып қалар мезі қылған мұқым үн,  
Әндей бейне найзағайдан жаралған,  
Не сілкініс гүліндей таралған,  
Әлде нәзік жұпар сеуіп қысылар,  
Ең бір тәтті естеліктер ұсынар.  
Түсінбейміз қайдан келген бақ-көрік –  
Дір етеміз ғажайыпқа тап болып.  
Сан өзгертер ауадағы орынын  
Періштелер қалықтатып хор үнін.  
Лавр бұтақ желбіреді әрдайым,  
Өлмес данқтың жарқыратып маңдайын.  
Мақтан дауыс қанат қағар жаңғыра,  
Қону үшін тәж-тақтың кеп алдына,  
Мадақтайды асқақ үнмен Құдайды,  
Сосын шаттық құшағына құлайды.

Ал, кімдерді күннің нұры жылытты,  
Кім қарсы алды қорқып дауыл-бүлікті,  
Кім байқады жүрек жиі ұрғанын  
Сезіп Тәңір дәл қасында тұрғанын –  
Маған еріп қуанышқа кенелді,  
Таныс жайды баяндаймын мен енді.

Поэзия! Жырлаймын тек сені мен!  
Шақырулар келмес аспан елінен,  
Одан гөрі тізе бүгіп ақ таңда –

Таудан қоныс тапқан тізбек шатқалға,  
Арнап саған мендік дұға-дәлелді,  
Күткенім жөн сен жіберер сәлемді.  
Поэзия! Тек өзінсің ынтығым!  
Аспаныңды армандайды мың түнім.  
Аш пердеңді, менің дұға тілегім  
Жетсін саған! Кеуде жарып жүрегім  
Салсын, мейлі, қуанышқа бұғалық,  
Мейлі, өлейін, – ұранымды құп алып  
Балғын рух – неткен ғажап таң мына! –  
Құрбандық боп барсын Фебтің алдына,  
Сосын жаным даурығудан құтылсын,  
Қуаныштың таза демін тұтынсын,  
Келбетіңнен көзін бұрып қайғы-мұң,  
Наяданың ұсынасың айдынын –  
Ормандағы өзендердің құшағын,  
Құмығып тек естілетін күс әнін –  
Оятпайтын ұйқыдағы аруды,  
Жүрек сонда жұтып сезім-дәруді,  
Еріктен тыс өлең болып туады,  
Таң қаламыз: бұл қай жақтың шуағы?  
Каминдегі жалын лаулап билейді,  
Қиялдарым ғажап елге сүйрейді,  
Меандрдың<sup>1</sup> айдынында жүземін,  
Тау асамын, алқап гүлін үземін,  
Аралаймын жұмбағы көп үңгірді,  
Тыңдаймын да сылқым өзен-сыңғырды,  
Жан-дүнием ұйып тұрып қаламын,  
Өлеңіме ұйқас етіп аламын,  
Тандап алам қасиетті нәр-нұрын  
Адамдардың ұғынатын жан-ділін.  
Ал әйтпесе бейбіт ғұмыр – тоятым:  
Текетірес тіршілікті жоятын.  
Асқақ рух канат бітіп, жаңғырып,  
Көкті жарып ұшып жүрсін мәңгілік.

Токта, ойлан! Өмір – мезет төлемі,  
Бір жарқ етіп жанады да сөнеді,  
Ұйқы деген – сорлы үндістің қайығы,  
Иірімге батырады – айыбы,

---

<sup>1</sup> *Меандр* – Кіші Азиядағы өзен.

Қас қағым сәт ұстатпайды, қашады,  
Өмір – гүлдің тез солатын шашағы;  
Жұмбақ кітап, мың оқыдың байқап-ақ –  
Тың әңгіме парақтасаң қайталап;  
Ашылуға әзір тұрған перделер;  
Тентек бала қайғысы жоқ зерделер –  
Жыл бойына түрлі ойынды тауысып,  
Бұтақтардан бұтақтарға ауысып,  
Секіретін, құлдырайтын құйынша...

О, маған да, шіркін, он жас бұйырса,  
Поэзия, болып сендей талапты,  
Бірге игерсем жүрек ұғар сабақты,  
Татып нәрін бұлағыңның талайғы,  
Кезіп жүрсем әлемінді арайлы.  
Ал, бастадым келген кезде жайнап таң  
Флора мен Пан басқарған аймақтан,  
Қой ірімшік, жеміс тұрды алдымда,  
Сосын аздап қалғып жаттым шалғында,  
Сирек талдың көлеңкесі бұйырып,  
Нәзік нимфа қаһар төкпей, қиылып,  
Сүйіспендік сезім сыйлап жан ғашық,  
Біздің мәңгі махаббаттар жалғасып,  
Бұрынғыша сыр айтысып, сөз дарып,  
Күйбең тірлік хикаясын қозғадық.  
Көк қанатпен желпіп өтті өзенің  
Мандайымды, өрепіді өзегім,  
Ал қасымда билеп жүрді тал, ағаш,  
Көктем келді, көк нұр келді тарамас,  
Төсек-шалғын жасыл от боп лаулады,  
Асыл лебіз мені қайта баурады –  
Лаврлар бадамгүлге бұғалық  
Салған маңда біз де шаршап құладық,  
Айқыш-ұйқыш араластық неше мың...

Мен басқаша қалай тірлік кешемін?  
Иә! Сапарым – татар мұңым, күресім,  
Адамзатқа тән тіршілік – үлесім.  
Жұрт таң қалып, бұрып назар-күбірді,  
Бұлт тербеткен көкжиекке үңілді.  
Шабыс-қанат сән-арбаны тербеді,

Жал желпілдеп, тартып көшір делбені,  
Батылданып, жауып үрей қақпасын,  
Қыр беткейге бағыттады ат басын,  
Қалың бұлттан шығып әбден шеткері,  
Жерге қарай оқтай зулап беттеді.  
Шатқалдарды жанай өтіп соңғы рет,  
Емендердің шоғырына қонды кеп.  
Сосын көшір құлақ тосты жүгіне  
Алқаптар мен ағаштардың үніне,  
Көз алдында елес болып тұр нұсқа:  
Рахат та, зор қайғы да, қылмыс та.  
Сыңғырлайды сезімдері елжіреп –  
Бойжеткендер, бозбалалар ержүрек,  
Мәз болады, ән салады, жылайды,  
Қол сілтейді, әлде көмек сұрайды,  
Зор қайғылы және сонша көңілді,  
Әлдеқайдан жұмбақ әуен төгілді,  
Қыз бұрымын тарқатады би қызып,  
Аударылар, төңкерілер қилы жүк.  
Мың сан бейне араласты, жұғысты,  
Әркім жеке хикаяға кірісті.  
Түсіп көшір арбасынан талайғы  
Әрбірінің келбетіне қарайды,  
Түсініксіз әңгімелер тындайды,  
Мен баяндап отырмаймын мұндайды,  
Бұрып кеттім назарымды өтпелі,  
Тобыр-топтың көрсетері көп тегі!  
Міне, жетті көп елестер. Қан-нұрын  
Төгіп аспан алып кетті барлығын,  
Бой көрсетті қолапайсыз нақтылық –  
Лай судай Көзкөрмеске лақтырып  
Рухымды. Мен, бірақ та құламан,  
Күдік қашар, ес-түсіммен дін аман  
Арба-нұрға көк аспанға самғаған  
Жармасамын...

Және сосын таң қалам,  
Бос елесті қалмақпын ба құшақтап,  
Адам-тұқым кеткені ме ұсақтап?  
Қайырымды үнің қайда, Қиялым?  
Сен едің ғой иесі дән-ұяның.  
Білесің бе Зевске не жақпады –

Жүзін неге басқан әжім қатпары,  
Айтушы ең ғой сөздеріңе сыр тұнып,  
Қанаттарын қалғаны ма қырқылып?  
Біздің жақ та арнап саған сый-тұрақ –  
Жасап еді жарқыраған михраб,  
Ал Музалар бізді сүйген шақтарда  
Әуендері әлдилейтін ақ таңда,  
Құшақтасып музыкамен ежелгі,  
Аймалайтын келер-кетер кезеңді,  
Жұмсап ылғи дүрсілдеген жүрегін  
Бұл әлемнің сан сейілтті түнегін,  
Биік таулар көкжиекте қалқыды,  
Қыз-мейірімнің жан-үніне балқыды.

Өтті бәрі. Бұзып тәртіп қатарын,  
Шақырдыңдар Аполлонның қаһарын,  
Жабайылық лаптап құдық-шегенді.  
Көргенсіздік даналыққа тенелді,  
Ойыншық ат құр тепсінді, бұлтарды,  
Ұмыттыңдар Пегас пырақ-тұлпарды.  
Көргендерің – ұсақ тірлік тар ғалам,  
Дауыл соғып, асып мұхит арнадан  
Дөңбекши ме? Өнмендей ме жағаға –  
Сезбейсіңдер. Гүл тіріліп далада,  
Жапырақтар мөлдір тамшы өпкенін –  
Көрмейсіңдер. Қалықтап кеп көктем-үн  
Барлық әлем кеткен кезде құлпырып,  
Көзді жұмып, еріндерді жымқырып,  
Ежіктеумен ережені құр сұлдер,  
Есектерге мектеп ашып жүрсіндер!  
Шәкірттерің өнеге қып қалдырмақ  
Өлеңдерін қуыс қурай даңғырлақ.  
Иаков әке айтып кеткен бұларды –  
Саны көп-ақ, сапасы жоқ құнарлы.  
Өлермендер талант болып кеңеспек,  
Бубен шіркін Лирамен теңеспек.  
О, ұждансыз ұрпақ! Ал Феб қашанғы –  
Пайдаланбақ күпір ойды жасанды,  
Буалоның<sup>1</sup> өсиетін кембағал?

---

<sup>1</sup> Никола Буало (1636-1711) – француз ақыны және сыншы, Ките “өсиеті” деп оның “Поэтикалық өнер” деп аталатын, өлеңмен жазылған трактатын айтып отыр.



О, ұлылар, есімдерін ел бағар,  
Биіктегі шың-күздарда шайқалған,  
Қыр-қыратта, көк өрісте жайқалған  
Рухтарың аман-сау жүр. Бірақ та  
Есімдерің лақтырылған жыраққа.  
Темза үстінен ұштындар ма мұңайып?  
Қандай ән бар тобыр жұртқа лайық?  
Қайтіп, сірә, жыламауға болады?  
Лаврлар бұл жақта тек солады.  
Бейнелерің келмес жаққа кетті ме?  
Оралып кеп жалғыз дарын тек, міне,  
Көп ақынның болып дара тармағы  
Жас ғұмырын жалын жырға арнады,  
Сосын мәңгі қабір күшты, үзілді...  
Солай болды! Сұрқай заман сүзілді,  
Енді, міне, басқа күндер келгендей,  
Бізді кімдер қолдап еді сендердей –  
Жібердіңдер қайырымды нұр-таңды,  
Әрбір тұстан әндер қайта шырқалды,  
Аққу, міне, елемей қыс, қарды да,  
Айдын-мұздың көк әйнегін жарды да,  
Алып шықты әсем әуен... Тұңғыық  
Тұрды бізге сырлы әуенді нұр құйып,  
Мөлдір әуен... Айтасыз ба ырзалық?  
Жә, жарайды! Расында бүр жарып  
Сыңғырлады нәзік дыбыс – ем-елес,  
Шынын айтсақ, еш үлгіден кем емес,  
Тақырыбы қисынсыздау, бірақ та,  
Полифемдер жеткендей боп мұратқа  
Сүйіп қалды... Поэзия, алайда,  
Жарық сәуле – қирамайтын шарайна,  
Қас-қабакпен билік құрып тұрады,  
Жайқалады жасыл шөбі – құрағы,  
Сәл қалғиды, ұйқы дәмін талмайды,  
Патшалықты мейіріммен жалғайды.  
Ал қара күш музаларға жұп емес –  
Періштені адастырған түн-елес,  
Сүйетіні – көне қорым-қауымдар,  
Ақ кебіндер, мейірімсіз дауылдар,  
Тағылыққа аса құмар, қатал-ақ.  
Поэзия – жұбаныш пен махаббат,

Алып келіп қасиетті тілекті,  
Қия-шынға жетелейді жүректі.  
Мен бәрібір бақыттымын, себебі,  
Желмен ойнап желбіреген желегі  
Гүл әлемі жетті бұрын болмаған,  
Құстар келді бұл маңайға қонбаған,  
Ән салады, қанаттарын сермейді,  
Гүлшанақты тұмсығымен тербейді,  
Қане, арам тұқымдарды жоялық,  
Дін сау қалсын! Бір кездері оянып –  
Біздер жақта; орман кезген бұғылар  
Дәмді шөп жеп, көлеңкеге тығылар,  
Жас ғашық кеп әлдекімді аңдыған,  
Шәкірт келіп іші пысып қалғыған  
Жүрген кезде, іргелерден саулап ән  
Тап болады нәзіктікке баураған,  
Жайылады жасыл шалғын көк қатпар,  
Ирелеңдеп жетелейді соқпақтар,  
О, тәтті үміт! – кең ашылып құшағы,  
Асқар көкке Елес тағы ұшады,  
Сонда Ақындар королі боп саналар –  
Кімнің сөзі ем-шипаға барабар.  
Мен осыны тірі кезде көрем бе?

Асыл достар әлде мені сөгер ме:  
Кеуде керер, әр сөзіне зорлық тән,  
Дүрелеуге лайық деп сондықтан?  
Қайтем енді? Көз көрмеске қашам ба?  
Жоқ! Храмның бөлмесінен қашанда  
Поэзия, табам саған пананы,  
Егер өлсем, жолдастарым қаралы  
Жерлер мені кәрі терек түбіне,  
Бейітіме қарар гүлдер үңіле,  
Құлпытаста тұрған сөзді жарқырай,  
Қалың шөптер басып тұрар жартылай,  
Жоғал, Уайым! Сені ойым жоқ тұтынар,  
Көнбістіктен тек сол ғана құтылар —  
Өлермен боп кім марапат күтпесе,  
Мейлі, маған зор пысықтық бітпесе,  
Мейлі, көрмей күйбең істің күнгеің,  
Жүректерде не жатқанын білмейін,

Мейлі, мені адастырсын көк тұман,  
Жалынан да сипатпасын от-бұлаң,  
Мейлі, жұмбақ қылмыстар да пенделік  
Жақындатпай, жүрсем де мен сенделіп,  
Маған ғажап сыйлық-тағдыр тартылар:  
Тас түнекте ой-сәулелер жарқырар.  
Ең аяулы еркіндігім – сол менің,  
Сол сәулелер – поэзия-өрнегім.  
Ол – жап-жарық, шапағындай таңдардың,  
Күн мен түндей сырласады, аңғарғын,  
Өткір шуақ, шалғын қырға төрлеген,  
Бейне крест мұнараға өрлеген.  
Мен – адал дос. Асқақ іс бар асыл қай –  
Пікіріңді паш етуден жасырмай.  
Есалаң боп әлдеқайда беттеймін,  
Түпсіздіктер жібермей қап, жетпеймін,  
Орта жолда талма түскі леп-тұрақ  
Қанатымды күйдіреді... Тек, бірақ  
Мақсатымды ұмытпаймын... Жарайды!  
Ақыл-есім тынышталып қарайды.  
Маған тағдыр мығым жоспар бекітті!  
О, мұхиттар! Кең жайылып кетіпті,  
Толған арал.. Санауға дем жетер ме?..  
Дайын емен көктей ұшып өтерге! –  
Мүмкін емес!...

Орындалмас ол бір іс,  
Қарапайым ойлар келсін, сол дұрыс,  
Барлығы да енсін бағзы қалпына,  
Жүрегім де күйді тастап шалқыма  
Бағыт алсын тазалыққа байырғы,  
Туыстыққа, тілектерге қайырлы,  
Құпиясын әлдилеген көңілге.  
Бір бақытты сонет келсін өмірге –  
Өз еркімен жарқ-жұрқ етіп жұтынып.  
Қандай бақыт: бос күйбеңнен құтылып  
Ұйқастармен шарлап жүру ғаламды,  
Ал, ерінсең – тастай салу қаламды,  
Көне кітап парақтарын аралап,  
Көңіліңді тойындырса қанағат.  
О, қолымнан сырғып түсті қаламым,  
Өректісе жүрек жырсыз қаламын,

Кептер болып әуен ұшып-қонады,  
Жад-жаныма өшкен сурет толады,  
Әлдеқашан алған олар төлемін.  
Мен басқаша көріністер көремін:  
Салт аттылар, ал, құйғыды еркіндеп,  
Жел үрлеген бұйра шаштар желпілдеп,  
Саусақ-уыс қайырғанға көнбейді,  
Енді көкке басқа сурет төрлейді:  
От-арбасы емін-еркін есіліп,  
Қарағанда Вакх соншама тесіліп,  
Ариадна қызарады ұялып...  
Жел келеді маған шабыт-сый алып,  
Зер-дәптерді ашамын да аңсаған  
Сан үлгіге тап боламын, тамсанам:  
Аккулар жүр қамыстарды бойлап кіл,  
Бұтақтарда шымшық-әуен ойнап тұр,  
Көбелектер қалықтап жүр шалқып-ақ,  
Раушангүл қызғылт нұры жарқырап  
Қауыздарын желбіретер пәк түрмен,  
Жырларыма, о, қаншама таптым мен –  
Суреттерді ең ғажайып, ең керім!  
Ұмытпасын Ұйқы, міне, келгенін –  
Тәжім етіп сәнді гүлтаж. Расым –  
Мұндай іске жетпес менің құлашым.  
Жақсы өлеңдер – солар берген қосындым,  
Міне, даусы келіп жетті досымның –  
Өрекімей, еппен қалғып қанат-бақ.  
Мен отырмын еш жалықпай парақтап –  
Өткен күнді үйінде, беу, ақынның  
Тербетеді жан-күпия, лапыл-мұң,  
Бағзы ақындар көне заман ғұрпымен  
Жұбатады адал мәрмәр күлкімен.  
Қабылдайды сөнбес бақыт-жарықты –  
Болашаққа тапсырғандар даңқты!  
Фавн-шөптер кірпішіне жармасып –  
Храмдардың қирап қалған шаң басып,  
Көз қадайды ынтықтықпен сүзіліп,  
Нимфаларға бара жатқан тізіліп.  
Ең сұлу қыз көкке қолын бір бұлғап,  
Көңілдене күледі кеп сыңғырлап,  
Тәтті әуенді һәм аялап, һәм сүйіп,

Фавндар<sup>1</sup> да тындап қалар қалшиып,  
Қонды бұлтқа жылу төгіп арай-нөр,  
Енді, міне, басқа сурет, қарай қал:  
Шомылады Диана қыз – таң гүлі,  
Өбектейді нимфалардың барлығы,  
Ақ жамылғы өрнек-сәнін жасырып,  
Жатыр ванна жиегіне асылып,  
Ал су аздап төгіледі шайқалып,  
Дәл осылай көк мұхиттар, айталық,  
Тербейтін-ді кемелерді, (таныс па?),  
Балдырлар да бағынатын ағысқа,  
Басқалардың ырғағына қосылмай,  
Су-патшалық құрған билік осындай.

Көз алмайды Сафо<sup>2</sup> шалғай көгалдан,  
Мандайдағы кірбіндері жоғалған,  
Құтылышты уайымдардан тайғанақ –  
Әсем жүзін жарық күлкі аймалап.

Альфредтің тым түсіңкі қабағы –  
Демін жұтқан жалғыздықтың жаралы.  
Костюшко<sup>3</sup> да жадырауды ұмытқан –  
Үркіп қарап үлесіне құмыққан.

Петрарка тастап тірлік дауларын,  
Өң-көркіне тесіледі Лаураның,  
Бақыттылар! – Ұсынады шат тұрақ  
Поэзия қанаттарын қаққылап.  
Поэзия көрер тігіп назарын  
Теңіздер мен алқаптардың ажарын –  
Ордасының өзгермелі өлшемін.  
Ал мен сезем құйттай ғана бөлшегін.  
Бірақ менің көргенімді сәл мұндай  
Қуып шықты Ұйқы тұқым қалдырмай.  
Өңімдегім – осы айтқандар, желпіндім,

---

<sup>1</sup> *Флора, Пан, Нимфа, Зевс, Полифем, Вахх, Ариадна, Фавн, Дриада* – мифологиялық бейнелер.

<sup>2</sup> *Сафо* – Платон “оныншы муза” деп атаған ұлы ақын қыз (б.з.д. 612 – б.з.д. 572 жылдар шамасы).

<sup>3</sup> *Гадеуш Костюшко (1746-1817)* – поляктың саяси-әскери қайраткері, Солтүстік Американың азаттығы үшін соғысқа қатысушы (1775-1783), 1794 жылғы поляк көтерілісінің көсемі, ұлттық қарулы күштердің қолбасшысы.

Ұйқысыз түн өте шықты – серпілдім,  
Қабылдаған адамдаймын дұрыс ем,  
Жаңа жырлар жазуға мен кірісем,  
Жаздым, міне. Бұл перзентім – табыс шын,  
Ұсынамын, жұрттың бәрі таныссын.

### **ТҮРПАЙЫ ЫРЫМШЫЛДЫҚТЫ ЖЕК КӨРІП КЕТКЕН СӘТТЕ ЖАЗҒАНЫМ**

Шіркеулердің қоңырауы мұң-жырмен  
Жат дұғаға жетелейді қабына,  
Уайымдар қаптап келер ағыла,  
Тықпалайды уағызды күлгін дем.

Жан-жүрекке сұм сиқырлар жабыла,  
Махаббатты үн қататын түрлі үнмен,  
Ошақ-отты шаттық толы нұр кірген,  
Мұңсыз әнді тартып алар тағы да.

Құрып кетсін бұл дыбыстың кесімі  
Шақыратын суық қабір-қақпанға,  
Шырақтары жетпей сөнер ақ таңға,

Жабылады ең ақырғы есігі.  
Жарқырайды Ержүректер есімі  
Жұпар исі бұрқыраған бақтарда.

### **АНГЛИЯ ҚАНДАЙ ҒАЖАП!**

Англия қандай ғажап! Дайынмын –  
Естімеуге жат даланың дастанын,  
Бөгде шалғын қалай жұпар шашқанын,  
Тербелгенін бөтен орман-қайыңның.

Бірақ кейде көруге мен қайылмын –  
Қызғылт нұрлы Элладаның аспанын,  
Альпі тауын жөн еді ғой басқаным,  
Мұздық кезсем болмас еді уайым-мұң.

Англия қандай ғажап! Сүйем мен,  
Мейірімін төгіп ылғи, себебі,  
Арулары қаншама рет жебеді.

Бірақ ділім түнде жұлдыз тереді,  
Басқа жақтан нәзік үндер келеді,  
Ай жарқырар көк теңізге сүйенген.

\*\*\*

Тарап кетті аспан-көктің тұманы,  
Өзен жақты қоңыр самал тербеді,  
Оңтүстік леп күзге билік бермеді,  
Қызу тартты қара жердің құрағы.

Аңғардағы шөпке күлкі ермеді,  
Әлдеқайдан мөлдір ауа құлады,  
Жел жүгірді, айналаға ұнады,  
Оралғандай жаздың ойын-ермегі.

Желкілетті шалғын қатқыл шашағын,  
Жемістерге мөлдір шықтар тұнады,  
Селолар тұр талмап дәннің масағын.

Сараңданып, күзге бояу қоспас таң,  
Өрекімес көк орманның бұлағы,  
Ақын – мынау, тіршілікпен қоштасқан.

### ЛИ ХАНТҚА, ЭСКВАЙРҒА АРНАУ

Дала-жардың қайда нұрлы көктемі?  
Күміс тұман қалқып шығып нұрланып,  
Зеңгір көкті құшпай қойды ұрланып,  
Аврора күлкі-шуақ төкпеді;

Хор үзілді, қыздар қалқып өтпеді,  
Нимфалардың әуендері құр налып,  
Раушан тұр, жұпаргүл тұр бұлданып,  
Флораға ешбір құрмет жоқ тегі.

Мейлі, алқаптың ашылмасын қабағы,  
Көк орманда жүрсін Пан да кезікпей,  
Басқа дүние, діл-дүние бар әлі.

Келсе гүлдер сырларымды сезіп кей,  
Мен жырымды құрағанда ежіктей,  
Сендей адам қамқорлыққа алады.

## ХЕЙДОНҒА<sup>1</sup>

Кешіре гөр, құр құбірлеп қаламын,  
Мінгірлеймін, шыға алмаймын шиырдан,  
Бүркіт-көзім бар ма көрер қиырдан:  
Білмеймін мен – нені қайдан табамын?

Иығыма шақ болса ғой талабым –  
Бұрып бірден сөз-ағысты құйылған  
Жылдамдықпен пайғамбарға бұйырған  
Таңдантар ем Геликон-кілт<sup>2</sup> тарабын.

Сен сөйлестің Асқақтықпен қысылмай,  
Біз әлсізбіз ұсақтыққа үйір мың,  
Тәңір-белгі таңның сәуле-құсындай,

Именбейді илеу тобыр, иір күн,  
Сен сәулені ұстамайсың ұшырмай –  
Жұлдыздарға бет алуды бұйырдың.

## ЛОРД ЭЛГИН<sup>3</sup> ЖИНАҒАН МӘРМӨР СТАТУЯЛАРДЫҢ АЛДЫНДА ТҮРҒАНДА

О, рухым, әлсізсің сен! Төнетін  
Қамшы дайын, әкеледі өлімді,  
Мақаулықпен алыссам мен, төгілді  
Сансыз гуіл: кезің келді өлетін.

Қырандар жоқ көкті мәңгі көретін.  
Жұбанамын жұтып көз жас-сәлімді,  
Көрмесем де жасыл жусан төрімді,  
Жоқ болса да сәуле-жібім өретін.

Қақ жарылам, қуаныштар кешігіп,  
Жеңіс-ақыл өз алқымын буады.  
Мәрмөр тасқа қараймын кеп тесіліп:

---

<sup>1</sup> Бенджамин Роберт Хейдон (1768-1846) – ағылшын суретшісі, өнертанушы, мемуарлар авторы. Китстің досы.

<sup>2</sup> Геликон-кілт – шабыттың баламасы ретінде қолданылып отыр.

<sup>3</sup> Лорд Томас Брюс Элгин (1766-1841) – афиньлық Акропольден көне гректік мәрмөр мүсіндер коллекциясын әкелген адам.



Элладаның көркін жаспен жуады.  
Зор толқындар екіленер есіріп,  
Қарсы алдында – Күннің ұлы шуағы.

### ТЕҢІЗГЕ

Ол мәңгілік ғұмыр жайлы жырлайды,  
Кенет өршіп үнгірлерге кіреді,  
Аянышты еш білмейді жүрегі,  
Сыбырынан есіп тұрар мұң-қайғы.

Ал кей кезде арал үнін тыңдайды,  
Ұлутасты оятпайды, күледі,  
Ашылады ашуының түнегі,  
Жағалауға толқын-туын бұлғайды.

Теңізге кел, қуанышы аз ұлан!  
Кең байтақты аймаласын жанарың.  
О, жыбырлақ адамдары қаланың,

Тіршіліктің күйбеңінен қажыған.  
Жұбатындар бір сәт көңіл алаңын,  
Айрылмандар теңіз-әуен сазынан!

### ЖАЗЫЛЫП ҚАЛҒАН ЖОЛДАР

Кезде бір бейуақ торыған,  
Айрылдым қыздың қолынан,  
Қиял-түс шаршап қарайды сонша сақтана.  
Ұстастық әлде ұсталдық,  
Қай кезде ессіз құштарлық:  
Қатыгез әлде мейірім төккен шақта ма?

Көл-шара бейне көздері!  
Қандай монтаны сөздері –  
Еліктіреді елес-қиялды жүйелі.  
Сол ғана білер бағасын –  
Іздеп аяулы жарасым,  
Кім еш зорлықсыз шын ниетімен сүйеді.

Қандай рақат заңы бар,  
Кезегім келді табынар –  
Келген ғой бұл күн мейірім болып қалайда.  
Әуре-сарсаңды тастадым,  
Жарқырап тұрған аспаным –  
Нұрлы бояулар кигізіп жатыр арайға.

*Жасыл әлем Ақын үшін жаралған.  
Римини туралы хикая*

Қарап едім шығып, міне, қыратқа,  
Көзім тойды тымық әлем-тұраққа,  
Табиғатқа тың сурет боп құйылып,  
Сансыз гүлдер бас шұлғып тұр иіліп,  
Ормандағы алаңқайды құп-құрғақ  
Астамсынбас ажарымен тұтқындап.  
Бұлттар жатыр жайылуды ұмытқан  
Ақ қойлардай жүнін жаңа қырыққан,  
Қалғып кеткен кірпіктері жабылып –  
Зеңгір көктің көрпелерін жамылып.  
Шу да тыныш, қол созбайды қылышқа,  
Естілмейді күрсініс те, тыныс та.  
Көлеңке де кезген шалғын, арықты  
Осы сәтте қыбыр етпей қалыпты.  
Көзге ілігер ғажайыптың барлығын  
Жинап алған беріп пейзаж жарлығын.  
Ауа – таза, есен шалғай, жырақ та,  
Ұсақ-түйек жоғалмайды, бірақ та.  
Ешқайда да асықпадым, толғандым,  
Сокпақтарын кезіп жүрдім орманның.  
Тапқым келді өзен болып шапқылап  
Қай бастаудан шығатынын ақ бұлақ.  
Аумай қалған секілдендім Герместен<sup>1</sup>  
Ешкімнің де жүйріктігі келмес тең.  
Тобығыма қанат бітті, қалқыдым,  
Жер ғажабын түгел көріп балқыдым,  
Жинай бердім күллі әлемнің гүлдерін,  
Бұдан артық сұлулықты білмедім.

Гүлді айналып ызылдайды аралар,  
Ал бұларсыз тірлік қайтіп таралар.  
Шілік тоғай алтын сәуле шашады,  
Желкілдейді жас бұтақтың шашағы,  
Сусын-ылғал тамыр шөлін басады,  
Мүк құшады көлеңкені-тасаны.

---

<sup>1</sup> Гермес – Зевстің ұлы, сауда-саттық құдайы, жолаушыларды жебеуші.

Аршагүлге жаңғақ дәнін береді,  
Желге ілесіп жиде-тұқым келеді.  
Ескі діндер толтырғанда төскейді  
Көк бүршіктер құр бекерге өспейді:  
Хабарлайды ең маңызды еңбегін –  
Жамырасып жана буын келгенін.  
Бұлақ көзі толқиды һәм шалқиды,  
Өбектейді гүл-қыздарын әрқилы,  
Сыңғырлауын тоқтатады, жылайды,  
Ой түйеді білмейтіндер былайғы:  
Пенде, саған гүл түк емес, жұласың,  
Лақтырасың жеткен жерге құлашың.

Ал, өскіндер, ертең сәуле тағынып,  
Шыққан шақта гүлдер шыққа малынып,  
Құрғағанша, сабыр етіп тұрындар,  
Назарларын сосын көкке бұрындар:  
Сызылтындар арфаны – ән-қайнарды,  
Шырқап беріп өткен, кеткен жайларды.  
Қайталаңдар кезде шыққа малынар  
Менің де дос екенімді табынар,  
Олардың, беу, жарқын үні – желі де  
Әр шалғайға жеткізерін мені де.

Тәтті бұршақ тұр, мінеки, піскелі,  
Баданадай дәндер қарғып түскелі,  
Мұрт-масақтар қыбырласып таңда сәл,  
Өткенге де, кеткенге да жармасар.

Токта өзеннің қасындағы аулаға,  
Иек сүйеп жатқан беткей тауға ана.  
Көзің жетсін: бұл табиғат сиқырлы  
Кептерден де нәзік әрі сүйкімді.  
Өзен, сірә, шымшым нәрін салған ба,  
Мына жатқан томарлар мен талдарға;  
Бұтақтар мен шөптер манды сүзеді,  
Асықпастан әрлі-берлі жүзеді.  
Екі-үш сонет оқымасаң болмайды,  
Ауа суға зор әңгіме толғайды,  
Жұмыр тастың үстіне кеп қалықтар.  
Жүзіп бара жатқан кезде балықтар

Айдынның да тереңіне алданбай,  
Шоршиды кеп Күнді көріп қалғандай,  
Әттен, қайта су түбіне кетеді –  
Ерік бермес табиғаттың жетегі.  
Ал саусакпен түртсең суды – сезеді,  
Қас қағымда әр тарапқа безеді.  
Тек бұрылып кете қалсаң әрірек,  
Қу шабақтар табысады тағы кеп.  
Ұсақ толқын жағалауға шашылар,  
Жапыраққа жұғысуға асығар,  
Жұғысар да ылғал төгіп салқындар,  
Шекарадан асып түсіп жарқылдар.  
Достар солай бауырласар, айталық:  
Ізгілікке ізгі жауап қайтарып.  
Пайызторғай – анау, түсіп бұтақтан  
Суға сүңгіп қызық ойын тұтатқан.  
Тамшы тамар, бастап сосын қыңырлық  
Кіріп кетер көк орманға мың ырғып,  
Не баяулар жан-жағына үңіле,  
Көз тойдырар әлем сарғылт жүніне.  
Жоқ, ешқандай қажет емес бұл маған;  
Маған қымбат сыбдыр-сыбдыр сыр-ғалам,  
Кеудешеден сұлу сылқым аппақ тым,  
Сілкіп жатса тозаңдарын бақбақтың,  
Қымыздықтар сәл көтеріп алқымын,  
Сүйіп жатса арулардың балтырын,  
Оңашада жүрсе қыздар ұшынып,  
Кенет сізге кездесіп қап, қысылып.  
Сол қыздарды жағалауға көп келген,  
Өткізер ем толқын сүйген өткелден,  
Содан кейін ұстап нәзік білегін,  
Ақша жүзін өпсем... Сол ғой тілегім!  
Қоштасарда, мейлі, қимай тұрсын шын,  
Қарайласын, қайта-қайта күрсінсін,  
Әрі қарай? Бәйшешекке бөленіп,  
Армандарға айтып жатам төрелік,  
Бүршіктердің тыңдай берем күбірін  
Естігенше гүлшоғырдың дүбірін;  
Көбелектер ортақ мекен табады,  
Қармаласып қанаттарын қағады.  
Шықты, міне, үнсіз зеңгір-тоғаннан

Дөңгелек Ай ақ күміске оранған,  
Бері қарай баяу жүзіп құлады,  
О, Ақынның ең сүйкімді жыр-әні,  
Барлық адал тіршіліктің шырағы,  
Айдын мен көк сәуле жұтып тұрады,  
Сен – үнісің жапырақтың, гүлдердің,  
Армандының жанарына нұр бердің,  
Жалғыздарды жебейсің сен, қорғайсың,  
Жарық ойға жарқын сәлем жолдайсың.  
Ешқандай даңқ бола алмайды салмақты  
Адамдардан алтын сөзді ардақты,  
Ойшылдар да, ақындар да жұлдегер –  
Тек тәуелді Табиғатқа нұр берер.  
Тым ғажайып сәуле төгіп лаулады  
Сыбырласқан қарағайлар таудағы.  
Жыр жазамыз – бос сөз енбес толғамға,  
Жүргендейміз оңаша бір орманда.  
Сұлуланып қалықтайды шабыт та,  
Жадырап күл, жүрек, ешбір қамықпа.  
Шық себеді раушанға дос гүлдер,  
Шіркейлерден сескенбейді өскіндер,  
Жұпаргүл де, итмұрын да тізіліп,  
Жүзімдер де сағағынан үзіліп,  
Көпіршік те қуыс демдер желпіген –  
Емдер бізді мазасыздық дертінен,  
Басқаша бір ғаламдармен танысып,  
Шарықтаймыз бұлттардан да әрі ұшып.  
Білесіздер, Психея арайлы  
Қалай көрді алғаш қиял-сарайды,  
Махаббатпен қалай сонда кезікті,  
Тән жұғысып, ерінді ерін сезіпті,  
Өбіскенде жанарларға нұр сінді,  
Күн алқынды, нәзік түн де күрсінді,  
Содан кейін: маужырау шақ – түн-түнек,  
Оңаша сәт – аспан кенет күркіреп,  
Жаңа таң кеп уайым-мұң ән құшты,  
Юпитер қабылдады алғысты.  
Дәл осыны шын сезінді сол маңда  
Әкелгендер бізді емен-орманға,  
Ну жыныста тұрған күнде таранып,  
Дриада, Фавндарға қарадық,

Тындадық та гүлалқалар толғамын,  
Елестеттік қандай қайғы болғанын,  
Паннан қашқан Сирина да бұрынғы  
Абайсызда қасіретке ұрынды,  
Олжасынан айрылып қап жылады,  
Қасына кеп жел-қамыс та құлады.  
Шабыт қалай келді бағзы шайырға  
Жазбақ болған шақта Нарцисс жайында?  
Ол аралап шықты барлық ұлысты  
Тапқанынша бір оңаша бұрышты,  
Тоғанды да көрді, айдыны жоқ, бірақ,  
Сұқтанбады оған аспан – көк тұрақ,  
Сол көк тұрақ ғажайып нұр тараған,  
Көк орманға мейірлене қараған.  
Біздің ақын сол маңайдан көріпті  
Бір ерекше ғажап гүлді көрікті:  
Асқақтамай, жерге қарай иілген,  
Айдындағы өз көркіне сүйінген,  
Зефирдің де айтқан сөзін тыңдамай,  
Ғашықтықтан сарғайыпты. Бұл қалай?  
Ақын барлық ой-пікірін жинады,  
Кенет шабыт сұлу сөздер сыйлады,  
Ақын жазды барша жұртты таң қылып,  
Тақырыбы – Нарцисс және Жаңғырық.

Қайда жүрді сол кезеңде сол Ақын,  
Ол ғажайып сөз иесі болатын,  
Жап-жас еді, жас болып ол қалады,  
Түн ішінде кезгенде Ай даланы  
Жүргіншіге арнап ыстық сәлемді,  
Көрсетеді жұмбағы мол әлемді,  
Жыр бастайды ауа демі ұғынған,  
Ойларды да жұлдыздарға тығылған  
Мақпал айдын бесігінде сақтайды.

Өзгереді, кедергіден аттайды,  
Жол шегеді жүрегіне жүк артып,  
Эндимионмен кездесуге құмартып.  
Ғашықтықтың шырқап Ақын тәтті өнін,  
Басып тұрар Латмий<sup>1</sup> шатқалын,

---

<sup>1</sup> Латмий (Латмос) – тау.

Өлі алқаптан дірілдеген шырағы  
Гимндерді аман алып шығады,  
Диананың храмына соғады,  
Бұл маңайға лепірме сөз қонады,  
Ару аңшы ақ ниетпен күледі,  
Құрбандықтың қатқылданар жүрегі,  
Ал храмға шын ғашықтар келеді:  
Қамауда тұр хас сұлулық, себебі!  
Жоқтау жырын жаңа гимн құс үнді  
Эндимион мен Цинтияға ұсынды.

О, әлемге мәлім Ханша-жарасым,  
Көрдім сенен сұлулықтың сарасын!  
Дей көрме тек жалған қисын қашады,  
Көркің барлық сұлулықтан асады.  
Жауап қайтар, бес-ақ сөйлем жазамын:  
Сыйла маған неке түннің азабын!

Қайда флот күткен шалғай тандарын,  
Феб азайтып жылдамдығын арбаның,  
Тым ұялшақ мінезінді андап қап,  
Күлді; сосын тынышталды сәл мақтап.  
Сол бір кешті ұмытпаспын мен енді:  
Сабырлы жұрт мол қызыққа кенелді,  
Жүрді бәрі тың қасиет қонардай,  
Фебке ұқсардай әлде Гомер болардай,  
Венераның ренішін көрсен-ді:  
Сұлулықтар үзді барлық өлшемді,  
Жел жинап ап қысқа демді құйынды,  
Ашық қалған терезеге құйылды,  
Жықты кімді ауыр кесел — мықты күш:  
Бәріне де ұйқы берді тып-тыныш,  
Барлығы да ұйқыларын қандырып,  
Сергектенді шаршамастай мәңгілік,  
Тез арада тастап төсек-қонысты,  
Достарымен құшақтаса көрісті.  
Ал жан достар көбейтті де қатарды,  
Киім берді, жуынуға апарды.  
Бозбалалар, бойжеткендер әуелі  
Үндемеді; көздің жарқыл-әуені  
Кенет кетті шағылысып, арбасып,  
Талас тірлік жан шошытты жалғасып,

Өлеңсіз сөз еш ақылға көнбеді,  
Осы кезде өлең көкке өрледі,  
Үзілмейтін жібек тiнiн ұсынды,  
Одақтастар жеңiлмесiн түсiндi,  
О, Цинтия, о, Пiр ие! Алдында  
Сөздерiмдi жұптай алмай қалдым ба,  
Ақынмын ба алдарыңда осы мен?  
Мен қалмаймын ұшқыр өмiр көшiнен...

## ҮЗІК ЖЫРЛАР

### I

“Сүйемiн” дейсiң, – Алайда  
Естiлер үнiң құмығып.  
Құбылған кешкi арайға  
Сiңгендей дұғаң тығылып.  
Шын ниетiңмен сүйсеңшi!

### II

“Сүйемiн” дейсiң, – Үйiрдi  
Жүрегiң күзгi бақ-бауды.  
Купидон, әлде, бұйырды  
Өзiн абайлап мақтауды.  
Шын ниетiңмен сүйсеңшi!

### III

“Сүйемiн” дейсiң, – Ал тiлiң  
Шат шақты әрман қашыраp.  
Инжу тастардың жалтылын  
Теңiз осылай жасыраp.  
Шын ниетiңмен сүйсеңшi!

### IV

“Сүйемiн” дейсiң, – Нелiктен  
Құшуға қолың батпайды?  
Статуялар зерiккен  
Дәл солай. Жауап қатпайды.  
Шын ниетiңмен сүйсеңшi!



## V

Орансын отқа сөзін де,  
Күлкіне күйе жұқтырма.  
Шақырам, емде, көз ілме!  
Жүрегіне сал, тұтқында!  
Шын ниетіңмен сүйсеңші!

\*\*\*

Кел бері, кел бері, құмарлық –  
Тақалдыр ылғалды тұманды.  
Кел бері, кел бері, құмарлық!  
Мұрсат бер, жуайын күнәмді!

Кел бері, кел бері, тәттілік –  
Шалғынды жаймалар – қоныс құт.  
Кел бері, кел бері, тәттілік!  
Үлгердік, үздіктік, өбістік!

Кел бері, кел бері, аусарлық,  
Өмір-дем жабыссын денеме.  
Кел бері, кел бері, аусарлық,  
Күн нұрын жүрекке себеле!

Қайтеміз, сезімнің шақпағы  
Жанады бір-ақ сәт, өледі.  
Іштегі ләззат аптабы  
Лезде, лезде сөнеді.

Ұмытпа аяулы елесті,  
Бақыт тым жақын-ақ, жақын-ақ!  
Ал сүю еш мүмкін емес-ті –  
Алқынбай тәуекел ақымақ!

Кел бері! Таң нұры енерде –  
Шаршатты құмарлық аптыққан.  
Өлсем мен, өлсем мен егер де  
Өлемін бақ тұнған шаттықтан!

## ДЖОН ГАМИЛЬТОН РЕЙНОЛЬДСҚА<sup>1</sup> ОКСФОРДҚА БАРУ

Готикалық түрі бар,  
Көкке сүмбі шығынар,  
Колоннада – қасиетті әкелер.

Арқа мен зор үй жұптасқан,  
Ал, арканы мүк басқан,  
Бұл ғимарат барша жұртты мәпелер.

Неге көңіл бөлмейсің,  
Кейде тіпті көрмейсің  
Ешбір нағыз надандарды әрқилы.

Мақта ғажап Сарайды,  
Хор әуені тарайды,  
Ректор да шаттанады, шалқиды.

Көгал көктеп жатыр-ақ,  
Суылдайды жапырақ,  
Бұғы да бар – лириктер жыр жазар.

Ал, дайын ба ет, балық,  
“О, сақтай гөр” шет қалып,  
Тәрелкеге жүгіреді мырзалар.

\*\*\*

Серпи сал мұңды, ығыспа,  
Іздеме тіпті себебін.  
Алаңсыз деммен тыныста,  
Жұтты ғой қайғы керегін.

Жүрер шағыңда тасынып,  
Шаршап қалғаның жарай ма?  
Мұң мен шер қалсын шашылып  
Көз жасың тамған маңайға.

---

<sup>1</sup> *Джон Гамильто Рейнольдс (1794-1852)* – ақын және сыншы. Китстің 1816 жылдан бастап өмірінің соңына дейінгі азғана достарының бірі. Ақын ретінде Рейнольдс көп үміт күттірді, бірақ ол әдебиетте өзіне Китс жазған хаттар арқылы ғана белгілі болып қалды.

Ерік бер жасын-қамшыға,  
Құйылсын жаңбыр; себебі –  
Кез келген мөлдір тамшыға  
Қуаныш еріп келеді.

Жұтты көз-тамшы сәулені,  
Ол көркем тасқын-ағыстан.  
Сыңсыған әуен дәурені  
Сыр-сәтпен қалай табысқан?!

Ал соқса, бірақ бұрқасын,  
Адассақ үміт-мүйістен,  
Қайғы-шер әнін шырқасын  
Еріндеріміз сүйіскен.

### ҚЫСҚЫ ТҮНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ЖОЛДАР

О, таныс ағаш, шешіндің,  
Орандың мұзға көк алмас.  
Алаңсыз өтер есіл күн,  
Ойыңа көктем оралмас.  
Бізғар мен лайсаң – көк қырсық,  
Құр бопсалайды, шеттейді.  
Бұтағың толы көк бүршік,  
Ешқандай зиян шекпейді.

Сипайсың, бұлақ, жер бетін,  
Қыс мынау, ақ қар, жап-жарық.  
Сен Апполонның келбетін  
Көрмейсің мұзды қақ жарып.  
Жұлқынған кезің ұмтылды,  
Мұз-қорап болған қалпында –  
Талмайсың тамшы-бүлкілді,  
Өкпелемейсің салқынға.

Тәуір де шығар өткенді  
Біржола, сірә, ұмытқан.  
Бірақ көн тағдыр – көп белгі  
Босатпақ қайтіп құрықтан?  
Оңалар қайтіп кем тірлік,  
Көк шалғын қайтіп көлеңдер,  
Келеді қалай еркіндік –  
Айтпайды оны өлеңдер.

## АПОЛЛОН МЕН ГРАЦИЯЛАР<sup>1</sup>

*“Дон Жуан” ариясының мәтебі бойынша жазылды*

Аполлон:

Үш бірдей, уа, көркемім,  
Тек біреуінді ертемін  
Күн келгенде таң-шапаққа ұласып.  
Үш бірдей, уа, көркемім,  
Тек біреуінді ертемін,  
Кім ереді тұлпар мініп, қыр асып?

Грациялар (барлығы бірге):

Мен! Жоқ, мен! Мен! Мен!  
Күзгі егістің тарпып өтіп танабын,  
Жас Аполлон, күйғып бірге барамын!

Мен! Жоқ, мен! Мен! Мен!  
Көрсем, шіркін, әлемнің төрт тарабын!

Мен! Мен! Мен! Мен!  
Шертпес лираң жалғандықтың олқы әнін!

Мен! Мен! Мен! Мен!  
Күн әндетсін, ал мен әрі жортамын!

## “КОРОЛЬ ЛИРДІ” ТАҒЫ БІР

### ҚАЙТАЛАП ОҚЫП ШЫҒАРДЫҢ АЛДЫНДА

О, тәтті шақ! О, нәзік үн канатты,  
Пәк дыбыстар өрнектеген тамаша ән!  
Қыс-аязбен, бірақ қалай жарасам,  
Жауып таста көне тартқан парақты.

Қош болып тұр! Баяғыша таң атты –  
Баяғыша азап шегем, таласам.  
Шекспирдің бау-бағын бір қарасам,  
Татып көрсем ащы жеміс-шарапты.

О, Ақын-Жыр! Альбион-бұлт сарайы,  
Қолдаушысың мол сюжет табатын!  
Жол сілтемес мынау орман жабайы,

---

<sup>1</sup> *Грациялар* – өсемдік пен көркемдіктің үш бірдей тәңіриясы.

Келер, бірақ таныс нұрдың талайы,  
Кезім тусын, мейлі, отқа жанатын,  
Тауып алам феникстің қанатын.

\*\*\*

Ісім өшер, өлем, сұм ой қаптайды,  
Қаламым да дәрменсіз боп қалды енді.  
Томдарымды жинағандар таппайды  
Егіншілер сеуіп кеткен дәндерді.

Көрем түнде жұлдыздардың ұшқанын,  
Содан кейін торығамын үнсіз қап.  
Мен өте зор кеңістікті құшпадым,  
Құшпасымды жеткізеді мұң сыздап.

Сезіп тұрмын, өтті уақыт, тоспайды,  
Ұмытпасым, сен болмайсың қасымда.  
Сезім-билік енді бізді қоспайды,  
Шың-әлемнің тұрмын ұшар басында.

Тұрмын, тұрмын, ой шаршатты, айып па?  
Даңк, Махаббат сіңіп жатыр Ғайыпқа.

## **ХАУА АНАНЫҢ АЛМАСЫН БӨЛІСЕЙІК**

### **I**

Құр өтірік қысылма,  
Беттің қызылын ұсынба,  
Әккілікке жараспайды өкпе-мұң.  
Бейкүнә қызға таң қалсаң,  
Өзің осыны аңғарсаң –  
Ондай күннен әлдеқашан өткенің.

### **II**

Қызардың: – “...жақсы, келейін...”,  
Қызардың: – “...дұрыс, не дейін...”,  
Қызарып қалдың: “...артық әңгіме таратпа...”,  
Қызардың: – “...емес теріс тым...”,  
Қызардың: “...жақсы, келістім...”,  
Қызарып қалдың: — “...қай жерде, дәл қай сағатта?..”.

### III

Жалған күрсіну керексіз,  
Көргім келмейді себепсіз –  
Сағат сайын бұлтиғанын Хауа Ана.  
Қан тамырларың тасынса,  
Ернің ептеп ашылса,  
Демек, құстар аймаласып жүр ауада.

### IV

Пайдасыз сөздер не керек,  
Табиғат бізді жебелеп  
Денсаулық берген мәңгілікке шошымай.  
Қайтем бір ақыл торласа:  
Дәл осы қазір болмаса,  
Сүйіспекпіз біздер қашан осылай?

### V

Күрсініс: – “...көңіл бұлқынар...”,  
Күрсініс: – “...бұл да ұмтылар...”,  
Және күрсініс: “...еш шыдамым қалмады!..”.  
Қалсақ па? Әлде тарасақ?  
Қайтеміз жанға жара сап?  
Ең дұрысы, бөліп жейік алманы!

### РОБИН ГУД

Шат күн қалды әріде.  
Ақ шашты қарт бәрі де.  
Небір сәтгер жалынды  
Күнгірт қабық жамылды,  
Жапыраққа көмілді,  
Қара суық төгілді.  
Тұман қанат жаяды,  
Кімді, сірә, аяды?!  
Қақыратты қорғанды –  
Селдіретті орманды.

Таусылды ма, немене,  
Ысқырмайды жебе де.  
Емендер жоқ баптанған,  
Көк бұталар тапталған.

Жоқ думандар, күлкілер,  
Тек жаңғырық сілкінер –  
Құлдыраңдап жетеді,  
Мені мазақ етеді.

Жаз ба, күз бе, бар, қара,  
Тал түс пе, жоқ, танда ма,  
Арай, әлде түнгі елес? –  
Қиыр дала үндемес.  
Орман сөніп қалыпты,  
Робин жоқ даңқты.  
Шөпшек жатыр тұтанбай,  
Жоқ Джон да тұтамдай.  
Шайқап шарап-кесені,  
Кім шалғынды кешеді?  
Ашық тастап ұраны,  
Кім құяды сыраны,  
Бойжеткен бе мұң тұнған,  
Әлде жесір бұлқынған?

Ән жоқ, би жоқ жұлқынған,  
Ескі заман ұмтылған.  
Кезбелер жоқ көңілді,  
Дуылдатқан өңірді.  
Кенет арай төгілсе,  
Робин Гуд көрінсе,  
Тұрса қырқа басында,  
Мариан қыз – қасында,  
Адырнасын созғанда  
Екпініне сөз бар ма,  
Толып емен құшағы –  
Жаңқалары ұшады,  
Орман тынып қалады,  
Шайқалмайды шалабы,  
Самал сүйер көк шиді,  
Ал Мариан өксиді –  
Қыз қадірін білмеген  
Неткен заман бұл деген.  
Жырла өткенді, кел, енді!

Ал, мадақта еменді!  
Жасасын шөп аңқыған,  
Жебе көкте қалқыған!

Мадақ – керней, садаққа,  
Тукқа – балғын талапқа!  
Мадақ – Джон-тұтамға,  
Алып кеткен жұт-арна!  
Мариан қыз жасасын!<sup>1</sup>  
Алқызыл нұр шашасың!  
Робин Гудқа мың мадақ!  
Ырза бар жұрт, нұрлы алап!  
Ескі әндерді қолдаңдар,  
Даладағы ормандар!

### **АВТОР ВОКСХОЛЛДА<sup>2</sup> БОЛҒАНДА КӨРГЕН БИКЕШКЕ**

Бес жыл өтті, жағадағы қайраң күм  
Толкын тербеп бірте-бірте қозғалды-ақ.  
Ал, мен сенің тұтқыныңа айналдым  
Жарқ еткенде саусақтарың көзді арбап.

Мынау түн-нұр көк аспанға ұласқан,  
Көз жанарың жұлдыз болып лаулайды.  
Көремін мен раушанды гүл ашқан  
Өң-бояуың дәл осыдан аумайды.

Гүл бүршігі... Көрген емен үркіп түк,  
Мен ұшамын, сен зор арман – шалғай шың.  
Күтем сенің сөздеріңді ынтықтық,  
Алданамын... Ал сен әбден арбайсың –

Еске салып барлық тәтті шаттықты,  
Өксітесің құса мұңмен жат тіпті.

### **ОБРИ ДЖОРДЖ СПЕНСЕРГЕ СОНЕТ**

*Оның альбомдағы (Рейнольдс ханымның) гажсайып өлеңдерін  
оқығаннан кейін, сондай-ақ бұған өзімнің де азғана үлесімді қосу  
мүмкіндігімді пайдаланып жазғаным*

Кімнің сыйы мынау лира сүйкімді?  
Ғажап үнмен кім арқылы тоғыстың?  
Ошақ-алау күш қосты ма сиқырлы?  
Аполлонмен әлде шаттық бөлістің?

---

<sup>1</sup> Мариан қыз, Тук, Джон-тұтам – Робин Гуд туралы аңыздардың кейіпкерлері.

<sup>2</sup> Воксхолл – XVII ғасырдың ортасынан бастап 1859 жылға дейін ғашықтардың сүйікті мекені болған лондондық саябақ.



Әлі муза сан бөлісер сапарды,  
Қай асқарға апарасың әнді ескі?  
Кімдер көрді келбетіңді қаһарлы –  
Солар куә сезіміңе жанкешті.

Сен сыйлаған сыра көңіл тасытты,  
Көбігіне тойып қалды қаңғыбас.  
Шаңнан жеңіл, тұздан ащы нәсіпті  
Жұтып салдың қимылыңмен мәңгі жас.

Қане мен де өзің үшін – бұл шыным –  
Ішейінші шараптарды кіл шырын.

### **САЙРАУЫҚ ҚҰСТЫҢ АЙТҚАНЫ**

Енді бетті самал сүйсін, леп ұрсын,  
Тұман-бұлтқа қарайсың кеп жаутаңдай,  
Жұлдыз тоңып, дірілдейді шегіршін,  
Көктем келер қайта оралған науқандай.

Жарық сәуле – жаңа кітап парағы,  
Күрсінеді қап-қара түн – тар тұрақ,  
Феб түнектен бері шығып қарады,  
Көктем келер тым ерекше жарқырап.

Менен қандай ілім күтгің – жоқ, күтпе,  
Бірақ даусым сезімге нұр құйып тұр.  
Менен қандай ілім күтгің – жоқ, күтпе,  
Бірақ мені тыңдар іңір ұйып бір.

Сен – ояусың, қалғыдым деп ойлайсың,  
Ал қаншама қызық көрдің, тоймайсың.

### **ОПЕРАҒА АРНАЛҒАН НОБАЙЛАР**

\*\*\*

Билік құрсам мен Олимппен қосылып,  
Бір жаңа заң жасар едік көсіліп:  
Еркектің тек жұмыс болсын – мәйегі,  
Дәл қасында жоқ кезде де әйелі,  
Әрбір еркек опа-далап жинасын,  
Әйеліне түрлі бояу сыйласын.

Тауып кенен ағаштарды келісті,  
Талмап жүрсін тек ғашықтық жемісті,  
Еріндерді елжіретсін тағам-нәр,  
Ал, тамсансын өткен, кеткен адамдар.

### **ӘСЕЛГҮЛДЕР ЖЫРЫ**

#### **I**

Мен – әселгүл, қарапайым төремін,  
Зор Күннен де айқынырақ көремін,  
Айды көрдім, шадырланды, құбылды,  
Бұлттың бәрін жамылды да, тығылды.

#### **II**

Көктем, көктем, шырқап жатыр өз әнін!  
Мен – патшамын, барлығына қошамын!  
Арасынан балғын шөптің – дәрудің  
Бакылаймын әр қимылын арудың.

#### **III**

Маған ырыс бұйырды,  
Зерделеймін киырды.  
Қалғымаймын мен бекер,  
Қозы-жырлар тербетер.

### **ЕСАЛАҢДЫҚ ӘН**

Неке-тойда барабанды ұрғанда –  
Жаса, жаса, Есалаң!  
Қыздар билеп, сауық-думан құрғанда –  
Жаса, жаса, Есалаң!

Сүт құйылған саз құмыра қирады –  
Жаса, жаса, Есалаң!  
Қара суық шолақ тонды қинады –  
Жаса, жаса, Есалаң!

Сыра-бөшке түсті қисық арнаға –  
Жаса, жаса, Есалаң!  
Кәтті, міне, мініп жатыр арбаға –  
Жаса, жаса, Есалаң!

Торай еті күйіп кетті анық тым –  
Жаса, жаса, Есалаң!  
Сыпырмаппыз қабыршағын балықтың –  
Жаса, жаса, Есалаң!

Сэр Цап сүйді сот бастығын желөкпе –  
Жаса, жаса, Есалаң!  
Царап бикеш сыра құйды шелекке –  
Жаса, жаса, Есалаң!

\*\*\*

Өз ойларым, о, өзімді қорқытар!  
Болмаса да бұлбұл әуен толқытар,  
Тістері де емес інжу бүртігі,  
Шыбындардың сирағындай кірпігі,  
Білектерін сүйкімсіз жел жепті үрлеп,  
Қызығарлық түгі де жоқ, секпіл бет,  
Күтушінің орашолақ – талабы,  
Тым ертерек жүргізбекші баланы,  
Диананы ақсатпас па жарқыным,  
Юнона жаралар-ау алқымын.

## ӘН

### I

Атты біреу кірді қақпа-сарайға,  
Бөгде көздер көрмей қалды, алайда.  
Ол ханымның қолын сүйді, төрледі,  
Ешкім және естіген жоқ көрмеді.

### II

Содан кейін баққа кірді, қарай ма,  
Бөгде көздер көрмей қалды, алайда.  
Ол ханымның ернін сүйді, өрледі,  
Ешкім және естіген жоқ, көрмеді.

### III

Ертіп келді ханым сая-шатырға,  
Еркін кірді, екеуі де батыл ма?!  
Гүлдер жайнап, мың құлпырып кетеді,  
Қандай ғажап паң лордтың мекені!

## IV

Күтуші қыз олжасына жолықты –  
Алақанға алтын жүзік қоныпты.  
Аппақ жүзі алабұртып шамалы,  
Бұл маңайдан аулақ кетіп барады.

\*\*\*

О, қалғып ал, менің аппақ қазынам!  
Тізе бүгіп мен өзіңе табындым,  
Аспан-көкке айтылады базынам.

Жүрсем екен тәтті дәмін татып мың –  
Сені түгел қоршап алған бақыттың.  
Қожайыным, менің нәзік пәк мұңым,  
Ынтық жырым, кенет келген шаттығым!

\*\*\*

Жыл ішінде төрт маусым бар әрқилы,  
Төрт маусымың бар сенің де, дем-жүрек.  
Көктем – мұңсыз, көңіліміз шалқиды,  
Бақыраштан іштік нәр дәм елжіреп.

Жаз бойына тіл сол балды талмайды,  
Жан қалықтап, қос қанатын жаяды.  
Сосын күз кеп, суық ызғар сарнайды,  
Тығылатын пана керек саялы.

Көз тоқтатар ештеңе де ілінбей,  
Тұнар көңіл көк тұманды тырнамай.  
Өмір өтіп бара жатыр білінбей,  
Іргедегі іркес-тіркес жылғадай.

Сосын – қаңтар. Кебін-көрпе төселді.  
Қайтпекшіміз?! Пенде-ғұмыр осы енді.

### ХАТ ЖОЛДАРЫНАН

Ымырт келді бұлдырап,  
Оң жағында – қыр-қырат,  
Сол жағында – қыр-қырат,  
Өзен, сосын құм-мұрап.  
Тәтті қаймақ жағасын,

Ауызыңа саласың –  
Ыстық нанды бұрғылап.

Әне, таныс көк өзен,  
Міне, қарны тоқ өзен,  
Диірмен тас айналады елпілдеп.  
Өзенде жүр ақ балық,  
Жем іздейді сақтанып,  
Желбезегі желпілдеп.

Шок тоғай түр көкпенбек,  
Мынау дала төккен леп –  
Шалғын, өріс, алап, таң.  
Жолдар жатыр жарысып,  
Шоғайна жүр жабысып,  
Айрылмайды балақтан.

Қарағай бар, арша бар,  
Әлдекімдер ән салар  
Шөл қандырып таң-шыққа;  
Құрбақалар іңірде  
Шығып лайсаң түбірге  
Думан құрар шалшықта.

Көк бұталар, өрімдер,  
Үйреншікті төрін бер –  
Сайрауық құс терезесін ашады.  
Бал жинаған аралар  
Жан-жағына қаранар,  
Ылғал-сыздан қашады.

Ай, шіркін-ай, шіркін-ай,  
Жұпар шашып құлпынай,  
Өскін өсті күн санап.  
Жақындап кеп қозғасаң,  
Әр қимылы – тозбас әң,  
Ернін тосар гүлшанақ.

Тегін берем күлкімді,  
Лондондық сылқымды,  
Сыншыларды жүрген өзін пір тұтып –  
Бөленіп ап бал-нұрға,  
Аунау үшін шалғында  
Ала бүйір шілделікті үркітіп.

## ДЕВОН ҚЫЗЫ

Девон қызы, қадалып тұр назарым,  
Неңдей затпен толтырылды себетің?  
Қаймақ сынды қандай аппақ ажарың,  
Ойың бар ма қаймағыңнан беретін?

Бал құмармын, гүл сыйласын мына таң,  
Сосын, шіркін, майға да сөз жетер ме?  
Ал, мен, шыным, сүйіскенді ұнатам,  
Сен тек қана бұртимашы бекерге!

Аңғар, төбе, бәрін... көңіл аңсады,  
Бұйра қойды сипамасам обал-ау.  
Ең тәттісі – езіп бұта, аршаны,  
Бал шөптерді жапырып кеп домалау.

Не істеу керек? Іліп талға шәліні,  
Ал, себетті бүйір жаққа тастайық.  
Жылу берсін қос құшақтың жалыны,  
Былқылдаған шөп төсектен қашпайық.

\*\*\*

Жол мынау, көк шаң бұрқылдар,  
Долишке жетсем, су кешіп –  
Тәтті нан берсе сылқымдар,  
Топ-томпақ қыздар гулесіп.

Бұртиды Бетти (оңбайсың),  
Сөйледім, түртіп қалдым да:  
“Мен – Джек, сен – Джил болғайсың”,  
Тізесін бүкті шалғынға.

“Сыбыр бар, біреу келе ме?”,  
“Жел ғой бұл” – көңілім марқайды.  
Қылымсу деген немене,  
Шалғынға сылқым шалқайды.

“Сыбдыр бар, әне, бар тыңда!”  
Дедім мен: “Тоқтат сен мұны!”  
Керілді үнсіз қалпында  
Венера сынды белгілі.  
Долишке, о, кім көп келді,  
Мақсатын, о, кім хош етті?

Таптады, о, кім шөптерді  
Езгілеп шалғын-төсекті?

### ДЖЕЙМС РАЙСҚА<sup>1</sup>

Тең болса ғой бір ғасырға бір апта,  
Әр күн сайын бір қуаныш самғаса,  
Жетелесе жылдар шексіз жыраққа,  
Әңгімелер еш үзіліп қалмаса.

Тар әлемде ұзақ ғұмыр кешер ек,  
Созар еді тіршілікті уақыт та,  
Күн-қуаныш саяхатты еселеп –  
Нық қызмет етер еді бақытқа.

Индадан әр сейсенбіде оралсақ,  
Әр дүйсенбі Левантаға сүйресе!  
Үйкүшік те тұрса ылғи жол аңсап,  
Сенделмелер мұңсыз тойлап, билесе!

Уа, достым, мына тау мен мына күн,  
Сыңғырлатты көңілімнің бұлағын.

### ГОМЕРГЕ

Білімім аз, жүрем сосын жырақта.  
Бірақ сенің қанықпын мен сазыңа,  
Үйкүшіктей қолы жеткен мұратқа –  
Көк мұхиттан көріп маржан-қазына.

Зағип едің, жұлып Зевс пердені,  
Табыстырды нұр-дүниемен – көрікпен.  
Ызың-ара көк орманды тербеді,  
Ал, Посейдон шатыр тікті көбіктен.

Жарқабаққа толық сәуле төгілді,  
Көк шөп басты қуыстарын шатқалдың.  
Саған әлем жап-жарық боп көрінді,  
Түн ішінде көрдің нұрын ақ таңның.

Артемида бекер тісін басқан ба,  
Жерге, сосын тозаққа һәм аспанға?

---

<sup>1</sup> Джеймс Райс (1792-1832) – заңгер.

## МАЙЯҒА ОДАДАН ФРАГМЕНТ

*1818 жылы мамырдың бір күнінде жазылған*

Мәңгі балғын, о, Герместің Анасы!  
Майя, саған жыр арнаймын мен нендей,  
Бір кездері Байя<sup>1</sup> жырлап бергендей?  
Көне сицилл саздарына қарашы,

Бірзасың ба, әлде бағзы мұрадан  
Гректерге тым ерекше ұнаған –

Ұлы жырдың әуені ме күткенің,  
Тастап кеткен өсиет қып ақындар?  
Күш-қуат бер, ой-сенімім нық менің,  
Біңылдаймын, әлем маған жақындар,

Тыңдар гүлдер, тыңдар бұлттар орманы,  
Құлақ түрер дарқан егіс-ағысым,  
Әуендерім жеткізсе тек болғаны,  
Қарапайым байлығымның мәнісін.

\*\*\*

Тоймадым көз-нұр нәріне,  
Пәк үні неткен тәтті еді.  
Алыстап кетті бөрі де –  
Жабылды уақыт дәптері.

Шын аймалауды үйрендім,  
Саусақтар төске төрлеген..  
Мен сені қалай сүйгенмін,  
Сол маңда... соқа көрмеген..

## БЕРНСТІҢ ЗИРАТЫНА БАРҒАНДА

Кешкі сәуле, шілік самал шайқаған,  
Ал, көріңіз, төбе, қала-түбекті,  
Тек бір ызғар тондырады жүректі,  
Көрген түстер оралғандай қайтадан.

Қыс қаһарлы, құтылмаспыз, ай, бұдан –  
Жазға берген мерзім-күні шолақ-ақ,  
Көк аспан тұр суық нұрға орап ап.  
Жұлдыз мұнды. Қорғаушы жоқ қайғыдан.

---

<sup>1</sup> *Майя, Байя* – мифологиялық кейіпкерлер.



Қолдан келмес Минос сынды байыптау.  
Шын әсемдік өлшенбейді көш-күммен,  
Қажет емес жалған паңдық тасынар.

Уа, Берне! Сені жырға қостым мен,  
Бұлттар, бірақ келбетінді жасырар!  
Қиын маған аспаныңды айыптау.

### МЭГ МЕРРИЛИЗ<sup>1</sup>

Мэг сығаның осы еді,  
Батпақ мекен – жақыны:  
Қошқыл түс шым – төсегі,  
Зеңгір аспан – шатыры.

Шіліктердің бұтағы –  
Жеміс-жемі мақтанар.  
Шық – шарабы, кітабы –  
Бейіттегі тақталар.

Інісі – тау қиясы,  
Ал, қарағай – сіңлісі;  
Осы – Мэгтің ұясы,  
Дән риза бұл кісі.

Таусылды ма қор мына –  
Ештеңе етпес, жарайды.  
Кешкі тамақ орнына  
Қызыл Айға қарайды.

Шыбық жинар жан салып,  
Сыпырғылар орайды.  
Ал, кеш түсе ән салып,  
Өрмек тоқу қолайлы.

Ши өреді қалтылдап,  
Оған қамыс тереді.  
Бітірген соң, жарқылдап  
Әйелдерге береді.

---

<sup>1</sup>Мэг Меррилиз – көрі сыған әйел Вальтер Скоттың кейіпкері.

Мэг – кейуана көшелі,  
Шаршамады, тоңбады;  
Жерге шапан төседі,  
Шөп баскиім торлады.  
Торқа болсын төсегі –  
Көп жыл қайтыс болғалы!

### ӨЗІМ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢ

Бұл – баланың сотқары,  
Келді әлемді кезгісі.  
Үйді ойлады, тоқтады,  
Үйге сыймас – сезді іші.

Кітап алды,  
Түп-түгел:  
Үтір,  
Нүкте,  
Сөйлемі,  
Мынау – екі көйлегі.

Тастап кетті қалпақты,  
Одан қандай мән тапты?!

Қапшық іске жарапты –  
Салып алды тарақты.

Қос шұлық тұр септесіп –  
Өкшесінде жоқ тесік.

Демалып ап шамалы,  
Жан-жағына қарады.

Тек солтүстік,  
Солтүстік –  
Тәуекелмен жетпегі,  
Солтүстікке  
Тәуекелмен беттеді.

Бұл – баланың сотқары,  
Жоқ ешқандай кәсібі.  
Поэзия – жоқтары,  
Сол – іздейтін нәсібі.

Қауырсынды ұштады,  
Сия сауыт –  
Кеудесіне қысқаны,

Ентігіп,  
Һәм асығып,  
Ал жүгірді  
Құлдыраңдап,  
Тасынып,

Бұйрат-қырға,  
Тоғанға,  
Жол күзеткен бағанға,

Ор-жыраға,  
Бейіт-тамға,  
Белеске,  
Шайтандарға,  
Неше түрлі елеске.

Мамық мәнін ұғынды,  
Күн аязда тығылды.

Одан кейін жаз келді,  
Киімсіз-ақ жазды енді,

Жазды, жазды,  
Таң қалды,  
Жұрт барғысы келмейтінін аңғарды —

Солтүстікке,  
Солтүстікке  
Ықыласпен, желікпен,  
Солтүстікке  
Бет алмайды неліктен?

Сотқарлығы мазалап,  
Еркін оймен көсілді,  
Бір бөшкені тазалап,  
Бірде балық өсірді.

Күтуші қыз күңкілдеп,  
Сосын тіпті зіркілдеп,  
Аяп жүрді,

Балықтарды  
Құртады деп біртіндеп.

Бала болса,  
Жортады,  
Іздеп мөңке,  
Тортаны,

Балықтарды небір тікен қанатты,  
Саусағындай сәбидің  
Құйттай ғана шабақты,

Іздейді кеп,  
Ұмытып,  
Ойын-шуды талайғы,  
Балықтарды  
Ынталана санайды,  
Балықтарды  
Ынталана санайды.

Сотқарлық та үлгі ме,  
Шаршаса да, жарады:  
Шотланд-жұрт тұр, міне,  
Назар салып қарады.

Көрмеп еді танысып,  
Бұл жақтағы дәндер де  
Өседі екен масақтарға жабысып,

Мағына мен мән бірдей,  
Бұл жақта да  
Дауыс бірдей,  
Ән бірдей,

Мейлі, мүлде,  
Қожайын кім,  
Ие кім –  
Бәрі бірдей шиенің,

Артық жатқан егіс жоқ,  
Аспан жақ та тегіс көк,

Бұл жақта да  
Орман – ағаш бесігі,  
Дәл осындай  
Қай үйде де Англия есігі.

Көрді,  
Бәрін аңғарды,  
Қалшыып бір тұрып қалды,  
Таң қалды.

### ТОМАС КИТСКЕ

Еске түсірем ұяла,  
Жадымнан шықпай жүргені:  
Шыққан ем беткей-қияға,  
Күн жауды, жел кеп үрледі.

Тек сен біл, Мэри, не дейін,  
Білмесін ешбір танысын.  
Жазбаймын, айтып берейін,  
Сол оқиғаның мәнісін.

Жылғаға жылға қосылды,  
Күмбез-шың тұрды күркіреп,  
Жылқылар кенет шошынды,  
Жосыла шапты дүркіреп.

Жүгірдім мен де – жадымда,  
Есілдім, қалмай кейіндеп.  
Өзеннің арғы жағында  
Жүрген кім атпен сейілдеп?

Бұйрабас Вилли келеді  
Үстінде ердің селкілдеп.  
Өрт шарпығандай кемеңі  
Желеді шашы желпілдеп.

Әне, Пеггидің анасы,  
Ал одан Пегги қалмайды,  
Зулайды Роб, қарашы,  
Оған да, сірә, жан қайғы.

Жамылған бір-бір шапанды,  
Саулайды жаңбыр ыза ғып.  
Пегги қыз біраз катал-ды,  
Кетіпті тіпті қызарып.

Ол, бірақ, мығым, жарайды,  
Бүгілмес жаңбыр-бүлікке,  
Қиыр назармен қарайды  
Қорыққан күйеу жігітке.

Жүрмейтін жерім жоқ менің,  
Шақырмас мені тұрақ қай,  
Қайтейін, жас Том өткенін  
Сәлем де бермей, ұнатпай.

Аһ, Мэри! Зер сал күйіме,  
Осы ғой өмір жарлығы.  
Оралды сосын үйіне  
Тап-тату болып барлығы.

Оралар шуақ тамылжып,  
Басылар талай бұлағай.  
Пегги қыз дайын қалыңдық!  
Тұрамын қалай жыламай?

### АЙЛС ЖАРТАСЫНА

Асқақ жартас суға батқан алқымы,  
Маңдайыңды қайттің толқын басқанда?  
Ал не дейді енді сонау аспанда  
Ұшып жүрген сан құстардың шаңқылы?

Жел қалайша жол ұсынып шалқыды?  
Қанша заман ұйқы құшақ ашқанға,  
Қалғығалы сықырлаған тастар да  
Жапқанда көк сені бұлттар арқылы?

Еш жауап жоқ. Саған қонып тұнар мұн,  
Мәңгілігің екеу сенің, бұл шының:  
Қыран ұяң және шексіз мұнар күн.  
Китті үркітіп тұрар үшкір тұмсығың.

Жер сілкіді, сәл көріндің денеңмен,  
Алып тұлғаң су астында, дегенмен.

## ШОТЛАНДИЯДА, РОБЕРТ БЕРНСТІҢ ТҮРҒАН ҮЙІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Даңғыл жолға түскенім жоқ қалыпты,  
Бір сағатта көңіл қайтіп жай табар,  
Бұл бөлмеде күткен ақын даңқты,  
Тағдырына таппай жауап қайтарар.

Арпа сөлі қан қыздырды, тағы іштім.  
Сәттер ғой бұл жүрек лаулап тұратын.  
Бақыттымын, ұлы рухпен табыстым,  
Есім шықты, орындалды мұратым.

Қолын созды зор салтанат шашып бақ,  
Әрлі-берлі кезіп жүрдім бөлменді,  
Қандай бақыт – терезені ашып қап,  
Көріп тұру қырат, шалғын, көлдерді.

Ал, күлімде! Қабылдап ал, жарқын ұл,  
Жер бетінің құрметі мен даңқы бұл!

### СОНА

*Том Китске жазылған хаттан*

#### I

Жұмыскер жұртым – тұнжыр үн,  
Бір көтер басты, уақыт бөл.  
Оқиды ақын бір жырын,  
Сен-дағы дәмін татып көр.

#### II

Бастады Сона төбелес,  
Тап берді байғұс Ақынға.  
Өлтірер кісің – мен емес,  
Жылаңқыларға жақында!

#### III

Ызыңға басты не түрлі,  
Таяу кеп лақса биеге,  
Бұл сорлы көкке секірді,  
Ызыңды бие сүйе ме?

#### IV

Сот-төре салса додаға,  
Ілік қып небір ескіні,  
Айтыңдар арыз Сонаға,  
Түзелер істің кескіні.

#### V

Парламентарий – сорлы әнші,  
Мекені – перде тасасы.  
Қанеки, Сона, қолға алшы,  
Жаңа Цицерон жасашы.

#### VI

Лаудер<sup>1</sup> досым, күйдірдің,  
Көк шегірткедей секірдің,  
Әркімге басты идің мың,  
Сөз мағынасын кетірдің.

#### VII

Ал, Сона төгіп нұр-шуақ,  
Жақсартар еді халінді:  
Тісімен сәл-пәл шымшып ап,  
Тазартар еді тәнінді.

#### VIII

Бақ қонып солай маңдайға,  
Абырой жетер, расында,  
Вордсворт, Саути<sup>2</sup> қалмай ма  
Төмен боп сенің қасыңда.

#### IX

(Жұмыскер жұртым, кеш мені,  
Сөкпе, түрімді таласқан,  
Бұзса өлеңші кестені –  
Бұл ақыл байғұс адасқан.)

---

<sup>1</sup> *Вильям Лаудер (1787-1872)* – тора партиясының кандидаты, ол Китс қолдаған виг кандидаттарымен бәсекелес болған.

<sup>2</sup> *Вильям Вордсворт (1770-1850)* – ағылшын романтизмінің бастауында тұрғандардың бірі, көзі тірі кезінде-ақ ағылшын әдебиеті классигі санатына енген, ағылшын сонетінің ең шебер майталмандарының бірі. Роберт Саути (1774-1849) – романтизмнің ірі өкілдерінің бірі. Китс бұлардың Лаудерді жақтағанын ұнатпаған.



## X

Қызыңыз ойлап бірдене,  
Ұмытса неке құрғанды,  
Оқыса күндіз, түнде де  
Әлдебір жалған жырларды, –

## XI

Сонаға ескерт, жетеді,  
Тисе тек тілі-пышағы,  
Қызыңыз аңсап некені,  
Жұлдыздай ағып ұшады.

## XII

Күн бойы талмай зайыбың,  
Діни жырларды толғаса,  
Қаңтарып тірлік қайығын,  
Күйеумен ісі болмаса, –

## XIII

Сона кеп қонып тіліне,  
Ұқтырар, – қағып шегесін, –  
Тек соның айқай-үніне  
Тәңірі зәру емесін.

## XIV

Түгелдеп солай есебін,  
Ұзартса үрей құрығын,  
Сонаның, Тәңір, кешемін  
Мен барлық бұзық қылығын.

## **СОЛТҮСТІК ШОТЛАНДИЯДА БЕРНС ТҮРҒАН ДЕРЕВНЯДА БОЛҒАНДА ЖАЗЫЛҒАН ЖОЛДАР**

Түнгі самал соқпай ма, тылсым әуен тұнбай ма,  
Туған жердің даңқы асып, сән-салтанат құрмай ма,  
Орман жадау тартыпты аршагүлмен жұптасқан,  
Ызындайды курайлар, тақырларды мүк басқан.  
Ең белгілі мекендер бізді мың сан жұбатар,  
Сол кездегі аңыздар – әнгіме біз ұнатар,  
Қуаныш жоқ татымды, неге жылдам жерінді,  
Хақтан түскен ауыр дерт кептіреді ерінді.

Шырк айналар келгендер шымтезек пен құм басып,  
Жағалаудың тастары су ұсынбас бір қасық,  
Лашық па, сарай ма, тоқтай қалар дүрмек кеп,  
Тірісінде даңқы асқан ұлылықты құрметтеп.  
Нәр қосады көк бұта жалқын гүлдер сәніне,  
Құлақ тосар көктен Күн зырылдауық әніне,  
Жағалаудың қамысын өзен үнсіз сүйеді,  
Су сылдырап ақпайды, қымтанады жиегі.  
Тауды жапты іңірдің қызыл қанат айдары,  
Сыздықтайды батпақ пен үңгірдің су-қайнары,  
Көкте қыран қалқиды, жақындатпас дабырды,  
Кептерлері орманның айналып жүр қабірді,  
Ақын мәңгі ұйқыда, көзін жапты қара түн, –  
Діншіл кезбе осылай өз қабірін табатын.  
Ойшыл, бірақ жан еді таза сәби қылықты,  
Ақын-жүрек соққанын әлем енді ұмытты.  
Жарты күнге қайтадан алып келсе көшіріп,  
Салар еді сайранды күн батқанша көсіліп!  
Ашар еді лекіген рух-самалға есігін –  
Солтүстіктен тапқандар ақын-жырдың бесігін.  
Бірақ мерзім шектеулі, ұшу қайда қалықтап,  
Жұлдыз басқан әлемді көру қиын анықтап;  
Қанат – әлсіз, уақыт – тар, жабылмақшы түндігің,  
Бірте-бірте ұмтылар тойынбаған тірлігің.  
Қандай қайғы жоғалту – өң-келбеттің нұр-түрін,  
Көз-жанарын бауырдың, қарындастың кірпігің!  
Аңызға боп лапылда, екпінде, жел, дедекте,  
Бұдан да ыстық бояулар жабысады кенепке.  
Өткен күндер оянса, бұйра шашың толқындар,  
Күміс самай лыпылдап, қан-тамырың солқылдар.  
Жоқ! Аулақта үрейден! Зер қонады зейінге,  
Бақыттысың – шақырса бірер сәтке кейінге.  
Айдын суға үңіліп, шабыт кернеп есіле,  
Өткен күннің жырларын түсіресің есіңе;  
Оқисың кеп тауларға жырларыңды табылған,  
Сүйеніп ап жартасқа мәрмәр тақта жамылған.  
Зәкір мығым, жиһангер дайын-ақ тұр сапарға,  
Ақыл-ойды ұштайды алуан дәмді татарда,  
Дарындардың көпірі – арасында таулардың,  
Көзін ілмей жан-жүрек, тоқталмастан заулар күн.

## СТАФФАҒА<sup>1</sup> АРНАУ

Алладиннің де жындары  
Көрмеген ғажап бұл-дағы;  
Ди – өзендегі<sup>2</sup> перілер  
Бұл іс жайында не білер;  
Әулие Иоанның өзі де  
Жолатпай тұман көзіне,  
Көкте алтын нұр жанғанда,  
Жеті шіркеуге барғанда,  
Мұндай ғажапты көрмеген,  
Мен сол маңайға төрлеп ем;  
Мәрмәр тас бейне биік тақ,  
Бір пенде жатты ұйықтап.  
Шайқаған теңіз шабағын –  
Шарпиды оның табанын,  
Шапанын суға тартады,  
Бұп-бұйра шашы бар тағы,  
Самал желпіген қалпында  
Ұқсайды бейне алтынға.  
“Бұл неткен ұйқы алаңсыз?”  
Ояттым түртіп амалсыз,  
Анықтайыншы мен мұны,  
Бозбала бірден сергіді,  
Тік айтты, созып тұрмады:  
“Мен жайлы ақын жырлады,  
Лисидас-малшы<sup>3</sup> деген ем,  
Ал мынау үйім-керегем:  
Мұхит үстінде тұрады,  
Толқын гуілі – жыр-әні;  
Ал дельфин-кезбе балықтар  
Судың түбінен танып дәл,  
Инжу-маржанды жинайды,  
Сонан соң маған сыйлайды.  
Тек, әттең, озып заманым,  
Өзгертті пенде амалын,  
Кескілеп толқын-бұйратты,  
Мұхит Храмын қиратты.

---

<sup>1</sup> *Стаффа* – басты көріктілігі үнгір болып саналатын Гебрид аралдарының бірі.

<sup>2</sup> *Ди* – Уэльстің солтүстігіндегі өзен.

<sup>3</sup> *Лидас-малшы* – Ликид, Джон Мильтонның ертеректегі поэмасының кейіпкері.

Мұн басты мендей төрені,  
Ал бұрын қайғым жоқ еді;  
Құстар жүретін ән салып,  
Қарайтын аспан тамсанып,  
Михрабты сәндеп, түзеткем,  
Протей<sup>1</sup> келіп күзеткен,  
Сосын пенделер келді де,  
Басталды уайым-шер, міне,  
Суық қол сұқты, бүлдірді,  
Мен тастап шықтым үнгірді,  
Өйткені, панам көр болды,  
Кез келгендерге төр болды –  
Құрдым қайыққа елкезбе,  
Сәнқойға, талай кербезге,  
Тойлады олар жар сала!  
Мен қарсы болдым қаншама,  
Енді үнгір батар ұйыққа...”  
Тірелген жігіт түйыққа  
Сүнгіді суға,  
Жоғалды!

### **БЕН НЕВИС ТАУЫНЫҢ ШЫҢЫНДА ЖАЗЫЛҒАН СОНЕТ**

Мына жерде, Невис шыңда қалқыған,  
Муза, маған сабақ үйрет, тойлағын.  
Тұңғыыққа қарап тұрмын – паң тұман,  
Түсініксіз тозақ жайлы ойларым,

һәм сенімсіз. Жұқа шілтер тоқыған –  
Тұман, әне, жайылады түтіндеп.  
Көңілімді алдарқатып отырам,  
Жұмақ жайлы ойларымды бүтіндеп.

Жоқ нәрсені талқылаймыз қинала,  
Міне, жартас, сынған, бізге бас ұрған.  
Түсінеді мұны әлсіз ми ғана,  
Сосын түнек, және тастар шашылған.

Патшалықпен тәмамдамас арманды,  
Жан әлемі күшақтап тұр бар маңды.

---

<sup>1</sup> *Протей* – мифологиялық бейне.

**ДЖОРДЖ КИТСКЕ – АМЕРИКАҒА**

Түн сиқыр көзбен қарады,  
Жарық Ай жүзіп барады.  
Жұлдыздар тоқтап қалғандай,  
Түнек дуалап алғандай:  
Найзағай отты тіледі –  
Осы ма шабыт өргенер?  
Үңілер аспан – көркем-ер:  
Миллион мильдік өлкелер  
Мен туралы біледі.  
Ай, мені тында! Құр бұқпа!  
Ей, Жұлдыз! Суға, құрлыққа,  
Әлемге үнсіз үңілген  
Арнаймын бесік жырын мен,  
Сабырлы бесік жырын мен:  
Әлди, әлди, әлди,  
Әлди, әлди, әлди.  
Сәулелі бесік жырымен, –  
Қамыс жиналар қорапқа,  
Бесік боп сәби-қонаққа.  
Жасалар мақта жаймалар,  
Құп-құрғақ тілмен аймалар.  
Қой жүні ұшпай далаға –  
Көрпеше болар балаға.  
Әлди, әлди, әлди,  
Әлди, әлди, әлди.  
Мейірімді бесік жырымен:  
Ұйықтай ғой сәби-балақан;  
Жан-жағың жұмсақ алақан:  
У-шуды қуды сая-бақ,  
Сүйеді анаң аялап.  
Жарығым, өсіп толасың,  
Білемін – Ақын боласын:  
Әлем ғажап сый береді,  
Әуеден әуен келеді,  
Нұр келер көкті қақ жарып –  
Жап-жарық, неткен жап-жарық,  
Көздердің бәрін жаулайды;  
Жүрегің от боп лаулайды,

Қарайды сонда бар халық  
Өзгергенінді аңғарып,  
Таң қалып қарар, таң қалып!  
Сәбиді көріп нар талап,  
Анталап қарар, анталап.  
Түрттің сен әуен-лираны,  
Төгілді көктің сый-нәрі;  
Түрттің тым ғажап жалынды,  
Күймедің, жақтың шамынды,  
Демек, Ақынсың Дарынды.  
Әлемде мынау жаңарар –  
Ең ғажайып бала бар.  
Сен – Ақынсың Дарынды,  
Шырқап бер қазір әніңді  
Сақтап қал осы шағынды!  
Әлемде мынау жаңарар –  
Ең ғажайып бала бар.  
Сақтап қал осы шағынды!

## ӘН

*(Бомонт пен Флетчердің шығармалар томындағы “Купидонның  
кек қайтаруы” мен “Қос бекзат туысқан” пьесаларының арасындағы  
ашық тұсқа жазғаным)*

### I

Үйленуге шақыратын жан-рух!  
Уайымға батыратын жан-рух!  
Қан қыздырып шаттандырап жан-рух!  
Бақи-жолға аттандырап жан-рух!

Зор қанатты жайдыңдар,  
Ендім, қандай қайғым бар,  
Көлеңкенің тасасына барамын.  
Кілтін таптым құлыптың,  
Мен өзімді ұмыттым,  
Алқабына тесіліп кеп қарадым.

### II

Думанымды оздыратын жан-рух!  
Ашуымды қоздыратын жан-рух!  
Биге толы баққа кірген жан-рух!  
Салтанатпен атқа мінген жан-рух!

О, дайынбыз әзілге,  
Бұрында да, қазір де,  
Мәз боп Момус бізбен бірге күлгенде.  
Мен де, міне, сотқармын,  
Үнсіз қалай тоқтармын –  
Тойды Комус мың түрлентіп жүргенде.<sup>1</sup>

## АҚЫН

*Үзінді*

Ақын қандай? Ақын кім?  
Ал, тізбелеп жатырмын:  
Ол ешкімді бөлмейді,  
Патша, кедей... бол, мейлі,  
Сауатты ма, надан ба,  
Платон мен маймылды  
Жалғастырған адам ба?  
Әбден зерттеп бар маңын –  
Тілін білген әр құстың,  
Паң бүркіттің, қарғаның.  
Тыңдап ауа дірілін –  
Бірден ести қалады  
Жолбарыстың ырылын.  
Арыстанның ақырған  
Сөзін ұққан ақылман.  
Бәрін ұғар күлімдей  
Туған ана тіліндей.

## ҚИЯЛ

Қиялсыз қашан гүлдедің –  
Қамығып ылғи жүргенің.  
Жаңбыр-көбіктей нұр-ағыс –  
Нөкерін ерткен қуаныш.  
Қиял әкелер несіпті.  
Ашып көр бір сәт есікті,  
Қиял құс болып ұшады,  
Беймәлім жұртты құшады,  
Қиял – көз арбар көк елес,  
Ал жазда шаттық көп емес.

---

<sup>1</sup> Соңғы бунақ Джон Мильтонның ертеректегі “Комус” шығармасына бағышталған аллюзия.

Көктем назарын бұрып ал,  
Сәл ғана гүлдей құбылар.  
Ал басқа кезде қарбалас  
Шық тамған жеміс арбамас,  
Қызара бөртіп тұрады  
Орап ап күздің тұманы.  
Сағыныш ұшар шашыла,  
Кел, отыр, ошақ қасына,  
От-жалын түннен түңіліп,  
Қарайды саған үніліп.  
Жер солай ұйықтап жатқанда,  
Із тастап жүрер ақ қарға –  
Икемсіз ұлдың табаны.  
Бұлттар түйісіп қалады.  
Күн мен түн кенет кезігіп,  
Желең жел қашар безініп.  
Үнсіз қалғанда ұяң күн,  
Соңынан жібер қиялдың,  
Көп ойларыңды шұбыртып,  
Табылар, бәлкім, тұғыр-түп.  
Қиялдың шалқып желегі,  
Самал боп ұшып келеді.  
Аяздың сынып бұтағы,  
Келеді гүлдің жұпары,  
Жауқазын дереу гүл ашар,  
Барлық сән жазға ұласар.  
Балғын шөп көкке ұмсынар,  
Ошаған одан қымсынар.  
Күз қадам басып жасырын,  
Тықпалар жеміс-асылын.  
Қиял еселеп нешеме,  
Бал-шырын құяр кесеге.  
Бас айналдырар бал-майдан,  
Үн жетер кенет шалғайдан,  
Жыр тербер егіс масағы,  
Құстар да шаттық шашады,  
Қалайша жаның жабықпақ,  
Ұшар ма қонбай қалықтап?  
Қасынан өзен-жағаның  
Жинай ма шөптің сабағын?  
Әселгүл шомып таң-нұрға,



Гүлдейді қақпа алдында.  
Сүмбілшаш – өскін кекілді  
Ай түстес жақұт секілді.  
Мөлдір шықтар да сәнденер,  
Лалагүлдерге нәр берер.  
Жалынның лебі шарпиды –  
Әр тал шөп, әр гүл балқиды.  
Жер-жиһан тойын бастайды,  
Тышқандар інін тастайды.  
Жылан терісін сыпырар,  
Жер қызып, тоңнан құтылар.  
Тізіліп шөпте жатады –  
Жұмыртқалардың қатары.  
Жер шұқыр күрке тауықтар,  
Орманда қандай сауық бар?!  
Қақ жарып өтіп даланы,  
Аралар көшіп барады.  
Бұталарды күз тонады,  
Жаңғақтар жерде тоңады.  
Қиялдың тозып өрнегі,  
Шырмайды тірлік өрмегі.  
Қас-қабак қайда керілген?  
Жалықты-ау сүйген еріннен.  
Сол ерін сыйлар таңдайға,  
Бұрынғы тәтті дәм қайда?  
Көз қайда оттай жанатын,  
Бізді тұтқындап алатын?  
Сүйікті нәзік үн қайда,  
Қамсыз да мұнсыз күн қайда?  
Келбеттер қайда көрікті,  
Соңғы рет қашан жолықты?  
Қайда нөкерлі қуаныш –  
Көбік-жанбырдай нұр-ағыс?  
Қиялдың жолын торлама,  
Пендеге адал сол ғана.  
Сен содан кеңес аласың,  
Сүйген жарыңды табасың,  
Жүрегі, жаны, бәрі ізгі,  
Прозерпина тәрізді,  
(Білдің кей ісі оңбасын,  
Некеге тұрып болғасын.)

Көңілді арбар өзіне,  
Түседі сосын көзіңе –  
Геба кеп тұттай жалаңаш  
Шарапқа маңай шала мас,  
Тек пікір түйіп жүйелі,  
Юпитер<sup>1</sup> қабақ түйеді.  
Сол бұзып құндақ-құрсақты,  
Бекер өткізбей бұл сәтті,  
Қылышты серме, жарқылдат,  
Жасауын жаяр алтын бақ.  
Қиялдың қанат-құшағы  
Түнектен Күнге ұшады.  
Ашылсын десең гүлдерің –  
Қиялсыз ешбір жүрмегің.

### ОДА

*Бомонт пен Флетчердің “Трактирдің сылқым иесі”  
трагикомедиясының басталар тұсындағы таза параққа жазылған олең*

Жыршылар, солмай гүлдерің,  
Көшіп жүр әлі үндерің.  
Итеріп бергі шалғайға,  
Бақи-жұрт қабыл алмай ма?  
Мынау – тау тұлға атырап,  
Аполлон мен Ай жақын-ақ.  
Найзағай толы тау іші –  
Қуатты хордың дауысы.  
Ағаш қабығын қылғып бір,  
Өлі тыныштық мүлгіп тұр.  
Желкілдеп Фавн шашағы  
Тұнық шалғынды басады.  
Өселгүлдерден далалық  
Ұшады жұпар таралып.  
Жердің ең тәтті аумағы –  
Раушангүлдер таудағы.  
Құбылуға да құштар мың  
Әуені бұлбұл құстардың.  
Сол әуен түріп түндігін  
Жеткізер тірлік шындығын.  
Хабарлап, міне, кесімін,  
Ашады шабыт есігін.

---

<sup>1</sup> *Прозерпина, Геба, Юпитер* – мифологиялық бейнелер.

Көресің ұшып жүргесін,  
Әнсіз алқаптың мүрдесін.  
Бірақ рухың қашар ма,  
Ол дайын дәйім ашарға  
Жұмбақ отаудың есігін  
Болатын мәңгі бесігің.  
Айтар сол туыс әр күнгі  
Шарасыз қалған зар-мұнды,  
Толқумен өткен уақытты,  
Қарапайымдау бақытты,  
Алқынған албырт аптықты,  
Таукымет-сор мен шаттықты.  
Күн сайын жасап жаңғырып,  
Тапқанымызды мәңгілік.  
Жыршылар, солмай гүлдерің,  
Көшіп жүр әлі үндерің.  
Итеріп бергі шалғайға,  
Бақи-жұрт қабыл алмай ма?

## ӘН

Көгершінім ұшты, қонды, – қалды өліп.  
Ол, меніңше, таба алмады шер емін.  
Ол қандай шер? Сіңіріне, таң көріп,  
Жібек күрмеу байлап қойған мен едім.

Қызыл сіңір! Қалай ғана еріккем?  
Көгершінім, өлдің неге? Неліктен?  
Жалғыз өзің ұшатын ең орманда.  
Өлдің неге мен қасында болғанда?  
Сипап бақтым, бердім астық тұқымын...  
Сол орманнан кем болды ма күтімім?

## ӘН

### I

Жай жүр, жаным, атта еденді үңіліп,  
Ұйықтады жұрт, демді ішіме тартамын.  
Қызғаншақ қыз естіп қалса құрыдық,  
Изабелла, ғажап тіккен қалпағың!

Фея-қыздай жерге тәні тимеген,  
Ауадағы көпіршіктей билеген –

Болсаң-дағы, ұмыт артық қыбырды,  
Қызғаншақ қыз қалт жібермес сыбырды.

## II

Шөп қалғыды, тұнып қалды ағыс та,  
Түн кірпігін жапты түнек-алақан.  
Айқай-шудың кетті бәрі алысқа,  
Топтанып ап гуілдемес саратан.

Ұялшақ Ай және бәрі жұлдыздың  
Кірді бұлтқа – кінәміз бе бұл біздің? –  
Аймақ түгел от-сәуледен құтылған,  
Тек нәркес көз, тек ерін-тіл жұтылған!

## III

Тістемеші! Абайлап сүй! Ақырын!  
Құримыз ғой – ұсталғаннан сақтағай!  
Ернің қайда? Ыңырсиды мақұл үн.  
Әне, кемпір, көрген түсі – тәтті арай.

Раушанды тәтті ұйқыға балқыған  
Табар біздің жұпар сезім аңқыған.  
Құшақ, білек ғажап сырлар шертеді,  
Өбіп тұрмын! Қандай тәтті дерт еді!

\*\*\*

Ұйықтап жатып күлдім, сезім кештім не?  
Не аспан да, не сұм тозақ-түнек те,  
Не басқа да... үндемеді ешкім де...  
Сауал салдым сосын сезім-жүрекке:

Бүлкілдейсің, менің жайым – пенде-шөл,  
Неге күлдім? Қайдан жауап табайын?  
Шексіз азап. Қап-қараңғы маңайым.  
Құдай үнсіз. Тозақ үнсіз. Сен де сол.

Неге күлдім? Қонған кезде түн-тымық –  
Шарладым ба мұңсыз көлдің тереңін?  
Сол керек пе, қайтарып-ақ беремін  
Аппақ туым қалсын, мейлі, жыртылып.

Махаббат пен даңқы мықты тірліктің,  
һәм сұлулық. Жоқ, ажал ғой дүр мықтың.

## ПЕРИЗАТТАР ӘНІ

### I

Қарындас, өкіну, не тегі,  
Бұл жалған келеді, кетеді!  
Оң жақ та, сол жақ та көп күтті –  
Бүршіктер оянған жоқ тіпті.  
Тіршілік әр жаққа тартады,  
Ал, айтты Жұмақтың Алқабы –  
Жаныңды әнге қос арқалы,  
Аһ, қарындас!

Жабықпа. Мінеки, шат күндер!  
Қызыл гүл, қасында – ақ гүлдер.  
Өрлей бер! Ал, мені табар кім? –  
Бұтағын қармадым анардың.

Бұл жеміс – сикыр ем, еркін дем,  
Құтқарды қаншама дертімнен.  
Қарындас, құр жылап өт, мейлі,  
Өледі бұл жалған, көктейді.  
Мен, міне, жоғалам, ұшамын,  
Көгілдір аспанды құшамын –  
Ұ-ша-мын!

### II

Аһ, қанаттар, желпіндіндер есіле!  
Ақ сәулелер – жақсы күннің жалғаны.  
Көктем бітті. Жалған айтам несіне!  
Жырға қосу енді маған қалғаны.

Уайымым, уайымым ең ізгі:  
Көріп жүру теңізді –  
Ақ гүлдері лаулаған,  
Ақ кебіннен аумаған.

Қосшы бала, сен көктемге айта бар:  
Еш себеп жоқ бос үрейді қайтарар.  
Ештеңеден шошымай  
Салт жорасын аяқтаймыз осылай.

Сыбырлай сал: гүлдер басын иіпті,  
Алқаптағы торғайлары сүйікті.

Аяқталар түнгі жұлдыз жаркылы  
Жұмылатын көктем-кірпік арқылы.  
Олардың да қайғы-мұны көп тегі,  
Гүлге риза жасыл әлем шөптері.

(Аспан Сыйын сезінеміз баршамыз!)  
Кедей, бірақ – ханшамыз!

### **LA BELLE DAME SANS MERCI<sup>1</sup>**

“О, рыцарь, жаның неге үгілді,  
Мұңға баттың, ойладың не туралы?  
Құстар үнсіз, қамыс-құрақ бүгілді,  
Ең ақырғы жапырақтар қурады.

О, рыцарь, күрсінесің зарлана,  
Өксітеді қандай қайғы ант атқан?  
Алтын дөнге толды, міне, қамба да,  
Астық түгел әкелінді алқаптан.

Қарап көрші: гүлге қонған шық қандай,  
Сол шықтардай көк тер билеп алыпты.  
Көздеріңе үрей перде тұтқандай,  
Өнің тозып, жағың солып қалыпты”.

Қыз кезікті шабындықта жарқылдай,  
Келе жатты бері қарай тау жақтан.  
Жеңіл қадам, шашы түгел алтындай,  
Көзі қандай, жүректерді аунатқан.

Жұпар шөптен жасап бердім гүлалқа,  
Һәм білезік; таппай қойдым еш тыным.  
Көзін көрдім аялаған мұнарта,  
Көкірегі күрсінгенін естідім.

Тұлпарыммен серуендеттім тынымсыз,  
Жүрегімді шаттық әбден кернеді.  
Ол тесілді көкжиекке түк үнсіз,  
Не болмаса әсем әуен тербеді.

---

<sup>1</sup> Мейірімнен ада әдемі әйел (*французша*).

Тәтті берді дәмі тілді ұрлаған,  
Жабайы бал, жарма... тым көп... бітпейді.  
Сосын кенет сыбырлады бұл маған:  
“Шын махаббат ешқашанда күтпейді”.

Алып келді мені сиқыр-үнгірге,  
Зарлады кеп жоғалғандай көп тілек.  
Көздерінен қашып кетті нұр мүлде,  
Тым өзгеше түрмен сүйіп-өпті кеп.

Әлдиледі сонша бәйек болып тым,  
Алып келді құлама жар беткейге...  
Ұйықтап кеттім, түстер көрдім, торықтым,  
Түс тереңге сүйреп алып кетпей ме?!

Рыцарьлық ғашық қайда мен сүймек?  
Қорқыныштар жалап жатыр жарасын:  
La belle dame sans merci – леп,  
Көрдін, біттің, ажал тауып аласың.

Ерін-сөздер еніп алып не түрге,  
Зарланады, қалай азап шекпеймін?  
Мен ояндым – жатыр екем шетінде  
Мұздай суық құлама жар беткейдің.

Содан бері шаттығым жоқ түк, міне,  
Ешкімім жоқ, тек жалғыздық шақырды.  
Құстар үні естілмейді тіпті де,  
Қурап болды жапырақтар ақырғы.

### ҰЙҚЫМА

Түн жарымда жұпар леппен емдерде,  
Саусағыңмен сипалайсың дін аман  
Көздерімді қараңғылық сұраған.  
О, Емші-Ұйқы! Мерзімді сәт келгенде

Күте тұрсын жарық-нұрдың сый-нәрі,  
Бос сөзімнің екпіндері басылып,  
Жатсын гүлдер аяқ асты шашылып,  
Төсек-орным – тәтті түстер жинағы.

Құтқар! Менің жастығымды талай күн  
Мұн мен қайғы қайттім іздеп тапқанын.  
Қаһарлана қаруланған арай-күн

Қараңғыны қайттім түйреп жатқанын.  
Құтқар мені! Кілттеріңнің қалаймын  
Жан-қобдиды сырт еткізіп жапқанын.

### СОНЕТ ТУРАЛЫ СОНЕТ

Бұйырғаны рас болса сөз маған –  
Сылдырлатқан күн-мерзімнің кісенін.  
Белгілі ғой мен тұтқынға түсерім.  
Сыңғыр сонет жүрегімді қозғаған

Зерлі кебіс тігем, бұл жұрт мақтасын,  
Поэзия жалаңаяқ қалмасын.  
Тексеремін лираның тақтасын,  
Әуендердің аялаймын жалғасын,

Жіті назар мейірімін арнасын.  
Мидас патша жауып байлық-қақпасын  
Күзеткендей сақтаймыз біз өлеңді.

Өлі шөптер, жоғал, бізді шақырма!  
Тұтқындағы муза, дайын бол енді,  
Кісен орнын гүл басады жақында.

### ПСИХЕЯҒА ОДА

Жырларымның үнін, құдай, зерделе,  
Бәлкім, әлсіз; тек ниеті ұнасын:  
Құпияңды кемітейін мен неге –  
Шамам жетпес; түгел естіп тұрасың.  
Өңімде ме, әлде, бәлкім, түсімде,  
Психея... қанаты бар... көрдім бе?  
Құр сенделіп жүргем орман ішінде  
Бұлдыр оймен оралсам ба сол күнге:  
Екі бейне дің түбінде көктемгі  
Езіп жатты сыбырласқан шөптерді;  
Дәл қасында сеуіп бейне салқын нұр  
Сылдырлайды еш қалғымас бұлақтар,  
Жалтырайды жасыл шалғын құрақтар,



Һәм көк, қызыл, неше түрлі жарқын гүл  
Қос бейненің қос қанаты табысты,  
Қос ерін де бір-біріне жабысты.  
Еш қарсы емес тіпті таңғы жарық та,  
Асықтырмас; ал бұлар кім – анықта:  
Қанаты бар ұлдың мәлім түрлі ісі,  
Біліп тұрмыз дерегін,  
Ал кім екен қасындағы құрбысы?  
Психея, сен едің!

Кеш кидің сен көктің бұлтын-жейдесін  
Тандандырдың сұңғақ Олимп-алыпты,  
Көлеңкелеп Фебтің асқақ бейнесін,  
Үздіктірдің нұрлы Веспер-жарықты;  
Рас, сенде жоқ михраб, храм да –  
Қараңғылық түскен кезде тамсанар,  
Арулар жоқ ғажап әнге-ұранға  
Лайықтап көп дауыспен ән салар.  
Флейта жоқ, лира жоқ шалқыған,  
Шырақтар жоқ сап түзеген кіл қатар,  
Шоқ тоғай жоқ жұпар демі аңқыған,  
Бозарыңқы ернімен тіл қатар.

Жарық нұрым! Ант бермеймін, кеш мүлде,  
Қол бұлғады жан лира – елес күн.  
Орман қайыр көрсетпейді ешкімге,  
От, су, ауа – қасиетті емес тым.  
Қандай заман аударса да қанша мән,  
Кез келіпті эллиндік нәр сарқылар,  
Сенің әсем қанаттарың жарқырар,  
Қараймын да шабыт кернеп ән салам.  
Рұқсат бер, мәртебенді өсіріп,  
Ән шырқайын гимн-хорға қосылып.  
Флейта боп жаралайын шалқыған,  
Жарқырайын шырақ болып тіл қатар,  
Шоқ тоғайға айналайын аңқыған,  
Бозарыңқы ернімен тіл қатар.

Абыз болып храм салсам деп едім –  
Жұмбақ толы жүрегінмен кенесер.  
Үр ойларым желбіретпес желегін,  
Үн сызылса сыбызғымен теңесер.

Ағаш-талдар тербетілсе әріде,  
Жақпарларға көлеңкесін құлатып,  
Жел, көк бұлақ, сайрауық құс, бәрі де  
Әлдилесе көк орманды жұбатып.  
Сыр бөлісіп тыныш, жайлы түндермен,  
Михрабты әспеттеймін гүлдермен.  
Көп ойларды дің-ағашқа өрлеген  
Гүлшанақтың келбетіне көшірем.  
Ешбір Ақыл әлі тауып көрмеген  
Таңғажайып бұтақтарды өсірем.  
Мен сен үшін бар жасаймын жоқтан да,  
Пернелерді қателеспей басамын:  
Махаббатқа, алаулаған оттарға  
Түн есігін ашамын!

## ДАҢҚ ТУРАЛЫ ЕКІ СОНЕТ

### I

Жат мінез даңқ түспей пенде торына,  
Аңдып жүрген көп тобырдан қашады.  
Ол қонады жас баланың қолына,  
Не жеңілтек жігітке нұр шашады.

Менсінбейді – кімдер құмар өзіне,  
Олар мұны шын бақыт деп күтті ме?  
Кімдер мұны көп қосады сөзіне,  
Көп күтеді – жақтырмайды тіпті де.

Ол – сыған қыз. Жарқ еткені – бөлек той,  
Ніл толқыны ұмтылар сол пішінге.<sup>1</sup>  
Ғашық ақын! Толықтай пұл төлеп қой –  
Қыз менсінбей қарағаны үшін де.

Қоштас сосын, қалма тіпті жолыңнан,  
Сонда, бәлкім, жүгірер ол соныңнан.

---

<sup>1</sup> “Ол – сыған қыз... Ніл толқыны ұмтылар сол пішінге” – XX ғасырға дейін дерлік сығандар Египеттен шыққан деп есептеліп келді, олардың Үндістаннан шыққаны кейін шүбәсіз дәлелденді.

## II

“Аш қарынға ақыл жүрмейді”.

*(Мақал)*

Байғұс болдың (саған кінә жармасты) –  
Келеріне сенбей өлім-қысыр күн:  
Өлім-парақ түк ретсіз алмасты,  
Өз даңқынды өз қолыңнан ұшырдың;

Қайтпек гүлдер адасса бақ-саяда,  
Алхорылар жапырағын солдырса,  
Ергежейлі болып қалса Наяда,  
Тар үнгірге кара түнек қондырса;

Бірақ гүлге жұпар демі оралар –  
Араларға шырын сыйлар мәңгілік,  
Алқорылар жапыраққа оранар,  
Үңгірлерге қайтып келер жаңғырық, –

Бекер қинап құр дәмеге жаныңды,  
Өзің неге байлайсың өз бағыңды?

### ГРЕК ВАЗАСЫНА ОДА

#### I

Сен өгей ең заман баптап өсірген,  
Адал ділді мәңгі жарың – тыныштық.  
Өлеңнен де сәнді гүлің-көшірмең.  
Орман-тілің ғайып болды тым ыстық.

Ал, солар кім? Құдірет пе, адам ба?  
Кім түртпектер? Үрей? Шаттық? Шабыт-Бақ?  
Қыздар, қашып шықтыңдар ғой белеңге.  
Сөздеріңді кім түсінер анықтап?  
Үрей-үн бе? Салтанатты қадам ба?  
Ал, сыбызғы не сыр шертті еменге?

#### II

Әлдилеп тұр мынау дауыс бал-үнді,  
Бірақ тілсіз музыканы сүйем мен.  
Сикырлай бер, о, сыбызғы, жанымды –  
Әуеніммен үнсіздікке сүйенген.

О, бозбала! Сенің үнің сөнбейді.  
Ағаш-діндер еш қалықтап ұшпайды.  
Ессіз ғашық! Тәтті шағың қайрылмас,  
Сүйіктіңді көзің бекер нұсқайды.  
Махаббатың, бірақ енді өлмейді,  
Сұлу келбет ажарынан айрылмас.

### III

Орман, жайна! Еш қорықпа ызғардан,  
Жапырағың қоштаспайды, көшпейді.  
Күл, музыкант! Емен маңы – ізгі арман,  
Сынғырлаған әуен ешбір өшпейді.

Бақыттысың, бақыттысың, махаббат!  
Өкіміңді қасиетті нұр тұттық.  
Жан-тәніңе мәңгі жылу енеді.  
Қарсы алдында естен танған ынтықтық,  
Жесір аптап жұтар қанды қаталап,  
Жалын-оты күйдіреді денені.

### IV

Абыз, қайда апарасың бұзауды?  
Ол бүйірін гүлалқадай жайғанда –  
Қай нүктеге қанжарынның жүзі ауды?  
Құдайларға ас бересің қай маңда?

Жағалаулар неге бос һәм тып-тыныш?  
Халық неге көшіп кетті қаладан?  
Алаң, көше, храм... қалды қаңырап.  
Әбігер жоқ, еш үрейсіз бар адам.  
Ұйықтап қалды қала мүлде. Бітті ұрыс.  
Неге бұлай – айтпайды жұрт жамырап.

### V

Байланған ғой аттикалық пішінге –  
Үнсіз сыршыл ынтық тірлік байырғы,  
Батыр еркек, сұлу әйел-мүсін де,  
Және жұпар жас бұтақтар қайырлы.

Оңай тірлік ұсынбайды ғасыр-із,  
Біздер кейін айналған соң тұманға  
Көкіректі қайғы қайта жырымдар.

Айтасың сен сонда ұрпақ-ұланға:  
“Сұлулықта – ақиқат бар, ашыңыз,  
Ал, ақиқат – әдемілік. Ұғындар”.

## БҰЛБҰЛҒА ОДА

### I

Жүрегімді дерт тозаңы тұтқандай,  
Ақыл-есім абыржып қап тұр бүгін.  
Халім бейне ащы дәрі жұтқандай,  
Мен қайтадан Түн-қапасқа сүнгідім.

Жоқ бұл менде ешқандай да қызғаныш,  
Өндеріңе шаттық нұры толады,  
Дриада-бұлбұл, мың сыр ақтардың,  
Өуендерің – ізгі ағыс:  
Тал-ағашты құшағына орады,  
Көлеңкесін жамылып ап бақтардың.

### II

Ең болмаса тамшы шарап құйылса,  
Жертөледен шықса шөлді қандыра,  
Оңтүстіктің бар тәттісі бұйырса –  
Өн, би, шаттық, жойқын кимвал-даңғыра.

Ыдыс толы Иппокрен шарабы  
Ұшқын шашса аумай асыл жақұттан,  
Көпіршіктер жарқылдамай тынсын ба,  
Осы кесе-шараны  
Талмай ішіп, бас айналып бақыттан  
Жетсем саған, оңашаға, тылсымға.

### III

Сіңіп кетсем сол тылсымға сыр бүккен,  
Танымасам мүлде мына құрлықты:  
Абыржыған, әрлі-берлі дүрліккен,  
Арыз-шағым толып тұрған тірлікті.

Қашсам аппақ күміс кірер шаштардан,  
Жас дәуреннен жылап жүрер неше түн,  
Аққан ойдан бұлақ болып қаңғырып,  
Қара көзден жас тамған,  
Сұлулықтан қысқа ғұмыр кешетін,  
Махаббаттан айрылысар мәңгілік.

#### IV

Жоғал әрмен! Жолда саған баратын  
Шаруам жоқ қабылан жеккен арбада,<sup>1</sup>  
Поэзия ұсынады қанатын,  
Бұғау-шынжыр үзіледі зарлана.

Келдім, міне, жаным самал тұрды ұрттап,  
Ай қарайды тақ-төрінен пандана,  
Жүр қасында мейірімді түн-қыздар.  
Түнжырайды күнгірт бақ,  
Көктен түскен жел күрсінер сәл ғана,  
Жарқыл-ұшқын жолдап жатыр жұлдыздар.

#### V

Түнгі тылсым құшты гүлгүл бұтамды,  
Жалған маңай жоламайды қайғыға.  
Жан тірілтер жариялы жұпарды  
Жолдап жатыр кешіктірмей Ай мына –

Ағаштарға, шөптерге һәм гүлдерге,  
Итмұрынға күткен бөлек ақ таңын,  
Жапырақтар тасасында қалғыған,  
Құштар болған нұр-демге –  
Раушандар шоғырына қап-қалың,  
Кешкі шақта шыбын-шіркей аңдыған.

#### VI

Мен Өлімге ғашық болдым, зарладым,  
Күнгірт шақта тындағанда бұл әнді.  
Мың сан есім таптым оған, арнадым,  
Жыр сыйладым уанышты, ұнамды.

Бәлкім, күнім күлтеленді, тайып бақ,  
Келмес жаққа, әлде қадам бастым ба,  
Тоқтағанда желкен жайып кеш-кеме –  
Жан Азаға лайықтап  
Сен шырқарсың, мен топырақ астында  
Сонда тіпті түсінбеспін ештеңе.

---

<sup>1</sup> “Шаруам жоқ қабылан жеккен арбада...” – ақын шарап тәңірі Ваххтың қабылан жеккен арбасына емес, Поэзия қанатына мінеді.

## VII

Қатысың жоқ, о, Бұлбұл, еш өлімге,  
Қанша халық жұтты сенен қанша нәр.  
Әуеніңе қалықтаған көгімде  
Зор патша да, қу кедей де тамсанар.

Руфь қызды<sup>1</sup> еліктіріп құр елес,  
Жас жүрегі азап шегіп елбіреп,  
Жүрген кезде, төгіп алуан түсті рең –  
Осынау ән (гүл емес),  
Ең құпия терезеден енді кеп,  
Өткен шақтың қалқып өтіп үстінен.

## VIII

Өткен дәурен! Сана сәні шашылар,  
Көмпіс күмбір дір еткізер шанақты.  
Сау бол! Сенің алдыңа кеп бас ұрар –  
Рух, яки, асыл ойлар қанатты.

Сау бол! Сау бол! Жан әуенің толған мұң,  
Ол беттеді үнсіздікке, өткенге,  
Өзенді де кешті, шөпті жапырды,  
Кезді ортасын орманның.  
Бұл не – түс пе, әлде алдамшы от-перде?  
Ояндым ба, әлде қиял шақырды?

## МҰҢ-ШЕРГЕ ОДА

### I

Сықпай-ақ қой сөлін жұлмыр жемістің,  
Өлік-Судан бір тамшы да татпа дәм.  
Қыздың гүлтәж өруі де теріс тым –  
Саған арнап жын-шөптерден қаптаған.

Таспик етпе у-жемістің дөнегін,  
Психея түнгі кезбе болмасын,  
Көбелекке ұқсамасын; Жапалақ  
Арнамасын саған ешбір сәлемін,  
Көлеңкеге жоламасын, қонбасын,  
Қайғың сенің өшер сонда қаталап.

---

<sup>1</sup> Руфь – Инжіл кейіпкері.

## II

Егер мұн-шер тұман болып көктемде  
Көктен түсіп, кенет жерге бас ұрса,  
Ылғал берсе күтімі жоқ шөптерге,  
Сәуір жұтқан әр төбені жасырса, –

Ойла уайым: сипа гүлдің сабағын,  
Көз сал толқын жұтып жатқан арайға,  
Ақ бояу жоқ лалагүлден құтылар.  
Ал ханша қыз түйіп алса қабағын,  
Құшағына кіргізіп ал қалайда,  
Көз-көлінің тамшыларын жұтып ал.

## III

Әсемдікпен дос ол тарқар базары,  
Ол дос ылғи “сау бол” дейтін Шаттықпен,  
Дос және де Қуанышпен азалы,  
Кім ұсынар у-шырынды ақтық дем? –

Иә, Мұң-Шердің шырақтары жанады  
Ләззаттың храмында жарқырап,  
Көруге тек сезімталдар келеді –  
Теңдесі жоқ төре талғам жамалы  
Қуаты зор Қуанышты қалқып ап,  
Наз-азаның билігіне енеді.

### ДАУРЫҚПАЛЫҚҚА ОДА

*Не еңбектенбейді, не қысылмайды.*

*Матф. 6-28*

## I

Үш адамды шалды бірде назарым,  
Тұрды іркіліп таңғы қиял жетегі,  
Ұмытқам жоқ киімнің де ажарын –  
Шарық; шапан жерге тиген етегі.

Суреттердей мәрмәр тасқа өрлеген,  
Өтті бұлар еш үн қатпас мүсіндей,  
Әрбір адым – тәртіпке құл нық қадам.  
Мен мұндайды ешқашан да көрмеп ем,  
Қала бердім ештеңе де түсінбей,  
Сәулетшідей қыш өнерін ұқпаған.



## II

О, бұл неткен көлеңкелер жұмбақ тым,  
Жан-жүрегім қалды неге танымай?  
Тәтті ұйқымды рұқсатсыз ұрлап түн,  
Өтсін дей ме елестерге жарымай.

Келген сынды еш алаңсыз қалғыр шақ,  
Жоқ бойымда шаттық сезім, қызғын хал,  
Жүрегіме құйылады нұрлы мұң.  
Мен мелшиіп қатып қалдым дәл бұл сәт, –  
Көңілімді неге сонша бұздыңдар,  
Өзгеруге тиіс неге тірлігім?

## III

Үшінші рет жақындады бұлар кеп,  
Неге бұлай? Емеспін мен мұнды аспан.  
Жан-тәнімді шарпығандай мұнар леп,  
Алкаптаймын алуан түрлі гүл басқан.

Тұман шөкті, көз жасымды төкпедім,  
Тұрған жерім тамшыларға қанбайды;  
Жапырағын жайған кезде жүзімдер  
Сәл түзетер жасыл бағым – көктемім.  
Көлеңкелер! Еш көз жасым тамбайды,  
Жоғалыңдар, менен күдер үзіндер!

## IV

Кетті бұлар, кезбек қиыр алапты,  
Сөйтіп маған жақындауды доғарды, –  
Ұшқым келді кенет құс боп қанатты,  
Қуғым келді – таныдым мен оларды.

Махаббат қой біріншісі олардың,  
Менмен Мансап, ал қасына ергені –  
Сұрықсыздау көріністің көзелі.  
Ал үшінші – иесі пәк сонардың,  
Ару болып талай жанды тербеді –  
Поэзия-Қүдіреттің өзі еді.

## V

Олар кетті – маған қанат бітпеді,  
Махаббат жоқ – неге керек ол маған?  
Ал Мансап ше? – Белгілі ғой күткені,  
Ол – бейшара мәнсіз қылық торлаған.

Поэзия? – Рахатың жоқ сенін,  
Түсте, таңда не бұйырмақ таланға  
Сол сәттерде ұйқыларды ұрлаған,  
Сол тағдырды келер еді көксемім,  
Қалай барам өткен әлгі заманға –  
Сол әлемге Мамон билік құрмаған?

## VI

Қош болындар! Мен іздемен бақ-тауды,  
Өксімеймін, өртенбеймін, күймеймін, –  
Қабылдаман мәнісі жоқ мақтауды,  
Әсері жоқ алданышты сүймеймін.

Сүйеп тұрсын мені лебіз-леп пана,  
Небір тәтті түс сыйласын не түндер,  
Антикалық өрнек қалсын ыдыста.  
Мұңсыз-қамсыз қалғиын мен тек қана,  
Жоқ болындар, бос елестер, кетіндер,  
Енді мені мазалауға тырыспа!

\*\*\*

Мұңды көзге қалай ғана түспек нұр,  
Печеньесін анда-санда тістеп бір  
Отыр, әне, еш шалт қимыл дәметпе,  
Естен шыққан шай да, үй де, тәбет те.  
Тылсым күйді даусы, сірә, бұзды ма,  
От өшіпті, отын сұрар сыз мына,  
Шақырмайды қызметші қызды да.  
Ызындайды сүтке батқан көк шыбын,  
Естімей ме жәндіктің де өксігін?  
Жоқ, естіді. Вертер кенет асықты,<sup>1</sup>  
Іліп алды, батырды да қасықты,  
Осылайша бір азаттық әперді,  
Қашты шыбын ақ айдыннан қатерлі.

---

<sup>1</sup> “Вертер кенет асықты...” – Гетенің “Жас Вертердің азап шегуі” романы еске алынып отыр.

Ромео! Тұр орныңнан, шырағым,  
Сұрт – әнеки, балқып кетті шырағың.  
Шырақ-мүрде! – Еске салды кезі кеп:  
Өз үйіме жетейінші тезірек.  
“Сюртугің, дос, әдемі екен! Кім тікті?  
Үйі қайда?” – “Есімде жоқ бұл тіпті,  
Дей көрме тек бір құпия сыр тұтты,  
Айтар едім, есімде жоқ алайда,  
Вэппинг пе? Әлде барлық маңай ма?”

\*\*\*

Өтті де күн, алып кетті: наз үнді,  
Махаббатты, мейірімді назарды,  
Жылы демді, қара шашты, әзілді,  
Сыбыр, ойын, дау, күлкіні базарлы.

Маңай – күңгірт, гүл осылай солатын,  
Көзден таса ғажап шабыт – құйылыс,  
Сұлулық жоқ енді қолға қонатын,  
Жоқ ләззат, ессіз сезім, сүйініш.

Өшті бәрі – тас табытқа кірді кеп,  
Қасиетін күн де түнге ұсынды,  
Масаңданды махаббаттар үлбірек,  
Құмарпаз шақ қара перде түсірді.

Күні бойы дұға кітап оқығам,  
Кел, Тәтті Түс, кір үйіме, шоқынам!

### **ФАННИҒА АРНАЛҒАН ЖОЛДАР**

Келбетіңді көзден қалай жасырам?  
Жоғалтсам ба естелікті суыған?  
О, ханшайым! Бәлкім, тағы қуылам?  
Ал, әлгінде шексіз толып тасығам,

Ұлы болғам... Тарихты көр, құйғып кел,  
Аяулым-ау! Еркін бақыт қона ма,  
Өлтірілсе махаббат та, ода да?  
Мен ақ адал қайталаймын: бұйрық бер –

Байла мені, суға батсын қайығым,  
Еркін ғұмыр – менің жалғыз айыбым:  
Мейлі. Қандай шаруалар қинайды,  
Муза маған сиқыр қанат сыйлайды.  
Ол биікке көтереді оңаша –  
Қожайынға бір кесапат жоласа.  
Кедей ой ма, қалды ма нәр азайып?  
Олай емес, бұл – жан тербер ғажайып.  
Тамаша ғой! Бірақ бір құс күйініп  
Көк теңізге құлар неге шүйіліп?

Су қармады құшағым,  
Қайта қалай ұшамын –  
Қанатыма леп дарып,  
Жасын-көкті бетке алып,  
Қуып жетіп махаббатты ұмытқан,  
Мейірімді асқақтатсам, кек қалып.

Шарап ішсем? Тұрпайылық бұл-дағы,  
Организм – дінсіздіктің құрбаны.  
Олай емес, ережесі тольғар –  
Махаббаттың нағыз заңды жолы бар.

Әлде жоқ па? Емес шарап – ырыс-құт,  
Қамығып тұр талап-бақ,  
Ұш ілгері, ойланбастан қанат қақ,  
Бәлкім, мені күтіп алар тыныштық.

Жер-топырақ жылаңқы тор өреді,  
Достарымды аямайды, бөледі –  
Адалдар мен арамдарға, өлшеп кеп,  
Қүдірет пен құбыжыққа бөлшектеп.  
Жұмақ қайда көзім көрген кешегі,  
Друидтер<sup>1</sup> – әлсіз; сұм жел еседі,  
Қабық сынды терімізді теседі,  
Бізғар соғар не шеті жоқ, не шегі.  
Друидтар қараңғыдан торықты,  
Сезімі жоқ ормандардан қорықты.  
Құс әні жоқ, гүлдер де жоқ аңқыған,  
Табиғатқа өктемсінді зар тұман.  
Орал, Нұр-Күн, аш сиқырдың қақпағын,  
Жын-перінің көлеңкесін таптағын!

---

<sup>1</sup> *Друидтер* – мифологиялық кейіпкерлер.

Солай болды. Жетті жаркын әлемім,  
Ғашығыма ұсынып түр сәлемін.  
Енді, міне, тыныстауға болады,  
Жан-жүрегім – жүрер жолдың қонағы!  
Құшақтауға рұқсат ет, мұрсат бер,  
Бал сезімге бағынады бұл сәттер!  
Жұтайыншы демінді мен балбырап,  
Құштарлана сусындасын жан-кұрақ, –  
Тәтті мұңды төгейін!  
Ерніңнен өбейін!  
Жә, тоқтайын! О, жарайды! Жарайды!  
Осы, міне, толық арман арайлы!

### ФАННИҒА

Шын махаббат – шапағат пен рақым,  
Ол – жанашыр һәм аямпаз, жұмсақ тым.  
Дақ-таңбасыз, бетпердесіз тұратын  
Ең тұрақты адалдығы нұр-сәттің.

Тұтасыңмен беріл маған – сол бағым,  
Махаббаттың жұпарысың татымды.  
Көрдім ғажап кеудең тасып-толғанын,  
Әппак, ыстық, нәзік рух шақырды.

Жан-тәніңді аяп қалма сен менен!  
Түйіршікті түйіршікке жасырма.  
Әйтпесе мен өлем, мәнсіз сенделем,  
Құлақкесті құл боп жүрем қасында,

Ақыл-ойым жоқшылыққа көнеді,  
Мақтанышым мәңгілікке сөнеді.

### ЖҰЛДЫЗҒА

Шіркін, Жұлдыз, болсам сендей мәңгілік!  
Бірақ ұлық жалғыздықтан сау қалсам,  
Түпсіз түнді кезіп жүрсем жаңғырып,  
Назарымды жер бетіне аударсам –  
Ұстанып су қасиетті ғұрыпты,  
Сақтап жүр ме пенделердің пәктігін,  
Тау мен аңғар киіп қыста тұлыпты,  
Дөңгелер ме баса алмастан аптығын?

Мәңгі жасап, өзгермегім келеді,  
От-еріннің жұтып тұрсам, беу, демін.  
Жүрегіме тақап ыстық денені,  
Найқалғанын көріп тұрсам кеуденің.

Тылсым шақта рахатқа тоя алмай,  
Өлмес болсам не ұйықтасам оянбай.

## ФАННИҒА ОДА

### I

Табиғат-Ем! Қан қос менің жаныма!  
Жаңғырайын, шідерін шеш шабыттың,  
Көкіректен жыр төгілсін. Қамықтым...  
Жүрегіме өлең сыйла тағы да!

Тақырып бер! Демалайын сәл ғана.  
Арманымды кім түнекке батырған,  
Дауыс қайда айғайлаған, шақырған,  
Аяз-ауа, шығайын мен, алдама!

### II

Махаббатым! Менің қамқор тұрағым,  
Үміт, мұңым, үрейім мен базарым.  
Міне, түннің құшағына құладың,

Жалтырайсың – қателеспей табамын! –  
Сикыр сәнмен күлімдейді жамалың,  
Менің кедей, сараң, құлдық назарым –  
Таңғажайып жан-ауаны кезеді,  
Зарығудың тәттілігін сезеді.

### III

Тойым мынау! Тамсанды кеп ашқарақ.  
Егер Айым төксе ұялып күмісін  
Кімдер оны арсыз көзбен жасқамақ?  
Мейлі, ынтықтық жайсын өрмек-торларың,  
Еш ұрлыққа жоламасын қолдарың!  
Тағдырымның жиілеген тынысын  
Қалдыр маған! Еш абайсыз лақтырма,  
Жүрегімді жан-дүниеме жат қылма

#### IV

Шат музыка, мейлі, өбіп сүйгенмен,  
Ыстық лепті аңсағанмен халық та,  
Сақ болып жүр бұрандаған билерден,

Масаңданып сана-нұр,  
Сәуір және лалагүл  
Күлімдейді суық сәуле-жарыққа.  
Қолда, Тәңір! Құр сөз болып қалмағын –  
Жылы маусым жайындағы арманым!

#### V

– Жалған! – дейсін Фанни. Жүзін нұрлана –  
Жас кеуденді тербеп әсем әуенмен,  
Жүрегіннің мұнсыз сөзін тыңда да,

Ұғын: адал әйел болу – ауыр сын,  
Көк теңізде қалқып жүрген қауырсын.  
Адамдарға таныс жай ғой әуелден:  
Құрбыңыздың құшағы,  
Ұшып жүрер тозғанақ гүл, мысалы.

#### VI

Шын ұғыну – зор қайғының реңі,  
Сені, Фанни, шын сүйгендер сол ғана –  
Іздеп сені егер кімнің жүрегі

Зар жыласа күйге түсіп басқаша,  
Үйреншікті тіршілігін тастаса.  
Махаббатты дәріптейміз толғана.  
О, періштем! Қиналсам мен қонбай нұр,  
Қызғаныштан сақта мені, қорғай біл!

#### VII

Менің момын жаным – шырақ-шолпаным,  
Егер кімдер ұқса заңды көптенгі,  
Махаббаттың мендік асқақ төр-тағын

Қиратпасын, жолды кесіп тұрмасын,  
Ұрламасын қуаныштың құрмасын.  
Бүгілмесін пәк гүлдерім көктемгі.  
Ал басқаша?.. Сөніп онда шіркін үн,  
Мәңгі-бақи жабылады кірпігім.

Шандор ПЕТЕФИ

---



---

## **О, МАХАББАТ!**

О, махаббат! Махаббатта мұң қандай!  
Әрі түнек, әрі терең зындандай.  
Содан бері аунап-аунап түнімен,  
Шыңыраудың бір-ақ шықтым түбінен.

Міне, сондай, міне сондай аужайым.  
Жүргенімде күндегідей мал жайып,  
Көз алдымда кіріп кеткен егінге  
Қойларымды байқамаппын,  
Тегін бе?

Тамақты да анам берген дайындап  
Ұмытыппын, махаббатты уайымдап.  
Махаббат па? Махаббаттың бәрі азап,  
Енді амалсыз ұстау керек ораза!

Мұндай кезде бойға тамақ бата ма?  
Сөкпеңіздер, сөкпеңіздер, ата-ана!  
Мен өзім де ұққан жоқпын мұны әлі,  
Махаббат қой барлығына кінәлі!

## **МАТИЛЬДАҒА**

Бұл өмірге ұқпау үшін келіп пе ең?  
Селт етпейсің, кетердеймін өліп мен.  
Салқынсың сен қыс күніндей үнемі.  
Жарығың бар, жылуың жоқ, неліктен?

Тіл қата алмай, өлемін бе қайғыдан?  
Қуә кылдым Күніңді де, Айды да.  
Қанша саған қарасам да, тоймаймың,  
Ұзақ-ұзақ қарауға да қаймығам.

Таба алмадым, қайда сырлы тиегің?  
Таба алмадым, содан жанып күйемін.  
Сен өзіңнің деңгейіңнен көр мені,  
Мен бір сүйсем, өліп-өшіп сүйемін!

Қайран жүрек! Емделмейтін дерт елі.  
Бүгінінен ыстығырақ ертені.  
Махаббаттай қыздыра алса мына Күн,  
Бүкіл әлем кетер еді-ау өртеніп!

### **ЖАЛБАРЫНЫП ЖАЛЫҚТЫМ**

Ерегісіп, қасарып  
Тұрдым айтқан сөзімде.  
Сүйсе екен деп осы ару,  
Не істемедім кезінде!

Жатыр енді кім біліп,  
Өрт болуды таңдадым.  
Қораларды күл қылып,  
Қоныстарды жалмадым.

Әлденені сеземін,  
Токтайтын кез келді ме?  
Жанып біткен тезегі  
Ошақтаймын енді мен.

Шың басында шайқаста  
Жарып шықкам жарынды.  
Талқандаған тау-тасты  
Тасқын едім арынды.

Өтіп-кетті қу арман,  
“Қош!” деп қолым бұлғадым.  
Бау-бақшаны суарған  
Енді жуас жылғамын.

Қия-шың ем найзадай  
Ешбір жанды күндемес.  
Қыран менен найзағай  
Көршім еді іргелес.

Өзімді-өзім қайраған  
Өтті жүзі көп айдың.  
Сандуғашы сайраған  
Енді шағын тоғаймын.

Ерегісіп тылсыммен,  
Еріттім көк мұзыңды.  
Бірақ оған сүйсінген  
Көре алмадым қызыңды.

Ақтамады  
Сенімді,  
Неғылған қыз қатыбас,  
Қылығыма менің бұл  
Мүмкін өзі татымас.

О махаббат! Жебесен,  
Әр кезде де ұясың.  
Сөйте тұра, неге сен  
Маған кісен құясың?!

Жүріппін-ау кезінде  
Бекер саған құмартып.  
Енді білдім: өзіңнен  
Бостандығым мың артық!

## АРМАН

Құлағыңды сал дағы  
Мені өзіне қатар де.  
Қуаныштың салмағы  
Ойламаймын батар деп.

Бір лира тегінге  
Берді саған бақытың.  
Ойнасын деп ішегінде  
Болған кезде уақытың.

Сыбырласа өзіне –  
Бір күндері періште:  
“Не қуаныш көзіңе?  
құмарсың ба кенішке?”

Сағындың ба құсыңды?  
Өлең-жырдың кені ме?  
Түнде көрген түсіңді  
Айналдырам өніне!

Даңққа да, жасыма,  
Болмайды бір мұқтажың.  
Ауысады басыңа  
Петрарканың гүлтәжі.

Соныменен келісіп,  
Қандыр елдің аңқасын.  
Аларсыңдар бөлісіп  
Абыройдың алқасын!

Бүкіл адам көксеген  
Байлықты да табамын.  
Өңір түгіл, өкшене  
Инжу-маржан тағамын!”

Ай нұрындай, досым-ай,  
Періштенің жамалы.  
Тербетеді осылай  
Жақсылықтың самалы.

Періштеге сенің де  
Не айтарыңды сеземін.  
“Байлық аңсап, тегінде,  
Өртенбейді өзегім!

О, періштем! Тайынбан,  
Ұлыңмын мен жауынгер.  
Берер болсаң, байда да,  
Данада да жоғын бер!

Жаным әбден әбігер...  
О-о-ой, сол қызды-ай, сол қызды-ай!  
Берер болсаң соны бер  
Екі көзі жұлдыздай!

Мен о бастан жалғызбың,  
Бай емеспін жекжатқа.  
Махаббатын сол қыздың  
Бұрып берші мен жаққа!”

## **ХОРТОБАДТЫҚ САҚИ БИКЕШ**

Хортобадтық сақи бикеш, періштем,  
Құйып қой да азаматты көр ішкен!  
Хортобадқа Дебреценнен келгенмін,  
Өте ауыр жол, соған да мен көнгенмін.

Сыңсыған жел, желден құлақ тұнады.  
Сай-сүйегің сырқырайды, сынады,  
Тотай-бикеш көп шараптың бірін құй,  
Тұздай болған көк көзіңнің нұрын құй.

Құй кәнекей, құй қызылды, құй ақты...  
Сондай қышкыл жабайы алма сияқты.  
Сүйші мені, балдай екен ерінің,  
Осындай дәм аңсайтыны серінің.

Балдай ерін, айдай ару һәм шарап,  
Көз көрмейді... ішімде жүр қанша арақ?!  
Тербет мені, аймала да құшақта,  
Түсіп қалып жүрмеймін мен пышаққа.

Сенің төсің жұмсағырақ мамықтан,  
Сол мамыққа басым тисе, қамықпан,  
Адам едім ақ төсекке бір бейім,  
Тастай жерге жатып қалып жүрмейін!

## **АС ҮЙГЕ МЕН КІРГЕНМІН**

Сіріңке іздеп жүргенмін,  
Асүйге мен кіргенмін:  
Ойда жоқта от алып,  
Кетті шылым тұтанып!

Жетеді оған білімім,  
Кінәлі емес шылымым.  
Жатыр екен ұн алып,  
Сірә, сол қыз кінәлі!

Сүттей екен еті де,  
Нарттай екен беті де.  
Шоқ тастайтын сезімге  
От бар екен көзінде.

Мен көрдім, ол қарады.  
Бойыма у тарады.  
Шылым өшті, қарсы алды –  
Жүрегімді өрт шалды!

### **СЫРҒАНАҚ ЖОЛ**

Сұлу қызды көзге түскен көркімен  
Тайдырды әке берген сөзден, сертінен.  
Шанаға сап алып кетті содан соң,  
Ешкім оның санасқан жоқ еркімен!

Соны көріп жүрек соқты, қан қызды.  
Түсінсе ғой, тыңдаса ғой жол бізді.  
Шанасымен күртік қарға төңкеріп,  
Ақырғы рет құшар едім сол қызды!

Егерде мен сөйтер болсам айып па?!  
Талай мәрте сүйіп едім қайықта.  
Ерітсе қыз қызуымен ақ қарды,  
Өзім де еріп жоғалар ем ғайыпқа!

### **ШӨЛДЕН ӨЛЕ ЖАЗДАҒАН ЖІГІТТІҢ СЫРЫ**

Сындырар ма екен ой басты,  
Шаштың деп бекер мүлкінді.  
Шашуды, сірә, қоймаспын,  
Тойдырмай мына құлқынды.

Таңдайым кеуіп барады  
Қаңсыған құдық түбіндей.  
Басылмас өртім, қарағым,  
Бал шарабыңа жүгінбей.

Іштегі сырды ақтарса,  
Түсінбес елдің есері.  
Құтқарар мені құтқарса  
Шараптың ғана нәсері!

Жүзімдігімді тауыстым,  
Жұрт енді мені елей ме?  
Жүзімнен түскен табысты  
Көмейге құйдым, көмейге.

Әдейі мені көрмейді  
Шарапшы көрі қақбасың.  
Несиеге енді бермейді,  
Ашпайды қарыз қақпасын.

Жүрегім менің жаралы,  
Тағдыры солай дарынның.  
Көп нәрсе бірақ бар әлі,  
Сәукелесі бар жарымның!

Бақ-дәулет жолдас бола ма?  
Құрыды-ау бәрі, құрыды-ау!  
Сүйгенім қазір молада,  
Сәукелесі де шіріді-ау!

Жатпайсың түктен именіп,  
Озасың, уақыт, озасың.  
Есіме түссең, сүйгенім,  
Айналар көлге көз жасым!

Жер менен көктің қожасы –  
Жаратқан, жерге қаратпа!  
Жұбанар едім, көз жасы  
Айналар болса шарапқа!

### **ҚҰДАЙ, СІРӘ, КЕШІРЕДІ...**

Құдай, сірә, кешіреді күнәмді.  
Анау – тәуір, ал мынауың – ұнамды.  
Сен өзің ғой сатып кеткен алдымен,  
Махаббат па? Сол махаббат күмәнді.

Мен білімнің теңізінде жүзбедім.  
Сауат деген сауат емес біздегі.  
Көзінде тұр: рахаттың кәдімгі  
Не екенін де білмейтұғын қыз ба едің?

Мұнайдың ба? Одан түк те өнбейді.  
Көңіл шіркін жылқы іспетті желдейді.  
Аяйсың ба? Аямай-ақ қой мені,  
Өткен нәрсе енді айналып келмейді.

Мен өзіме басқа аруды қаратқам,  
Біреуді тап, сен де өзің тараптан!  
Бақытты бол! Міне осы жандарға  
Шарапатың тие жүрсін, Жаратқан!

### **ЖАТЫРМЫН МЕН ШӨЛІМ ҚАНБАЙ**

Мына дала сияқты бір жат алап,  
Жатырмын мен шөлім қанбай, қаталап.  
Ішер едім елдің бүкіл шарабын,  
Сонда да мен қанбас едім, қарағым!

О, Жаратқан! Мені жерге қаратпа!  
Тиса өзенін айналдыршы шарапқа.  
Мен Дунай боп, есіме алып Исаны,  
Түгел жұта салар едім Тисаны!

### **ЖАНЫМ-ТӘНІМ...**

Жаным-тәнім...  
Алқынады қос өкпе.  
Жатсам деймін  
Анау дайын төсекке.  
Мені соған қисайта сал,  
Қарағым,  
Демалайын,  
Ұйқы басып барады.

О, Жасаған!  
Не боп кеткен төсегім!  
Төсегімнен  
Бір суық жел еседі.  
Сұмдық қой бұл,  
Тұрмын қандай қарсаңда?  
Төсек пе бұл  
Ажал салған,  
Жар салмай?!

### **ЖУЖИКАҒА**

О, аппағым! Сезімнен  
Бекерге мен қашыппын.  
Алғаш көрген кезімнен  
Мен өзіңе ғашықпын!



Жауабыңды тосамын,  
Сағатымды санаймын.  
Енді менің қосағым  
Болғаныңды қалаймын.

Жетесің сен кезіңе  
Ғұмыр бойы аңсаған.  
Шөп салмайтын көзіңе  
Ер боламын мен саған.

Жүрегіме түнетіп,  
Махаббатым билейді.  
Мен тұрғанда күн өтіп,  
Саған суық тимейді.

Жиі апару еліме  
Болар менде бар жұмыс.  
Асығармыз көбіне  
Таусылғанда қаржымыз.

“Петефидің жары бұл,  
Жақсы жыры сол жайлы”, –  
Деп біз жайлы, жарығым,  
Талай адам болжайды.

Күн болады өлеңде  
Мені ғана таңдайтын.  
Петефисіз бұл елде  
Аттап баса алмайтын.

Өлең үшін анасы  
Туған жан деп есепте.  
Күтетұғын боласың  
Мені талай төсекте.

Өлең деген қонағым  
Сыймас менің басыма.  
Жататұғын боламын  
Содан кейін қасыңа.

Бәрін әлі көресің  
Таңғажайып бақтағы...  
Не деп жауап бересің  
Бұл сөзіме аппағым!

## **ОЛ ОҢБАҒАН СЕЗБЕСІН**

Бар арада кикілжің,  
Бірақ мен бас имеймін.  
Скрипка құйқылжып,  
Жын қаққандай билеймін.

Сыған, қажып қалдың ба?  
Қалай ерте қоштасам?  
Сонау үйдің алдында  
Ойнағайсың басқаша!

Заулап ағып жатты ма  
Шіркін уақыт қас қағым?!  
Менің күнім батты да  
Тауып алды басқаны.

Көне, сыған, бізге сын,  
Ойна бір күй серпінді.  
Ол оңбаған сезбесін  
Ішімдегі өртімді!

## **СТАҚАНЫМА**

Кейбір дерттің білесің бе дауасын?  
Білгендіктен бірден емін табасың.  
Дегенменен ұяламын сен үшін,  
Ішкен кезде тез-тез бітіп қаласың!

Кең көңілмен жыр жазамын тар үйде.  
Кейде күліп, кейде жылап, зар илеп...  
Мен сен болсам, сарқылмас ем ешқашан,  
Сен мен болсаң тоймас едің, әрине!

## **БАРЫП ТҰРҒАН СУ ДИІРМЕНІ КӨМЕЙІМ**

Құрғақ көмей шығарады өгей үн.  
Өгей үнге қалай ғана көнейін?!  
Шарап құйып жіберсеңіз бір ожау,  
Су диірменге айналады көмейім.

Қара маған қабағыңды бір шытпай,  
Содан кейін жыр шығады, құр шықпай.  
Тілім менің нақ сүйері көмейдің,  
Шараптан соң зырылдайды ұршақтай.

Мен білемін, сен білесің мұнымды:  
Қыздырады шарап әбден тілімді.  
Қосылғанда тілім менің көмейім,  
Жарым, сенің өшіреді үніңді.

### **ЖОҒАРЫДАН ҚҰЛАДЫ**

Жоғарыдан құлады  
Инжу-маржан толқыны  
Нақсүйерім жылады  
Ағыл-тегіл сол күні.  
Сай-саланы аралар  
Алса өзен бір қызып.  
Сол толқыннан нәр алар  
Райхандар қырмызы.

О, сүйіктім! Кімдердің  
Берейін мен жазасын?  
Күйдіреді гүлдерді  
Сенің тұзды көз жасың!

### **ҚАҢҒЫБАС**

Сызулы ғой жолымыз.  
Адам тағдыр таңдай ма?!  
Орындаймыз соны біз  
Не жазылса мандайға.

Өнер деген аралда  
Билер мені көрі жын.  
Қаңғыбас боп жаралғам,  
Қаңғып өту – парызым.

Мен елімнің қызғышы,  
Болған емес демалыс.  
Шарап ішіп, қыз құшып,  
Жолға шығам, жол алыс.  
Жан-жағыма таралған  
Қай жерде де бар ізім.  
Қаңғыбас боп жаралғам,  
Қаңғып жүру – парызым.

Өмір бірақ айлалы  
Басқашалау пайымдар.  
Қызметке байланып,  
Өлетұғын жайым бар.  
Көрмегеннің бәрі алда,  
Жүрер жолдың бәрі ұзын.  
Қаңғыбас боп жаралғам,  
Қаңғып жүру – парызым.

### **ТҮЗДЕ ТУДЫМ...**

Түзде тудым, тудым дауыл, бораннан.  
Зәулім биік үйлерінде тұра алман.  
Туған түзім – Альфельд маған қарайды.  
Менің пірім – азынаған қара айғыр.

Мінемін мен қара айғырға ер салмай.  
Өз еркімде қайда, қалай барсам да...  
Жылқышыға жайдақ ат та жарайды.  
Менің пірім – азынаған қара айғыр.

Қызыл гүлім, сақтасын деп сұқ көзден,  
Маған жейде тігіп бердің ақ бөзден.  
Жар боласың, жазғы таңдай арайлы,  
Менің пірім – азынаған қара айғыр!

### **МЕНИҢ БӨЛМЕМ**

Қайтесіздер хал сұрап?  
Жаңбыр. Жаңбыр... Тығырық.  
Бүгін кеште мен, сірә,  
Жарытпаспын қыдырып!

Құдай маған неліктен  
Бір шүйкебас бермеді?  
Кештерімде зеріккен  
Болар еді ермегім!

Бұркыратып шылымды  
Ойға шомған боламын.  
Күнімді ойлап бүгінгі,  
Келешекті шоламын.

Әсері бар ма сөзіме  
Кері кеткен қадамның.  
Өз кесірім өзіме  
Тиіп жүрген адаммын.

Жеңілтектік қанымда,  
Бір пәле ылғи тосады.  
Бара жатыр қалындап  
Көңілдің де тосабы.

Ығыр қылды кемшілік,  
О, парасат, кезектес!  
Алған нәрсе енші ғып,  
Тез жоғалып, тез кетпес.

Әр нәрсене ұрынып  
Жүрген кезде сатпаған,  
Мен сүрінсем сүрініп,  
Мен аттасам аттаған.

Асау едім, бастықтым.  
Жуасуға тудым ба?  
Бірге көріп аштықты,  
Бірге болған жат елде.

Еткен маған басшылық,  
Өткен боран, бұрқақтан,  
Тұщы менен ащыны  
Өзімменен бір татқан.

Азаматтық, азаттық  
Жолында да бірге жүр,  
Бірге көрген азапты  
Нағыз досым – өлең-Жыр.

О, өлеңім, ұл-қыз боп  
Жүресің бе қасымда?  
Әлде молам басында!?

Ашылды күн дұрыстап,  
Енді мені бәрі іздер...  
Қыдырайын! Бұрыштан  
Тап бермесе қарызгер!

## АЛҒАШҚЫ МАХАББАТ

Өткен күндер – гүл бағы,  
Құмармыз сол жерге біз.  
Ара болып зыр қағып  
Нәр жинайды зердеміз.

Поэзия елінен  
Дүнием көп алдым дер.  
Қалсын бірге менімен  
Сол бір күндер, бал күндер.  
Шәкірт кезім ізіме  
Кейбіреулер таласқан.  
Қожайынның қызымен  
Көңіліміз жарасқан.

Сүйгені ғой көретін  
Мені алдымен тал мүсін.  
Маған ұрлап беретін  
Дәмнің не бір дәмдісін.

Жылы-жұмсақ балды да  
Маған ғана арнайтын.  
Басқалардың алдына  
Мұндай тамақ қоймайтын.

Екі жастың күбірлеп  
Қиятын кеш некесін.  
Көруші едік іңірде  
Рахаттың көкесін.

Екі құшақ қарысып  
Қалай тыныш жата алар?!  
Құрылдайтын жарысып  
Көлшіктегі бақалар.

Кетпейтінбіз ешқайда.  
Өлең айтып, ән салып  
Дейтінмін мен тамсанып:  
“Мұндай ғажап кеш қайда?!”

Алабұртқан албыртың –  
Жастық шақтың пайдасы ол.  
Қайда сол қыз, сол бір түн?  
Жылы-жұмсақ қайда сол?!

## ЕЛІКТЕУШІЛЕРГЕ

Дөңгелегін темірменен құрсаған  
Даңғырлаған арба емес қой жыр саған.  
Өлең – қыран, қанатында жел, дауыл,  
Ол – еркіндік, керек еркін самғауың.

Жолсызбенен жүре алмайтын сорлылар.  
Сорлыларды өлең өзі қор қылар.  
Нағыз ақын тыңмен жүрер, жол салар,  
Ал сендерге бұйырмаған қансонар.

Жабысатын кезде жабыс қаламға.  
Жан баспаған жерлерді тап ғаламда.  
Өйте алмасаң, жаман жырға табынба!  
Жырт оларды! Жерінді жырт! Малын бақ!

## МАХАББАТ СЕРІЛЕРІ

Ерте туды Ай сері бекері не...  
Күміспенен күптеген нөкері көп.  
Жұлдызшалар сенеді жанындағы  
Жұлдыз болып әйгілі кетеріне.

Ай мен Жұлдыз сияқты, көргенге егіз.  
Олар – екеу, мен – жалғыз, шерменде қыз.  
Түн серісі – кәдімгі мүйізді Аймен  
Шыға қаппыз сапарға, серуенге біз.

Қара түнді неліктен қара басты?!  
О, жарық Ай, сен келіп араластың.  
Қызығыңды көре бер қара түнмен,  
Мен іздеймін қара көз, қара қасты!

## МЕН ӨЗІМЕ ҚАЙРАНМЫН

Бөтен дауыс, бөтен үн,  
Мен өзіме қайранмын:  
Құс боп сайрап кетемін  
Ортасында сайранның.

Түрлі биді, шырағым,  
Дауылдатып тұжырам.  
Жап-жарық боп тұрады  
Күн түспейтін құжырам.

Бөлме мені, бөлме енді  
Шылымымды ұнатты.  
Толтырады ол бөлмеді  
Жұпарына жұмақтың!

Көкіректе жын қызды,  
Қуанышым көптей-ақ.  
Желігемін бір қызды  
Құшақтамай, өппей-ақ!

Күнім күн бе бүгінсіз?!  
Ертеңге иек арттым ба?  
Жел соғады тынымсыз  
Тас қараңғы қалтамда.

Әрбір сәтім армандай,  
Шалам оны құрбанға.  
Желді күнгі ормандай  
Миым шулап тұрғанда!

### **ЕГЕР ҚЫЗДАР СҮЙМЕСЕ**

Егер ару сүймей қойса,  
Іш көкем!  
Қыздар сонда дейді сені  
Күшті екен.

Ақшаң жоқ па? Жатып ап іш  
Саяда.  
Сенен артық болмас сонда  
Бай адам.  
Қайғыңда іш, ауру-сырқау  
Болсаң да.  
Сейілейді тұмандайын  
Мұң сонда.

Қайғым қалғып, тұр қайғылы  
Жыл күтіп.  
Сондықтан да ішемін мен  
Сылқытып!



## ҚАТТЫ ІШІСТЕН КЕЙІН

Мен сіздерге айтам тұра, төтесін.  
Байқалады сөздерінде кекесін.  
Сіздерменен айқасардың алдында  
Ішістің де көрген едім көкесін.

Ондай сәтгер, талай жынды біріккен,  
Өнді айтасыз, түсінізге кіріп пе?!  
Мадиярдар болды, әрине ішуші,  
Шарап толы құмыралар түрік те.

Қайтер еді бұлай әркім түстенсе?!  
Болу үшін таласасың үстем сен...  
Бізден гөрі күбілерге жабысқан  
Жұлып алу жеңіл еді сүлікті!

Шайқалғандай аспан асты, жер үсті...  
Болсын ғұмыр ұзақ және келісті.  
Жасағаның жазсын бізге көруді  
Болашақты, Бостандықты, Жеңісті!

## МЕНІҢ ӨЛЕҢДЕРІМ

О, өмірім, болдың жырдың терегі.  
Өлеңдерім – жапырағың дер едім.  
Бақи желі бірақ оны шашады.  
Кім іздейді, кімдер және тереді?

Бақи солай. Бақи кімді аясын?!  
Кімді сүйіп, кімге құшақ жаясың?  
Қайткенде де, өлең, сенен пайда бар –  
Мен тіріде біреулерге саясың!

## КҮНГЕ

Тақсыр, досты бұрынғы  
Құр бекерге қинайсың.  
Жұртқа қиған нұрыңды  
Маған неге қимайсың?!

Күн тұрғанда көгінде,  
Қараңғылық жыр соры.  
Құжырама менің де  
Кетсең едің бір соғып!

Сенде басқа жоқ сұрау,  
Жоқ көңілдің шүбәсі.  
Бар болғаны, тақсыр-ау,  
Кіресің де шығасың!

Болмаса да атағы,  
Тұрмыс жақсы өңгеде.  
Ал мен, ақын, жатамын  
Абактыдай бөлмеде.

Таныс саған жыр төрі,  
Ол да өзіңе келісті,  
Құйрығынан бір теуіп,  
Құлатқанша Зевсті!

Әріптесім, ән менен  
Ақындарды аяла!  
Бұдан былай сен мененен  
Шуағыңды аяма!

### **КҮННІҢ КҮНДЕГІ ТІРЛІГІ**

Білесіз бе:  
Әйелі бар Күннің де.  
Күннің күні  
Жаман бірақ күннен де!  
Әйелі оның  
Сияқты бір енесі:  
Ояды да отырады төбесін.  
Күнде шатақ,  
Күнде ұрыс,  
Баяғы.  
Шарап ішу,  
Шарап шерді шаяды.  
Бірақ оны үйде қалай ішесің?  
Өзің болмай,  
Әйел болса күш иесі?!  
Дүниенің бұйырмаған кендігі,  
Қайда барып бас сұғады енді Күн?!  
Күннің содан түнереді қабағы.  
Көк аспанды  
Бұлт басқанын бағады.  
Сондай кезде

Көп қой күннің бекеті,  
Мәйханаға сүнгіп кетер лып етіп!  
Шарап деген неткен ғажап күш еді!  
Сол кабакта өкіріп Күн ішеді.  
Қайғы-шерден жіберердей еңіреп,  
Ішеді-ай кеп,  
Түнереді төңірек.  
Сорлы Күнді  
Кім ол үшін сынайды?!  
Қып-қызыл боп көкжиекке құлайды!

### ҚЫЗДАРҒА

Жүректерде от сөнбей  
Қыздар бізді көксей ме?  
Кешіріндер кетсем мен  
Шарап жайлы көп сөйлеп!  
О, құрбылар, ойнама.  
Тірлік емес тірлігім.  
Азабы деп ойлама  
Көріп тұрған бір бүгін.  
Білмейді ешкім  
тасқынға  
Достың қанша батқанын.  
Көңілді жыр астында  
Қанша қайғы жатқанын.  
Арыстан-шер, білсеңдер,  
Басқан кезде ашуға  
Әзіл-күлкі бүрсендеп,  
Дайын тұрар қашуға.  
Алай-дүлей бұрқасын  
Кіресің бір түнекке.  
Көңіліңді бұлт басып  
Жасын ойнар жүректе.  
Баспанама, үйіме,  
Бір кірем де, бір шығам.  
Өртенем де күйінем,  
Шарап ішсем тыншығам.

Қара бұлтым тарайды  
Ашуымды басқанда,  
Көзім жайнап қараймын  
Жарқыраған аспанға.

Жұлдыздардын құрамы  
Жарқ-жүрк етіп бүгін де,  
Ай да көкте тұрады  
Баяғыдай күлімдеп.

Бал жүзімнің шырыны –  
Менің дәрі-дермегім.  
Ішіп алу – ырымым  
Таусылғанда дәрменім.  
Әйтпесем мен тұрмыста  
Көрде шіріп жамбасым,  
Қаламымды бір тұста  
Жатар еді шаң басып.

Зерделерде тербеліп,  
Айналып не лақапқа,  
Жермен бірге жер басып  
Жатар едім лақатта.

О, құрбылар, ойнасам,  
Оны біреу көксей ме?  
Кешіріңдер  
қоймасам  
Шарап жайлы көп сөйлеп!

## **БОЛҒАНЫ**

Білмейтұғын жомартың да, сараң да  
Бара алмайтын адалың да, арам да  
Жоғаламын жан баспаған аралға,  
Тек сенімен жолықпасам болғаны!

Боп-боз болып қабығындай қайыңның,  
Күнің түгіл, нұры түспес айыңның,  
Поляр түнін жамылуға дайынмын,  
Тек сенімен жолықпасам болғаны!

Керек десең, темір қамыт киейін,  
Керек десең, мыстаныңды сүйейін,  
Керек десең, қызыл шоққа күйейін,  
Тек сенімен жолықпасам болғаны!

Дүниеден, дәулетінен безейін,  
Аруақ боп айналаны кезейін,  
Тозағың ба? Тозағыңа төзейін,  
Тек сенімен жолықпасам болғаны!

Шегі бар ғой қасіреттің, шердің де.  
Бақыты бар мен сияқты ердің де...  
Айта алмас ем шын рахат көрдім деп,  
Жолықпасақ... соның дұрыс болғаны.

### **МЕНИҢ МАХАББАТЫМ**

Махаббатым емес бұлбұл мекені,  
Әуенімен оятатын бөпені.  
Жер де емес қалғып-мүлгіп жататын  
Шуақты күн қыдырғанша шекені.

Махаббатым емес тыныш тоған да  
Суат болар шөліркеген көп аңға.  
Әлде аққу ма айдын-көлдің кербезі?  
Жоқ, меніңше, ұқсамайды оған да!

Махаббатым көрі де емес байсалды,  
Қимайтұғын жасыл шалғын, майсаңды.  
Бағып-қағып, тәрбиелеп жалықпай  
Өсіретін жақсы менен жайсаңды.

Махаббатым – жазықтағы ақ сағым,  
Жүр бүгінде қызғаныштан дау салып.  
Енді қазір қаракшыдан аумайды  
Қолы – кында, шүріппеде – саусағы!

### **НӨСЕР, НӨСЕР, ТӨК, ТӨК!**

Нөсер, нөсер, төк, төк!  
Нөсерден жер көктейді.  
Мынау нөсер өбістен  
Жалақ ернім кеппейді.

Қара нөсер хабары –  
Сыздайды бұлт анары.  
Найзағайдай сұлудың  
Жарқылдайды жанары.

Нөсерге құр малынба!  
Сүй! – деп тағы жалынба.  
Кетпесіме амал жоқ  
Қалды оянып шалың да!

### **ҚУАНЫШТЫ ТҮН**

О, қандай түн! Шынында да қандай түн!  
Сен ғой мені, мен ғой сені таңдайтын!  
Сондай тыныш. Үн шығармас қу қыздар.  
Көк аспанда  
Жанасқанда  
Жымындайды жұлдыздар!

Жұлдыз болып жарытпаспын мен, сірә!  
Жалғыздықтан сен жоқ жерде сансырап,  
Неліктен мен, неліктен мен сыңармын?  
Адасқан ба?  
Деп аспаннан  
Құшағыңа құлармын!

### **КӘРІ МЫРЗА**

Кәрі мырза сезеді,  
Күдік жеңіп үмітін.  
Өртенеді өзегі  
Қызғаныштан күні-түн.

Сұмдық түстер көре ме?  
Көргеніне он бір ай...  
Келіншегі керемет,  
Ал жиені сұмырай.

Жігіт кездер босқа өлді,  
Ол кезден ол жеріген.  
Жастық кетті. Жас келді,  
Көрі жақын төрінен.

Жұмыстан соң достармен  
Отырады қарта ойнап.  
Өлемін деп жоспарла,  
Бірақ, бірақ қартайма.

Ет-жүрегін тілімдеп,  
Сүйіп еді кезінде...  
Таң атқанша бүгінде  
Шығады енді көз ілмей.

Дірілдейді иегі,  
Әйелінің міні не?..  
Ғашық сенің жиенің  
Жарына емес, күңіне!

### **КЕМЕНГЕР ҚАРТ НЕ ДЕЙДІ?**

Мына тірлік көңіліме қонбайды.  
Адамдар ма? Адамдарың оңбайды.  
“Жә! – дейді қарт, – Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!”

Алтын – теңіз... ұят, намыс бүгінде  
Бәрі, бәрі сол теңіздің түбінде.  
“Жә! – дейді қарт, – Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!”

Ақымақ жандар жібек киіп далақтап,  
Ақылды бас бүркеніп жүр кенеп қап.  
“Жә! – дейді қарт, – Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!”

“Дос” деген сөз қасиетті сөз еді,  
Енді соның жоқтығын жұрт сезеді.  
“Жә! – дейді қарт, – Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!”

Ақ көңіл жан болам деме... Бұл күні  
Жемтігіне ол ктті айналып түлкінін.  
“Жә! – дейді қарт, – Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!”

Әйел – адал?.. Жетер болса көзіңіз,  
Ақымақ қылу өзімізді өзіміз.  
“Жә! – дейді қарт, – Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!”

Шындық – тас бір, қозғағандар қозғасын!  
Лақтырғанның жарады ол өз басын.  
“Жә! – дейді қарт, – Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!”

Бар өмірде қанша ғажап өсиет,  
Онда бірақ қалмады бір қасиет.  
“Жә! – дейді қарт. – Енді оған не шара?!  
Мынау тостақ, сол тостаққа құй шарап!”

### **МАХАББАТ КӨЗ АЛДЫМДА МЫҢ ҚҰБЫЛЫП**

Махаббат көз алдымда мың құбылып,  
Мың түрлі көрсетесің күнде қылық.  
Сен – арал, теңіз болып ол күні мен  
Өзіңді аймалаймын толқыныммен.

Ал кейде дұғамсың сен оқылатын.  
Шіркеусің жексенбіде шоқынатын.  
Көр мейлі іңкәрлікті, көрме мейлі,  
Кеудеңе ол шырмауық боп өрмеледі.

Баймысың, кездестіргем жолда сені?  
Тұрады тонағым кеп онда сені.  
Соғылып тынар саған, сірә, маңдай,  
Боламын сонда қайыр сұрағандай.

Карпатсың, биіксің сен, оны аттаймын.  
Төсіңе қою бұлт боп қонақтаймын.  
Егерде тосар болсаң мың гүліңді,  
Көресің сайрап берер бұлбұлыңды!

Махаббат, міне, осылай мың құбылып,  
Көрсетсең күнде мінез, күнде қылық:  
Өзен боп, дария боп керегі не?  
Тартқанда ұлы сезім тереңіне?!

### **СЕНІҢ ҮШІН**

Сенің үшін тыйдым мәңгі күлкімді.  
Сен деп талай асау жүрек бұлқынды.  
Мен сен үшін істер едім бәрін де  
Тағдыр бірақ бермей қойды мүмкіндік.



Жаратқанға бекерге мұң шақпадым.  
Сен үшін мен істерге түк таппадым.  
Сол жалғыз-ақ: мәйітіңнің басында  
Жаптым өзім табытыңның қақпағын.

### **СЕН ГҮЛІМ ЕҢ...**

Сен гүлім ең... Кезі жетпей солмас гүл  
Сен солдың ба басты мені албасты.  
Сен күн едің, күн де батты, түн басты.  
Өзге жан жоқ, өлеңіммен мұндастым.

Жанарымның нұры едің-ау жанатын.  
Нұрым өшті, қайырылды қанатым.  
Отым едің, кезім еді от қызған,  
Сен өштің де, айналдым мен көк мұзға!

### **ТЕРЕЗЕДЕН ҚАРАЙСЫҢ СЕН...**

Терезеден қарайсың сен... Жаз айы  
Сұлу баққа сүйсінбеудің өзі айып.  
(Әттең шіркін, әттең шіркін болса ғой  
Өміріңнің өзі сондай ғажайып!)

Махаббат қой жас жүректің қорегі,  
Бұрымыңды гүлмен қосып өреді.  
Бақыттысың, бақ сенен де бақытты,  
Өйткені оны, сенің көзің көреді.

### **МАХАББАТТЫҢ ЖАЛАУЫ**

Жас жүрегім – махаббаттың жалауы.  
Екі басқа екі күштің қалауы:  
Күндіз-түні өз жағына тартқылап,  
Бітер емес осылардың талауы.

Біреуі үміт, жұдырықтай түйілген.  
Ақ боп кіріп, ақ боп шығар үйімнен.  
Екіншісі күдік деген бір пәле  
Түнек түндей кара киім киінген.

Міне осындай ниеті бар ортаның,  
Оған қарсы тұра алмайды шорқағың,  
Бір жүректі – бір махаббат жалауын  
Екі бөліп тастай ма деп қорқамын!

## МАХАББАТЫҢ МАШАҚАТЫ БАСТАЛДЫ

Махаббатың машақаты басталды.  
Күн шықты ма? Бұлт басты ма аспанды?  
Есеңгіреп, қызу кешке жолығып,  
Көретұғын болдым ылғи мас таңды.

Бұл неғылған сезім еді ашқарақ!  
Мен өзімді танымадым кеш қарап.  
Шарайнаның тұрып алып алдына  
Кетпейтұғын болдым тіпті, маскара!

“Қайырлы таң!” дейтін болдым ақшамда.  
“Қайырлы кеш!” деймін таңда қақшандап.  
Келгендерге “сау болыңыз”,  
Кеткенге:  
“Қош келдіңіз!” деп жүріппін бақшамда.

Асты таспен шатыстырып, ал енді  
Қолшамменен жазбақ болдым өлеңді.  
Ауызыма от жағымен тығыппын  
Шылым деген соратұғын пәлеңді.

Таба алдым ба, таппадым ба иемді.  
О, ғашығым, мен өзіңе сүйендім.  
Өзің үшін өртедім ғой, ем болсын,  
Күйіп қалған ерінімді сүй енді!

## СЕН ГҮЛ БОЛСАҢ...

Сен гүл болсаң, сабағымын сол гүлдің,  
Сен күн болсаң, қабығымын сол күннің.  
Қосқан бізді дәнекері тағдырдың,  
Іренжісең, тігісімнен сәгілдім!

Қуанышым, қыран болып қалықта.  
Жұлдызыңмын, бола алмасам, қамықпа!  
Сен тамұқтың оты болсаң,  
Ойланбай,  
Көзім жұмып, құлаймын сол тамұққа!

## ҚАРАКӨЗ ҚЫЗҒА

Қара көзге үнілем де ақырын,  
Қалдым басқа дүниеден мақұрым.  
О, Жаратқан! Сен бе соны жаратқан,  
Айналаға ғажайып нұр таратқан?!

Зағип болдым қараймын деп аруға,  
Дегенменен тиіспін ғой баруға  
Бір жақтарға... Келеді енді ой мұңды:  
Құлап түсіп, үзер ме екем мойнымды?!

Дегенменен көз қиығын салдың ба?  
Жығылсам да жығылайын алдында.  
Кұшақтайын тосып тұрсаң жолымды,  
Кұрбандыққа шалам сосын қолымды.

Қажет емен? Мені тастап кеттің бе?  
Кімді өбемін? Сен басқаны өптің бе?  
Бар ма сондай?.. Іздеймін деп қыз елін,  
Құлаймын да жұлынымды үземін!

## ЕНДІ БІЛДІМ...

Енді білдім: жаны жайлау, мереке  
Ары таза, мейірбанды ер екем.  
Мұндай жүрек таптырмайды әлемде  
Достары үшін ырыс, әрі береке.

Бар ғұмырым қайғы-мұңмен өте ме?  
Деген бір ой болған маған етене.  
Енді міне билеп жүрмін өкіртіп,  
Қалпағымды қонжитып бір шекеме!

Мына жүрек гүл секілді деп мен де  
Мақтанамын, көз салам да өткенге.  
Гүл секілді қоңыр күзде өліп ол,  
Тіріледі бүршік атып көктемде.

## СҮЙЕМІН МЕН

Сүйемін мен! Шашы гүл  
Сүйгенімді көрді аспан.  
Бірақ менің ғашығым  
Ару емес жер басқан.

Ұғындырсам жөнімен:  
Ол періште пішінде.  
Ол – Бостандық, оны мен  
Көремін тек түсімде!

Жүрегім шын қалаған  
Құшағында от қыздың.  
Бірінші рет мен оған  
Көңілімді жеткіздім.

Қуанышты пақырын  
Пақыр емес бұл жылы.  
Еңкейдім мен ақырын  
Берейін деп гүл жұлып.

Көрмей қалдым,  
Кім көрді  
Арттан ұрған қасымды?!  
Сыйлап бірақ үлгердім  
Гүл орнына басымды!

### **ҚАРА ТОРЫ ДАРА ҚЫЗ**

Қара торы дара қыз,  
Қандай ғажап арамыз!  
Менің жалғыз үмітім,  
Таусылды ма шарамыз?!  
Маңдайымның соры бар  
Сордың да бір зоры бар.  
Үмітіме қол жетпей  
Кезім бе осы торығар.

Жылап тұрған тал мынау,  
Жылататын хал мынау.  
Лайықты жар таппай,  
Өлетұғын болдым-ау.  
Сәмбі талдай жігіттің  
Жігерін шер үгітті.  
Сынып түсті топшыдан  
Қос қанаты үміттің.

Күздің бұл да белгісі:  
Қайтып жатыр жыл құсы.  
Кеткенім жөн еді ғой  
Соларменен бірге ұшып.

Кеудемді мұн кернеді,  
Құстарға да ермеді.  
Ұлы махаббатымның  
Шекарасын көрмедім!

### **НЕ ЖОҚ МЕНІҢ ОЙЫМДА...**

Не жоқ менің ойымда,  
Ғажайып бір күй кешем.  
Сүйесің бе? – мойында.  
“Сүймеймін!” де сүймесен.

Күндей сәуле таратқан  
Сезімде күш бар аса.  
Екеумізге жаратқан  
Сол сезіммен қараса.

Жаным сен деп күйгенде  
Күюдей-ақ күйеді.  
Анам мені сүйгенде  
Тап осылай сүйеді.

Бүкіл жолын ән қылып  
Тоқайласты, түйісті із.  
Жазда, қыста – мәңгілік  
Бір болуға тиіспіз.

Жылдың жалғыз көктемі  
Жалғыздықтың бар мәні...  
Құдай жалғыз көктегі  
Және жалғыз арманым:

Қалмай тұрып от сөніп,  
Құшағыма қонсаң ғой.  
Жалғыз жарым деп сені  
Айта алатын болсам ғой!

### **СЕН СҮЙЕСІҢ КӨКТЕМДІ**

Сен сүйесің көктемді.  
Мен – көлеңке, іңірмін.  
Сен мамырсың от демді,  
Ал мен күзгі ғұмырмын.

Өскен гүлсің еркелеп,  
Оның өзін де байқадың.  
Күздің күні ертерек  
Ұясына қайтады.

Басамын мен толғанып,  
Ендігі өмір шолақ тым.  
Сәл аттасам болғаны,  
Қарашаға қонақпын.

Сен аттасаң ілгері,  
Мен шегінсем кейінге,  
Көп нәрсені үлгеріп  
Істер едік... дейім де!

### **ҚАРҒЫСҚА БЕРГІСІЗ**

Күзгі тұман көзге түртсе көргісіз,  
Қара албасты қарғысыңа бергісіз.

Жолаушының көңілдегі тұманы  
Қалыңырақ, қалың және күмәні.

О, бозбала, жауар бұлттай түнерген  
Қайда тарттың? Болар ма екен білерге?!

“Арғы атамыз қақпасынан жұмақтың  
Шыққан кезде қойдың ба бұл сұрақты?”

Ғашығынан айырылған қаралы  
Кім іздейді, енді қайда барады?!”

Бозбаланың жанына мұң батты ма,  
Алдында да, артында да көк тұман!

Жүре берді ол міне осылай мұң басып,  
Көрінді алдан екі нәрсе сұлбасы:

Сірә, итмұрын өскен жолдың шетінде,  
Көздің жасы сорғалаған бетінде...

Елсіз дала, күзғындардың дауысы,  
Күрсінеді ол бар амалын тауысып!

## БЕРІ КЕЛШІ

Бері келші! Көрейін өрімінді.  
Мүмкін маған сыйларсың ерінінді.  
Бір-екі рет! Несіне тарынасың?  
Сүйгізбесең, сүюді сағынасың!

Бері келші! Келе ғой, қылымсыма!  
Көріп пе едің жігітті бұрын сынап?  
Жаратпаған боласың тиіскенді,  
Ұнатасың дегенмен сүйіскенді.

Білмейсің бе, немене, өбісуді?  
Бірінен соң біріне келісуді?!  
Қарама сен? Қарама ала көзбен.  
Мен сұлуды сүюші ем бала кезден.

Бала кезден мен соның шеберімін,  
Қыздардың да көргенмін не керімін.  
Мен сұлуды сүюші ем бағып тұрып,  
Омырауын өзіне ағыттырып.

Ерінінді тоса ғой, бұрып бетті.  
Шешең сенің қораға кіріп кетті.  
Онысыз да біз мұнда күн көреміз,  
Ұзақ-ұзақ сүйісіп үлгереміз.

## ӨМІР КЕРМЕК, МАХАББАТ ТӘТТІ

Мен адамға тек жақсылық қалаймын.  
Ал иттігін көрдім өзім талайдың.  
Ине ұғып, төсегімді таптайды,  
Ағаруы содан шығар самайдың.

Қорлау үшін табады бір қисынын,  
Бұзар ма еді өздерінің тұмсығын!  
Өмір ащы, махаббат сәл тәттірек,  
Бір тамызшы, дәмді болсын сусыным!

Жүрек – қобыз, сол ғана дос ауылда.  
Оның өзі ұнамайды қауымға.  
Әуенінен, ырғағынан жаңылар  
Қоңыраулап дүнгірлеген дауылда.  
Дүнгірлейді, шығар десем сынсып ұн.

Жеткізе алмай қасіреттің тылсымын  
Өмір ащы, махаббат сәл тәттірек,  
Бір тамызшы, дәмді болсын сусыным!

О, махаббат тұратұғын сертінде,  
Сен ғана емсің жүрегімнің дертіне.  
Емендейсің, кете алмайтын су басып,  
Алдырмайтын ұсақ-түйек өртіне,  
Саған үміт ұя салар сүйсініп.  
Тіпті жақсы бұтағыңның кисығы.  
Өмір ащы, махаббат сәл тәттірек,  
Бір тамызшы, дәмді болсын сусыным!

Балауса қыз, ерінінде сүт дәмі.  
Күзгі күнмін, қараймын мен сұқтанып.  
Қарағанда қайта оралып көктемім,  
Көз алдыма келеді бір құт таңы.  
Сен тұрасың әжептәуір қымсынып.  
Бұрымыңа, киіміңе күн сіңіп.  
Өмір ащы, махаббат сәл тәттірек,  
Бір тамызшы, дәмді болсын сусыным!

### **МАХАББАТТА, РАС, ТАЛАЙ КЕТТІ ЕСЕМ**

Жүрек – тас деп, артық айтып сөкпе сен.  
Махаббатта, рас, талай кетті есем.  
Іші толған көңіл жасы, көз жасы  
Қайық болды, менмін соның қожасы.  
Қайғы мен мұң, қасірет шер – ескегі,  
Міне осы, махаббаттың өстеді.

Жүрек – тас деп, артық айтып, сөкпе сен.  
Махаббатта, рас, талай кетті есем.  
Бұтағы да, дінгеге де қураған  
Жынға толы болды әсте ну орман.  
Аңсайтұғын жас ет және жылы қан  
Қорғау болды сол махаббат ұлыған.

Жүрек – тас деп, артық айтып, сөкпе сен.  
Махаббатта, рас, талай кетті есем.  
Көк шалғында мың жығылып, мың тұрып,  
Көбелекті ұстаймын деп ұмтылып,  
Ұшып түскен шұқырына даланың  
Қылығына ұксады ол баланың.



Жүрек – тас деп, артық айтып, сөкпе сен.  
Махаббатта, рас, талай кетті есем.  
Арбаменен сүйегімді бір менің  
Ауласынан алып шыққан түрменің  
Қайғысы мен құсасына меңдетіп  
Өлтірген сол болды менің жендетім.

Жүрек – тас деп, артық айтып, сөкпе сен.  
Махаббатта, рас, талай кетті есем.  
Бұлбұл болмай, шымшық болды, жай шымшық.  
Енді мені қинағанын қойсыншы!  
Пана болып жарытпайды томар-түп...  
Жасын түскен одан гөрі көп артық!

### **А.Ф-ның АЛЬБОМЫНА**

Май құйылған бір құмыра қақында  
Әдемі аңыз қалдырыпты ақындар:  
Таусылмайды – төксең, ішсең – бәрібір,  
Іше бергін, қанша ішсең де қақын бар.

Таусылмайтын қанша ішіп бақсаң да.  
Тірліктің де рахаты тап сонда.  
Күлемін мен ептеп ішкен сараңға.  
Таусылмайды ол көп ішсең де, татсаң да.

Қай кезде де тұрады осы май ойда.  
Дұрыс дер ек кемеңгерді қалай да:  
Өзін өзі тізгіндемей ішкен ол,  
Таусылмайтын дүниені аяй ма?!

### **СЕНІ ОЙЛАСАМ**

Сені ойласам, қастарың – Ай, көзің – Күн,  
Бірден гүлге айналады сезімім.  
Бағбандықпен айналысам амалсыз  
Содан кейін, таусылғанша төзімім.  
Бірте-бірте көкшіл тартып биік тау,  
Батарда күн күрең көйлек киіпті-ау.  
Ал сүйгенім сол таудан да биіктеп,  
Қол жетпейді... енді қайда ұйықтау!

Күн жүреді батыс жақты бетке алып.  
Ал мен болсам теріс бара жатқаным.  
Кері жүрем, кері жүрем, өйткені  
Шығыс жақта менің сүйген ақ таңым!

Темірказық бүгін менің жолдасым.  
Жолға шықтым аспан нұрға толғасын.  
Кешкі жұлдыз киініпті әдемі  
Осы қазір сені көрер болғасын!

О қуаныш! Ғұмырың бар қасқағым.  
Көз салмаймын сұлуына басқаның.  
Жанарыңа үілем де жанамын,  
О сүйіктім! О алтыншы аспаным!

### **ҚЫЗДЫҢ МЕНДІК БОЛҒАНЫН**

Жаным менің толғанып,  
Асып-тассын, төгілсін!  
Қыздың мендік болғанын  
Құдай білсін, ел білсін!

Қуанышым мың есе,  
Қайғы-шерім артымда.  
Жылайын ба, немесе  
Күлейін бе қарқылдап?!

Табылмаған еш емі  
Дертім бар-ды зіл-батпан.  
Осы мен бе шынында  
Бақыттыдан бақытты?!

Ызалымын өткенге:  
Табады ғой іздеген.  
Айналсын күз көктемге,  
Үйленемін күзде мен.  
Өттің – кеттің, бала шақ.  
О, келер күн, қандайсың?  
Күн секілді болашақ,  
Тура қарай алмайсың!

Айым қайда көктегі?  
Ашық түннің аспаны...  
Ай секілді өткенім,  
Қарайды сол жасқанып.

Әрбір сәті таң қылып,  
Ұйықтатпайды жас қаным.  
Рахатым – мәңгілік,  
Ал мерзімі – қас қағым!

Кетер ме екен жан шығып,  
Бауырыма бастым да,  
Қала бардым жаншылып  
Ләззаттың астында.

Көрдiң бе, дос, көрдiң бе,  
Кете қоймас ертең де.  
Қалды табы ернiмде  
Ғашығымның өртенген.

Соқса дағы шабынып,  
Қорқытпайды ызғырық!  
Жатар оның жалыны  
Көрiмдi де қыздырып!

### **ҚҰЗДАН БИИК ҚҰЛАҒАН...**

Құздан биік құлаған  
Болсам өзен ағыны.  
Қыпша белін қынаған  
Күтсе жарым сағынып.  
Мөлдіреген суымда  
Асыр салып ойнаса,  
Өмір бақи қуанбай,  
Тек өзімді ойласа.

Бір дария бойында  
Батыр атын суарған  
Тұрғыны көп қойнында  
Болсам, шіркін, ну орман.  
Ну орманда сүйгенім  
Әрбір таңды қарсы алса.  
Ғажайып бір күйге еніп  
Құйқылжытып ән салса.

Жар басына салынған  
Болсаң берік тас қамал,  
Боз тұманға малынған  
Қалмас қызда басқа алам.  
Шырмауық боп жаз айы  
Құшар еді ол мені  
Тірлік кеші ғажайып  
Ұмытар едім өңгені.  
Болсам әлде дұрысы –  
Махаббатың лашығы.  
Сол лашықтың пірісі –  
Болса менің ғашығым.

Соны жырлап, ән ғылып  
Шығармас едім кұшақтан.  
Өмір бойы, мәңгілік  
От өшпесе ошақтан.

Не бұлт болсам  
қиядан  
Тұрған қазір ұшқалы  
Найзағайлар аямай  
Жырымдаған пұшпағын.  
Қалған арман-сарқытта  
Менде бір-ақ бар уайым:  
Жарым қызыл барқыттай  
Болса, кешкі арайым...

### СҮЙЕМІН БЕ МЕН СЕНІ?

“Сүйесің бе?” деп сұраудан жалықпа.  
Сұра! Сұра! Және соны анықта!  
Рас: сүйем! Бірақ қалай сүйемін!  
Оны өзім де түсінбеймін. Қамықпа!  
Тау көлінің тереңдігі, кел, күнім,  
Ешнәрсемен өлшемей де белгілі!

Не істемейді, не демейді ер кісі?  
Бүкіл жанын келеді оның бергісі.  
Жүрегімнің лүпілі мен дүрсілі  
Саған деген махаббаттың белгісі.  
Саған деген сезімімді тергеме.  
Лапылдайды, өшпейді ол көрде де.

Сезім – ұлы, өзім солай көремін.  
Көремін де айтқаныңа еремін.  
Сәл ұмытпасам, не ұмыта жаздасам,  
Мен өзіме “қарғыс атсын!” дер едім.  
Өйтер болсам, найзағайдан өлем мен,  
Өйтер болсам, жасын түссін төбеменен!

Қалайша мен өзімді өзім мақтаймын?!  
Есіміңді дұғадайын жаттаймын.  
Ант ішпей-ақ, қарғанбай-ақ өзіңді  
Жүрегімнің түкпірінде сақтаймын.  
Құстың жолы қандай болса аспанда  
Сен сондайсың менің үшін, жасқанба!

Арулардың жоқ өзіңнен асқаны,  
Таза көңіл – махаббаттың аспаны.  
Өзің сүйген, өзің сүйген адамың  
Ойлай да алмас бір өзіңнен басқаны!  
Түу биікте, тұрғандарды төбеңде  
Жер қайырып түсіре алмас төменге!

### ӘЙГІЛІ АРУ

Ертелі-кеш қақсаған  
Өлең-жыр сол қақында.  
Көзің түсіп кетсе оған,  
Алжасасың ақылдан.

Алтын беріп тұмарға,  
Сараң мүлкін шашады.  
Күндіз-түні жыр арнап,  
Ақын құшақ ашады.

Хан патшалар қаңғырып,  
Есі кеткен ел өңкей.  
Күн аспанды қалдырып,  
Болған соған көлеңке!

Онда әркімнің ойы бар,  
Тұрса да көр қазылып,  
Аш адамың тойынар,  
Ауру адам жазылып.

Жүйкемізде ойнады,  
Өмір болмай енді өмір.  
Онашада ойладым,  
Көрейін деп мен де бір.

О, азған күн! Азған күн!  
Осы ма еді қалғаны?!  
Біздің өлген азбанның  
Артықтау-ды талғамы!  
Қосылам ба бүйірден,  
Көңіліме қонбаса?!  
Сүйгеніммен түйірдей  
Ұқастығы болмаса!

## ПАНИ ПАНЬО

Бұл есімді ел маған  
Зорлықпенен таңбаған.  
Ұялар ем сол үшін,  
Ұят менде қалмаған.

Жоқ біз үшін ел шегі,  
Жоқ сезімнің өлшемі.  
Қарақшының жастығы –  
Менің толық емшегім.

Қаракшысыз қараң түн,  
Қараң және сараң түн.  
Сүңгіп жатыр сандыққа  
Солар берген сары алтын.

Шын жынойнақ біздің бар,  
Сонда мастар, қызғандар.  
Музыка ма? Әнекей  
“Сайрап” берді құзғындар.

Табылар-ау байталдар,  
О, достарым, байқандар.  
Төрт тісі бар айырмен  
Шаншып кетер сайтандар.

Мазалайды шұбар мұн,  
Қай жерде өліп тынармын.  
Бір дуалдың түбінде  
Көз жұматын шығармын.

Бақытым ба? Сорым ба?  
Таласпаймын орынға.  
Көме салар сығандар  
Ит көметін қорымға.

Сен – анасың, мен – бала,  
Анашым, түк қамдама.  
Шынын айтсам, бәріне  
Кінәлісің сен ғана!

Мен өзіннен қаймыққам,  
Дәметтің сен байлықтан.  
Өле сүйген жігіттен  
Өзің едің айнытқан!

## **ӨЗІ СҮЙГЕН БҰЛБҰЛЫ БАР**

Өзі сүйген бұлбұлы бар орманның,  
Өзі сүйген аруы бар арманның.  
Өзі сүйген жұлдызы бар аспанның,  
Өзі киген құндызы бар жас жанның.

Құстар сайрап, найқалады көк шалғын.  
Қыздар көркі бағың менен бақшаңның.  
Олар енді бір орында тұрмайды,  
Қол ұстасып билейді де жырлайды.  
Жұлдыз ағып, сарғаяды байтағың.  
Құстар болса жылы жаққа қайтады.  
Тек ғашықтар қолдарында жүзігі  
Жыл – он екі ай басылмайды қызығы!

## **ҚЫЗЫЛ ІҢІР**

Күн ұяда тыныштығын таппақ бір.  
Қыр астында қараңғылық қаптап тұр.  
Ауру жандай өңі қашып, бозарып,  
Жапырақтай шашылады аппақ нұр.

Зілдей болып мұң басады еңсені.  
Күн сәулесі... Бара жатыр ол сөніп.  
Қоңыраудың қоңыр үні алыстан  
Естіледі, тербетеді сол сені.

Тірі жан жоқ, жолдасым жоқ қасымда.  
Сұлулық бар, гүлің түгіл, тасыңда...  
Құдайға аян не жатқаны ішімде,  
Құдайға аян қандай ой бар басымда!

## **СӘСКЕ ТҮС**

Аспан ашық... Шыдатпайды ол аптап.  
Жұтар едің жетпейді ауа алапта.  
Тынып қалған қыбырлаған тіршілік,  
Төбет жатыр ұзын тілі салақтап.  
Шөп шабады бозбалалар тізіліп,  
Оны қыздар әкетеді сызылып.  
Қандай азап ыстықтағы бұл шаруа  
Жетіп жатқан кезде өмірдің қызығы.

Біледі ел жалпы тірлік, хал-күйді.  
Күн көре алмай біреу түзде қаңғиды.  
Король тақта,  
Жалқау шопан  
Бикештің  
Балтырына басын қойып қалғиды.

### **ҚОЯЛЫҚ ТА ӨКПЕНІ**

Жоқ ешқандай өтемі  
Сол әңгіме кешегі.  
Әзіл-қалжың жетеді,  
Енді іске көшелік.

Тағы әңгіме басталар,  
Бастамаған дұрысы.  
Баяғыда-ақ басқалар  
Қалар еді ұрысып.

Өріп шыққан темірден  
Босатпайды тор мықты.  
Жүрегімнен өмірде  
Көріп болдым қорлықты.

Тірлікте көп оңбаған,  
Сеніп келдім бәріне.  
Енді мені алдаған  
Ұшырайды кәріме.

Айтпа маған аңызды,  
Құр бекерге тамсанам.  
Мәселемен маңызды  
Келіп тұрмын мен саған.

Ақыл-ойға басқартып,  
Қоялық көп өкпені.  
Бас тартудан бас тартып,  
Өз еркіңмен өп мені!

### **ТАМЫЗДЫҢ БЕСІ**

Арманыма, мақсатқа  
Жетпедім бе, жеттім бе?  
Жүзік салып саусаққа,  
Өппедім бе, өптім бе?



Бояуындай арыңның  
Бетіндегі нұр қандай?!  
Бар қызығы жарыңның  
Өбісуде тұрғандай.

Ал кәне сүй! Көрмейді.  
Көрсө, көрсін, несі бар!  
Кім біздерді тергейді?  
Тергемейді, есі бар.

Сүйоден мен именбен,  
Сүйе берем жасқанбай.  
Өртенесің сүйгеннен  
Күнге ғашық аспандай.

Бойыма у тарапты,  
Есенгіреп қалдым ба...  
Сүйо менен шарапты  
Шатастырып алдым ба?!

Олимптегі құдайлар  
Құмар әсте шарапқа  
Маспын өзім былай да,  
Оған мені қаратпа!

Тағы да сүй! Сүй мені!  
Не керемет! Не мастық?  
Жер менен жер, үй мен үй  
Бір-бірімен ұласты!

Ұқсағанмен дастанға,  
Емес мұңым өтірік.  
Ұшып жүрмін аспанда  
Бір бұлбұлға отырып.

Сүйе берем! Тыңдаман.  
Тәттісің-ай! Ғажабы-ай!  
Айналамда мыңдаған  
Жарқылдайды найзағай!

Мойын сұқпа қамытқа,  
Осы тағдыр қайда да...  
Сақтан, бала! Бақыттан  
Өліп кетер кейде адам!

Артур РЕМБО

---

---

## ЖЕТІМДЕРДІҢ ЖАҢА ЖЫЛҒА СЫЙЛЫҚТАРЫ

### I

Бөлме күнгірт қоймалжың,  
Қара қанат түн кірген,  
Екі бала бөлмеде сыбырлайды мұңды үнмен.

Бозғылт перде артынан көрінеді бастары,  
Еңселерін езеді үрейлі елес басқалы.

Тырнағымен қаһарлы бүрген кезде сұр аспан,  
Тонған тәннің дірілі қорқынышқа ұласқан.

Жаураған құс сырттағы бір-біріне тығылған,  
Мүлде айрылып тынғандай “ұшу” деген ұғымнан.

Барады өтіп Жаңа жыл нөкерімен тұманды,  
Қарлы тонын сүйретіп,  
Күледі өзі күмәнді.

Құс қанаты,  
ағаштың бұтақтары жарқырап,  
Ән салады Жана Жыл жылайды әрі қалтырап.

### II

Қос бөбекті тас түнек езгілейді сан батпан,  
Шығармайды үн – дауысты аулағандай жан-жақтан.

Түршігеді естілсе – алтын әуен таң алды,  
Шойын балға түрткендей шыныланған қамалды.

Бөлме – суық.

Түн шашын тарайды таң тарағы,  
Жерде жатыр шашылып кілең киім қаралы.

Түн серпілді ұйтқыған таңның суық желінен,  
Толтырады бөлмені жел өзінің демімен.

Жанарыңнан сауал боп тірілгенде ішкі үміт,  
“Мына жерде кім жоқ?” – деп сұрарсыз сіз қыстығып.

Салтанатты мейірім шүпілдеген жанында,  
Жоқ сияқты анасы бөбектердің маңында.

Кетті ме екен ұмытып қарбаласта кештегі,  
Отты көсеп қоюды күл ішінен пештегі?

Үйді тастап баратып біржолата ертесін,  
Бейбақ бөбектерінің қымтаса етті көрпесін?..

Қайда кетті анасы? –  
Білмейді оны жуық маң.  
Қос қозысын кетті ме қорғай алмай суықтан?

Қайран ана елесі!  
Жылы еді ғой мамықтан,  
Борап жатты жұпары кеше суық табыттан.

Тәтті түсті көріп кіл, аппақ нұрға боянған,  
Бақыт еді-ау сәттері құшағында оянған.

Зұлымықтың жасыны соққан кезде сорғалап,  
Ұясының үстіне төсеуші еді ол қанат.

Сол қанаттың астында қос балапан шырлайтын,  
Ұясының ұйтқысы шаттық жырын тыңдайтын.

Әттең!  
Енді ұяда жылу да жоқ, мамық та,  
Тоңып жатыр бөбектер таңылғандай табытқа.

Таң да үрейлі оларға.  
Анасынан үзді үміт.  
Тұл бөлмені кезіп жүр таңғы дүлей ызғырық.

### III

Бұлар – жетім...  
Енді-енді қандыңыз ба мән-жайға? –  
Аналарын жер құшты.  
Ал әкесі – шалғайда.  
Кемпірге де күтуші  
Бала бағу оңай ма?! –  
Көбіне оның елесі көрінбейді маңайда.

Отырады егіліп, атқанда таң томсарып,  
Ызғарлы үйдің ішінде күнді екеуі қарсы алып.

Өткен күнін ойлайды қабақтарын тас түйіп,  
Естеліктер – ешқашан түгесілмес таспих.

Уәде еткен сыйлықтар шашушы еді нұр ғажап,  
Тылсым тәтті сәулелі түс көретін түнде азат.

Әркім түсін көретін – не көргісі келсе егер,  
Алтын қағаз оралған тәтті ұсынған қол шебер!

Ойыншықтар би билеп, мың бұралып айтады ән,  
Жоқ боп кетіп біресе, жарқ ете қап қайтадан.

Ерте оянып азанда, айыққанда пәк тұман,  
Өлі кетпей жатушы ед еріндегі тәтті дәм.

Мереке күн жеткенде – жарқ-жүрқ етіп жанары,  
Ата-ананың үстіне қақпай кіріп барады.

Ал бұларды ол жерде қарсы алатын сүйіспен,  
Мас болатын жымиған жұпары бар иістен.

Мерекенің сылтауы емес еді аз бақыт,  
Тентектіктің ошағын жіберетін маздатып.

#### IV

Oh, олардың сөздері тамаша еді-ау, тамаша! –  
Құлпыратын сәт сайын үйдің іші жаңаша.

Пештегі от та гүл құсап жайнаушы еді уыста,  
Көлеңкелер бір сәтке тығыла қап қуысқа.

Көлеңкелер биінен жалыны оттың шалқыр-ды,  
Жиһаз беті елеске толушы еді сан түрлі.

Бір қызығы, кілті жоқ...  
Иә, кілті жоқ шантақтың,  
Көз ала алмай дәл содан, келді талай дәм татқың.  
Кілттеулі есік ар жағы құпия бір ғалам боп,  
Ашты қиял кірпігін – сол тылсымға алаң боп.

Тесігінен құлыптың қараңғыны қақ жарып,  
Естілетін бір гуіл, түнгі тылсым жанданып...

Ата-ананың бөлмесі қаңырап тұр ал, бүгін,  
Жұтты түнек есікке жұққан сәуле қалдығын.

Енді, міне, пеш те жоқ,  
Сүю де жоқ өртеніп,  
Ата-анамен бірге өшіп, қалды адыра еркелік.

Жаңа жылдың түні де қайғы болып басталмақ,  
Қарсы алады егіліп, жанарлардан жас парлап.

Сыбырлайды екеуі пештің түбін мекендеп:  
“Алыстағы анамыз қашан келер екен?” – деп...

## V

Барады ұйықтап бөбектер түк қорғансыз пішінде,  
Жылап жатқан сықылды олар, тіпті, түсінде.

Жүрегінді бұл қайғы алады орап жалынша,  
Түн ішінде өксіген бөбек үні шалынса.

Сәби шақтың, алайда, періштесі емсек-ті,  
Қос жетімге тәп-тәтті түстерді әкеп көрсетті.

Мүмкін емес бөлісу ол түстердің шаттығын,  
Шалықтайды жымыып, шашып маңға пәктігін.

Қолдарымен жер тіреп, көтереді бастарын,  
Шолады кеп көздері қызғылт жұмақ аспанын.

Кетіргендей тәтті түс көңілдегі қаяуын,  
Шашу қылып ойнайды кемпіркосақ бояуын.

Пеште жалын лаулайды, көңілді бір ән салып,  
Терезеден көк аспан үніледі тамсанып.

Күн нұрына масайып күллі ғалам оянды,  
Ыстық сүйіс қыздырған жер шапаққа боянды.

Үй – жап-жарық...

Үрей жоқ.

Тұр қанатын жайып көк,

Қара киім жердегі кеткен бәрі ғайып боп.

Қойды үруін жыртқыш жел үй есігін тырналап,

Перизаттар жүргендей шекесіне гүл қадап.

Қос бөбектің шықты үні –

Қуанышты үн бал төккен...

Міне, ананың төсегі...

Не нәрсе онда жалт еткен?

Кереуеттің үстінен қоя берді күлімдеп,  
Ақ күмістің жүзінде қызғылт сәуле дірілдеп.

Кіл зергерлік бұйымдар жарқырап тұр, жанып тұр,  
Маржан қырын  
Жұзақтың сәулесі өтті қарып бір.

Онда алтынға Аманат – Сөз жазыпты мүсіндеп:  
Ең асыл сөз ойылған:  
“БӘРІ АНАМЫЗ ҮШІН!” – деп.

*Декабрь, 1869*

### ҚАРҒАЛАР

Қаһарлы аяз мінгенде әбден желкеге,  
Күллі ғалам басып алып құлағын,  
Ауылдарда өшкенде үні дұғаның;  
Ұлық Ием, бұл қайғылы өлкеге,  
Мынау өлі керендікке тас тамған,  
Қарғаларды жаудыртшы бір аспаннан.

Аумайсыңдар қатал үнді әскерден,  
Ұяларын жел талаған қайғылы.  
Жыртқыш, жойқын өзендермен әйгілі,  
Бейіттегі айқыштармен жас көмген,  
Түн тығылған ор үстімен өтіндер,  
Жетіндер де әрмен тағы кетіндер!

Өлісі үнсіз француздың өлкесін  
Кезіндерші қысыменен дүркіреп,  
Қалғып кеткен санамызды сілкілеп,  
Жанымызды жад алауы өртесін.  
Жаулап алса сол үрейлі үн көкті,  
Ұмыттырмас – біздерге ұлы міндетті!

Бірақ мамыр құстарының сырлы үнін  
Жібермеші өз қайғыңмен үркітіп. –  
Тұр оларды алаңдарда гүл күтіп.  
Сен түрші тек меңіреулер түндігін:  
Өткені – өлі, болашағын қайғы алған,  
Тамырлары мылқаулыққа байланған.

## СОҢҒЫ ӨЛЕҢДЕР

### ЕСТЕЛІК

#### I

Түп-тұнық су бала шақтың көз жасындай тым кермек,  
Әйелдердің ақ тәндері ұмтылады күнді аңсап.  
Жалаулардың жібегіне торын сәуле құрған шақ,  
Жасырынған жар астына қызды лала гүл көмбек.

Жыбырлап жүр періштелер. –  
Жо-жоқ... алтын ағыс па? –  
Шөп ішінде жатыр оның ылғал қолы көз қарып,  
Оған түк те етпейді әсер төніп келген қозғалып –  
Үстіндегі көлеңке ме әлде түпсіз ғарыш па?!

#### II

Көз алдында ылғал әйнек, сабын көбік бұрқаған,  
Су шаяды бар төсекті алтын құсап бозамық,  
Қыздың жасыл бөз көйлегі ерікті алып тозаңып,  
Сәмбі талға қатты ұқсайды құстың әнін қымтаған.

Сарғыш қабақ көне ақшадай бедерлі екен.  
Қызған қан.  
Лала гүлдей ашылады жұбайыңның пәктігі,  
Кешкі арайды дірілдетіп тұр бөлмеде тәтті үні,  
Күнгірт айна шақырды оны батар күннен қызғанған.

#### III

Көрші орманның алаңқайы.  
Жас әйел от тұтатты,  
Қолында оның қолшатыр мен езілген гүл..  
Пәк талғам.  
Ал балалар шөпке отырып сафиянмен қапталған  
Қолдарына ап оқып жатыр қасиетті кітапты.

Әттең, әлгі кетіп қалды..  
Сәл қысты да қолынан.  
Жол үстінде қош айтысқан періштедей елесі.  
Төбе артынан көрінбейді..  
Үрей бұған денесі  
Барады еріп әлгі суық қарайғанның соңынан.



#### IV

Сәуірдегі Ай, бұл киелі төсекке алтын күй бүгін,  
Кім ұға алар қалың, таза қайғыларын шалғынның?..  
Жағадағы иесіз қорған моласындай бал-күннің,  
Оған бүгін жазғы кештер жүргізеді билігін.

Жел сыбдыры.

Жылайды үнсіз қорғандағы бөрене,  
Сыбыс аулап тынып қалған сақшы-терек тынысы.  
Сүп-сұр жазық, – еш елестің білінбейді сыбысы.  
Ал шал болса, етеді еңбек қайраңдағы кемеде.

#### V

Күлгін судың ойыншығын жасаймын деп қапылман,  
Қолым қысқа,  
тәнім әлсіз,  
жылжымайды қайығым.  
Сарғыш гүлді жұлудың да таба алмаймын лайығын. –  
Күл төгілген су түбінен көкпеңбек боп шақырған.

Тал қанаты кетті қозғап өрмекшінің шатырын,  
Қамыс, құрақ жаншып кеткен көнді гүлдер тағдырға.  
Танар екен қатал тағдыр қай батпақ, қай балдырға  
Қайығымды –  
Су түбіне батып кеткен ақырын?..

\*\*\*

О жүрегім, – қан мен оттан төсегі,  
Кісі өлтіру.  
Иттей ырыл  
Есті аң-таң.  
Жеті тозақ отын бүгін көседі,  
Тәртіп пен заң шекарасы тас-талқан.

Кек қуамыз көзімізге қан ұйып,  
Өлім! – Саған, биіктегі төрелер!  
Үнің өшсін, заң мен билік, тарих! –  
Қанмен, отпен сыбағанды береді ел!

Кел, ақылым, қанға қақта жүзінді,  
Кек алауын жағып, бәрін үйтеміз.  
Бар патшалық шекарасы бұзылды,  
Жетер, әскер, тозды біздің жүйкеміз!

Атылғанда ашу, кектің тығыны,  
Қиялшыл дос, біз жасаймыз өмірді.  
Жақындандар, о, қарғыстар ырылы,  
Тыныштықтан гөрі осы көңілді.

Евроазия, Америка, – зыт әрі!  
Кек маршына жұтылады шартарап.  
Ауыл, қала! –  
Барлығын түн жұтады,  
Мұхиттарды жанартаулар өрті орап.

Біз бауырмыз!  
Таныс-бейтаныс достарым,  
Зәңгі-зұлыс, кәне, артымнан еріңдер!  
Қайғы алауы барады өртеп...  
Аспаным  
Құлап келед...  
Бізді орайды кебін-жер.

Жоқ ештеңе! Мен мұндамын.  
Бұрынғыша...

### ҚАРАҚАТТЫҢ ӨЗЕНІ

Қарақаттың өзені түк түсінбей жылжиды,  
Періштелер секілді қарғалар.  
Кернейлерін үргілеп, тартады кеп бір күйді,  
Аққан өзен үніне жалғанар.  
Самал желдің соңынан қалмай еріп сүңгиді,  
Қарағайлар жүгірген – ол да бар.

Барлығы да ескірген құпияның соңынан,  
Далақтайды, ереді дабырға.  
Көне камал, керең жар жолығады жолынан,  
Ер-Серінің елесі қабырда.  
Айтады елес сыбырлап – қорқынышты торыған...  
Ол күн бірақ малынған жалынға!

Жалғыз жаяу жүргінші сығаласын жарықтан,  
От алсын бір сілкінген күйінен.  
Құдай өзі қарғаға құдіретін дарытқан,  
Жауынгері орманның – шүйіген –  
Анау ашкөз шаруаны – қарғымайтын арықтан,  
Қуу үшін үйренген үйінен.

*Май, 1872*

## ШӨЛДІҢ КҮЛКІСІ

### 1. АТА-БАБАЛАРМЕН ӘҢГІМЕ

Иә, біз сенің ата-бабаңбыз!

Қарашы:

Ерлікке толы жеңіл шараптың шарасы.

Дарыған оған жасыл шөптер мен

Толған айлардың парасы.

Күннің астында, шамасы,

Ішуден басқаны қаламайды адам санасы.

**Мен.** – Басымды жұтса, шіркін-ай, менің,  
Жабайы өзендер жағасы!

Біз сенің ата-бабаңбыз!

Сұс-есім.

Су іздер болсаң, ол – ағаштарда

Қымтаған қабық мүшесін.

Қарашы: ол су – орларда,

Және маңайда –

Құлыптап қойған кісесін.

Су керек болса,

Біздерге қарай –

Көр-қоймаға онда түсесің,

Ал сүтті кейін – ішесің.

**Мен.** – Барғым келеді сансыз отарлар  
Қандырған жерге місесін!

Иә, біз сенің ата-бабаңбыз!

Ыдыстарында от күлген,

Барлығы да әзір:

Кофе де, шай да бөктірген.

– Қабірстаннан оралып тұрмыз шоқ гүлмен.

**Мен.** – Барлық кокыс салғышты  
Құрғатсам, шіркін!.. – деппін мен...

## 2. ӘРУАҚ

Мәңгіліктің Уиндинасы<sup>1</sup>, ұшқыр ең,

Тұңғықты өлшеп,

салшы тіс-түрен.

---

<sup>1</sup> Уиндина – су рухы (су пері).

Тулап жатқан толқындардың үстімен,  
Афродита, үш кілен.

Норвегия Агасфері, көзең – нұр,  
Қар туралы айтып берші әңгіме.  
Ертегіде қуғын көрген ежелгі ұл,  
Мұхит жайлы шырқашы бір әнді де.

**Мен.** – Сусынға да – шыттай жаңа шишасы,  
Шыныдағы гүлдерге де түк те жоқ!  
Шөлдеткенде көне аңыздың қиссасы,  
Бар салмағын біздерге кеп жүктемек.

Бұл жабайы шөлдің кіндік әкесі –  
Жырау, тағы кептіреді аңқамды.  
Жеті басты су-аждаһа сәт осы  
Жылжып келіп кеміреді қаңқамды.

### 3. ДОСТАР

Жүр! – десе, дос іркілмегем,  
Шарап болып бүлкілдеген  
Жағаны ұрған толқындар кеп,  
Мас ормандар көркімді әрлеп,  
Таудан төмен солқылдар кеп,  
Басылмаған өртім бар деп.  
Асығындар, бірадарлар,  
Жасыл шарап, сыралар бар...

**Мен.** – Бұл көрініс, басы – мұзда,  
Әлдеқайда асығуда, –  
Тоқтамай ма қасымызға?!  
Мас болудың мағынасын,  
Ұқпадың-ау тағы, досым?..

Түсін сырын мастың, қарақ,  
Шын мас болсам, аштым – қабақ.  
Тоғандарда,  
Жеркенішті  
Көбіктердің астында қап;  
Шірік ағаш арасында  
Жатсам, шіркін, тасқын қамап!

#### 4. МҮСӘПІР АРМАН

Бір жерлерде Ескі Қала  
Күтіп тұр ма, бәлкім, мені?  
Шарап ішіп шалқыр ма еді! –  
Онда қарсы ап кешті дара,  
Соғар ма ажал салқын демі.

Ақша бітсе, жаныма аздап,  
Қайғы қашып кіл кісәпір,  
Оңға, солға жырды сапыр –  
Жөнелер ме ем тағы маздап?  
О, жоқ!  
Арман – тым мүсәпір.

Көп жоғалттым – бердім әлді,  
Қайта ие боп атағыма,  
Аттансам да сапарыма,  
Кіре алмаспын енді мәңгі –  
Жасыл Жыртқыш Жатағына.

#### 5. ҚОРЫТЫНДЫ

Көгершіндер алаңда бүрсендеген,  
Түнгі жыртқыш жерді іздер кірсем деген.  
Қорада – мал,  
Ақырғы көбелек те,  
Барлығы да дәл бүгін тым шөлдеген.

Жан тапсыру қай жерде – маңызды емес,  
Ішінде еру бұлт, гүлдің парыз демес.  
Ормандарда – шашырап күн нұрымен  
Сен жайында тарайды аңыз көмес...

#### ТАҢҒЫ ТӘТТІ ОЙЛАР

Тәтті түс қандай жазғы таңдағы,  
Ғашықтар гүлдей ашылған.  
Кешкі тойлардың наз-жұпарлары  
Күн шапағымен шашылған.

Алайда зәулім құрылыстардың  
Көкке ұмтылады бастары.  
Балташылардың ұлы құштарын  
Паш қылып, жырға басты, әні!

Шөлдерге жазып бастай ма хатын,  
Өтеді мұнда ай-күні.  
Жерде жүр олар – тасқа айналатын  
Шаһардың барлық байлығы.

Кетіп қал, Шолпан, осылар үшін,  
Кете тұршы енді бір сәтке.  
Өзің таңдаған ғашық әні үшін  
Қонақтап қалсын нұр шөпке.

Шаруагерлердің патшайымысың,  
Еңбекқорларды әлдендір!  
Желпітіп желдің патсайы күшін,  
Құйылсын бойға ән мен жыр!

*Май, 1872*

## **ТӨЗІМ ТОЙЛАРЫ**

### **(1) МАМЫР КЕСТЕЛЕРІ**

Жөке ағашы бұтағын бұрап есіп,  
Қалды аңшының тұншыққан ұраны өшіп.  
Үйір жыры – желдері даналықтың  
Қарақаттың бүрінде тұрады есіп.  
Тамырымда сақылдап қан күледі,  
Сабақтарға өреді мәңгі мені,  
Періште жүз көк – сұлу,  
Қайнатқандай  
Көксіл нұрға бозамық қына қосып.  
Шығып барам бойдағы шыдам өшіп,  
Жараласа жүрегім сәулесімен,  
Көкке құлап, шөп болып шығам өсіп.

Жамандығым ісімді кер кетіріп,  
Жалығудың бесігі тербетіліп,  
Қайғылы жаз мінгізіп тұлпарына,  
Кетіп барам болмысқа енді өкініп.  
Жібер мені, Табиғат, жерге тығып,  
Өлмеу үшін шопандар жербетілік.

Өтсін деймін шаршатып ай-күндерім,  
Қоныс қылам аштық, шөл айдын көлін.  
Тойындыр да ішіндір, мейлің, дедім,  
Баяғыда тоқтаған бәйгім керім.  
Ешкімге де күлмеймін, қызық емес,  
Еркін болсын тек қана қайғым менің.

(2) ЕҢ БИІК МҰНАРАНЫҢ ЖЫРЫ

Жастығым қайран – той құмар,  
Тынымнан мүлде безіндім.  
Ендігі еншім – қайғы-зар,  
Құрбаны болдым сезімнің,  
Махаббат билер ғаламды  
Көрсек қой, шіркін, заманды.

Өзіме өзім өкпелеп:  
Қаранды батыр! – деп едім.  
Алдағы күннен жоқ көмек,  
Қуаныш күтпей келемін.  
Оңашалықтың киесі –  
Күмәнсіз қонған сый – осы!

Тағы да шыдам тілейін,  
Жарылсын ерін шыт-шыт боп.  
Азаптар менен үрейім  
Көкке ұшып кетсін быт-шыт боп.  
Қанша азап шекті, Тәңірім,  
Қараңғы шөлде тамырым.

Иесіз анау даланы  
Жуып еркіндік жұпары.  
Арамшөптердің самалы  
Еркінді сенің жұтады.  
Гүлдейді дала – нуымен,  
Жағымсыз жәндік шуымен.

Жанымның барлық байлығын  
Ысырап қылдым аяусыз.  
Тоналды жүрек-айдыным, –  
Бір бейне бар тек – қаяусыз. –  
Тазалық Тәңірін жоқтаған  
Дұғалар қайда жаттаған?

Жастығым қайран – той құмар,  
Тынымнан мүлдем безіндім.  
Ендігі еншім – қайғы-зар,  
Құрбаны болдым сезімнің.  
Махаббат билер ғаламды  
Көрсек қой, шіркін, Заманды.

*Май, 1872*

### (3) МӘҢГІЛІК

Оған сый осы бұйырған!

Қандай сый?

Ие: – Сәт осы –

Мәңгілік! –

Онда қиылған

Теңіз бен Күннің некесі!

Әруағым, саған шағынғам,

Күзетке тұрып байқа да,

Сөнген түнек пен

шағылған

Шапақтың сөзін қайтала.

Ықыласын барлық адамның,

Құштарын бүкіл ынтаның

Ысырып тастап

Ғаламның

Шығанына сен шырқадың.

Өйткені Ұлық Парыздың

Алауы бізді шарпып тұр.

Киесіне елтіп аңыздың,

Тыйылған сөзден бар түкпір.

Жоқ тіпті үміт елесі,

Дұғалардан да түк қалмас.

Білім мен Сақтық сені осы

Азаптан бір сәт құтқармас.

Оған сый осы бұйырған!

Қандай сый?

Ие: – Сәт осы –

Мәңгілік! –

Онда қиылған

Теңіз бен Күннің некесі!

*Май, 1872*

### (4) АЛТЫНҒАСЫП

Тыныштық.

Мәң, міне,

Періште үн. Пәк түн. Бау.

Мен жайлы әңгіме

Шықты сәл қатқылдау.



Сұрақтың шеті жоқ,  
Күмән көп – дос айғақ.  
Тұр бұған көкірек  
Жынданып, масайрап.

Шық шаттық шыңына,  
Салтанат – дариян.  
Шомылған нұрына,  
Бұл – сенің жанұяң!

Шаттық пен Жарықтың  
Бастады ол әндерін.  
Көрінді ол анық тым,  
Жетті әнге дәрменім.

Шық шаттық шыңына,  
Салтанат – дариян.  
Шомылған нұрына,  
Бұл – сенің жанұяң!.. т.с.с...

Тыныштық.  
Енді әйгі  
Періште үн тіл қатар, –  
– Әңгіме ал мен жайлы, –  
Естілед тым қатал.

Ән салды ол сәлден соң,  
Үнде тұр күш барлық.  
Неміше мәннен сол  
Еседі құштарлық.

Күнәһар – жер беті,  
Таңғалар не бар шын? –  
Қайғының жендеті  
Әрірек жоғалсын.

О, Жарық Қамалы!  
Қасиет басқарып,  
Сан ғасыр сен әлі  
Құрасың патшалық. т.с.с...

Киелі Үн!  
Көңілімді  
Бұзбасын кек, қаза.  
Толтыршы өмірімді  
Даңққа тап-таза!.. т.с.с...

*Июнь, 1872*

## ЖАС ЖҮП

Терезеде – көк кеңістік, перде – көк,  
Сықап жиған сандық көп. Жоқ іште орын.  
Қабырғада жүр әнеки өрмелеп,  
Үй Елесі жалаңаштап тістерін.

Әрине, бұл әруақтардың ермегі –  
Бей-берекет ескі затқа ол құмар.  
Африка перизаты  
Төрдегі  
Бұрыштарға ырымы бар тор құрар.

Кіндік шеше тұрса-дағы жақтырмай  
Кіреді де, қалады ол тығылып.  
Жұпсыз кірген жас жұбайға тап мұндай  
Кім сыйлайды таңғаларлық жылылық.

Жас жұбайдың жұбы жоқта үнемі  
Жынды қылып бітеді ылғи жел де оны.  
Су пері де секіреді, күледі,  
Желпіп ашып қуыстағы пердені.

Бал айының түні қандай!  
Ұғысқан  
Жымыысты жанарларда ай жанған.  
Егеуқұйрық тісін қайрап бұрыштан  
Максаттарға жеткізбейді ойға алған.

Тыныштыққа сықылданып оқ тиген,  
Жарқ етпесе, терезеден от нағыз, –  
Вифлеем әруақтары – ақ киген,  
Көкшіл түсті сол әйнекте сақтаңыз!

## АШТЫҚ МЕРЕКЕСІ

Анна, Анна, есек мінген аштығым  
Шаршамайды, ұлытады қасқырын.

Асқазаным ұлып жатыр не біліп,  
Келеді аштық сұр есегін тебініп.  
Дың-дың еткен ішектердің аңсары  
Көмір, темір, жартастарды кеміріп.

Кел, ұлы аштық!  
Қайда қаһар ашуың?! –  
Даламызға удың шашшы шашуын!

Женіз.  
Тас біткенді уатылған таудағы,  
Шіркеулердің ескі тасын баудағы.

Сұр жазықтың теріп жесең тастарын,  
Май жегеннен кем болмайды аш қарын.

Сұр аштыққа – қара ауаға бөккен көк,  
Жыртылады бөлшектерге көкпеңбек.  
Мұның бірі асқазанға жеткен жоқ,  
Бұдан асқан бақытсыздық өткен жоқ!

Жапырақтар пайда болды жылтырап,  
Қоймаларға кірердеймін құлпын ап.  
Мен даладан кете бардым гүл теріп,  
Есімді алып барады иісі бұрқырап.

Анна, Анна!  
Есек мінген аштығым,  
Келеді әлі.  
Ұлытады қасқырын.

*Август, 1872*

\*\*\*

Тал астында қасқыр үні анайы,  
Жейді қолға түскен құсты жабайы.

Қауырсынын тастады оның түкіріп,  
Мен отырмын өзімді жеп бітіріп.

Жемістер тұр,  
мені жұлып алса деп,  
Жұтты өрмекші шегіргүлді қанша көк.

Басқадай бір ой жоқ менің басымда,  
Сүлейменнің храмының қасында.

Назар салмай бұл ғаламның шуына  
Қайнасам ғой, – гүлдер терлеп буыма.

Араласып темірдің тат-уына  
Қосылсам ғой Кедронның суына!

\*\*\*

Тындап көрші, қыршыным,  
Жасыл қазық дүрсілін.—  
Бақидағы жандардың  
Түнгі айқайын, күрсінін.

Ай сәулесі құйылған  
Түнде әруақтар жиылған.  
Нұр мен буға шағылып  
Жарқ етеді қиырдан.

Жақындамай бау-баққа,  
Әулиелер тау жақта  
Киелі бір сусынын  
Ішетіндей аулақта.

Бұл сыр ненің нышаны? —  
Мереке емес, мысалы.  
Мұнды түннің қысады —  
Тылсым тұман құшағы.

Өңінде әлде түсінде  
Тап боп тылсым пішінге,  
Кездесесің олармен  
Мұнды мұнар ішінде.

\*\*\*

О, көненің сынығы —  
Қамалдардың дүбірі.  
Мінсіз кім бар жалғанда,  
Уақыт қой шын ұлы.

О, қамалдар ғұмыры,  
О, уақыт ұрығы!

Таптым сырын бақыттың,  
Таптым тілін уақыттың.  
Бәрі де оған тәуелді —  
Өтеді одан татып мұн.

Ендеше, ол гүл жарғанда  
Жиыл бәрің орманға.

Галдың<sup>1</sup> көрі қоразы  
Бағзы әніне салғанда.

Енді жоқ еш тілегім:  
Тастамайды Ол, білемін.  
Қанатының астында  
Мәңгі өмірім сүремін.

Тәнін көрдім ғажаптың,  
Мәнін білдім азаптың.  
Бар күш енді дәрменсіз,  
Барлығынан азатпын.

Сөздің сырын тап, бірақ, –  
Бұл шеңберден жат, жырақ  
Самғап шығып барады ол,  
Қанаттарын қаққылап.

О, қамалдар ғұмыры,  
О, уақыт ұрығы!

### МАСҚАРА

Қайда барса, қанжар жүред ойында,  
Ойлайды ылғи жарып тастау жайында.  
Бар пиғылын бір-ақ ұрып өшірмей  
Саған тыным жоқ екенін мойында.

(О, тағы да кесіп алып мұрынын,  
Ерінін тіліп, жұлып алса тіл-үнін!  
Есептесең, ішін жарып, шіркін-ай,  
Түтелеп бір таптасаң ғой ұғымын!)

Сөйту керек!  
Миын шашып найзамен,  
Сүйектерін уатқан жөн қайламен.  
Ішектерін ылақтырып алауға,  
Желге шашып мүшелерін пайдалы ең!

Иә, сөйтпей, тыншымайды бұл бала,  
Барлық істің кедергісі ол – зілғара.  
Жалған айтып,  
ылғи сатып сыртыңнан,  
Тамағыңа былғай салат күлді ана.

---

<sup>1</sup> Галл – көне кельт халқы (*француздар*).

Бұдан гөрі баққан артық аюды,  
Бәрін былғап...  
Білмейді еш тоюды.  
Дегенменен,  
ол өлгенде соңынан  
Ұмытпашы дұға қылып қоюды.

### МАС КЕМЕ

Ағыс бойлап жүзіп кеттім,  
жүзбеске енді шарам бар ма?  
Кідірмеймін көлденеңдеп жолды тосқан аралдарға.  
Үндістер кеп шабуылдап,  
бар теңізшім мәңгілікке  
Шегеленіп қала барды боялған кіл бағандарға.

Ағылшынның мақтасы мен фламандтың қабы бар мың  
Кемелерге назар бұрмай, желге желкен жанығанмын.  
Төбелестер,  
көп елестер естен шығып,  
жүздім еркін,  
Ағыстардың шақыруын біржолата қабыл алдым.

Толқындармен араласып,  
еніп кетіп іштеріне  
Сотанақтай мен талайдың бөгет болдым істеріне.  
Айлағынан дауыл жұлған кемедегі жандардың да  
Дәл осындай ретсіздік кірер еді – түстеріне!

Оянғанда – мың бір тілек:  
бата берді күн күркіреп,  
Тығын құсап емін-еркін билеп келем – бұлдыр тілек.  
Адамдардың көз жастары толқындарды тулатқанда  
Бағдаршамнан көз жазып қап,  
мұнайтпайды тұлдыр түнек.

Сәби қандай құштарлықпен жейтін болса жентін жерік,  
Жасыл суға қойдым мен де жан-тәнімнің еркін беріп.  
Шараптардың дағын шайып,  
құсықтардың қағын шайып,  
Тұтқамды да жұлып алды ойнақтаған толқын келіп.

Содан бері мен мұхиттың жырлап келем шарасында,  
Жарқыраған жұлдыздар мен Құс жолының арасында;  
Аспан нілін қанбай піскен тұңғиықтар сабасында,  
Ғарық болған ғарыптардың жасырынған санасында.

Шексіз көгіс кеңістіктің түр әлемді басып мысы,  
Күн ырғағы жүйелеген тереңдіктің тасып күші.  
Саз аспабын, шарап зәрін мың орайтын қуатымен  
Бұл арада бұғып жатыр Махаббаттың ашытқысы.

Аспанды да шатынаған,  
тереңдікті қақыраған,  
Құйынды да,  
боранды да,  
түнді білем аһылаған.  
Көгершіндей күліп тұрған күннің нәзік жүзін көрдім,  
Мен көргенді ешқашанда көрген емес ғафыл адам.

Көрдім:  
Күннің сиқырынан жартастардың мас болғанын,  
Көрдім:  
Жердің сүйектерін балқытқанын аспандағы үн.  
Ежелгі бір драманың актерлары сияктанып  
Толқындардың топталып кеп ауыздарын ашқандарын.

Қиялымда қарлы түнгі сүйіс сырын тіпті ұғынам,  
Теңіз көзін көргім келді тереңдіктің жықпылынан.  
Әнін ұқтым,  
мәнін ұқтым қайталанбас ағыстардың,  
Ақжонастың<sup>1</sup> көрдім әнін көгілдірлік тұтқынынан.

Табын сиыр озанындай борандарға айлап ердім,  
Артық жүктен ада болған мендей кеме қайда көрдің?!  
Паң мұхиттың кеудесінен басып Пәктік Періштесі,  
Мұхит тыным тапқан кезде көкжиектен пайда болдым.

Мен өзімді ойға сыймас өлкелерге бағыттадым,  
Кемпірқосақ жүгенінен айрылмайды талып қарым.  
Су астының табындарын – келем көзбен бағып бәрің,  
Тереңдіктен тауып алып көктің шексіз жарықтарын.

Су-кұбыжық шірігенде – қорек алып настан құрақ,  
Божитынын батпақтардың айтты маған тастар жылап.

---

<sup>1</sup>Ақжонас – фосфор.

Көрдім:

Өлі тыныштықтан – ұлы толқын қозғалысын,  
Тұңғиыққа ағынымен жатқан шағын аспан құлап.

Күн сынабы жерге сіңіп,  
жаққанда аспан шырақ-оттар,  
Суын қара бояу көміп бара жатқан шығанақтар.

Онда ашулы бүргелердің талауына түсіп қалған  
Ордалы алып жыландардың улы көзі сұғанақтар.

Сәбилерге көрсетер ме ем ән салатын балықтарды,  
Нәзік, алтын балықтарды барар ма едім алып мәңгі...  
Кенет менің қанатымды желпіп өтті бір сиқыр жел,  
Көз жеткісіз бақ әлдилеп,  
алтын көбік малып тәнді.

Аптап қақтап, қарлы суық төзімімді жоятын күн  
Мені теңіз жаймен жылап тербететін: “қой, ақылдым”.  
Еппен ғана ұсынатын түннің жұлдыз-гүлшоқтарын,  
Ал мен ұқсап әйелдерге, қайта қалып қоятынмын.

Аралдардан қалам естіп құс даусының жаңғырығын,  
Ұрысқанын,  
сансыз сөзін,  
тиеп келем саңғырығын.

Менің тозған құрсауымның көнеріңкі өрмектерін  
Ұйығына сүйреп бара жатыр ұйқы – мәңгі жылым.

Қоңыр құлмақ – қоңыр түбіт орап алған дене мені  
Тым тереңге шақырады – бесігіне бөлегелі.  
Менің қаңқам біржолата өз тұрағын тапқаннан соң,  
Тұңғиықтан таппайды оны келер күннің кемелері.

Еркіндіктің кемесімін – тұман киіп, мұнар қонған,  
Көкті сүзіп,  
жарша бұзып,  
айға кейде сыңар қонғам.

Барлық тәтті дүниедегі – күн қынасы, көкшіл шырыш  
Менен басқа қай жерде бар – барлық ақын құмар болған?!

Сапарымды жалғастырам –  
тереңінен қаптап еріп  
Қара балық қуған шақта, маңдайды алыс жаққа беріп;  
Шырқыраған сары шілденің аптабынан аспан оңып,  
Жер мен көкті зау шұңқырда жатқан шақта отқа көміп.



Сушырлар жатса үйленіп үйреншікті батпағында  
Мен дірілдеп қорқып жүрем, жас тамшылап жақтауымда.  
Мен мәңгілік жолаушымын, –  
Европа сағындырды,  
Тастарын да сағындым мен, көне жақтау қапталын да.

Жұлдыздардың шоғырында жүруде әлем құрылысы,  
Шалынады – бақилықтар барған жердің құбылысы.  
Түпсіз түндер қойынында жай ғана ұйықтап жатсың ба әлде,  
Бар ғаламды гүлдендірер Болашақтың Ұлы Күші?

Алайда мен көп жыладым!  
Күн шапағы тым зәһарлы,  
Барлық жерде күн – көрсоқыр,  
ай – үрейлі,  
түн – қаһарлы.  
Қабыртқамды қаңыратсын!  
Жұтсын теңіз қапыда-ақ шын! –  
Махаббаттан маспын бүгін! –  
Мас қылады ол мың шаһарды.

Европа сағындырса, –  
сияқтанып бөлек ғалам,  
Теңізінің толқындары қажет емес! –  
Не деп барам?..  
Көктемеде сәбилер кеп жағасына жиналып ап  
Қағаз кеме жүзгізетін шалшық суы керек маған!

Төзім бітті.  
Тыңдау жоқтай енді мұхит дастанынан,  
Пайда қуған кемелердің болам аулақ нас-торынан.  
Өркөкірек жалаулардың тап боп ылғи үкіміне,  
Енді өте алман тұтқындалған қайықтардың қастарынан.

## **МИШЕЛЬ МЕН КРИСТИНА**

Құрып кетсін, жағалаудан күн кетсе екен шағырмақ,  
Жер бетінен жиып алып жоғалсын бар жарығын!  
Кенет, барлық жолда, қырда көлеңкелер қалыңдап,  
Сездім ірі тамшыларды, күн күркірі сарынын.

Ақ қозылар – жауынгері мамыражай заманның,  
Арша, науа, сендер де қаш, көшті бастан құтты жыл.  
Қаш, жайлаулар, шабындықтар, жақын қалды қаран күн,  
Күн күркірі жайып жатыр дастарханын қып-қызыл.

Бала шопан, қартаң төбет, тығылындар шатқалға,  
Жасындардан жоғары қаш, – қалды адыра қотандар.  
Келді уақыт, – түнек пенен күкірт жауып жатқанда,  
Етектегі кеуектерге тығылындар, отарлар.

О, Тәңірім, алайда мен..

Кетем ұшып аспанға –

Мүз құрсаған, бұлт шарпыған сынды қызғылт түскілем.

Менің жаным жердегі бар қараңғыдан қашқанда,

Өтеді ұшып шетсіз-шексіз өлкелердің үстімен.

Жабайылық тамырынан туған мың сан қасқырлар

Біздің Ұлы Европаны орап діни құйынмен;

Шыңғырысып бағзы көпір тұяқтардың астында, ал

Он сан Орда өтеді одан мұздай берен киінген.

Ал содан соң – ай сәулесі!

Маңның бәрі өлі құм,

Кілең күрең сарбаз толы қара аспанның астында.

Қарақшылар үрей шашып ойқастатса көлігін

Дүбірлі үні ұқсайды алыс, алапатты тасқынға.

Енді жарық көрер ме екем?

Қайда әйелім лаладай?

Күйеуі бар... Аяқ жақта ақ қозы бар – құрбандық...

Мишель және Кристина – һәм Христос!..

Обал-ай! –

Мамыражай заманадан біздер мәңгі тұл қалдық.

## КӨЗ ЖАСЫ

Жайлау,

құстан,

шаруа әйелден шаршадым,

Нәзік орман саясында іштім мен.

Арасына тізе бүктім аршаның,

Сәскедегі бу көшеді үстімнен.

Мына құты куантпайды бірақ та,

Мылқау бұта,

аспанды бұлт қусырған.

Не ішуші ем өз күркемнен жырақта? –

Тер шығарғыш жұттым алтын сусыннан.

Асхананың маңдайшасы секілді

Кірлеп кеттім.

Күн күркіреп кенеттен.  
Қап-қара өлке.  
Көлдер,  
вокзал не түрлі,  
Көк түн кешіп жүрмін қалай?  
Не бетпен?

Ызғарлы жел көмді жерді мұзбенен,  
Жатыр құмнан, ормандардан көшіп өң.  
Пенделердей алтын, маржан іздеген  
Тым көп ішіп кетпедім бе осы мен?

### ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

А – қара, Е – ақ, И – қызыл, У – жасыл, О – көк...  
Іздендім.

Дауысты дыбыс, туған күндеріңіз сіздердің.

Тағы да ашам...

А – түкті қара шыбындар ән салып,  
Сасық төмектің үстінде отыр тамсанып.

Е – ақ шатырлар мен мақтадай қарға оранған  
Төбелер, тәждің жарқылы һәм тоңған гүлдер бораннан.

И – түкіріктің қаны, кек алған сәтте былш еткен,  
Есірік күлкі, жынды ашу – жарақаттарға күл сепкен.

У – шырын теңіздің айлағы,  
күннің астында қақталған,  
Жайлаулар менен әжімдер сыры –  
Жазық маңдайға тап салған.  
Түн тыныштығы – алхимиямен сақталған.

О – алғашқы керней, – өткір де оғаш саңқылы,  
Әлемдер,  
Елдер  
һәм періштелер,  
қайтқан құстардың қаңқылы.  
Омега – ақырғы һәріп,  
соңғы күніміздің тамтығы, –  
Көгілдір Сәуле және оның Жасыл көзінің жарқылы.

\*\*\*

Құлағыңда сенің,  
қызғылтым жұлдыз

жылап түр ұрлап көз құртын,  
Көкірегіңнің тұңғиығында  
Гүл пайда болды қан күрең.  
Иығыңа қазір,  
Шексіздік келіп  
түнетіп жатыр боз бұлтын,  
Аяқ астыңда  
қап-қара күйде  
Еркек мерт болды алдымен.

## БРЮССЕЛЬ

ШЛДЕ

РЕГЕНТ САЯБАҒЫ

Танимын бүкіл бекіністердің мұнараларын, тірегін,  
Юпитер сарайының да тас бағандарын білемін.  
Білемін Өзің екенін,  
Сахарадан сәнін асырып,  
Көкшіл бояуға орап қойған да мынау өлкенің реңін.

Самсаған шырша, раушан гүлі – күн сыбызғысы сиқырлы,  
Мәңгілік мекен тауып бұл жерден, қаншама сырлы күй туды.  
Жасырып қайтем жесірлер барын қамалған мұнда қапасақа...  
Жұбатып бәрін жуады зарын сансыз құс үні қиқулы.

Тып-тыныш үйлер – шетсіз де шексіз құмарлықтардың тұрағы,  
Көлеңкелерде от махаббаттан өртенген сәкі тұрады.  
Гүлзар ішінен Джульеттаның жартылай қараңғыланған,  
Жайпақ балконын жазбай таниды байырғы көздер қырағы.

Ғажайып таулар жүрегіндегі аялдамадай келесі,  
Жадың жаңғырып – қалқып шығады Генриеттаның елесі.  
Кеңістіктерге сытылып кеткен,  
түстері кілең көгілдір  
Шайтанның шөлтік шәргілдіктері билеп жүр онда, өлесі...

Жасыл орындық үстінде анау гитарасы әлсіз күбірлеп,  
Ирланд қызы жұмақ жайында ән айтып отыр күрілдеп.  
Асхана жақта азаннан у-шу, азан да қазан боп жатыр,  
Балалар шуы,  
көне қапастың есігі тынбай дігірлеп.

Бегзада үйі терезесінен тарайды маңға жылу, мұн,  
Көріп отырмын шағылып сәуле тараған уын ұлудың.  
Қандай ғажайып!..

Оянып кетер,  
тыныштықты үнсіз сақтайық,  
Ұйқыға батқан жасыл аршаны аялап отыр сұлу күн.

Қозғалыс та жоқ гүлзарда мынау,  
жасалмайды ешбір сауда да,  
Комедия мен драмалардың тілсіз ойыны бауда ана.  
Үлкенді-кіші сахыналардың жиынын көзбен бақылап,  
Мен осы жерде сенімен бірге келемін үнсіз тәубаға.

Шытынап кетпей тұрады қанша көгілдір ғалам шынысы?  
Қураған гүлше жатпас па аяқта – өлі бишідей құнысып?  
Өлшемсіз мынау кеңістіктегі шексіз сәулеге тығылып,  
Жасай ма мәңгі гүлдің демі боп мына қаланың тынысы?

Қандай ғажайып!..  
Мереке ғой бұл әні мен биі тынбаған,  
Түннің ішінде перде жамылған пенделер анау мыңдаған.  
Толқын мөлдірлігіне сенулері үшін – керек қой мұның барлығы,  
Осының бәрі Өлеңге керек – Теңіз қарақшылары жырлаған.

*Июль, 1872*

## **НҮРҒА БӨЛЕНҮ**

### **ТОПАННАНСОҢ**

Топан тоқтаған бойда, қоян жапырылған шөп пен иілген  
қоңыраубастың арасына кідіріп, өрмекшінің шатырына жүгініп,  
кемпіркосаққа бағыштады дұғасын.

О, бұғып жатқан асыл тастар, қауыз жарып, көзін ашқан гүлдер!

Ылас көшеде сауда орындары пайда болып, бәдіздегідей,  
биікте мызғымай тұрған қайықтар теңізге қарай бет бұрды.

Көк Сақалда да, қасапханада да, циркте де қан ақты. Онда  
Құдай бозарған терезелерге мөр басты. Қан мен сүт ақты.

Құндыздар құрылыстарын бастады. Шайханаларда “мазагран-  
дар” түтіндеп.

Өлі салынып жатқан үлкен үйде қара киінген балалар суреттерді  
қарап отыр ғажайып.

Есік қатты жабылды – шағын ауыл алаңында бала қолын бұлғап жүр. Ол Желбаққыш жалау тілі мен жауын астындағы қораздар қоңырауларының үнін ажырата бастады.

Ханым Альпіге күйсандық орнатты. Қастерлі де алқалы жиындардың салтанаттары басталды.

Керуендер жолға шықты. Аласапыран мұзтаулар мен Ақ Түннің арасына ғажап мейманхана салынды.

Сол сәттен бастап Айдың құлағы ести бастады: шиебөрінің жебіршөп өскен шөлде жылағанын, шабаталы шаруаның мамыражай ғұмыр жайлы жырларының бақтарға қалай жайылғанын. Кейін маған көгілжім орман ішінде Эвхарис, – амазонка лаласы, мәлімдеді мұның көктем екенін.

Қайна, тоған! Ақ көбіктер, көпірлер мен орман үстінен жүгір! Қара көрпе мен әуреттер, найзағайлар мен күн күркірі, аласұрып күркіреңдер! Сулар мен Мұң, көтеріле толқып, кері қайтарыңыз топанды!

Себебі, олар жойылғалы – о жасырынған асыл тастар, о қауыз жарған гүлдер, – сендерде зерігу басталды.

О, Патшайым, Сазды ыдыста өртеніп жатқан көмірді үрлеп жүретін Қара Сикыршы Ешқашан не білетінін және біз білмейтінді Бізге айтпайды.

## БАЛАЛЫҚ ШАҚ

### I

Сары түкті, кара көзді, туыссыз һәм баспанасыз бұл пұт мексикандық немесе фламандтық ертегіде әлдеқайда мейірбан; Қожалығы – көгіс жасыл жағалауда, олар грек, кельт, славяндардың аттарын иемденген.

Түс көріп жатқан гүлдер сыңғырлап, жарқыраса – алқызыл ерінді бөлекей қыз тізесімен толқын кешіп, жалаңаш дүниенің кемпірқосақпен, гүлдермен, теңізбен киініп ажарланып кеткеніне таңырқайды.

Көрші теңіз айлағын ханымдар кезіп жүр; балалар һәм апайтөс қатындар; көгіс мыс көбікке малып алғандай зәңгі әйелдер; бұлт шалған орманды жерлер мен балқыған бақшалардың қазыналары – жас аналар мен көздері кезбеліктен масыққан ересек апалы-сіңлілер, сұлтан-қатын, Езушінің кебініне оранған мәнді ханшайымдар; бөгде елдердің бақытсыз, нәзік жүзді әйелдері.

“Аяулы тән” мен “сүйікті жүректер” сәті, оһ сен қандай зеріктірдің!

## II

Бұл соның өзі, – бір шоқ раушанның ар жағындағы кішкентай марқұм әйел. – Өлген жас ана шатырдан жаймен түсіп келе жатыр. – Жиен інісінің бесігі құм үстінде еппен сықырлайды. – Кіші інісі (Ол Үндістанда!) мұнда, Батысқа қарсы қалампырлы көгалда. Түрлі гүлмен әдіптелген жер дуалда жерленген қарттар.

Жандаралдың үйі алтын жапырақтардың қоршауында қалды. Олар үшін талма талтүстің шағы бұл. – Адамсыз сауықханаға жету үшін, қызыл жолды таңдаған жөн. Құлып сатылу үшін шығарылған. – Шіркеудің кілтін киелі әкей әкеткен шығар. – Саябақтағы үйшіктер бос. Қоршаулардың биіктігі соншалық, ағаштардың ұшар басы ғана көрінеді. Бірақ, оларға қарағанда не шығады?!

Жайлаулар – қораздар мен ұстаханалар жоқ жерге жақындап келеді.

Тоғанның тығыны алынды.

О, жол жиегіндегі айқыштар мен мынау шөл даланың диірмені, аралдар мен құрғақ шалғын сиқыры!

Сиқырлы гүлдер жырлады.

Жартастар әлдиледі.

Аңыздағы ғажайып аңдар кезіп жүр.

Удай ашы көз жасының мәңгілігінен құралған бұлттар теңіздің үстіне топталды.

## III

Орманда бір құс бар, оның әні сізді міндетті түрде кідіртеді һәм ұялуға мәжбүр етеді.

Мұнарада– уақытты көрсетпейтін сағат бар.

Ор бар, онда жасырынған аппақ аң.

Биікте шіркеу бар, ол жер астына түседі, төменде көл бар, суы көкке самғайды.

Шағын арба бар, орманда әдейі қалдырылған немесе әшекейлермен безендіріліп, төмен қарай жөнелетін зырылдап.

Кішкентай қаңғыбас сайқымазақтар бар, олар орман алаң-қайындағы жол бойында жапырақ арасынан көзге шалынады.

Ақыр соңы, бәзбіреу бар, аштық, шөлден азап шегіп жүргенде, одан әрі қуалайды ол сізді.

#### IV

Мен – жан-жануарлар Палестина теңізіне дейін жайбарақат жайылғанда, тау басқыштарында дұға оқитын әулиемін.

Мен – күнгірт күрсіге жайғасқан ғаламмын.

Бұтақтар мен нөсер саусақтары кітапхана терезесін қаққылайды.

Мен – ергежейлі ормандар ішіндегі үлкен жолмен келе жатқан жаяу жүргіншімін; менің қадамымның дыбысын тоғанның гуілі тұншықтырып тастайды. Мен шұғылаға шомылдырған күйрек, мұнды күнбатысқа ұзақ қараймын.

Маған салса, теңіз тасқанда тоспада тығылған бала болып қалар ем; аспанға ұласқан саяжолдың бойында кішкентай қызметші болар ем.

Соқпақтар тым қатал.

Төмпешіктер сарғалдақпен қымталған.

Ауада ағыс жоқ.

Бұтақтар мен құстар неткен алыс еді!

Алға жылжысаң, ақырзаман ғана күтіп тұр.

#### V

Әктелген, тым терең жер қабатында сұр шеменмен әдіптелген бұл қабірді маған нәсіп етсе, шіркін, тезірек.

Үстелге отырдым шынтақтап; шамдалдың жарығы – нақұрыстанып қайталап оқып отырған журналдарымды сәулелендіреді; жарығы қайдағы бір мәннен жұрдай кітаптарға түседі.

Бұл жерден қашықта, жер асты қоймамның үстінде, қоныстап қалды сан үйлер – төбесінде түнеп қою бұлт.

Қара-күрең балшық.

Үрейлі шаһар, шексіз түн!



Сәл төменде құбырлардың ағыны.  
Айналасы – жердің қалың қабаты.

Бәлкім, бұл жер таспаран мен ай сырласып, кездесетін жері шығар теңіз бенен аңыздың.

Мұң басқанда елестетем – асыл тас пен сом темірден соққан сансыз шарларды. Мен – үнсіздік әміршісі сезінемін өзімді. Онда неге сұр аспанның астында бозарады терезем?

### ЕРТЕГІ

Ертеде бір Ханзада шексіз жомарттыққа ғана таңылған тағдырына налыды. Ол махаббат майданында таңғаларлық төңкерістер боларын алдын-ала болжады. Ол ойлады, әйелдері мұның бабын табудан басқа бір әуестерге қабілетті болар деп. Ол шындықты танығысы келді жақыннан, көргісі келді тілектер менен орындалу сәтін көзімен. Сенімге селкеу түсті ме? – Білмейді оны, әйтеуір осыны қалады. Не десең де, жүрді оның адамзатқа билігі.

Бірі қалмай өлтірілді – оны білген әйелдердің барлығы. Ұғасын ба, сұлулықтың сарайында қандай ойран өткенін! Жатқанда өтіп алмас қылыш жүзінен, – бәрі де оған дұға қылды еңіреп. Ол жаңадан тілеген жоқ кәнізек. – Бірақ, тағы сансыз әйел өздігінен пайда болды жанында.

Бірге өткізген сәттен соң, аңшылықтың артынан бәрін жойды жанына ерген жандардың. – Сансыз нөкер бәрібір соңына ерді сабылып.

Мерейленді талай ғажап аңды есепсіз өлтіріп. Сарайларды күл қылды. Сан жазықсыз жандарды қырып салды, турап тәнін тулақтай. – Топылған тобыр, алтын шатыр, сұлу аңдар бәрібір кетпей қойды қасынан.

Жоюдан да табыла ма ләззат! Жауыздықтан жиналама ма күш-қуат! Ешкім етек толтырмады еңіреп! “Әй” дер әже, “қой” дер қожа болған жоқ.

Ол бір күні кешкілік келе жатты жүйрігімен зырқырап. Кенеттен бір ғажап сұлу Әзәзіл пайда бола кетті оның алдынан. Оның жүзі һәм мүсіні махаббатты уәде етті тым тылсым; тым шытырман, тым күрделі, тіл жетпес, нардың белі, ердің мойыны көтере алмас бақытты сыйлай салды теп-тегін. Ханзада мен Әзәзіл кетті бәлкім жоқ болып – жан-тәндері төтеп бермей бұл себепке

бастапқы. Одан қалай қалмады өліп екеуі? Кетті, міне, екеуі де мерт болып.

Ханзада бірақ кешті өмірін межелі, аяқтады сарайында ғұмырды.

Кетті айналып ӘЗӘЗІЛГЕ Ханзада. Ал Әзәзіл Ханзада боп сүрді өмір.

Шын тілекке жету үшін Біздерге, – жетпейді үні Бір Киелі Сарынның.

## ШЕРУ

Алаяқтар бар алапат. Олардың бәрі Сіздің әлеміңізді жаныштау үшін жаралған. Аса қажет болмаса да асықпай сорып алып жаныңыздың білімін, көрсетеді қабілеттерін керемет. Қандай ғана кемелденген адамдар! Жаз түніндей есі кеткен көздері – қызыл, қара, қажет болса, үш түсті. Тіліп өтер болат сынды көктегі алтын жұлдызды. Бұзыңқы түр, бозарған, алаулап түр немесе қорғасындай сұрғылт жүз. Ойнақы да қырылдаңқы дауыстар. Һәм жылтырлық Құдайының аяу білмес құшағы! Тым жастар да жүр мұнда, – қызық, олар Керубиноны<sup>1</sup> қалай қарсы алар еді? – улы сусын, қатерлі құралдары жетерлік. Сүйкімсіз байлық киіндірген оларды әуейі әуес жетектеп, аттандыруда шаһарға жасырын шабуыл жасауға.

О ең қаһарлы бетперделердің қатал Жұмағы! Сіздің көзбаушылардың амал-тәсілін ешбір театрдың сайқымазақтарымен салыстыруға келмейді. Есірік армандары мен есер талғамдарына лайық тап бола кеткен киімдер киіп, ескі әндерді шырқап, рухтары ешуақытта – тарихтың һәм діннің Рухы болмаған жартықұдайлар мен қараңғы қаңғыбастарды ойнайды. Қытайлар, готтентоттар<sup>2</sup>, сығандар, шибөрілер, рақымсыз жат күштер, жәдігөй қақпастар, әзәзіл сұмдар – әйгілі балалардың ойын-тәсілдерін малдың сүйкімділігі мен хайуани оजारлыққа әкеп қосады. Тәрбие көрген бикештер үшін жаңа пьесалар мен әндерді орындауларына болар еді олардың. Шебер-алаяқтар, мекендер мен жүздерді әрлеп, сиқырлы сайқымазақтықты іске қосады сол сәтте. Көздері лапылдап, қандары ән салып, сүйектер ұзарып, жанардан жастары саулап тұр қызарып. Олардың қалжыңы немесе қаһарлы қан-жыны бір сәтте үзіліп кетуі, бірнеше жылдарға созылып кетуі мүмкін ғой.

Осынау қарақшы шерудің кілтiне Мен ғана ие бола алам. Тек қана Мен.

<sup>1</sup> Керубино – опера, т.б. шығармалар кейіпкері. Сарай қолбаласы.

<sup>2</sup> Готтентот – Оңтүстік африкалықтардың еуропалықтарға таңған атауы.

## АНТИКА

Тым биязы Пан ұлы!

Сенің гүлмен, жүзімдермен безенген әсем басың тұр ойнатып шарларды: асыл тастан жасалған – көздерді.

Жүзінде өшпей шараптың қызыл-қоңыр дақтары.

Жарқырайды азу тісің күлгенде.

Кеуден ұқсас қобызға, сенің аппақ қолдарыңнан қоңырау бара жатыр жүгіріп.

Ұйықтап жатқан жерде уыз тілегің – сендік жүрек соғып тұр.

Еппен басып аяғыңды, шықшы түнгі сейілге.

## BEING BEAUTEOUS

Қардың қарсысында – ұзын бойлы Сұлулықтың үлгісі. Бұл тым сүйікті тән, қара елес тәрзіді, ысқырығын өлімнің, тылсымға сіңіп бәсең естілген әуен сарынын қағып ап, ұлғайтып, діріл қақтырды; қанкүрең және қара-жаралар жарылып жатыр ұлы толқында үлкен салдардың үстінде. Әлі жасалып болмаған Елестің айналасында бостандық алған шын бояулары Өмірдің билеп жүр әне масайрап.

Оянған діріл озаны, бастапқы және түпкі себептің таңдайға дәмі тигенде – өлім ышқынуы мен қырылдақ сазға толады: алыста қалған бұл әлем, әлгінің бәрін лақтырады сұлулық анамызға қарата, – ал ол кейін шегінеді де, жоғарыға өрлейді. О! Біздің сүйектеріміз жап-жаңа, ғашық тәндерін енді ғана киінді.

\* \* \*

О, күлгін жүз, шаштардың таңбасы, шыныдай қолдар!

Мен оған қарай жүгіруім керек – қару-жарактың үнірейген үрейлі ұңғысын, желдің екпінін, ағаштардың тым көптігін елемей.

## ӨМІРЛЕР

### I

О қасиетті елдің данғылдары мен шіркеудің баспалдақтары! Хикаяларды маған ұқтырған браминге<sup>1</sup> не болды? Дәл сол кезде көргендей кемпірлерді көріп жүрмін әлі де. Түсірем еске өзен жағасын күміс шуаққа бөлеген сонау бір қимас сәттерді; иығыма артқан құрбы қыз қолын, жұпар жазықтардан еркелігімізді еске түсірем. – Қызыл көгершіндер самғаса көкке, қанаттарының суылы қиялымды менің тербетті. – Осы өлкеге жер аударылған менің бар еді сахынам – күллі әлемдік әдебиеттің шын шаһқарларын қоюға онда болатын.

<sup>1</sup> *Брамин* – үнді ақсүйегі.

Көрсетер ем мен сіздерге байлықтарды елде жоқ. Бір кездері сіздер тапқан қазынаның тарихын сақтап жүрмін өзімде. Жалғасын да көріп тұрмын және анық. Даналығымды жек көреді, әкелердей алапат. Менің жоқтыққа кетуім не тұрады, – күтіп тұрған сіздерді – таңғалғандықтан мәңгі қатып қалуларыңның қасында?

## II

Мен – өнертапқышпын, бұрынғыларға қарағанда, мен басқа да мақтауларға лайықпын. Мен – махаббат кілтiне ұқсас нәрсені жасап шыққан күйшімін. Қазір – айық аспан астында тұзды аймақта қоныстанған мырзамын; жалаңаяқ балалық, жарлы жастық кезенді, шабаталы шағымды есіме алып мұңға батам бірауық. Менің өрем достарымның деңгейіне жете алмай жүрген кезгі тойларды, шулы айтыстар, 5-6 рет қайтпай кеткен шығындар – бәрін-бәрін еске аламын мен бүгін. Өкінбеймін қатыстым деп, шатшадыман тойларға: тұзды аймақтың сау ауасы тыңайтады сезімімді күмәншіл. Бірақ қазір күмәндарым орын таппай өзіне, тың әсерлер билеген соң еркімді, – күтіп жүрмін айналатын шағымды ақымаққа сұмпайы.

## III

12 жаста мені қамап қойған сонау шатырда, мен әлемді таныдым, әжуасын бейнеледім қоғамның. Тарихты жертөледе оқыдым. Бір мейрамда, түн ішінде Солтүстіктің шаһарының бірінде бар әйелін жолықтырдым суретшілердің ежелгі. Парижде, ескі дүкен-қоймада ең көрнекті ғылымдардан дәріс берді өрнекті. Баспанада ғажайып, қоршауында шығыстың, оқшаулығында даңқтың, шығармамды аяқтадым ең басты. Тамырымда лапылдаттым қанымды. Өтелді бар қарызым. Қажеті жоқ ол туралы енді ойлап. Шындығында, О дүниеден келгенмін – ала алмаймын енді ешқандай тапсырма.

## КЕТУ

Жетеді маған,  
бұл күнге дейін көргенім.  
Сансыз елеске жолығып жүрмін бар жерде.

Жетеді маған,  
бұл күнге дейін алғаным,  
Аспанның асты,  
күн мен түн түгел толып тұр шаһарлардың мәңгі шуына.

Жетеді маған,  
бұл күнге дейін білгенім,  
Аялдамалары ғұмырдың. –  
О, Елестердің Гуілі!

Жаңа шулар мен жаңа махаббат арасындағы кету – бұл кету!

### **ПАДИШАНЫҢ ТАҢЫ**

Ғажап бір таңда, аласа жандар елінде, жарасымды жұп бүкіл алаңға айқайды салды былай деп: “Достарым, қалаймын оның падиша қатын болғанын!” – “Падиша қатын болғым келеді!” – Мәз-мәйрам болды ол күліп.

Достарына да жіберді ашық мәлімдеп, ақыры жайлы сынақтың. Бір-бірінің құшақтарында елжіреп.

Шынында, олар – шұғыласы таңның шымқызыл шатырларына көтерілгенде үйлердің, тамылжып тұрған сәскеде, бақ ішіндегі пальма ағаштардың астына сіңіп баратып, падиша менен падиша қатын болған-ды.

### **АҚЫЛҒА АРНАЛДЫ**

Саусақтарыңмен дауылпазды ұрып, сен одан барлық дыбысты шығаратының – тың үйлесімнің басы бұл.

Жетіп жатыр сенің жалғыз қадамың – жаңа адамдар қосылады қатарға, сондарынан басқаларды жетектеп.

Сенің басың бұрылса егер теріске – махаббаттың тууы ғой бұл жана!

“Тағдырымызды өзгерт біздердің, уақыт атты қамшыдан бастап, қамшының бәрін тезге сал!” – деп саған әнін арнайды барлық балалар. “Құштарлығымыз бен бақытымыздың негізін, қайда болмасын, көтеріп, өрлет жоғары”, – деп саған бәрі қылады нәзік өтініш.

Қашаннан бізге келгенсің, боласың және бар жерде.

### **МАСТЫҚ ТАҢЫ**

О менің байлығым! Сұлулық әлемім! О қаһарлы кернейлер, мен, шынында, қашқан жоқпын олардан! Сиқырлы кергі – ажырғы! Ұран шақыр, болмаған іс пен ғажайып тәннің құрметі үшін, алғашқы сәттің салтанаты үшін және де! Бала-шаға күлкісімен басталды, аяқталмақ бұл солай. Кернейлер үнсіз қалғанда,

сәйкессіздіктің Билігі жүргізгенде әмір жалғанда, у қалады қанымызда тарамай. Ал енді біз уәдені – жанымыз бен тәнімізге берілген хәм осынау ақымақтық тірлікті, жоғары адами бірлікті барлық көрген жәбірлерге ылайық, кәне, біртұтас қылайық. Бізге уәде берілген, махаббатымызды пәк, таза ертіп мұнда келу үшін қаймықпай, біржолата құриды деп Озбырлықтың Билігі, зұлымдықтың дарағы тас-түнекке тасталынады деп көміліп. Бірақ, бәрі жеркенуден басталып, бейберекет қашуымен аяқталды барлық жұпар иістің, өйткені біз мәңгіліктің тұтқасын қолымыздан алдық мәңгі шығарып.

Сәбилердің күлкісі, құл-құманын сақтығы, пәк қыздардың таза, катал қылығы жүздер менен бейнелердің қорқынышы осыдан, – сендер бәрің бата алдыңдар, естеліктер үшін ұйқысыз түн туралы. Бұл – жексұрын жеркенуден басталып, от пен мұздың періштесіне бас ұрумен тынды ақыр.

Қастерлі ғой мас кездегі сергектік, тым құрыса, бетперде үшін тарту еткен біздерге. Тың тәсіл деп бекітеміз біз сені! Ұмытпаймыз, кешегі тұрғыластарымызды біздердің бөлегенінді даңққа! Күн сайын уға қанамыз, ғұмырымызды тарту еттік біржолата, себебі уға нанамыз.

Келе жатыр Кісіөлітіргіштің таңы атып.

### ТІРКЕСТЕР

Бұл әлем бір күні тоқтайды бір қара орманға тіреліп, сол кезде таңғалған төрт бірдей біздердің көздерге арналған, – жағажай үшін бір тек қана, қос өндірі бала үшін, сенімін, сезімін сақтаған, – бір ғана үй үшін әуені шалқыған, селкеусіз, сәулелі сезіміміз үшін де, – мен іздеп табамын сендерді.

Бұл жерде тіріден жалғыз шал, керемет, тып-тыныш және де “есепсіз ермекпен” қоршалған, – мен сізге бас ием.

Сіздегі естелік болып мен оянсам, байлап алсам ғой тас қылып, – сапарды аяқтар едіңіз қолымда қылғынып.

\* \* \*

Біз ие болғанда шексіз бір қуатқа, – кім, кәне, шегінер?  
Біз шаттық шарабын татқанда, – кім күле бастаған?  
Біз қатты қаһарға мінгенде, – не қыла аларсың біздерге?  
Жайнап бір киініп, билеңдер, күліңдер!  
Махаббат, мен сені ешқашан қуа алман босаға сыртына.

\* \* \*

Менің құрбым – кедей қыз, кішкентай аждаһа.  
Осынау бақытсыз жандар да һәм мына қылықтар, мендегі  
қиындық – сен үшін елеусіз жай нәрсе.  
Алайда дауысың үзбесін байланыс біздерден:  
Осынау үмітсіз дүниеде – сол ғана біздерді жүретін есіркеп.

\* \* \*

Шілдеде – күнгірт таң.  
Ауаға тарайды жел дәмі; пештегі терлеген отынның иісі; дымқыл  
гүл; қызықсыз серуен; даладан бу келіп шөгеді жаптарға, – неге  
жоқ ендеше ойыншық, шылымға хош иіс беретін әтірлер?

\* \* \*

Шіркеудің қоңырауларының арасынан – арқандар, терезе  
жақтауларына – гүлтізбек, жұлдыздан жұлдызға – алтын  
шынжырды өткіздім, – міне енді басамын биге мен.

\* \* \*

Тоған түр үнемі түтіндеп.  
Ақ шұғыла үстінен көрінген бұл қандай қап-қара сиқыршы?  
Көгілжім жапырақ иіліп тұрады неліктен?

\* \* \*

Қазына қаржысын қаптаған тума-туыстың таусылмас тойлары  
жұтқанда, өрттей қызғылт нән қоңырау сарнайды бұлттардың ішінен.

\* \* \*

Сойылған малдың жағымды дәмін тірілтіп,  
қара шаң менің ұйқысыз түнім үстіне сіркіреп қана жауып тұр.

Шам жарығын шақырып,  
керуетке бұрылып,  
қараңғыға тығылып,  
бикештерім мен падиша қатындарым,  
көріп тұрмын сіздерді!

### **ЖҰМЫСШЫЛАР**

О, алаулы ақпан таңы!  
Беймезгіл Оңтүстік кедейлердің жарлы жастық шақтағы  
естеліктерін жіберді оятып.

Мақтадан тоқылған қоңыраула белдемше Энриканың кигені, – киген оны өткен алыс ғасырлар – тіл-шүберек таққан телпек, мойында жібек орамал – Қара жамылғаннан бетер көрінеді бұл көңілсіз. Серуен құрдық иеліктің маңында. Күн тым күңгірт, Оңтүстіктен соққан жел босап қалған бақтар мен қурап қалған егіннің қозғап кетті иістерін жағымсыз.

Мұның бәрі әйелімді қажытқан жоқ дәл мендей. Тапталған биік жол үстінен өткенде жауған жаңбырдан қалған қақтағы кішкентай ғана балықтарға көңілі ауды оның.

Түтіні мен шишалардың шуылы көмген қала салды бізді тым ұзаққа шығарып.

О, бөтен жұрт,

о игерген мекендер,

көлеңке мен көктен ғана бата алған!

Салды есіме Оңтүстік – сол балалық шағымды,

жаздарымды үмітсіз,

қуатым мен білімімнің көптігін, – тағдыр менен алыстатқан мәңгіге. Жоқ! Бұл сараң, тым көңілсіз мекенде өткізбейміз бұл жазды. Некелескен жетімдердей сезінеміз өзімізді бұл жерде. Мынау қатқыл саусақтардың енді қайтып сүйрегенін қаламаймын маған қымбат қолдарды.

## КӨПРЛЕР

Сұрғылт шыны сықылды аспан.

Көзге ұрады көпірлердің сұлбасы: бірі түзу, бірі қисық, бірі төмен, ал бірі біреуіне килігіп тұр бүйірден. Бұл бейнелер жарқыраған орамында жаптардың тұрады ылғи жаңарып, бірақ бәрі сондай жеңіл әрі ұзын, сондықтан да күмбездері езгілеген жағажай көрінеді төлежіп.

Бұл көпірдің кейбіреуі әлі күнге келе жатыр лашықтарды арқалап. Бәзбірі желкен-діңектер үшін, белгі беру үшін, тіреулер үшін жақтауларына көпірдің.

Жағажайлар үстіндегі пернелерде созылған қиысып жатыр үзбей мұнды әуеннің дыбысы. Қызғылт көйлек тұр көрініп, бәлкім басқа киімдер мен саз аспабы шығар ол. Бұл не? Халық жырлары ма, үзіндісі ме әндерінің ең жоғарғы қауымның, сарқын ба әлде, әнұранынан қалған көшенің? Кең бұғазда көгілдір сұр су жылжып.

Көктен құлап Ақ сәуле, бұл күлкілі қойылымды мүлде жойып жіберді.



## ҚАЛА

Мен – тұрақсыз, мін тақпайтын бәріне, астананың тұрғынымын болғаны; бұл заманның берекетсіз астанасының, себебі, көшелер жоспарынан да, үйлердің сыртқы тұрқынан аласталған барлық түрі талғамның. Сіз бұл жерден ырым үшін қойған ескерткіштерді таппайсыз. Ахлақ пен тіл бірікті – әрең деп! – айтылу үшін жай ғана. Құрлық халықтарынан әлеуметтік санақтың тапқаны бұл, – бір-бірімен таныстықты қажет етпес бұл миллиондаған адамдар – тәрбиесінде, қызметінде, кәрілігінде бір-біріне сондай ұқсас – әлдеқайда қысқаруы мүмкін өмірлері бұлардың. Сондықтан мен тереземнен әруақтар көрем жаңа өлген, осынау қалың, әрдайым басқан түтінінде көмірдің, – О, біздің жазғы түніміз! О, ормандардың ымырты! – менің Отаныма, менің жүрегіме ұқсас қарсы алдынан сәнді үйдің көрем жаңа Эринния – Кекшілдіктің Құдайың, – Өлім көзі күп-құрғақ, қызметші әйел біздің тынымсыз, һәм Махаббат үмітінен баз кешкен және балшыққа шашырап, шыңғырған әдемі қылмысты.

## ЖОЛ СОРАБЫ

Оң жақта – оятады жазғы күннің шапағы: жеңіл буды, баяу дыбыс, жапырақтарды бақтағы; сол жақта – еңістердің қара көк көлеңкесі қымтайды әлі кеуіп үлгермеген жолдар сорабын. Таңғажайып көріністердің тізбегі! Шын мәнінде: алтын жалатқан, ағаштан жасаған аңдарды, бақандар мен ала маталарды тиеген арбалар; цирктің жиырма ала аты шауып барады; өздерінің қызғылықты жануарларымен жүрген ересектер мен балалар; – ежелгі немесе ертектегі күймелердей жолаушымен, гүлдермен безендірілген 20 арба; қала маңындағы шопандар жырын айтатын тойға әдемі киім киінген балаға толы жиырма арба. Тіпті түн жамылған табыттар да, үкі қауырсындарын тағынып ұшқан табыттар да бар, – көгілдір және қара биелердің соңынан.

## ҚАЛАЛАР

Қалалар, міне! Аллиган менен Ливанның арман тауларын көкке көтерген ел мынау! Мөлдір шынылы һәм ағаш үйшіктер жүріп келеді көзге көрінбес шойын жолдардың бойымен. Мыс пальмалармен, алып бағандармен белдеуленген кәрі жанартаулардың шұңқыры жалын ішінде сазды әнге салып, өкіріп жылап жатыр ғой. Әртүрлі үйшіктердің сыртында салбырап тұрған жаптың үстінде махаббаттың мерекелері сыңғырлап, шатқалдарда

қоңыраулы аңшылықтардың кикүлы үні жаңғырып. Жакындап қалды алып әншілер Одағы, төбедегі жарықтай жалаулары мен киімдері бірдей жарқырап. Күз басындағы алаңда кернейлі Роланд жырлайды қаһармандығы хақында. Капитан көпіршелерінің һәм түнеуханалар шатырларының үстінде аспан алауы безендіреді дінгектерді жалаумен. Таулардың жазықтарында мадақ-жырлар күңіреніп, сел арасында көк періштелері серуендеп. Ең биік жота деңгейінен биік – теңіз де, Зуһраның мәңгі туылуымен мазасызданған Орфика<sup>1</sup> флоты сазымен һәм інжу гуілімен жүктелген, – теңіз кейде күнгірт тартып кетеді, – сонда өлімге жетектейтін естіледі жарылыс. Қия бетте гүлдер жылап тұр, біздің үлкен қару-жарағымыз сияқты. Перілер шеруі қызыл-сары киіммен жыралардан шығады. Жоғарыда аяқтарын батырып ап ағыс мен бұталарға тікенек, бұғылар сүт еміп тұр Диананың үрпінен. Вахх<sup>2</sup> сүйіктілері – кілең қатын сауыққой жылап жатыр еңіреп кіл өрісте, ай да лаулап, ұлып тұр.

Еніп кетті Зуһра үнгіріне дәруіш пен ұстаның.

Күзетші мұнаралар да мадақтап тұр халықтардың достығын. Түсініксіз бір әуендер қамалдардан шығады, себебі олар салынған ед сүйектердің үстіне. Аңыздардың бәрі көпші қимылға, ұмтылыстар, құштарлықтар ауылдарда ышқынып. Күйреп қалды күн күркірінің жұмағы. Жабайылар тынбастан түн тойында билеп жүр. Белгісіз бір мезгілде гүлбағында Бағдаттың қозғалысқа түстім мен, онда адамдар жаңа еңбекті мадақтайды жыр қылып, долы желдің астында қаңғып келе жатқанда олар ертегідегі Өлі әруақтарынан тығылатын жер таппас, себебі олар қайта алдынан шығады.

Қандай ғана қайырымды қол, қандай ғана бақытты уақыт осы өлкені маған тағы берер екен қайтарып, көрген түсім, әр қимылым қайдан жатыр басталып?

## ҚАҢҒЫБАСТАР

Беу, қорғансыз бауырым! Ауыр түндердегі сергектігім үшін қарыздармын мен оған!

“Мені бұл іске итермелеген жоқ құштарлық. Масайрадым сырқатына мен оның. Кесірімнен менің құлшылық пенен айдауға қайта кіріптар боламыз”. Ол мені – қырсық шалған, тым аңғал деп ойлады, үйіп-төкті жайсыз сезім тудыратын дәлелін.

Мен күлкімен жауап бердім, мынау сайтан дәрігерге, терезені тасаландым ақыры. Сұлу саздар тоғысатын жазықтықтың шетінде, келешек керемет түндердің суатқыларын жасадым.

<sup>1</sup> Орфика – ішекті аспап.

<sup>2</sup> Вахх – ойын-сауық “Құдайы”.

Гигиеналық дәмі бар бұл ермектің соңынан, сабан тыққан төсекте жаттым келіп керіліп. Түн сайын мен ұйықтар кезде, шіріп кеткен ұрты бар, көзі түптен ойылған байғұс ағам – ылғи өзін елестететін осылай! – есірік бір мұңға толы көрген түстерін айта жүріп айқайлап, залға мені сүйреді.

Күн ұлы боп, бірге қаңғып, шарабын ішіп үнгірдің, жолдың нанын кептірген жеп жүргенде екеуміз, орыным мен өмірлік, тұжырымымды тұрақты асыққанда табуға, мен, шынында, шын ниетпен мойныма алдым, қалпына оны келтіруге бастапқы.

## ҚАЛАЛАР

Ресми Билік (акрополь) заманауи қарақшылықтың ең алапат тұжырымдамасын көпіртіп түсіндіруде. Мызғымас мынау сүп-сүр аспан шашқан осынау күнгірт жарықты, бұл құрылыстардың патшалық сәнмен жарқылын, топырақты жапқан мәңгілік қарды мүмкін бе сөзбен бейнелеу?! Мұнда ұлы өлшемдерге дейін ұлғайтылған ғажайыптары көрсетілген сәулет өнерінің ең үздік. Мен көріп жүрмін Хэмптон Корттан жиырма есе үлкен көлемдерге ие көркем өнердің көрмесін. Қандайсың, сұңғат өнері! Норвегия Навуходонсоры бұйырды министрліктің баспалдақтарын құруға; қол астындағы қызметкерлері мен көрген, браминнен менмен кез-келген; алып мүсіндер күзетшілері мен құрылыстар қызметшілері үрей туғызды кеудемде. Гүлбақтарды, аулаларды, жабық сатылар қатарын бекітетін ғимараттар шеруі арбакештерді аластады бұл жерден. Саябақтар, шынайы шеберлікпен өңделген алғашқы жаратылыстың табиғи үлгісі тәрізді қаланың жоғарғы бөлігі, о ондағы көріністерді мүмкін бе сөзбен жеткізу: кемесіз теңіз шығанағы жамылғысын жайып жатыр өзінің. – ақылға сыймас көлемді шамдалдар ілген көкбұршақ түсті жағалауларда. Қысқа көпір астындағы шіркеудің жасырын жолына жеткізбек. Бұл Сент-Шапель шіркеуі, өлшемі он бес мың футты құрайтын шойыннан құйған сұңғат өнерінің діңі бұл.

Жаяулар көпірлері мен баспалдақтардан һәм алаңдардың кейбір нүктелерінен бақылап, бұл қаланың тамыры қаншалықты терең екенін айта алам.

Мен түсіне алмаған бір ғажап: асты-үстіндегі басқа аудандардың деңгейлері қандай екені? Заманауи жат елдіктер үшін мүмкін емес мұны ұғу. Сауда алаңдарымен бір шешімде жасалған тарап жатқан жан-жаққа көшелерден тұрады, ада болған қақпа астына орнықтырған дүңгіршек, тас төселген көшелердің қары тегіс тапталған. Жексенбілік таңғы Лондон көшелері сияқты, мұнда

сирек кездеседі ақсүйектері үндінің, барады олар асыл таспен безендірген күймеге. Тахтаның қызыл барқыты һәм солтүстік сусынының бағасы 800-ден 8000 рупийге дейін барады. Ауданымнан қандай бір театр тауып алмақ боп, өзім үшін аштым мен де жаңалық: дүкендер күңгірт драмаларға толы екенін. Полиция бар деп ойлаймын. Бірақ заңдар бұл жерде сондай қызық, мен өзімді қойғым келмейді жергілікті алаяқтар орнына.

Қаласырты мекендер де сондай сұлу, Париждің ең сәнді көшелерінің бірі дерсің бейне бір, – барынша мол құшағында жарық пенен ауаның. Демократияшыл күштер де, бар болғаны, бірнеше жүз жан ғана. Бір-біріне мінгесіп жатқан үйлер жоқ; елдімекен – сыртындағы қаланың даналыққа ұмтылады бір түрлі, батысты мәңгілік орманмен, ғажайып егінжайлармен толтыратын жоғалады “Графтық”, ал ол жерде жасанды жарық астында ақсүйектер жабайы өздерінің шежіресін қуып жүр.

## СЕРГЕКТІК

### I

Бұл – сәулелі тыныс, әлсіздік те, безгек те емес, егіндік пен төсектегі.

Бұл – дос, құмарлық та, қалжырау да емес бұл Дос.

Бұл – сүйіктім, азап шеккен, азап берген емес ол. Сүйіктім.

Тыныштық пен ауа ғана, іздемейсің сен оны. Өмір.

Бәрі осылай болады ма?

Көретінің – жайлы түс.

### II

Шағылды жарықкүмбезге. Залдың екі шетінен, оның безенділерінен бөлініп, жарасымды кесінділер көрінді. Сергек сананың алдындағы қабырға, бұл – шағылған әшекейлер мен ауа ағымдары сызықтарының, жерасты қопарылыстардың жан-жүйелік қатары. Бар ізгілікті сіңірген мүсінді, сезімтал топтардың шиеленіскен, сергек ұйқыда жедел көрген түстері, сәйкестік пен жарасымға жайласқан.

### III

Шулайды түнгі сергектіктің кілемдері мен шамдары, кеме палубаларына шапшыған теңіз толқындары сықылды.

Түнгі сергектік теңізі – ұқсайды, рас, Амелияның төсіне.

Кеңістіктің жартысын алып тұрған түскілем, жас өсімдіктер шілтерлерге тоқылған, інжулі реңк, сергектіктің құмыр құсы ұмтылады сен жаққа.

Қара камин тақтасы, шаңқан шұғыла құмды жағажайдағы: о, шыңырауы барлық сикырдың. Ал бұл жолы – Күн шапағының суреті бар тек қана!

### ТЫЛСЫМДЫҚ

Қиябеткейде түбіт киімді періштелер түр інжу мен шойыннан құйылған жайлауларға қарап қол бұлғап.

Отты орманның алаңдары төбелердің басына дейін секіріп.

Сол жақта – қара топырақ бүкіл адам өлтірулер мен шайқастардан тапталған.

Жамандықтың жаршысы – қара гуіл, бара жатыр зырғанап оның қисық жолымен.

Ал сыртында оң жақтағы беткейдің – күншығыстың, қозғалыстың сызығы.

Суреттің басқы сызығы – айналып, билеп тұрған теңіздің қуысы менен адами түннің гуілінен жасалған шақта болған бұл;

Көк пен жұлдыздардың, барлық қалған дүниенің гүлдеп тұрған момын халі шөгеді үнсіз төменге, қиябетке қарап тұрған себеттей, – қарсысында менің жүзімнің, – пайда болады сүйкімді, көгілдір түпсіз тұңғиық.

### АРАЙ

#### ЖАЗҒЫ АРАЙДЫ ҚҰШАҒЫМА АЛДЫМ МЕН

Сарайда әлі қозғалған жоқ ештеңе. Су өлі. Қою, қалың көлеңкелер тастап кете қойған жоқ жолын әлі орманның. Тірі һәм жылы көрген түстегі күрсінудерді оятып, мен жүріп кеттім тіл қатпай, асыл тастар да назарын қадап, қанаттар ұшты дыбыссыз.

Ең әуелі кездескенім – тұнық, бозғылт жылтқа толған соқпақта, – маған бір гүл таныстырды есімін.

Самырсындар сыртындағы шашын жайып жайраған аққұба сарқырамаға амандастым жымыып: оның күміс шашыраған биігінен мен Құдайды таныдым.

Дәл сол кезде жамылғымның барлығын шеше бастап едім мен. Орман жолы қол бұлғайды. Мен жазықта ол туралы айтып едім қоразға. Ол қалада күмбездер мен қоңыраулар арасында жүгірді, мен де мәрмәрлі жағалаудағы жарлыдай, қуып жүрдім соңынан.

Лавр тоғайына жақын жоғарғы жолда мен оны орадым  
жамылғылармен, бір сәтке оның сезіндім ұлы тәнін мен. Арай мен  
сәби құлап түсті етегіне тоғайдың.

Оянсам, тал түс болыпты.

### **ТЕҢІЗ КӨРІНІСІ**

Мыс пенен күмістен жасалған арбалар,  
Күміс пен болаттан соғылған кемелер.  
Көбікті сапырып,  
Жұлады бұталар тамырын қопарып.  
Құмдардың тасқындары мен  
Қайтқан толқынның терең танаптары  
Шырқайналып жүгіруде Шығысқа –  
Орман бағаналары мен  
Бөгет діңгектері бар жерге,  
Жарық сәуленің бораныменен сабалағанда бұрышын.

### **ҚЫСҚЫ МЕЙРАМ**

Күлдіргі опера күркелерінің ортасында сарқырама тұр  
сыңғырлап. Шоқ сәулелер зымырандардан тараған бақтар мен  
саяжолдарда, қалыпты сәулелер қасында Батыстың қызылды  
жасыл бояуларын ұзартты. Горацийдің нимфа-құдайшалары  
Алғашқы империяның шаш қойысына ұқсас кейпімен, Сібірдің  
әншілері, Бушенің қытай қыздары қыздырып жатыр мейрамды.

### **ГҮЛДЕР**

Өзімнің алтын баспалдағымнан жібек жіптер, ширатпалы сұрғылт  
бу, жасыл барқыт пен күнге қарайған қоладай мөлдір шыныдан  
жасалған дөңгелектер арасынан, – күмістің, шаштың, қарашықтардың  
– өрнегі бар кілемде оймақтай болып ашылғанын көрдім мен.

Жұзаққа себілген алтынның түйіршіктері, інжулі күмбезді ұстап  
тұрған қызыл ағаштан жасалған бағандар, ақ түсті атлас гүлшоқтары,  
жіңішке сабақтары лағылдың су раушанын қоршап тұр.

Үлкен көк көзді, қарлы тәнді Құдайдай, теңізбен көк мәрмәр  
баспалдақтарға шақырды – жас әрі қуатты гүлдер шоғырын.

### **ДӨРЕКІ НОКТИОРН**

Беймезгіл бір үрген дыбыс – тас шымылдықтарды бұзып өтеді,  
мүжілген шатырларды бұзады, ошақтарды өшіреді, терезелерді  
қараңғылыққа бөлейді.

Жүзімдікте, науаға қойып аяқты, отырамын арбаға, оның неше жаста екені әйнектерінен, майысқан есіктерінен, қисайған бейнелерінен дәл көрініп тұрады. Менің көрген түстерімдегі мәйіт-арба, бақташы үйі қарапайым жанымның һәм арба да езілген жолды кезіп жүр, бозарған беттер, жапырақтар мен кеуделер шырқ айналып жүр екен сынығында шынының.

Жасыл менен кара-көк түс қанықтырды суретті. Аялдама анау жерде, қиыршық тас ағып жатқан қақ құсап.

Мұнда ысқырықпен, күн күркірін – Содом менен Солимді (ессіз берекетсіздік падишаларын) һәм аңдарды, әскерлерді қаптаған жиып жатқан жоқ па екен?

(Түсімдегі арбакеш пен жануарлар мені көзіме дейін жібек бұлаққа батыру үшін, ысқырығымды қағып алмас па?)

Су мен сусындар шашырандысымен сабалап, дорбаауыз иттермен абалап, жүгіртіп қоймас па екен біздерді?

Желдің бір абалағаны бар ошақтың өшіреді оттарын.

### ДАБЫЛ

Шамшылдықтардың ылғи өлуін кешіруді маған бұйырғаны үшін, жақсылықпен біткен жоқшылық жылдарыма алғысым үшін, – сәтті сағат соққанда, түпке жетер қолайсыздық үшін, – осының бәрі мүмкін бе?

(О, пальмалар! Гауһар тастардың жарқылы! – О, күш-қуат! Махаббат! Барлық даңқтан, бүкіл шаттықтан жоғары! Қалауыңыз болсын, жайлаған бәрің – Әзәзіл, Құдай – ол менің жастығым!

Ғылыми ғажайыптар кездейсоқтығы мен әлеуметтік туыстықтардың әрекеттері, –сүйікті ме екен олар да, – алғаш ашылған көкірек сияқты?

Бірақ әйел кейпіндегі Қансорғыш, айналдырған бізді сүйкімді жандарға, әмір етеді ол бізге: көңіл көтеруді қалдыра тұрып біздерге, өзіміздің де ермекке айналуымызды бүтіндей.

Тілейді олар: мезі қылып, дінкелетер теңіздермен, аспанмен – жарақаттарға ұмтылуымызды; жұтып тынар сулар мен көк кеңістігі арқылы азаптарға ұмтылуымызды; тылсым үнсіздікте күлкілі болып естілер ұмтылуымызды азапқа.

### МЕТРОПОЛИТЕН

Қаракөк түсті шатқалдан Оссиан теңіздеріне қызғылтым құммен, масайған аспанмен жуылған, мөлдір шыны гүлзарлардың қиылыстары көтеріледі. Онда қоректерін көкөніс сататындардан алатын жарлы жандар тұрады. Елесі жоқ байлықтың. – Қала!

Тас жол шөл далада тұманмен бірге бара жатыр бей-берекет жүгіріп. Көкті орайды жеркенішті сабалақтары тұманның. Майысып аспан, төменге шөгіп барады, тұншығады қара, күңгірт түтінге. Ондайды ойлап таба алмас еді қара жамылған мұхит та. Қоларбалар мен жүк тиейтін қайықтар, жылқылардың сауыры бей-берекет шауып барады. – Шайқас!

Басыңды көтер: майысып кеткен жасалған көпір ағаштан; самаритян<sup>1</sup> егінжайы ақырғы; түнгі суықтан сабалған, көше шамының астындағы бетперделер боялған; жағасында өзеннің көйлек киген шытырлақ ақымақтау су пері; бұршақтарға шағылысқан жылтыраған бас сүйектер қаптаған; және де басқа сан елестер сандырақ. – Қаланың маңы!

Барлық жолдар, көмкерілген қабырғамен, торлармен, тығыз орман – арт жағында олардың; көріксіз гүлдер, – бұларды: апай десең де, жүрек десең де жарасар; зерігуге ұшыраған Дамаск; ақсүйектердің қожалықтары ғажайып; рейндік, гуаранилік, жапондық – қаласыртылық иеліктер, – ескі әуендерді еске алу үшін жарамды; қонақжайлар бар, есігі енді ашылмас; – ханшайым қыздар бар және, шаршамаған болсаң сен онша, сәуле шашуды үйретер. – Аспан.

Иә, сол таң, сенің күрескен шағындағы Онымен, айналада жарқырайды қар ғана, еріндер мен мұздар көгерген, қара жалаулардың тамтығы, көгілдір сәулелер, солтүстіктің қып-қызыл күнінің хош иісі. – Сенің күшің.

### ТАҒЫ ҚАРАҚШЫЛАРДАН

Мезгілдерден,  
күндерден,  
тіршіліктен,  
елдерден – әлдеқайда кейінде;

Тудың тісі сыкылды қан-шылақ,  
жібегімен теңіздің,  
арктика гүлдерінен жасалған (Олар болса табиғатта жоқ, тіпті).

Естен шыға бастаған, ескі ерліктің салтанатты сарыны, –  
ол сарындар біздердің санамыз бен жүрегімізге жасайды әлі  
шабуыл, –  
тым алыстағы кісі өлтіргіштен ежелгі.

---

<sup>1</sup> Самаритян – израиль халқы



Тудың түсі – қан шылаған ет сынды,  
жібегінен теңіздің,  
арктика гүлдерінен жасалған (Олар болса табиғатта жоқ, тіпті).

## О, НӘЗІКТІК

Жанып жатқан көмірлер,  
қарлы боран ағынындай бұрқырап;  
алмас желдің отты ағыны, ол желді жер жүрегі шығарған;  
жер жүрегі үнемі айналады көмірге – біз үшін – О әлем!

(Ежелгі баспаналар мен ескі оттардың түнегінен келіп бізге  
әлдекім, тыңдайтындай біздерді)

Жанып тұрған көмір менен көбіктер.

Әуендер туып, иірімдер жылжиды, соғысады мұздар менен  
жұлдыздар.

О Нәзіктік, әуен, әлем! Ал онда – барады ағып бейнелер,  
шаштар мен тер және көздер самсаған. Қайнап жатқан әппақ жасы  
жанардың, – О Нәзіктік! – Және жанартаулардың тұңғыығы мен  
арктика үңгірлерінен естілген сұлу қыздың даусы.

## Жалау...

## МҮЙІС

Алтын арай мен нәзік кеш ашық теңізден, вилла мен оның  
қосымша құрылысы жанынан біздің шағын кемені табады,  
Пелопоннес пен Эпирдей, Басты аралындай жапонның, жазира-  
сындай арабтың соншалық кең бұл мүйіс. Нұрланған жерлер – қайта  
оралуымен салтанатты топтардың, алып қорғаныс құрылыстары –  
заманауи жағалаулардың, сауық жәрмеңкесімен, гүлдермен  
бейнеленген құмтөбе; ежелгі Карфагеннің алып жаптары;  
жағалаулары Венецияның күмәнді; Этнаның шашыран-дылары  
қураған; шатқалдары мұзды ағыстар мен гүлдердің; Германияның  
теректерімен қоршалған кір жуатын көпірлер; беткейлері ғажап  
саябақтарының және иілген бастары жапон ағаштарының; түрлі  
“Гранд” пен “Руаялейлері” Скарборо мен Бруклиннің һәм қасбеттері  
дөңгелек; бұл мейманхананың үйлесімсіз тұрағын шойын жол іреп,  
кеседі. Бұл сәйкессіз тұрақтар Италия, Америка, Азияның ең әдемі,  
ең алып құрылыстарының тарихынан алынған. Ол құрылыстардың  
әйнектері де, басқыштары да жарыққа, сусындар мен таза желге  
толы бұл күнде; саяхатшылар мен әйгілілерге ашық, күндізгі  
сағаттарда италиян билеріменен, өнердің шексіздігімен безендіруге  
болады – Мүйіс-Сарайдың қасбетін.

## САХНАЛАР

Жалғастырады жарасымын әжуалар ежелгі, бөліседі мамыражайын өзінің.

Театр сахналарының саябақтары.

Тасты даланың екі шетіне созылған ағаштан соғылған айлақта, ағаштардың жалаңаш бұтағы астында жабайы қарақшылар жүр қыдырып.

Будың қара дәлізінде, жапырақтармен, далалық шамдармен серуенге келгендердің соңынан телміреді жанарлар.

Жүзбелі тас көпірге жасайды шабуыл – тылсымның құстары, көрермендердің кемелерімен жабылған аралдар шоғырын қимылға келтірді ол көпір.

Сырлы қойылымдар дауылпаздар мен сырнайларға сүйенген баспаналардан алып жатыр бастауын, ол баспаналар – заманауи залдардың маңайында һәм сарайларында жабдықталған бағзы Шығыстың.

Амфитеатр төбесінде жас орман айшықтаған әсем көрініс әрекетке көшеді немесе биік ағаштар көлеңкесінде, бейнелер кесіндісінде басқа әуендерге ауысып.

Әжуалы опера біздің сахнамызда жіктелмек, қасиетті галереяда орнатылған шымылдықтардың шетінде.

## ТАРИХИ КЕШ

Бейкүнә бір кеште, экономикалық сұмпайылығымызды ұқпайтын аңқау туристің алдында, маэстро қолы сыңсытты сазгенінің үнін даланың; карта ойнап отыр біреулер шұңқырында тоғанның; күн батқан шақта, тақуа қатындар мен қасиетті әкейлер жамылғылары; үндестіктің сәбилері мен аңыздардың шашырандылары пайда болады бүл жерде.

Ол аңшылықтың қиқуынан, жабайы орда қаңқылынан тітіркеніп қорқады. Әжуаның жаңбыры шөп төсеніштерге тамшылап. Аясында осынау мәнсіз көріністердің – сүреді өмір кедейлер мен әлжуаздар ауыртпалықтарын арқалап.

Оның жанар аясында жаншылған Германия айға дейін ұлғайды; татарлардың даласы арайланды жарықпен; ежелгі төңкерістер де Аспан империясының тұңғиығына бағынған; баспалдақтар мен тау теппелеріндегі бозамық кең әлемде, Батыс пен Африка өз өрлеуін

бастайды. Содан кейін, теңіздер мен тылсым түндер балеті, құнсыз химия, ғажайып күйлер әуені бастайды құрып салтанат.

Әлі де тап сол буржуазияның арбауы, түссеніз де Сіз қайдан, поштананың арбасында боламыз! Ең әлжуаз деген емшінің өзі бұл жеке атмосфераға, физикалық өкініштердің тұманына түсу мүмкін еместігін сезеді. Қайғы ұрады, оларды ауызға алғанның өзінде.

Жоқ! Буланудың, теңіздер тартылуының, жер астындағы өрттердің, ығып кеткен планеталардың, сатылап жойылудың дәуірі, Норн мен Инжіл еш қиындықсыз анықтады оның дәлдігін, – ендігі дәуір естияр жандардың бақылауында болады. Алайда бұған еш қатысы жоқ аңыздың.

### ҚОЗҒАЛЫС

Сарқырамалар маңындағы өзеншелердің ирендеп ағысы,  
Кеме артындағы тұңғиық,  
Шұғыл ылдидың тереңі,  
Алапаты ағынның,  
Саяхатшылардың жаңа химиясына, –  
Жазық пен су асты құйындарын  
Шырқ айналдыратын  
Ешкім естімеген  
Жаңа ілімге апармақ.

Олар – химиялық жеке байлықты қуған  
Жаулап алушылар әлемді;  
Жан рахаты мен спорт сапар шегеді олармен;  
Олар өздерімен бірге жануарлардың,  
Таптық және нәсілдік артықшылықтар ілімін алып жүреді;  
Ол кемеде –  
Басайналу мен сәуле ағындарының астында  
Үрейлі дәрістер өтеді.

Қан мен от, түрлі құралдар,  
Асылтастар арасындағы бос сөздер;  
Бұл қашқын палубаны есептер былғап тұр;  
Көруге болады – моторлы су жолының соңынан  
Алып тоған құсап домалаған,  
Әзәзіл әрі шексіз арайланған –  
Олардың оқу қоймасын;  
Оларды ұлы ашулар ерлігімен  
Үндескен ессіз құштарлықтың қамалына қуып қамады;

Таңғаларлық атмосфералық апаттар арасында  
Оқшауланды жас жұп қасиетті кемеде;  
– Кешірімге ылайық, жабайылық ежелгі –  
Бір орыннан қозғалмайды, ән салып.

### **ВОТТОМ**

Тар жаратылыс кең болмысыма тым ауыр тиді – дегенмен, тап болып қалдым Ханымға; көк-сұр құс болып кешкі ымыртта қанатын сүйреп төбедегі әшекейлерге қарай ұшады.

Бағаналар жапқыштарының етегінде, физикалық шаһхарлары мен зергерлік бұйымдарын жарқырататын, бір аю бар – қызылиегі қаракөк, көңілсіздіктен жүні кеткен ағарып, көздерінде – мөлдір шынылар мен әшекейлердің күмісі.

Бәрі қараңғыға, ыстық аквариумға айналды.

Азанда – маусымның соғысқұмар таңында – мен есекке айналып, шапқыладым далаға, қолды болған қатынша өмірдегі реніштерім хақында сайрадым бассалғанша желкемнен.

### **Н**

Әзәзілдік болмысында бар оның – Гортензияның<sup>1</sup> ишарасына ұшып кіреді үрейлі. Жалғыздығы оның – құмарлықтың тетігі, шаршағаны оның – махаббаттың ышығы. Балалық шақтың бақылауында болды ол әр кезде, бұл нәсілдің тазалығы лаулаған. Есіктері ашық дәйім қайғыға. Заманауи имандылық шарттары асады оның құмарлығы мен қимылдарында жүзеге. О қанды жердегі түзу жолдан таймаған махаббат, сутегі мөлдірлігінің астында алапат сілкінісің бар сенің!

Гортензияны іздеңіз!

### **ДҰҒА**

Менің Ворингемдегі апайым Луиза Ванаанға, – Оның көкшіл телпегі Солтүстік теңізге қарап тұр. – Кеме апатынан қаза тапқандар үшін.

Менің Ашбидегі апайым Леони Обуаға. Бау – жазғы шөп, сасық және ызыңды. Ауыратын балалар мен аналар үшін безгекпен.

Дос қыздар мен оқудың аяқталмаған шағында дұға оқитын бөлмелерге құмарлығын жоғалтпаған сайтан қатын Лулуға. Еркектер үшін. – Ханымға.

Бірге болған жасөспірім жігітке. Тақуалар құжырасындағы қарияға киелі.

---

<sup>1</sup>Гортензия – көне шығармалар кейіпкері, ханшайым.

Ақылына жарлының. Әншісіне өте биік шіркеудің.

Кез келген табынушылыққа, сондай-ақ, табынатын орында оқиғалар арасында осындай, бұйрығына сәйкес сол сәттің, күнәларымызға сәйкес немесе бағынуға тура келеді оларға.

Жоғары мұздың Цирцетосы бүгін кеш, балықтай майлы, қызыл түндердің он айындай қызғылтым (оның жүрегі – кит-балықтың тірі, балғын жұпары). Түнгі аймақтар сияқты үнсіз, жарылыстарынан да бұрын жүретін ерліктің, солтүстіктің алапатынан да қаталдау мынау әлем – күш алады менің жалғыз дұғамнан.

Қайткен күнде барлық әуендерімізбен, тіпті метафизикалық саяхаттарға шығамыз. – Бірақ қазір емес.

### ДЕМОКРАТИЯ

“Ту – осынау ұсқынсыз табиғатты да әрлейді, сөздеріміз ал біздің тастайды, тіпті, дауылпаздың үнін өшіріп.

Нағыз тәкаппар сайқалдықпен асыраймыз елдерді. Ақылы сау бұлқыныстарды жоямыз.

Кәне, алға, бұрышталған, тұздалған, ылғанданған елдерге! –

Ең аяусыз қанау менен тонауға индустриалды һәм әскери қызмет көрсету үшін тезірек!

Кездескенше, маңызды емес – кездесуіміз қай жерде. Жаңа келгендер еркімен жақындаймыз пәлсапаға қатыгез; ғылым үшін – надандар, жан рахаты үшін – бөріне дайындар, болашақ үшін – өлім.

Ақиқат жол, міне, осы.

Алға, бас қадамды!

### FAIRY

Елена үшін әшекейлі шырындар, пәк шөмеле астында және жүрежұтқан сызықтар тылсым үнсіздік ішінде бүлік жасады. Өлі махаббат пен әлсіреген хош иістер бұғазы жаз ыстығын табыстады мылқауланған құстарға, таланына тиісті болған шаршауды бәсі қымбат қаралы қайыққа тапсырды.

Кейін, орман шуылына үн қосқан орман отаушылар әйелдерінің әндерін, дала даусына саз қосқан жылқы үйірінің қоңырауларын тындар сәт келді.

Еленаның сәби шағы үшін көлеңкелер мен ормандар, кедейлердің көкіректері, аспан аңыздары сілкінді.

Қай кезде де бұрынғыша, оның биі мен көздері асыл тастардан да, суық ықпалдардан да, әшекейлерден алған ләззаттан да, қайталанбас мезгілден де биік болып қалады.

### СОҒЫС

Балалық шақта менің жанар сәулемді көктің назары ұлғайтып, барлық кісілік мінездер өз реңктерін сыйлады менің жүзіме. Ерен құбылыстар қозғалды менің санамда. – Енді математикалық шексіздік пен қас қағым сәттердің күйреуі қуады мені мынау әлемнен, бұл әлемде азаматтық табыстарға қуандым, тәтті балалық шақ пенен ұлы құштарлықтарға тап болдым. – Әлде құқым, қажеттілік пе жоқ әлде, бәлкім күтпеген қисын әсері, – ойлаймын соғыс туралы.

Бұл өте оңай нәрсе, әуендік тіркестер сияқты.

### ДАНА

Ол – нәзіктік пен осы күн, көбік қыстар мен жазғы шу үшін есігін ашып, таза қылды ас-суды, өйткені, басымыздан көшіп жатқан табиғат көріністері мен дамыл орындарының шексіз шаттығы баронда.

Ол – ертеңгі күн мен нәзіктік, қуат пенен ашулы, ренішке толы біз алыстан бақылайтын махаббат.

Ол – махаббат, басталған һәм аяқталған мінсіз өлшем, ғажап ақыл алдын-ала болжатпас, және шексіз мәңгілік: һәм үрейлі қасиеті бар, бар тағдырды өлшейтін айырықша қондырғы. О денсаулық шаттығы, бұлқынысы қуаттың, өзімшілдеу нәзіктік пен құмарлық, біз онымен азықтандырамыз өзімізді өмірбойы шексіз сүйетін адамды...

Шақырамыз біз оны, ал ол кезіп жүр мынау жер бетінде... Жоғалған кезде Табыну, естіледі оның уәдесі: “Ырымдар мен кәрі тән, отбасы мен ғасырлар, жоғалындар! Күйреп барады бұл дәуір!”

Жоғалмайды ол, түспейді ол бізге аспаннан, әйелдердің долылығы мен әуестерін ерлердің, барлық осы күнәлар үшін әкелмейді ол құрбандық – күнәмізді жуатын: себебі ол бар, шынында, шындығында, ол – сүйікті.

Оның қанша сапары, бейнесі, өмір сыйлар тынысы бар басқаға! Ең жетілген істер менен бейнелерге апаратын о, үрейлі шапшандық!

О, жемісі ақылдың, алыптағы Ғаламның!

Оның тәні! Арман болған Азаттық, жаңа озбырлықтармен айқасқан ізгіліктің ойраны!

Оның оралуы! Алдында оның бағзы азаптар көтереді еңсесін!

Оның сәулесі! Керек азаптар топанының жойылуы, одан да зор сұлу саздар астында.

Оның қадамы! Ежелгі басқыншылықтардың алып қимылы.

Ол және біз! Жоғалып кеткен мейірім менен қайырымнан жоғары мейірімді мақтаныш.

Ол ұлы әлем! Және жаңа кесепаттардың жарық әні.

Ол бәрімізді білді, және бәрімізді сүйді өлшеусіз. Қысқы түнде осынау, есімізге сақтаймыз: бір – мүйістен бір мүйіске, жердің дауылды шегінен ескі қамалға, шулы тобырдан теңіздің жағалауына, көзқарастан көзқарасқа дейін, қалжырап, тыңайып шақырғанда, теріс айналғанда жеткен толқындардың астында, қарлы далада – біз оның көзқарасына, тынысына, тәніне, сәулесіне еріп жүреміз.

## **ЖАСТЫҚШАҚ**

### **I. Жексенбі**

Есептерді жиып қой – аспан сонда сөзсіз төмен түседі, естеліктер мен ырғақтар толқыны толтырады бүкіл бөлмені, басты және ақылды.

– Жылқы, көмір обасымен ауырған қала сыртында, гүл-алаңмен шауып барады, орман мен бақша бойымен. Бір жерінде әлемнің драманың бақытсыз әйелі күрсінеді қоштасудан соң ақырғы. Қарақшылық жарақаттар мен мастықтан соң шаршап жатырған сықылды. Өзен бойында серуендеген сәбилер даусы өшіреді қарғыстардың ащы үнін.

Қайта оралайық сабаққа, еңбектің шуымен салмақтар мен қысымдарда жиналып, көтерілетін көпшіліктің күшінде.

### **II. Сонет**

Қарапайым жан, денесі жеміс болған жоқ па оның бақшада піскен салбырап, – о балалық шақтың күндері! – шашатын байлық болған жоқ па оның денесі? Сүю деген – қатер ме әлде жан жұмбағының күші ме? Жердің баурайлары бар еді жемісті, жүрді онда ханзадалар мен әртістер, ал шежіре мен нәсіл қуушылық итерді бізді қылмыстар мен қайғыға.

Әлем – сіздің байлығыңыз бен қаупіңіз. Бірақ енді, бұл ауыр жұмыс біткенде, сен және сенің есебің, сен және сенің шыдамсыздығың, – бар болғаны сіздің биіңіз, сіздің үніңіз – қойылмаған, еркін, сәттілік мағынасының екіұштылығы болса да, адами бауырмалдық пен кісілік қарапайымдылықта, бейнесіз бүкіл әлемде, – күш пен құқық үн мен биге бағынып, енді ғана бағаланбақ. Біліңіз.

### III. Жиырма жыл

Фибратты сөздердің аласталған үндері... Қайғыланып тынышталған физикалық аңқаулық... Ақырын үн. О, шексіз менмендігі жастықтың және сенімнің түйіні: сол жазда әлем сансыз гүлдерге толы еді. Өліп бара жатқан әуендер мен бейнелер... Тазалық пен әлсіздікті сабырға шақыратын әуендер... Шөлмектен жасалған жаңғырықтары түнгі әннің... Шындығында, жүйкелер сыр береді жуырда.

### IV

Киелі Антонийдің тура жолдан тайдыруына қарсы тұра алмайсың сен әлі. Шолақ ұмтылысы шабыстың, балалық мақтаныштың талмасы, көңілсіздік пен қорқыныш. Жұмысқа қайта кірісесің бірақ сен: жарасымды барлық мүмкіндіктер сәулеттік үстеліңнің айналады маңында. Мінсіз және күтпеген жаратылыстар тәжірибе үшін құрбан етеді өздерін. Сен тұратын аймақтарда ежелгі көпшілік пен кереметке таңғалу армандап аяқ басады. Жадың менен сезімдерің қоректендіреді жаратушы серпінді, не болады, сен кеткенде ал, әлем? Не болса да, ұқсамайды еш, бейнесіне қазіргі.

### БӘРІН САТУ

Сатылады қазір нәрселер – иудейлердің өзі ешқашан сатпаған, бекзадалар да, қылмыс та дәмін татпаған, жауапсыз махаббат та таппаған. Тобырдың тозақы тәрбиелілігі де білмеген, аша алмаған уақыт та, ғылым да – сатылады нәрселер.

Дауысты қалпына келтіру, оянуы хор мен оркестр күшінің және олардың тез қолданысқа түсуі, жалғыз жолы – түйсіктерді тірілтудің біздегі!

Тән сатылады – құнсыз, қарамастан қанының асылдығына, шыққан тегіне, жынысына, әлеміне жанының! Қимыл сайын шексіз байлық шашырап! Бақылаусыз жеңілдікпен сатылады гауһарлар!

Бассыз Билік сатылады көлемі үшін тобырдың; бағалаушылар үшін ең үздік, бұл – жойылмас ләззат; діндарлар мен ғашықтар үшін ең бір сұмдық өлім бұл!

Тұрғын үйлер мен көштер де, спорт пенен көріністер сиқырлы, мінсіз жан-тән рахаты, шу, қозғалыс, және өздері жасайтын сатылады болашақ!

Нақты сандар мен жарасымдар самғауы сатылады – құлақ естіп көрмеген. Таңғаларлық мерзім менен табыстар: бәрі жедел жетеді.



Көрінбейтін кереметтерге, сезімге жат ләззаттарға ессіз, шексіз ұмтылыс; кез келген күнәнің өзін естен тандырап құпиялары және оның, – ессіз шаттығы мен көзсіз күлкісі – зәре-құтын ұшырататын тобырдың.

Сатылады тән де, дауыс та, салтанат та толассыз – мәңгі сату бірақ оны мүмкінсіз. Сатушылар күтпейді оның ақырын. Жолаушыларға бұл саудалардан бас тартуға болмайды!

## I. ТОЗАҚТАҒЫ БІР ЖАЗ

Әлі есімде, бір кездері өмірім тек той болды, онда барлық жүрек біткен ашылып, бал боп ақты сан алуан шараптар.

Бір күн кеште Сұлулықты отырғыздым тіземе. – Ал, Ол сұмдық ащы екен. – Қатты сөктім мен оны.

Қарсы шықтым Әділетке сөйтіп мен.

Безіп бердім содан соң. О қара сиқыршылар, о жек көру, о қасиетті күндерім! Өз байлығымды сеніп тапсырдым сендерге!

Жұрдай болдым бар адами үміттен. Оны қылғындыра алатыныма есіріп, жабайы аңша ыршыдым.

Жендеттерді шақырдым, өлер сәтте мылтығының тістейін деп ұнғысын. Ұрандадым барлық қасіреттерге, күм мен қанға өлу үшін тұншығып. Бақытсыздық Құдайыма айналды. Жаттым батпаққа былғанып. Кептіріндім желдеріне қылмыстың. Қабыл алдым есуастың өзілін.

Көктем маған жеткізді нақұрыстың сұмдық үрейлі күлкісін.

Жақында ғана, тұрғанымды байқадым мен ақырғы дем алдында, бөлкім, қайта оятатын тәбетті, кілтін іздеп шықтым ескі сауықтың!

Бұл кілт – ізгілік. Мұндай шешім – сандырақтап жүргенімнің дәлелі!

“Сен қорқау боп қаласың, т.т...” – деп қышқырды Өзәзіл, қызғалдақпен қымтап менің басымды. “Бар өлімге – өзіңнің ындыныңмен, өзімшілдік дертіңмен, әулетімен бар жасаған күнәнің”.

О, тым көбірек емес пе! Қымбатты Сайтан, өтінем сізден, дегенмен: көздің қарашығында қаһар аздау болса екен. Аз ғана кешіккен жамандықтарды күтіп отырып, Сізге, жазушыда баяндау талантының жоқ болғанын ұнататын Сізге мен ұсынамын қарғысқа ұшыраған жанның қойын дәптерінен жыртып алынған бірнеше жаман парақты.

## II. Арам қан

Өзімнің галл ата-бабаларымнан маған ашық көк көздер, шектеулі сана, төбелестегі оралымсыздық дарыды. Киімдерім де солардікіндей жабайы. Шаштарымды майламаймын бірақ мен.

Галлдар жан-жануардың терісін сыпырып, шөптерді өртеді, алайда оның барлығын сол кездің тұрғындарынан істеген жоқ артылып.

Олардан маған: пұттарға табыну мен киеліні қорлаушылыққа махаббат – о, барлық қасиеттер сиықсыз, меңіреу ашу, тәттіқұмарлық, – тәттіқұмарлық, керемет қой ол! – жалқаулық пен аярлық дарыған.

Барлық түрі өнердің – көздеріме көрінеді жексұрын. Жеркенішті – қожалар мен жұмысшылар, шаруалар. Қалам ұстаған саусақтар – артық емес соқадан. Қандай ғана дәуірі еді қолдардың! Қолдарымды шынықтырман ешқашан. Ал содан соң қолды үйретсең – әкетуі мүмкін алысқа. Кедейлердің кісілігі келтіреді жынымды. Қылмыскерлер әтек сынды көрінеді сұмырай: мен үшін де ұмтылу тән – мақсатқа, бірақ оның түк қажеті жоқ маған.

Дегенменен, осыған дейінгі жалқаулығымды ақтап алатын ғып, кім жаратты Тілімді менің арам қылып соншама? Өмір үшін тәнімді де қинамай, барлық жерде мәз-мейрам боп сүрдім өмір, сияктанып құрбақа. Еуропада мен білмейтін отбасы жоқ бірде-бір. – Кез келгенін өз отбасымдай танимын: барлығы оның Адам Құқы декларациясына қарыздар. – Маған мәлім әр үлгілі отбасының баласы.

\* \* \*

Егер менің, Франция тарихының қандай да бір нүктесінде – болғанда ғой жолбасшым! Ешкім де жоқ!

Айдан анық, жаралғаным менің төмен нәсілден. Түсінбеймін көтеріліс дегенді. Менің нәсілім көтерілген тонау үшін тек қана: қорқау сынды бөгделердің өлтірген өлімтігін торыған.

Франция тарихын түсіремін есіме, осынау үлкен қызыл Шіркеудің. Виллан<sup>1</sup> болып қасиетті жерге аттандым: есімде менің Шваб жазықтарының жолдары, Византия жер бедері, бекіністері Солимнің, Мария Ананың киесі, айқышқа керген жан алдында табыну – мыңдаған ылас, әулекі тойлар арасында жүріп оянады санамда. Алапестей, қалақайға таланып, себеттердің сынықтары

<sup>1</sup> Виллан – саяси күл.

ортасында, күн жеп қойған жарға сүйеніп отырмын. Кейінірек, рейтар<sup>1</sup> болып неміс түндерінің іңірінде жарып едім даладағы дамылдаған әскерді.

А! Тағы, міне: ормандардың алқабында алқызыл, билей жүріп балалар һәм кемпірмен өткіземін пері-ойнақ.

Естеліктерім осы мекен мен Христандыктан әрі бармайды. Мен өзімді қайта-қайта өтіп кеткен ғасырлардың қойнауынан көремін. Неге, бірақ сабау қамшы, салт бастымын әрдайым? Сол кезде мен сөйлеп едім қай тілде? Ешқашанда өзімді жиындарынан Христың, бекзадалар қауымынан, жердегі Христ өкілдері арасынан көрмеймін.

Кім болдым мен кешегі өткен заманда? Табам тағы мен өзімді бүгіннен. Қаңғыбастар, дүлей соғыс жоқ енді. Төмен нәсіл жаулап алды барлығын: халық пен шешім, ұлт пен ғылым – ұраны.

О, ғылым! Басып алды ол бәрін. Жан мен тән үшін – медицина мен пәлсапа – ізгі әйелдердің емдік сусындары мен өңделген халық әндері. Олар – тыйым салынған, билік иелерінің ермектері мен қызығы! География, космография, механика, химия!

Ғылым, жаңа бекзаттық! Өрлеу, әлем алға қадам басады! Бұрылмасқа неге оған?

Бұл – көзге ұруы есептің. Жақындаймыз Рухқа. Расталмақ “Киіз кітап” хабары. Түсіндірер ем, түсіндіре алмаймын көмегіңіз сөздердің пұтқа табынған кездегі, сондықтан да үндемегенді жөн көрдім.

\* \* \*

Қаны оралды пұтқақұлдық кезінің. Жақындап жүр Өруақ; Христос неге көмекке маған келмейді, игіліктер мен еркіндік сыйлап жаныма? Әттең, әттең! Тәмат. Тәмам болды Інжіл! Інжіл, о, Інжіл!

Тәтті дәмнен дәмәтіп, әлі күтіп отырмын мен Құдайды. Түп бастаудан бері қарай – мен төменгі нәсілмін.

Арморикан жағалауындамын мен міне. Жаксын кешке барлық шаһар шамдарын. Менің күнім аяқталды, Еуропаны қалдырамын артыма. Теңіз демі күйдіреді өкпемді, ажалды ауа жандырады тәнімді. Шөпті таптап, аңға шығам, шылым шегем (бұл, әрине, алдымен), қайнап тұрған шойындай күшті сусын ішемін – сол баяғы түнгі алау айналасындағы бабаларым сияқты.

---

<sup>1</sup> *Рейтар* – жалдамалы шетелдік артиллерист.

Темірдей бұлшық еттермен, қарақоңыр терімен, көздеріммен айбарлы ораламын: бұл бетпердемді көргендер мені күшті нәсіл өкілі деп ойласын! Алтындарым болады. Боламын мен дөкір әрі сауыққой. Әйел біткен тропикалық елдерден оралған қаһарлы жарымжандарды қалайды. Қосыламын әрине, алабүліктерге саяси. Құтқарылам, әрине.

Сосын мені кәрлі қарғыс ұрады. Отанымнан жеркенемін аза бойым қаза боп. Құмдақ, жағалауға барып, мас боп ұйықтап, көрген түс артық бәрінен.

\* \* \*

Сен ешқайда аттанбайсың. – Тапта қаңғып бұл жолдарды қайтадан, ақыл тоқтатар жасқа келдің, күнәларыңа есеп бер өмір бойы жасаған, – ал ол ақыл көтеріліп аспанға, мені ұрады, төңкереді аударып, ақыры мені сүйрейді өз соңынан.

Бұл ақырғы тазалық пен ынжықтық. Шешілді бәрі. Сатқындығым мен жеккөрінішімді әкелмеу керек мынау таза әлемге.

Шық сапарға! Қозғалыс хәм ауыр жүк, шөлді кеңістік, уайым мен ашу бар онда.

Кімге қызмет етеміз? Қай хайуанға бағыштаймыз дұғаны? Айкөненің қандай түрін жек көреді бұл жерде? Қай жүректі жаралаймын мына мен? Қолдау керек әңгімені қай жалған? Кімнің қанын өтер екем кешіп мен?

Әділ соттан әрі кет. – Өмір қатад, оңай бірақ тағылық. Табыт қақпағын көтеру керек кеуіп қалған қолменен, отыру керек, тұншығу керек содан соң. Кәрілік те, қауіп те жоқ: масқара – французша болмай кетті бұл өзі.

– О! Мен сондай жалғызбын, дайын болу үшін кез-келген қасиетті кейіпте кемелдікке жеткізу үшін жарылыстарды жандағы.

О, менің самарқаулығым, ізгілігім ғажайып – жалғыз, мынау жалғанда.

De profundis Domine, ақымақ ем мен қандай!

\* \* \*

Сәби шақта. Таң қалушы ем, сыңғырлаған кісені, сөзге сараң адамға – итжеккенге айдалған; мен ол қонған түнеуханалар мен қонақжайларды іздеуші ем: киелі орын сияқты еді мен үшін. Түнгі аспанға, даладағы жұмыстарға қызулы қараушы едім соның ғана көзімен; ал қаладан оның іздедім мен пешенесінің іздерін. Оның

күші әулиенің күшінен, ал ақылы жиһанкездер ойынан да көп еді, – жалғыз сол ғана куәгер болды өз ақылының даңқына.

Жолдарда, қысқы қытымыр түнде, баспана, нансыз, жылы киімсіз, суықтан қатып қалған жүрегіме жылу боп еніп бара жатқан бір үн естідім: “Күш пе әлде әлсіздік пе? Сен үшін – бұл күш! Сен қайда, не үшін бара жатқаныңды да білмейсің. Бар жерді шарла, барлығына жауап бер. Сені өлтірмейді, мүмкін емес өйткені, өлтіру деген өлікті”. Азанда менің көзқарасым мен өлі жүзім сезімсіз болды соншалық, кезіккендер тіпті көрмеген де шығар менің түссіз жүзімді.

Қаладағы балшықтар маған аяқ астынан көрші бөлмеде шам шайқалғандағы айна секілді қызғылт қара болып көріне бастады; орман түнегіндегі қазына құсап. Мен: “Сәт сапар!” – деп айқайладым да, от пен түтіннің теңізін көрдім аспаннан, – ал, оң мен солда миллиардтаған күн күркірі сықылды барлық байлықтар жанып жатты лапылдап.

Бірақ әйел достығы мен жын-ойнақ мен үшін тыйым салынған. Жолсерігім жоқ бірде-бір. Кенеттен мен өзімді көрдім ашулы тобыр алдынан, сарбаздарды көрдім өзімді атып өлтірер, жыладым мен олар ұға алмаған қайғыдан, Жанна д’Арк секілді – мен оларды кешірдім. “Бірадарлар мен ұстаздар, билеушілер, сіздер қатты қателестіңіздер, сот алдына мені шығарып. Ешқашан менің байланысым болған емес мынау халықпен, ешуақытта христиан болған емеспін; мен ажал аузында ән салатындар санатынанмын; мен заңдарды ұқпаймын; ахлақтан аулақпын, себебі мен хайуанмын, қателестіңіз, демек, Сіз”.

Иә! Сіздің жарығыңыз үшін жұмық менің жанарым. Мен – хайуанмын, мен – зәңгімін. Бірақ мені құтқаруға болатын. Ал сіздер – зәңгісіздер жасанды, сіздер – есіріксіздер құтырған, қорқауысыздар қорлаудың, мейірімнің сараң жендеті. Саудагер, сен – зәңгісің; төре, сен – зәңгісің; әскербасы, сен – зәңгісің; әмірші, көрі қотыр зымиян – сен зәңгісің, сен шарапты іштің Шайтан фабрикасында жасалған. – Қатерлі ісік пен безгектен шабыт табады бұл халық. Мүгедектер мен қарттар сонша құрметті, оларды тек жеу ғана қалды пісіріп. Ең дұрысы – залымдар үшін тауып беріп кепілдік, ақымақтық, ессіздік кезіп жүрген бұл құрлықты қалдырып кету тезірек. Мен Хам ұрпағының шын патшалығына кіріп барамын.

Танимын ба табиғатты мен өзі? Әуелі, тіпті білемін бе өзімді? – Сөздер жойылды, Өлілерді өз асқазанымда жерлеймін. Айқай-шулар, дауылпаздар – және биге, биге, биге басындар! Маған мәлім, ақ кигендер келгеннен соң жаныма, құлайтыным біржолата жоқтыққа.

Аштық пен шөл, айқайлар – тағы биге, биге, биге басындар!

Ақтар түсіп жатыр жағаға. Гүрс ете қалды зеңбірек. Киініп алып, кірісу керек жұмысқа, шоқыну салтына бағынып.

Жүрегіме менің өлтіретін соққы берілді. О, мен мұны күтпедім!

Мен ешқашан жасағам жоқ зұлымдық. Күндерім жеңіл өтеді, істерім үшін өкінбен. Мен ешқашан жақсылықтан қашық жандардың, жерлер сәттегі аза-шырақтың қатал жарығы сияқты жан азаптарын көрмеймін. Әлеуетті отбасынан шыққан ұлдар тағдыры – көз жасымен, жылтырақпен әрленген өлмей тұрып әкелінген табыт сықылды. Талас жоқ, ақымақтық – азғындыққа жетелеу, ақымақтық – күнәларға берілу, ал шірікті лақтыру керек әрірек. Бірақ мұнарадағы сағаттар таза азаптың уақытын көрсете алмайды ешқашан. Сәби құсап, бар қайғымды ұмытып, ойнау үшін жұмақта, көтерілем бе аспанға?

Тезірек! Басқа өмір бар ма біз сүрер? –Арасында байлықтың. Түс көруге мүмкіндік жоқ ешқандай. Байлықтікі өйткені, әрқашанда жария. Құдай берген махаббат қана білімнің кілтін сыйлайды. Табиғаттың мейірімді екенін көремін. Қош болындар, кие тұтқан ұғымдар, орыны толмас қателер, орындалмас армандар!

Періштелердің зерделі әні құтқару кемесінен көтерілді: Бұл Құдайлық махаббат. – Қос махаббат! Жерлік махаббаттан, түпсіз берілгендіктен өліп кетуім мүмкін дәл қазір. Мен кеткеннен соң дерті ұлғаятын жүректерді қалдырып барамын! Таңдадыңыз Сіз мені – ғарық болған кемеде зардап шеккендер ішінен; бірақ, артымда қалғандар, досым болып қала алмай ма ал сонда?

Құтқарыңыз оларды!

Оянып жатыр ақылым. Әлем мейірімді. Ырзамын өмірге. Жақсы көремін бауырларымның барлығын. Бұл жай ғана уәде емес балалық, қашып құтылу айласы да емес кәрілік пенен ажалдан. Құдай – менің қуатым, Бар Даусыммен мадақтаймын Құдайды!

Сағынышым менің махаббатымның мөлшерінен артық болмайды. Ашу менен ақымақтық, азғыну, – мен олардың бар ұмтылыстары мен ұтылыстарын білемін, – бұл жүктерді лақтырдым иықтан. Бағалайық ақырын, қанша алысқа созыларын пәктігім.

Кешіре алман енді мен, жендеттіктен жәрдем күту дегенді. Қайын атаммен, Иисус Христоспенен, үйлену тойына жүзіп бара жатпағанымды білемін.

Өз пайымыма тұтқын болған жан емен. Айттым: Құдай, Күнөдан арылар сәтте де еркіндік қажет тек маған: алайда, қалай жетем мен оған? Құтылдым мен талғамдардан ұшқары. Құдайлық махаббаттың да, оған адалдықтың да қажеттілігін сезіп тұрғаным жоқ енді мен. Сезімтал жандар заманын көкsep өкінбен. Жек көрудің де, мейірімнің де – өз мағынасы бар бәрінің: сондықтан да періштелік ақыл сатысының биігіндегі орынды қалдырамын өзіме.

Байлансақ берік бақытқа, отбасының жарасымы немесе, жоқ... Жоқ, ол келмейді қолымнан. Тым ұшқалақ, әлсіз жанмын о бастан. Гүлдейді өмір еңбекпен – бұл әуелден келе жатқан қағида; еншілі өмірім ал менің, салмақты емес оншалық, осы заманға ауадай қажет әрекеттерден белсенді соншалықты аулақта қиянға самғап ұшады.

Кәрі қызға баратқандаймын айналып: батылдығым жоқ өлімнің өзін сүйеге!

Егер маған Жаратқан, көк тыныштығы мен құлшылықты сыйласа ғой, – бұрынғы әулиелерге сыйлағаны сықылды! – Әулиелер! Күштілер! Діннен безген малғұндар! Енді ешқашан ешқайдан ұшыраспайтын әртістер!

Шетсіз-шексіз әуейі, арзан күлкі бұл неткен? Жылауға мәжбүр етеді күнәсіз менің пәктігім. Өмір деген – арзан күлкілі қойылым, ойнайды онда барлығы.

\* \* \*

Жетер енді!

Жаза мынау. –

Бас алға!

Аһ, өкпем қандай лаулап тұр, дүнк-дүнк етіп самайым!

Күнге бақсам – түн шөгеді көзіме! Ал жүрегім...

Жансызданып, ұйып қалған мүшедей.

Елдің бәрі қайда асығып барады? Шайқасқа ма? Мен әлсізбін. Бара жатыр бәрі озып. Құралдары еңбектің, қару-жарақ...

О, уақыт!

От!

От келеді маған қарай! Ал, әйтпесе, берілем. – Қорқақтар! – Өліп барам! – Жанұшырып ат тұяқтары астында!

Бітті!

– Үйренемін бұған да.

Бұл кәдімгі француздың өмірі, ар-намыстың жолы болып қалады.

## ТАМУҚТАҒЫ ТҮН

Жұтып қойдым удың тым көп мөлшерін. – Батасымен үш рет берген кеңес, – қабыл алдым мен оны! – Өлермендігі мына елдің құрыстырып бұлшық етімді, тәнімді тұлғасыз қалдырды, жерге ұрады басыммен. Шексіз шөлден өліп барам қаталап, тұншығамын, айқайлауға дәрмен жоқ.

Бұл – тозақ, бұл – шексіз азап!

Қараңыз: тұр лапылдап өрт-алау!

Қалай болса, тұрмын солай лапылдап.

Жалғастыр, әзәзіл!

Елестейді шақырғандар жақсылық пен бақытқа: Құтқару. Көргенімді бере алар ма екем бейнелеп? Тамұқтың ауасы әнұрандарды сүймейді. Миллиондаған жаратылыстар ғажайып рухани тәтті бірлік, Күш, әлем, шамшылдықтың бегзаттығы, – бәрі бар, қайсыбірін айтарсың.

### ШАМШЫЛДЫҚТЫҢ БЕКЗАТТЫҒЫ!

Дегенменен, өмір – мұның барлығы.

Қарғыс қана жасаса ғой мәңгілік! Ұшырамай ма қарғысқа, өзін-өзі қылған жандар мүгедек? Мен өзімді тозақтан бір шықтым деп ойлаймын, шынында да тозақтамын, демек, мен. Діни қағидалардың жинағындағыдай болды бәрі де. Мен өз шоқынуымның құлымын. Бақытсыздыққа дайындалдыңыздар мені, ата-анам, өздеріңізге де ұсындыңыздар сол сыйды...

О, бейкүнә бейбақ! Пұтқа құлдарға қорқынышты емес тозақ түк.

Дегенменен, өмір – мұның барлығы.

Кейінірек, ермектері қарғыстың тым тереңдеу болады. Бір қылмыс – тез! – адами заңның атымен құлаймын мәңгі жоқтыққа.

Үндеме, бірақ, үндеме!..

Бұл ұятпен кінәлау: оттың жеркенішті екенін, ашуымның сұмдық ақымақшылық екенін Шайтан, тұрған сыбырлап. Біреулердің айтқандары адасулар хақында, хош иістер де жасанды, сиқырлар да әр түрлі, балалардың әуені де болды маған жетерлік. – Енді ойланып көрші бір сәт, – ие болдым – ақиқатқа, көріп тұрмын әділдікті: Барлық ойым түзу, мықты, кемелдікке жетуге мен дайынмын... Мақтаньш. – Кеуіп барады бас терім.

Аяй гөр!

Зәре-күтім барады ұшып, Құдая! Бара жатыр бір үрейлі шөл алып. О, сәби шақ, шөптер менен жауындар, ғажайып көл – тас төсекте жантайған, қоңыраудың он екіні соққандағы ай жарығы... Түн ортасы ауа бере қоңырауға көтерілген әзәзіл.

Мария! Қасиетті Қыз!.. – Ақымақ ем мен сұмдық.



Онда, алыста жоқ па маған тілейтін жан жақсылық? Келіндер! Бетімде көпшік, олар менің естімейді даусымды, олар деген, бар болғаны, елестер. Ешкімнің де өз жақынын ойлауға шамасы жоқ, ал кейін. Жуымандар маған. Шығады ісі өн-бойымнан күйіктің.

Шек болмайды – бейнесінде елестің. Мен әрқашан өмір сүрдім: тарихқа деген сеніммен, ұстанымдарымды тез арада ұмытып. Ақындар мен визионерлер<sup>1</sup> қызғанбау үшін – үндемеймін олар жайлы бірақ мен. Байлығымда есеп жоқ, керек екен теңіз сынды сарандық.

Е, солай де!

Өмір сағаты тоқтады. Тысқарымын – мен осынау өмірден. Байсалды әбден дінтаным: тамұқ, даусыз төменде, аспан болса, – биікте. – Құмарлықтар, сұмдықтар – отты ұяда көрген түс.

Кеңістікте өтті қанша қастандық!

Шайтан менен Фердинанд, жабайы өсімдік тұқымдарымен бірге жүгіріп келеді... Адымдайды Иисус үстіменен тікенекті бұталардың қызғылтым, майыспайды ал олар. Абыржыңқы су үстімен жүрді Иисус. Ол тұрғанда жасыл толқын үстінде, жарқыратты біздің шам оның аппақ киімі мен қара бұйра шаштарын.

Жұлып алам жамылғысын құпияның кез-келген, мейлі ол, дін бе, туу, өлім, табиғат пен космогония, өткен күн мен болашақ, жоқтық, тоқтық – бәрібір. Мені қиял әлемі бөлімі бойынша Бас жетекші деп білерсіз.

### **ТЫҢДАҢЫЗДАР!**

Менде барлық талант бар! –

Мұнда ешкім жоқ, бар, алайда әлдекім: мен өзімнің байлығымды бекер шашқым келмейді. –

Зәңгілердің жырлары мен қалайсыз ба үр қыздары билерін? Қажет пе әлде сақина іздеп, жоғалғаным теңіз түбіне шым батып? Қаласаңыз, алтын жасап, шығарайын дәрілердің сан түрін.

Сеніңіз маған! Емдейді сенім, соңынан ертіп, береді ол жеңілдік. Келіңіз маған, – келсін, тіпті сәбилер де кішкене, – жұбатамын сендерді. Сыйлық болсын сіздерге – осы жүрек, ғажайып!

Еңбекқорлар, бейнетқорлар бейшара! Мен сіздерден талап етпеп құлшылық; тек сендердің сенімдерің – мені бақытқа бөлейтін.

– Ойланайық және өзіміз туралы. Әлем жайлы өкінбеуге мәжбүрлейді бұл мені. Сәті түсті: енді ешқашан қайғырман. Ақымақтық болды өмірім тәп-тәтті, өкініштің үлкені сол, әрине.

---

<sup>1</sup> *Визионер* – рухтармен тілдесетін ай-шалығы бар жандар.

Кел! Ендеше жүгінейік ойға кірмес бетперденің бәріне.

Әрине, біз бұл әлемнен тыс қалдық. Бір дыбыс жоқ. Иіс сезу қабілетім жоғалды. Қайран менің қамалым, Саксония, тал-ағашты орманым! Кеш пенен таң, түн мен күн... Шаршадым.

Дүлей ашуым үшін болғаны жөн ед, жеке өзімнің тозағым, өз тозағым – мақтан үшін және де – еркелеу үшін керек еді ол – жаһаннам.

Шаршағаннан өліп барам!

Бұл – бейіт, ең сұмдығы, бара жатырмын құрттарға: Әзілкеш-шайтан, мадағыңа елітіп, еріп кеткенімді қалайсың: Талап етемін! Шайтан шанышқысының соққысын, талап етемін, оттың жалғыз тамшысын.

Шіркін! Қайта оралсам, өмірге!

Көз жүгіртіп кембағалдықтарға осынау. Бұл – у, бұл – сүйіс, мың қайтара қарғыс атсын оларды!

О, әлжуаздығым менің, О, қаталдығы әлемнің!

Аяй гөр мені, Құдайым, жасыршы мендей тым әлжуаз сорлыны! – Жасырындым, жасырынған да жоқпын, расы.

Жалын өрлеп барады,

Өрт ішінде – айыпталғандардың жанары.

## САНДЫРАҚІ

### АҚЫЛСЫЗ ҚЫЗ

*Тозақ отындағы қалыңдық*

Бір тұрғынының сырын тыңдайық тозақтың:

“О, Жаратқан берген Жан-Жарым, Тәңірім менің, қабыл ала гөр, Құлшылығын өзіңнің ең қайғылы құлыңның.

Қаза таптым. Мас едім. Ласпын.

О, қандай өмір өзі бұл!

Кеше гөр, Тәңірім, кеше гөр!

Кешіріміннен дөметем!

Ақты қанша көз жасы! Өлі алда бар көздің жасы қаншама!

Сосын Құдайлық Жұбайымды танымын. Бағынышты боп туылғанмын мен оған. – Мейлі, мені жықсын сол-ақ соққыға.

Өмірдің ең түбіндемін енді мен.

Құрбыларым, о, менің! Иә, айтпақшы қажет емес құрбылар. Ешкім мұндай ақылға сыймас азапты бұрын-соңды білмеген. Ақылсыздық бұл неткен!

Жылап жүрмін, астындамын азаптын. Азаптарым жасанды емес, шынайы. Бірақ маған барлығына рұқсат. Өйткені мен, жүрмін жүктің астында, жүректердің бірін-бірі сүймейтін жеккөретін бөлшектерін келемін мен арқалап.

Ақыры бұл естісінші сырымды – соншалықты көңілсіз де болымсыз, – бірақ оны мәңгілік қайталауға даярмын.

Мен тозақы Жұбайымның күнімін, ақымақ қызды итереді ол ажалға. Ол – әзәзіл. Ол елес те, әруақ та емес, әрине. Өз пәктігін жоғалтқан, қарғыс ұрып, әлем үшін өлікпен тең бейбақты (мені, әрине) – өлтірмейді қайтадан! Мұның бәрін берем қалай бейнелеп? Жылап, қорқып, қара жамылып отырмын. Егер сізге қолайсыздық тумаса, жалғыз жұтым таза ауа бер, Құдайым!

Мен жесірмін... – Жесір болдым... – Шынында, мен керемет байсалды едім бір кезде, туылғам жоқ және айналып кету үшін қаңқаға... – Сәби еді ол әлі... Құпия нәзік болмысы оның тұтқындап, парызымды ұмытып, еріп жүре бердім оның соңынан.

Қандай өмір! Жоқ ешқандай шынайы өмір әлемде. Біз әлемнен сүрудеміз тыс өмір. Қайда барса ол, мен сол жерге барамын, болу керек дәл солай. Мен бақытсыз, ұшыраймын оның жиі көріне.

Әзәзіл!

Тәңірім-ау, саған анық аян ғой, адам емес, оның ӘЗӘЗІЛ екені.

Ол айтады: “Әйелдерді жек көрем. Махаббатты ойластырып шығарған жөн қайтадан, бұның, енді басы ашық. Қалаулары жалғыз нәрсе олардың – жайлы, рахат тұрмыс болса жетеді. Қол жеткенде ал оған – жойылады жүрекпенен сұлулық: заманауи неке өнімі – жеккөрініш қана қалмақ сүп-суық. Немесе мен, айналдырып ала алатын досыма – әйелдерді ғана көрем – бақыт мөрі басылған, – оларды бірақ алдын-ала өлім жазасы үшін дайындалған от сынды, сезімтал аңдар жеп қойды...”

Әңгімесіне құлақ салам мен оның: айналдырады олар арсыздықты – даңққа, қатыгездікті – сүйкімге. “Мен алыс нәсілге жатамын: бабаларым – варягтар, олар өздерін жаралап, өздері ішкен өздерінің қандарын. – Турап өтіп тәнімді, сурет салам піскілетіп теріме, мен моңғолдай болғым келеді кембағал; көресің әлі: көшелерді өзімнің үруім мен ұлуыма толтырам. Долы ашу кеп қысқанда, ада болғым келеді бар адами ақылдан. Ешқашанда асылзатты көрсетпе: ирелендеп, жорғалап кетем кілем үстімен. Байлығым ба? Оның түгел қанменен былғанғанын қалаймын. Мен ешқашан жасамаймын қызмет...”

Бірнеше рет түнде маған бассалғанда әзәзіл, біз еденде арпалысып, алыстық. – Талай рет мас күйінде, көшелерден қараңғы, тас үйлерден құлаған, ұшырмақ боп үрейімді шықты ол менің алдымнан. – “Шын айтамын, бір күні бауыздайды ол мені: жеркенішті ед не деген!” Бұл күндері ол, қылмыспен келді алғысы тынысын!

Кейде айтады ол – жағымды бір тілменен – өкіндірер өлім жайлы, бақытсыздықтар хақында тіпті көп, олардың жұмысы туралы азапты, айрылысулар жөнінде, тілкемдейтін жүректі. Бір шалғайда мас болғанда бірге біз, жарлылықтан малға айналған – бізді қоршап отырған жандарға қарап жылады ол. Мاستықтан құлап жатқандарды көтеріп жүрді ол көшеде. Сәбилерге де қарады, аянышымен қатыгез ананың. Үйден шығып кетерде, еркелетті аса нәзік сөздермен, Жаратқанға жалбарынып тұрған қыз құсап; ұстады ол өзін – білетін жанша барлығын: сауданы да, медицина, өнерді. – Мен де шықтым соңынан, солай болу керектей!

Өзін ойша қоршаған декорациясын көрдім мен оның: Жиһаз, мата, киімдер. Тарту еттім оған ақсүйектік жүзбен бет бедерлерін басқа да. Оны толғандырған мен бейнеленген ойында нәрсенің көрдім барлығын. Топастанып кеткендей боп көрінсе де ол маған, соңына еріп жүре бердім мен оның, не істесе де, қызық-қиын, жақсы-жаман жасаса да әрекет: әлеміне кіре алмасыма сенімді болдым мен оның. Ұйқыдағы, мен үшін қымбат тәнінің жанында, шын болмыстан неге қашып құтылғысы келеді екен бұл ылғи? – деген күбіртке сауалға жауап іздеп талай рет ұйқысыз түн өткердім. Мен, ол үшін қорықпай, кез келген сәтте қоғамға қауіпті бола аларын түсіндім. Өмірді қалай өзгертуге болатыны жайлы құпияға ие болған шығар бәлкім ол? Өзіме өзім қарсы шықтым кейіннен: сол құпияны іздеп жүр ол, тек қана. Мейірімі сиқырланған, шынында, ал, мен болсам, түскем оған тұтқынға. Ешбір жанда күш болмаған – оның торығу күшіндей! – оның қамқорлығы мен махаббаты үшін көтерердей барлығын. Бірақ, оны елестетіп көрген емен басқаша: көре алмайсың тек өзіңнің Періштеңнен басқаны. Жанында оның, өзімді босап қалған сарай сынды сезіндім: осы ғана болғаны. Түп-түгел оған бағынышты едім, әттен, мен! Бірақ оған не керек болды менің күңгірт тіршілігімнен үргедек? Бірақ ол маған өлімнен басқа әкеле алмады жақсылық: “Түсінбеймін сені”, осылай дедім мұнды толкумен кейде оған. Жауап орнына иығын ғана ол көтерді.

Сүйтіп, өсіп жатқан мұнда үнемі, өз көзімдей, және маған қарағысы келгендердің көзінде мен төмендей бастадым, – жылжыған сайын уақыт мейірім күттім көбірек. Оның ыстық құшағы – ашық, күңгірт аспан еді мен үшін, сол аспанға көтеріліп, қалып қойғым келді сонда, – кедей, керең, мылқау, соқыр қалпымда. Бұл айналды әдетке. Маған екеуміз екі бала боп көріне бастадық, ешкім де бізге кедергі етпейді серуендеу үшін Мұң Жұмағында осынау. Келісімге келдік, көңіліміз жібіп, істедік бірге қызмет. Бірде мені еркелетіп, былай деді ол кенет: “Сен сезгеннің барлығы, мәңсіз болып көрінеді мен жоқта. Сені құшқан қол, сен басынды қойған жүрек, сүйген ерін көзінді жоқ болғанда біржола. Кетем шексіз алысқа мен

бір күні; болу керек осылай. Басқаларға қажет менің жәрдемім, бұл адами парызым. Қымбаттым-ау, бірақ мұның болмаса да еш қызығы”.

Сол сәтте оның елестеттім, кетіп қалған кезін мен, – зілзаланың ортасында, өлім атты құзға құлап кеткенімді көрдім өзімнің. Мені тастап кетпесіне уәде алдым мен одан. Бұл менің оны түсінетінім жайлы мақұлдауға ұқсады.

Аһ, мен оны қызғанбаппын ешқашан.

Сенем тастап кетпесіне ешқашан.

Қалай етпек?

Білімі жоқ, ешқашан ол жасамайды қызымет.

Жер бетінде ол айгезбе боп келеді өмір сүргісі!

Нақты әлем үшін шынайы – жеткілікті ме мейірім мен қайырым? Кейде ұмытып кетемін аянышты халімді: ол маған қуат береді, саяхатқа, шөлдердегі аңшылыққа шығамыз; қайғы, бейнетті ұмытып, белгісіз шәрлер көшелерінде ұйықтаймыз. Немесе, бірде, оянған кезде заңдар мен салттар өзгеріп – арқасында билігінің сиқырлы – бағзы қалпында қала тұра бар әлем, тілектеріме, қуанышыма, мұңсыздығыма қарсы келмейді ол менің.

О, балаларға арналған кітаптан алынған оқиғаларға толы өмір!

Кешкен азаптарым үшін бересің бе оны сыйлықтарға бөлеп сен маған?

Айтты ол маған өзінің үміттері мен өкініштері хақында: Тиесілі болмауы тиіс ол саған: Тілдесіп тұр ма ол Құдаймен?

Қылуым керек шығар менің де құлшылық.

Тұңғықтамын ең терең, дұға оқи алмаймын енді мен?

Егер маған мұның шақса ол бірде, мазағынан артық түсінер ме екем мен оны? Бірнеше сағат айқайлап, әлемдегі жүрегімді қозғар нәрселер үшін ұялтты, мен жыласам, беріледі ол ашуға.

“Қарашы: міне, келісті жігіт кіріп те жатыр тып-тыныш қана, сәнді үйге. Есімі оның Дюваль, Дюфур, Арман, Морис шығар-ау, қайдан білем, мен оны? Бұл қатыгез хайуанды, – әйел сүйген оны да: қаза болды ол, періштеге көктегі айналған шығар ендігі. Сен үшін мен де өлемін, ол үшін өлген сол бір әйел сықылды. Тағдырымыз біздің осындай – жүректері мейірімге толы жандардың...”

Әттеген-ай!

Іс-әрекет адамдары кез келген, әсіре сандырақ ойыншығы боп көрінген оған кез болды, ұзақ күлді ол сол кезде, қорқынышты бір күлкімен. –

Содан кейін қайта өзін сүйкімді апа, жас ана сияқты ұстай бастады. Жабайы болмаса ол мұнша, құтылар едік біздер де. Нәзіктігі оның алайда – соқтырады тек өлімге. Қарсылықсыз еріп келем мен оған. –

Қандай ғана ақымақпын мен деген!

Мүмкін, бірде ол жоқ боп кетіп, ғажайып боп көрінер бұл жоғалу. Тиістімін бірақ оны білуге, ол аспанға көтеріле ала ма? Күзетуім керек ұйқысын, мен кішкентай досымның...

Қандай ғана сәйкеспейтін жұп еді!

## САНДЫРАҚ II СӨЗ АЛХИМИЯСЫ

*Өзім туралы. Ақымақтықтарымның бірі жайлы хикая*

О бастан мен елестетуге болатын табиғаттың барлық бояуларына Иемін деп мақтандым, және сұңғат өнері мен заманауи жұрлардың үлгілерін ең озық – қабылдадым мысқылмен.

Маған, нақұрыс бейнелеулер мен мен сүгіреттер, – маңдайшаға қалай болса солай салынған; қаңғыбас сайқымазақтардың безенділері мен перделері; сәннен шыққан әдебиет; латын тілі шіркеудің; эротикалық кітапшалар шала-сауат жазылған; әжеміздің кезіндегі роман; ертегілер сиқырлы; балаларға арналған кітапшалар жұп-жұқа; опералар ежелгі; қыңыр-қисық шумақтар; қарапайым ырғақтар, – міне, осылар ұнайтын.

Мен айқыш жорықшылары, хабарсыз кеткен жаңа жер ашушы жиһангез, тарихы жоқ республикалар, тұншықтырылған діни соғыстар, дәстүр-салт төңкерістері, халықтар мен құрлықтар туралы армандадым үздіксіз: сенуші едім кездейсоқ кереметтерге кез келген.

Дыбыстардың Дауысты – түсін ойлап таптым мен!

А – қара, Е – ақ, И – қызыл, О – көк, У – жасыл.

Әр дауыссыз дыбыстың қалпына келтірдім қозғалысы мен тұлғасын, және түйсікті ырғақтар жәрдемімен бес сезімге түгел әсер ететін поэзия ойлап таптым деп, өзімді-өзім үмітпенен жұбаттым.

Ал жұмбақтың шешуін мен өзіме қалдырдым.

Қаламсабымның сынағы еді бұл алғашқы.

Үнсіздік пен түнді жаздым, жеткізуге болмайтынды бейнеледім қаймықпай, таңбаладым бас айналдыратын сәттерді.

\* \* \*

Поэтикалық ескі-кұсқылардың да менің Сөз-Жасамымда (алхимиямда) үлестері болды өзіндік.

Мен өзімді қарапайым есауандыққа үйреттім: зауыттардың орнына көз алдымда пайда болды мешіттер; дауылпазшылар мектебі, періштелер салған әуе жолдарындағы қоларбалар шеруі, көл түбіндегі салтанаттың сарайы, құбыжықтар, құпиялар – бәрі

осының таңбаланды санамда; сықақ қойылымдардың атының өзі таңғажайып сұмдықтар туғызатын жадымда.

Кейіннен мен көмегімен есауанданған сөздердің тылсым сопылықтарымды түсіндіре бастадым.

Мұның бәрі санамның күйреуімен аяқталды түп-түгел.

Сауықшыл ем, мені безгек қинады: жануарлардың ешнәрсеге қиналмайтынына қызығы бастадым, – жұмақ қақпасы алдында күнәсіздік бейнесіндей танылған көбелектің құртына, көртышқанға – пәк ұйқының сипаты боп саналар.

Кетті менің мінез-кұлқым өт татып.

Бұл әлеммен қоштастым, романс сияқты бірденелер шығарып.

\* \* \*

Қаңсыған шөлдерді, өртенген бақтарды, саудагерден қалған түсі оңып кеткен орындықтарды, жылы сусындарды ұнаттым. Ешбір мақсатсыз ақырын ғана қыдырып жүрдім сасық көшелер бойымен, көзімді жұмып, Күнге – От Құдайы үшін осынау бағыштадым құрбандыққа өзімді.

“Жандарал, сенің бекіністерінде қираған, қалса әлі ескі зеңбірек, қураған жердің жартастарымен атқыла мына біздерді.

Күлпарша қыл дүкендердің жарқыраған әйнегін, салтанатты сарайларды соққыла.

Шаһарларды өзіңнің шаңыңды жеуге мәжбүр ет. Науаларды толтырып қой тотықпен!

Сайқалдардың жиһаздалған үйлерін оқ-дәріге тұншықтыр!”

О, шіркейім!

Сауықжай дәретханасының боқшантайынан мас болған, арамшөпке ғашық болып, сәуле ішінде тұздай еріп жоқ болған!

\* \* \*

Ақырында – о, бақыт! о, ақыл-ой! – қара болған әуелде ашып нұрын аспанның, сүрдім өмір мен табиғи жарықтың ұшқынының астында. Қуаныштың үстінде менің ұшқыр сезімім әзілкеш хәм тұманды мінез-кұлықты лайық көрді өзіне.

\* \* \*

Бәйіт-мысал операға айналдым; барлық болмыс алдын-ала болжанған бақытқа тәуелді екендігін байқадым: әрекет – бұл өмір

емес, ал қуатты жоюдың әдістері – қозуынан жүйкенің. Ахлақ – бұл, кемшіндігі сананың.

Әр тірі жан, меніңше, әлденеше өмір қалдыру керек артында. Мына мырза байқамайды не істеп жүргенін өзінің: себебі, ол – періште. Ит тұқымынан жаралған ед бұл әулет. Көп көзінше, олардың бастапқы қалпындағыларының біреуімен қатты сөзге барыстым. –

Осылайша, бір күні ұнатып қалдым шошқаны.

Сопылық кілттеп тастаған ессіздік – жойылған жоқ менімен: айтып шыға алар ем мен олардың барлығын, ұстанамын белгілі бір жүйені.

Саулығыма қауіп төніп тұр.

Торлап алды қорқыныш.

Неше күнге созылған ұйқыға ауыр берілдім, оянғанда, қайтадан мұнды түстер көргенім. Өлім үшін пісіп-жетілдім; әлсіздігім өзімнің кіл қатерлі жолдармен – шегараларына әлемнің, Киммерияға<sup>1</sup> жетектейді – отанына дауылдар мен түнектің.

Миыма қатер төндірген құтылу үшін сиқырдан, саяхаттарға аттанғаным жөн еді. Сүйікті теңізімнің үстінде, – мені кірден тазартар һәм жұбатар айқыш көрдім аспаннан. Кемпіркосақтың көрі ұрды. Бақыт менің тағдырым мен ар-ожданым алдындағы азабым: шектен шығу болды өмірім әрдайым, ие болу үшін сұлулық пен қуатқа.

Бақыт!

Өлім үшін тәтті тісі оның, қораз әнінің көмегімен бірде ол маған ескертгі – *ad matutinum u Christus venit* < \$F “таң атпай” және “Христос келді” (лат). > – ең күнгірт, қалаларға меніреу.

### МҮМКІН ЕМЕС

О, қайран балалық шақ, бар кезеннің үстінде бардай даңғыл мен жүрер, болдым және – сау ақылды һәм адал, жарлылардың ең тәуірі сықылды өр едім мен, – отанының, достарының жоқтығына мақтанған...

қандай ғана ақымақтық еді бұл!

Енді ғана түсіндім.

– Менің, мешіндерге жауығып, мысықтарша мауығып, сәті түссе үлгеретін қылымсып, кісісымақ жандар мен қатындарымыздың –

---

<sup>1</sup> Киммерия – ойдан шығарылған, қиялдағы ел.



табиғилықтан ада, біздің келісімімізден тыс жан күтуі мен тирақтықтарын жек көруім дұрыс болды, асылы.

Барлық жеккөрінішімнің сипаттары дұрыс болды, меніңше: себебі мен барлығынан безіндім!

Безіндім мен бәрінен!

### ТҮСІНДІРГІМ КЕЛЕДІ

Күні кеше күрсінгенмін: “Аспан, мына дүниеде қанша бармыз ұшыраған қарғысқа! Арасында солардың өтті сонша өмірім! Барлығын да білемін. Біз әрқашан танымыз бірімізді-біріміз, өзімізден және әбден жалықтық. Ізгіліктен аулақпыз. Әдептіміз бірақ біз, әлемменен мұқият орнатқанбыз қатынас”. Таң қалатын түк те жоқ. Әлем! Аңғалдар мен саудагерлер тұрағы! – Бізге арысздық басқан емес таңбасын. –Таңдаулылар қалай қарсы алар екен біздерді? Жексұрын да жетерлік, шадыман да жандар бар, олар жалған қалаулылар, біздерге қажет қанша батылдық, және қанша құлдырау – жақындау үшін оларға. Қалаулылар солар ғана, өйткені. Ешқашанда біздерге бермейді олар батасын.

Екі суға<sup>1</sup> жетерлік болса ақылың – тез болады бұл өте! – көріп тұрмын мен осы қиындықтар себебін: тым кеш түсті есіме – тұратыным Батыста. О, бұл жылым Батыстың қатпағымен ойнама! Өзгергенін сәуленің, бұзылғанын қалыптың, қозғалыстың жолынан кеткендігін ауытқып, ойлағаным ғана емес... Иә... Күйреуінен соң Шығыстың, санам енді, әрине, дамудың қатал шындығын түсінуді қалады. Менің санам осылай болғандығын қалайды!

...Жұмсалып та кетті ендігі екі Су. Сана – бедел, Батыста болуымды қалайтын. Оның үнін өшірсе ғой, өзіңнің таңдауыңды болар еді жасауға.

...Мен Шайтанға – азап шегушілердің бұтақтарын пальмалық, кемпіркосақ сәулелерін өнердің, өнертапқыштардың мақтанын, ұрылардың құлшынысын жұмсадым; ең бастапқы һәм мәңгілік даналығына Шығыстың қайта оралдым ақыры. – Бәлкім, дөкір еңжарлықтың бос қиялы ма бұл, әлде?

Мен, дегенмен, азаптардан қазіргі қашу ләззаты хақында еш ойлаған емеспін. Мен Құраннан жымқырылған қисындарды пайдаланған емеспін. Бірақ, ғылым мәлімдемесінен соң: христиандық пен адамның өзімен өзі ойнауынан, дәлелдеуінен анықты, мәлім жайттарды қайталап, ләззаттан ісінулерінен, – тек

---

<sup>1</sup> Су – акша.

осылай өмір сүрулерінен келетін нақты азаптар болмай ма? Нәзік, бірақ ақымақтық азаптау; менің биік сандырақтарымның қайнары. Табиғат, бәлкім жатқан шығар ерігіп. Месье Придом Христоспен бірге туылды.

Мұның бәрі, біздердің тұман түнегін қолдан қоюлатқанымыздан болып жатқан жоқ па екен? Сулы көкөністерге қосып безгекті де жейміз біз. Ал, маскүнемдік! Шылымқорлық! Надандық! Адалдық ше шегі жоқ! Мұның бәрі – біздің бастапқы Отанымыз – Шығыстың дана ойларынан жатқан нәрселер ғой тым жырақ? Ендеше бүгінгі әлемнің қатысы һәм қажеті не – осынша ұды ойлап табумен шұғылданса тек қана?

Былай дейді қызметкерлері шіркеудің: “Түсінікті бұл нәрсе. Әдем жайлы айтып тұрсыз бірақ сіз. Халықтары тарихында Шығыстың – ешнәрсе жоқ біз үшін”. – Дұрыс. Мен сол Әдем жайлы ойладым. Тазалығы нәсілдердің ежелгі, арманым үшін ол менің қандай мағына береді?

Пәлсапашылар сайрайды: “Ғұмыр жасы болмайды, – деп, – әлемнің. Бар болғаны адамзат бір орыннан бір орынға жылжиды. Батыстасыз – Сіз бүгін, Шығысыңызда да еркін өмір сүре аласыз бірақ сіз, қанша қажет болса сізге бағзылық, сонымен бірге өмір сүру деген, тіпті, керемет. Өзіңзді жеңілгендер қатарына қоспаңыз”. – Пәлсапашылар, сіздің Батыс басты сізге саусағының таңбасын!

Ей, ақылым, абай бол! Құтқаруға жетектейтін шұғыл шешім шығармаңыз жүгенсіз! Жаттығыңыз! – Ғылым ешқашан тез дамымайды біз үшін!

Алайда мен, ақылымның ұйықтап жатқанын байқаймын.

Осы минут басталғанша ұйықтамағанда ол тіпті – біз жуықта қауышар ма ек – ақиқатпен, періштелермен – қоршап жүрген біздерді, көз жастарымен – жанарлардан саулаған?!

Осы минут басталғанша ұйықтамағанда ол тіпті, – мен бағзыда, өлімге айдап апаратын бағынбас ем сезімге...

Ұйықтамағанда егер ол, – мен ендігі даналықтың тереңіне шомар ем.

О, тазалық, тазалық!

Осы ояну минутында көз алдымда пайда болды сенің бейнең, шыным, бұл.

Құдайға адам жетеді ақыл арқылы.

Бұл неғылған сәтсіздік ед жанкешті!

## ЖАРҚЫЛДЫҢ ТҮТАНУЫ

Адам еңбегі! Бұл кейде құрдымымды жарық етер жарылыс.

Сүргіннен соң сүргін жоқ! Ғылым үшін! Бас, алға! Екклезиаст<sup>1</sup> бүгінгі осылайша сөз айтады лепті; бәрі, бәрі жақсы көреді сөйлегенді леппен. Зұлымдар мен сауықшылдар мәйіттері дегенмен, тірілердің жүрегіне салмақ болып түсті ауыр... О, тезірек! Шапшаңырақ кішкене! Сонда, түннің шегіне! Бас тарта аламыз ба біз келешек мәңгілік сыйлықтан?

Қайтем енді? Білемін ғой мен жұмыстың не екенін, ғылымның да қадамының баяулығын қаншалық. Дұғам менің зымырасын салт атпен, ал жарықтың күркіресін жарқылы... Жақсы байқап тұрмын оны көзбенен! Тым қарапайым, тым ыссы, бірдеңе қылар менсіз де. Парызым бар менің де, мақтан тұтамын, әрине, басқалар құсап, бөлектеу қойып басқадан.

Өмірім сөніп барады. Қайтейін! Қылымсимум, бітірмейміз түкті де, – о, өкініш бұл неткен! Өмір сүрген боламыз, ерігеміз, махаббаттың құбыжық-тажалдарын армандап, қиял самғауындағы санадан тыс құбылыстарды қызықтап, және әлемнің кейпін бұзған – алаяқтармен, бейбақтармен, әзілкештермен, қарақшымен, діншілдермен ұрысып! Аурухана төсегінде ақырғы дем иісі қайта оралып соққанда, тым ерекше көрінеді қуатты... О, киелілер жұпарының сақшысы, азап шеккен, рухани жетекші!

Мен бұл жерден бала шақтағы тәрбиенің нашарлығын танымын. Бұдан әрі не болмақ? Сандалам ба тағы да бір жиырма жыл, қайтем енді, басқалар да дәл осылай істесе?

Жо-жоқ! Енді қарсы тұрам ажалға! Өрлігімнің көзіне көрінеді тым оңай боп бұл жұмыс: сатқындығым әлем үшін азап шығар тым қысқа. Сәтімде де ең соңғы оңнан-солдан шабуылдап бағамын.

О сол шақта – ол байғұс, жаным менің қымбатты – мәңгілікке біз үшін кетпес пе екен жоғалып?

## ТАҢ

Менің жастық шағымда мейірім мен ерлікке толы, ертегідей болған жоқ па еді, – алтын парақтарға жазса, шіркін, ол жайлы, – о, сәттілік, сенің артықшылығыңды сөзбен айтып бола ма?! Қай қателік, қандай қылмысым үшін, бұл – бұйырды екен әлсіздік? Сіз, аңның да мұңға беріліп, жылайтындығы хақында, аурулардың үзілген үміттері туралы, өлілердің жаман түстер көретіні жайында

<sup>1</sup> *Екклезиаст* – інжілдік діни кітап.

айтушы еңіз, – енді сіз менің күйреуім мен түсім жайлы толғаңыз!  
Ал мен өзім, бейшарадай ең сорлы шексіз Pater мен Ave Maria-сы  
бар ойымды ұқтыра алмаймын ешкімге.

Сөз сөйлеуді ұмыттым!

Дегенменен, сенем бүгін, біткеніне тамұқ жайлы хикая. Ал бұл  
болса, нағыз тозақ ежелгі, адам ұлы ашып көрген есігін.

Шөлдалада дәл осы, дәл сол түнде, оянады әрқашан көзқарасым  
шаршаңқы, күміс жұлдыз сәулесіне шағылып, ол жұлдыздың  
дүниеге келуі – Билеушілерін өмірдің, – сикыршысын үш бірдей  
– ақыл мен жан, жүректі қызықтырмайды тіпті де. Қашан енді –  
асып өтіп, кешіп жетіп таулар менен құмдарды – жаңа даналық  
пенен жаңа еңбекті қарсы аламыз біз қашан, құрып зұлым әмірлер  
мен әзәзіл, тыйлғанын ырымның: қашан біздер – тұңғыш рет! –  
жердегі Туған Күнді тойлаймыз!

Халықтардың шеруі!

Аспан әні!

Уа, құлдар, қарғамайық өмірді!

### ҚОШТАСУ

Күз де келді! – Мәңгілік Күн жайындағы өкініш неге керек  
біздерге, егер бізді күтіп тұрса ғажайып таң атуы, – уақыттың  
ағысында өліп жатқан жандардан әлдеқайда алыста.

Күз де келді. Біздің қайық – жылжымайтын тұманда, айғыздаған  
от пен батпақ аспанын анау алып шаһардағы жоқшылықтың  
айлағын маңдайға алып келеді.

О, шіріген алба-жұлба киімдер, көктеген нан дымқылдан, құштарлықтар  
маскүнемдік қоздырған, – мені итше тепкілеген сол жерде!

Бұл қансорғыш тоймас па екен ешқашан, – әміршісі  
сарқылмайтын көпшіліктің жаны мен жансыз тәндердің, күтіп  
жатқан кернейлердің дауысын?

Мен өзімді оба менен батпаққа әбден былғанған көріп тұрмын  
бәз-баяғы қалпымда, құжынаған құрт жеп жатыр жүрегімді, басым  
менен тәнімді; мен өзімді көріп тұрмын жас шамасы мөлшерсіз,  
жұрдай ой мен сезімнен бөтен жандар арасында құшақ жайған  
күйімде... Өліп кету қиын емес ол жерде... Естеліктер құбыжық!  
Нәрсе бар ма жоқшылықтан жексұрын!

Қорқытады қыс мені, өйткені, қыс – рахаттың мезгілі.

– Кей кездері, көңілді жан қаптаған көрем шексіз жағалау.  
Менің басымның үстінде алып кемешайып жатыр таңғы желге

түрлі-түсті жалауын. Бүкіл мейрамдар мен салтанатты, драмаларды дүниеге әкелдім. Жаңа тән мен гүлдерді, жаңа жұлдыз, тіпті жаңа тілді де табуға ойлап талпындым. Жеткім келді санадан тыс биікке. Не болды енді? Елесім мен естелігімді өзімнің жерлеуім керек енді мен! Суретшілер мен ертекішілер даңқы ұлы!

Мен өзімді ахлақтан тыс тұрған жадыгер һәм періште деп санадым,  
– лайық іс іздеу үшін өзіме, қайта оралдым жерге мынау шырышты.

Қарапайым шаруа!

Бәлкім, алданған шығармын?

Ал, ізгілік – апасы-дүр ажалдың.

Ақыры мен кешірім өтінем, қорек қылғаным үшін жалғанды.

Тағы да алда сапар бар.

Достық қолын ұсынатын бір жан жоқ!

Қайдан көмек күтеміз?

\* \* \*

Иә! Жаңа сәт, қайткенде де, тым қатал.

Айта аламын мен жеңіске жеттім деп; азулардың шықыры, ысқырығы жалынның, күрсіністер азап шеккен обадан – бәрі де әрі, тыныш әрі барлығы. Тұнжырап тұр естеліктер ылас, кір. Жоғалуда өкініштерім ақырғы, – бейбақтарды, жендеттерді, меймандарын ажалдың, – жек көремін барлық кемтар жандарды. – Сізді қарғыс атқаны, егер де мен қайтара алсам кегімді...

Барлық сәтте сай болған жөн заманға.

Киелі әннің қажеті жоқ ешқандай: бермеу керек күшпен жеңіп алғанды. Түн тым қатал! Бұрқырайды бетімнен кепкен қанның түтіні, – ал артымда мына бір құбыжық бұтадан басқа түк те жоқ. Рухани майдан да әскерлердің шайқасындай қаһарлы; әділеттің пайымдауы, алайда – тек Құдайға тиесілі ләззат.

Дегенмен, бұл қаранда Бізге нағыз қайнары мен қуаттың хас нәзіктік бұйырғай. Ал, азанда қаруын ап шыдамның, шаһарларға енейік біз жарқырап.

Достық қолын созу жайлы несін айта береміз? Басқалардан менің артықшылығым, тозған жасанды махаббат пен бұл алдамшы жұптарды масқара ғып қыла аламын әжуа, – бастан кешкем әйелдердің тозағын! – Жан мен тәнде жасырынған ақиқат маған ғана тиесілі болады.

*Апрель-август 1873*

## МАЗМҰНЫ

Алғысөз. Ж. Әскербекқызы.....	5
-------------------------------	---

### **Роберт БЕРНС**

*Аударған Қ.Шаңғытбаев*

Бостандық бәйтерегі.....	9
Тауда жатыр жүрегім.....	11
Робин.....	12
Брюстің шотландықтарға айтқаны.....	13
Жарлы жомарт.....	13
Дар алдында Макферсон.....	15
Джон Андерсон.....	16
Диірменші.....	16
Ақ шіл.....	17
Оқ тиіп, жанымнан шоқандап өткен қоянға.....	17
Бақытты достық.....	18
Жырақта жүргендер үшін.....	18
Девон гүлі.....	19
Шотландия ақыны Роберт Фергюссонның портретіне.....	20
Лорд Грегори.....	21
Теңізге өзен зулайды.....	22
Ұстаға.....	22
Сұлы көже.....	23
Құл негрдің әні.....	23
“Тал бойда жастық жалын бар”.....	24
“Якобиттер шірінді”.....	25

*Аударған Қ. Сарин*

Махаббатым сирень болса.....	26
“Көк аспан кешке үнсіз боялды”.....	26
Менің жаным мазасыз.....	27
Махаббат пен кедейлік.....	27
“Жағадағы жай тауып тас үнгірден”.....	28
“Орман, жасыл атырап”.....	28
Қошгасарда.....	28
“Қош бол енді көктегі күн”.....	29

Тұтқының болар едім.....	29
Шағын баллада.....	30
Тауда менің жүрегім.....	30
Шотландық даңқ.....	31
Макферсон өлім жазасы алдында.....	31
Солдаттың оралуы.....	33
Махаббат.....	35
Азаттық ағашы.....	35

## **Пьер-Жан БЕРАНЖЕ**

*Аударған Ш.Жұбатова*

Сынық скрипка.....	39
Жазушылар ертені.....	43
Соңғы әуен.....	44
Ажал мен полиция.....	45
Жегікүрт.....	46
Тігінші атай мен сиқыршы әйел.....	47
Жаңа бұйрық.....	49
Қарлығаштар.....	51
Қайыршы шал.....	52
Корольдің көңілдесі.....	54
Даламен қоштасу.....	56
Сарай акыны.....	58
Шатыр.....	60
Бұлбұлдар.....	62
Түрмедегі камин пеші.....	63
Лизетта.....	64
Құдай әйел.....	65
Нашар шарап.....	67
Анакреонның көлеңкесі.....	68
Трестальон өліміне жоқтау.....	70
Людовик XI.....	71
Король Кристофтың ажалы.....	73
Розетта.....	74
Құрдас әйелге.....	75
Найзағай.....	77
Бесінші мамыр.....	80
Шабыттың қашуы.....	81
Қарттық.....	83
Осылай болады енді!.....	84
Менің жерленуім.....	84
Қайтадан бастайықшы.....	86
Кәрі сержант.....	87
Кедейлік.....	89
Ивето король.....	91
Дос беделі.....	93
Өпенді кедей.....	101

Әжей.....	102
Көктем мен күз.....	106
Зағип ана.....	108
Алмадай алқызыл.....	109
Грегуар төтей.....	111
Менің шаштарым.....	112
Келер ғасыр немесе біздің балаларымыз кім болады?.....	113
Көңілді қыз.....	115
Ас туралы.....	116
Бәлкім менің соңғы өнім.....	117
Үшқыр жебе.....	118
Үшінші күйеу.....	119
Ескі дәстүр.....	121
Көз тию.....	122
Жақсы адам.....	124
Аңшылар.....	124
Мөлшер.....	125
Байлыққа мадақ.....	127
Ойыншық адамдар.....	128
Жаңа фрак.....	130
Саясатқа тойғанбыз.....	135
Марго.....	137
Сүйікті іс.....	141
Қарапайымдылық.....	142
Көрі скрипкашы.....	144
Құстар.....	145
Қыс.....	146
Республикам менің.....	148
Маскүнем мен оның әйелі.....	149
Жан.....	152
Жазық дала.....	153
Ақшыл түсті күнқағар.....	154
Фрак.....	156
Неке тойы.....	157
Тәуелсіздік.....	159
Кейуана.....	160
Жұмақтың кілті.....	161
Қуғынға түскен жан.....	164
Қайырымды періште.....	168
Гүл сатушы мен қабір қазушы.....	171
Жай адамдардың құдайы.....	173
Құс баласы.....	174
Соқыр қайыршы.....	177
Соққыдан келер өлім.....	181
Бақытты жұп.....	181
Саяси баспана.....	183
Табиғат.....	186
Халықтардың қасиетті бірлігі.....	188



Аккан жұлдыздар.....	190
Даусы қарлыққан әнші.....	192
Қайырымды күдай.....	194
Ескі жалау.....	195
Енді таныс емеспін.....	200
Шабыттың қашуы немесе сотқа алғашқы баруым.....	203
Шараптың әсері.....	204
Сатқын ішімдік.....	206
Менің думаным.....	208
Лизаның ақылы.....	211
Король болсам мен егер.....	212
Үстел басындағы он үш.....	213
Неке көйлегі.....	215
Қымбат әрі арзан басылым.....	218
Францияның болашағы.....	220
Сайтанның өлімі.....	222
Аңшы мен шаруа қыз.....	224
Тюрлюпеннің құлпытасындағы жазу.....	228
Мұсылман папа.....	230
Негрлер мен қуыршақтар.....	232
Сақтаушы періште.....	234
1832 жылғы күйрықты жұлдыз.....	236
Манюэльдің моласы.....	240
Он төртінші шілде.....	242
Қыздар.....	246
Кардинал мен әнші.....	248
Он мың.....	249
Жастарға.....	252
Бес қатарлы үй.....	252
Сап-сары Жанна.....	255
Сикыр күш.....	258
Емшек ана.....	260
Министр болып кеткен достарыма.....	263
Бельгиялықтарға кеңес.....	265
Елу жас.....	267
Ессіздік.....	269
Париждік Жан.....	271
Жан мен тән.....	273
Парижге келген ауылдық.....	277
Бойжеткендер.....	280
Боксерлер немесе англomanия.....	281
Лизаға арналған саяси трактат.....	282
Де Караба маркиз.....	284
Маркитант әйел.....	287
Ризалық дұғасы.....	290
Лизамен есеп айырысу.....	292
Шарап пен Лизетта.....	295
Алтын.....	296

## Перси Биши ШЕЛЛИ

Махаббат философиясы. <i>Аударған С.Мәуленов</i> .....	298
Англия ерлеріне. <i>Аударған С.Мәуленов</i> .....	298
Өліп барам ғашықтықтан. <i>Аударған С.Мәуленов</i> .....	299
Тосқауыл. <i>Аударған С.Мәуленов</i> .....	299
Индия серенадасы. <i>Аударған С.Мәуленов</i> .....	300
Ирландия. <i>Аударған С.Мәуленов</i> .....	300
Вордсвортка. Сонет. <i>Аударған С.Мәуленов</i> .....	301
Шақыру. <i>Аударған Ж.Қыдыров</i> .....	301
Мэри Уоллстонкрафт Годвинге. <i>Аударған Ж.Қыдыров</i> .....	303
Мұң басқан шақта... <i>Аударған Ж.Қыдыров</i> .....	304
1819 жылғы Англия. <i>Аударған Ж.Қыдыров</i> .....	305
“Жалғыз құс аппақ орманда”. <i>Аударған Ж.Қыдыров</i> .....	306
“Өмірден көп дөметтім”. <i>Аударған Ж.Қыдыров</i> .....	306
Нала. <i>Аударған Ж.Қыдыров</i> .....	306
Жиһанкездер. <i>Аударған Ж.Қыдыров</i> .....	306
Жаз бен қыс. <i>Аударған Ж.Қыдыров</i> .....	307
Анархия шеруі (поэма). <i>Аударған Ж.Қыдыров</i> .....	307

## Джон КИТС

*Аударған Е.Ашықбаев*

Өлім туралы.....	323
“Кесеме толтырып күйындар...”.....	323
Байронға.....	324
“Кептер ұшты, көп қызыққа кенелді...”.....	325
Чаттертонға.....	325
Мистер Ли Хант түрмеден шыққан күні жазылған өлең.....	326
Үмітіме.....	326
Аполлонға ода.....	328
Карл II-ні реставрациялаудың жыл толуына.....	329
Әлдебір жас сылқымдарға.....	329
Сол жас сылқымдардан теңіз ұлуының қабыршағы мен өлеңнің қолжазбасын алғанда.....	330
Эммаға.....	332
Ән.....	333
Аһ, келіншек! Қарағанда мен саған.....	334
“О, Жалғыздық, жаным саған жақын-ақ...”.....	335
Джордж Фельтон Мэтьюге арнау.....	336
К-ге.....	338
Қыз, кесе және темекінің иісі.....	339
“Қала – қапас, қара шапан жаяды...”.....	339
“Маған жаздың талмау шағы ұнайды...”.....	339
Маған раушангүл жолдаған досыма.....	340
Інім Джорджға.....	340
Інім Джорджға арнау.....	341
Чапменнің “Гомерін” бірінші рет оқып шыққаннан кейін.....	344
Маған лавр шоғырын жолдаған жас сылқымға.....	345
Достарымды ертерек тастап бара жатқанымда.....	346

“Суык боран сай-саланы аралап...”	346
Інілеріме	347
Ұйқы мен поэзия	347
Д.Чосер	347
Тұрпайы ырымшылдықты жек көріп кеткен сәтте жазғаным	358
Англия қандай ғажап!	358
“Тарап кетті аспан-көктің тұманы...”	359
Ли Хантқа, эсквайрға арнау	359
Хейдонға	360
Лорд Элгин жинаған мәрмәр статуялардың алдында тұрғанда	360
Теңізге	361
Жазылып қалған жолдар	361
“Қарап едім шығып, міне, қыратқа...”	362
Үзік жырлар	368
“Кел бері, кел бері, құмарлық...”	369
Джон Гамильтон Рейнольдсқа	370
“Серпи сал мұнды, ығыспа...”	370
Қысқы түнде жазылған жолдар	371
Аполлон мен Грациялар	372
“Король Лирді” тағы бір қайталап оқып шығардың алдында	372
“Ісім өшер, өлем, сұм ой қаптайды...”	373
Хауа Ананың алмасын бөлісейік	373
Робин Гуд	374
Автор Воксхоллда болғанда көрген бикешке	376
Обри Джордж Спенсерге сонет	376
Сайрауық құстың айтқаны	377
Операға арналған нобайлар	377
Әселгүлдер жыры	378
Есаландық ән	378
“Өз ойларым, о, өзімді қорқытар!...”	379
Ән	379
“О, қалғып ал, менің аппақ қазынам!...”	380
“Жыл ішінде төрт маусым бар әрқилы...”	380
Хат жолдарынан	380
Девон қызы	382
“Жол мынау, көк шаң бұрқылдар...”	382
Джеймс Райсқа	383
Гомерге	383
Майға одадан фрагмент	384
“Тоймадым көз-нұр нәріне...”	384
Бернстің зиратына барғанда	384
Мэг Меррилиз	385
Өзім туралы өлең	386
Томас Китске	389
Айлс жартасына	390
Шотландияда, Роберт Бернстің тұрған үйінде жазылған өлең	391
Сона	391

Солтүстік Шотландиядан Бернс тұрған деревняда болғанда жазылған жолдар.....	393
Стаффаға арнау.....	395
Бен Невис тауының шынында жазылған сонет.....	396
Сәуегейлік: Джон Китске – Америкаға.....	397
Ән.....	398
Ақын.....	399
Қиял.....	399
Ода.....	402
Ән.....	403
Ән.....	403
“Ұйықтап жатып күлдім, сезім кештім не?..”.....	404
Перизаттар әні.....	405
La belle dame sans merci.....	406
Ұйқыма.....	407
Сонет туралы сонет.....	408
Психеяға ода.....	408
Даңқ туралы екі сонет.....	410
Грек вазасына ода.....	411
Бұлбұлға ода.....	413
Мұң-шерге ода.....	415
Даурықпалыққа ода.....	416
“Мұнды көзге қалай ғана түспек нұр...”.....	418
“Өтті де күн, алып кетті: наз үнді...”.....	419
Фанниға арналған жолдар.....	419
Фанниға.....	421
Жұлдызға.....	421
Фанниға ода.....	422

### **Шандор ПЕТЕФИ**

*Аударған Қ. Мырза Әлі*

О, Махаббат! .....	425
Матильдаға .....	425
Жалбарынып жалықтым .....	426
Арман .....	427
Хортобадтық сақи бикеш .....	429
Асүйге мен кіргенмін .....	429
Сырғанақ жол .....	430
Шөлден өле жаздаған жігіттің сыры .....	430
Құдай, сірә, кешіреді.....	431
Жатырмын мен шөлім қанбай .....	432
Жаным-тәнім.....	432
Жужикаға .....	432
Ол оңбаған сезбесін .....	434
Стақаныма .....	434
Барып тұрған су диірмені көмейім .....	434
Жоғарыдан құлады .....	435
Қаңғыбас .....	435

Түзде тудым.....	436
Менің бөлмем .....	436
Алғашқы махаббат .....	438
Еліктеушілерге .....	439
Махаббат серілері .....	439
Мен өзіме қайранмын .....	439
Егер қыздар сүймесе .....	440
Қатты ішістен кейін .....	441
Менің өлендерім .....	441
Күнге .....	441
Күннің күндегі тірлігі .....	442
Қыздарға .....	443
Болғаны .....	444
Менің махаббатым .....	445
Нәсер, нәсер, төк, төк! .....	445
Қуанышты түн .....	446
Көрі мырза .....	446
Кемеңгер қарт не дейді?.....	447
Махаббат көз алдымда мың құбылып .....	448
Сенің үшін .....	448
Сен гүлім ең.....	449
Терезеден қарайсын сен.....	449
Махаббаттың жалауы.....	449
Махаббаттың машақаты басталды .....	450
Сен гүл болсаң.....	450
Қаракөз қызға .....	451
Енді білдім.....	451
Сүйемін мен .....	451
Қараторы дара қыз .....	452
Не жоқ менің ойымда.....	453
Сен сүйсең көктемді .....	453
Қарғысқа бергісіз .....	454
Бері келші .....	455
Өмір керек, махаббат тәтті .....	455
Махаббатта, рас, талай кетті есем .....	456
А.Ф-ның альбомына .....	457
Сені ойласам .....	457
Қыздың мендік болғанын .....	458
Құздан биік құлаған.....	459
Сүйемін бе мен сені? .....	460
Әйгілі ару .....	461
Панни Паньо .....	462
Өзі сүйген бұлбұлы бар .....	463
Қызыл інір .....	463
Сәске түс .....	463
Қоялық та өкпені .....	464
Тамыздың бесі .....	464

## Артюр РЕМБО

Аударған С.Нұржан

Жетімдердің жана жылға сыйлықтары.....	467
Қарғалар.....	471
<i>Соңғы өлеңдер</i>	
Естелік.....	472
“О, жүрегім, – қан мен оттан төсегі”.....	473
Қарақаттың өзені.....	474
<i>Шөлдiң күлкiсi</i>	
1. Ата-бабалармен әңгіме.....	475
2. Әруак.....	475
3. Достар.....	476
4. Мүсәпір арман.....	477
5. Қорытынды.....	477
Таңғы тәтті ойлар.....	477
<i>Төзім тойлары</i>	
(1) Мамыр кестелері.....	478
(2) Ең биік мұнаның жыры.....	479
(3) Мәңгілік.....	480
(4) Алтын ғасыр.....	480
Жас жұп.....	482
Аштық мерекесі.....	482
“Тал астында қасқыр үні анайы”.....	483
“Тындап көрші, қыршыным”.....	484
“О көненің сынығы”.....	484
Масқара.....	485
Мас кеме.....	486
Мишель мен Кристина.....	489
Көз жасы.....	490
Дауысты дыбыстар.....	491
“Құлағыңда сенің”.....	491
<i>Брюссель. Шілде. Регент саябағы</i> .....	492
<i>Нұрға бөлену</i>	
Топаннан соң.....	493
Балалық шақ.....	494
Ертегі.....	497
Шеру.....	498
Антика.....	499
Being Beauteous.....	499
Өмірлер.....	499
Кету.....	500
Падишаның таңы.....	501
Ақылға арналды.....	501
Мастық таңы.....	501
Тіркестер.....	502
Жұмысшылар.....	503
Көпірлер.....	504

Қала.....	505
Жол сорабы.....	505
Қалалар.....	505
Қаңғыбастар.....	506
Қалалар.....	507
Сергектік.....	508
Тылсымдық.....	509
Арай.....	509
Теңіз көрінісі.....	510
Қысқы мейрам.....	510
Гүлдер.....	510
Дөрекі ноктюри.....	510
Дабыл.....	511
Метрополитен.....	511
Тағы қарақшылардан.....	512
О, нәзіктік.....	513
Жалау... Мүйіс.....	513
Сахналар.....	514
Тарихи кеш.....	514
Қозғалыс.....	515
Bottom.....	516
Н.....	516
Дұға.....	516
Демократия.....	517
Faigu.....	517
Соғыс.....	518
Дана.....	518
<i>Жастық шақ</i>	
І. Жексенбі.....	519
ІІ. Сонет.....	519
ІІІ. Жиырма жыл.....	520
ІV.....	520
Бәрін сату.....	520
І. Тозақтағы бір жаз.....	521
ІІ. Арам қан.....	522
Тамұқтағы түн.....	528
Шамшылдықтың бекзаттығы.....	528
Тыңдаңыздар!.....	529
<i>Сандырақ I</i>	
Ақылсыз қыз. <i>Тозақ отындағы қалыңдық</i> .....	530
<i>Сандырақ II</i>	
Сөз алхимиясы. <i>Өзім туралы. Ақымақтықтарымның бірі жайлы хикая</i> .....	534
Мүмкін емес.....	536
Түсіндіргім келеді.....	537
Жаркылдың тұтануы.....	539
Таң.....	539
Қоштасу.....	540

“ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ КІТАПХАНАСЫ”  
сериясы

**ЕУРОПА КЛАССИКАЛЫҚ  
ПОЭЗИЯСЫ**  
(қазақ тілінде)

Құрастырып, алғысөзін жазған  
*Жанат Әскербекқызы*

Редакторы *Г.Аймұхамбетова*  
Техникалық редакторы *С.Бейсенова*  
Компьютерде беттеген *Ғ.Сатыбалдиева*  
Корректоры *Ф.Уәлиева*

Дизайнын әзірлеген “Баур” баспасы



ИБ №345

Теруге 2.05.2011 ж. жіберілді. Басуға 19.05.2011 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x84  $\frac{1}{16}$ . Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “KZ TimesNR Cug”.  
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 32,08 б.т. Есептік баспа  
табағы 30,0 б.т. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №

---

“Аударма” баспасы,  
010009, Астана қаласы, Ғ.Мүсірепов көшесі, 5/1, ВП2  
Алматы қаласы .....